



Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту Министрлігі
Семей қаласы Шәкәрім атындағы университеті
Педагогикалық Ғылымдар Академиясы
Абай облысы білім басқармасы
С. Бегалин атындағы Қайнар орта мектебі

С. Бегалин атындағы Қайнар орта мектебінің
құрылғанына 100 жыл толуына арналған
**«ҚАЙНАР ОРТА МЕКТЕБІНЕ 100 ЖЫЛ:
АУЫЛ МЕКТЕБІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ»**

атты Халықаралық ғылыми-практикалық
конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической
конференции

**«100 ЛЕТ КАЙНАРСКОЙ СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ:
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ
РАЗВИТИЯ СЕЛЬСКОЙ ШКОЛЫ»**,

посвященной 100-летию со дня образования
Кайнарской средней школы имени С. Бегалина

Семей / Қайнар
қазан 2022 ж.



Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
«Семей қаласы Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Педагогикалық ғылымдар Академиясы
Абай облысы білім басқармасы
С. Бегалин атындағы Қайнар орта мектебі

Министерство просвещения Республики Казахстан
НАО «Университет имени Шакарима города Семей»
Академия педагогических наук
Управление образования Абайской области
Кайнарская средняя школа имени С. Бегалина

С. Бегалин атындағы Қайнар орта мектебінің құрылғанына
100 жыл толуына арналған
**«ҚАЙНАР ОРТА МЕКТЕБІНЕ 100 ЖЫЛ: АУЫЛ МЕКТЕБІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН
ДАМУ КЕЛЕШЕГІ»**
атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-практической конференции
**«100 ЛЕТ КАЙНАРСКОЙ СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ: АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И
ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ СЕЛЬСКОЙ ШКОЛЫ»**,
посвященной 100-летию со дня образования
Кайнарской средней школы имени С. Бегалина

Семей, Қайнар, 2022

ӘОЖ 373.5 (574)
КБЖ 74.20 (5Каз)
С11

ISBN 978-601-313-144-3

Бас редактор:

Ердембеков Бауыржан Амангелдіұлы – Шәкәрім Университетінің Басқарма төрағасы – Ректоры, ф.ғ.д., профессор, ПФА академигі

Редакция алқасы

Құсайынов Асқарбек Қабыкенұлы – Педагогикалық Ғылымдар Академиясының президенті, академик

Берікхан Ісбек – Шәкәрім Университетінің Басқарма мүшесі-әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры, ф.ғ.д.

Дюсембаев Серғазы Тұрлыбекұлы – Шәкәрім Университеті, вет.ғ.д., профессор

Қалибекқызы Жанар – Шәкәрім Университетінің Басқарма мүшесі, ғылым және инновация жөніндегі проректоры, б.ғ.к., қауым. профессор.

Саметова Фаузия Төлеушайыққызы – Педагогикалық Ғылымдар Академиясының Бас ғалым хатшысы, ф.ғ.к., профессор

Жақупова Маржан Өміржанқызы – С. Бегалин атындағы Қайнар орта мектебінің директоры

Габдуллина Лаззат Бағланқызы – Шәкәрім Университеті, экономика ғылымдарының магистрі

Готман Лиза Арнольдовна – Шәкәрім Университеті, экономика ғылымдарының магистрі

С. Бегалин атындағы Қайнар орта мектебінің құрылғанына 100 жыл толуына арналған «Қайнар орта мектебіне 100 жыл: ауыл мектебінің өзекті мәселелері мен даму келешегі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы (Қайнар ауылы, 8 қазан 2022 жыл): Материалдар жинағы / Бас редактор: Б.А. Ердембеков – Семей: Шәкәрім атындағы университет, 2022. – 465 бет.

Сборник материалов международной научно-практической конференции «100 ЛЕТ Кайнарской средней школе: актуальные проблемы и перспективы развития сельской школы», посвященной 100-летию со дня образования Кайнарской средней школы имени С. Бегалина (С. Кайнар, 8 октября 2022 года): сборник материалов / главный редактор: Б.А. Ердембеков – Семей: им. Шакарима университет, 2022. – 465 с.

ISBN 978-601-313-144-3

КОНФЕРЕНЦИЯҒА ТҮСКЕН ҚҰТТЫҚТАУЛАР

ПОЗДРАВЛЕНИЯ, ПОСТУПИВШИЕ НА КОНФЕРЕНЦИЮ

*Құрметті конференцияға қатысушылар, Қайнар ауылының тұрғындары,
қадірлі ұстаздар мен оқушылар!*

Сіздерді киелі Абай елінің қара шаңырағы Шәкәрім университеті ұжымының атынан жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушыларының бірі Сапарғали Бегалиннің есімін иеленген мектеп ұжымын 100 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Қазіргі таңда білім ордасы еліміздің ғылымы мен білімін, экономикасы мен мәдениетін дамытуға мол үлес қосқан мыңдаған талантты тұлғалар дайындаған жүз жылдық бай тарихы бар, көне мектептердің бірі екендігін ерекше атап өткім келеді. Ондағы кәсіби деңгейі жоғары ұлағатты ұстаздар бәсекеге қабілетті білім алушыларды дайындаумен айналысуда. Мектеп түлектерінің ішінен жүздеген мемлекет, қоғам, ғылым мен білім, өнер мен мәдениет қайраткерлері және еңбек ерлері шыққандығы ұстаздардың мәуелі жемісі деп білемін. Сіздердің мектептеріңізді тәмамдаған сан мыңдаған түлектер мемлекетіміздің барлық аймағында жемісті қызмет атқаруда.

Тәуелсіз мемлекетіміздің тұғырын биіктетіп, өсіп-өркендей беруі жолындағы қызметте достық ізгі тілегімді жолдай отырып барлық бастамаларыңызға сәттілік тілеймін!

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Сіздерге шығармашылық табыс және жұмыстарыңыздың жемісті болуына тілектеспін. Басқосу аясында қазіргі уақыттағы аса маңызды мәселелердің бірі – ауыл мектептерінің білім сапасын көтеру мәселесі жан-жақты талқыланып, маңызды шешімдер қабылданатындығына кәміл сенемін. Халық игілігі жолындағы жасаған қызметтеріңіз әрдайым абырой мен бақ-береке әкелсін!

Ізгі ниетпен,

Бауыржан Ердембеков
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор

Дорогие коллеги! Дорогие ребята!

Поздравляю Вас со столетием вашей школы! Сто лет – это не просто много по меркам человеческой жизни. Это своего рода символ силы и устойчивости.

Школа носит славное имя С.Бегалина, за годы работы она дала Республике Казахстан, Советскому Союзу и России многих уважаемых везде работников во многих сферах экономики, науки и культуры. Назову только для примера Ширабека Кабылбаева, Рымбека Байсеитова, Толеутая Сулейменова, не могу не назвать также моего дорогого коллегу Президента Академии педагогических наук Республики Казахстан Аскарбека Кабыкеновича Кусаинова.

Уверен, что и вы, ребята, с помощью и поддержкой ваших опытных и квалифицированных учителей станете уважаемыми гражданами вашей Республики, очень нужными ей и людям.

В праздники принято желать успехов и добра. Я тоже, конечно, желаю Вам всяческих успехов во всём, что вам дорого. А главное –

Храни Вас Бог от всяческой напасти,
Превратностей судьбы, непостоянства власти,
Телесных недугов, душевных смут,
Минут печали и отчаянья минут,
Предательства друзей, потери близких,
Тщеславных взлетов и падений низких,
Гордыни, зависти, наветов, склок,
Разлук с любимыми на долгий срок...
Пусть к Вам Судьба не будет слишком строгой
И в жизни радости пошлет Вам много-много!
С этими и многими другими добрыми пожеланиями,

Никандров Николай Дмитриевич

почетный президент Российской академии образования,
д.п.н., профессор, академик, иностранный член АПН Казахстана

Уважаемая Маржан Омиржановна!

Уважаемые педагоги, обучающиеся, родители, выпускники! Коллектив Кузбасского регионального института развития профессионального образования поздравляет Вас с замечательным юбилеем – 100 лет, Вашей Школе! Сколько бы ни миновало лет, место, где были прожиты неповторимые мгновения детства, становится особенно дорогим и близким. За эти годы Вами пройден непростой, но замечательный путь, насыщенный творчеством и созиданием. Школа... Сколько в этом слове всего собрано. Здесь память об успехах и неудачах, воспоминаниях о первой дружбе и первой любви. Для истории это всего лишь миг, а для многих поколений выпускников, педагогов – это незабываемое событие, которое дарит прекрасные воспоминания о ярких буднях и открывает новые страницы творческой деятельности. Школа гордится педагогами, воспитавшими прекрасных учеников, среди которых государственные и общественные деятели науки и образования, искусства и культуры, герои труда. От всей души желаем педагогам – новых творческих свершений, профессиональных побед, ученикам – больших успехов в учебе и примерного поведения, выпускникам – активного участия в делах школы. Всем – доброго здоровья, благополучия, радости и оптимизма!

Тулеев Амангелды Молдагазыевич

ректор Кузбасского регионального института развития профессионального образования,
д.полит.н., профессор, иностранный член АПН Казахстана

Уважаемый профессор Кусаинов!

Очень рада услышать, что в октябре Кайнарская средняя школа отметит свою 100-летнюю годовщину, и сердечно поздравляю всех учителей и учеников с юбилеем. Кайнарская средняя школа занимает ведущее место в Абайской области. За 100 лет со дня основания в школе подготовлено множество выпускников, достигнувших выдающихся успехов в областях образования, искусства и культуры. Кайнарская средняя школа добилась плодотворных образовательных достижений и накопила ценный опыт для развития сельских школ. Между Китаем и Казахстаном установлено всестороннее стратегическое партнерство. Стороны успешно продвигают долгосрочное сотрудничество в сферах экономики, торговли, безопасности и культуры. Инициатива «Пояс и путь» заложила прочную основу для углубления взаимодействия между сторонами. В последние годы Китай и Казахстан осуществили тесное сотрудничество в сфере высшего образования и добились высоких результатов. Надеюсь, что Кайнарская средняя школа и наш институт смогут нарастить обмена, расширить сотрудничество в будущем и внести большой вклад в развитие образования и укрепление дружбы между народами Китая и Казахстана. Надеюсь, что Кайнарская средняя школа откроет новую страницу и добьётся блестящих результатов в последующее столетие. Желаю всем учителям и ученикам крепкого здоровья и всего наилучшего.

Тэн Цзюнь
профессор Института международного и сравнительного образования Пекинского педагогического университета, доктор PhD

Уважаемая Маржан Омиржановна! Дорогие коллеги!

Профессорско-преподавательский состав Академии психологии и педагогики Южного федерального университета поздравляет Вас с торжественной датой: 100-летием Кайнарской средней школы!

Вы по праву гордитесь своей славной историей, выдающимися выпускниками и сегодняшними успехами школы. Наш университет является добрым партнером и единомышленником в научной и образовательной сферах.

В дни торжеств всегда вспоминается пройденный путь – встречи, знакомства, неповторимые события. Из таких значимых событий складывается тот уникальный путь, который остаётся в сердцах каждого причастного к обучению в школе. Высокие личные качества учителей, их способность генерировать новые идеи, поддерживать обучающихся создают фундамент успехов каждого выпускника.

Выражая наши светлые чувства, желаем Вам лично, всем учителям и школьникам Кайнарской средней школы крепкого здоровья, счастья, благополучия, творческого долголетия, новых достижений. Пусть реализуются дерзновенные проекты развития детей и подростков.

Пусть всегда будет место знанию, мудрости, которые помогают справляться с житейскими неурядицами. С ЮБИЛЕЕМ!!!

Куликовская Ирина Эдуардовна
заведующая кафедрой дошкольного образования Академии психологии и педагогики
Южного федерального университета,
д.п.н., профессор, иностранный член АПН Казахстана

Глубокоуважаемая Маржан Омиржановна!

Примите самые теплые поздравления в связи с замечательным юбилеем 100-летием школы!

Сто лет для истории это всего лишь миг, а для многих поколений выпускников, ветеранов труда и учителей – незабываемое событие, которое дарит прекрасные воспоминания о ярких буднях, и открывает новые страницы творческой деятельности. Я думаю, что за эти годы школа пережила много радости, невзгоды и преобразования. Каждый год школа с радостью встречает новых учеников и с грустью провожает выпускников. За эти годы Вы дали путевку в жизнь тысячам выпускников. Большинство из них с теплотой вспоминают свою школьную жизнь, своих учителей и одноклассников. И как бы ни сложилась их судьба, Кайнарская общеобразовательная школа имени С. Бегалина – урочища Абралы Абайской области Казахстана – всегда была и останется для них вторым домом, местом, где их помнят, любят и ценят.

Однако, все меняется. Неизменным остается только одно: профессионализм и самоотдача педагогического коллектива, поддержка и взаимопонимание со стороны родителей, вовлеченность учащихся в образовательный и воспитательный процесс – вот основные определяющие успеха современной школы.

Как мне известно, ВАШЕ учебное заведение занимает достойное место в общеобразовательном пространстве Казахстана. Вы по праву гордитесь своими выдающимися выпускниками, которые работали и работают в государственных, общественных организациях, в сфере науки и образования, искусства и культуры Республики Казахстан, среди которых 6 Героев Социалистического Труда, 4 члена правительства и министры, 6 лауреатов Государственной премии, более 10 известных поэтов и прозаиков, а также около 60 академиков, докторов и кандидатов наук, профессоров и доцентов. Это из области реальной фантастики!!! По крайней мере в нашей стране мне неизвестна сельская школа с таким богатым интеллектуальным потенциалом! Очень горжусь ВАМИ, уважаемые коллеги!

Среди этой плеяды знаменитостей особо хотелось бы выделить имя моего друга известного педагога-новатора, доктора педагогических наук, профессора, академика, почетного профессора многих академий и университетов, основателя Академии педагогических наук Казахстана, основоположника сравнительной педагогики Аскарбека Кабыкеновича Кусаинова – замечательного человека, ученого-педагога высочайшего класса, имеющего тесные связи с зарубежными странами, в частности с министерством образования и науки Российской Федерации, Российской академией образования и Казанским федеральным университетом, где учился в свое время Владимир Ильич Ленин. (Это третий вуз, который был открыт указом Российского царя в 1804 г.)

Пусть в стенах ВАШЕЙ школы каждый сможет раскрыть свой талант и показать свои способности, пусть дети получают в ней верные знания и увлекательный досуг, пусть все учителя будут уважаемы и успешны в своей деятельности, пусть родители будут добры и внимательны к своим детям.

Пусть Ваши старания всегда будут успешны, а Ваши действия принесут только желаемые плоды. Мы, татарстанцы, желаем ВАМ новых открытий, прогрессивных достижений и максимум удовольствия от работы в Вашей замечательной школе.

В юбилейный год от всей души желаю Вам, Маржан Омиржановна, коллегам, выпускникам, ученикам, всем, кто связан с богатой историей данного учебного заведения – новых достижений, побед, крепкого здоровья, счастья, долгих лет жизни, творческих успехов и процветания!!!

Харисов Фираз Фахразович

д.п.н., профессор,
почетный работник высшего профессионального
образования России, заслуженный деятель науки Татарстана,
заслуженный учитель школы Татарстана,
лауреат премии им. Каюма Насыри,
иностраннный член
Казахстанской академии педагогических наук

Елеулі мектептің мерейтойына құттықтау!

Күн санап ақпарат кеңістігі өркендей түскен заманда жас ұрпаққа сапалы білім беру мұғалімнің, ұжымның бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып жұмыс істеуін талап етеді. Ауыл мектебінің бүгінгі бет-бейнесін жаңа қырынан көрсетіп келе жатқан талай қыранды қанаттандырып, талай ұланды ұясынан ұшырған еліміздің байырғы мектептерінің бірі – С.Бегалин атындағы Қайнар орта мектебінің іргесі қаланғанына биыл 100 жыл толып отыр. Бұл – үлкен қуаныш, зор мәртебе!

Ұрпақ тәрбиелеу – ұлы міндет. Ұлы міндет қашаннан да ұлы күреспен ғана жүзеге асырылады. Болашақтың жастарын тәрбиелеуде білімге деген талап пен талғамның ерекше болуы шарт. Білімді мұғалімнің сапалы ұрпақ дайындаудағы үлесі қашан да жоғары.

«Жаңа Қазақстанды» құру – ең алдымен білімге құштар, еңбекке адал, қоғамға жауапты азаматтарды қалыптастыру арқылы жалпыға ортақ құндылықтарды қайта жаңартуға бағытталуы қажет. Бұл – оқу-ағарту саласының басты міндеті.

Қазақ мектебі-мемлекетке атын беріп отырған ұлттың бесігі. Халықтың мәдени-тарихи дәстүрлерінен тамыр алған С.Бегалин атындағы Қайнар орта мектебі Абай облысы Абыралы жеріндегі Қайнар ауылында екендігі белгілі. Абыралы елі бүкіл әлемге Кеңес Одағының алғашқы атом полигоны орналасқан жер ретінде танылғанын білеміз. Халық қанша бейнет көргенімен Қайнар орта мектебінде оқыған оқушылардың бойында ғылым мен білімге, адал еңбекке деген үлкен талпыныс сақталғаны қуантады.

Мектептің мақсаты – баланы оқыту ғана емес, қазіргі заманда өз орнын тауып, бәсекелестікте өмір сүре алатын, елінің болашағына сеніммен еңбек ететін, қандай да бір қиындықтарға төзімді тұлға ретінде өсіру десек, С.Бегалин атындағы Қайнар орта мектебі осы үденің көш басында тұр. Қазыналы білім ордасына айналған мектеп түлектерінің ішінен жүздеген мемлекет және қоғам, ғылым мен білім, өнер мен мәдениет қайраткерлері, еңбек ерлері шыққаны мәлім. Солардың арасынан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы Педагогика ғылымдары академиясының президенті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының, Қазақ білім беру академиясының, Әлеуметтік ғылымдар академиясының толық мүшесі, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, мемлекеттік «Парасат» орденінің иегері, «Ерен еңбегі үшін» медальдарының иегері, білімді ғалым, парасатты ұстаз, қайраткер азамат Асқарбек Қабыкеноұлы Құсайыновтың есімі қоғамда ерекше мақтанышпен айтылады.

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» дегендей, білімді ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі ұстаз қауымының алдында тұрған үлкен мәселе. Міне, осындай үлкен жетістікті арқалап келе жатқан мектептің жетер жетістігі, алар асуы, бағындырар белесі әлі алда. Сәулелі ғұмырында саналы ұрпақ тәрбиелеп, оқу-ағарту саласында қажырлы еңбек еткен ұстаздар мен ауыл тұрғындары ғасырлық тойдың куәсі болады деп сенеміз.

Құрметті мектеп ұжымы!

Білімді де білікті маман даярлап шығуда баршаңыздың атқарар еңбектеріңіз орасан зор екендігі белгілі. Сіздерді мерейтоймен құттықтай отырып, отандық ғылым мен білім берудің озық дәстүрлерін сақтау және оқу-ағарту идеяларына қызмет ету жолындағы жауапкершілігі жоғары істеріңізге сәттілік пен табыс тілеймін!

Тәуелсіз Қазақ елінің жарқын болашағын қалыптастыру жолындағы қажырлы еңбектеріңіз табысты болсын! Осы атаулы күнде мектеп ұжымына шығармашылық жетістік, барлық бастамаларыңызға сәттілік, жоспарларыңыздың жүзеге асырылуын әрі еліміздің мүддесі үшін атқарып жатқан еңбектеріңіз мол табыстарға кенелтуін тілейміз.

«Қайнар орта мектебіне 100 жыл: ауыл мектебінің өзекті мәселелері мен даму келешегі» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жұмысына сәттілік тілеймін.

Сатбекова Айгуль Амантаевна

профессор Казахского национального женского педагогического университета, д.п.н.,
обладатель государственного гранта «Лучший преподаватель вуза», академик АПН

Уважаемые коллеги!

Несмотря на то, что в этом 2022 году празднования могут выглядеть немного по-другому, вы (педагоги и выпускники) всегда будете душой столетнего юбилея – очно или через Zoom и все такое. Расстояние ничто для человека, который был очарован этой древней землей, дышал воздухом этих степей, пропитанных духом Абая, поэтому я всегда с Вами. Хотела бы я провести этот день рождения в этой школе с моими казахскими братьями и сёстрами, но жизнь диктует другие правила. Знайте, что Вы навсегда остались в моих мыслях и в моем сердце. Посылаю из России только положительные эмоции в столь знаменательный день рождения, казалось бы, обычной сельской школы Казахстана, а на самом деле великой школы.

Спасибо за то, что были моими партнерами по оценке качества образования, в целом, по педагогическим измерениям, и всему, что подлежит социальным измерениям, включая основное в педагогике, без чего не может быть учитель (преподавание, обучение и оценивание), не забывая о нравственности, воспитании, гражданственности, развитии любых компетенций и гибких умений, в целом о формировании когнитивного, социального и эмоционального интеллектов. Я поднимаю праздничный бокал за столетие Кайнарской школы издалека, но душа моя поёт вместе с Вами. Пусть впереди, дорогие педагоги и учащиеся, ждет вас еще больше успехов в жизни, удачи, любви к знаниям и теоретико-методологическим приключениям в науке! Я надеюсь, что ваш день будет окружен любовью всего казахского педагогического сообщества и в целом всего народа. Я праздную с Вами от всей души! В следующий раз, если мы соберемся вместе, у нас будет особый тост в честь этой школы. Я знаю, что расстояние может показаться большим, но моя любовь к Вам еще больше. С днем рождения!

Найдёнова Наталья Николаевна
профессор Института стратегии развития образования Российской академии образования,
д.п.н., иностранный член АПН Казахстана

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

ҒТАХР: 03.20

Б.Н. Абдыкаримов

Қазақстан журналистер Одағының мүшесі, Қайнар ауылы, Семей қаласы

АБЫЗ АДАМ, АҢЫЗ АДАМ. ДАУЫЛПАЗ АҚЫН.

Бүгін Абыралы өңірінде, Қайнарда үлкен той! Мектептің ғасырға толған тойы! Рымбек Байсейітов ағамыздың туғанына 100 жыл, Төлеужан Ысмайылов ағамыздың туғанына 90 жыл толуына арналған той! Ендеше бәрімізге ортақ тойлар құтты болсын!

Дүниеге шыр етіп келген жұмыр басты пенденің тал бесіктен жер бесікке дейінгі аралықтағы арқа сүйері, табан тірері-елі мен жері. Бұл ұғымдарды бір-бірінен ажырату мүмкін емес. Жазатайым оны бөле жара қалсаңыз, бір қанаты қырқылған құстың кейпіне түсуіңіз оп-оңай-ақ. Неге десеніз, кез-келген саналы азаматты елі тәрбиелейді, мәпелейді. Алладан хабар жетіп, көзің жұмылғаннан кейін есіне алып, құрмет көрсететін де сол елің, яғни халқың. Ендеше алдымен дәл бүгін 100 жастығын атап өтіп, Алматыда ол кісіге дәл осы уақытта асы беріліп жатқан, Қайнар орта мектебінің түлегі **Рымбек Смақұлы Байсейітов** жайлы қысқаша дерек бере кетейін.

Ел ішінде, құдайға шүкір, адал еңбегін сіңіріп, атақ- абыройға бөленген, ұлы Абайдың «Қазақтың данасы, жасы үлкен ағасы» дегендей, даңқ тұғырының заңғар биігіне көтерілген ұлттың мөріндей ақсақалдарымыз аз емес. Әрқайсысының өз орны, өз жолы бар. Даланы асқақтатамын деп, асқар тауды аласартудан аулақпын. Бірақ атамыз қазақ өткен мен кеткенді көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұрайды, көш бастағанға төрін ұсынады, сөз бастағанға жол береді, жақсының өмірін өнеге тұтады.

Ел де осындай перзенттерімен жеті жұртқа мәшһүр болмақ, халық та осындай ардақтыларымен мәңгі жасайды. Елдің осындай ырысына, елдің осындай құтына айналған, алмас қылыштың қын түбінде жатпайтындығын көрсетіп, төменнен бастап төске өрлеген қайыспас қара нар, өресі биік рухани тәлімгер тұлға-Рымбек Смақұлы Байсейітов. Жақсылығы жанның бәріне бірдей болған ер екеу болса, сол екеудің бірі, бірі емес бірегейі де Байсейітов. Ол кісінің қалтқысыз қызметіне берілген бірінші, екінші дәрежелі Отан соғысы, екі рет Еңбек Қызыл Ту, Құрмет белгісі, Халықтар достығы ордендерімен де, оннан астам медальдарымен де, есебі жоқ марапаттау қағаздарымен де бағалай алмайсыз. Он жылдай Қазақ ССР інің қаржы министрінің орынбасары, он жыл Министр болып, он жыл дүние жүзіндегі екі ұлы державаның біріне айналып, айдарынан жел ескен Кеңес одағын ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған Коммунистік партияның Орталық комитетінің мүшесі, бірнеше рет Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланыпты, міне бір кісінің тақиясына тар келе қоймайтын осыншама биік мансап, дақпыртсыз даңқтың өзі Рымбек Смақұлының тұлғасына, кісілік келбетіне өлшем бола алмас еді. Бұл-ел сенімі, ел басындағы жақсылар мен жайсаңдардың аманаты.

Сонда қалай десіз ғой? Адам ісімен жасайды. Алғанымен емес, бергенімен санатқа кіреді. Осы тұрғыдан алғанда Рымбек ағамыз еліміздің экономикасының өсуіне, мәдени-әлеуметтік дамуына, ғылыми потенциалының өркендеуіне, сол арқылы Қазақстанның қабырғалы елге айналуына адал қызмет етті. Өшпес ізін, өлмес өнегесін қалдырды. Өмір деген ұлы ұстазынан үйрене жүріп, өзі бір академияға айналды. Сол Рымбек аға академиясынан дәріс алған жүздеген шәкірт ұлан-байтақ еліміздің түкпір-түкпірінде ел үшін еңбек етті. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін електен өткізіп айтсақ, міне осындай. Әрине, Рекеңнің жүріп өткен жолын айту үшін бірер сағат уақыт керек. Сондықтан Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметін 15 жылға жуық атқарған ел ағасы Бәйкен Әшімұлының Рекең жайлы пікірін келтірейін. «Рымбек Смақұлы республиканың финанс министрі болып тұрғанда Мәскеудегі басшы орындарға, Одақтың Қаржы Министрлігіне Қазақстанның экономикасы мен әлеуметтік дамуына байланысты мәселелер жөнінде өз ойын батыл айтып, істі оңынан шешетін. Қажетті қаржыны уақытында алуға мүмкіндік туатын. Орталықта жылдық бюджетті қорғап, бекіту кездерінде Рымбектің білгірлік, іскерлік, өз еліне шын берілген патриоттық қасиеттеріне талай рет куә болдым.

Жыл сайын бюджеттің кіріс бөлігінің артығымен орындалуы тікелей осы кісінің арқасы. Бюджеттің кіріс жағынан түскен пайда облыстарға, қалалар мен аудандарға жоспардан тыс көрсетілген көмек, білім, ғылым, мәдениет мекемелерінің жұмысын жақсартуға жұмсалады. Осындай ел пайдасына асатын республиканың ішкі қаржылануының көзін табуда министрлік басында Рекең сияқты жанашыр жанның отыруының әсері мол еді. Экономиканың жаппай өркендеуі қаржыға байланысты болғандықтан, республикамыздың осы жауапты министрлігін басқарған Рымбек Смақұлы еліміздің сол жылдары қарқынды дамуына зор үлес қосқан мемлекет қайраткері болғандығын ешкім жоққа шығара алмайды. Рымбек Байсейітов артында айтулы ізі, ісі қалған тұлға. Осы ретте ұлы Абай атамыздың қанатты сөзі ойға оралады: *«Ақыл-қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек...»* демей ме. Данышпан ақын айтқан осы қасиеттерді тең ұстаған Рымбекті «толық адам» десем, еш қателеспеймін. Нағыз адамға тән шынайы болмысын, адал да өжет, мейірімді де қайырымды мінезін ол өмір бойы жоғалтпай өтті өмірден». Бұған алып қосарымыз жоқ. Шынайы берілген баға! Ал елімізге белгілі тұлға болған Мақтай Сағдиев ағамыз Рекеңнің адамгершілік сапасының бірі-адалдығын, мемлекеттің қазынасын ұстаған, халықтың қазанын қайнатқан қолының тазалығын, дос-жарандарына деген адалдығын айтса, тағы бір қайраткер азамат Қасым Жұмабеков ағамыз ырысы арылмаған, ынтымағы жарасқан халықтың қасиеті дарыған үлкен жүректі адамның бүкіл елінің қамын ойлайтын ақыды асқан дана болғанын тебірене еске алады.

Қазақ халқының мақтанышы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев та Рекеңді министрлердің министрі деп айтып кетті кезінде.

Ол кездегі партияның тәртібі солай болды ма Рекең туған еліне сирек келді. Менің өз аузынан естігенім 1971 жылы, 1973 жылы, 1985 жылы екі-үш-ақ күнге және Қарағандыға келген бір іс сапарында Қайнарға соғып кетіпті. Сонда ойға алам, еміреніп туған жерінің суын емін-еркін іше алмай, саф ауасын жұта алмай кетті-ау есіл ер деп.

Бүгінде Қайнар ауылындағы осы сәулетті мәдениет үйінің салынуына тікелей ықпал жасап, уақытында қаражат бөлгізіп бітірткен Рымбек ағамыз екендігін біреу білсе біреу білмес. Кезінде мұндай мәдениет үйі алақандай ауылға өте үлкендік жасайды деп оның құрылысын облыстың басшылары тоқтатып тастаған да болатын. Бірақ алған бетінен қайтпайтын жігерлі, қайсар азамат тиісті қаражатты дер кезінде бөлгізіп, қазақша айтсақ тізеге салып отырып, кейбір облыстардың орталықтарында жоқ зәулім мәдениет сарайын туған жеріне салғызып берді. Бүгінгі ғасырға толған тойын тойлап отырған мектеп үйі мен екі қабатты интернат үйі де сол кісінің арқасында салынды. Абыралы ауданын құру жөніндегі мәселені алғаш көтерген де Рымбек ағамыз болатын. Рымбек аға Абыралы ауданының қайыра шаңырақ көтергенін көріп кетті. Ең алғашқылардың бірі болып Абыралы ауданының құрылуымен құттықтап, ауданды қолдау жөніндегі қорға алдыңғылардың қатарында қаражат аударғанын да білемін.

Лұқпан хакімнің өсиеті Рекеңдей бітім-болмысы бөлек тұлғалардың тірі жанға ұқсамайтын ғұмырымен, бір кісіге дегені мың кісіге жұғысты болған жақсылығымен өміршең шығар, бәлкім! Лайым-Рымбек ағадай ұлдарымыз аман болғай! Қазақтың жүзі солармен жарқын! Болашағы солармен зор! Рымбек Смақұлындай ұлт перзенті болған қазақты қалай мәрт, қалай мықты халық демессіз! Абыз аға, аңыз аға жайлы қысқаша ой-толғамым осындай, ағайын.

Төлеужан туралы бір ауыз сөз

«Армысың, белес-биігім, Армысың асқар тауларым, Бармысың арқар-киігім, Арайлап атқан таңдарым. Келдім ғой саған сағынып, Абыралым-Қайнарым. Асқақтай берсін мәңгілік, Мәртебең биік айбарың!», -деп жырлаған, 50 жылдардың басында қазақ поэзиясына жасындай жарқ етіп келген дауылпаз ақын, қазақтың «Маяковскийі» атанған Төлеужан Ысмайылов тірі болса, биыл тоқсанға келіп, торқалы тойын бүгінгі мектеп тойындай дүркіретіп өткізіп жатушы едік.

Төкең жастайынан кітапқа құмар болды, аса алғыр болды деседі көзін көрген ауылдастары. Мектепте алғашында аттап оқыпты. Өзге балалар бір жылда бір класты тауысса, Төкең екі класты бір жылда бітіріп отырыпты. Қайнар орта мектебін 15 жасында үздік аяқтап, Қазақ мемлекеттік университетіне түсіп, оны 19 жасында бітіріп шығуының өзі сол кездің өлшемімен салыстырсақ, сенсация демесеке шараң жоқ. Әдебиет деген тар жол тайғақ кешуде қалай суырылып шықса, өмірде де жалған дүниеден солай суырылып ерте кетті. Бұл қайыспас рухы биік қаламгерге тән өлім еді. Оның қаламының ұшында намыс найзасының сұсы бар, өжет жүректі жігіт еді. Өттең, дүние шолақ!

Университет бітірген соң Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші, «Жазушы» баспасында редактор, Семей, Павлодар, Қызылжар облыстық газеттерінде қызмет атқарған. Өлеңдері отты, оқу мәнері де ерекше, жүрек қылын нәзік сезімге бөлейтін, ойлы ақын, сатирик ақын, мықты аудармашы, тұлабойы тұнып тұған талант дегенді естідім кейіннен КазГуде оқып жүргенде белгілі ақындардан.

Семейде газетте бірге істеген іні досы Балтабек Ерсалимов ағаның Астандағы үйіне іздеп барып, ол кісінің өте мейірімді, бауырмал азамат екендігін, досқа адал, туысқанға жанашыр екендігін, басқа да көп жақсы қасиеттерін естіп қайттым. Расында, өз замандастары арасында көп оқып, оны көңілге көп тоқып, көркемдік талғамының мықтылығымен, поэзияға әкелген жаңа ырғақ, тың леп, соны пікір, ой жаңалығымен көзге түседі. Өзі құралыптас ақындардың алдыңғы легінде жүреді. Сол кезде тамаша ақын келді деп қуанғандар да көп болды. Кейде іштарлықпен, қызғанышпен «бесіктен белі шықпай жатып мына бала қайда барады? Бізге қарсы келетін кім ол? Мұны қолдап, қорғап жүрген кім? Бетінен қағып, жасқантып, жасқап қоймасақ, күні ертең төбемізге шығып, бой бермей кетер» деп қауіптенгендер де болмай қалған жоқ. Тіпті кейбіреулері өтірік жалпақ шешей болып, «сен классиксің» деп өтірік мақтап, кездесе қалса, сыйлап жіберетін болады. Кейіннен ол дәстүр тым көбейіп кетеді. Бірақ жасынан алғыр Төкең ешкімнің сөзіне ермеді. Тек өлең жазуын білді. Дана Абай айтпақшы, тек өзіне, қайрат-жігеріне сенді. Әйтсе де адалдық десе ақтарыла сөйлеп, ешкімнің атақ-даңқына қарамай, кемшілікті бетіне айтып, сол арқылы қалың көпшіліктің назарын өзіне еріксіз аударған жас жігітті аяқтан шалушылар көп болды. Олар ақырында дегеніне жетіп тынды. Аса дарынды ақын небәрі 40 жасында, Семей ауруханасында өкпе ауруынан көз жұмды. Соншама талантты бола тұра тұла бойындағы қарым-қабілетін, толық жұмсай алмай, қазақтың мандайына сыймай, арманда кетті. Тәубе, туған жері ақын атын ардақтауға үнемі назар аударып келеді. Ақынның 70, 75, 80 жылдықтары туған жері, кіндік қаны тамған елі Таңатта, өзі оқыған Қайнарында кеңінен аталып өтті. Сол тойдың бәрінің басы-қасында жүріп, Төлеужан ақынға деген елдің ерекше ықыласын көрдім. Елдің ауыз бірлігін көрдім. Соның басы-қасында жарғақ құлағы жастыққа тимей, үлкен іске ұйытқы болып жүрген, ауылдың намысына көлеңке түсірмей, бәрін ұйымдастырып жүрген туысы, інісі Өміржан Жақыпов ағамыз еді. Жаңадан басына мазар тұрғызылып, басына құлпытас орнатылды, мұражайы ашылып, оған Төлеужанның есімі берілді. Осылайша өнегелі іс тындырды Өмең. Мәдениет үйінің алдына бюстісі қойылды. Бұл игілікті істердің іске асырылуына жерлесіміз Марат Құрманбай бастаған кәсіпкерлер елеулі үлес қосқандығын айтуға тиіспіз. Барлық ауыл адамдарының ізгілікті жолдары, әруақты риза еткен істері ұрпаққа өнеге болды.

Төкендей дарабоздың көзі жұмылған соң, 12 жылдан кейін, 1984 жылы Медеу ағамыз әркімнің аузында жүрген, кейбір газет-журналдарда басылған өлеңдерін жинақтап, «Сырымды айтам» деген кітабын шығарды. Одан бұрын «Әлдекімге бір шапалақ» атты бір-ақ жыр кітабы шыққан. 1993 жылы ғалым, үлкен ақын Бауыржан бауырымыздың ұйымдастыруымен «Аза» атты кітабы оқырман қолына тиді. Әзірге ақын есімін айқындайтын еңбектері осы ғана. Дарынды ақын философиялық ой-пікірлерге толы, кең ауқымды саяси өткір өлеңдермен бірге көлемді дастандар мен поэмалар да жазған. «Есіл», «Дала Министрі» (Жылқышы) поэмалары сол сөзіміздің айқын дәлелі болса керек. 60 тан астам өлең, 40 тан астам сатирасы жарияланған. Мерзімді баспасөз беттерінде оның өлеңдері университетте оқып жүргенде-ақ жарық көре бастаған. Төкең ақын ғана емес, орыстың ұлы ақындары Пушкиннің, Лермонтовтың, Маяковскийдің жырларын, америка жазушысы Т. Драйзердің «Америка трагедиясын» шебер аударған. Бірақ ол өз өлеңдеріне қатаң талап қойғандығынан болар, шығармаларын бастыруға асықпаған.

Төлеужан Ысмайыловтың арамыздан кеткеніне биыл 50 жыл болды. Жарты ғасыр! Ақын ғұмыры өмір сүрген жылдармен шектелмек емес. Кешегі Төлеген Айбергенов те, Жұматай да, Мұқағали да ерте кетті емес пе?! Бірақ ақынның поэзиясындағы өлмес күшін, ақындық құдіретін тану үшін талай жылдар керек. Уақыт тезі де қажет шығар. Төкеңнің өлеңдерін шығармайын деп жүрген жоқ, өлеңдері сақталмаған. Бір чемодан өлеңдерін інісі Серік шопан болып, көшіп жүргенде жоғалтып алыпты. Жерлес інілері Бауыржан Жақып пен Азамат Қасым бауырларымыз шырылдап жазып жүр, түрлі басылымдарда Төкең туралы ақиқатын айтып жүр. Бірақ Төкеңнің көзін көргендер әлі үнсіз.

Ендеше ақын жайлы шындық сөз алдағы уақытта әлі талай айтылар деген ойдамыз. «Қол соғам мен мыңдаған ғасырларды, уысына сыйғызған адамдарға» деп қуатты шумақтарды түйдектете төгіп, аз уақыт өмір сүрсе де өз заманының бейнесін қалдырған Төлеужандай асылымызды ардақтайық, ағайын!

Барымызды, мақтанышымызды келер ұрпақ біле жүрсін!

Ч.Э. Алиева¹, Б.А. Нурумов²

¹доктор философии, профессор Международного Университета Кыргызстана,
г. Бишкек, Кыргызская Республика

²член-корреспондент Академии педагогических наук Казахстана, доктор PhD,
Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар, Baur_Abl15@mail.ru

РАЗВИТИЕ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ВОСПРИЯТИЯ ШКОЛЬНИКОВ

В наши дни решение задач образования общества невозможно без образования и духовного возрождения общества невозможно без повышения роли эстетического и художественного восприятия в учебно-воспитательном процессе в сфере образования.

Особенностью декоративно-прикладного искусства является основной формой в продвижении национальных культурных брендов. С каждым днем все больше мастеров декоративно-прикладного искусства обращаются к истокам зарождения различных видов ремесел. Ведь все человечество обращено к получению знаний из истории.

Художественное восприятие – это сложная групповая работа сознания, сочетание художественного чувства ощущения, фантазии, мышления, представлений. Важным, преобладающим составляющей художественного восприятия считаются впечатления т.е. эмоции и ощущения т.е. чувства, образующиеся у человека в процессе художественного восприятия, которые проходят на абсолютно реальной базе, но углубленно выделяются от «обыденных» впечатлений. Л.С. Выготский именует их «умными эмоциями». Создателем деятельно разрабатывалась идея «поступенно-сти» художественного восприятия. Исходя из данной идеи, художественное восприятие возможно предположить, как диалогический процесс.

Объективность восприятия в общей психологии – данное распространение информации, приобретенной из внешнего мира, на внутренний мир, по этой причине объективность художественного восприятия – это особая способность человека воплощать запечатлевать безупречные образы, которые в принципе не могут иметь объективного воплощения в окружающей действительности. Для того чтобы этот процесс происходил естественным образом, субъект должен обладать высоким уровнем эмоциональности или особым свойством художественного восприятия: эмоциональной насыщенностью, эмоциональностью и интенсивностью эмоциональных реакций. В то же время такая ситуация у субъекта может возникнуть только благодаря осознанию конкретного содержания субъекта восприятия: его собственных переживаний и отношений при восприятии реального мира или произведения искусства.

Целостность восприятия понимается как синтез совокупности гармоний ощущений, относящихся к взаимосвязи к таким как: зрительной, слуховой, тактильной в целом и неделимого представления в едином образе, которое можно назвать "модальной целостностью". Художественное восприятие определяется особенностями того или иного вида искусства, суть которого в том, что "это понимание целостности исправляет несоответствие восприятия образа модальностью, например, с чисто визуальным представлением реальности", опираясь исключительно на разработку приемов точного воспроизведения внешних форм объектов. Это обстоятельство обязательно должны учитывать преподаватели художественных технологий при выборе педагогических средств и способов развития восприятия в той или иной области художественного творчества.

Эстетическое восприятие – это процесс ознакомления человека со всей сферой, с целой областью красоты в целом, будь то изящность человеческих отношений, уникальный и оригинальный вид природы либо существенное творение великих мастеров произведений искусства.

Художественное восприятие – понимание различных произведений искусства – это особый вид эстетического восприятия, который обладает собственными характерными чертами а также качества, связанные с условной природой искусства и отношением на получение положительных эмоций через общение с произведением искусства – эстетического наслаждения. Особенно при процедуре взаимодействия между зрителем и создателем полотна или изделия, их взаимодействие или даже конфликт в том числе ссора.

Метод обучения – это метод регулярной взаимосвязанной деятельности учителя и ученика, деятельности, направленной на разрешение трудностей обучения, образования и развития в процессе обучения. Методы и приемы, используемые для ознакомления учащихся с художественными способностями, делятся на вербальные, визуальные и практические. Отдельное место занимает метод

музыкального сопровождения. Наиболее распространенный вербальный метод обучения используется во всех образовательных дисциплинах, и все этапы и формы обучения занимают лидирующие позиции в системе. Были времена, когда это был чуть ли не единственный способ передачи знаний. В настоящее время их часто называют устаревшими и неактивными. К оценке этого метода следует подходить объективно.

Вербальный, он же словесный метод позволяет донести огромное количество данных и информации в кратчайшие сроки, поставить перед учащимися задачи и показать пути их решения. С поддержкой речи учитель способен спровоцировать в сознании обучающихся яркие образы фигуры минувшего, данного времени т.е. настоящего и будущего человечества, активизировать воображение, память и эмоции чувства обучающихся.

Вопросы стимулируют учащегося всматриваться на вид картины, замечать ее элементы детали, однако никак не теряя целостного смысла значения творения произведения искусства для содержания произведения. Об определении установлении настроения. касательно о распределении средств выражения. Для правильного и углубленного восприятия работы учащимися большую значимость имеют вопросы преподавателя, их сущность, рациональность, очередность, а также четкость формулировок [8].

Вместе с поддержкой грамотно установленных вопросов и задач учитель должен помочь учащимся направить восприятие по пути анализа, помочь им увидеть картину, понять единство содержания и средств выражения.

Во время обсуждения искусства ученики изучают и исследуют жанры, разновидности изобразительного искусства, ресурсы выразительности, в связи с этим уместны вопросы о визуальных средствах в произведении.

Что касается визуального метода «наглядного», то усвоение учебного материала во многом зависит от наглядных пособий и технических средств, используемых в процессе обучения.

Они используются в сочетании со словесными и практическими методами обучения и предназначены для визуального и сенсорного ознакомления учащихся с явлениями, процессами, объектами в их естественном виде или в символическом изображении с помощью наглядных произведений, репродукций, диаграмм.

Метод иллюстраций предполагает представление и понимание объяснительных пособий, баннеров, таблиц, картин, карт, эскизов, плоских моделей и т.д. метод визуализации обычно связан с визуализацией оборудования, экспериментов исследования технических установок, диафильмов, видеофильмов и т.д.

Данные способы помогают обогатить и расширить непосредственный сенсорный опыт учащихся, развивают наблюдательность, способствуют более полному изучению конкретных свойств объектов, создают условия для перехода к абстрактному мышлению, поддерживают самостоятельное обучение и систематизацию изучения. При выборе наглядных пособий и формы визуализации учитель думает о дидактической цели, ее месте и роли в познавательном процессе.

В нем также рассматривается вопрос установления рационального числа объяснительного использованного материала. Так как большое количество иллюстраций отвлекает учащихся от раскрытия сути изучаемых явлений.

Иллюстрации готовятся заранее, но они показываются только в тот момент, когда они необходимы во время обучения.

Практические методы обучения основаны на практической деятельности студентов. Эти методы формируют навыки и практические навыки.

В качестве упражнений – повторное выполнение учащимися определенных действий с целью развития и совершенствования навыков и умений в учебной работе.

Тип и методология упражнений находятся в зависимости от специфики и особенности темы, конкретного материала, исследуемой проблемы, а также и от возраста обучающихся. Наглядная деятельность, повторение навыков и приемов, а также способов педагогом. Осуществление практической деятельности направлено на развитие навыков и формирование способностей самостоятельной работы по определенной теме и выработку самостоятельного изложения использованного материала.

Способ музыкального сопровождения – формирует благоприятный чувствительную обстановку, что непроизвольно притягивает интерес, формирует подходящую ситуацию для выполнения упражнения. При обучении художественному творчеству целесообразно сочетать и совмещать несколько методов работы, ориентируясь на тот или иной метод с учетом степени подготовки обучающихся.

Ролевые игры – подобный способ содействует формированию визуальной памяти, выступления, логичного мышления, способности к эмоциональному и образному самовыражению, умению анализировать произведение искусства, развивает у ребенка воображение, речь, является творческой.

На уроках художественно образного творчества они решают одну или ряд вопросов и задач, формируют интерес, суждение, внимательность, креативные возможности, оказывают большое влияние в эмоции, а также чувства, показывают индивидуальные возможности учащегося. Очень важным фактором считается регулярное анализ творений мастеров художников рассмотрение произведений искусства на каждом уроке [10].

Непрерывное обращение к произведениям искусства, рассмотрение и анализ средств и методов их исполнения, развитие наблюдательности и умения читать произведение искусства благотворно влияют на развитие и формирование художественных и творческих также креативных способностей личности, а это в свою очередь, ведёт к получению индивидуально выразительного выполнения работ [9].

Невозможно найти решение задачу формирования образного восприятия только лишь в рамках обучения художественному творчеству.

Необходимо организовать деятельность художественно-творческой и педагогической школы таким образом, чтобы конкретные исследования, анализ черт характера и взаимодействий предметов и явлений проводились, по возможности, не только в ходе учебного процесса, но и иногда и внеурочное свободное время.

Формирование художественного восприятия у школьников с помощью техники изготовления папье – маше ученики стремятся к превосходному удивительно чудесному прекрасному миру, бумажная пластика – это один из способов работы, в котором они могут проявить свои творческие способности. В процессе формирования объёмных полотен и изделий из бумаги. Одно из важных сторон эстетического развития детей школьного возраста. Оно включает в себя психолого-педагогические особенности развития творческих способностей на занятиях изобразительного искусства, методы использования выразительных и изобразительных средств. Совершается интенсивное формирование мелкой моторики, логического и пространственного мышления а кроме того, абсолютно всех разновидностей памяти.

Работа с бумагой в технике папье – маше способствует концентрации внимания и самодисциплине, творческое мышление, а также воображение и фантазии, формирование эстетического восприятия мира, формирование художественного вкуса, развитие воображения, пространственного восприятия, развитие мелкой моторики пальцев, культуры созерцателя развитие конкретных организационных способностей а также художественно образного творчества приобретение информации и рассказов о технике бумажного производства в технике папье – маше и возможного касательно мира художественной культуры технической бумажный изготовления в технике папье – маше популяризации художественного творчества и изобразительной деятельности у учеников.

В младшем школьном возрасте данный тип образного творчества сопряжен вместе с экспериментами, с познанием разных качеств и свойств бумаги: она может быть представлена мягкой и твердой, разной толщины и прочности, матовой и глянцевой, гладкой и шероховатой поверхностью, разноцветной и белоснежной бумагой.

Список литературы

1. Рубинштейн, С.Л. Бытие и сознание. О месте психического во всеобщей взаимосвязи явлений материального мира – М.: Изд-во Академии наук СССР, 1957г. – 328 с.
2. Ильин Е. П. Психология творчества, креативности, одаренности: Питер; СПб. 2009г. Выготский Л.С. Психология искусства – М.: Искусство, 1986г
3. Нурумов Б.А. Особенности развития эстетических ценностей школьников. – BRD: «Lambert Academic Publishing», Saarbrücken, 2013 г. – 52с.
4. Нурумов Б.А. Изобразительное искусство. Учебное пособие. – Павлодар, 2009 г. – 213 с.

А.Н. Ахат

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі, Қазақстан,
Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, nur.skiv@mail.ru

ҰЛТ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ЕР БАЛА ҚАСИЕТІ

Қазіргі заман лебіне орай өз қоғамымыздағы ұлан-ғайыр өзгерістердің сан-салалы бағыт алып отырғаны белгілі. Соның бірі – қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің оянып, рухани бастау бұлағының беті аршылып, түйсік пен сананың жаңаруы болып отыр. Осы орайда жаңа дәуірдегі соның қоғамдық ой-пікірдің дамуына үлкен үлес қосатын – халық педагогикасы. Саяси дербес өз алдына жеке тәуелсіз мемлекет болған кезімізде ұлтымыз үшін атқарылар үлкен игілікті істердің бірі – келешек ұрпақты ұлттық дәстүрде тәрбиелеудің кешенін (комплексін) жасау. Қазірде қолға алынып, келелі бастамаларға тиек болып жатқан тәрбие саласындағы түрлі бағыт, бағдарламалар халық, жұртшылық, қала берді ұстаздар арасында қызу қолдау тауып отыр. Бұл құптарлық іс. Себебі «Баға жетпес байлық – тәрбие» деген дана сөздің шындығы бүгінгі күні айғақ болуда. Сондықтан тәрбиенің үлкен бір қомақты саласы – ер бала тәрбиесіне тоқталуды жөн көрдік.

Ер бала тәрбиесін ғылыми байыптау арқылы дәлелдеу және іс жүзіне асыру – шешуін күтпес істердің бірі болып саналуы керек. Тіптен бұл мәселені тек қана ұстаздар қауымының ғана емес, жалпы қазақ халқының, үкімет тарапының тікелей міндеті дәрежесіне көтеру парыз. Уақыт осыны талап етуде. Егер де халық болып қазір шындықтың бетіне тура қарап, нақтылы іс-шаралар арқылы ер бала тәрбиесін қолға алмасақ, орны толмас өкініш пен шипасы табылмас кеселдер ұлтымызды өте қиын мүшкіл халге әкелуі мүмкін. Осындайда «неге?» деген орынды сұрақ туады. Енді соның төңірегінде дәлелді жауап іздеп көрейік. Соңғы кездері социологиялық дәйектемелер, түрлі бұқаралық ақпарат құралдары адамның рухани азуы, оның мейірімділік, ізеттілік, адалдық, өнегелілік сияқты асыл қасиеттерден жұрдай болып тоза бастауы туралы жиі дабыл соғуда. Өзіміз де өз айналамызда адам жаны түршігерлік күнделікті өмірде болып жатқан талай қылмысты істер, бұзақылықтар, небір өрескел оқиғаларды білеміз. Міне, адам баласының азып-тозып, адамгершіліктен айырыла бастауының басты себептерінің бірі – ер бала тәрбиесінің төмендеп кеткендігі. Әсіресе, ұлтымыздың қазіргі рухани әлеуметтік хал-ахуалының сын көтермейтіндігін, жүдеулігін көріп, біліп отырмыз. Данышпан, көреген көз, парасатты бабаларымыздың ғасырлар бойы сары алтындай сақталып мұрагер ретінде бізге табыс еткен дария даналығындағы – ер бала тәрбиесін тәрк етіп, бас тартып, ат-тонымызды ала қашуымыз кешірілмес күнә [1.8].

Сондықтан ХХІ ғасырда өзге жұртпен тең өмір сүру үшін ұрпақ болашағын ізгі ниетпен ойлау мақсатында халқымыздың ер бала тәрбиесіне мейлінше назар аударуын іске асыру керек. Ер баланың тәрбиесінде әр ортаның маңызы зор. Осы орайда мынадай бағыттарда жұмыстар атқарылып, нақтылы іске асса:

I. Жанұяда

Полученные результаты свидетельствуют об актуальности развития психологической культуры учителя, которое возможно в рамках курсов повышения квалификации в системе дополнительного профессионального образования, в том числе в контексте проблем ноосферного образования.

Список литературы

1. Дубровина И.В. Психическое и психологическое здоровье в контексте психологической культуры личности [Текст] / И.В. Дубровина // Вестник практической психологии образования. – 2009. – № 3. – С. 17–21.

2. Гусейнов А. Ш. Психологическая культура как потенциал субъектности личности тренера [Текст] / А.Ш. Гусейнов, В.В. Шиповская, Н.В. Жигунов // Физическая культура, спорт – наука и практика. – 2018. – № 2. – С. 102-109.
3. Елисеева О.А. Субъективное благополучие подростков и психологическая безопасность образовательной среды [Текст] / О.А. Елисеева // Психологическая наука и образование: электронный научный журнал. – 2011. – № 3. – С. 1-10.
4. URL: https://psyjournals.ru/files/47424/psyedu_ru_2011_3_Eliseeva.pdf
5. Костина Л.М. Психологическая модель формирования психологической безопасности личности обучающихся в адаптационный период [Текст] / Л.М. Костина // Ученые записки СПбГИПСР. – 2019. – Выпуск 2. Том 32. – С. 138-144.
6. Маслова Н.В. Ноосфера. Ноосферное развитие. Ноосферное образование [Электронный ресурс] / Н.В. Маслова // Открытое образование. – 2016. Выпуск 2. – С. 6–10. URL: <https://doi.org/10.21686/1818-4243-2016-2-6-10>
7. Edmondson A.C. Psychological Safety: The History, Renaissance, and Future of an Interpersonal Construct [Electronic resource] / A.C. Edmondson, L. Zhike // Annual Review of Organizational Psychology and Organizational Behavior. – 2014. – No 1. – P. 23–43. URL: <http://www.annualreviews.org/doi/abs/10.1146/annurev-orgpsych-031413-091305> (3.05.16)
8. Ridei N. Methodology of Safety and Quality of Life on the Basis of Noospheric Education System Formation [Electronic resource] / N. Ridei, N.Bakhmat, & N. Tytova [et al.] // Strategies for Policy in Science and Education. – 2021. – No 29(1). – P. 82–98. DOI: 10.53656/str2021-1-6-meth. URL: https://azbuki.bg/wp-content/uploads/2021/02/Strategies_1_21_Nataliia-Bakhmat.pdf

FTAXP: 03.20

А.И. Исин

тарих ғылымдарының кандидаты,
Семей қаласы Шәкәрім университетінің профессоры

АБЫРАЛЫ АУДАНЫ ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қайнар орта мектебінен мектеп табалдырығын аттап, білім жолына түскен әрбір адамға құнарлы туған жер топырағының қасиеті ерекше сезілмек. Есі кіре бастаған бала ата-ана, үлкендерге бұл қандай жер, қандай мекен деген, біз кіміз деген көптеген сұрақ қоя бастайды, жерлі, елді тануы содан басталады. Бұл ретте өскін балаға ата-ана, мектептің, мұғалімдердің, бала оқитын кітаптардың берері мол.

Зерттеу ісінде дезерттеуші күрделенген осындай сұрақтарға тап болады. Қай салада жүрген маман болса да, өлке тарихы мен мәдениетіне қызықпауы мүмкін емес.

Адамзаттың ең арғы тарихын қозғағанда тас ғасыры, мыстас пен мен қола ғасыры, ертетемірдің кезеңдерін елестете алатын таным көне ескерткіштер мен құралдардан құралады. Жарқын деректердің бір тобын зерттеушілер осы Абыралы жерінен алады. Ежелгі заман мен орта ғасырлардағы саяхатшылар, ғалымдардан бастап Сарыарқа, Абыралы аумағы туралы аңызды және нақты деректер солардан қалған. Бертін келе, патшалық заманында өлкетанушылық ізденістер арқылы ғылымға әйгілі көне ескерткіштер туралы таным кеңейе, нақтылана түскен.

XIX ғ. соңында Н. Коншиннің қайраткерлігі нәтижесінде ел адамдарынан Абыралыдағы археологиялық ескерткіштер туралы деректер алынды. Әлемдік ғылымға ол деректерді XX ғ. басында француз ғалымы И. Кастанье таратады [2], зерттеу кітабы бұл күнде Қазақстанда қайта басылып шыққан. Әйгілі Абыралы Таңбалытасы туралы ғылыми таным кеңестік зваманда тереңдей түседі. Сарыарқадағы археологиялық ескерткіштерді тізімдеген ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан Абыралы Таңбалытасындағы тастағы суреттерге қызығушылық білдіріп, бірқатарының фотоларын алғызған [3]. Семей пединститутында археологиядан дәріс оқыған, жаңатас дәуірінің ескерткіштерін зерттеген ғалым Людмила Чалая Абыралы Таңбалытасында екі рет – 1973 және 1976 жылдары студенттердің далалық тәжірибесін өткізіп, тастағы суреттердің көшірмелерін салғызады. Күнделік дәптері бізде сақталған.

Мен 2003-2004 және 2018 жылдары бұрнеше рет осы ескерткіште болып, әр жылдары ғылыми мақалалар жазып, ғылыми конференцияларда баяндамалар жасап, Абыралы Таңбалытасын көне өнер ескерткіші ретінде ғылыми айналымға енгізуге мән бердім деп айта аламын [4]. Ескерткіш Шығыс Қазақстан облысы археологиялық ескерткіштерінің тізбесіне енгізілген. Бұл жерде жарияланған

ғылыми материалдарды атамай, оларға сілтеме ғана беріп отырмын. Айта кетуге ләзім: Абыралы Таңбалытасын зерттеу ісіне Қайнар орта мектебі мен Абыралы мектебінің мұғалімдерімен жергілікті өлкетанушылар мән берді. Олардың есімдерін мақалаларымда көрсеттім. Алғаш біргіне барғанда қасымызда марқұм Болат Тұрысбаев мұғалім және жергілікті шаруашылық иесі Серікғали Молдабаев болды. Басқа бір мұғалімдеріңіз Абыралы Таңбалытасын оқушылардың ғылыми жобалар тақыраптарына арқау етті. Өз беттерімен де барып, тастағы суреттерді фотоға түсірді. Мысалы, Маржан Қуатбаева мұғалім. Яғни, Қайнар мектебінің мұғалімдері осынау ғылыми маңызы жоғары ескерткіштерді зерттеуге белсене қатысты.

Соңғы кездерде (бұрын да байқалған) қараңғылық пен қаскөйлік қосылып, тарихи санасы төмен кей адамдар Абыралы Таңбалытасына нұқсан келтіріп жатқаны жергілікті билікті алаңдатуға тиіс. Бұл сұмдық жағдай. Қолда бар тарих қазынамыздан айрылып қалмайық.

Абыралы ауданының арғы-бергі әдеби және музыкалық мұрасы да бай. Жеткілікті зерттеліп шықты деп айту артық. Ақтабан шұбырынды заманындағы ел өмірі жағдайының әсерімен Қотыр би Сыбланұлының белгісіз болып жатқан толғауы сонау 1998 ж. жарияланды [5]. Ескі заманнан жеткен сирек дүние ғой. Бұған Абыралы да, Қарқаралы жұртшылығы да ризашылығын білдірді.

Құнанбайдың құдасы, ел басқарған Алдаберген биден, оның баласы Төлебай биден, қыздары Дәметкеннен, Тойған шешеден өнегелі сөздер жетіп отыр. Дәметкен-Төлебике Шәкәрімнің туған анасы екені сіздерге жақсы белгілі. Төлебай бидің «оқымысты ұлдары» Абыралы, Дегелеңге ғана емес алысқа атақтары жайылады. Болатбек Нәсенов аға патшаға қазақ талаптарын айтып жолдаған телеграммаға қол қойған Алаш қозғалысының Дегелең, Абыралы болыстарындағы бастаушылары Керімхан Төлебайұлы, Тышқанбай Қашақұлы, Мұса Құлбайұлы, Сүлеймен Қойсоймасұлы есімдері сақталған құжатты жариялады [6], біз ол жөнінде мақала жаздық. Омар ақын Төлебайұлы (1862-1920) Дегелеңдегі Абай шығармаларының нәр алған, Абайдың шығармашылық дәстүрін жалғастырған дарынды Абай шәкірті. Өз қолжазбасының Қазақстан Ғылым академиясы кітапханасы қолжазба қорында сақталып жетуі үлкен сәттілік. Омар ақын туралы Ахат Шәкәрімұлының естелігінде де құрмет сөздер, Омардың Абай туралы ғажап сөзінен үзінді бар. Шығармалары қандай! Көңілге бірден қонатын мәнді, айрықша сұлу төгіліп тұрған өлең-жырлар! Міне, Омар ақын поэзиясы:

Қолыма тисе дәурен бір сермесем.
Кімге жау, кімге елімге сыр білдірмей,
Тық етіп тықырымды білдірмесем.
Болғанда біреу шешен, біреу көсем,
Кінәлі сөз айтуға тіл білмесем!
Егерде «сен біл» десең, «сендім» десең -
Білсем жөндеп, білсем, бүлдірмесем!
Япыр-ау, ешкімді күйдірмесем,
Ешкімді жылатқам жоқ, күлдірмесем...

Абыралының ескі музыкалық мұрасының жету жолы ауыр. Әйгілі музыка фольклоршысы Александр Затаевичтің Абыралыға арнайы келуіне жол түспеді. Халықтың қоныстарын тастап кеткен ашаршылық, одан кейінгі соғыс, одан кейінгі елді жан-жаққа бытыратып жіберген атом сынақтары жылдары, ауданның таратылуы – мұның бәрі мәдениетке, ұлттық ескі мұраны сақтап жеткізуге көп кесірін тигізді. Әйтпесе Тәттімбеттің күйшілік мектебінің бір орталығы Абыралы, Дегелең болатын. Ұлы күйшінің дарынды шәкірттері осы өңірде шығармашылығын таратқан. Сайдалы Сары Тоқа Абыралы өңірінде Алтай Тоқа есімімен кең танымал болды, күйлері өрістеген. Бергі шәкірттерінен әкем Иса Биназарұлы үлкен ілтипатпен Төлеуғожа Жанұзақұлын «асқан домбырашы, күйші еді» деп сипаттап кетіп еді, Тоқа мен Төлеуғожаның бірнеше күйлерін тартушы еді, әттең іздеушісі болмады. Асанқайғының күйі «Желмая», Алтай Тоқаның «Сылдырмағы», Тәттімбеттің, Төлеуғожаның «Қосбасарларын» сұлбалары ғана қалды. «Сыбызғыны аққуға қосқан» сыбызғышы Ахмет Жанұзақұлы да «Молдаштың бес қасқыры» атанған атадан тараған еді. Оның да шығармашылығы ұмыт қалды. Қобызшы Көзбергеннің қобызын туыс ұрпағы майданға аттанарда Абыралының тау-тасының біріне жасырып көміп кеткен екен.

Абыралыдан шыққан қоғам қайраткерлері, шаруашылық басшылары, дін иелері, ақын-жырау, айтыскерлер, көптеген өнерпаздар туралы қозғалар тақырыптар аса көп.

Абыралыда таус ылмайтын тарих тұр. Байбына жетіп, зерттей түсу – бәріміздің міндетіміз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Коншин Н.О памятниках старины в Семипалатинской области // «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Импер. Рус. Географического общества». Вып. 1. – 1903.

2. Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 207-б.
3. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. 3-4 т. – Алматы, 2003. – 8-б., 3 томның суреттері: – 315-328.
4. Исин А. Абыралы Таңбалытасы // «Абай». 2004. № 2. – 89-91-бб.; 2015. – № 6. – 41-46-бб.; Абралинский Танбалытас // «Маргулановские чтения-2014». – Алматы-Павлодар, 2014. – С. 340-343; т.б.
5. Исин А. Қотыр би Сыбланұлы // «Абай». 1998. – № 4. – 94-б.
6. Нәсенов Б., Исин А. 1905 жылғы Қарқаралы петициясына және патшаға жіберілген телеграммаға қол қойған қайраткерлер // «Абай». 2006. – № 3. – 26-30-бб.

ҒТАХР: 14.07.07

М.Ө. Жакупова

С.Бегалин атындағы Қайнар орта мектебі, директор, Қайнар ауылы, Семей қаласы, Абай облысы

ШЕЖІРЕЛІ БІЛІМ ОРДАСЫ: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

Кез келген мектептің, кез келген ауылдың өз тарихы бар. Сондай мектептердің бірі- шежірелі білім ордаларының бірінен саналатын Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласына қарайтын Қайнар ауылында орналасқан Сапарғали Бегалин атындағы орта мектеп. Бұл мектеп – Қазақстандағы мектептердің арасында байырғыларының бірі болып саналады. Биыл мектепке 100 жыл толып отыр. 1922 жылы жаңа заманға қарай ұмтылыс халық арасында жаппай насихатталып, сауатсыздықты жою мәселесі күн тәртібінде тұрды. Сауатсыздықты жою науқаны Совет үкіметінің алғашқы жылдарында жарияланған мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі еді. Сол жылдары мемлекеттің ұранын, халықтың қамын ойлайтын, көзі ашық, көкірегі ояу Тұрсынбай Дайырбекұлы деген азамат Абыралы өңірінде бірінше болып қолдайды.

Мектеп ұйымдастыру мәселесін жергілікті орта дәулетті Тұрсынбай Дайырбекұлы өз қолына алады. Есімханның бас батыры Олжашы батырдың ұрпағы Тұрсекең шалқыған бай емес, сіңірі шыққан кедей емес, азын-аулақ малы, орта дәулеті бар кісі болады. Сонымен қатар, ірі бай, саудагер Әбдірахман Жүсіповтың сенімді адамы, оң қолы, жәрдемшісі еді. Семейде сауда жүргізген Әбдірахман Жүсіпов 1917 жылы Семей облыстық қазақ құрылтайында Қазақ облыстық комитетінің мүшесі болып сайланған. Оның Жаңа Семейдегі қызыл тастан салынған үйінде Алаштың арыстары жиі жиналатын көрінеді. Әбдірахман бай ескіше оқыған, бірақ жаңалыққа, прогреске ұмтылған, мінезі қатал, талапты, пысық, іскер, ел арасында абыройы бар Тұрсынбайды жақын туысқандардың арасында басқалардан ерекше бағалап, шаруашылықты басқаратын, істерін жүргізетін адам етіп тағайындайды.

Жиырмамыншы жылдарының басында жаңа экономикалық саясат жарияланып, шағын кәсіпкерлікке жол ашылып, кооперативтер жаппай құрыла бастайды. Тұрсынбай Дайырбекұлы «Алтай» атты серіктестікті ұйымдастырып, халықтан тері, жүн жинап, қалаға апарып өткізіп, халықты қант, шай, тұз, шырағдан майымен қамтамасыз етіп отырады. 1922 жылдың күзінде Семейден 290 шақырымдай жерде Абыралы таудың ішінде Қаратұмсықта, Тұрсынбай өз үйінің екі бөлмесін жергілікті балалар үшін босатып беріп, бастауыш мектеп ашады. Қарқаралыға барып, Ботов деген оқымысты кісіні әкеліп, оқу процессін ұйымдастырады. Ботов әулеті – атақты Қоянды жәрмеңкесінің ұйымдастырушылары, атышулы саудагерлер еді. Солардан шыққан ұрпақтарының бірі Қаратұмсыққа келіп, Абыралы өңірінде жаңа ұйымдастырылған мектептің алғашқы мұғалімі аталады.

Тұрсынбай Дайырбеков «Алтай» серіктестігінің табысының басым бөлігін, нақтылай айтқанда, 60-70 пайызын мектептің қажеттіліктеріне жұмсап отырған. Кооперативтің қаржысынан мектеп отынмен де қамтамасыз етіледі. Мектепті кеңейтіп, Киікқашқан деген жерге көшіргенде Тұрсынбай Дайырбеков ол ғимаратты жөндеп, астына ағаш еден төсеп, бөлме қосып салады. Бұл кездегі мектеп директоры Қапан Мұсайынов болған екен.

Алайда кейбір жерлестер, туысқандардың тарапынан қысыр сөз, сын-пікірлер айтылмай қалмайды. «Қыздарды оқытып, әйелдерге ие бола алмай қаламыз», «Айтқазы ұлыңды оқытып жарытып аларсың, басқа елдің балаларын қайтесің?» деп наразы ойларын білдірген адамдар да болады. Тіпті байлардың біреуі Тұрсынбайға күліп: «Қысқа қарай түтінін өшіріп, ағайын отбасына ортақ болғаныңа жол болсын», деп кекетіпті. Сонда Тұрсынбай: «Өшіп шыққан жоқ, өсіп шықтым,

ертең оқып шыққан балалар – менің өркенім ғой, елінің болашағы ғой» депті. Ал ақын Жақсылық Төленов Тұрсынбайға: «Ағайынға айтарлық панаң тиді, айсызда адастырмас даңғыл жолсың, әруағы Олжашының сізге қонсын, өмірлі бала-шағаң сіздей болсын» деп шынай көңілмен қолдау көрсетіпті. Баласы – Айтқазы Дайырбеков кейін Семейде, Алматыда банк-қаржы саласында жауапты қызметтер атқарған. Жүсіпбек Елебеков секілді дүлділ әншінің әндеріін орындаған әуесқой әнші, шежірені жақсы білген көкірегі даңғыл жан болады. Ол кісі мектептің 50 жылдығына, Абыралының қайта шаңырақ көтереген тойына келіп, әнін салып, жақсы сөздерін арнап еді.

Сонымен қатар сол кездегі мұғалімдердің бірінші толқынында Мұсташ Ысқақов, Төлеуғали Мүсәпіров, Семейден үкімет жіберген жас комсомол белсендісі Әзікен Жұмағұловтар болады. Ол кісі кейіннен Ташкенттен Орта Азия мемлекеттік университетінің тарих-философия факультетін аяқтап, жоғары білім алып шығалы. 1931 жылы Мәскеуден БК(б)П Комитетінің жанындағы ұлттық партия кадрларын дайындайтын курс тыңдаушыларына партия тарихынан сабақ береді. Кейіннен Қазақстанға оралып, жауапты партиялық жұмыстарда болады. 1937 жылы Алматы облысының Қастек ауданын басқарған Абыралының тумасы Жұмағұлов Әзікен саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болып, «қажының баласы, Сәкен Сейфуллинмен дәмдес болған» деген жалған құрбанына айналып, ұсталып, атылады. Ал алғашқы Тұрсынбай Дайырбеков ашқан мектепте кейіннен Төлеуғали Мүсәпіров, Қабдолла Сүйірғұлов, Өміртай Мустин, Мұстағи Ысқақовтар сабақ беріпті. Осы мектепте оқыған оқушылардың ішінен Қазақ ССР-інің Ішкі істер министрі Шырақбек Қабылбаев, тіл мен әдебиет саласында елімізге белгілі ғалым, академик Ахмеди Ысқақов, Қазақ ССР-не еңбек сіңірген мұғалім Әрін Иманақышев, Қабдолла Қаппаров секілді жалпақ елге белгілі азаматтар шығады.

1928 жылы Абыралы, Бөрлі, Дегелең және Темірші болыстары есебінен Абыралы ауданы құрылып, орталығы Қайнар селосы болады. Абыралы ауданы құрылып, оның орталығы Қайнар болып бекітіледі. 1931 жылы Киікқашқандағы бастауыш мектеп Қайнарға көшіріліп, шаруа жастар мектебіне айналады. Ол мектептің директоры да Қ. Мұсайынов, мұғалімдері Әрін Иманақышев, Әбжат Мұхтаров, Садыхан Мусин, Қари Мұсаханов, Оспанқұл Мергенбаевтар болады. Мектеп 1934 жылы орталау мектепке, 1936 жылы орта мектепке айналады. Мектеп ең алғашқы түлектері Сағынтай Керімқұлов мектепті алтын медальмен, ал Құдайберген Ысқақов, Ерған Мұқашев, Нығман Шәріповтер үздік аттестатпен бітіреді. Осы кезде мектеп директоры болып, бастауыш мектептің алғашқы түлектерінің бірі Әрін Иманақышев, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Нәсен Жарылғасынов болыпты. Бұл туралы «Қазақстан тарихы» интернет-порталында журналист Заңғар Кәрімхан «Мектепті қастандықпен салды» деген жаламен Сібірге айдалған» тақырыбында мақала жариялады. Нәсен Жарылғасыновты «мектеп ғимаратын қастандықпен көлденең салған» деген жалған жаламен айыптап, халық жауы, жапон тыңшысы деп, 1938 жылдың 8 шілдесі күні ұстап, Сахалинге жіберген. Ол кісі сол жақта ұрып-соғудан қайтыс болған. Баласы Болатбек Нәсенов Қайнар орта мектебінің түлегі, елімізге белгілі экономист, Қаржы министрлігінде жауапты қызметтер атқарған азамат. Болатбек аға Қазақстан тарихын зерттеп, мұрағаттардан көп қызықты деректерді іздеп тапты. Әсіресе Абылай хан, Кенесары, Абайға байланысты, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске, Алашорда, ашаршылық, тәркілеу, саяси қуғын-сүргінге байланысты жұрт білмейтін құпиялы құнды деректерді тауып жариялады. Абыралы өңірі және іргелес Шығыс Қазақстан, Қарағанды облысының тарих-шежіресін жинап, жазып, ұрпақтарға көп томды энциклопедия қылып шығарды.

Мектеп директоры Әрін Иманақышев та саяси қуғынға ұшырап, Ақ теңіз жағасына жіберілді. Кейіннен ақталып, елге оралып, ұстаздық қызметін жаластырады. Қаратұмсық-Киікқашқандағы бастауыш мектептің алғашқы түлектерінің бірі Оралбек Құдышов еді. Ұзақ жылдар Қайнар орта мектебінде физика, математикадан сабақ беріп, соғысқа қатысып, 1946 жылдан бастап 40 жыл бастауыш сыныптарының мұғалімі болып жұмыс істейді. Қарағанды облысы Жамбыл совхозының Ақтерек ауылына көшіп, сонда мұғалімдік жұмысын атқарып жүріп, дүниеден өтеді.

Абыралыдан шыққан тумаларының арасында 6 министр, 14 академик, 17 ғылым докторы мен профессор, 45 ғылым кандидаты, отыздан астам ақын-жазушы бар, олардың көбісі Қайнар орта мектебін бітірген немесе бірнеше сынып оқыған. Алайда, өткен ғасыр аймақ үшін ерекше қиын болған, тәркілеу, саяси қуғын-сүргін, ашаршылық, полигон зардабынан көп абыралылықтар басқа жаққа кетуге мәжбүр болған, кейбіреулері басқа жаққа жұмысқа жіберілген.

1983 жылы Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысымен Қайнар орта мектебіне қазақ заманауи балалар әдебиетінің негізін салушы, жазушы, Абыралы өңірінің тумасы Сапарғали Бегалинның есімі берілді.

Ауыл – елдің бесігі, мектеп – білім теңізіндегі кеме десек, 100 жылдық тарихы бар мектептен тек орта білім туралы кәметтік аттестат алып шыққандардың өзі 3 мыңнан асады. Оның ішінде 111

түлек мектепті алтын, күміс медальға және 63 оқушы үздік аттестатқа, 5 түлек «Алтын белгіге» бітірді. Қайнар орта мектебін бітірген түлектер тек, осы мектепте ғана емес, еліміздің көптеген мектептерінде, арнаулы және жоғары оқу орындарында ғылым мен білім саласын дамытуға сүбелі үлестерін қосып жүр. Еліміздің мақтанышына айналған қоғам, мемлекет қайраткерлері, ақын-жазушылар, түрлі саладағы ауыл шаруашылық мамандары Қайнар орта мектебінен түлеп ұшты. Олар бұл күнде еліміздің әр жерінде түрлі салаларда қызметтер атқарады. Солардың ішінде мыңға жуық адам тікелей ауыл шаруашылығында еңбек етсе, 205 зоотехник, 110 экономист, 480 мұғалім, 230 дәрігер, 115 инженер, 70-тен астам милиция және әскери адамдар, 50 ден астам әдебиет пен өнер, баспасөз саласы мамандықтарын игерді.

«Ұстаз-бар адамзатқа үлгі болатын тұлға». Осы қағидамен өмір сүретін терең қазыналы, адамгершілік пен патриотизмнің жаршысы, нәзік психолог, идеал адамның мүсіншісі-ол Ұстаз. Мұғалім-елдің болашағын көркейтіп, рухын биікке көтеретін, жас ұрпақты тәрбиелейтін жауапкершілігі мол киелі маман. Міне, осындай өз ісіне адал, жас ұрпақты білім нәрімен сусындатқан мұғалімдер Қайнар орта мектебінде тарихында көптеп саналады. Қашанда мектеп оқушыларының білім сапасы жоғары деңгейде болып келеді. Осы ретте Қайнар орта мектебінің тарихында 71 мұғалім «Қазақ ССР-інің Білім беру ісінің озық қызметкері», 3 мұғалім (*Әріп Иманақышев, Наби Мекішев, Серік Қасымбеков*) «КСРО халыққа білім беру ісінің озық қызметкері» құрметті атақтарға ие болғандығын айта кеткен жөн сияқты. Ал, түлектердің ішінен 12 адам Ленин ордені, 42 адам «Құрмет белгісі» ордені, 23 адам «Еңбек Қызыл Ту» ордені, 4 адам «Халықтар достығы» ордені, 5 адам «Октябрь революциясы» ордендерімен, түрлі Құрметті атақтармен, Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктері үшін мектептің 17 түлегі «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған. Абыралы өңірінен 6 адам Социалистік Еңбек Ері атақтарын алды. Мектеп түлектерінен 5 министр, 9 академик, 35 ғылым докторлары мен профессорлар, 65 ғылым кандидаттары, отызға жуық ақын-жазушы, журналистер шықты және жүздеген адам аудандық, облыстық, республикалық дәрежедегі жоғары қызметтер атқарған адамдарды қосыңыз.

Қазақ ССР-інің қаржы Министрі Байсейітов Рымбек Смақұлы, Қазақ ССР Жоғарғы Сотының мүшесі болған, көрнекті заң қызметкері Мақсұт Хасенов, інісі Абай, Ақсуат аудандарының бас дәрігері, облыста білікті дәрігерлердің қатарында саналған, Қайнар орта мектебін 1956 жылы күміс медальға бітірген Тельман Хасенов, 40 жылдан астам білім беру саласында табысты қызмет атқарған Күлзабира Хасенова, Қазақ ССР Кәсіподақтар комитетінің жауапты қызметкерлері Дайырбеков Айтқазы, Төртен Жүнісов, Қазақ ССР Мәдениет министрінің орынбасары Ғабдолла Қаппаров, Қазақ ССР Оқу министрінің орынбасары Есенжолова Роза, гвардия полковнигі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінде, Қазақ ССР Жоғарғы Советінде, Орта Азия әскери округі қолбасшысының саяси жұмыстар жөніндегі орынбасары сияқты жауапты қызметтер атқарған Төлеуғазы Жылтыров, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Нұрғалиев Рымғали, Қазақ ССР Ғылым академиясының тарих, археология және этнография институтының бөлім бастығы болған, «Қазақ ССР тарихы» оқулығының авторы, тарих ғылымының докторы, профессор Балақаев Төлтай, ҚР Құрметті жер қойнауын барлаушысы, ҚР Минералды ресурстар академиясының академигі Серікбай Хамзин, ҚР еңбегі сіңген энергетик Ғабиден Мұсайынов, ҚР Байланыс саласының ардагері Жанат Уалиев, медицина ғылымының докторы, Астана медицина академиясының профессоры Шолпан Қабыкөкқызы Құсайынова, ветеринария ғылымының докторы, профессор Дүйсембаев Серғазы, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Нұрқасымова Сәуле, медицина ғылымының докторы, профессор Ерғали Нығманұлы Набиев, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің инженерлік-технологиялық факультетінің деканы, техника ғылымының докторы, профессор Хасенов Әміржан Леонидұлы, филология ғылымының докторы, профессор Әбікенова Гүлназ Төкенқызы, экономика ғылымының докторы, профессор Самажан Ынтықбайұлы Әмірзақов, филология ғылымының докторы, профессор Әбікенова Гүлнат Төкенқызы, экономика саласын бойынша PhD докторы Серіков Роллан Серікұлы, экономика мамандығы бойынша философия докторы Марал Серікқызы Исақова, ақын-жазушылар Сапарғали Бегалин, Нұфтолла Шәкенов, Иса Биназаров, Әли Мұсаханов, Жақсылық Төленов, Күлән Шілдебаева, Төлеужан Ысмайылов, Тауып Рымжанов, Күлиман Жүнісова, Биғаным Мерғенова, Кашаф Туғанбаев, Әбжан Мырзаханов, Қабыкөк Ынтықбаев, Мақсым Омарбеков, Болатбек Нәсенов, Сейтқали Қалыбеков, Сейтмұхамет Тәбәріков, Мұрат Исин, белгілі журналистер Мағауия Әбдин, Дәметкен Дәуренбекова, Төлеуқадыр Нысанов, Қабидолла Шотанов, Кәкен Сейілханов, Боранбай Мауқаев, Бекен Әбдікәрімов, кинорежиссерлер Ораз Әбішев, М. Бегалиндер мектептің тадаулы түлектері.

Қайнар орта мектебінде оқыған, Семей қаласы Ленин аудандық партия комитетінің бірінші, қалалық партия комитетінің екінші хатшысы, ҚР Кәсіподақтар Федерациясының бірінші орынбасары, ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған Нығмет Рахметұлы Жотабаевтың есімін бүгінгі мерей тойы құрметпен атаймыз. «АҚШЫҢ» корпорациясының президенті, Шығыс Қазақстан облыстық, Семей қалалық Маслихатының депутаттары болған, «Семей қаласының құрметті азаматы», 2008 жылғы «Білім меценаты», ШҚО «Жыл адамы» Марат Серікжанұлы Құрманбайды жерлестері матан тұтады. Кейінгі он жылдан астам уақыттан бері Семей ядролық полигонына зардап шеккен аймақ тұрғындарының әлеметтік-экономикалық және тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында «Абырлаы-Дегелең» қоғамдық қорын құрып, жүйелі жұмытсар атқарып келе жатқандығын айта кеткен артық болмас.

Социалистік Еңбек Ерлері Мұратхан Бейсенбаев, Әлімбек Әшімбеков, Айтмолда Жақсыбаев, Қалыбай Қашағанов, Түйтебек Байсақоқтардың елімізге, Абыралы өңіріне сіңірген еңбектері орасан зор. Мектеп түлектері арасынан кешегі кеңестік дәуірде партия, совет қызметкерлері болған, кейінгі кезеңде әкімшілік қызмет атқарып халық қалаулылары, ел елеулілері болған азаматтар көптеп саналады. Олар Алматы облыстық партия комитетінің хатшысы Төлеужан Садықұлов, Абыралы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, аудан әкімі Дүйсенбай Қошқарбеков, Абай, Абыралы аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы Қадыр Қонысбеков, аудан әкімінің орынбасарлары болған Болат Жәкішев, Сарқыт Құлмағанбетов, Арқалық Ағыбаев, Берік Көпбаев, Абай ауданы оқу бөлімінің бастығы болған Зәер Садуақасов, Серікқазы Мейірханов, Қарқаралы аудандық оқу бөлімін басқарған Дәуітбай Қоспабаев, Абыралы аудандық оқу бөлімінің меңгерушілер Төлеген Раев, Алтынбек Өскенбаев, мәдениет бөлімінің меңгерушісі болған, ҚР Мәдениет ісінің үздігі Сейтқали Қалыбеков, Семей облысының ауыл шаруашылық энергетика саласында көп жыл қызмет атқарған Карл Медеуов, Қарағанды облысы, Егіндібұлақ аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Шалабай Қуанышев, Қарқаралы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Темірболат Мәжитов, Егіндібұлақ аудандық Советі атқару комитетінің председателі Дәуітқазы Қоспабаев, Ново-Шульба аудандық советі атқару комитетінің төрағасы Сейтжан Тәбәріков, аудандық кеңес төрағасы Ақан Бекішев, аудандық партия комитетінің екінші хатшылары Нұрғазы Әбенев, Қапан Дулатов, Бекен Әбдікәрімов, Қабдырахман Самаев, ішкі істер бөлімінің бастықтары болып қызмет жасаған Мақсұт Саябаев, Төкен Құсайынов, Омарғали Исатаев, Бейсен Аманжолов, Марат Құсайыновтар, Шұбартау аудандық қаржы саласының үздігі, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері Тайтөлеу Жақыпбеков, СССР Денсаулық сақтау ісінің үздігі Нұржамал Рахымбекова, шаруашылық басшылары болған Ысқақ Байбосынов, Омарбек Әбеуов, Серікқаз Уалиев, Жақсылық Аманбаев, Жұмағазы Смағұлов, Жеңіс Әбеуханов, Мұрат Садықов, Мүсілім Дүйсенбаев, Серікқазы Уалиев, Сарқыт Құлмағанбетов, Тұрсынғали Тілеулинов. Халық шаруашылығында қажырлы еңбек етіп, ме КПСС XXIV съезінің делегаты болған Оразбibi Имашева, Қазақстан Коммунистік партиясы орталық комитетінің он жыл қатарынан мүшесі болған Қуаныш Әдікеев, «Ленин» орденді жылқышылар Мұрат Қонысбеков, Амантай Төлеуғазиндердің еңбектері кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Бүгінгі таңда Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектепте 160 оқушы бар, 37 мұғалім еңбек етуде. Оның 11-і педагог-зерттеуші, 2-і педагог-сарапшы, 5 педагог-модератор, 4 жоғары санатты, 5 бірінші санатты ұстаздар. Зекінші санатты, 4 жалпы санатты Мұғалімдердің барлығы жоғары білімді. Мектеп барлық пәндер бойынша кадрлармен толық қамтамасыз етілген. Мектепте заман талабына сай жабдықталған физика, роботтехника кабинеттері, шеберхана, «Өнер» студиясы, музыка мектебі, мұражай, 50 мыңнан аса кітап қоры бар жақсы жабдықталған кітапхана, спорт залы бар. Биыл жылу қазандығы күрделі жөндеуден өтті.

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ендеше осы қазынамыз ортаймасын. Еліміздің білім саласы әлемдегі үздік білім жүйелерінің тәжірибесі негізінде дамуын толастатпай, «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» демекші, білім саласындағы басым бағыттардың бірі – педагог мәртебесі арта берсін. Еңбегіміз жемісті, мектебіміз табысты болсын демекпін.

Білімді ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі ұстаз қауымының алдында тұрған үлкен мәселе. Міне, осындай үлкен жетістікті арқалап келе жатқан мектептің әлі де жетер жетістігі, алар асуы, бағындырар белесі алда.

И.Э. Куликовская

Южный федеральный университет, Россия, г. Ростов-на-Дону, iekulikovskaya@sfedu.ru

РАЗВИВАЮЩЕЕ ВОСПИТАНИЕ ЛИЧНОСТИ В КУЛЬТУРЕ VANI-МИРА

Культура – это то пространство, в котором сконцентрировано всё лучшее, что создано человечеством, – духовные и материальные достижения и ценности. Культура творится людьми, способными создавать новое, увидеть в обычном необыкновенное и приоткрыть завесы непознанного. Единый, целостный мир становится хранителем текстов, «читая» которые познаётся природа, искусство, наука, человек. Культура как универсум соединяет произведения творцов и каждого человека, прикоснувшегося к открытиям. Н.К. Рерих утверждал: «Культура есть почитание света. Культура есть любовь к человеку... Культура есть синтез возвышенных и утонченных достижений. Культура есть оружие света. Культура есть спасение. Культура есть двигатель. Культура есть сердце»¹.

Современный мир именуется акронимом VANI: Brittle (хрупкий) Anxious (тревожный) Nonlinear (нелинейный) Incomprehensible (непостижимый). Этот мир сформировался под влиянием глобальных системных изменений. Хрупкость мира означает, что катастрофа может произойти в любой момент, разрушатся устоявшиеся взаимодействия и корпорации. Глобальные связи, сформировавшиеся за десятилетия, подвергаются испытанию на прочность.

Беспокойство и тревога характеризуют состояние многих людей. Зависимость человека от информации повышает уровень тревоги. Постоянно проверяя новости, он ждёт перемен к худшему и тревожится ещё больше. Информация оказывает значительное влияние на развитие социума и каждого человека. Современные дети растут в информации о разнообразных кризисах. Они слышат об угрозах военных конфликтов, пандемий, мирового потепления, вымирания разных видов животных, изменений климата планеты. Информационное поле наполнено различными потоками данных, в основе которых ценности и антиценности дополняют, подменяют, влияют друг на друга. Знаниевое и ценностно-смысловое содержание информации входят в противоречие, создавая риск манипуляции способами жизни в быстро меняющемся тревожном мире. Так повышается уровень беспокойства и стресса в жизни многих людей. Тревожность становится константой внутреннего мира человека.

Нелинейность новой реальности заключается в том, что возникает нарушение линейного течения событий. Эволюционный процесс характеризовался последовательностью и постепенностью. Нелинейность уникальна тем, что ребёнок живёт в мире, где меняются способы фиксации и получения информации, возникает диспропорция причины и следствия. Можно потратить огромные усилия и получить мизерный результат, равно и наоборот. У детей возникает образ противостояния масштабов причин (например, микроскопический вирус) и следствий (закрытие бизнесов, ломка привычной жизни миллиардов людей).

Непостижимость мира объясняется тем, что множество дополнительных данных перестало быть условием лучшего понимания. Практически невозможно создать полное представление о том, что происходит и тем более о том, что будет происходить – данных всегда недостаточно. Человек вынужден принимать решения в ситуации неопределённости. Кризис становится поворотным пунктом, меняющим приоритеты миропонимания.

VANI-мир стал вызовом для современного человечества и макрокосма культуры, созданного в процессе культурогенеза. Перед системой образования встают новые задачи: учитывать текущие обстоятельства, определить подходы, которые снова сделают мир более понятным; создадут возможности для продуктивного решения проблем. Кашио² не только охарактеризовал VANI-мир, но и определил возможности реагирования на представленные вызовы:

- хрупкость преодолеть развитием устойчивости;
- ослабить тревогу позволит стрессоустойчивость и внимательность к настоящему;
- для преодоления нелинейности необходима гибкость и адаптивность;

¹ Рерих Н.К. Избранное. М., 1990, с. 267.

² Cascio, Jamais. Facing the Age of Chaos // medium.com/@cascio/ Apr 29, 2020.

– непостижимость обостряет потребность в прозрачности и интуитивном схватывании (трансцендуальное мышление): не количество, а качество информации, то есть определение важных сигналов, отличающихся от информационного шума, становятся значимыми в современном мире.

Необходимость создания условий для подготовки обучающихся к жизни в VANI-мире обуславливает важность трансформаций в системе образования. Изменяющийся мир востребует нового человека – компетентного, грамотного, ответственного и др. По сути, именно такой человек может быть лидером, так как всё, что делается на этой земле, делается, в конечном итоге, людьми для людей. К началу XXI века уже сложилось представление о том, что никакое серьёзное дело не будет выполнено с наибольшим эффектом, если люди, которые его возглавляют, не возьмут на себя лидерских функций. Системы управления организациями, руководство предприятиями, создание новых товаров и технологий – всё это области деятельности, требующие лидера.

Смена ценностей ведёт к изменению самой сущности воспитания. Нами разработана теория развивающего воспитания. Педагогам хорошо известна теория развивающего обучения Василия Васильевича Давыдова, акцент в которой делается на развитие категориально-диалектического мышления ребёнка, вскрывающего переходы, движение, развитие явлений и объектов мира. Мы же считаем, что опыт самореализации ребёнка в мире человеческих отношений, природы, культуры формируется в процессе развивающего воспитания.

Смысл развивающего воспитания: активное участие детей в деятельности образовательной организации, в выявлении, обсуждении проблем, принятии решений, организации личного пространства и времени жизни на основе категорий-ценностей и смыслов культуры.

Цель развивающего воспитания: создание внешних и внутренних условий, обеспечивающих ребёнку всестороннее познание и самопознание, понимание и присвоение категорий-ценностей, являющихся ориентиром при выборе способов поведения в природе, социуме и культуре. Сфера поведения – важная часть личностной культуры человека, а сложность воспитания заключается в том, что в поведении сталкиваются устойчивые способы действий, устоявшиеся на протяжении многих столетий, и возникшие буквально в последние месяцы. Культура при этом выступает формой социальной наследственности, как некоторый порядок вещей и событий, который «течёт» сквозь время из одной эпохи в другую, позволяя преобразовывать мир на основе ценностей. Ценности становятся новой точкой опоры.

Успешность ребёнка в VANI-мире обусловлена теми личностными качествами, которые снижают интенсивность негативные характеристики вызовов современного мира. Рассмотрим более подробно актуальные личностные качества.

Устойчивость позволяет преодолеть хрупкость мира. Рассмотрение взаимосвязи «изменяющийся мир – изменяющийся человек» вызывает вопрос относительно необходимости воспитания устойчивых императивов в сознании ребёнка, меры и допустимости изменчивости человека и его взглядов. Изменчивость и устойчивость приобретают диалектические отношения. Действительно, устойчивость человека в мире предполагает баланс его внутреннего мира, а значит процессов возбуждения и торможения, внутренних установок и поведения, знаний о способах выживания и опыта действий в проблемных ситуациях. Выбор жизненных стратегий осуществляется на основе определения целей жизни, её замысла, смысла, построения целостной картины мира. Определяя неустойчивость человека как отсутствие жизненных ориентиров, мы стремились определить технологии развивающего воспитания, начиная с дошкольного периода жизни человека, когда закладываются основы его будущего, формируется опыт формулировки и достижения целей, реализации планов, негативные или позитивные способы взаимодействия с самим собой, окружающими людьми, культурой, природой.

Сама проблема воспитания устойчивости ребёнка возникает в сложный период многообразных, интенсивных, не всегда позитивных перемен в жизни сообщества. Данный вопрос не был предметом обсуждения в традиционной модели образования, в которой устойчивость жизни человека определялась государством. Совершенно определённо можно было рассчитать жизненный путь: детский сад, школа, пионерский лагерь, комсомольская организация, затем, возможно, – партия, училище, вуз, работа молодым специалистом, создание семьи, лет через 10-15 – квартира, машина и т.д. В стабильном обществе отдельный человек рассматривается как его безликая единица, сливающаяся с коллективом и растворившаяся в нём. Такие отношения уравнивают всех как «детей», «учащихся», «работников» и т.д., к которым предъявляются единые средние требования и оценки. Настоящее время вызывает смещение точки устойчивости от государства к самому человеку.

Существующая система воспитания ориентирована на «встраивание» ребёнка в социум на основе интериоризации ценностей и норм общества. Однако в хрупком мире важна устойчивость

человека к негативным внешним и внутренним воздействиям. Устойчивость личности понимается как способность понимать мир в контексте развития в пространстве и времени, ориентироваться на ценности культуры и активно противостоять отрицательным факторам.

Воспитание устойчивости человека в изменяющемся мире построено на содержании, включающем постоянное осознание взаимосвязей пространственно-временного континуума, смыслов природы и социума, ценностей культуры (эстетических, нравственных, познавательных, экзистенциальных). Ценности культуры упорядочивают мировосприятие и миропреобразование, вносят в осмысление мира оценочные моменты и являются мировоззренческой основой поступков и поведения.

Стрессоустойчивость снижает уровень тревоги и ощущение опасности. Особенности картины мира в сознании людей обуславливают уникальность поведения, а также ценностно-смыслового отношения к миру в целом, и к информации, в частности. Можно говорить о том, что существует столько картин мира, сколько людей на планете. А значит столько же способов восприятия, кодирования и декодирования информации, способов поведения в ситуации стресса.

В образовательной организации возрастающая стрессовая нагрузка на детей должна корректироваться технологиями, повышающими стрессоустойчивость и вырабатывающими навыки профилактики стресса. Такими технологиями являются здоровьесберегающие, диалоговые, проектные и многие другие технологии. В их основе должны быть следующие основания:

- ориентация на развитие у обучающихся толерантности, коммуникабельности, стремления к саморазвитию;
- воспитание способности к постановке и достижению целей, социальной адаптации, успешной самореализации;
- безоценочное отношение к людям, способность изменять способы решений задач, возникающих в процессе деятельности, способность принимать и приспосабливать их к ситуации изменений в мире.

Гибкость и адаптивность влияют на готовность осознать нелинейность развития мира. Активация ресурсов адаптации за счёт содержания и технологий развивающего воспитания становится одним из значимых задач образовательной организации. Необходимость реагировать на множество возникающих задач характеризует важность развития гибкости. Гибкость позволяет человеку менять привычные схемы поведения для достижения поставленных целей, видеть ситуацию с нового ракурса, эффективно переключаться с одной темы на другую. Гибкость часто демонстрируют обучающиеся, когда последовательно переходят от изучения одного предмета к другому, учатся не пересказывать текст учебника, а осмысливать ценности, явно или тайно представленные в содержании параграфов. Творческие задания способствуют развитию стратегического мышления, являются условием успеха в жизни.

Нелинейность современного мира побуждает развивать гибкость и адаптивность, позволяющие смотреть на явления с разных сторон (пандемия ограничивает человека, «запирает» его в стенах дома, НО пандемия побуждает обратить внимание на гигиену, соединяет членов семьи, создаёт условия для приобретения новых навыков работы с информацией и др.). Выход из зоны комфорта меняет картину мира людей, совершенствует их интуицию, обуславливает обращение к новым источникам информации. Осознание ценности времени, эмоциональное отношение к событиям прошлого и будущего, стремление к приобретению творческого опыта нахождения оптимальных путей самореализации в жизни также влияют на гибкость и адаптивность человека. Культурные ценности защищают уникальное – то, что делает человека человеком в любом времени и пространстве. Именно поэтому можно говорить о том, что гибкость и адаптивность создают основу для проявления человеком собственной уникальности.

Интуитивное схватывание (трансцендуальное мышление) свидетельствует, что не количество, а качество информации, то есть определение важных сигналов, отличающихся от информационного шума, становятся значимыми в современном мире. Этот новый тип мышления позволяет быстро реагировать на информацию и схватывать нюансы. Оно не даётся человеку от рождения, его надо развивать. Непостижимость мира нарушает последовательное, постепенное, стабильное течение жизни. В условиях быстро меняющихся кризисных ситуаций развитие у обучающихся интуиции становится важным направлением деятельности педагога.

Таким образом, эффективность развивающего воспитания зависит от многих факторов: культурных практик обучающихся, содержания и технологий воспитания, диалогического взаимодействия взрослых и детей, особенностей организации предметно-пространственной среды и другое. Значимость развивающего воспитания обусловлена развитием VANI-мира, который

характеризуется хрупкостью, тревожностью, нелинейностью и непостижимостью. Усложнение социальной жизни, развитие информационных потоков становятся вызовами системе образования.

Образовательная организация становится тем пространством, в котором и педагог, и ребёнок учатся воспринимать изменения в мире как факт современности. Информация определяет сознание и поведение человека, лежит в основе принятия решений. Единство изменений мира и человека определяют внутренний мотив самосовершенствования (Я сегодня лучше, чем вчера, а завтра – лучше, чем сегодня), который вызван наглядными внешними изменениями: всегда можно сделать что-либо завтра лучше, чем сегодня. Постоянное улучшение мира начинается с человека, с совершенствования его личностных качеств, знаний, компетентности. Поэтому уже в дошкольные и школьные годы необходимо создать условия для активного участия ребёнка в упорядочении времени жизни и поддержания им порядка в своём пространстве. Устойчивость, стрессоустойчивость, гибкость, интуитивность становятся теми качествами, которые влияют на успешность человека. Создание условия для овладения ими является приоритетной задачей образовательной организации, стремящейся воспитать успешных, счастливых, здоровых людей.

ҒТАХР: 14.25.05

А.Қ. Құсайынов

академик, Қазақстан Республикасының Педагогикалық Ғылымдар Академиясының президенті,
Алматы қ.

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОБАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Bilim jáne Gylym!» атты тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде: «Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады», – деді.

Қазіргі уақытта, XXI ғасырда, қол жеткен жоғары жетістіктерге қарамастан қоғамда ұлттық рух әлсіреп, ана тіліне деген құрмет төмендеп, перзенттік және азаматтық борыш ұғымдарының мәні күнсызданып, жастар арасында зорлық-зомбылық, суицид және т.б. жағымсыз құбылыстар көбейіп барады.

Жастардың бойында рухани-адамгершілік қағидаларының толық сақталмауы, жалпы адами әдеп негіздерінің жетіспеушілігі, адал еңбек ету ниеттері мен ерік-жігердің төмендеуі, өмірлік мақсаттарының айқын еместігі, сабырсыздық, ашуланшақтық, қатыгездік, кек сақтаушылық, өркөкіректік, әлсіздерге күш көрсету, т.с.с. жағымсыз қасиеттердің кең таралуы қоғамда алаңдатушылық туғызуда.

Мұндай жағдайлардың тамыры тереңге тартып, білім беру саласындағы ұрпақ тәрбиесінің дағдарысқа ұшырағандығын көрсетіп отыр.

Қазіргі кезде саналы ұрпақ тәрбиесі болашағымыз үшін ең асыл мұра, ең қымбат құндылық. Дұрыс ұйымдастырылған тәрбиенің қуатына тең келетін басқа пәрменді құралды да, рухани күшті де табу өте қиын. Ұрпақ тәрбиесіне жұмсалған күш-жігер, уақыт, еңбек – болашаққа деген ең маңызды инвестиция, ең ұтымды үлес.

Халық даналығында «Ұрпақ болашағы – ұстаздан» – деп атап көрсетілгендей, жас ұрпақ тәрбиесін жетілдіруде қазіргі мектептерге үлкен жауапкершілік артылуда. Әр мектеп оқушылардың әлеуметтік жетілген тұлғасын қалыптастыруға үлкен әсер ететін маңызды әлеуметтік институт, ал мұғалім – оқушыларды тәрбиелеудегі жетекші тұлға, мәдениеттің қайнар көзі, ұлттық құндылықтардың жанашыр жаршысы болуы керек.

Сан ғасырлар сынынан өткен ұлттық тәрбие қағидаларын әлемдік озық тәрбие тәжірибелерімен ұштастыра отырып, бәсекеге қабілетті саналы ұрпақ тәрбиелеу жұмысын жетілдіру мақсатында, 2021 ж Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшелері Алматы қаласы Білім беру басқармасының өтініші негізінде **«Мектептерде саналы ұрпақ тәрбиелеуді ғылыми-практикалық тұрғыдан іске асыру жолдары»** жобасы әзірленді.

Жобаның жетекші идеясы – рухы мықты, ұлттық намысы жоғары, патриот, әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан, парасатты, адал ниетті ұрпақ тәрбиелеу жұмыстарын іске асырудың ғылыми негізін жасап, оны практикалық тұрғыда жүзеге асыру механизмдерін дайындап, іске асыру болды.

Жобаны іске асыру мақсатында «Мектепте ұрпақ тәрбиесін жетілдірудің өзекті бағыттары» анықталды. Жас ұрпаққа тәрбие беру жұмыстарын 6 бағытта жүргізу қарастырылды:

1. Мектептің ұжымдық мәдени-тәрбиелік ортасы;
2. Отбасылық құндылықтар жүйесі;
3. Ұлттық құндылықтар жүйесі;
4. Салауатты өмір салты;
5. АКТ сауаттылық;
6. Адал кәсіпкерлік еңбек құндылықтары.

Осы бағыттарда нәтижелі жұмыс жүргізу мақсатында мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне, ата-аналар мен оқушыларға арналған 13 әдістемелік нұсқаулық дайындалды. Әр әдістемелік нұсқаулық төменгі сынып оқушыларынан бастап жоғары сынап оқушыларына дейін тәрбие жұмыстарын жүргізгенде пайдалануға болатындай етіп жазылды.

Барлық материалдар негізінде «Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі» тақырыбында жинақ әзірленді.

Ұрпақ тәрбиесін жетілдірудің өзекті бағыттары мен әдістемелік нұсқаулықтарды дайындауға педагог-ғалымдар, әдіскер-тренерлер, психологтар мен тәжірибелі ұстаздар қатысты. Барлық әдістемелік нұсқаулықтардың бірін-бірі толықтырып отыруларына, қайталаулардың болмауына, мазмұндарының үндестігіне, ұстаздардың сұраныстарына жауап беретін қажетті нұсқаулықтар болуына ерекше көңіл бөлінді.

1. Ұрпақ тәрбиесіндегі мектептің мәдени-тәрбиелік ортасын қалыптастыру бағытында 2 ӘН дайындалды: 1.1. Ұрпақ тәрбиесі; 1.2. Ұлт болашағы – саналы ұрпақ.

1.1. Саналы ұрпақ тәрбиесі. Нұсқаулықтың басты идеясы – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде оқушылардың санасында отансүйгіштік, азаматтық борыш, әлеуметтік жауапкершілік сезімдерін қалыптастыру мақсатында мектептің мәдени-тәрбиелік ортасының дамытушы ықпалын күшейту.

Ол мұғалімдердің, оқушылардың, ата-аналардың өзара сенімділік, қолдау, ынтымақтастық қатынастарына негізделі отырып саналы ұрпақ тәрбиелейтін ортаға айналуы тиіс. Бала естігенін емес, көргенін істейді. Әр мектеп саналы ұрпақ тәрбиесіне деген жауапкершілікті ұлттық борыш деңгейіне дейін көтеруі қажет.

Мектептің корпоративті мәдениетін оқушылар санасында академиялық адалдық, білім құндылығы, өмірлік мұратқа жетелейтін қажетті дағдылар, сыни ойлау, әділетті шешімдер қабылдау, көшбасшылық, өзін-өзі басқару механизмдерін қалыптастыруға бағыттау жолдары көрсетілген.

1.2. Ұлт болашағы – саналы ұрпақ. Нұсқаулық мұғалімдерді өзгерістерге құзіретті болуға, кәсіби шеберліктерін шыңдауға, педагогикалық қарым-қатынастың қыр-сырын жетік меңгеріп, оқушыларға үлгі-өнеге көрсете алуларына бағытталған. Сонымен қатар, мұғалімдерге арналған тиімді тренингтік тәжірибелер, тренингтерді ұйымдастырудың ұтымды жолдары, семинарлық талдаулар, мұғалімдік қызметтің және мектептегі тәрбие жұмысындағы қателіктер мен кем тұстарын түсініп, қажетті қорытындылар шығаруға және бірлесе отырып тәрбие жүйесіндегі күрделі мәселелерді ұжымдық идеялармен ұштастыра отырып, олардың ұтымды шешімдерін табуға бағыттайды.

2. Ұрпақ тәрбиесіндегі отбасылық құндылықтар жүйесі бағытында 3 ӘН дайындалды:

2.1. Ата-ана болу – ұлы міндет; 2.2. «Мектеп–ата-ана–оқушы» триадасы; 2.3. Қыз елдің көркі. Қыз бала тәрбиесі – ұлт болашағы.

2.1. Ата-ана болу – ұлы міндет. Ата-ана абыройы, ұрпақтар сабақтастығы, текіден текті туады, тектілік тұқым қуады, перзенттік парыз, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас, отбасылық өмірге дайындық, ажырасудың салдары, ерте жүктіліктің алдын алудағы ата-ана білуге тиіс ақпарат тақырыптары жан-жақты ашылып қарастырылған.

Нұсқаулықта отбасылық міндетті орындаудағы ата-ананың сана-сезіміне қозғау салатын маңызды тақырыптар көтеріліп, ата-ана ретінде тәрбиелеу тәсілдерін тереңірек білу, оларды түрлендіріп қолдану арқылы өз балаларының ішкі әлемін тануға, өздерін басқа қырынан танытуға қатысты құнды педагогикалық кеңестер жүйеленіп берілген. Нұсқаулық әр отбасының өзіне тән тәрбие жүйесін сыни бағалап, сапалық тұрғыда реттеуіне көмек көрсетуді мақсат етеді.

2.2. «Мектеп–ата-ана–оқушы» триадасы. Нұсқаулық сынып жетекшілеріне саналы ұрпақ тәрбиесінде ата-аналармен бірлесе жұмыс жасау жолдарын жетілдіру мақсатында жазылған. Себебі мектептің тәрбиелік кеңістігінің ұтымдылығы мектеп, отбасы, оқушылар ынтымақтастығының дұрыс ұйымдастырылуына тікелей байланысты болады.

Саналы ұрпақ тәрбиесіндегі «мектеп–оата-ана–оқушы» триадасының ынтымақтастығы, ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы отбасының негізгі қызметтері мен тәрбиелік мүмкіндіктері, сынып жетекшісінің ата-аналармен қарым-қатынас жасау ерекшеліктері, ата-ана мен бала арасындағы психологиялық байланыс, мектепте және отбасында балаларға қойылатын талаптар мен тыйымдар теңгерімі, отбасылық құндылықтарды насихаттайтын ғибратты әңгімелер, балалармен бірге тамашалайтын отбасылық құндылықтарды қалыптастыратын фильмдер жүйелі түрде қарастырылған.

2.3. Қыз елдің көркі. Қыз бала тәрбиесі – ұлт болашағы.

Әдістемелік нұсқаулықтың басты мақсаты – қыз баланы тәрбиелеуде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру жолдарын ұсыну.

Қазіргі таңдағы қыз бала тәрбиесінде қоғамда орын алып отырған өзекті мәселелердің түйінін тарқату мақсаты көзделінген. Мұнда, қызбаланың қоғам келешегін жасаушы рөліндегі тәрбиелеу әдістеріндегі басымдықтар бойынша ұлттық тәрбие құндылықтары тірек ретінде алынып, жаңашыл тәсілдер мен модульдер ұсынылған. Қоғам дертіне айналған ерте жүктілік, ой мен бой тазалығы, болашаққа бағдарлану жолдарындағы кедергілердің алдын алудағы тәрбие жүйелері ұсынылды. Әсіресе қызбаланың тәрбиесіндегі әкенің рөлі қандай болу қажеттігіне сай әкелерге арнайы тәрбиелеу тәсілдеріне ақпараттар берілген.

3. Саналы ұрпақты тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар жүйесі бағытында 2 ӘН дайындалды: 3.1. Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар; 3.2. Ұлттың ұлы тұлғаларының даналық сөздері

Статья подготовлена в рамках государственного задания № 073-00058-22-08 от 26 июля на 2022 год по теме «Научно-методическое обеспечение формирования гражданско-патриотических ценностей с учетом возрастных и психологических возможностей учащихся общеобразовательных школ»

Список литературы

1. Баев В.И. Педагогические условия организации патриотического воспитания учащихся общеобразовательных учебных заведений в современных условиях: дис. ... канд. пед. наук. М., 2004. – 164 с.
2. Земш М.Б. Формирование гражданского самочувствия учащихся начальных классов сельской школы: автореф. дис. ... канд. пед. наук. М., – 1998. – 23 с.

Л.В. Гридаева

Кузбасский региональный институт развития профессионального образования, Россия, г. Кемерово,
gridaeva@mail.ru

СОЧЕТАНИЕ СЕМЕЙНЫХ ТРАДИЦИЙ С СОВРЕМЕННЫМИ ТЕНДЕНЦИЯМИ

Я убежден, что традиционные семейные ценности – это важнейшая нравственная опора и залог успешного развития и в настоящем, и в будущем. (В.В. Путин).

В России и в Кузбассе реализуются национальные проекты, которые помогают и поддерживают семьи: здравоохранение, образование, демография, культура, жилье и городская среда.

Семья («мама, папа, я»), «родители и бабушки с дедушками» и «сестры, братья, дяди, тети и т.д.». «Семья – это основанное на браке или кровном родстве объединение людей, связанных общностью быта, взаимной моральной ответственностью и взаимопомощью».

В России испокон веков семейные традиции чтились и оберегались. Они являются очень важной частью исторического и культурного наследия страны. Какие же семейные традиции были в России? Во-первых, важным правилом для каждого человека было знание своей родословной, притом не на уровне «бабушки-дедушки», а гораздо глубже.

Во-вторых, исконно русской семейной традицией было и остается почитание памяти родственников, поминание ушедших, а также уход и постоянная забота о пожилых родителях.

В-третьих, в России издревле было заведено передавать из поколения в поколение семейные реликвии – драгоценности, посуду, какие-то вещи далеких родственников.

В-четвертых, ранее популярно было называть родившегося ребенка в честь кого-то из членов семьи.

В-пятых, важной семейной традицией русского народа было и есть присвоение ребенку отчества.

В-шестых, ранее часто ребенку присваивали церковное имя в честь святого, которого чествуют в день рождения малыша.

В-седьмых, на Руси существовали профессиональные династии – целые поколения пекарей, сапожников, врачей, военных, священников.

В-восьмых, важной семейной традицией было, да и сейчас все чаще к этому возвращаются, обязательное венчание молодоженов в церкви и крещение младенцев.

Семейные традиции – это принятые в семье нормы поведения, обычаи и взгляды, которые передаются из поколения в поколение. Скорее всего, это те привычные стандарты поведения, которые ребенок пронесет с собой в свою будущую семью и передаст уже своим детям.

В основе событийных мероприятий для детей и молодёжи патриотической направленности лежат семейные традиции. Особо мы выделяем следующие проекты, которые поддерживаются институтом.

«Нет в России семьи такой, где б ни памятен был свой герой». В рамках деловой программы Кузбасского образовательного форума – 2020, прошла презентация мастерской «Оцифровка семейного архива»; участие во Всероссийской акции #1941ГолубьМира1945.

«ШКОЛЫ НАСЛЕДИЯ» в Кузбассе. Истории хорошие и частные! Ведь каждый имеет право осмысливать вклад истории своей семьи и рода в историю страны.

«Охранять природу – значит охранять Родину!» – эти слова писателя Михаила Пришвина подчеркивают важность областного Кузбасского конкурса.

Конкурс «Семья. Экология. Культура», учредителем которого является Министерство природных ресурсов и экологии Кузбасса, а организатором – ГКУ «Комитет охраны окружающей среды Кузбасса», проходил в этом году в восьмой раз. Воспитание в семье с ранних лет экологической культуры как неотъемлемой составляющей любви к своей малой родине родители и дети отразили в своих проектах. В конкурсе приняли участие неравнодушные экологоориентированные семьи Кемеровской области, реализующие эксклюзивные проекты природоохранной направленности.

Ежегодно в конкурсе принимает участие около двухсот семей, участвующих в экологическом движении. Свои презентации многие превращают в красочные мини-спектакли, показывая, как можно жить в гармонии с окружающим миром.

Все семейные команды презентовали разнообразные экологические проекты, многие из которых еще и продвигают идеи экологического волонтерства. Абсолютно все проекты были яркими, запоминающимися и креативными. Поэтому было непросто выбрать лучших из лучших. Например: «Семейная мастерская зеленых решений», «Тимуровцы XXI века», «Создание заповедника Арчекасский кряж» и др.

В рамках конкурса традиционно была организована выставка поделок из вторичного сырья и природных материалов. Каждый год участники выставки радуют изобретательностью в вопросах применения вторичного сырья в быту.

По итогам музейного социокультурного проекта «Обратный билет» в рамках празднования 300-летия Мариинска «Наше далекое детство здесь прошло», издан сборник воспоминаний.

Эти материалы – иллюстрация к каждодневным примерам жизни семьи мариинцев представлены и в книгах «Мариинсковедение», «Наше далекое детство здесь прошло» (60–70-е годы XX века (таб. 1).

Таблица 1 – Интересные проекты-участники Международного конкурса «Хрустальный глобус»

Тартыкова Оксана Геннадьевна, Петрученко Алина Игоревна	ГПОУ «Яшкинский техникум технологий и механизации»	Лучший социально-информационный проект по сохранению природного и историко-культурного наследия	Любимый труд Еремейкиной Нафиси Саперовны
Алексеев Оксана Георгиевна, Петрученко Алина Игоревна	ГПОУ «Яшкинский техникум технологий и механизации»	Лучший социально-информационный проект по сохранению природного и историко-культурного наследия	История моей малой родины
Соотс Вельхида Дмитриевна	ГПОУ «Мариинский политехнический техникум»	Лучший социально-информационный проект по сохранению природного и историко-культурного наследия	«Этноэкологическая культура эстонцев Сибири»

Педагогические колледжи Кузбасса в подготовке студентов педагогических специальностей активно используют народные традиции и современные семейные традиции. Семейное воспитание и сохранение семейных традиций – это основа формирования патриотичного и активного гражданина. Любое воспитание начинается с семьи.

Любите своих родных. Проводите вместе время, будьте добры и вежливы друг с другом. Помните, семья – это та первичная среда, где человек должен учиться творить добро, как говорил Василий Сухомлинский. Счастлив тот, кто счастлив у себя дома (Лев Толстой).

ГТАХР:14.25.09

С.С. Алимбаева

Мектеп жанындағы интернаты бар № 42 ЖОББМ
Абай облысы, Семей қ., saule_sadenovna@mail.ru

БАЛА – БАҚЫТ БАСТАУЫ, ОТБАСЫ – АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Мақсаты: Ата-аналарға бала тілін дамыту жұмыс бағытын түсіндіру. Ата-аналарға балалардың дүние танымдық деңгейін, қоршаған орта құбылыстарымен заттар туралы түсініктерін қалыптастыру. Көмек берудің әдістерімен түрлерін қолдану жайында ата-аналармен байланыста болу. Мектеп пен ата-аналардың ынтымақтастығын нығайту.

Жоспар:

1. Шаттық шеңбер: «Ыстық алақан»
2. Баланың тілдік қорының дамуы
3. Артикуляциялық жаттығулар түрлерімен таныстыру
4. Тыныс алу ойын жаттығуы-дефектолог
5. Тіл ұстарту жаттығулары-логопед
6. Сергіту сәті: «Отбасы»
7. «Футбол» ойыны: «Әкем және мен»

8. Ертегі қойылымы: «Шалқан» орамал әдісі бойынша (ата-аналармен)
9. Кері байланыс: «Үйімізді қалайық» (ата-аналардың ұсыныс – пікірлері)

Өтілу барысы:

Шаттық шеңбер: Танысу

Баланың тілдік қорының дамуы:

Оқушының жас ерекшелігіне байланысты тілінің даму қоры- ол баланың оқудағы жетістігінің кепілі. Бұл қазіргі уақытта баршаға мәлім болып табылады. Баланың тілдік қорының дамуы неден тұрады? – деген сұраққа 3 түрлі бағыт бар.

1) Отбасындағы тілдік қарым-қатынас (әдет-ғұрып, салт-дәстүр, т.б.)

2) Тіл икемділігі (орта-жас буын адамдарымен қарым қатынасы.)

3) Логопедтік үйірме (топпен және жеке жұмыс жасау, әңгімелесу, баланың тілдік қорын қадағалау.)

Баланың дұрыс сөйлеу мәнері, тілдік қабілетінің жақсы дамуының бірден-бір ең маңызды атқаратын рөлі ол ата-ана болып табылады.

Баланың тілік дамуы уақыт өте жөнделеді деп бар мәселеге жай қарауының мүлдем қажеті жоқ. Көп уақытын үй-ішінде, туған-туыс, жақындарының арасында өткізеді. Сондықтан да ата-аналары сөйлеу мәнерін қатаң түрде қадағалап, уақытында жөндеп отырулары тиісті.

– Сөзді дұрыс жеткізе алмағаны үшін балаға дауыс көтермеу тиіс.

– Баланың әр сөздегі жіберген қателігін ашумен түзетпеуі керек.

– Ұсақ-түйекке мән беріп, бір сөзді бірнеше рет қайталау керек.

– Баланың оқытушымен жұмыс жасауына үлкен үміт, шабытын оятуы қажет.

Өйткені, балаға дұрыс бағыт, қарапайым сөздерді үйрете білуі үшін. Ата-аналар да өз тілдік қорының дұрыс айтылуын жақсы меңгерулері қажет. Үй жұмысының орындалуына қатаң түрде қадағалау қажет. Ақыл-кеңесін, ескерту жарнамаларын логопед жеке түрде белгілейді.

Артикуляциялық жаттығулар түрлерімен таныстыру:

Артикуляциялық жаттығу – бұл ерін мен тілге арналған жаттығулар. Тіл – сөйлеу органының негізгі бұлшық еті. Тілді дыбыс шығаруға қатысты нақты қимылдарды жасай алу үшін жаттықтыру қажет. Ерін мен тіл икемді әрі мықты болуы керек. Артикуляциялық жаттығуды орындау үшін айна қажет. Бала өзінің тілінің қозғалысын көріп отыруы қажет. Бала тіл жаттығуларын жаттағанға дейін қайталай беру керек. Тіл жаттығуларын дұрыс, нақты жасаған жөн. Жаттығуды күніне 2 рет 5-7 минуттан жасаған жөн. Оның нәтижесі анық, дұрыс сөйлеу болып табылады. Бала дыбыстарды дұрыс шығару үшін сонымен қатар дыбыстық дамуына, дұрыс тыныс алуға және тілдік дыбысталуға арналған бірнеше жаттығуды орындау керек болады.

Тыныс алу ойын жаттығуы:

Тыныс алу жаттығулары – әдемі сөйлеудің, денсаулық кепілінің басты негізі. Тыныс алу – адам тәнінің аса маңызды қызметтерінің бірі болып табылады. Тыныс алу жаттығуының балалар денсаулығы үшін пайдасы өте зор. Себебі дұрыс тыныс ала отырып баланың сөйлеу тілі де кезегімен қалыптасады. Көбінесе тыныс алу жаттығуы дизартрия, кекештену және басқа да сөйлеу ауытқуларынан зардап шегетін балаларға көп көмегін тигізеді.

Кешенді тыныс алу жаттығулары әдеттегідей күнделікті ҰОІӨ кезінде және қосымша уақыттарда бірнеше рет өткізіледі.

Алдымен жаттығу үлкендер көмегімен орындалса, кейіннен өз бетімен орындалады.

Жүргізуші ретінде, бала ретінде балалар кезектесіп өткізеді. Орындалу уақыты – 5 мин.

Алғашында жеңіл түрінен басталып, күрделі түріне ауысады.

Тіл ұстарту жаттығулары:

Тіл ұстарту жаттығуына: дыбыстық жаттығулар, тақпақтар, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер жатады.

Дыбыстық жаттығу арқылы бала дыбыстарды, дыбыстардан құралған буын, сөздерді анық айта білуге үйренеді.

Қазір осы жаттығуды бірге жасасақ, экранға назар аударайық.

Бірге қайталап айталық.

Сә-сә-сә сәбіз

Се-се-се кесе

Ас-ас-ас тас

Баланың көру арқылы есте сақтауы жақсы дамидықтан, сөздерді айтырғанда, мнемотехника әдісін суреттер қолдану арқылы жататып айтқызамыз.

Назар салып қарасаңыздар сөздің басында, ортасында, аяғында қай дыбыс естіліп тұр.

Ия, осындай жаттығу арқылы әр дыбысты сөздің басы, ортасы, аяғында буындар мен сөздерді айтқыза отырып, дыбыстарды сөздерде анық айтуға тілдерін жаттықтырамыз.

Тақпақ айтқызу арқылы баланың тілін, сөздік қорын жетілдіреміз.

Тақпақты бала жылдам жаттау үшін: Баланың көру арқылы есте сақтауы жақсы дамидықтан, мнемотехника әдісін суреттер қолдану арқылы жататып айтқызамыз.

Мысалы:

Мен баламан, баламын

Атқа мініп шабамын.

Ауадада қалқимын,

Суға барып малтымын.

Баланың миындағы сөйлеу орталығы мен ұсақ моторика орталығы жақын орналасуына байланысты, баланың тілін дамыту барысында ұсақ қол моторикасын дамыту жұмыстары да қатар жүреді.

Тақпақтың мазмұнындағы қимылдарды жасату арқылы жаттату да өте тиімді әдіс.

Кәне, бәріміз орынымыздан тұрып, бірге жасайық:

Әжем күйші, әпкем биші,

Әкем ұста ағам үйші,

Үй салады жаз бен қыста.

Жақсы рахмет, міне осындай ойын жаттығулар арқылы бала тілін жетілдіріп, сөздік қорын байытып, сөйлеу дағдысын қалыптастырамыз.

Қорытынды:

Оқудағы қиындықтар жойылады. Адамгершілік қасиеттері дамиды, жағымды мінез құлық қалыптасады, өз ойларын жеткізе алады.

ҒТАХР: 14.07.05

А.К. Аманова, А.М. Оралова

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті КЕАҚ,
erkezhanshaimardan@gmail.com

ПАТРИОТТЫҚ РҰХТАҒЫ БЕЛСЕНДІ АДАМДАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді.

Өз елінің өткенін, тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін құрметтей білу де осы қазақстандық патриотизм құрамына кірсе керек.

Патриотизм идеясының дамуы Аристотель, Платон, Цицерон есімдерімен де байланысты. Патриотизм идеясының дамуына француз материалистерінің, неміс философтарының да қосқан үлесі мол. [3]

Орыс революционер – демократтары да көптеген құнды идеялар көтерді.

Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Яссауи, Әбу Насыр Әл-Фараби, Махмуд Қашғари т.б. еңбектерінде келелі, пікірлер айтылған.

Асан Қайғы, Шалкиіз, Бұхар жыраулар, Махамбет Өтемісұлы да өз шығармаларына арқау етті. Патриоттық сезімді қазақ ағартушылары Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, Абай шығармаларынан да байқауға болады.

Отаншылдық сезім – адамға туа біткен қасиет емес. Ол адамның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, саяси-әлеуметтік құбылыс. Патриоттық сезім жалпы адам баласының еліне, жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын түйсінуін, қуаттап қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады. Осыған орай Н.Ә. Назарбаев, – патриотизмді "әр этностың ұлттық сезімін сыйлап, бірде-бір ұлтпен қарама-қайшылық туғызбау" - деп белгілеген.

Қазақстандық патриоттық тәрбие бүгінгі өмірден оқшауланбайды, қайта жаңа өмірмен қауышып ұлттық тәрбиеге жаңа мән береді. Ұлттық тәрбие дегеніміз ол оқшаулану емес, керісінше

ұлттық тәрбие үлгілерімен әлемдік идеяларды қабылдап, ненің тозық, ненің озық екенін тани білу, өрісі, дүнитанымы кең азаматтарды тәрбиелеуге мүмкіндік болады деп түсіну қажет және солай да. Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: "Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады [2]. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу-мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы"-деген еді. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, "ұлтжандылық", отансүйгіштік", "патриотизм", ұғымдары сол заманның ақиқаты – наным – сенімінен туындайды. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы-қазақстандық патриотизм болды. [1]

"Қазақстандық патриотизм" ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді.

Егемендік алған бастапқы күндерден-ақ патриотизм ұғымы, оның мазмұны төңірегінде пікірталас жүріп келді [5]. Одан, "ұлттық патриотизм", "қазақстандық патриотизм" – деген екі ұғымның туындағаны белгілі. Бірақ, өсіп келе жатқан жас буындарды отаншылдыққа тәрбиелеуде бұл екі ұғымның қайсысын ұстанған жөн; олардың мазмұндық құрылымы қандай ой-тұжырымдар жүйесінен тұрады; бұдан былайғы кезде жастарды патриотизмге бұрыннан қалыптасқан әдіс-тәсілдері, формалары мен мазмұнын қолдануға бола ма?, – деген сияқты көптеген проблемалар туындап отыр.

Бүгінгідей демократиялық бағыт ұстанып отырған қоғамда, балалар мен жастардың тағдыры өздеріне, отбасының материалдық ахуалына байланысты болып отырған жағдайда патриотизмнің маңызын айқындау басты мәселелердің бірі екені даусыз.

Өсіп келе жатқан жас буындардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру үшін :әр ұлттар мен ұлыстар тек өз мәдениетін ғана танып білуі жеткіліксіз, сонымен қатар олар бір - бірін танып біліп, құрметтеуі тиіс. Мектеп оқушылары қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, өз болмысында еш бұрмалаусыз танып, білуі шарт. Бастауыш сынып оқушыларының бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда ана тілі пәндерінің алатын орны ерекше. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары, ақын – жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүйуге шақырған өлең жырлары, шешендік сөздері мектеп оқушыларының бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда маңызы өте зор. Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы [3]. Қасиетті сезім ананың сүтімен бірге өзінен – өзі келмейтін баланың бойында біртіндеп қалыптасатын құдіретті сезім. Патриотизм туралы идеяларды кезінде өздерінің шығармаларында қазақ даласының ойшылдары да, атап айтсақ, әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари т.б. айтқан болатын. Өз ұлтына деген отансүйгіштік сезімді қазақ ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев; Алашорда қайраткерлері М. Дулатов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов және т.б. нақтылы іс-әрекеттері мен шығармаларынан да байқауға болады. Қазақ тарихын тұңғыш зерттеуші ғалым Ш. Уәлиханов отансүйгіштік сезімінің қалыптасуы туралы: «Менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай (бір сандықтың ішінде бір сандық, оның ішінде тағы бір сандық) мен ең алдымен өз отбасымды, туған туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртымды, руластарымды, одан соң халқымды, одан соң Сібір орыстарын, Ресей жұртын қадірлеймін» деген тұжырым жасаған [5].

Данышпан ақын Абай отыз тоғызыншы қара сөзінде: «Рас бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған, бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ол екі мінезі қайсы десек – әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көші-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Екіншісі – намысқор келеді екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерге ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. Кәнеки, енді осы екі мінез қайда? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді», – деп жазды. Абайдың бұл қара сөзінде: «Арлылық, намыстылық, табандылық – тәрбиенің жемісі», – дейді. Адамның ең ұлы сезімін азаматтық парызын орындау үшін жоғарыда аталған мінезді игеру керек екенін ақын атап көрсетеді. Ұлттық идея негізінен халықтардың сұраныснан, көзқарасынан туындайтыны белгілі [4]. Еліміз егемендік алғаннан бері 16 жыл аралығында көптеген ұлттың сұраныстары қоғамның әртүрлі салаларында өз шешімін тапты. Қазіргі қоғамдағы қалыптасқан негізгі ұлттық идея: бірінші, еліміздегі тәуелсіздіктің тұрақты және баянды болуы, еліміздің рәміздеріне құрметпен қарау; екінші, Қазақстан Республикасы

Президент жолдауында «...барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға күш-жігерін жұмсауымыз керек» [1], – деп атап көрсеткендей ұлттың рухы болып табылатын қазақ тілін дамыту негізгі орын алады. Тіл – мемлекет болып қалыптасудың негізгі белгісі. Белгілі жазушы М. Әуезов «...ұлттың тілі оның жаны, рухы, жүрегін соқтырар қан тамыры іспетті, ал сол күретамырдан айрылса, адамның күні не болары белгілі» [4] – деген дана сөзінен ана тіліміздің адам өмірінен, қоғамнан алар орнын айқын аңғарамыз. Үшінші, ұлттық ділімізді (менталитетіміз) сақтау. Ментальдік тұрғыда ықпал ету бұл әрбір этностың өзіндік ерекшелігіне, мінез-құлқына байланысты табиғи қасиеті арқылы көрініс беруі. Әр жеке тұлғаға оның географиялық ортасы, әлеуметтік-саяси жағдайлары, нақтылы бір іс-әрекеті, өмір сүру тәсілінің өзі де ықпал етеді. Егер, осы тұрғыда біз қазақ ұлтын алатын болсақ жауынгер, ержүрек болуының нақты себебі, тарихи санасына көшпелі өмір тіршілігі үлкен ықпал еткенін байқаймыз. Төртінші, экономикалық қарқынды даму және әлемдік техникалық прогрестен орын алу, бесінші, барлық халықтардың тілі, діні, мәдениеті, әдет-ғұрпы, т.б. еркін дамуы қарастырылады. Ұлы Отан соғысында аты аңызға айналған Т. Тоқтаров, Б. Бұлқышев, Р. Қошқарбаев, Қ. Қайсенов, Б. Момышұлы және батыр қыздар Әлия мен Мәншүктің кескілескен жаумен айкастағы ерен ерліктері мен батырлықтары да ұлттық дәстүрлердің, ерлік тәрбиесінің жемісі. Халықтың біртуар ұлы Б. Момышұлы: «Патриотизм – Отанға (мемлекетке) деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекеттік нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды, жеке адаммен, яғни өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді» – деп патриотизм ұғымына анықтама берген болатын [5]. Б. Момышұлының ұлттық патриотизм ұғымына берген анықтамаларына сүйене отырып, ұлттық патриотизм ұғымының өлшемдерін анықтадық. Олар: адамның ұлттық ерекшеліктерін сақтауға бейімділігі, өз халқына сүйіспеншілігі, тарихи дәстүрі, мінез-құлқы, тұрмыс-тіршілігі, ана тілі, тұрып жатқан территориясы, шыққан тегін сезіну, өз халқымен қан жағынан байланысын сезіну. Бауыржан Момышұлы «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген бесігі жоқ елден қорқам. Екінші, немересіне ертегі айтып беретін әжесінің азаюынан қорқамын. Үшінші, дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсе, кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әже, әке жоқ» - деп өсиет қалдырған еді. Бұдан әрбір адамның өз халқына, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігі өзінің шыққан тегін сезіну мен өз халқына қан жағынан байланысын жүрегімен сезіну тұрғысынан түсіну қажет деп санаған, – деген қорытынды жасауымызға негіз болды. Елдің тәуелсіздігі көп нәрсеге ой салдырады [1]. Мұнда тарихи сананы ояту, жоғалғанын өзіне қайтару, өрлеу дәуіріне жол ашу деген мағына, сондықтан қазақстандық патриоттық тәрбие деген ұғым тек қана айтыла салатын дерексіз ұғым емес, ол ең алдымен нақты, өз ұлтына, сонда тұрып жатқан халықтарға берілген, адал еңбек ете алатын, жалпы халықтық, әлеуметтік мәдениетті түсініп, білетін соның нұсқаларын өз халқының қажетіне жарата алатын, басқалары түсіне білетін нағыз адам сүйгіштік, қазақстандық патриоттық рұхтағы белсенді адамдарды тәрбиелеу үшін керек [3]. Таза біржақты ұлттық тәрбие-ұлтаралық аразға соқтыруы мүмкін. Әсіресе патриоттық тәрбиеде бұл ерекше білінеді. Әрине, ұлттық тәрбиені әркім әртүрлі түсінеді. Кейбіреулер “ұлттық нақыштар сол күйінде болса екен” десе, ал кейбіреулер “ұлттық тәрбие қазіргі өмірмен байланысты болса екен”, дейді. Шындығында ескінің жаңамен қауышып жатқаны өміршең келеді. Қазақстандық патриотизмді еліміздің әрбір азаматтарының санасына сіңіру кезек күттірмейтін мәселе. Біздің зерттеуіміздің негізінде жалпы халықтық патриотизм, халықтық модернизация процесінде белсенді араласуы секілді интегративті қазақстандық патриотизм көрінеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Кенжалин Ж. Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз. – Алматы, 2005. – 46-47 беттер.
2. Жанайдаров О. Менің елім – Қазақстан. – Алматы: Балауса, 2003.
3. Жастар өміріндегі патриоттық тәрбиенің орны. Қарағанды мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2003. – № 4 (32)
4. Отансүйгіштік тәрбие-басты міндет // Қазақстан мектебі. – 2005. – № 5-6.
5. Бегалиев Т.Б. Педагогика. Қысқаша лекциялар курсы – Тараз – 1999

Ш.Ә. Ақбаева, Р.С. Бакаев

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің өнер,
мәдениет және спорт институты,
Алматы қ-сы. Қазақстан. E-mail: akbaeva_sholpan@mail.ru

ҚАЗІРГІ ОҚУЛЫҚТАР МАЗМҰНЫНДА РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Елбасы өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи негізіне тереңінен тоқталып өтті. «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану. Тұрмысы байқуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне зор сеніммен қарайтын бақытты ел болу. Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдық. Біз үшін болашағымызға бағдар ұлтты ұйыстыратын ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігіміз арқылы халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді» – деп айтып өткен болатын [1, 2 б.].

«Мәңгілік ел» – идеясы елдің ұлы рухын, адамның адами қасиеттерін, еліміздің елдігін артыратын құндылықтарды біріктіретін идея. Елбасымыз көтерген ұлт болашағына негізделген «Мәңгілік Ел» идеясы – тарихи танымдық мұра, ұлттық деңгейдегі білім, ғылыми және мәдени құндылықтарға ие саяси бағыттағы терең ұғым. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – еліміздегі барлық саланы қамтитын үздіксіз білім мен ғылымның өркендеп өсу жолы және елдігіміз бен бірлігіміз, ерен еңбегіміз шындалатын үлкен өмірлік сынақ. Елдің тәуелсіздігі, тәуелсіздіктің мәңгі әрі баянды болуы адамның ұлттық қасиеттеріне негізделген құндылықтарда.

Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше екені белгілі. Сондықтан әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады [3].

Н.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн», деп бағытымызды айқындап берген [1]. Мәдениетімізде, ата тарихымызда қазақ бейнелеу, музыка өнерлеріндегі шығармашылық туындыларда дәстүрімізді, мәдениетімізді, ұлттық мұраларымызды дәріптейтін бағыттары көп. Демек, мектепте оқушыларға көркем білім беру арқылы ұлттық мәдени дәстүрімізді, ұлттық мұрамызды оқу үдерісіне кеңінен кіргізіп, негізгі пән ретінде оқыту қажеттігі туындайды. Егер мәдениет өзгеріске ұшыраса онда білім беру түсінігі де, мазмұны да өзгертін болады. Білім беру – мәдениеттің бөлінбес бөлігі, ол тек мәдениетке тәуелді болып қана қоймай оған бағыт беріп отырады. Сол арқылы әр ұрпақ жасаған көркем туындылар мәдени мұра ретінде келесі ұрпақтың еншісіне ауысып, жаңа қоғамдық-тарихи жағдайға сәйкес өзінің мазмұны мен формасын жетілдіріп отырады. Олай болса мектепте оқушыларға бірінші кезекте көркем білімді меңгертіп, сосын көркем еңбек жасауға оқытуды ұсынғанымыз жөн.[4]

Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында ұлттық құндылықтардың маңызы зор. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Ұлттық идея – қазақ халқы тудырған моральдық нормаларда және ұлттық құндылықтарда бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру, ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы іске асырылады.

Қазақ елінің тарихын насихаттап, өскелең ұрпақты ұлтжанды етіп тәрбиелейтін, әрқашан мемлекеттік мүддені көздеп, мемлекеттік тәуелсіздігіміздің мәңгі баянды болуын насихаттау жолында аянбай еңбек етуіміз керек. Тарихты оқу арқылы отаншылдыққа, өз халқына, басқа халықтарға деген сүйіспеншілікке, еңбек сүйгіштікке, Отаны үшін кез келген қиындыққа әзір тұруға, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастыққа, қоғам үшін, халық үшін, елі үшін қызмет етуге дайын болуға, адалдыққа, шыншылдыққа, тазалыққа, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке тәрбиеленеді. Ал, мектепте ерлікке, жауынгерлікке тәрбиелеп, ержүрек батырлар мен қолбасшылардың қаһармандығын, ерлігін көрсеткен шайқастары туралы толық нақтыланған

материалдар болуы қажет. «Атамекен, туған жер» ұғымы – әрдайым қастерлі де қасиетті ұғым. Бұл қасиеттер ұрпақ бойына оқумен, біліммен, үйренумен, талпынумен бітеді.

Ата-бабаларымыз, халқымыз ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесін, бай рухани қазынасын бала тәрбиесіне ерекше мән бере, үміт арта, сергек қараған. Жас ұрпақтың алдына асқарлы мақсат қойылып, келелі міндеттер жүктеген. «Болашақ ел қамқоры», «Отан қораушысы», «Шаңырақ иесі», – деп жақсы сөзін қазақ халқы баласына арнаған. Отанды сүю халық ауыз әдебиетінде, ақын жыраулардың шығармаларында, халықтың тәрбие-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, отбасындағы тәрбие, халық ойындары мен мерекелері, музыкалық шығармалары, бейнелеу өнері, қол өнері туындыларында тәрбиелік мазмұнда көрініс тапқан. Жас ұрпақты намысшылдыққа, ерлікке, отаншылыққа «Ер жігіт елі үшін туады» деп, кішіпейілдікке «Кішіпейіл болсаң, кішіреймейсің» деп, бауырмашылыққа, білімпаздылыққа, ақылдылыққа «Ақыл азбазды, бегім тозбайды» деген, тазалыққа «Тазалық - саулық кепілі», еңбекке «Еңбек түбі – береке» дей келе туған жер табиғатын, ерлік дәстүрін сүюге тәрбиелеген. [5]

Ауыз әдебиеті шығармашылығы ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосты және әлі де үлес қосып келеді. Сол бай құндылықтардың ішінде, отаншылдықты дәріптейтін мұра – батырлар жыры. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары. Елін, жерін сырт жаулардан қорғаған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сияқты мыңдаған қазақ батырларына арналған көптеген дастандар, өз халқының мүддесі, арман-тілегі, туған жері үшін жан аямаған батырларға деген халықтың сүйіспеншілігі, азаматтарының рухани жан дүниесінің беріктігі, ерлігі мен отаншылдық қасиетін баяндайтын асыл қазыналары, ақын – жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүюге шақырған өлең жырлары, шешендік сөздері оқушылардың бойында отаншылдық сезімді қалыптастыруда маңызы өте зор [6].

«Көркем еңбек» оқулығында бейнелеу өнері салалары – графика, сәндік қол өнері, зергерлік өнер, кескіндеме, дизайн, мүсін, т.б. жайындағы мәліметтерде Қазақстан бейнелеу өнері мәселелерін, музыканы зерттеген ғалымдар, атақты қазақ суретшілерінің шығармалары жайында мағлұматтар беру қажет. Қазақстан бейнелеу өнерінің негізін қалаған Ұлы даланың тұңғыш суретшісі, Қазақстанның Халық суретшісі, әлем таныған Әбілхан Қастеевтің, Қазақстанның халық суретшілері, ұлттық бейнелеу өнерінің негізін қалаған, әлемге Қазақстанды танытқан, көркем еңбек шеберлері М. Кенбаев, С. Романов, А. Ғалымбаева, Г. Исмайлова, Н. Нұрмұханбетов, С. Мәмбеев, Х. Наурызбаев, Қ. Тельжанов шығармаларының арасынан жастарымызды отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеудің алғашқы басқышы, құтты қадамы болатыны айдан анық.

Мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіндегі ұлттық тіл дамытуындағы басты міндет – балалардың сөйлеу тілін жетілдіру. Тіл дамыту әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асыру. Ол сұрақ-жауап, сөздік қорды дамыту, сөйлесу, әңгімелесу, көрнекілік. Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекілік құралдар, түрлі суреттер, кестелер, сабақты көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры молаяды. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толықтырылып отырады.

Ұлттық тәрбие беруде алдымен тіл үйрету барысына әрбір сабақта ойын түрлерін және өзара сөйлесу үлгілерін қолданған дұрыс. Ойын арқылы баланың бойына адамгершілік қасиеттерін, өмірге құштарлығын қалыптастыруға болады.

Ұлттық ойындар – сабақ өткізгенде бірінші орынға ойын және ойын түрлері қойылады. Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғышарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылыстарын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділікпен дамыту. Ойын арқылы балалар қандай да бір ақпаратты меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Ойын баланың жан-жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады [7].

Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, батылдықты, дененің шынығуын, байқағыштыққа, қырағылыққа, батылдыққа, ептілікке, шапшаңдыққа баулып отырады. «Айгөлек», «Санамак», «Ұшты-ұшты», «Орамал ілу», «Асық ату», «Таяқ тастамақ», «Асық», «Ақ серек пен көк серек», «Айқыш-ұйқыш», «Түйілген орамал», «Тоғыз құмалақ», «Сақина жасыру», «Арқан тартыс», «Теңге алу», «Орамал тастамақ», т.б. ойындары баланың ойлауына, сөздік қорын молайтуына, өмір тәжірибесін кеңейтуіне ықпал етіп, шапшаңдық, ептілік қабілеттерін жетілдіруіне әсерін тигізеді.

Тәрбие жүйесін жаңғыртуды ұлттық құндылықтарға сүйене отырып жүргізу керек. Ал құндылықтарды ұлттық мерекелер кезінде көрсетілетін мәдениетіміз бен салт-дәстүрлеріміз. Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамында бүкіл ауыл, ел болып, тазаланған арықтарға су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егу рәсімін өткізуден бастаса, қазір Наурыз көже пісіріліп, ұлттық тағамдар әзірленіп, қазақтың салт-дәстүрлері көрсетіліп, ұлттық ойындар ойналып, ән салып, би билеумен, ақындар

айтысымен, қазақша күреспен, ат жарысымен жалғасады. Осылай қасиетті Наурыз мерекесін көрсетумен баланың салт-дәстүрді білуіне, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуіне бағыт береміз [8].

Ұлттық өнер мен мәдени құндылықтарды дәріптеу, мемлекет, қоғам, отбасы және жеке тұлға алдындағы жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеу мақсатындағы тапсырмалар, мәтіндер мен иллюстрациялық материалдар дұрыс таңдалуы керек. Мысалы, оқулық мазмұнына қазақ ертегілері арқылы «Ер Төстік», «Түлкі мен ешкі», «Арыстан мен түлкі», «Сауысқан мен көкек», «Бір үзім нан», «Ақылды етікші», «Кім күшті», «Екі дос», «Түлкі мен қырғауыл» және т.б. ертегілері әр баланың бойында адамгершілік, батылдық, шыдамдылық, төзімділік қасиеттерін дамытып, жеке тұлғаны қалыптастыруға үлес қосу болып табылады.

Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы нағыз мәдениетті азамат қалыптасады. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі - жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Қазақ халқының әлуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, балабақшада, қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі. Халқымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірбандықты дәріптейді [9].

Қорытындылай келе, Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» дегендей бірігіп ұрпақ тәрбиесін қолға алу маңызды. Тәрбие беруде ұлттық құндылықтарымыз арқылы жол көрсетер болсақ, жастарымыз қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени өзгерістеріне жоғары мәдениетті деңгейде бейімделе алады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». – Астана қаласы, 11 қараша 2014 жыл.
2. Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2015 жыл, 30 қараша.
3. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары: әдістемелік құрал. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 64 б.
4. Рухани жаңғыру – ұлттық білім беру мен ұлттық сананың жаңа белесі: Р87 Ғылыми-практикалық конференция материалдарының электрондық жинағы. – Алматы: «Өрлеу» БАҰО АҚФ ҚР ББЖҚБАРИ, 2018. – 380 б.
5. Қуанышбаева Ж.Ж. Қазақстан Республикасындағы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар: PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2015.
6. Омарова Г.А. Духовно-нравственное воспитание студентов вузов на основе общечеловеческих ценностей: Автореф. дис... канд.пед.наук / Г.А. Омарова. – Алматы, 2010. – 25 с.
7. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 1995. – 352 б.
8. Садуақасұлы Ә. Қазақ мектептерінің оқу-тәрбие үрдісін этнопедагогикалық дәстүрлер негізінде ұйымдастырудың шарттары. – Алматы, 2008. – 164 б.
9. Арын М. Бес анық. – Алматы, 1995. – 97 б.

ҒТАХР: 14.07.05

Ж.С. Аяшева

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі
Көкшетау қаласы, Ақмола облысы

ҰЛТ ТӘРБИЕСІ-ТӘРБИЕ БАСТАУЫ

Аңдатпа. ХХІ қазақ жастарын тәрбиелеуде Ұлттық және отбасылық құндылықтардың мектептің тәрбиелік ортасын дамыту жолдарының маңызына мән беру. Жастарымыздың Батыстық жалған, жылтырауық дүниелерінен сақтау үшін, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың құндылықтарына көңел бөлу қажеттілігі көрсетілген

Жаңа Қазақстан үшін ХХІ ғасырда қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, т.б. ұлттық құндылықтарымызды кеңейту – басты мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі қоғамға сай етіп бейімдеу. Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құруы шарт. Яғни ол өзінің өсу, есею кезінде ақ сүт беріп

асыраған ата-анасымен де, қазіргі білім ордаларымен үйлесім таба білуі тиіс. Сонда жастар бойында ұлттық рухани қадір-қасиеттер қасиеттер бірте-бірте қалыптасары хақ. Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, қоршаған орта, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші. Ал ұлттық құндылықтар, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа тән, адами қадір-қасиет, яғни ата-бабамыздың сан ғасырлар бойы жинақталған мұра. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік,

Педагогикамен жақсы таныс болудың керектігі

Балаға тәрбие бергенде әрбір тәрбиешінің алдымен қолданатын жолы – өз тәжірибесі. Қазақ ұядан ұшқанда не көрсең, соны іледі деген. Міне, осы жолмен жүреді. Әрине, бұл жолды тіпті қисық жол деуге болмайды. Қисық болу былай тұрсын, тәрбие туралы әрбір тәрбиешінің өз тәрбиесі – аса қымбат нәрсе. Адамның өз тәжірибесі – жүріп кеткен жолы. Сондықтан жақсы-жаман жағы анық көрінеді. Естігеннен бастан кешкен анық. Бірақ бұл әркімнің өз тәжірибесі қанша қымбат болғанмен, оның дағы қателіктері бар. Бір адамның тәжірибесі аздық етеді, тым бірбеткей тәжірибе. Тәрбиешінің өзіне қолайлы болған жол тәрбие қылатын балаға қолайсыз болаты хақ бол. Тәрбиенің мақсаты – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес. Келешекте өз заманына лайық қылып шығару. «Балаңды өзімдей бол деп үйретпе, өзімдей болма деп үйрет!» деген Әзірет Әлінің сөзінде көп шындық бар. Қазақта ұстаздан шәкірт озар деген жақсы сөз бар. Шынында жақсы ұстаздан білім, тәрбие алған шәкірттен, заман талабына сай тұлға қалыптасары хақ

Екінші, әрбір тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбиесінде өзінің ұлттық тәлім тәрбиесі, жеке дара жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан айқын жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлттық тәрбиемен толыққанды сусындаған тұға болуы тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. Өкінішке орай қазіргі қазақ қоғамында өзінің тілінен, салт-дәстүрінен жиреніп, өзгелердің арзанқол, жылтырағына бой ұсынып жатқан ата-аналарда баршылық. Сондықтан тәрбиешілерімізді ұлттық құндылықтармен оқытып, тәрбиелеп мамандарды дайындау қажет. Олар өз алдына келген шәкірттеріне, отбасында алмай жатқан ұлттық тәрбиемізді беруері қажет.

С. Қалиев қазақ жастарына ұлттық тәрбие берудегі үлесі қомақты. Ол халқымыздың сан ғасырлық тыныс-тіршілігінің өзіндік ерекшеліктерінен туындаған ұлттық тәлім-тәрбиеге қатысты салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары қазіргі этика, педагогика, психология ғылымдары тұжырымдамаларымен қиюласа, астарласып жатқанын өз еңбектерінде анық көрсетті. Себебі, осы саладағы рухани мұрамызды осы күнгі ғылым деңгейіне, оның төңірегіне топтастырып, жүйе-жүйесімен талдауға алсақ, бұлардың өзіндік сыр-сипаты айқындала түсері анық.

Ұлттық сана сезімнің өсуі мен, өшуі бір жағынан ана тілінің тағдырын анықтаса, екінші жағынан ана тілінің даму дәрежесін, ұлттық сана сезімнің деңгейінің өлшеуіші болып есептеледі. Ж. Аймауытов «Тәрбиеге жетекші» деген еңбегінде: «Ана-тілі халық болып жаралғаннан бергі жан дүниесінің айнасы, өсіп өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жүректің терең сырларын, жанның барлық толқындарын тұқымнан- тұқымға жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы, сол халықтың тілі» екендігін көрсеткен. ХХІ ғасырда ана тілімізді әлі күнге дейін өз дәрежесіне жеткізіп қадыр-қасиетін жастарға жеткізе алмай келеміз.

ХҮ-ХҮІІ ғасырларда өмір сүрген қазақ жырауларының поэзиясынан ғасырлар сырын, ой-арманы мен тілек мақсатын айқын аңғарамыз. Өйткені жыраулар толғауларынане хақтың небір нәзік сырлары, мұң –мұқтажы, келер ұрпаққа өнегеі өсиеті өзекті орын алады. Яғни олар халықтың тәлім-тәрбие мектебінің ұлағатты ұстазы рөлін атқарады. Қазіргі кезде мектептерде қазақ жырауларының шығармаларының оқытылуына көңіл бөлу қажет. Сол арқылы жастарды қазақтың шешендік өнері, тіл құдыреті, тіпті хақымыздың бастан кешкен зар-заман кезеңдерін танып білуге болар еді.

Қазақтың ұлттық тәрбие мектебі-ақын-жазушылар мен билердің өсиеттері, халық мақал-мәтелдері, тыиым сөздері мен ұлттық салт-дәстүрлері десек болады.[1]

Ақыл ой тәрбиесі және халықтық тәлім-тәрбие

Қазақ халқы өскелең жас ұрпаққа ақыл-ой тәрбиесін беруде, ой-санасын дамытуда ауыз-әдебиетінің маңызы зор болған. Ғалым А.Ә. Измаилов халықтық тәлім тәрбие жайында «Қазақ халқының тәрбие саласындағы Тәжірбиесі көбінесе халық ертегілері, аңыздар, жыр дастандар, мақал-мәтелдерде т.б. сақталып көрініс беріп отырады» дейді

Тұрмыстық мәдени жағдайларға сай туып қалыптасқан дүниетаным білім, тәжірбие айтыс жанрларында, оның ішінде, әсіресе жұмбақ айтыстарда, аңыз әңгімелерде, халқымыздың ой-

қиялынан ерекше маңызға ие болған. Ғылым мен техника дамыған заманда, жастарымыз табиғаттан қол үзіп қалуда. Сондықтан халқтың күнкөріс кәсібіне байланысты жыл мезгіл құбылыстарын бақылау, табиғатқа жүгіне жұлдыздарға қарап ауа райын алдын ала болжау қасиеттеріне меңгерткен жөн. Себебі қазіргі ауыл шаруашылық саласын жете меңгерген мамандар жетіспеуде. Оның басты себебі қазіргі жастар табиғаттан қол үзіп қалды. Жыр дастандарда қазақ даласының тауының, суының, нуының ерекшеліктері айтылады.

Ж. Аймауытов білім негіздерінің ана тілі арқылы меңгерілетінін айта келе: “Ана тілін жақсы меңгеріп алмай тұрып өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілі халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы болып, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерек. Жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы мол халықтың тілі” – деп оның қоғамдық рөлін, адамзат баласы жасаған бар рухани-мәдени байлықты меңгерудің басты құралы екендігін, оны жан-жақты және терең меңгерудің қажеттігін баса көрсетеді.

Автор адамның жан қуаттарының өсіп-жетілуінде тарих пәнінің алатын орнын былайша сипаттайды: “Осы заманғы ғылымның көбі тарихпен тікелей байланыста жатыр. Тұрмыс жүйесі, әлеумет заңы, заң, пәлсапа, әдебиет, мәдениет, өнер – бәрі тарихтан қозғайды. Әр ғылымның тарихы бар. Осы тарихтың бәрі – жалпы азамат тарихымен байланысты”. “Тарихты оқып білу арқылы шәкірттерге қазіргі өмір мен өткен заманның байланыс заңдылықтарын ажырата білерлік сана туғызамыз”, – дейді.

Ж. Аймауытов “тарихты оқытуды қай кластардан бастау керек?” деген мәселеге талдау жасап, тарихи мағлұматтар балалар әр тарауда білім алып, әзірленгеннен кейін, жазуға, оқуға әбден төселген соң, тарихи жеңіл әңгімелерді ұғынып айтып берерлік дәрежеге жеткен кезде, төңіректегі тұрмыс пен табиғаттан, жағрафиядан едәуір білім алғаннан кейін үйретілетін болсын дейді.

Автор мектепте “Бірден жалпы тарихты немесе КСРО тарихын оқытудан гөрі алдымен балалардың өздеріне күнделікті өмірден жақсы таныс өз жұртының тұрмыс-салты, тыныс-тіршілігімен байланысты тарихын оқудан бастаған жөн” – деп тұжырымдайды. Ж. Аймауытов осы еңбегінде туған өлкенің жағрафиясын оның тарихынан бөлек қарауға болмайтынын айта келіп, оны қазақ халқының ертедегі тарихымен байланыстыра жүргізуді көздейді. Шын мәнінде әр бала өзінің туған жерінің тарихын білмей, тұтас халықтың тарихын меңгеру қиындық туғызады. Өз алтын бесігінің тарихын білу арқылы, тұтас елдің тарихын оқып білуге қызығушылығы артады деп санаймын.

Ж. Аймауытов адам баласының мәдениет тарихынан өнердің көрнекті орын алып келгенін, өнерсіз қоғамның дамуы, рухани байлықтың молаюы мүмкін емес екендігіне тоқталып, ұлт мектептерінде әуелі кескін өнері мен әуез өнерін, яғни сурет салу, ән-күй өнерін үйретуге негіз салу керектігін, әрбір баланың өнерге деген ынтасын қозғап, өнерпаздық қабілетін тәрбиелеудің қажеттігін баса айтады.

Әрбір мұғалім, сабақ беру процесінде қызықты мағлұматтармен балаларды шабыттандырып, олардың ынта-ықыласын, зейін-зердесін білімді меңгеруге бағыштауы керек дей келіп, жекелеме оқу әдістерінің тиімділігін нақтылы мысалдар келтіре отырып сөз етеді.[2]

Ол ересектер мен сәби, бөбектер арасындағы қарым-қатынас мәселесіне де ерекше көңіл бөледі: “Балаға сусындай керегінің бірі – сөйлеу. Түрлі білімнің түбірі, негізі – баланың сөйлеуі, білуге құмарлығы. Сұрағына жауап бермей “мазамды алма” деп, үнемі баланың бетін қайтару арқылы білуге құмарлығының негізін жоғалтып жіберуге болады”, – дей келе, автор бала ойынының айналаны тани-білу құмарлығымен ұштасып жататындығын ескертеді. Қазіргі отбасыларда үйде балаларға қолдарына смартфон немесе планшеттер беріп қоямыз. Жыламаса, менің мазамды алмаса болды деп. Баланың таным, қызығушылығына бағыт-бағдар бермейміз. Балалар өздігінен ғаламтордан қолдарына түскенін көріп өсіп жатыр. Оның арты бала тәрбиесіндегі орны толмас қателіктерге апаруда. Н. Құлжанова баланы жас кезінде көбінсе табиғат аясында бағып-қағудың тиімділігін айтады. Ол осы пікірін әрмен қарай жалғастыра келіп: “Әрбір құлықты, жақсы адам мінезінің түпкі негізінде болатын еңбек ету, көңіл және дене тазалығының машықтары бала әдетіне кіріп, сіңіп қалады, төңіректегінің бәріне еліктегіш, талшыбықтай икемді, нәзік келеді”, – деп автор ойын баласының мектеп жасына дейінгі бүкіл тыныс-тіршілігі оның қызығушылығын, мектепте алар тәлімінің бастауы екендігін, жас бала, жас шыбық сияқты қалай исең солай қалыптасатындығын ұмытпаған жөн.

Н. Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттарын “Тән саулығы”, “Баланың сырт сезімдерінің дамуы”, “Нәрсенің түр-түсін тану”, “Дененің қимылын түзету”, “Шеберлігін көтеру”,

“Баланың білімін арттыру”, “Бала тілінің шеберленуі”, “Еңбекке машықтандыру”, “Көпшілдік және еңбек”, – деп бұлардың әрқайсысына жеке-жеке сипаттама берді.[3]

Пайдаланған әдебиеттер

1. С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: «Білім», 2003. – 211 б.
2. Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: “Жазушы”
3. «Нәзипа Құлжанова – ағартушы, қайраткер» Кәрібжанова Г.А. – Алматы, 2004жыл – 200 бет.

ҒТАХР: 14.07.07

М.Н. Атем

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты,
Қазақстан, Алматы қаласы, atem.marzhan@mail.ru

БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕКТЕП ПЕН МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІ

Кім де болса баласының саликалы, зиялы азамат болып өскенін армандайды. Ол үшін жақсы ортада тәрбиеленіп, жақсы білім алу керектігін түсінеді. Сондықтан білім саласында болып жататын өзгерістер, жүргізіліп жатқан реформалар ешкімді де бейжай қалдырмайды. Ал елдегі негізгі білім ордасы мектеп болып табылады. Алаш қайраткері, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы, ең алғашқы «Педагогика» оқулығының авторы М.Жұмабаев «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға «қазақ жанына» үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады» деп ойын білдірген болатын. Сол мектеп пен оқушыны жалғайтын алтын көпір – мұғалім.

Мектептегі басты тұлға ұстаз десек, білім саясаты ең алдымен ұстаздар қауымы арқылы жүзеге асырылады. Ал біздің келешектегі мақсатымыз – рухани жан дүниесі бай, жан-жақты жарасымды дамыған жеке тұланы қалыптастыру.

Білім ордасы – жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру, бірнеше ғасырлар бойы жиналып сақталған мұраларын келешек ұрпақ игілігіне жеткізе алатын мәдени ошақтар, ұлттық тәлім – тәрбие орталығына айналмақ. Ұлттық мектеп тағдыры қай қилы заманда да, қай ұлттың болсын көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтарын толғандырып келген ең өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Қазіргі таңда Қазақстан бүкіл әлемдік білім кеңістігіне ену табалдырығында. Өмір ағымына қарай білім беру жүйесінің моделі күрделі өзгерістерге ұшырап отыр. Сондықтан заман талабына сай жаңа мазмұнда білім беруді ұйымдастыру 12 жылдық оқытуға көшумен тікелей байланысты.

Ондағы өзекті мәселе әлемдік білім кеңістігіне шығудағы Қазақстанның жаңа ұлттық білім моделін қалыптастырудың тиімді жолын анықтауында. Елбасы Н.Ә. Назарбаев білім мен ғылым қызметкерлерінің екінші съезінде «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Осы ғылым мен білімнің негізін тереңдету нәтижесінде ғана еліміз өзінің елдігін басқа елдер алдында көрсете алады. Ал ел тағдыры, оның келешекте кемелді ел болуы мектептің қандай негізде құрылуына байланысты болмақ. Біздің стратегиялық міндетіміз – бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан лайықты орын алу» деп әңгіменің басын ашып айтқаны бар. 12 жылдық білім берудің негізгі мақсаты еліміздегі білім беру жүйесінің құрылымы мен мазмұнын толықтай өзгерте отырып, заманына сай мектеп құру. Олардың білімді де, білікті, парасат пайымы мол, саналы азамат болып жетілуі тәлім мен тәрбие беретін мұғалімге тікелей байланысты. Мұғалімге артылатын сенім жүгі соншалық ауыр дей отыра, сонымен қатар оның ұлағатты ұлы жол екенін естен шығарып алмаған жөн. Демек, өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкіртінің жанына құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады. Жаңа көз–қарастағы мұғалім – рухани байлығы мол, өз ісінің шеберіне айналу және жаңашылдыққа талпынатын шығармашыл тұлға болуы керек. Әрине, өз мүмкіндіктеріне баға беретін, әлемдегі білім беру кеңістігінің даму бағытын, болып жатқан әртүрлі интеграциялық процестерде бағдарлай алатын деңгейін естен шығармаған жөн.

Қазақстан Республикасында жалпы орта білімнің қазіргі жай–күйімен әлемдік білім кеңістігінің дамуындағы бетбұрыстарға, яғни, 12 жылдық жүйеге көшудің талаптарын түсініп, игеру жолы тағы бар.

McKinsey&Companу компаниясының қызметкерлері М. Барбер және М. Муршед, әлемнің 25 еліндегі орта білім беру жүйесін олардың даму динамикасы мен сапасындағы айырмашылықтар неге байланысты екенін анықтау үшін зерттеді. Олар сыныпта сабақ берудің айырмашылығына ғана емес, жүйе деңгейіндегі айырмашылықтарға назар аударды: шындығында оқу сапасы дәл сол айырмашылықтарға негізделеді. Бұл зерттеушілер «Ең үздік мектеп жүйелерін мәдени және әлеуметтік мәнмәтінге тәуелсіз түрде не біріктіреді?» және «Оқушылардың білім алу нәтижесін тұрақты жақсарту үшін қандай құралдар қолданылады?» деген сұрақтарға жауап іздеді.

McKinsey&Companу – 1926 жылы Чикаго университетінің профессоры Джеймс Маккинси негізін қалаған жетекші халықаралық консалтингтік компания. Hoover’s бағалауы бойынша бұл компанияның жылдық табысы шамамен 3 млрд. АҚШ долларын құрайды. Компанияның 45 елде орналасқан 83 кеңсесінде 12 700 адам, соның ішінде 6 800 кеңесші жұмыс істейді.

Зерттеу жұмыстары көрсеткеніндей, бұл сұрақтарға қарапайым жауап беру мүмкін емес. Дүниежүзінің барлық елдерінде мектеп жүйесін жетілдірудің көптеген жолдары бар. Алайда педагогикалық орта осы жолдардың қайсысының анағұрлым тиімді екеніне қатысты бір келісімге келе алмай отыр.


Сондықтан зертеушілер үшін мақсат шешуші маңызға ие факторларды анықтап, білім беру жүйесін дамытудың едәуір тиімді стратегияларын жасауға бағытталады.

Мектепте білім берудің ең үздік жүйесінің тәжірибесі келесі үш фактордың шешуші рөл атқаратынын растайды: 1) лайықты адамдар ғана мұғалім болуы керек; 2) олар оқытушылық қызметтің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін дайындықтан өтуі қажет; 3) әрбір оқушы сапалы білім алатындай жағдайды қамтамасыз ету қажет.

Мұғалім жұмысының тиімділігі туралы қолда бар мәліметерді басшылыққа алған зерттеулер жоғары білікті мұғалім сабақ беретін сынып оқушыларының біліктілігі төмен мұғалім сабақ берген оқушыларға қарағанда 3 есе тез дамығанын көрсетті.

Нашар мұғалім, әсіресе ерте мектеп жасында, оқу нәтижесіне кері әсер етеді. Англияда оқу және санау тестілері бойынша ең жақсы нәтиже көрсеткен 7 жастағы балалардың (ең үздік 20% - дың ішіндегі) нашар нәтиже көрсеткен 20% оқушыларға қарағанда университетте білім алу мүмкіндігі екі есе жоғары екені анықталды. 11 жаста үлгерімі нашар болған оқушылардың 14 жаста қажетті деңгейге (стандартты талаптарға сай) жетуге 25 пайыз ғана мүмкіндігі болады.

Мектеп жүйесінің тиімділігі жоғары Финляндия, Сингапур сияқты елдер мұғалім жұмысының сапасын арттыруға ерекше көңіл бөледі. Бұл алдыңғы қатарлы мектеп жүйелері оқыту сапасын арттыру жолында үш ұстанымда қатаң түрде ұстанады:



Мектеп жүйесінің сапасы ондағы мұғалімдердің жұмыс сапасына негізделеді. Мұғалім мамандығына лайықты кадрларды тарта білу – оқыту сапасын арттырудың шешуші шарты болып табылатынына дәлелдер көп (статистикалық та, іс жүзінде де).

Білім беру саласындағы жүздеген елдер педагогикалық мамандықтарды дайындайтын оқу орындарына ең жақсы мектеп түлектерін қабылдайды: Оңтүстік Кореяда 5%-дан, Финляндияда – 10%-дан, Сингапур мен Гонконг-те – 30%-дан. Америка Құрама Штаттарында Бостондағы Teacher

Residency, Нью-Йорк пен Чикагодағы – Teaching Fellows тәрізді беделді жоғары оқу орындарының ең жақсы түлектерін мұғалімдікке тарту үшін арнайы бағдарламалар жасалған.

Азиялық жүлдегер елдердің жастардың ең жақсы бөлігін оқытушылық қызметке тартудағы табыстарын «екі қайтара жолы болудың» нәтижесі деп айтуға болады: біріншіден, бұл елдердің мәдениетінде білім әрқашан жоғары бағаланған; екіншіден, бұл жерде дәстүрлі түрде мұғалімге конфуцийлік құрмет басым. Еуропа мен Американың мектеп жүйелері осы айтылғандардан көптеген нәрсені қабылдады. Англия бар жоғы 5 жыл уақыт ішінде мектеп мұғалімі мамандығын жоғары сынып оқушылары мен жоғары оқу орындарының 21 жас пен 36 жас аралығындағы түлектері арасында ең танымал мамандыққа айналдыра білді. Финляндия бастауыш мектеп мұғалімі мәртебесін саралап жіктелген еңбекақыны енгізу арқылы көтерді, сондай-ақ «айырмашылық» айына 100-ден артық емес еуроны құрайды.

Оңтүстік Кореяда бастауыш мектеп мұғалімі мен орта мектеп мұғалімі мәртебесінің арасында айтарлықтай айырмашылық бар және бұл айырмашылық тұтастай әрі толық түрде, кәсіби даярлау курстарында бастауыш сынып мұғалімдері үшін орын болуын өзінің қатаң бақылауына алған, үкімет саясатына негізделген.

Зерттеу нәтижелері, білім беру саласындағы саясаттың, ол жүргізілетін мәдени мәнмәтінге тәуелсіз, мұғалім мамандығының мәртебесіне елеулі әсер ететінін көрсетті.

Жақсы жұмыс істейтін барлық мектеп жүйелерінде екі әмбебап дерлік стратегия қарастырылады: мамандыққа оқыту үшін кандидаттарды іріктеудің тиімді механизмдерін қолдану және мұғалімдерге лайықты негізгі еңбекақы тағайындау. Дәл осы ерекшеліктер сапалық көрсеткіштері төмен жүйелерде көбінесе болмайды. Сонымен қатар дәл осы стратегия болашақ мұғалімдердің кәсіби қасиетіне анағұрлым маңызды әрі айқын әсер етеді.

Жүлдегер елдерде білікті мұғалім болу үшін адамның талапкерлерді мұғалім мамандығына дайындауды бастамас бұрын анықталатын, тіл және математикалық сауаттылығының жоғары жалпы деңгейі; жақсы дамыған қарым-қатынас жасау дағдысы мен жеке адамдармен өзара әрекет жасау дағдысы, оқуға дайын болуы және оқытуға деген ынтасы тәрізді мінез-құлық жиынтығына ие болуы тиіс екендігі ескеріледі.

Ең үздік жүйелерде жақсы мұғалім болуға мүмкіндігі бар ізденушілерді іріктеуге мүмкіндік беретін жоғарыда аталған дағдылар мен сипаттамаларды тестілеу шаралары жасалған. Бұл шараларды жасаушылар кадр таңдаудағы бір ғана қате шешім сапасыз оқытудың қырық жылына апарып соғатынын түсінді.

Сингапур мен Финляндия мұғалімдерді іріктеудің анағұрлым тиімді шаралары жүзеге асырылатын елдер қатарына кіреді. Бұл елдерде кандидаттардың академиялық жетістіктеріне, олардың қарым-қатынас жасау дағдысы мен мұғалім еңбегін таңдауына түрткі болған жағдайларға ерекше назар аударылады. Сингапурде Білім министрлігі мен Ұлттық білім беру институты бірігіп басқаратын, бірыңғай, жалпы ұлттық деңгейдегі орталықтандырылған іріктеу үдерісі ұйымдастырылған.

Финляндияда 2007 жылдан бастап есептеу, сауаттылық және проблемаларды шешу дағдысына арналған бірқатар емтихандар мен тестілерден тұратын іріктеу үдерісінің міндетті бірінші кезеңі жалпы ұлттық деңгейде енгізілген. Көрсеткіштері ең жоғары ізденушілер жеке университеттерде жүргізілетін, одан өту барысында коммуникативтік дағдылары, оқуға дайындығы, академиялық қабілеттілігі мен мұғалім қызметін таңдауға не түрткі болғаны анықталатын әдістемелер бойынша тест жүргізілетін екінші кезеңге өтуге рұқсат алады. Ең соңында, мұғалім курсы бітірген соң, болашақ мұғалімдер жұмысқа алушы жүргізетін тағы бір тестіден өтуі керек; бұл тест ізденушілер жұмыс істегісі келетін мектептерде өткізіледі.

Педагогикалық факультеттерге оқуға түсу бақылауға алынбаған елдерде артық кандидаттар даярлануы белең алады, бұл мұғалім кадрлардың сапасына кері әсер етеді. Бұл факультеттердің көптеген түлектері мұғалім болып жұмысқа орналаса алмауы анағұрлым қабілетті кандидаттар алдында факультеттің құнын түсіреді. Мұндай жағдайда мұғалім болып шығу үшін оқуға басқа таңдауы жоқ адамдар келеді, ал мектепті жақсы бағамен бітіргендер басқа беделді мамандықтарды таңдайды.

Педагогикалық факультеттерге оқуға түсетін студенттердің сапасы төмендеген сайын, даярлау сапасы да төмендейді, себебі білім сапасы көбінесе оқуға түскен оқушылар деңгейіне байланысты. Егер оқу орындарына мектептердегі бос қызмет орнын толтыру үшін ғана қажетті көлемде студенттер алынатын болса, онда әрбір студенттің дайындығына 3 есе көп уақыт жұмсауға болатын еді.

Елімізде білім беру саласына қатысты елеулі өзгерістер орын алуда. Соның бірі 2019 жылы қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» Заңы. Бұл Заң ұстаздардың құқығы, беделі, әлеуметтік жағдайының заңмен бекітілгендігін білдіреді. Сонымен қатар, оларға қойылатын кәсіби талаптың да арта түсетінін білдіреді. Педагог мәртебесі көтерілгендігі, болашақ педагогтерге де қойылар талапты күшейтеді. Атап айтар болсақ: Педагогикалық мамандықтарға түсу үшін шекті балл 50 баллдан 75 балға дейін көтерілді. Бұл өзгеріс педагогикалық мамандыққа мектепті үздік бітірген түлектерді қабылдауға жағдай тудырады. 2020 жылдан бастап педагогика мамандығының түлектері Ұлттық біліктілік тестілеуден өтіп, өз дағдыларын көрсету арқылы педагог-модератор біліктілігін алуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар біліктілік санаттарын растайтын педагогтер жалақының 30%-дан 50%-ға дейінгі мөлшерінде қосымша ақы алатын болады. 2021 жылдан бастап дипломға қосымша педагогикалық мамандық түлектерінің міндетті түрде біліктілік алуы енгізілді. Олар кәсіби шеберлік бойынша сертификаттаудан өтуі керек.

Алғаш рет мектепке дейінгі білім беру педагогтерін аттестаттау енгізілді, білім беру ұйымдарының директорлары мен балабақша меңгерушілерін тағайындау тәртібі өзгерді. Орта кәсіптік білім беретін колледждерге оқуға түсудің жаңа ережелері қабылданды.

Аталмыш өзгерістер «педагогикалық мамандыққа лайықты талапкерлерді таңдау керек» деген әлемдік озық тәжірибенің интеграциялануын білдіреді.

Педагог мәртебесі туралы Заңда «тәлімгерлік» ісі тәжірибеге ендірілген болатын. Бұл да әлемдегі озық елдердің тәжірибесі. Осы тұста тәлімгерлік істің Педагогикалық Ғылымдар академиясымен бірлесе отырып Түркістан облысында қатарынан екі оқу жылында (2018-2019 о.ж., 2019-2020 о.ж.) жүргізілген эксперимент барысында да сынақтан өткізіліп, оң нәтиже бергенін айтып өткім келеді. Эксперименттің мақсаты орта білім беру сапасын ғылыми негізде арттыру болатын. Бұл тақырып аясында докторлық диссертация жазылуда.

Эксперимент барысында орта білім беру сапасын арттыруда педагог кадрлардың кәсіби біліктілік сапасының маңызды рөлі ғылыми негізделді. Осы мәселе аясында бірнеше жұмыстар атқарылған. Соларға қысқаша тоқталып өтсек: Педагог кадрлардың жұмыс өтілінің түрліше болуы, экспериментке қатысқан мұғалімдердің сараланып алынбауын ескере отырып, тәжірибелі мұғалімдердің жас мұғалімдерге тәлімгер болуын ұсынған болатынбыз. Тәлімгерлік нәтижесінде мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу ісі қарқынды әрі тиімді жүрді. Тәлімгерлік нәтижесінде «Әдістемелік шеберханалар» ашылды. Тәлімгерлік топтар құрылды. Оған жарқын мысал Master Mind жедел жәрдем тобы. Әр сенбі сайын эксперимент сыныпқа сабақ беретін мұғалімдерге шығармашылық күн бекітіліп, олар өзара тәжірибе алмасатын. Соның нәтижесінде мұғалімдер арасында «Болашақ», «Өрлеу» сынды шығармашылық топтар құрылды. «Білікті ұстаз» педагогикалық қоғамдастығы жасақталды. Эксперимент барысында экспериментке қолдау көрсетуге жұмылдырылған НЗМ, ПШО, ОҚМУ тренерлері әрдайым түрлі курстар өтіп, біліктілігін арттыруға, тренингтер өтіп құзыреттіліктерін шыңдауға, ғылыми конференцияларға қатыстырып ғылыми жұмыстармен айналысуға көмектесіп отырған. Эксперимент сынып мұғалімдері ғылыми мақала жазып, ғылыми жұмыспен айналысуға ынталанғанын эксперимент барысында айқын байқадық. Тіпті ұстаздар «Мұғалімдер зертханасын» құрып, түрлі жобалармен айналысуды қолға алды. Эксперимент барысындағы ең бір тиімді жаңашылдықтардың бірі «Ақылдасу сабағы» десек артық айтпас едік. Ақылдасу сабағы мұғалімдерге бір-бірін сынамастан, өзара тәжірибе алмасу арқылы, ынтымақтастықта жұмыс жасауға жол ашатын сабақ формасы. Мұнда мұғалімдер әріптесінің сабағына сынап, мін тағу не бағалау мақсатында қатыспайды, жақсы әдісін жаңғыртып, тиімсіздігі төмен әдіс қолданған болса, оны дамытуға ақыл қосуға қатысады. Ақылдасу сабағы эксперимент барысында барлық қатысушының көңілінен шықты. Мұғалімдер ай сайын 3-4 ақылдасу сабағына қатысуға, өз сабағында да әріптестерін көруге дағдыланып қалды. Оқушы да жасқанбай, сабаққа белсенді қатысатын болды. Сабақтар өз кезегінде түрлі инновациялық әдістермен түрленді. Сабақ жоспары бірлесіп жасалып, балаларға бірдей білім беру мақсатында барынша сабақ мазмұны біркелкі құрастырылды. Өзара әріптестік көмек нәтижесінде эксперимент мектептің мұғалімдері арасында, басшылықпен де жағымды психологиялық ахуал орнады. Эксперименттік мектептерде мұғалімдерді ынталандырушы шаралардың орындалуы эксперимент бағдарламасына ендірілген негізгі міндеттердің бірі болатын. Мұғалімдер әр кез қызметіне байланысты алғыс хат, мақтау қағаздарымен марапатталып тұрды. Сонымен қатар, мол қолдауға ие болды деп айта аламыз. Эксперимент барысы қызығы мен шыжығы көп керемет кезеңдерді қамтыды. Экспериментке қатысушылар да ұйымдастырушы, біздер, секілді сол кездерді сағынады деп ойлаймыз.

Эксперимент неге қызықты? Себебі ол ерекше эксперимент, мектеп қабырғасында өткен эксперимент, баланы да, ата-ана, ұстаз, басшы, әдіскер, білім бөлімі, тренерлер мен коучтер, ғалымдарды бірлестірген эксперимент болды.

Бұл мақала мектептің маңызын суреттей отырып, ондағы маңызды тұлға мұғалімнің кәсіби біліктілігінің маңызды рөлін негіздеуге арналған. Әрі мақала «Қайнар орта мектебіне 100 жыл: ауыл мектебінің өзекті мәселелері мен даму келешегі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция аясында жазылуда.

Қайнар мектебі қазақтың әрбір қара мектебіндей қасиетті, әрі қазақтың әрбір мектебінен бір төбе биік тұратындай дара дер едім. Себебі бұл мектепте менің ғылыми жетекшім білім алған. Бүгінгі таңда бала болашағының кепілі деп білетін білімнің әрбір кемшіл тұсын жөнге келтіруге, білім беру сапасын арттыруға, ондағы оқулық сапасын дамытуға, әлем елдерінің білім беру жүйесін талмай зерттеп, қайтсем еліміздің білім беру жүйесі алдыңғы қатарда болады, қайтсек біздің қазақ баласы оқ бойы озық болып, білімнің шыңына шығады деп әр күнін талмай еңбек етуге арнаған академик, ғалым, ұстаз Құсайынов Асқарбек Қабыкенұлы дәл осы Қайнар мектебінде он жыл білім нәрімен сусындаған. Қайнар мектебінің тарихына көз жүгіртсек, қара шаңырақтан көптеген ұлы тұлғалар түлеп ұшқан. Бұл мектептің қуанышы, елдің мақтанышы. Қайнар мектебінің ұжымын, ондағы жанкешті ұстаздарды мерейлі күнмен құттықтай отырып, шығармашылық табыстар тілеймін!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы / А.Қ. Құсайынов. – Алматы, 2013. – 196 б.
2. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.
3. Білім сапасын ғылыми негізде көтеру: Түркістан облысында жүргізілген экспериментке қатысушылардың мақалалар жинағы / Ғылыми жетекшісі: А. Құсайынов; Жалпы редакциясын басқарған: М.Н.Атем; Құраст.: Қасымбаева Б.Ш., Тұрғанова А.Ж., Ембай Д.П., Ұябаева Н., Абдукаримов Б.А., Жеткерова М.Б., Джасанова А.Д. – Алматы: ПҒА, 2020. – 240 б.-қазақ тілінде
4. Құсайынов А.Қ. Алғы сөз // Білім сапасын ғылыми негізде көтеру: Түркістан облысы Ордабасы және Төлеби ауд. 2018-2019 о.ж. жүргізілген эксперименттің қорытынды есептер жинағы. – Алматы: ПҒА, 2019. – 264 б.
5. Құсайынов А.Қ. Түркістан облысында білім сапасын ғылыми негізде көтеру мақсатында өткізілетін эксперименттердің тұжырымдамасы. – Түркістан, 2019. – 16 б.

ҒТАХР: 14.25.05

Л.А. Әбіш

Абай облысы Семей қаласы, Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ОТАНШЫЛДЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Жас ұрпақ – біздің өмірімізді жалғастырушы ғана емес, еліміздің мызғымас болашағы. Жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім, толеранттылық тәрбие өз-өзінен қалыптаспайды, ол оқу-тәрбие үдерісінде мемлекеттік саясат негізінде жүргізілуі керектігін бүгінгі заманның өзі талап етіп отыр. Оқушыларды елжандылыққа, шыдамдылыққа, өз Отанының адал азаматы болуға, ұлттық, халықтық тұрғыда тәрбиелеудің маңызы зор. Алайда әр қоғамның өз ерекшелігі бар, діни, тарихи қасиеттерге ие. Ал енді бұны кімде-кім түсінбесе, жақындық және рухани тұрғыда өз халқының мәдени кейпінде болмаса, онда ол өз тамырын ғана жоғалтып қоймайды, сонымен бірге одан кез келген басқа мәдениет теріс айналады. Бұл – тура мағынасындағы мәңгірттікке бастайтын тура жол»,- деп, қоғам үшін де, ұлт үшін де аса маңызды мәселе жөнінде орнықты пікір айтты. Бұл – бүгінгі күнде өз тәуелсіздігіне қол жеткізген Қазақстан үшін өз келбетінен айырылып қалмау мақсатындағы өзекті де өткір пікір. Қазақстанның мектеп оқушыларына этностық ерекшеліктерімізді, халқымыздың тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұл-қыздарының ерлік істерін насихаттау жастарды патриоттыққа, толеранттылыққа тәрбиелеудің жолы болып табылады.

Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, "ұлтжандылық", отансүйгіштік", "патриотизм", ұғымдары сол заманның ақиқаты – наным – сенімінен туындайды. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы – қазақстандық патриотизм болды. "Қазақстандық патриотизм" ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүзден

аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді. Патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, мектеп оқушыларының бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын дарыту қажет.

«Жаңа қазақстандық патриотизм» ұғымы Елбасының Қазақстан халқына соңғы Жолдауынан кейін ел жұртшылығына мәлім бола бастады. Осы орайда жасөспірімдердің ойын білу мақсатында жағдаяттарды шешу ұйымдастырсақ.

Жағдаяттар шешу:

* Жалпы патриоттық дегеніміз не.

* Қазір бізде патриоттар бар ма?

* Біз өз елімізді қаптаған патриот азаматтар қалқанымен сақтап отырмыз деп нық сеніммен, тайға таңба басқандай айқындықпен айта аламыз ба?

* Біз өскелең ұрпағымыздың нағыз елі мен жеріне адал қызмет ететін азаматтар дайындап жатырмыз ба?

(Оқушылар нақты өмірлік жағдаяттарды бағалай білу қабілеттерін дамытуға, өзінің ойы мен ісіне, әрекеттеріне жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал ететін әдістемелік тәсіл арқылы жасөспірімдердің ойымен бөлісе аламыз)

Орта буын оқушыларының бойында рухани-азаматты тәрбиені қалыптастыру жолдары. Рухани-азаматтық тәрбие сәбидің бойында ең алдымен, анасына, өз отбасына, үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға өскен сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бүкіл ғұмырына жалғасып жатады. Мектеп қабырғасынан бастап, рухани адамгершілігі мол азаматты тәрбиелеу жұмысы өз алдына қандай міндеттер қоя алады? **Оқушылармен пікір алмасу**

- Мемлекеттік тілді оқыту;
- Ұлттық мәдени мұраны игеру;
- Қазақстан Республикасы рәміздерін құрметтеу;
- Қазақ халқының тарихын терең меңгеру;
- Салт-дәстүрлерді қастерлеу, мәдени рәсімдерді орындай білу.
- Осы міндеттер жалпы адамзаттық және ұлттық мәдениетті бойына сіңіребілген рухы биік,

жігерлі, нағыз отан сүйгіш білімгер тәрбиелеудің жаңа жүйесін қалыптастыру мақсатына бағытталған.

Елбасы өзінің Қазақстан Халқына Жолдауында «Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі» дей келе, «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтанш сезімін ұялатады» дегенді шегелеп тұрып айтқан болатын. «Отан – отбасыдан басталады» дейтін дана халқымыздың сөзіне еш шүбә келтірместен, елін сүйген баланы тәрбиелеп шығару үшін, Отанның қадірін туғаннан бастап бала санасына сіңіруіміздің қажеттілігін айқындау – уақыт талабы болып отыр. Сондықтан, Отанды сүюді қалыптастыру әр баланың отбасынан да, уақытының көбін өткізетін мектеп керегесінен де басталады. Сондықтан да жас ұрпақты Қазақстандық патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу басты парызымыз.

Ал «толеранттық» деген атауы халықаралық термин сөз болғанымен, мазмұн-мағынасы қазақтың төл сөзі – кәдімгі төзімділік дегеннің баламасы. Ол қарапайым тұрмыста көршінің көршіге деген төзімділігінен бастап, кең ауқымда мәдениеттер арасындағы, діни конфессиялар арасындағы, ұлттар, ұлыстар, тілдер арасындағы өзара төзімділікті, ымыраласуды білдіреді. Толеранттық яғни өзінен өзгенің айырмашылықтарын мойындау, сыйлау; өзінен өзге сенімдегі, көзқарастағы, мінез-құлықтағы басқаның құқын мойындау арқылы қақтығыстардың шешімін табу мүмкіндігін іздестіруге апаратын адамның күнделікті тұрмыста басшылыққа алып отыратын өнегелік жүріс-тұрыс ережесі. Көбіне толеранттық ретінде өзгелердің кемшілігіне кешіріммен қарау, төзе білу, басқаны қабылдай білу түсініледі. Толеранттылықты қалыптастыру күрделі үрдіс. Мұнда да мектеп психологы мен сынып жетекшінің көмегінің болмайды. Ең алдымен психологтың көмегіне жүгінеріміз анық. Яғни тұлғаның толеранттылық деңгейін диагностикалаусыз оны қалыптастыру жұмысын жоспарлау мүмкін емес. Сондықтан психолог түрлі әдістерді пайдалана отырып тұлға толеранттылығының қалыптасу деңгейін анықтап беруі шарт. Және де толеранттылық принциптеріне негізделген білімділікке айрықша көңіл бөлінуі қажет. Оқушының толерантты ақыл-есі өзінің ұлттық, халықтық

мәдениетін уағыздай алу үрдісінде және басқа да этностар мен халықтардың мәдениетінің даму және жүру құқығын мойындау үрдісінде қалыптасады. Оның кең көлемде болуы балалардың біртекті этникалық ортада, мемлекеттік тілде оқытатын мектептерде дамып және өсуіне тәуелді. Әрбір ата-ана өз балаларының тұңғыш тәрбиешілері. Бала- ата –ананың адамгершілік өмірінің айнасы. Адамгершілік қасиет отбасы мүшелерінің бірін – бірі қадірлеуінен, олардың өзара бірлігі мен түсінушілігінен, ата-ана мен балалар арасындағы мейрімді, қарым-қатынастың қатынасуынан, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді толып жатқан жазылмаған заңдылықтар арқылы көрініс табады. Баланың жаны мен тәні таза, рухани бай, дені сау етіп өсірумен бірге еңбекке деген сүйіспеншілікке, ұлтжандылыққа, адалдыққа, жинақылыққа баулып өсіріу шарт. Осы тамаша қасиеттердің бәрін ата – ана бойынан тауып, соған еліктеп өссе және әрбір ата – ана баласының жүрегіне жол тауып, оның өміріндегі шынайы досына айналса, тер төккен еңбегінің жанғаны. Ал мектеп баланы болашаққа дайындап, келешек өмірін қай бағытпен жүрсе дұрыс екенін, өзідерінің керекті, бейім мамандық таңдауға жол, бағыт беретін ұя. Отбасынан кейінгі, үйміз мектеп осы мектепте, отбасының тәрбие бағыт беріп келген жерінен бастап, сол тәлім – тәрбиені, бағыт беруші. Мектеп пен отбасы арасында саналы да тәрбиелі бала тәрбиелеу үшін өте тығыз байланыста болуы керек. Бірлік арқылы біз көздеген мақсатымызға жетеміз. Және де адамға тән жақсы қасиеттердің бәрі бойына алған саналы ұрпақ тәрбиелеп шығарамыз. Толеранттылыққа тәрбиелеу ең бірінші отбасынан басталады. Отбасы жас ұрпақтарды жеке тұлға ретінде қалыптастырудың қайнар бастауы. Бала үшін отбасы бір жағынан – тіршілік қоршауы болса, екінші жағынан – тәрбиелік орта. Отбасындағы қарым-қатынастың дұрыс болып қалыптаспауы мұғалімдерді де, ата-аналарды да ойландыратын ортақ мәселелер. Қазіргі ғалымдар отбасындағы қарым-қатынасты ерлі зайыптылар арасындағы қарым-қатынас, орта буын мен аға буын арасындағы қарым-қатынас, әке-шеше мен бала арасындағы қарым-қатынас, ынтымақтастық қарым қатынас деп қарастырады. Соның ішінде ынтымақтастық – идеалды қатынас түрі, балаға деген сүйіспеншілік, баланы түсіну, құрмет көрсету талап бірлігімен ұштасады.

Ынтымақтастық толеранттылыққа тәрбиелеудің ең қолайлы қатынас түрі болып саналады. Сондықтан толеранттылыққа тәрбиелеу әрбір отбасында өз бастауын алуы бүгінде басты мәселеге айналуы тиіс. Балалар бір – біріне қаншалықты ұқсамайтын болса, әке мен шеше де бір – біріне соншалықты ұқсас емес. Баламен қарым – қатынас та терең индивидуалды және бір – біріне ұқсамайтын болып келеді. Педагог ата-ананы қайта тәрбиелей алмайды, бірақ ата-анамен бала арасындағы өзара қатынасқа әсер ете алады және де арнайы жұмыс негізінде баланың өзгелерге деген қатынасын түзетуге болады. Отбасындағы психологиялық саулық сақталмай, кикілжіңнің, зорлық-зомбылықтың әсерінен балалар бойында жағымсыз сезімдер мен эмоциялар туындайды. Отбасы балаға адамдармен өзара әрекеттесуге қатысты маңызды тәжірибе береді, мұнда ол қарым-қатынас жасауға, басқаларды тыңдауға және олардың көзқарастарын сыйлауға, туған туысқандарына шыдамдылықпен қарауға үйренеді. Ата-ана – толеранттылықтың үлгісі бола білу керек. Толерантты мінез-құлықтың тәжірибесін меңгеру кезінде ата-анамен туыстардың берген үлгілері үлкен мәнге ие. Ең негізгісі бұл бала бойында толеранттылықтың қалыптасуына отбасындағы қарым-қатынас, ата-аналар мен туысқандар арасындағы әрекет жасау стилі жатады.

Қазақстандық патриотизмнің қайнар көзі халықтың береке – бірлігінде, ынтымақ ықылдасында, елдігімен – ерлігінде екендігіне ешкімнің дауы бола қоймас. Қазақстандық патриотизм қоғамды топтастырудың жетекші факторы болып қала береді. Мемлекетіміздің беріктігі мен күш-қуаты, өміршеңдігі де, оның ұлан байтағының біртұтастығы да Отанды сүйуге, патриотизмге байланысты. Жас ұрпақтың төл мәдениетінен нәр алуы ұлттық фольклорымен тығыз байланысты. Халықтық құндылықтарға сүйене отырып, елдікке, ерлікке, азаматтыққы тәрбиелеудегі өлең-жырлар, мақал-мәтелдермен, ойын түрде әсері ұтымды болатындай әдіс-тәсілдер арқылы жасөспірімдермен жұмыстар жүргізу керек.

Қазақстан Республикасының 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасының негізгі мақсаты – білім берудің барлық деңгейінде қоғамның жаңа талаптарына сай келетін білімді, кәсіби біліктілігі жоғары тұлғаларды тәрбиелеуге қол жеткізетін, сапалы, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұл мақсатқа жету жолдарының бірі – біртұтас педагогикалық процесс кезінде оқушылар бойында өзгермелі өмірде қорықпай еркін өмір сүре алатын білімі білігіне сай келетін бағдар таңдап ала алатын, адамгершілігі жоғары, өз елін, отанын сүйетін саналы азамат болып қалыптасуына бағдар беру, Отанына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселесі- бүгінгі күннің білім беру жүйесі алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі.

Халқымыздың отансүйгіштік, патриоттық туралы ұлттық мұрасының даму тарихына үңілетін болсақ, XV-XVII ғасырлардағы Асан қайғы бастаған, Ақтанберді, Шалкиіз, Бұхар, Махамбет т.б. ақын – жыраулардың поэзияларындағы тәлімгерлік ой-пікірлерінен көреміз.

Жалпы ұрпақ тәрбиесінде ұлттық ерекшеліктерде, халықтық педагогика құндылықтарын ескере отырып тәрбиелеудің тұтас жүйесін жасауда өткен ғасырдағы көрнекті ағартушы – педагогтардың, соның ішінде Ш. Уалихановтың, А. Құнанбаевтың, Ы. Алтынсариннің, М. Жұмабаевтың және т.б. да маңызды ой-пікірлері, отансүйгіштік, патриоттық туралы қағидалары қазіргі кезде өз жалғасын табуда.

«Адамға ең бірінші тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім-азаматтың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», – депті Әл-Фараби бабамыз. Осыдан өз тағдырын өзі шешуге қолы енді жеткен халқымызға ұлттық рухани болмысты дұрыс қалыптастыру аса қажет екендігін байқаймыз. Негізгі білім мектепте болғандықтан, жастайынан халықтың тарихи-этникалық мұрасын, ұлтының әдет-ғұрып өнегесін, салтын сақтауға, саналы көзқарасын қалыптастыруға, ұлттық мақтанышын туғызуға оқушыларды жасынан тәрбиелеу мектеп саласымен айналысатын педагогтардың міндеті болмақ.

Жоғарыда айтқанымдай баланы тәрбиелеудегі іс-шаралар отбасынан басталып мектепте жалғасын тауып отырса, онда әлемде, мемлекетте, ұлттар, адамдар арасында түсінушілік, мейірімділік, достық, төзімділік қасиеттері жетіліп, ал шиеленістер болған жағдайда дұрыс шешімі табылып, сыйластық қарым-қатынас орнары сөзсіз. Сонда ғана әлемдегі барлық халықтар татулықта, бейбітшілікте өмір сүре алады.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, отбасында оқушыларды толеранттылыққа тәрбиелеудің қажеттілігі бүгінгі күнде шешімін қажет ететін өзекті мәселелердің бірі екенін дәлелдеп отыр.

Қазақ халқының өткені мен бүгінін таразыға сала отырып, келешегіне отаншылдық туын арқау еткен асқақ, жандары таза жас ұрпақты тәрбиелеу мен қасиетті отанның қадірін ұғындыру, ар, намыс, ождан сөздерін ұлт, атамекен, халық сияқты киелі түсініктермен байланыстыру арқылы болашаққа бағыт сілтеу әрбір ата-ана мен ұстаздың міндеті және басты борышы.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім берудегі дамыту Тұжырымдамасы
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 27.01.2012.
3. Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2006.
4. Т.Р.Шаймерденов. Тәрбие тағылымы. Павлодар, 2002.
5. Қазақстан мектебі-ғылыми-педагогикалық журнал, № 9, – 2003. – № 5-6, – № 9-10, № 11-12, – 2005.
6. Ю.П. Азаров. Отбасы педагогикасы. – Москва, 1985.
7. В.А. Сухомлинский. Ата-ана педагогикасы. – Алматы, 1983.
8. Қ. Жарыңбаев, С. Қалиев. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 1995.
9. К.Ж. Қожахметова. Сынып жетекшісі. – Алматы: Әлем, 2000.

ҒТАХР: 14.07.07

А.М. Бакирова

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
BINOM school – Ұлы дала мектеп-лицейі, Астана қаласы

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Кіріспе

Қазіргі таңда педагогика саласының мамандары өз тәжірибелерінде ел өркениеті үшін аянбай қызмет ететін, алған білімі мен қабілетін ұлтының төл құндылықтарын насихаттауға, өзі өмір сүретін қоғам пайдасына қолдана алатын тұлғаны тәрбиелеу – педагогиканың айнымас ұстанымы болуы тиіс. Жаһандану үдерісінде кез келген ұлт пен ұлыс өзінің ұлттық құндылығын жоғалтпауды көздесе, қазақ халқы да көнеден қанға сіңіп, қалыптасқан ұлттық құндылығын өсіп келе жатқан ұрпақ бойына сіңіру арқылы бар болмысын сақтап қала алады. Ал ол келешек ұрпақты тәрбиелеу ең бірінші – ата-ана міндеті, себебі отбасында бойына сіңірген құндылықтар баланың болашақ өмірінде үнемі сүйемелдеп, сүрінбеуге сеп болады. Екіншіден, ұлттық құндылықты дәріштеп қана қоймай, білім бағдарламаларына енгізетін, күнделікті сабағының алтын қазығына айналдырар – педагог қауымы. Педагогтардың алдында тұрған ұлы міндет – оқу бағдарламалары мен білім мазмұны негізінде

баланың ұлттық танымын кеңейтетін, ұлттық сана-сезімін жанып отыратын, туған тілін туған анасынан кем сүймейтін, елжанды, өз бойынан қазақ халқына тән ерекшеліктерді танитын, өз халқының данагөйлерінің үлгісі мен өнегесін берік ұстанатын, бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелеу міндеті Олай болса, еліміздегі білім бейнесі осыдан бастау алып, ел болашағы балаларымыздың ұлттық болмысын қалыптастыру үшін қызмет қылу керек.

Өз тәжірибем сүйене отырып, оқушыға ұлттық тәлім-тәрбие беруді оқытудағы тиімді тәсілдерді түрлендіру арқылы мақсатты түрде қол жеткізуге болатынымен бөліскім келеді. Тіл және әдебиет сабақтарында оқушыларды халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу олардың пәнге, өз ұлтына деген махаббаты, елжандылық іспетті қасиетті қалыптастыруға септігін тигізеді. Ұлтымыздың көне замандардан келе жатқан ұлттық құндылықтарын дәріптеп, білім мен ізденіске ден қоймайынша оқыту мен тәрбиені бірге ұштастыру, ықпалдастыру мүмкін болмайтынын педагогтер ескерген жөн. Тәуелсіз еліміздің тұғырлы болуы үшін, дамуы мен қалыптасуында сан түрлі қажеттіліктерге сәйкес ұлы мақсаттар айқындалып отыр. Ең бастысы – ел тұғырын берік ұстап, көркейту мен дамыту жолында аянбайтын нағыз елжанды ұрпақ даярлау.

Осы тұрғыда ұлттық құндылықтарымыз бен қазіргі сабақтарда қолданып жүрген жаңа технологиялар мен тиімді тәсілдерді қазақ тілі мен әдебиеті сабағында падалану арқылы оң нәтижеге қол жеткізуге болады. Ұлттық құндылықты бала бойына дарытатын жүйелі жұмысты жүргізуге ниетті, міндетті мұғалімнің бойынан ең алдымен елжандылықтың биік белгілері айқын байқалып тұруы тиіс. Сонымен қатар, Қазақстан үшін білім мазмұнын жаңартуда өркениет талаптарынан қалыс қалмай, жаңашыл педагогикалық технология мен қызметтің әлемдік деңгейін қамтамасыз ете отырып, оны халқымыздың ұлттық құндылықтарымен ұштастыра отырып тәрбиелейтін бірыңғай ұлттық білім жүйесін қалыптастыру – дәл қазіргі таңда кезек күттірмейтін маңызды мәселе.

Қазақ халқының ұрпақ алдындағы міндетін ешқашан естен шығармай, ғасырдан-ғасырға ұлт қасиеті мен санасын әдемі салт-дәстүрі, өнегеге толы әдет-ғұрпымен, үлгі болған жөн жоралғыларымен, әдепті ырым, тиымдарымен ұлағатты ұл, инабатты қыз өсіргені тарихтан белгілі. Әлеуметтік өмірі ментанымына, тұрмыс-тіршілігіне сай қалыптасқан бұл үрдіс бұлжытпай орындайтын заң тұрғысында қабылданып, баланы жас кезінен иманды, көрегенді болуға тәрбиелегенін көреміз. Яғни, әрбір жасқа ұлттық тәрбие мен ұлттық таным әрқашан серік болса, сонда ғана олардың ата-баба үмітін ақтағаны, ұрпақжалғастығы болары сөзсіз.

Әр пәннің өзіндік ерекшелігі бар екенін ескерсек, әдебиет пәнінің өнердің, шығармашылыққа баулитын, жан-жақты терең ойлантудың пәні дер едім. Ең бастысы, әдебиеттің басқа пәннен айырмашылығы – дәлелденген ешқандай заңдылық пен формулалар жүйесі, айнымас ережелердің жоқтығы. Бұл пән оқушыларға әдебиетті терең тануға, сөз маржандарының қыр-сырын түсінуге ғана бағыттап қоймайды, өмірдің ең қымбаттысы, асылы жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді. Адам бойындағы асқақ арман, әдемі сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді мөлдір сезімдер мен адамгершілік қасиеттер туралы сырласу сабағы десек те болады әдебиетті. Пән арқылы оқушылардың рухани жан дүниесі байып қана қоймайды, ана тілін сүюден адамзатты құрметтеуге дейінгі асыл қасиеттерді қалыптастырады. Жас жеткіншек алдында елінің тарихы, оның сан ғасырлар қойнауында қалған сөз сыры ашылады, халық даналығы мен өсиеттерінен нәр алып, кітап оқуға ден қойып, ұлтының рухани байлығын жан-жақты игеріп, имандылыққа, парасттылыққа, сұлулыққа тәрбиеленеді. Сөз өнері-жан дүниені, он екі мүшені алпыс екі тамырды түгелдей жайлап, ешқашан көзге көрінбейтін сезім қылдарын шертіп, ақыл иесі адамды өз ырқына жетелеп әкететін қасиетті әлем екенін ескерсек, осы пән арқылы оқушы бойына ұлттық құндылықтың алтын дінгегін егіп, оны үнемі жетілдіріп отыру – мұғалімнің шеберлігі. Әдебиеттен дәріс беретін мұғалім еңбегі жер астынан асыл кен іздеген археологқа пара-пар не болмаса адам ағзасынан ауруын тауып, тануға бүкіл ғұмыры мен тәжірибесін жұмсаған дәрігермен тағдырлас. Сол себепті де мұғалім әр өтетін шығармадан шәкіртінің жанына нұр беретін жақсылық нышандарын туғызар дүниелерге мән беруі керек. Сөз өнерінің құнарлы нәрін, құдіретін, эстетикалық, эмоциялық күш қуатын оқушы санасына сиқырлы әсер ететін мұғалім шеберлігі ғана.

Қазақ әдебиетіндегі кез келген шығармада ұлтымыздың тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, танымы, жалпы ұлттық құндылығы жатыр. Сондықтан әр сабақты түрлендіріп өткізіп, ұлттық құндылықты заманауи тұрғыда талдау, салыстыруды мақсат етсе, ондай оқытушы ата-баба алдындағы перзенттік парызы мен ұрпақ алдындағы міндетін толық өтеген болып есептелер еді.

Оқыту үдерісінде қазақ әдебиетін ұлттық құндылық ретінде танытуды әр сабағыма арқау етемін. Сондай бір сәтті шыққан тақырып, Б. Момышұлының

«Ұшқан ұя» шығармасы. Бағдарламадағы бұл тақырып жақындағанда, сабақты қандай формада өткізсем, қандай тиімді тәсілдерді қолдансам, оқушы санасына ұлттық құндылықты сіңіре

аламын деген ойлар әрине мазалады, көп іздендім. Бір

45 минутқа жоспарланатын сабақта шәкірттеріме көп дүниені танытып, жүректерінде еліне деген шексіз махаббатты, жалпы ұлтына тән құндылықты сезіндіріп қана қоймай, намысы мен жігерін жанатын жұмыстарды жинақтауға тырыстым.

Әдеби шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру – сабақтың мақсаты етіліп таңдалды. Сабақтың ұйымдастыру кезеңінен бастап соңына дейін ұлттық құндылықпен байланысты оқушының санасын жаңғыртып отыратындай әрекеттер мен тәсілдер таңдалды. «Миға шабуыл» ретінде берілген бейнежазба арқылы жалпы ұлтымызға тән қандай құндылықтар бар екені, оның тек қазақ халқына ғана тән, меншікті құбылыс екенін түсініп, тыңдалым тапсырмасы ретінде «Екі жақты күнделік» толтырды, онда шығармадағы құндылық және оған өзіндік көзқарасын жазу тапсырылды. Бұл тапсырманы оқушылар аса бір ынтымақтаумен орындады, «Ұшқан ұя» шығармасымен алдын ала танысып келгендіктен, шығармадағы құндылықтарды ажырату олар үшін қиынға соқпады. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма ретінде алдын ала құрылған топтарға төмендегідей тапсырмалар ұсынылды: «Бата беру, «Әке өнегесі», «Отбасы-өнегемектебі», «Отбасындағы қыз баланың орны», «Бесік жыры», «Әже ертегісі». Аталмыш тақырыптарды шығарманың қай тұсында кездестірді және қандай дәлелдемелер мен себептер, қорытынды ой түйінін жасауға болатынын ПОПС формуласы арқылы жүйелеп, ортаға салды. Осы тапсырмалардың бірінде Ә есімді оқушым төмендегідей пікір білдірді: «Қазіргі таңда ата-бабамыздан мұра болып қалған ұлттық құндылығымыздан айырылып қаламыз-ау деген қорқыныштың туындауына Бауыржан Момышұлының Қызтумас әжесі сияқты әжелердің азайып бара жатуы себеп. Оған дәлел ретінде баласына «Бесік жырын» айтпайтын ана мен өсіп келе жатқан жеткіншекті ертегі арқылы тәрбиелейтін әжелердің өкінішке орай сиреп кеткенін айтты. Мысалы, Бауыржанның әжесінің батырлар туралы үнемі айтатын ертегісінің арқасында ол батыр болды. Ертегісіз өскен балалардың арқасында ерлеріміз ұсақталып бара жатыр. Бала үшін отбасында берілетін тәрбиенің маңызды екені, өз отбасында алған құндылықтың өміріне азық болады» деп ой өрді. Ал Б есімді оқушым «Әке өнегесі» тақырыбын талдауда мынадай пікір білдірді: «Отбасында әр мүшесінің рөлі болған бұрын қазақ халқының салт-дәстүрінде. Қазіргі кезде бұл рөлдердің ауысып кетуіне қоғам емес, адамдар кінәлі деп танымын. Мысалы. «Ұшқан ұя» шығармасында әкенің қатал тәрбиесі Бауыржанның нағыз ер болып өсуіне сеп болды. Бала кезден үлкенді сыйлау, сәлемдесу, кішіпейіл, бір сөзді болуға тәрбиелеген әкесі еді». Тағы бір А есімді оқушымның пікірімен бөліссем:

«Отбасы өнеге мектебі» дегенді мен былай түсінемін, әр отбасының қалыптасқан құндылықтары болады. Сол арқылы балаларын кішкене кезден өз ұлтының құндылығымен байланыстыра отырып тәрбиелесе жөн болады. Дәл қазір ата-аналар отбасын асырау үшін бірнеше жұмыс жасауға мәжбүр, сол себепті балаларымен жақын сөйлеспейді, олардың жан дүниесіне үнілмейді. Үнемі табыс қуалаған соң, соны көріп өскен баласы да рухани құндылықтан гөриматериалдық құндылықты бірінші кезекке қояды. Бұның арты оның өмірде дос, кейін жар таңдауына кедергі жасайды. Себебі, қазір барлық жастар үйленбес бұрын материалдық құндылық қуалайды, отбасын құруға асықпайды. Ал материалдық құндылықты көздеген отбасы – ұлттың қасіреті», – деді. Бұл тапсырмаларды жоспарлаған кезде тақырыптың ашылуы мен мақсатқа жетуді көздегенім рас мұғалім ретінде, бірақ шәкірттерімнің идеясында, ойлау өрісінің кеңістігінің шексіз екені қуантты.

Сабақтың келесі кезеңінде «Ойлаудың алты қалпағы» әдісін алдым. Бұл әдісті түрлендіріп, әр сабағымда қолдану дәстүрге айналған. Алты қалпақ арқылы төмендегідей тапсырмалар ұсындым:

1. Ақ қалпақ – фактілер. «Ұшқан ұяда» көрсетілген тарихи оқиғалар қай жерде, қай кезеңде болғандығын айтады. Шығармада қандай тарихи тұлғақатысқандығын үзінді келтіріп, дәлелдейді.

2. Қызыл қалпақ – сезім мен түйсік. Кейіпкерлердің ішкі тебіреніс, мінез-құлықтарына психологиялық талдау жасайды. Шығармадан үзінді келтіру керек.

3. Сары қалпақ – позитив. Автордың шығарманы жазудағы идеясын түсініп, идеясына оптимистік тұрғыдан баға береді. Ұлттық құндылықтарды, рухани байлықты насихаттағанының дәлелмен көрсетеді. Олардың қоғамға пайдасы туралы түсіндіреді.

4. Қара қалпақ – негатив. Сол уақыттағы заман көрінісіне қазіргі уақытпен салыстырмалы түрде талдау жасайды. Шығармада жазылған тарихи кезеңдердің (ашаршылық, ұлт азаттық көтеріліс) зардаптарын көрсете отырып, қазіргі бейбіт замандағы материалдық, рухани құндылықтарға баға береді.

5. Жасыл қалпақ – жаңа идея. Шығармада сөз болған аңыз-әңгімелер, ертегілер, тазалық, турашылдық, еңбексүйгіштік мәнін түсініп, жаңа креативті ойларын жазады.

6. Көк қалпақ – қорытындылаушы. Айтылған ойларға сараптама жасай келе, «Қалпақтар өз

ұстанымдарын толықтай аша алды ма?» деген сұраққа жауап іздейді. Материалдық құндылық пен рухани құндылықты ажыратуға басқа қалпақтардың ойлары көмектесті ме?

Аталмыш тапсырмалардың оқушылардың бүгінгі сабақтан алған ұлттық құндылықтар туралы білімдерін жинақтауға, ой түйюге, өз көзқарастарын креативті жеткізе білуге пайдалы болды.

Білім беру үдерісінде қазақ әдебиетін ұлттық құндылық ретінде таныта білу – мұғалім міндеті. Әдебиетті ұлттық құндылық ретінде таныта білу барысында мұғалім әр көркем шығарманың ерекшелігін саралай отырып, көркем сөз құдіретін түсіне білуге, әрбір туынды негізінде келелі мәселерді аңғарта білуге баулиды. Ұлттық тәрбие арқылы білім беру бүгінгі таңда қоғамдабелең алып отырған күрмеуі мол мәселелерді: ана тілін құрметтемейтін, ата-баба тарихынан хабарсыз, ұлттық салт-дәрстүрін білмейтін жеткіншектер, тастанды балалар мен жетім дер, қарттар үйіндегі қариялар, жаман әдеттерге әуес, нашақорлыққа салынған жастарды болдырмаудың алдын алу жолы десек артық айтқандық емес. Сабақ жоспарлауда бір сарындылық баланың пәнге деген қызығушылығын төмендететінін ескерсек, пәндерді оқытуда педагогтар жаңашылдыққа сүйене отырып, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беруді, үнемі насихаттап отыруды дағдыға айналдыруы, жадынан шығармауы тиіс.

Қазіргі таңда білім беру саласының жағдайы ұлттық рухтағы адами құндылықтарды жаңғырта отырып, оқытуды қажетсінеді. Өзімен үзеңгілес елдермен дамыған озық елдер сабынан қалмау үшін де ұлттық білім жүйесінің жағдайын жақсарту арқылы техникалық, ақпараттық қамтамасыз етудің әлемдік деңгейіне қол жеткізуге болады. Әлем әдебиетінің ХХІ ғасырда ұсынып отырған құндылықтары – адам құқықтары, демократия, толеранттылық, орынқты даму. Жапония, Оңтүстік Корея, Кувейт сынды елдердің мәдени сабақтастыққа негізделген тарихи тәжірибесі дәстүрлі құндылықтармен қоғам талабына сай жаңашылдықтарды үйлесімді біріктірудің өркениетке жету жолының мол мүмкіндігін көрсетеді. Осы тұрғыда қазақ қалқының мыңжылдық көшіне қосатын ұлттық құндылықтары жеткілікті.

Педагог кадрлар кез келген сабақты халық даналығымен ұштастырып, сөз зергерлерінің өсиет сөздері мен классик ақын-жазушыларымыздың, ұлы тұлғаларымыздың қанатты сөздерін ұлттық санамызбен тығыз байланыстыра отырып оқытуға баса мән берегн жөн. Әр ұстаз өзі өтетін сабақты қазіргі заман алабына сәйкес қазақтың этнопедагогикасын тәрбиемен ұштастыра білім берсе, елжанды, ұлттық рухы қалыптасқан өскелең ұрпақты даярлап шығара алмақ. Ата-бабамыздың ұлт болашағына ертеден мән беріп, алаңдауы, оған айрықша мән беріп, тәрбиемен байланыстыруын үлгі етіп, бала бойына білім нәрімен сіңіре алсақ ұстаздардың ұтары көп.

Кез келген ұлттың болмысының кемелденуіне, рухани дамуына, әдеби, мәдени дамуына оң ықпал ететін негізгі тірек – ұлттық мектеп. Ал, ұлттық тіл мен әдебиет – халқымыздың өзіндік ой-санасы мен парасат-пайымын, тұтас болмысын ұрпақтан-ұрпаққа ұран етуші күретамыр.

Сөз соңында, біз тәрбиелеп отырған әр оқушы болашақта жеке тұлға болыпқалыптасып, білімді, іскер, ұлттық рухты бойына сіңірген, ұлттық болмысы шыңдалған, жаһандану дәуірінде білімімен еркін жүзетін жан болуы тиіс. Шығыс даналығына сүйене отырып, сөз етсек: «Біліммен қарулану – батырлық,білімді жетілдіру – даналық, ал оны тиімді қолдану – іскерліктің жоғарғы деңгейі».

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бағзыбекова Н. Білім сапасын арттырудың алғы шарттары //«Қазақстан мектебі» – № 10, – 2013 жыл.
2. Рахиева С. Инновациялық тәсілдер негізінде //«Қазақстан мектебі» – № 8,2013 ж.
3. Игенбаева Б. Жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта оқыту әдістемесі. 2005 ж

ҒТАХР: 14.07.05

Б.М. Динсаламова

Педагогикалық Ғылымдар Академиясы, Алматы қ.

ТӘРБИЕ ТӘЛІМІНІҢ ӨЗАРА САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ КЕШЕНДІ ЖҮЙЕСІ

Педагогикалық Ғылымдар Академиясы қоғамдық бірлестігі Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Отбасы институты» жобасын жүзеге асыру бойынша мектептегі тәрбие жүйесін ізгілендіру бойынша әдістемелік нұсқаулықтар топтамасын ұсынуға. Әдістемелік нұсқалықты барлық тәрбиеге қатысты мамандар мен тұлғаларға қолдануға ыңғайлы әмбебап жүйеде құрылымдалды. Жобаның басты мақсаты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу, отбасы құндылықтарын арттыру, жастар арасында отбасы институтын нығайту, жастарға көмек көрсету

бағытындағы миссияларды орындау механизмдерін жетілдіруге арналып отыр. Осыған орай, мектептегі тәрбиені жетілдіру және жүйелендіру бағытындағы жұмыстарға аса мән беріліп, тәрбиеде қамтылуы тиісті жан-жақты салалардың өзара байланысын қалыптастырудағы «Қазіргі мектептердегі ұрпақ тәрбиесі жетілдіру» тұжырымдамасы жасалып, төмендегідей тәрбие тәлімінің өзара сабақтастығын құрап отыр. Олар: мектептің мәдени ортасын жетілдіру, отбасылық құндылықтарды насихаттау, ұлттық құндылық негіздерін жаңашыл форматтық оқу-тәрбиеде үлесімді қолдану, технопрогрессивтік жүйедегі АКТ сауаттылығындағы қауіпсіздікті (даму, қорғалу, үйрену жолын) меңгеру, мамандану мен адал кәсіпкерлік еңбек құндылығын дамыту, тәрбиедегі үштік одақ жұмысының тиімді модулін ұсыну, жастар мен балалар арасындағы суицидтің алдын алу, ерте жүктіліктен сақтану, қыз бала тәрбиесінің ұлттық негізін қалау т.б бойынша тәрбиені жүргізудің нұсқаулықтары.

Осы кешенді топтаманың ішіндегі «Ата-ана болу ұлы міндет» атты әдістемелік нұсқаулық ата-ана мен педагог, оқушылар тобына ыңғайластырылып жазылған. Қазіргі қоғамдың деңгейдегі ұл-қызбала тәрбиесіндегі, жастар мен жасөпірімдер арасындағы тәрбиелеу қиындықтары әрбір отбасындағы өзіндік айнасын көсетуде. Осы тұстағы оқу-тәрбие кешендерінің бірзділік пен жүйелікке құрылған ортақ механизмін құрудың маңыздылығының туындау салдарына қатысты әдістемелік нұсқаулықта өзекті мәселелер қозғалып отыр. Ең басты мәселе ата-ананың беделі мен ықпалын қалыптастырудағы ата-аналардың өздерін тану мен өзін-өзі тәрбиелеуден бастау жолдары арқылы бала тәрбиесіне жол ашу заңдылықтары үлгілермен, мысалдармен, қажетті жағдайда зерттеулер, модульдер, кеңестер форматында ұсынылып, ата-ананың ішкі рефлексиясын қалыптастыра отырып, отбасындағы кедергі мен қателіктерін реттеуге бағыттар ұсынып отырмыз.

В. Сухомлинский. «Тәрбиешінің ең данышпаны-әкенің, шешенің, педагогтің-балаға бақыт беруі. Балалық шақтың бақыты-жылылық пен қорек беретін отбасылық тыныштық», -деп айтқанындай ерлі-зайыптылардың ортақ мәселелерді шешуіндегі өзара зайырлығы көп мәселелерді реттейтіндігі әдістемелік нұсқаулықта нақты ұсынылған. «Бала тәрбиесінде нені қалаймын?, қалай шешемін?, неден қателігімді көре аламын? т.б сан сауалдарға қатысты жауаптар түйінін табудың оңтайлы жолдарын көрсету бүгінгі таңдағы тәрбиенің басты маңызын құрауда. Ұрпақ тәрбиесіндегі әулет абройымен, ата-ана аройымен сабақтастық жолдарына терең тоқтала келіп, ата-анаға өз баласына парыз, борыш, міндеттердің ара жігін ажырата алуы мен оны қалай орындатуға қатысты тиімді тәсілдерді қарастырдық. Себебі, әрбір тәрбиемен айналысушы мекемелер ата-ана сауаттылығы мен кәсіби желіліктің тұтас форматын бүгінгі таңда аса қажеттіліктің бірі екенін ұғынуда.

Шебері сай келсе тастан да жақұт жасауға болады, бала әу баста жаны таза жақұт тәрізді мөлдір жан, оны тәрбиелеуде өз табиғатынан алшақтау арқылы өзіміз ластайтынымызды ұғыну арқылы, тек сол жақұтты сақтап кірлетпрудің тәсілін меңгерудің ата-аналар үшін орасан қиын екенін мойындауымыз қажет. Тарихы мен терең тәжірибесінен алшақтаған тәрбие түбі шіріген тал секілді, қатты дауылда тойтарыс алары сөзсіз. Сондықтан да ұлттық тәлім-тәжірибелерін терең беру ғана ұлт болашағының ұрпақтық сабақтастығын түзетінін естен бір сәтте шығармау қажет. Тәрбие мәйегін заманына сай форматтармен ұсыну арқылы түпкі негіз, ұрпақтар сабақтастығын құру жолдары нұсқаулықта нақты ұсыну арқылы біздер педагогтер мен ата-аналардың өзіндік міндеттерін оңтайлы етуді көздеп отырмыз.

Жастар көзқарасы мен түсінік танымы заман ағымына қарай әке-шешеден озық жылжуда, сол жаңарулардың реформацияларын ата-ана тиісінше қабылдауда иман мен ибалық, мәдениет пен дәстүр тәлімін жаңашылдықпен ұсына алмауының салдарынан отбасылық қарым-қатынастың алшақтықтары жіті аңғарылуда. Қарым-қатынастағы өзгерулер мен кемелденулер сатысын толық ұғыну мен ұғына отырып бала әлемін басқара алу, ол- ата-ананың сұңғылалығы талап етеді. Бұл орайда, әдістемелік нұсқаулықтағы бала жан әлемі мен физиологиясын ұғыну сатыларына қатысты стратегиялар топтамасы игілік көзі бола алады деген ойдамыз. Жастардың құқық және неке туралы заңдардан сауаттылығын ашудағы тәсілдер мен тәрбие әдістері бақытты отбасын құрудағы басты нысан. Тектіліктің тезінен кетіп, тегеурінді өмір сынына ерте ұшырайтын қызбалалардың ерте жүктілігінен сақтаудағы тәрбие қателіктері нақты көрсетіліп, оны бұғаттаудағы тәрбие тәсілдері тиісінше жаңартылған тәрбие тәсілдерімен ұсынып отырмыз.

Ата-ананың үлгі эталоны ретіндегі өмір сүру жолы бала тәрбиесінің ең мықты құралы. Ертең жарқын болсын десең, кешегіңнің мәнін түйіндей біл демешіміз.

Г.Т. Жумагазина

Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектеп, Қазақстан,
Абай облысы, Бесқарағай ауданы, Бесқарағай ауылы,

ОҚУШЫ БОЙЫНДАҒЫ ТАЛАНТЫ МЕН ҚАБІЛЕТІН АШУДА ТЕАТРАНДЫРЫЛҒАН САБАҚТАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

«Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер» деп қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы М.Жұмабаев айтқандай, ұрпақ тәрбиесі қай заманда болмасын уақыт сөресінен түскен емес. Жеке тұлғаның адамгершілігі мен шығармашылығын қалыптастыру үшін қыруар уақыт пен тер төгетін үлкен жауапкершіліктің қажет екені анық.

Қазіргі білім берудегі басты мақсат – жас ұрпақтың білім деңгейін көтеру және жан – жақты дамыған, білімді, өмір сүруге бейім, қабілетті, талантты жеке тұлға қалыптастыру. Қазір мен үшінші жыл «Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында жаңартылған бағдарламаның ұтымды әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушының білімі мен шығармашылық қабілетінің даму мүмкіндіктерін арттыру» тақырыбымен жұмыс жасап келемін. Жаңартылған бағдарламаның ең бір ұтымды жағы – оқушының өзіндік көзқарасын қалыптастыру, қоршаған ортаға сыни тұрғыдан қарап, жеке пікір-пайымын қалыптастыру. Осы мақсатқа жету үшін өзімнің ұстаздық іс-тәжірибемде білім мен тәрбие берудегі озық әдістердің бірі – «Театрландырылған сабақтар үлгісі» атты бағдарлама құрдым. Күнтізбелік жоспар 5-6-7-8-сыныптарға арналды. Аптасына бір сағат берілетін бұл сабаққа күнтізбелік жоспар жасағанда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу бағдарламасына сай болуын басшылыққа алдым.

«Театрландырылған сабақтар үлгісінің» мақсаты: Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту, әдеби тілде сөйлеуге дағдыландыру, өзіндік пікірлерін қалыптастыру, сахна мәдениетіне үйрете отырып, көпшілік алдында қысылмай, өзін еркін, тәуелсіз ұстай білуге баулу, қойылымға тән киім кие білу эстетикасына үйрету, образға еркін кіріп, сөйлеу шеберлігіне дағдыландыру, пәнге деген сүйіспеншілігін арттыру және бала бойындағы жасырын жатқан қабілет көзін аша білу.

Міндеті: Әдебиет сабағында өтілетін шығармаларды толық оқып меңгеруге міндеттеу. Даяр мәтіндерді ғана жаттамай, өз жандарынан сценарий жазуға үйрете отырып, өзара жарысқа жұмылдыру. Үздік шығармаларды мадақтай отырып, шебер сценарист тәрбиелеп шығару.

Күтілетін нәтиже: Сабақ жүргізу барысында бала бойында жасырын жатқан талант көзі ашылады, оқушы өзін тәуелсіз, еркін ұстай білуге үйренеді, ауызекі сөйлеу тілдерінің дамуына әсер ету арқылы оқушының өз бетімен ізденуіне ықпал жасалады.

Әдебиет сабағы негізінде оқушылардың танымдық қабілетін қалыптастырып, әрбір оқушының бойында бұғып жатқан талант пен дарын көзін, бала ерекшелігін ашатын бірден-бір пән. Сабақты үнемі дәстүрлі түрде өткізе беру оқушыны жалықтырады, пәнге деген қызығушылығын бәсеңдетеді. Сондықтан әдебиет пәнін неғұрлым қызығалықты, түрлендіріп өткізу-оқушының да қызығушылығын арттырып, іздене білуге, шығармаларды толық оқуға баулиды.

2009 жылдан бері әдебиетке берілетін бір сағат қосымшаны оқушылардың ауызекі сөйлеу тілдерін әдеби тілде сөйлеуге бағыттауға пайдаландым. Өзім сабақ беретін сыныптаымды осы әдіске баулып отырмын. Сонымен қатар шығармашылық жұмыстар жүргізуді де алдыма мақсат етіп қойдым. Оқыған шығарманы сахналап өткізу – оқушылардың әдебиетке деген сүйіспеншіліктері мен қызығушылығын арттыратыны тәжірибе жүзінде дәлелденді. Театрландырып өткізілетін сабақтар бүгінде оқушы қабілетін ашуға, ауызекі сөйлеу тілін дамытуға өте өзекті тақырып деп айтар едім.

Ең алғашқы қадамды біз қысқа ғана мысалдар мен өлеңдерді сахналаудан бастадық. Мәселен, И.А. Крыловтың «Құмырсқа мен шегіртке», А. Байтұрсыновтың «Қара бұлт», А. Тоқмағанбетовтың «Бидай мен қаңбақ» т.б.

6-сыныпта өтілетін «Аяз би», «Ас тұзы», «Балықшы мен балық» ертегілеріне әуелі сценарий жазып, сабақты театрландырып өткіздім. Бұл әдіс оқушыларға өте ұнады. Рольдерге кіріп ойнау үшін барлық оқушы шығарманы толық оқып, жете меңгеруге тырысады.

Ең алдымен балаларға театр жайлы мәлімет, кейіпкер туралы, образ сомдай білу жайында теориялық түсініктемелер беріледі. Және дауыс мәнері, өзін-өзі сахнада ұстай білу, сахна этикасы жайлы әңгімелер өткізіледі. Алдын-ала бөліп берілген рольдерге оқушылар даярланып, сөздерін жаттап, көрермен топқа шығарманы сахналап береді. Келесі сабақта екінші топ рольге кіріп, алдыңғы

топ көрермен болып отырады. Содан кейін әрбір топ өз пікірін, кемшіліктері мен жетістіктерін ортаға салады.

5-6-7-8 сыныптарда бірталай шығармаларға сценарийлер жазылып, сабақтар театрландырылып өтті. Жоғарыда айтылып кеткен ертегілерден басқа М. Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы, Ғ. Мүсіреповтың «Боранды түнде» әңгімесі, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» лиро-эпостық жыры, О. Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесі, М. Әуезовтың «Көксерек» әңгімесі, «Қараш-қараш оқиғасы», «Қилы заман» хикаяттары, «Қыз Жібек» лиро-эпостық жырлары, т.б.

Арада өткен 6 жыл уақытта оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артып, әдебиет пәні сүйіп оқитын пәндерінің біріне айналды. Бертін келе оқушыларға даяр сценарий ұсынбай, енді сценарийді өздері жаза білуге үйреттім. 8 сыныпта «Қараш-қараш оқиғасы» хикаятына, 7 сыныпта «Көксерек» әңгімесіне оқушылар өз сценарийлерін даярлады. Ең үздік жазылған сценарий сахналанды. Сценарийді балаларға жеке дара да, 2-3 оқушыдан бірігіп топ болып та жазуға рұқсат берілді. Осы 4 жыл ішінде әдебиет сабағын осы әдіспен өткізіп жүрген сыныбымның ауызекі сөйлеу тілдері басқа сынып оқушыларына қарағанда өте жоғары деңгейде дамыды. Сабаққа даярланбай келетін оқушы некен – саяқ болды. Театрландырып өткізілген сабақтардың басқа сабақтардан ерекшелігі – оның оқушы есінде мәңгі сақталатыны, оны ұзақ жылдар бойы ұмытпайтындықтары. Әншейінде сабаққа селқос қатысатын, ауызекі сөйлеуде қиналатын оқушылардың өзі роль алып, қойылымға қатысуға талаптанады. Шығармаларды төмен деңгейде оқитын оқушы берілген рольді жаттап алып, сахнада еркін сөйлегенінің де куәсі болдық. Осындай әдістерді пайдаланудың арқасында баланың өзіндік пікірі мен өзіне деген сенімділігі қалыптасады. Әрі сол орташа оқитын оқушының өзі кейбір жағдайларда үздік оқитын сыныптастарынан рольде ойнау шеберлігі жағынан асып түсіп те жатады, кей жағдайларда сыныптастарымен келіспейтін жайттарды айтып, қойылымға өз көңіліндегі пікірлерді де қосып отырады. Осыдан біртіндеп оқушының үні шыға бастады, әрине мен олардың пікірлерімен үнемі санасып, қолдау көрсетіп отырамын. «Театрландырылған сабақтар үлгісі» бағдарламасы енді шашыраңқы түрде емес арнайы бағдарлама бойынша өтетін болды. Бұл бағдарламаның берері көп еді. Тәжірибеден сәтті өтті. Оқушылардың әдеби тілде сөйлеу дағдысы жақсарып, тілдері дамыды. Өз пікірін еркін айта білумен қатар, тіл тазалығы қалыптасты. Пікірталас сайыстарында бала өз ойын еркін қорғап шыға алатын.

Кейіннен осы оқушыларым үлгерімдері орташа деңгейде болса да, қойылымдарда үнемі белсенді, алдыңғы лектерде көрініп жүрді. Осыдан кейін менде мынадай ой туындады: ақиқатында дарынды, талантты оқушылар тек үлгерімі үздік оқушылар ғана емес, қабілеттілікті кез келген баланың бойынан іздей білу керек және оны дер кезінде байқап, сол қабілет көзінің ашылуына ықпал жасай білгенде ғана біз алдымызда отырған оқушыларымыздың «нашар» оқушы деп атанбауына күш салуымыз қажет деп тұжырымдадым.

Сонымен қатар оқушыларым «Көңілді тапқырлар клубын» ұйымдастырып шағын миниатюраларды әуелі менің көмегіммен сахналаса, бірте-бірте өз күштерімен даярлауға үйренді. Осы уақыттар аралығында КВН мүшелері тамаша жетістіктерге жетіп, көрермен қауымның сүйіктілеріне айналды. Мектеп сахнасынан бастап аудандық, аймақтық, облыстық сайыстардың жеңімпаздары аталып, тіпті «Жайдарман» конкурсында өнерлерін көрсетіп, лайықты марапаттарға ие болды. Осы игі істердің бәрінде де театрландырылған сабақтар үлгісінің көмегі көп болды ғой деп ойлаймын. Тағы да бір айта кететіні сахналаған шығармаларды оқушы ешқашан ұмытпайды, мәңгі жадында ұстайды.

Ендігі кезекте театр сабағымның қол жеткізген нәтижелері туралы тоқтала кетсем. «Театрландырылған сабақтар үлгісі» тәжірибесінен өткен сынып оқушыларының ауызекі сөйлеу тілдері басқа сынып оқушыларына қарағанда еркін және жатық дамуда. Оқушылар сахнада да, көпшілік алдында да өздерін еркін ұстайды. Сценарийде көрсетілген қимыл, іс-әрекет, сөздерді еріктерінше алмасытырып, қалауларына өзгерте алатын дәрежеге жетті. 6 жыл ішінде өткізілген сабақтардың бірталайын мектеп оқушылары алдында және арнайы өтіп отыратын мектепшілік, ауданаралық сайыстарда сахналап, көрермендер ризашылығына бөленді. Мәселен, «Ас тұзы», «Аяз би», «Қараш-қараш оқиғасы», «Боранды түнде», «Бір өлеңнің туу тарихы», «Алынған кек», «Аққулар ұйықтағанда» қойылымдары аудандық «Ақ қайың» конкурсында, мектепшілік ата-аналар жиналысында, тілдер апталығында, облыстық семинарларда, ұстаздар мерекесінде, Ауған ардагерлерімен кездесу кештерінде қойылып, жоғары бағаларға ие болды. Ең алғаш аудан жастары даярлап, халықтың алғысына бөленген «Қыз Жібек» қойылымына да біздің оқушыларымыз қатысып, өздерінің әртістік қабілетін көрермен алдында паш ете білді. Сөйлеу тілдері мен көп ізденудің арқасында 6-сыныптан бастап театр мүшелері «Көңілді тапқырлар клубын» ұйымдастырып, әзіл -

қалжыңға толы әртүрлі тақырыптағы миниатюраларды өздері даярлап, мектеп, аудан, облыс көлемінде өтетін сайыстардың үнемі жеңімпаздары болып жүрді. Өте белсенді, жауапкершіліктері жоғары, театрды жан – тәндерімен сүйетін оқушылар: Аманжол А., Баталов А., Кумаргазин Н., Жарткенов Р., Жақсыбекова М., Газизов Д., Досахметов Б., Есенова А., Тулеубеков Ж., Даутов А., т.б. оқушылар қатысқан қойылымдар үздік саналып, 4 жыл қатарынан «Ақ қайың» (2011-12ж, 2012-13ж, 2013-14ж, 2014-15ж) конкурсының марапатау грамоталарына ие болсақ, КТК-сайыстарында аймақтық, аудандық айналымдарда І орындардың иегерлері болып, бірнеше оқушыларымыз облыстық сайысқа баратын құрама команданың мүшелігіне алынды. 2013 ж. бері оқушыларымыз «Мектеп театр ұжымы» атағын иеленіп келеді.

«Театрландырылған сабақтар үлгісінің» оқушылар үшін маңызы өте зор. Балалардың танымдық қабілеті дамып, өнерге, театрға деген сүйіспеншіліктері қалыптасып, сөйлеу мәдениетіне, өздерін көпшілік алдында еркін ұстай білуге, ата – баба мұраларын, халқымыздың салт - дәстүрін жете меңгеріп, оларды аялап, қадірлеп, сыйлай білуге дағдыланады.

Болашақтағы нәтижелер: Бірнеше жыл бойы тәрбиелеп, сахнаға үйреткен, әртістік қабілеті бар баланың талант көзін оята біліп, ауызекі сөйлеу тілін, мәнерін қалыптастырып, болашақтағы шебер сахна саңлақтарын тәрбиелеу, олардың алдағы өмірлеріне ең қажеттілік – мамандық таңдағанда қателеспейтін, өзіне бек сенімді, елінің адал азаматы болатын жас ұрпаққа оң жол көрсетіп беру.

Қорыта айтсам, ұстаз өз кәсіби деңгейін үнемі өсіріп отырса ғана ұстаз деген қасиетті атаққа ие бола алады. Мен көп жыл бойы ұстаздық қызмет атқардым, болдым, толдым, іс-тәжірибем жеткілікті дейтін адами астамшылық ойдан аулақ болғаны абзал. Қазіргі таңда біздің жаңа типті қазақ мектептерімізге өз халқының әдет – ғұрпын, тарихын жақсы білетін, өмір ағымын жете түсінетін, ойшыл, білімді, жаңалыққа жаны құмар шәкірттер керек. Осы орайда Елбасымыз айтқандай «Қазақстан ұлы державада болу үшін бізге күш-қуат, қажыр – қайраты мол, ақылды да ойлы, дарынды жастар керек», – деген пікіріне мен де қосыламын. Сол себепті болашақта да шәкірттеріміздің қабілет көзін аша білуде талмай еңбектеніп, еңбегіміздің жемісін көріп, педагогикалық шеберлігі жоғары, еліне адал қызмет ететін ұстаз болып, білімі мықты, талантты шәкірттер тәрбиелеуге тырысамын деген мақсаттамын.

Пайдаланған әдебиеттер

1. М. Әуезов «Драматургия заңы туралы кейбір ойлар».
2. Тұңғышбай әл-Тарази «Театр туралы толғаныстар».
3. Қазақ өнерінің тарихы ХХ ғасыр «Театр өнері».
4. Ә. Әбішев, Т. Әбжанов – «Аристотель философиясы». – А.: Жазушы, 2005.
5. А.О. Мұқан «Театртанудың тың жолдары».

ҒТАХЖ 14.25.05

А.Ж. Каримова

Быхин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп,
Абай облысы, Семей қаласы, Алғабас ауылы, mектеp.bhina@mail.ru

МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ЖАСӨСПІМДЕР ТӘРБИЕСІНДЕГІ РӨЛІ

Бала тәрбиесінің негізі – отбасы. Осы шағын әлеуметтік топ – бала үшін өмір мектебі. Отбасындағы ата-ана баланың өмірлік ұстазы және тәрбешісі. Баланың болашағы, білімі, мәдениеті отбасындағы ата-ананың сіңірген еңбегіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты болары анық. Сондықтан әрбір ата-ана өзінің баласын білімді, мәдениетті, жан-жақты жаңа қоғамға сай етіп тәрбиелеуге міндетті. Қазіргі кезде отбасы тәрбиесі әлемдік деңгейде қарастырылуда. Оған «Балалар құқығы туралы Конвенция», Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы», Қазақстан Республикасының «Балалар Құқығы туралы Заңы» сияқты құжаттар дәлел бола алады.

2004 жылы ақпан айында Үкіметтен қолдау тапқан «Білім тұжырымдамасы» үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы балабақшадан бастап, мектеп аяқталғанға дейінгі балаларды оқыту, тәрбиелеу мәселесін жоспарлы түрде шешіп, отбасына педагогикалық көмек беруді мақсат етті. Ал ата-ананың педагогикалық көмек беруді мақсат етті. Ал ата-ананың педагогикалық білімінің

неғұрлым жоғары болуы олардың қоғам алдында өз балаларының тәлім-тәрбиесі үшін жауапкершілігін арттырады. Сондықтан да баланы жағымды ортада тәрбиелеу мен оқыту қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясында (27-бап) «Неке және отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етенен құқығы әрі міндеті» делінген. Бұл жолдар әр баланың білім алуына мемлекеттің басты наза аударатынын және ол отбасының парызы екенін айғақтай түседі. Сондай-ақ Білім Заңының 49-бабында ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер «Баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға, ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға, білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға, өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелері жөнінде психологиялық-педагогикалық консультациялық көмек алуға құқықығы бар» және олар «Балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге, балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру ұйымдарына жәрдем көрсетуге, балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндетті» деп жазылып, жас ұрпаққа тәрбие, білім беру үдерісінде қатысушы субъект ретінде ата-аналарға үлкен жауапкершілік жүктеген. Бұл нұсқау оқушылардың білім, тәрбие сапасын арттырудағы мектеп пен отбасы ынтымақтастығының қажеттілігін ашып көрсетеді.

Қазіргі кезде жасөспірімдердің білім алуына, тәрбиесінің дұрыс қалыптасуына мектеп пен отбасының тығыз қарым-қатынаста болуы қажетті жағдай болып отыр. Отбасы бала тәй-тәй басып жүре бастаған кезден-ақ оны жинақылыққа, тілалғыштыққа, мұқияттылыққа, жауапкершілікке, әдептілікке үйретеді. Отбасы баланың күн тәртібін құруда өз отбасының үй жағдайын, баланың денсаулығын, дәрігер, тәрбиеші не ұстаз кеңесін, мектеп пен отбасы талаптарының бірлігін есепке алғаны дұрыс.

«Баланы кішкентай кезінен бастап тәрбиелеу керек, жеке адамның қалыптасуы оның табиғатына және тәрбиесіне, алған біліміне байланысты» дейді Демокрит. Оның «Әкенің жағымды ой тастауы – балаға деген дұрыс тәлімгерлік» деген сөзінен әкенің балаға өз сөзімен, ісімен, сеніммен үлгі бола білуіне үлкен көңіл бөлгенін көреміз. Сол кездегі грек философы Пифагор «Заңды сыйла» ережесінен балаға білім, тәрбие беруді ата-анаға міндеттегінін, білім ордаларында отбасы мен мектеп бірлесе баланың білім, тәрбие алуына ортақ мүдделес екенін, жас ұрпақтың ата-ананы қадірлеп, болашақта үлгі тұтуына, үлкенді сыйлаудың қалыптасуын аңғарамыз.

Мектеп пен отбасының ынтымақтастығы дегеніміз – бала тәрбиесінде отбасы мен мектептің бірін-бірі толықтыруы, өзара келісімге келіп ықпал жасауы. Мектеп пен отбасы ынтымақтастығы жасөспірім тәрбиесінде ортақ мақсатты бірлесе талдау, өзара пікір алмасу, сезім әлеміне бірлесіп, қуанышта ортақтас болу секілді кең ауқымды эмоция түрлерін қамтиды. Жасөспірімдерді тәрбиелеуде мектеп ұжымының ынтымақтастығы, жасөспірімдердің бір-бірімен ынтымақтастығы және отбасы мүшелерінің ішкі ынтымақтастығы да аса маңызды факторлар екендігін айту керек.

Қазіргі отбасы тәрбиесіндегі басты нысына баламен рухани үндестік пен үйлесімділікке ұмтылу ата-баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру болып табылады. Осыған орай отбасында еңбексүйгіштікке, баланың жасына қарай еңбек түрлеріне және қағамдық пайдалы еңбекке баулуды іске асыру қажет. Ата-ана және әлеуметтік орта болашақ азаматтың денсаулығын жастайынан сақтау үшін, оның тәнінің дұрыс түзіліп қалыптасуына, салауатты өмір салтын нығайтуға ерекше мән бергені бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі болып саналады. «Балам» дейтін жұрт болмаса, «Жұртым» дейтін бала қайдан болсын» деп өткен ғасырдың ұлы тұлғасы А.Байтұрсынұлы айтқандай, баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса, елдің болашағы зор болмақ. Ұрпақ тәрбиесі ұлағатты болу үшін отбасындағы ата-ана берген тәрбие мектепте жалғасын тауып, кішкентай бүлдіршін саналы азамат болып қалыптасуы үшін мектеп, мұғалім, тәрбиеші жауапты да күрделі міндеттерді атқарады.

«Бала тәрбиесі – бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек» деп қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы Мағжан Жұмабаев дәл тауып айтқан.

Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ата-ананың, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасындағы мейірімділік пен махаббат қажет. Толық мәнді отбасы мүшелерінің береке-бірлікті, түсіністікті сақтауы, сонымен қатар әр отбасы мүшесінің құқығы қорғалуы тиіс. Тек осындай ізгілік мұраттар отбасында орын алғанда ғана Отанын, елін-жерін

сүйетін, өз ұлтының салт-дәстүрін құрметтейтін, тарихын дәріптейтін, жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңіріп, өзінің адамдық келбетін сақтай алатын тұлға тәрбиелеуге болады. Бала отбасынан жақсыны да, жаманды да сіңіреді. Сондықтан да халқымыз «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп текке айтпаған. Ғасырлар бойы қазақ отбасында сақталған тәлімдік тәрбиелі дәстүрлер өте мол. Сол дәстүрлер сабақтастығы бүгінгі бала тәрбиесінде өз жалғасын табууда. Отбасында халықтық рухани-зияткерлік мұраларын, мәдени құндылықтарын жандандырып, рухани ұлттық сипаттағы мінезді қалыптастыруды көздеу өмірдің талабынан туындап отыр. Отбасылық қарым-қатынастың негізінде үнемі балаға қамқорлық көрсетіп, «Ол отбасының мүшесі, оның пікірімен көмегі үлкендерге қажет» деген сенімін қалыптастыру керек. Халық даналығына наза аударсақ былай дейді: «Егер сен жылдық өміріңді ойласаң, онда ағаш ек. Ал ғасырлық өміріңді ойласаң, онда бала тәрбиеле».

Ата-бабамыздың ғасырлар бойы ұрпағына қалдырған нақыл, ақыл сөздері, өсиеттері арқылы ұлттық рухын, намысын, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру – ұстаз бен ата-ананың міндеті. Осыған күш жігерімізді салғанда қажымай-талмай еңбек еткенде ғана ұлттық сана-сезімі жетілген, ана тілін еркін меңгерген, ұлттық рухани бай жеткіншекті тәрбиелей аламыз.

Ұлттық тәрбие – біздің ұрпақтан – ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар» республикалық журналы – 5/2018.
2. «Тәрбие құралы» ғылыми-педагогикалық журналы – 3/2011.

ҒТАХР: 14.25.05

Н.У. Кабышева

Алматы қаласы, № 142, ЖББ мектебі, guma_6565@mail.ru

ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ – ТӘРБИЕ МЕКТЕПТЕН БАСТАУ АЛАТЫНДЫҒЫ

Тәрбие – табалдырықтан басталады – дегендей, оқушыларды мектепке келген күннен бастап парасат биігіне, адамгершілікке тәрбиелеу ата – ананың тәрбиешілердің ұстаздардың міндеті. Келер ұрпақтың талантты азамат болуына ықпал етуші күш – оның ана тілі. Сондықтан әр баланы ана тілін терең меңгерген, ұлттық мұраны құрметтейтін, іскер, шығармашыл, дүниетанымы мол, зиялы да инабатты етіп тәрбиелеу керек. Белгілі ағартушы ұстаз, қазақ әдебиетінің ірі өкілі Жүсіпбек Аймауытов ұстаз қызметін «Ұстаз – шәкірттерге сабақ берумен, білім үйретумен шектелген маман иесі емес, ол шәкірттерінің алдағы өмірін көз алдына келтіріп, өз басынан кешірген тәжірибесіне таянып келешекте жазатайым алған шалыс басып, өмірден соққы жеп, өкінбеске күні бұрын сақтандыратын қорғаушысы, қамқоршысы» – деп биік баға берген. Қазақ халқының өте ертедегі ата – бабаларының өмір сүрген кезінен бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұрасының бірі – халықтық педагогика.

Егеменді еліміздің өркениетке бет бұрған тұста, жас өспірімді болашаққа сай, ел тізгінін ұстауға лайық, халық мүддесін ойлайтын, жоғары рухты, адамзат ұрпағы ретінде тәрбиелеу – деген, азаматтық парыз, әр кімдердің - ақ көкірегінде.

Бірақ, әр сәби болашақ әр отбасының ата жолын жалғастырар із басары ғой. Сондықтан баланы ең бірінші отбасын сүюге, ата – анасын сыйлауға, ұлттық – әдет ғұрыпты тәрбиелеу - әр ата ананың немесе жалпы отбасының ғана емес, қоғамның міндеті. Қоғамдық деңгейде отбасы тәрбиесіне оның ішінде жас өспірімдерге ұлттық тәрбие беруге көңіл бөлу керек. Халқымыздың басқа жұрттан өзгешелігін, ерекшелігін мақтанышпен мадақтау, жандандыру, көркейту елдігімізге бүгінгі ұрпақтың азаматтығына сын болса керек. Қоғамның даму, ғылым мен техниканың ұлттық рухани мәдениетінің өркендеуі білім саласына өзгеріс ендірмей қоймайды. Сондықтан халықтың ұлттық – тарихи дәстүрі, оның жалпы азамат мәдениетімен диалектикалық бірлігі – барлық оқыту мен тәрбиелеу ісінің бастау бұлағы болуы тиіс. Олай болса, оқу – тәрбие бағдарламалары да баланың ұлттық ерекшелігіне, сәйкестендіріліп жасалуы керек. Барлық бағдарламалар мен оқулықтардан ұлттың тәрбиенің лебі есіп тұруы шарт. Бабаларымыз бала, ұрпақ тәрбиелеудің әдіс – тәсілдерін де мейілінше мол пайдаланған. Ұрпақ тәрбиесі – үлкен іс. Олай болса, оған қатысты кез келген мәселеге салғырт үстірт қарауға болмайды. Ол үшін білім беру саласының қандай түріне болсын қамқорлық қажет. Онсыз білім жолы – даңғыл бола алмайды. Ұлттық тәлім – тәрбие мектептен бастау алатындығын естен шығармауымыз

керек. Ұл ұлағатты, қыз қылықты болсын десең білім мен тәрбиені ұштастыра жүргізу қажет. Халық даналығындағы – «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған өмірде де озады» – деген аталы сөз бар. Ойын – баланың негізгі әрекеті. Ойын үрдісінде бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен ертегілеріндегі кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды. Ойын әрекетінің ең негізгі түрінің бірі – ұлттық ойындар. Қазақ халқының жылдар бойы атадан балаға жалғасып, қалыптасқан ұлттық дәстүр, әдеп – ғұрпы болады. Ұлттық ойындар халық педагогикасының бір саласы болып отыр, Қазақтың ұлттық ойындары тек денені ғана емес, ойды жаттықтырушы да болып табылады. Қазақтың ұлттық ойындарын бүгінгі педагогикалық ілім талаптарына сай қолдана білсек, сабақтың сапасын көтеріп, тиімділігін арттырады. Ұлттық ойындар сабақтың ортасында пайдалану оқушылардың әр сабақта арнайы материалдарды дұрыс түсініп, ұғынуына негізделеді және ұлттық ойындарын іріктеп оқушының жас ерекшелігіне байланысты ұсынған дұрыс. Ұлттық ойындарының тағы бір ерекшелігі – оған өлең сөздері араласып келіп отырады. Оқушылар ойындарға үзбей қатысса ол үнемі ізденісте, талғанысқа жүреді. Ойындарды өткізу арқылы қазақ халқының дәстүрімен, әдеп – ғұрпын жоғалтпай, оны құрметтеуге үйренеді. Ұлттық ойындардың түрлері: көкпар, сайыс, теңге алу, қыз қуу, асық ату, айгөлек, тай жарысы, орамал тастау, тоғыз құмалақ, ақсандық – көксандық, арқан тарту, хан талапай т.б. Осы ойындарды ойнай білген бала сол халықтың мінез – құлқының, ой санасының, тұрмыс – салтынан хабар алады. Халықтық педагогика халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, отбасы тәрбиесінің тәжірибелерін қамтиды. Бала бақшалары мен мектептің мұраты ұлттық зиялы қауымды қалыптастыру мақсаты – логикалық шығармашылықпен ойлауға қабілетті, ұлттық сана – сезімі жоғары, білімге құштар, азаматтық ұстанымы берік азаматты даярлау, саясаты – бала дарындылығын анықтап қолдау және дамыту. Ал балабақша мен мектеп дамуының мақсатты бағдарламасы мемлекеттік тілдің дамуын, ұрпақтар сабақтастығын, ұлттық салт – дәстүрдің жаңғыруын, көркем өнердің ұлттық нақышта өміріне енуін қамтиды. Балабақшалар мен мектеп – халықтың ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттерін жас жеткіншек бойына сіңірген орта Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін білім» деп атап көрсеткендегідей, рухани ұлттық қажеттілікке жараған білім ғана – ең мықты білім, рухани ұлттық тәрбие кәрісімен сусындаған ұрпақ қана – болашақты гүлдендіріп, тәуелсіз елді нығайтушы ұрпақ. Оқушыларды ежелгі тарих тәрбиесі үлгісімен адамгершілік дағдысына үйрету тәрбие жұмысының негізгі бөлігі. Бұл бастауыш сынып оқушыларынан бастап, сабақтан тыс тәрбие жұмысымен қатар күнделікті сабақта халықтың педагогика негізінде білім беруді жетілдіру керек.

Ұлттық тәрбие өзінің қуатын әлемінің әрбір құбылысынан алуы мүмкін. Олай болса, кез келген оқу пәні балалардың адамгершілігін жақсы мінез құлығын қалыптастыру құралы бола алады. Қазақта «баланды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген дана сөз бар. Сондықтан жеткіншек ұрпақтың өз халқының рухани қазынасымен оның ұлттық тәрбиесімен әдет – ғұрып, салт – дәстүрімен тереңірек танысу қажеттігі бірінші орынға қойылып отыр. Өйткені өз халқының, әрі бүкіл адамзаттың өткенін біле адамның жеке тұлғалық болмысын қалыптастырып, оны рухани – мәдени кемелдендіретін маңызды көрсеткіш болып табылады. Баланың бойына рухани азық бала алатын бірден – бір фактор халықтың салт – дәстүрі. Ал салт – дәстүрдің тәрбиелік мәнін, оның мектептегі оқу – тәрбие процесінде пайдаланудағы маңызын ашып көрсету қазіргі заман талабынан туындап отырған мәселе.

Кейінгі кезде этнопедагогика ғылымында жеке адамның дамуындағы гуманизациялық және мағыналық құрылымның қалыптасуына байланысты ұлттық сана сезім, ұлттық дүниетаным т.б. талаптар қою көзделіп отыр.

Еліміздің болашағы болар, тәуелсіз мемлекеттің ұлттық болмысын сақтай алатын ұрпақты тәрбиелеу бүгінгі күннің негізгі мақсаты. Ал ол үшін болашақ ұрпақтың тұлғалық болмысын қалыптастырып, оның рухани – мәдениетін дамыту өте маңызды екенін Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев Республикадағы білім және ғылым қызметкерлерінің II съезіндегі сөйлеген сөзінде дәлелдеп берді. Онда «Білім беру ісін реформалаудың стратегиялық міндеттерінің бірі – шығармашылық тұрғыдан ойлай білетін жеке тұлғаны мәдениетті, рухани биік деңгейде тәрбиелеу болып отырғанына баса назар аударып, жалпы білім беретін орта мектепте білім берумен қатар адалдық, адамдық, ізгілік, отан сүйе білу сияқты асқақ сезімдерге тәрбиелеу қажеттілігі өзекті мәселе деді [2].

Бұл мәселеге халық тағылымы салт – дәстүрдің қосар үлесі өте көп. Мұғалімнің білім беру жұмысы қала мектептеріндегі балалардың мәдени деңгейін көтеруге, нарық қатынасы жағдайында оларды өмірге дайындауға, ауыл балаларындағы қарым-қатынас жасаудың жетімсіздігін жоюға, оларды өз жерінің қожайыны ретінде тәрбиелеуге және оқытуға бағытталуы тиіс деп білемін. «Адам

баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, көрген үлгі, өнеге білдіретіндігінен... Көпшілікті адам-шылыққа тәрбиелеу үшін жас буынды жақсылап оқыта отырып, тәрбиелеу қажет», - деп Мұхтар Әуезов айтпақшы жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру жауапты сала екендігі бәрімізге белгілі.

Еліміздің болашағы-ұрпақ тәрбиесінде, еліміз егемендік алып өз алдына отау тігіп, өзінің ішкісыртқы саясатын өзі шешетін болды. Бүгінде баршаның міндеті – әдет – ғұрпымызды, салт – дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана сезімі жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру.

Ұлы данышпан әл – Фараби дүниені сақтайтын 4-тілек:

– әділдік, турашылдық;

– қайырымдылық, жомарттық;

– қанағат, барға ризашылдық;

– инабат бер – деген екен, яғни Елбасының Қазақстан – 2030 Бағдарламасы да, «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауы да еліміздің болашағын ойлайтын жастарды тәрбиелеуді міндет етіп жүктейді. Ұлттық рухы қуатты ел – ұлы күш. Тек оны жас ұрпақтарымыздың бойына дарыта білсек, әрқашанда әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің алдыңғы қатарынан орын алып, тереземіз тең, еңсеміз биікте тұратынымыз хақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаев. Тарих толқынында. – Алматы: – Атамұра 1999, – 9 бет.
2. Бастауыш мектеп. – № 1, 2001, – №3.
3. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы, 1991. – 8-11 б.
4. Кішікбаева Д. Ұлттық ойындардың пайдасы. – Алматы, 2000. – 22-24 б.

ҒТАХР: 14.01.01

Ә.Е. Қажакпар

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледж,
Қазақстан, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, aigera_k.e@mail.ru

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ – БҮГІНГІ КҮННІҢ ТАЛАБЫ

«Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту» деп, – әл-Фараби айтқандай қазіргі балабақша, мектептегі білім беру жүйесінде ұлттық құндылыққа баса назар аудару бүгінгі күннің талабы болып отыр. Тәуелсіздігімізді алып, өркениеттілікке құлаш сермеген бүгінгі таңда адамгершілігі мол, тәрбиелі, зерек, білімді, салауатты ұрпақ тәрбиелеуде халықтық тәрбиенің алатын орны ерекше. Ұлттық болмыс пен ұлттық тәрбиеге айрықша мән берілуде. Мектеппен балабақша қоғамдастықтың құндылықтары мен қағидаттарына негізделген мәдениетті таратып, дүниетанымды қалыптастыратыны анық. Балабақша бүлдіршіні мен мектеп оқушысы қазақ халқының ұлттық құндылықтарын дәріптеуге, отбасылық дәстүрді сақтап, жалғастыруды үйренеді, бойына сіңіреді. Қазақ халқының қай отбасын алсаңда әр отбасының өзінің сақтап ата-баба дәстүрін жалғастырып жүрген әдет-ғұрыптары бар. Ұлттық құндылық отбасынан бастау алады. Рухани тәжірибе ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. Бақытты отбасы әрқашан жинақталған білім байлығымен, әдет-ғұрыптарымен және ата-баба әдет-ғұрпымен ерекшеленіп келген. Балаларды жас кезінен үлкендерді сыйлауға, мұрагерлерді сақтауға және құрметтеуге, отбасылық мерекелердің маңыздылығы туралы әңгімелеуге үйретеді. Осының арқасында ата-бабалармен байланыс туралы түсінік бар. Отбасы әр адамның дамуы үшін тұрақты құндылық болып табылады, мемлекет өмірінде, жаңа ұрпақ тәрбиесінде, әлеуметтік тұрақтылық пен прогресті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Отбасының маңызды әлеуметтік функциясы – балаларды тәрбиелеу және дамыту, жас ұрпақты әлеуметтендіру. Отбасының тәрбиелік әлеуеті ата-аналардың балаларда белгілі бір қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған рухани және практикалық қызметі саласындағы мүмкіндіктерін ғана емес, сонымен қатар отбасылық микроортамен, жалпы өмір салтымен негізделетін мүмкіндіктерді де қамтиды. Кез-келген отбасының басты мақсаты – жаңа, жақсы және еркін ұрпақ қалыптастыру. Отбасы бұл міндетті рухани құндылықтарға, рухани бірлікке негізделген кезде орындай алады, оны бірдей кейіпкерлер мен темперамент ретінде емес, рухани бағалаудың біртектілігі, ата-ана мен баланың өмірлік мақсаттары мен ұстанымдарының ортақтығы деп түсіну керек. «Ата-ананың ақылы – қазулы қара жолмен тең», -дейді Дулат Бабатайұлы [1, 231]. Бүгінгі

ұрпақ, ертеңгі күннің болашағы отбасынан киелі тәрбие алып шықса елін, жерін қорғап, биік белестерге жетелейтіні сөзсіз. Отбасындағы тәрбиемен мектеп тәрбиесінің арасында үлкен сабақтастық болуы шарт. Қазақстанда білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты елдегі барлық мектептердің құндылықтары мен мақсаттарын анықтап беріп отыр. Қазақстан жалпы орта білім беру мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар: қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек пен шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу. Білім беру жүйесі оқушыны қоғамның мүшесі ретінде қарастыратын, жоғарыдағы белгіленген құндылық тіректеріне негізделген. Әр мектеп өзінің еңбек мәдениетін және бірлестік ретінде жұмыс істеуін аталған құндылықтарға негіздесе, бүгінгі күні біздің әр оқушымыз біріншіден, ана тілінде сөйлеп, екіншіден өз елінің салт-дәстүрін мектеп табалдырығынан бойына сіңіріп шығатын еді.

Тіл мәселесі қазіргі таңда балабақша мен мектеп жүйесінде бір жолға қойылмай отыр. Балабақшаларда қазақша сөйлейтін бала мен орысша сөйлейтін баланың бір топта жүруі дұрыс емес. Қазақша сөйлейтін, мүлдем орысша түсінбейтін баланың өзі екі немесе үш ай көлемінде орысша сөйлеп кетеді. Мектепке келіп бірінші сынып табалдырығын аттағанда тілі шұбарланып қай тілде сөйлейтінін өзі де білмей отырады. Осыдан келіп баласын қинағысы келмейтін ата-ана баласын орыс сыныбына оқуға береді. Отбасында таза ана тіліде сөйлеу мәселесі өзге елдердегідей алға қойылға сәселе болса, жағдайымыз басқаша болар ма еді. Кім білер? Жапон, Қытай елдері сияқты бала отбасында мектеп жасына дейін таза ана тілінде өсіп, жетілеуі қажет деп ойлаймын. Сонда ғана баланың түйсігінде ана тілі, мемлекеттік тіл деген түнік қалыптасады. Балабақшада, мектепте халқымыздың салт-дәстүрін тек наурыз мейрамында ғана балаларға түсіндіріп, көрсетіп үйретпей-ақ қоймай, күнделікті оқу-тәрбие процесінде «Асық ату», «Белбеу соқ», «Арқан түю», «Хан талапай», «Күш сынаспақ» ойындарын ойнатып, негізгі маңыздылығын түсіндіріп отырса бала дамуына, ұлттық құндылықты бойына сіңіруіне үлкен әсері болар еді.

Қазақ халқы еңбекті бүкіл тәрбие жүйесінің күретамаыры деп қарастырды. Еңбекке асыл мұрат деңгейінде қарады. Еңбек тәрбиесі деп баланы еңбекке сүйіспеншілікпен, еңбек адамдарына құрметпен қарауға, халық шаруашылығының салаларындағы еңбек түрлеріне баулу, еңбек іс – әрекетінің барысында олардың дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру, болашаққа мамандық таңдауға дайындауды түсінді. Отбасында еңбекке тәрбиелеу, баулу мен кәсіптік бағдар беру баланың қоғамға пайдалы, өнімді еңбекке тікелей қатысуы оқуға деген сапалы көзқарасты тәрбиелеудің, жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады [2,25].

Қазақ халқы ежелден ұл бала мен қыз баланың тәрбиесін бөліп қараған. Ұлды мал бағуға, отын шабуға, қолөнер шеберлігіне, отбасын асырауға, ал қыз баланы ас пісіруге, кесте тігуге, өрмек тоқу сияқты үй ішінің ішкі жұмыстарына үйрету арқылы экономикалық тәрбиенің көзі болып табылатын үнемшілдікке, тәуекелшілдікке үндеп, сараңдыққа салынып кетуден жирендіріп отырған. Ұлттық құндылықты қалыптастыруда ер бала тәрбиесі мен қыз бала тәрбиесіне де баса назар аудару қажет. Әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы мәдени құндылықтары қалыптасады. Ата-бабамыз ұл баланы ертеңгі абыройлы әке, қадірлі отағасы, елді қорғайтын ер, батыр, ақын, ұлттың намысты азаматы ретінде әділдікке, қайсарлыққа, кешірімді болуына, өнерге, білімге, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиелеген. Ұл бала – қазақта шаңырақ иесі, ер-азамат – ата-ананың отын тұтатушы болып саналады. «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз».

Мағжан Жұмабаевтың педагогикасының мақсаты: 1. Ақыл тәрбиесі. 2 Құлық тәрбиесі. 3. Сұлулық тәрбиесі. 4. Дене тәрбиесі.

Ағартушы еңбегі төрт бағытта жүргізілді. Оқу, жазуға үйрету, емлеге дағдыландыру, жазбаша сөзді өркендету, баланың ұғымына лайық ауызша және жазбаша әдебиет түрлерімен таныстыру, ұғып дағдыландыру. Автор осы тәрбиенің төрт түрін тәпшітеп түсіндіре келіп, былай дейді: Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгіл болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...»-деу арқылы М. Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап берген [3, 184].

Педагог М. Жұмабаев: «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі, бала тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен жетелеуге міндетті», - деп ұлттық тәрбиенің, халықтық педагогиканың ұлағаттылығын дөп басып айтқан. Патриоттық тәрбиенің түп

казығы ұлттық педагогика. Ұлттық педагогика – баланың анасына отансүйгіштік, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру бесік жырлары, батырлық жырлар, ертегі, ұлттық ойындар арқылы ұлттық патриоттық сананы қалыптастыруға негізделеді. Балалардың ұлттық санасын оятуға, бойындағы мәліметтерін дамытуға байланысты шараларды ұйымдастырғанда ұлттық киім, құнды жәдігерлер туралы үнемі айту, соларға қызықтыру, оны шынайы өмірмен байланыстыру әрекеттерді жиі қайталап отырған абзал.

Қорыта келгенде, елдің бірлігі мен өркендеуі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды сақтағанда ғана мығым болмақ. Сондықтан баланың бойына мейірімділік, адамгершілік, әдептілік сынды қасиеттерді сіңіріп, туымызды жықпай, ұлан-байтақ жерімізді қорғайтын патриотты тәрбиелеу біздің міндетіміз болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері және тарихы. Алматы, «Рауан», 1999. – 231 б.
2. Ұзақбаева С.А. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халықтық дәстүр. Алматы, 1990. – 256.
3. М. Жұмабаев. Педагогика. Алматы. – 1992. – 184 б.

ҒТАХР: 14.07.07

С.А. Кадырбаева

Көкқайнар ОМ, saltanatkadyrbaeva1974@bk.ru

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ-ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТТЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ

Түркі әлемі Еуразияны жайлаған әлемнің бір керемет өзіндік өркениеті. Сол өркениеттің бірлігінің бір жолы - ортақ тарихи тұлғалар арқылы бірігу. Бүгінде біз қазақтан шыққан бірақ, есімі бүкіл түркі тілдес халықтардың тарихында мәңгі өшпестей болып алтын әріптермен жазылған Ахмет Байтұрсынұлын мақтанышпен айта аламыз.

«Ахмет» қазақ үшін қасиетті есім. Ол өз ұлтының бағы жануы үшін өмірдің барлық саласына арласты. Бұған оның атақ – даңқы дәлел.

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте Торғай облысы, Торғай уезі, Тосын болысының 5-ауылына қарасты Сартүбек елді мекенінде «Ел бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін» деп қазақтың бағы үшін туылған ұлы тұлға. Ахмет Байтұрсынұлының заманадасы әрі қаламдасы Мұхтар Әуезов 1923 жылы Ахметке арналған мақаласында, оның тегі жөнінде: «...Сүйегі – Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергі аталары Үмбетейден шыққан Шошақ, түбек. Ахаң Шошақтың немересі. Өз әкесінің аты – Байтұрсын» деп жазады.

Қоғамдық – саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды да бастан кешкен Ахмет Байтұрсынұлы жиырмасыншы ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілерінің бірі де болды. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптастырды. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы еді. Рухани ұстаз, тіл білімінің атасы, ұлы түрлендіруші-реформаторы атанған ол өзінің алдындағы Шоқай, Ыбырай, Абайлардың ағартушылық, демократтық бағыттарын жалғастыра отырып, өз заманындағы тұтас бір зиялы қауымның төлбасы болды. Халқы оны қоғам және мемлекет қайраткерлерінің бірі емес бірегейі, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы-демократ, заң білгірі, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі, ұлт ұстазы ретінде қабылдады. Ол ұлтына, қазақ халқына қызмет етті. Бұл туралы Сәкен Сейфуллин кезінде былай деген болатын: «...Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін басын бәйгеге тіккен, Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін ұлт азаматы».

Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген. Айналып келгенде Абай тапқан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсынады. Бұрынғы ескі-ертегі, химия үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен И.А. Крыловтың туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте басып шығарылды. Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер

ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберді, Сол мысалдар арқылы адамның рухани жағынан талдап берді десек қателеспейміз. Елдің азып- тозуына байланысты сарынды Ахмет Байтұрсынұлы жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді. Кейде ашық, кейде дәл айтылатын ойлар да бар.

Ахмет Байтұрсынұлы айнала қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды. Мысалы, мына бір өлең жолдарына көңіл аударыңызшы:

Ызындап ұшқан мынау біздің біздің маса,
Сап-сары, аяқтары ұзын маса
Өзіне біткен түсі өзгерілмес,
Дегенмен, қара яки қызыл маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қақы жеп қанаттары бұзылғанша
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағыңа ызындаса?

Ия, бұл бәрімізге белгілі Ахаңның «Маса» атты шығармасы. «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер – білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу.

Ахмет Байтұрсынұлы ұлттық мүддені жеке бастың мүддесінен жоғары қоя білді. Елдің өзін ел сезінуін, өзгелермен тең сезінуін, өзінің ұлтын ер сезінуін, қайраттанып, намыстанып, жігерленіп өмір сүруі үшін еңбек етті. Сол жолда революционер-демократтарша өмірінің ақырына дейін күресе білді. Асыл арман жолыда ел тағдыры үшін өз өмірін қиюдан да танбады. Қазақ халқын надандық түнегінен шығару үшін оның негізгі, тура жолы білімде екендігін дәлелдеген – ұлы данышпан Ахметтің ақыл сөзін, асыл ойларын санамызға сіңіру, өсиеттеріне сай еңбек етіп, өнегелі өмірін жастарға үлгі етіп ұсынып, кемеңгерлік, даналық пікірлерін тәрбиенің қуатты құралына айналдыру, артында бықсыған күл емес, мәңгі өшпес жалын, от қалдырған, қазағым деп халқымыздың болашағына бар өмірін арнаған арыстай азаматымыздың өмірін келер ұрпаққа дәріптеп, үлгі тұту біздің борышымыз. Қай елдің тарихында да халыққа сіңірген еңбегі мен көрсеткен қызметі көп жылдар өткен соң барып бағаланатын, танылатын тұлғалар болады. Тағдыры тарих тәлкегіне тап болып, туған халқымен жарты ғасыр өткен соң қайта миңгілікке табысқан сондай ірі тұлғамыз осы Ахмет Байтұрсынұлы. Оның өмірі мен қызметі асыра мақтау, жалған бояуға зәру емес. Сондықтан Ахаңның өмір жолы мен еңбектерін әлі де зерттей түсуіміз керек, барынша жүйелеуіміз қажет.

«Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» - деген сөзін негізге алған қазіргі жаңашылдыққа, жаңғыруға ұмтылған елімізде жиырма бірінші ғасыр табалдырығын аттай отырып, білім беру ісі мен қоғамды ізгілендіру мәселесін, демократия мен ұлттық руханиятты, мәдениет пен тілді түлетуге, ұлттық рухани мұраларды жандандыруға аса көңіл бөліп, жас ұрпақты тәрбиелеп жатқан мекемелер өздерінің алдына басты міндет етіп отыр. Қазақстан Республикасының мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамасында мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайту ұлттық мәдени дәстүр жалғастығына, тарихи мұраларды жандандырып тәрбие құралына айналдыруға, халықтар мүддесі мен бірлігінің тоғысуына негізделуі қажет. Руханиятты байыту, мәдени-этникалық мұраны жандандыру мен жалғастыру, ұлттық патриоттық сезімді ояту мен аялау ең алдымен мектептен басталуы тиіс деп санаймын. Бұл істе қазақ ұлтының берекелі бірлігін, көселі ел болуын аңсаған, сол жолда күш-жігерін, ақыл-парасатын аямай жұмсаған Ахмет Байтұрсынұлы сынды ойшыл-оқымысты қайраткердің қызметі мен ағартушылық мәдени мұраларын орынды пайдалану аса қажет деп ойлаймын. Себебі, ол халықтың мұңын мұңдап, халықтың ар-намысты оятуды, қалың елі қазағын басқалармен терезесі тең болуын, өнер-білімді еркін игеруін аңсады. Ол шын мәнінде ұлт ұстазы, халқымыздың рухани көсемі бола білді.

Адамға тіл, құлақ қандай керек болса ... білім де сондай керек деп Ахаң көзі ашық саналы адамға оқу-білімнің қажеттілігі туралы айтады

Осы орайда Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық – ағартушылық ғылыми еңбектерін зерттеп, жалпы орта білім беретін мектептер мен колледждердің оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың ғылыми – әдістемелік кешенін жасау, оны теориялық және практикалық тұрғыда негіздеп, жан-жақты дамыған, рухы биік тұлға қалыптастырудағы мағызы мен мәні аса зор. Егер Ахмет Байтұрсынұлының мұраларындағы құндылықты іріктеп, тәлімдік мүмкіндіктерін айқындай отырып жасаған әдістемелік ұсыныстар іске асса, онда рухани құндылықтарды бағалай білетін, ұлттық және патриоттық санасы жоғары жеке тұлға қалыптастыруға игі ықпал еткен болар еді. Қазақ халқын надандық түнегінен шығару, рухын тазартудың негізі, тура жолы білімде екенін дәлелдеген – ұлы данышпан Ахмет Байтұрсынұлының ақыл сөзін, асыл ойларын жас ұрпақтың санасына сіңіру, өсиеттеріне сай еңбек

етіп, өнегелі өмірін жастарға үлгі етіп ұсынып, кемеңгерлік, даналық пікірлерін тәрбиенің қуатты құралына айналдыру біздің, аға буынның мақсаты.

Ұлылық ұстаздықтан шығады. Ұрпақтың ұлы болуы, заман талабы мен білім арнасына қосылып, өмір белесін бағындыру тікелей ұлағатты ұстазбен ұштасып сабақтасатын хақ. Міне осы жолда ғасыр жүгін арқалаған, заманының дүбірлі аламанында жас ұрпақты білім мен тәрбиенің кәрсар бұлағынан сусындатқан – Ахмет Байтұрсынұлы. «Ол ерліктің ісі емес, сауда болар» – дей отыра, Ахаң қазақ ұлтының рухын тазартып, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті.

Балаларға көп үйретемін деп, асығып шала-шарпы үйретуден, аз да болса, анықтап нақ үйрету абзал. Ахмет түсінігіндегі ұстаз тек қана сабақ беретін емес, алдында отырған жас ұрпақтың еліне, халқына пайда тигізер болашақ тұлға ретінде сезіндіре алатын құдіретті де қасиетті адам еді. «Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс: үлкен жұмысқа көп жұмыскер керек» – деп, өз заманында қазақ баларының ғана емес түгел қазақ жұртын тәрбиелеген ел ағасының ізін жалғастыру біз ұстаздар үшін мәртебеден бөлек үлкен жауапкершілік пен абырой. Қазіргі таңда Ахаңдай жұмыс жасауымызға ештеңе кедергі емес. Мен үшін Ахаңның мына бір сөзі ұлтымызға ұран болуға әбден лайық: «Біз кейін қалған халық алға басып, жұрт қатарына кіруіміз керек. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек.» Сондықтан мен сіздерді осы Ахаң айтқан үлкен жұмысқа қызмет етуге шақырамын! Сонда біздің мемлекет рухы пәк азаматтарға толы, тұғыры биік елге айналары сөзсіз.

Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет Байтұрсын еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлыттық іздеді.

Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер – білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайтыны анық.

Ахмет Байтұрсынұлының мына бір қанатты сөзі астарлы мағынада көп нәрсені білдіріп тұрғандай:

«Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып түзілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады.»

Жоғарыда айтылғандай халық өмірі бір жылдап, он жылдап тіпті жүз жылдап өлшенбейді екен. Ал енді ойланыңыз халықтың мыңжылдық ғұмырына Ахмет Байтұрсынұлының қандай ықпалы тигенін. Оның қазақ халқына тигізген пайдасын әлі ғасырлап ұмытпасымыз анық.

Өзгелер бас қосуымызға сенімсіз көзбен қарайтын болса, оларға көмекші өзімізден табылар. Ағаштың кесетін балта, балтаның сабы ағаш. Соның мысалы басқа нәрселерде бар. Адал кәсіппен күн көре алмайтын я арам жемесе, басы ауырытын иттер қай жерде де болса табылады. Айтпағанды айтты деп, етпегенді етті деп оттайтын хайуандар әсіресе біздің қазақта көп. Бұл қылықтан арылу үшін әрине жанның тазалығы мен көкіректің ояулығы қажет.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқын «Маса» болып оятып, кемел болашағымыздың негізін қалады. Халқымыздың ұлт болып ұйысу жолында аянбай қызмет еткен ғалымның еңбектері тарих беттерінде сақталды. Дегенмен, һәм ұлы тұлғаның біз біле бермейтін мұралары бүгінгі күнге дейін зерттеліп келеді. Ахметтанушы ғалымдар мен әріптестерімнің ұлы тұлғаға қатысты зерттеулері де жинақ ретінде шықты. Сонымен қатар дара тұлғамыздың шығармашылығына қатысты сұхбаттарды да кездестіреміз. Мәселен қазақ радиосының «Алашнама» айдарына берілген сұхбаттар – алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлына қатысты. Олардың негізі ғалымның өмірі мен шығармашылығына арналған. Бұл дегеніміз біздің Ахметтану бойынша алға жылжып келе жатқанымызды білдіреді.

Ұлт ұстазына біз әр қазақтың жүрегінде ерекше орын алған, ұлт мүддесінқасық қаны қалғанша қорғап, кезіккен қиындыққа қарамастан отаршылдыққа қарсы күресіп, қазақ ұлтының рухани – мәдени келбетінің заман құбылыстарына сай қалыптасуына өор қлесін қосқаны үшін қарыздармыз. Өз ұлтының бітім – болмысын жетік біліп, заман құбылыстарын қалам ұшына іліктіріп, қоғамның бет алысын шынайы бейнелеп, туған халқының азаттақ жолындағы ұлттық мүдделерімен еңбектерін ұштастыра білді. Қлт жұмысынң қац саласында да Ахметті «Ұлттық рухтың ұлы тіні» деп қазақ руханиятына үлгі-өнеге етеді.

Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға. Бәлкім, біреулерге бұл орынсыз тамсану болып көрінер. Оған дейін де бұл далада Фараби, Иасауи,

Қорқыт, Асан өайғы, Ыбырай, Шоқан, Абайлар да өтгі ғой десер. Ол рас. Бірақ, Ахмет Байтұрсынұлы оларға ұқсайды да, ұқсамайды да. Ұқсайтыны: ол да аталмыш алыптар сияқты, ұлттық дамуымыздың үрдісі мен қарқынына сәйкес келмей кенде қалып, көрер көзге тығырыққа тірелген халқына адастырмас жол іздеді. Ұқсамайтыны: Ахмет Байтұрсынұлы ондай жол Қорқыт пен Асанқайғыдай үйреншікті үрдісті аман сақтап қалатындай жаңа қойс іздеумен табылады деп түсінбеді; Фараби мен Иасауидей өз тұсындағы кең жайылған антикалық немесе исламдық дүниетанымға көшу арқылы барлық мәселені шешуге болады деп ұқпады; Абай, Шоқан, Ыбырайлардай теңдікке жетудің жолында тек ағартушылықпен шектелгісі келмеді. Ахмет ешқандай таланттардың иығына шықпай-ақ, бұрынғылардың көздеріне іліне қоймаған соны көкжиектерге көз жеткізе білген – көреген, елі үшін ерен еңбек еткен Ер.

Ұлттық рухы мықты қазақ зиялыларының бірі Ахмет Байтұрсынұлының халқы үшін көрсеткен елеулі еңбектерін дәріптеу мағызды мәселелердің бірі болмақ. Төл тарихын білетін, бағалайтын жіне мақтан ететін халықтың болашағы зор. Тарихында болған оқиғаны яғни өткенін мақтан тұтып, болашағына сеніммен қарайтын ұрпақты тәрбиелеуде осы Ахметтей арыс азаматтарын үлгі ретінде алайық. Бәлки жас ұрпақ өткеніне үңіліп, қандай ірі тұлғаның ұрпағы екенін біліп бой түзер. Ал бұл процесстің жүзеге асуы тікелей бізге яғни Ұстаздарға байланысты. Сондықтан болашақ қазақтың іргетасын сенімді, мықты етіп қалайық. Көкірегінде көзі бар ұрпақ, Ахмет пен Абайлардың жалғасы емес пе?!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы (2019)
2. zharar.ru
3. bilim-al.kz
4. bilimger.kz

МРНТИ: 14.07.07

А.С. Мағауова, Ж.Т. Махамбетова
Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, magauova@mail.ru

РОЛЬ ЭТНОКУЛЬТУРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ У БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ

Глобализация, как фактор развития цивилизации постепенно охватывает все сферы жизнедеятельности людей, в том числе, и мировое образовательное пространство, при этом содействуя, с одной стороны, мобилизации человеческих ресурсов противостоянию угрозам цивилизации, с другой – усугубляя межэтнические процессы.

Бүгінгі жас ұрпақты балалық шақтан, яғни ерте жастан ұлт құндылықтарына сүйене отырып тәрбие жүргізу керек. Бүгінгі күн тұрғысынан қарайтын болсақ, егемен елдің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың бойына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухты, отаншылдық сезімді сіңіру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып отыр. Ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды»-деген болатын [2].

Ұлттық құндылықтар – ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт қалыптасуының басты факторларының бірі. Осы ұлттық тәрбиені іске асыратын басты факторлардың бірі отбасы болып табылады. Отбасы – барлығымыздың жүрегімізге ең жақын сөз. Ол – махаббат пен тыныштықтың, мейірім пен жарасымның, қуаныш пен мерекенің мекені. Адам баласының өсіп-өнетін алтын ұясы. Сыйластық, жарастық орнаған орта, кішкентай ғана Отан. «Отан – отбасынан басталады» дегендей отанды сүю – отбасынан басталатыны рас! Себебі, отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы баспалдағы. Оның ер жетіп, бойжетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік қасиеттерінің белгілері отбасында қалыптасады. Демек, отбасы – бала бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың қайнар бұлағы, бастауы. Әр үйде балалар санасына ұлттық құндылықтарға деген көзқарастар жүйесін, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, даналық сөздерді, тыйым сөздерді, тәрбиелік мәні жоғары үлгілерін сіңіретін де отбасы. Осы тұрғыдан отбасын ұлттық құндылықтарды қалыптастыратын, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын ұлттық мәдениетті тәрбие арқылы тасымалдаушы орта ретінде қарастыруға болады [3].

Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші. Ал ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі: Біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі – дәстүрі, төртіншісі – тарихы, бесінші – атамекені. Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады.

Отбасы тіршілігінде ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлер үнемі сақталып отырса, баланың ұлттық сана-сезімі ерте оянады. Әр көкірегі ояу қазақ баласының ұлттық құндылықтарды меңгеруі оның отбасылық құндылықтарды меңгеруінен басталады. Егер адам отбасының үлкен құндылық екенін түсініп, ата-ана алдындағы парызын өтеуге бейімделген болса өсе келе ол бұл бағыттың біртіндеп Отан алдындағы борышымен, азаматтық парызына ұласатынын аңғарады. Сондықтан әр ата-ана баланың отбасылық құндылықтарды толық меңгеруіне мүмкіндік жасағаны абзал. Отбасындағы құндылықтарды бағалай алмаса, адам ұлттық құндылықтарды да құрметтемей өтуі мүмкін. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген қанатты сөз де осы ойдың дұрыстығын меңзейді. Отбасылық тәрбие арқылы қалыптасатын ұлттық құндылықтар балада ұлттық таным жүйелі қаланып, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан жағдайда ғана ол ұлт мүддесін ойлайтын, елжанды азамат бола алады [4].

Бірақ соңғы жылдары қазақ ұлтының төл тарихында байқалып отырған отбасылық тәрбиедегі олқылықтар мен кемшіліктер ауқымы үлкен ұлттық мәселеге айналууда. Сол мәселердің бірі ретінде ұлттың тіл тағдыры, ұлттық дәстүрлер мен ұлттық құндылықтарымыздың дұрыс сақталмауы алаңдатады. Мәселен, ана тілін, ата тарихын, мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін білмейтін жастар; тастанды жетім балалар мен «қиын» балалар; отбасын құрмаған немесе ажырасқан жастар; ата-аналардың бала тәрбиесімен айналысуға жағдайы мен уақытының жетіспеуі т.б. Бұл мәселені шешудің ең тиімді жолы – қазақ халқының отбасындағы бала тәрбиесіндегі ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып тәрбие беру. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында ұлттық салт-дәстүр, рухани адамгершілік құндылықтарын дамыта тәрбиелеуді ұстанамыз. Ұрпақ тәрбиесі бір күндік немесе бір уақытта аяқталатын әрекет емес, тәрбие отбасынан басталады және өмір бойы жалғасады.

Бүгінгі таңдағы отбасы тәрбиесінде қоғам ата-аналарға үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзі ең алдымен дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, ар-ожданы мол, парасатты, еңбекқор бойында басқа да ізгі қасиеттері қалыптасқан адамды тәрбиелеудеп көрсетілген Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында Отбасы тәрбиесінің негізі мәні отбасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністік болып табылады.

Тәрбиенің басты міндеттердің бірі – жас ұрпақты азаматтық пен отаншылдыққа баулу. «Отан» деген ұғым балаға дүние есігін ашатын туған жері, кең байтақ гүлжазира даласы. Балаға «Отан», «туған жер» дегеніміз – тарихи қалыптасқан әлеуметтік, саяси және мәдени орта. Тарихқа көз жүгіртсек, халқымыз, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесін, бай рухани қазынасын жас ұрпақты тәрбиелеуді пайдаланған бала тәрбиесіне ерекше мән бере, үміт арта, сергек қараған. Жас ұрпақтың алдына асқарлы мақсат қойылып, келелі міндеттер жүктеген. «Болашақ ел қамқоры», «Отан қорғаушысы», «Шаңырақ иесі», – деп жақсы сөзін қазақ халқы баласына арнаған. Отанды сүю халық ауыз әдебиетінде, ақын жыраулардың шығармаларында, халықтың тәрбие-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, отбасындағы ұлттық тәрбие, халық ойындары мен мерекелері, музыкалық шығармалары, бейнелеу өнері, қол өнері туындыларында тәрбиелік мазмұнда көрініс тапқан.

Әрбір отбасының қалыптасқан әдет-ғұрпы, ата дәстүрі болады. Сонымен бірге жалпы қазақ отбасына ортақ ұлттық дәстүрлер де бар. Оларды атап өтсек мыналар: жасы кішілер үлкендердің атын атамай, ата-әже, әпке, аға, әке деп сыйлап қарым-қатынас жасауы, сондай-ақ жасы кішілер үлкендердің, әсіресе қариялардың алдын кесіп өтпеуі, отбасы мүшелерінің бірін-бірі ренжітпеуі, әрқайсысының шама шарқынша іс атқаруы.

Ұлы Абай атамыз былай деген екен: «Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады: біріншісі – ата-анадан, екіншісі – ұстаздан, үшіншісі – құрбысынан». Сондықтан қаншалықты шаршап-шалдығып жүрсе де, ата-ана бала тәрбиесіне мән берулері тиіс. Ұрпақтар сабақтастығы тек осылайша жалғасын таппақ. Ата-ана, ұстаз, қоғам – үшеуі, тәрбиеге болар басты өлшем. Бір тұтасып, біріктірсе күштерін тәрбиенің үш мектебі адамның мінез-құлқын қалыптастырып, адамгершілік болмысын жетілдіреді [5].

Ендеше, «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» демекші, ел болып, ұлт болып қаламыз десек, «Ұлттық тәрбие» бастауын отбасы ошақ қасынан бастауымыз қажет деп есептеуге болады. Сондықтан болашағымызды қазіргі сәттен жақсы тәрбиелесек, ертеңгі күнімізге сеніммен басуға болады деп нық айта аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Төлеубеков Р. Бала тәрбиесіндегі халықтың педагогика. – Алматы, РБК, 1994 – 140 б.
2. Шоқай М. Ұлттың ұлт болуына бірінші шарт – тіл // Тіл және қоғам. – 2004. – № 2. – 113 б.
3. Қалиев С., Оразаев М., Смайлова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: Рауан, – 1994 – 222 б.
4. Қалиев С., Базиллов Ж. Қазақ халқының салт-дәстүрі және димократ-ағартушылары. – Алматы: РБК, 1993 – 179 б.
5. Исмағұлова Н. Абайтанудың шығармашылық арналары // Қазақстан жоғары мектебі. – 2011. – № 4-5. – б.171-173.

Л.С. Саменова

№ 44 жалпы орта білім беретін мектеп,
Абай облысы Семей қаласы, samenoval@mail.ru

ОТБАСЫ - ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ БАСТАУЫ

Отбасы – жас ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзі. Отбасында өмірдің мәнін оның мақсаты мен міндеттерін, құндылықтарын игереді, басқалармен қарым- қатынас жасау дағдыларын, өмірлік ұстанымдарын қалыптастырады, өзін-өзі ұстаудың нормалары мен мінез-құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді.

Демек, отбасы – адам баласының алтын діңгегі, оның адамзат ұрпағына деген ықпалын өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Жас ұрпақты ұлттық құндылықтарымызды бағалауға, оларды сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізуге тәрбиелеу бүгінгі таңның өзекті мәселесі. Отбасы-ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың қайнар көзі, тәрбиенің бастауы, әр үйде балалар санасына ұлттық құндылықтарға деген көзқарастар жүйесін, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, даналық сөздерді, тыйым сөздерді, тәрбиелік мәні жоғары үлгілерін сіңіретін де отбасы. Осы тұрғыдан отбасын ұлттық құндылықтарды қалыптастыратын, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын ұлттық мәдениетті тәрбие арқылы тасымалдаушы орта ретінде қарастыруға болады. Қазіргі заманғы отбасының ұрпақ тәрбиесімен шындап айналысуы ата-ананың білім және мәдени деңгейінің жоғары екендігін көрсетеді.

Отбасы тіршілігінде ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлер үнемі сақталып отырса, баланың ұлттық сана-сезімі ерте оянады. Баланы қоғамның моральдық нормасын орындауға қатыстыру, оның тәртіп және мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру. Әр көкірегі ояу қазақ баласының ұлттық құндылықтарды меңгеруі оның отбасылық құндылықтарды меңгеруінен басталады. Ұлттық құндылықтар және отбасылық құндылықтар барлық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Педагогикалық-психологиялық тұрғыдан алғанда құндылықтар адамның жеке тұлға ретінде өз өміріне деген жауапкершілігін қалыптастыру, рухани әлемін байыту адамдар арасындағы жағымды қарым – қатынастардың маңыздылығын көрсету үшін қолданылады. Егер адам отбасының үлкен құндылық екенін түсініп, ата-ана алдындағы парызын өтеуге бейімделген болса өсе келе ол бұл бағыттың біртіндеп Отан алдындағы борышымен, азаматтық парызына ұласатынын аңғарады. Сондықтан әр ата-ана баланың отбасылық құндылықтарды толық меңгеруіне мүмкіндік жасағаны абзал.

Ұлттық құндылықтарға әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу – ұстаздар алдындағы басты міндет. Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз. Ғасырлар шеруінде халқымыздың алақанына салып аялаған ба-ға жетпес рухани мұрасы, даналық да-рия-сы оның әдебиетінен көрініс табады. «Туған тілін сүюден басталатын махаббат, елжандылықтан адамзатты шексіз құрметтеуге дейін өседі. Жасынан туған халқының даналығымен сусындап, оның өсиетінен нәр алып, әдебиетті сүйіп, сол арқылы ұлтжанды азамат болып өсері хақ», – дейді аса көрнекті әдебиеттанушы Ш. Елеуқенов. [1, б. 12]

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет-өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз. Халық даналығында: «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар апат болады» деген сөз бар. Осы салыстырудың өзі-ақ баланың шын мәніндегі Адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін еңбекті қажет ететін аумағы кең, жауапкершілігі мол күрделі іс екенін ұқтырса керек. «Ту жанында қисық ағаш жатпайды» дегендей, сом тараулы тәрбие жолының тоғысар тұсы халықтың өзінде, ата – баба салт санасында, дәстүрінде. Жас ұрпақты ұлттық мақтаныш пен ұлттық патриотизм рухына қалай тәрбиелесек, еліміздің халқымыздың болашағы, даналығы да солай айқын көрінеді [1]. Даналық білімнен нәр алады. Даналыққа апаратын жол ұзақ әрі қиын. Сондықтан жастарға басты қиындықтарды көре білетін, әлеуметтік ақыл-ойға сәтті кіруге көмектесетін жақсы

жолбасшы керек. Ғалымның ісі – ғалымдағы заңдылықтарды ашып, оны сөзбен формулаға айналдыру. Әдіскердің міндеті – ғалымның ашқан жаңалығын білімге айналдырудың құралын табу. Педагогтың міндеті – ғалым мен әдіскердің міндетін кең көлемде қоса отырып, оқушының тұтас ойлау қабілетін қалыптастыру [2]. Бүгінгі таңда оқушыларға әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – ұстаз алдындағы үлкен міндет. Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізгі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық мідеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы. Халықта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласында халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық мәдениетін меңгеруде оқушылардың бойына ұлттық имандылық, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру. Ұлттық тәрбие біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ол болашақ ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие кітабы. Ал тәрбие тамыры тереңде-халық қазынасында, оның қадір қасиеті мен бітім – болмысында. Бұл қазына ұлттық құндылықтар арқылы бала бойына сіңетіні даусыз. Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ол-тәрбие мен оқытуға бағытталған мұрағаттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі – дәстүрі, төртіншісі – тарихы, бесінші – атамекені. Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Өз ұлтын қадірлеп, қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» дейді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі – өзім, екіншісі – халқым»-дейді. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне келешек ұрпақты ел жұртқа ие болатын азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа? Сондықтан қатардағы пендені нағыз толық қанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор .

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

– белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;

– индивиттік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамыту, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;

– өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды шешім қабылдауды үйрену;

– шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

– оқушылардың сана-сезімін қалыптастыру;

– жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

– ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;

– жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездері қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана біз мақсатқа жете аламыз.

Бала бойына ұлттық құндылықтарды дамытудағы негізгі құралдарға мыналарды жатқызуға болады:

– сыныптағы тәрбие сағаттары;

– баспасөз және қабырға газеттері;

– бұқаралық ақпарат құралдары;

– тәрбие шаралары (пікірталас, тәрбие сағаты, кеш, дәріс, таным-өнеге сағаттары, т.б.)

- кітап оқу;
- мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;
- шығармашылық жобалар қорғау;
- қоғамдық ұйымдармен байланыс жасау;
- саяхат жасау;
- үйірмелерге қатысу.

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, т.б. ұлттық құндылықтар аясында кеңейту – өзекті мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістітерімен үйлестіру. Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құруы шарт. Яғни ол өзінің өсу, есею кезінде ақ сүт беріп асыраған ата-анасымен де, көкірек көзін ашқан ұстаздарымен де үйлесім таба білуі тиіс. Сонда ғана тұлға бойында ұлттық рухани қасиеттер бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші. Тәрбиенің негізі болып саналатын адамзаттық құндылықтардың бірі тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамдарды сүйе білу қажеттілігі болып табылады. Отбасындағы құндылықтарды бағалай алмаса, адам ұлттық құндылықтарды да құрметтемей өтуі мүмкін. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген қанатты сөз де осы ойдың дұрыстығын меңзейді. Отбасылық тәрбие арқылы қалыптасатын ұлттық құндылықтарды зерттей келе оларды бірнеше бағыт бойынша топтастырып қарауға болады. Отбасылық тәрбие арқылы балада ұлттық таным жүйелі қаланып ұлттық сана-сезімі қалыптасқан жағдайда ғана ол ұлт мүддесін ойлайтын, елжанды азамат бола алады. Бірақ соңғы жылдары қазақ ұлтының төл тарихында байқалып отырған отбасылық тәрбиедегі олқылықтар мен кемшіліктер ауқымы үлкен ұлттық мәселеге айналууда. Сол мәселердің бірі ретінде ұлттық тіл тағдыры, ұлттық дәстүрлер мен ұлттық құндылықтарымызды дұрыс сақталмауы алаңдатады.

Отбасы-қоғамдық жүйенің бір бөлігі. Отбасындағы жақсы қарым-қатынас ұрпақты жалпы адамзаттық құндылықтарды түсінуге жетелейді, өмірдің қыр-сырын танытады, жауапкершілікке, адалдыққа, ойшылдыққа әдептілікке баулиды. Тәрбиелі білім қазына, тәрбиесіз білім-қасірет екендігі баршамызға мәлім. Сондықтан кез келген сатыда тәрбиелі білім беру-міндетіміз. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында ұлттық салт – дәстүр, рухани адамгершілік құндылықтарын дамыта тәрбиелеуді ұстанамыз. Ұрпақ тәрбиесі бір күндік немесе бір уақытта аяқталатын әрекет емес, тәрбие отбасынан басталады, өмір бойы жалғасады. Отбасы – оқыту мен тәрбие жұмысының серіктесі. Себебі, ұрпақ тәрбиесінің отбасында, білім ордасында, қоғамда нәтижелі болуы осындай ынтымақтастыққа негізделеді. Абай былай дейді: «Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады: біріншісі-ата-анадан, екіншісі-ұстаздан, үшіншісі-құрбысынан». Сондықтан қаншалықты шаршап-шалдығып жүрсе де ата-ана ұрпақ тәрбиесін ұмытпауы тиіс. Ұрпақ-әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік. Ата-ана, ұстаз, қоғам-үшеуі, тәрбиеге болар басты өлшем. Бір тұтасып, біріктірсе күштерін тәрбиенің үш мектебі адамның мінез-құлқын қалыптастырып, адамгершілік болмысын жетілдіреді. Адамның кім болмағы ата-ана, ұстаз қоғамға ғана тәуелді емес, ол адамның өзіне байланысты. Бірақ адамның бірден жеке тұлға болып қалыптасуы мүмкін емес. Ұрпақ тәрбиенің үш сатысы негізінде өсіп, жетіледі. Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы сынып жетекшінің орны.
2. Бастауыш мектеп журналы / республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал – №7, 2007.
3. Бастауыш мектеп журналы/ республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал – №5, 2002.
4. Сынып жетекшінің анықтамалығы – № 1(01), 2009.

Б.Б. Секенова

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің оқытушысы,
Қазақстан, Көкшетау қаласы, sekenova_1964@mail.ru

ҰЛТТЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗІ АУЫЛДА

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болуы қазақ тілінің мемлекеттік тіл құқығына көтерілуі, білім рөлі, жастар саясаты туралы заңдардың қабылдануы келешек тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарауды көздейді.

Бүгінгі күн талабына орай ұлттық білім мен тәрбиенің мазмұнын, мақсатын, қағидаларын, міндеттерін қайта қарастырып, түбегейлі өзгерту үшін ауылдан бастау алудың маңызы зор. Өйткені, ауыл мектебі – мемлекетке өз атын беріп отырған қазақ халқының рухани байлығын келер ұрпаққа тікелей бере алып отырған, ұлт рухы дарыған, елдік қасиеттер егілген қасиетті үдеріс. Білім беру мен тәрбиелеудегі жаңашылдық қайта құрулар осы ауыл мектептерінен бастау алулары керек. Қазақ мектептерінің мәртебесін көтеруді мемлекеттік деңгейде шешетін уақыт келді. Еліміздегі 8000-нан астам мектептердің 76 пайызы ауыл мектептері, ал оның 65 пайызға жуығы бір не аз кешенді шағын мектептер. Бұл шағын ауыл мектептерінде: 1) пәндерді тереңдетіп оқытатын сынып ашу экономикалық тұрғыдан тиімсіз; 2) еңбекке даярлықты ұйымдастыруға мүмкіндік жоқ; 3) оқушы санының аздығы оқу жоспарындағы мектеп бөлігін (факультатив, т.б) іске асыруға мүмкіндік бермейді; 4) кіріктірілген пәндерді оқытуға арнайы дайындығы бар мұғалімдер жоқ, кіріктірілген пәндерді оқыту әдістемесі мен оқыту әдістемелік кешен де өз деңгейінде емес; 5) үш тілді бір мезгілде оқытудың формасы мен әдістемесінің үйлеспеуі, яғни, интерактивтік құралдар, интерактивтік оқыту әдістері мен әдістемесін пайдалануға материалдық базаның дайын еместігі; 6) 12 жылдық білім жүйесіндегі бейімді 12 жылдық мектептер (11-12 сынып) ашудың мүмкін еместігі, т.б. атап көрсетуге болады [1].

Біздің болашағымыз – ауыл мектебі үдерісі және ұлттық білім мен тәрбиенің негізі – ауыл деп қарастыратын болсақ, бірден ертеңге қалдырмай ауыл тіршілігін, тұрмыс-салтын, білім ошағы – мектептерді қолға алу қажет. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Ұлттық кеңестің үшінші отырысында білім саласындағы қашаннан бері қаралмай қалған мәселелерді саралай келе, ауыл мектептерін қала мектептерімен теңестіру қажеттігін айтқан болатын. Шынында да, бұл – өте өзекті мәселе. Ақмола облысы бойынша ауыл мектептерінің ахуалы алаңдатарлық. Тәуелсіздік таңы атқалы 150 мектеп жабылып қалған. 2020-2021 оқу жылында жалпы білім беретін білім ошақтарында 834 мұғалім жетіспесе, оның 543-і ауыл мектептеріне тиесілі. 66 мектепте дене мәдениетімен айналысатын спорт залы жоқ. Облыстағы 556 мектептің 67 пайызы шағын жинақталған мектептер. Күрделі мәселелердің жинақталып қалған жері де осы. Ең алдымен, мұғалімдердің жетіспеушілігінен бір мұғалім бірнеше пәннен беретін олқылық та осы тұста. Облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Ботагөз Дүйсенованың айтуына қарағанда, Облыстық бюджеттен орталықтардың материалдық-техникалық базасын заман талабына сай жарақтандыруға 178 млн теңге қаражат бөлінген. Осы жерде жылына үш мәрте сессия ұйымдастырылады деп жоспарланған. Сессия барысында толық емес мектептерде білім алатын оқушылар өз пәнінің нақты мамандарынан дәріс алып, білім негізін нығайта түсуде деп ақпарат берілген. Осы орайда, ел Президенті екпін түсіріп айтқанындай, толық емес мектептерде барлық пән мұғалімдерін ұстау өте қиын. Кадр жетіспеушілігі облыстың Біржан сал, Бұланды, Атбасар аудандарында қатты сезіліп отыр. Оның ішінде бастауыш сынып мұғалімдері, ағылшын тілі, математика, физика, орыс тілі мен әдебиеті, тарих, химия пәндерінің мұғалімдері жоққа тән. Сондықтан, амалсыздан зейнет жасындағы ұстаздар мен өзге пәннің мұғалімдері сабақ беріп амалдауда. Олқылықтың орнын толтыруға септігін тигізеді деген «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасынан да қайыр болмай тұр. Жастардың көпшілігі, қаланың өміріне үйреніп қалған, көз қызықтырары мол, жайлы жерді тастап, ауылға барудан үзілді-кесілді бас тартуда. Мамандықтары бойынша жұмыс болмаса да кез келген жұмысты атқарып жандары тиыш өмір кешуде. Осындай жағдаяттың алдын алу үшін, «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасының аясында колледж, жоғары оқу орындары әкімшіліктері, оқытушылары ұсынып отырған ауыл мәселелерін аяқ асты етпей ел басшыларының құлағына алтын сырға, қайта қарастырып, ауылды, ауыл мектептерін көтеруді бірінші орынға қойса дейміз.

Бұл тұста, ештеңе бітпей жатыр деген ұғым тұмауы керек. Әр жыл сайын облыс мектептеріне 900-ден астам маман бағытталады. Соңғы үш жыл ішінде 1398 жас маман жұмысқа орналасқан. Ал жоғарыда айтқан бағдарлама бойынша 797 маманға баспана сатып алу үшін 2690,2 млн теңге көлемінде қаражат бөлінген. 927 маманға 133,2 млн теңге мөлшерінде көтермеақы төленген. Осы бір деректерге көз жүгіртіп отырсаңыз, ауыл мектептерінің мұғалімнен тапшылық көретін реті жоқ тәрізді. Алайда, шын мәнінде, бағдарлама арқылы ел мектептеріне орналасатын жас толқынның шалғайдағы шағын ауылға ат басын бұруы өте сирек. Оның басты себебі, ауылдық жердегі әлеуметтік-тұрмыстық жағдай, екіншіден, негізгі мектепте сағат саны аз. Міне, сондықтан жас маман жартымсыз жалақыға жұмыс істегісі келмейді.

Кадр мәселесін шешу үшін талпыныс та жасалып жатыр. 2021 жылы облыстық бюджеттен педагогикалық мамандықтары бойынша жоғары білімді мамандарды даярлауға 298 грант бөлінген. Міне, осы орайда, бір ұсыныс айта кетсек, артығы болмас, осы гранттар, ең алдымен, шалғайдағы шағын ауылдың балаларына бөлінуі керек. Олар өздері жақсы білетін, тыныс-тіршілігіне үйренген ауыл тұрмысынан қаймықпайды ғой. Екіншіден, осы гранттар арқылы оқып, білім алған түлектердің міндетті түрде ауылда жұмыс істеуін қадағалайтын жүйе қажет.

«Қазіргі күні шалғайдағы шағын ауылдарды ұстап тұрған мектеп екендігі белгілі», – дейді Зеренді ауданының тұрғыны Әлімжан Молдаш, – егер мектеп жабылса, мұғалімдер ауылда бір күн де тұрмайды. Жұмыс іздеп қоныс аударады. Ата-аналар да мектебі бар елді мекендерге қоныс аударады [2].

Демек, мектеп ауылға, ауыл мектепке дәнекер болып тұр. Мамандардың айтуына қарағанда, негізгі мектеп болып есептелгенімен, сыныптары түгел емес білім ошақтары да аз емес. 2007 жылы Үкіметтің қаулысымен бастауыш мектептерді ұстап тұруға ұйғарым жасалған. Тіпті мүмкіндігі жоқ жерде оқушыларды тасымалдап оқыту да ұйымдастырылуда. Бұл орайда, бірінші кезекте оқушылардың қауіпсіздігіне назар аударылады. Оның үстіне мектептегі тіл мәселесі де бар. Шағын ауылдардың дені жергілікті ұлт өкілдерінің мекені. Мектебі сақталып қалған ауылдар күні кешегі кеңшар орталықтары. Мұндай жерлердің көпшілігінде білім ошағындағы тәлім-тәрбие орыс тілінде жүргізіледі. Ал шалғайдағы шағын ауылдың тұрғындары болса, перзенттерін өз ана тілдерінде оқытқылары келеді. Мәселенің мәніне тереңдеп барған сайын бір-бірімен қиын түйіні сабақтасып жатқан баяғы Мақтақыздың ертегісі тәрізді болып көрінеді көзге...[3]

Ауылдағы білім ошағының жағдайы бүгінгі күннің талабына толық жауап береді десек, жалған болар еді. Материалдық-техникалық базасын жетілдіру әлі де оңынан оралып отырған жоқ. Бүгінгі күні облыстың 66 білім ошағында спорт залы жоқ. Ауыл түгіл облыс орталығының өзінде де олқылықтар жеткілікті...[4]

Ойымды қорытып айтқанда, ауыл мектептерінің ахуалы мақтанарлық жағдайда емес. Тығырықтан шығып, талап биігінен көріну үшін жан-жақты ойластырылған кешенді шара қажет. Ұлттық мектептердің тарихын объективті тұрғыдан зерттеулер жүргізілуі тиіс және білім ошағының арқасында түтін түтетіп отырған ауылды аман алып қалатын шешім керек. Ауыл мектебін ұлттық білім мен тәрбиенің негізгі көзі деп қарастыратын болсақ, жоғарыда айтылған барлық мәселелерге бейжай қарамай, Мемлекетіміздің гүлденуіне, тіліміздің тұғырының биік болуына қолымыздан келгенше, әсіресе, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу барысында ұлттық салт- дәстүрді, әдет-ғұрыпты, ұлттық мәдениетті, ана тілді ұмытпай, жан-жақты рухани дамуына зор түрткі болып, үлесімізді қоссақ екен деген ұсыныс айтар едік.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Беркімбаева Ш.К. «Қазақ мектебі – қазақ ұлтының бесігі» // Этнопедагогика. 2006 – 2
2. «Егемен Қазақстан». – Ақмола облысы, 2021.
3. Әбуев Қ.Қ. «Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» беттерінен». – Алматы, 1994.
4. Нәби Лиза. «Монғолиядағы қазақ мектептерінің қалыптасуы мен дамуы» атты арнайы курстың маңыздылығы // Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы – №2(11), 83 бет.

Д.Н. Сейтбаттал

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі,
Қазақстан, Көкшетау қаласы, r.daiana_99@mail.ru

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН НАСИХАТТАУ ЖӘНЕ ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫН НЫҒАЙТУ

*Отан отбасынан басталады. Ал,
отбасы неден басталады? Отанға
деген ыстық сезімнен, жақындарына,
туған-туысқандарына деген
сүйіспеншіліктен басталады.*

Н.Ә. Назарбаев

Отбасы – бірлесіп күн көретін туыстық қатынаста тұратын адамдар тобы. Балалар тәрбиесін жүзеге асырып, басқа да қоғамдық тұрғыдан мәнді қажеттіліктерді қанағаттандыратын некелік немесе туыстық қатынастармен байланысқан адамдар тобы.

Отбасының маңызды сипаты – оның қызметі, құрылымы және динамикасы болып табылады. Отбасы-адам баласының алтын ұясы. Себебі, адам баласы шыр етіп дүниеге келген күннен бастап осы ортаның түрлі жағдайына бейімделіп ер жетеді. Ал сәби сүйген әр ата-ана оның өмірінің бірінші күндерінен бастап оған негізгі тәрбиеші бола бастайды. Сондықтан отбасы-ұрпақ тәрбиелеудегі негізгі институттардың бірі болып табылады.

Отбасы құрылымы отбасының құрамы мен санынан, сонымен қатар оның мүшелері арасындағы өзара қарым-қатынастарының жиынтығынан тұрады. Отбасы құрылымын талдау отбасы қызметінің қандай жағдайда жүзеге асуы жөніндегі сұрақтарына жауап беруге мүмкіндік туғызады: отбасында кім басшылық етеді және кім – орындаушы, отбасы мүшелерінің арасындағы құқықтары мен міндеттері қалай бөлінген деген сияқты.

Отбасының тәрбиелік қызметі ана және әке болуда, балалармен қатым-қатынаста, оларды тәрбиелеуде, балалардың өз бетімен өсуі кезіндегі жеке қажеттіліктің қанағаттанарлығынан тұрады. Отбасы қоғаммен байланысы бойынша өсіп келе жатқан ұрпақтардың әлеуметтенуін, қоғамның жаңа мүшелерін дайындауды қамтамасыз етеді.

Отбасының шаруашылық-тұрмыстық қызметі Отбасының шаруашылық-тұрмыстық қызметі – отбасы мүшелерінің материалды қажеттіліктерінің (азық-түлік, қан және т.б.), олардың денсаулығының сақталуына әсер етуінің қанағаттанарлығынан тұрады. Отбасының осы қызметінің орындалу барысында еңбек ету кезінде жұмсалған жеке күшті бұрынғы қалпына келтіру қамтамасыз етіледі.

Отбасының эмоциональдық қызметі Отбасының эмоциональдық қызметі – оның мүшелерін ұнатушылық, сыйлаушылық, мойындаушылық, эмоционалды қолдаушылық, психологиялық қорғаушылық қажеттіліктерімен қанағаттандыру. Осы қызмет қоғам мүшелерінің эмоционалды тұрақтануын, олардың психикалық денсаулығының сақталуына әсер етуді қамтамасыз етеді.

Отбасылық құндылықтар дегеніміз бір-бірін сүйіп қосылған жанұялардың отбасын сақтау үшін қолданатын ежелден келе жатқан салт-дәстүрі. Әрбір отбасының өз құндылықтары болады. Ол құндылықтар ежелден бері келе жатқан немесе жаңадан шығарылған құндылықтар болуы мүмкін. Бұдан басқа адамдар отбасылық құндылықтарды басты 3 топқа бөледі. Олар дәстүрлі, қазіргі, тәрбиелі, отбасылық құндылықтар деп аталады.

Дәстүрлі отбасылық құндылықтар

Адамдар отбасылық құндылықтар дегенді естігенде көз алдарына бірден құндылықтар түсіп, бір-бірімен ортақ тіл таба алады. Бірақ дәстүрлі отбасылық құндылықтардың әртүрлі болғанына байланысты адамдар осы тақырыпта ортақ тіл таба алмайды.

Дәстүрлі отбасылық құндылықтар дегеніміз қарт адамдардың жас отбасыға берген ақыл-кеңестері. Қазіргі таңдағы жас отбасылардың ажырасу статистикасы өскеніне байланысты жас отбасыларға олардың дәстүрлі отбасылық құндылықтары туралы теледидардан, ғаламтордан көруге болады. Әр отбасыда бұл құндылықтар әртүрлі. Бірақ олардың ұқсас жақтары да бар. Мысалы, кез-келген жанұяда дінді сақтау, некені бұзбау, ұрпақ жалғастыру, баларды тәрбиелеу деген дәстүрлі отбасылық құндылықтар ортақ болады.

Қазіргі отбасылық құндылықтар:

- Қазіргі таңдағы отбасылар бұрынғы салт-дәстүрді ұстануда. Бірақ сол ұстанымның өзгеруіне байланысты олар әр отбасыда әртүрлі. Ол ұстанымның өзгеру себептері заманның өзгеруіне байланысты. Себебі әр замандағы адам әртүрлі. Мысалы, бұрынғы замандағы отбасы құндылықтарымен қазір өмір сүру мүмкін емес. Бұрын адамдар әйелдеріне орамалды сыйға тартса, қазіргі жас отбасылар бір-біріне гүл немесе көйлек сыйлайды.

- Сонымен қатар қазіргі отбасылық құндылықтарға махаббат, сенім, түсіністік және т.б жатады.

- Тәрбиелі отбасылық құндылықтар

- Отбасылардың басты мақсаты бақытты ғұмыр кешу. Адамдар некеге тұрғанда көптеген жанжалдарды бастарынан өткереді. Бірақ олар өз қателерін кешіріп, қайта бірге болады. Оларды біріктіретін құндылық тәрбиелік отбасылық құндылықтардың бірі болып табылады.

- Тәрбиелі отбасылық құндылықтарға құрмет, естеліктер жатады.

Отбасы мүшелері

Әке – Белгілі бір баланың еркек жынысындағы ата-анасы. Әке отбасында маңызды рөл ойнайды. Әке орны қай заманда да биік болған, әрі оның орнын ештеңе толтыра алмайды. Табиғат пен қоғамда әрбір ер адам жар, әке болуға, әрбір әйел жар, ана болуға дайындалады. Әке балалары үшін әлем туралы, еңбек туралы, техника туралы танымдардың қайнар көзі болып табылады. Әке – бұл күнделікті тұрмыстағы отбасының тірегі, ақылы, күші.

Ана – отбасыдағы ең басты адам. Ана – отбасы бағушысы деген атқа ие болған. Әйел – отбасының ұйытқысы жылуы, қамқоршысы, тәрбиешісі. «Анаға қарап – қыз өсер», «Әкеге қарап ұл өсер» деген мақал да тегін айтылмаған.

Бүгінгі таңда тәрбиенің негізгі мақсаты жеке тұлға ретінде қалыптасуға бет алған балаға өзін қоршаған ортаның әлеуметтік тәжірибесін меңгерту, оның жан-жақты үйлесімді дамуына жол ашу. Ал жеке тұлға дегеніміз әлдебір ыдырамайтын тұтастық. Бұл тұтастықтың ең негізгі белгілері-оның саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы, қадір-қасиеті, даралығы. Сондықтан пәк көңілді баланың болашақта жоғарыда атап көрсетілген маңызды қасиеттерді игерген жеке тұлға болып қалыптасуы үшін мектеп пен отбасының ынтымақтастықта күш біріктіре отырып жұмыс істеуі аса қажет.

Осыған орай отбасылық тәрбиенің басты бірнеше міндеттері анықталды:

1. Бала денсаулығына қамқорлық;
2. Оқуына көмектесу, жетекшілік ету;
3. Адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу;
4. Шығармашылық икемділіктері мен қызығушылықтарын дамыту.

Еліміз тәуелсіздік алып, нарықтық қатынастарға көшкен уақыттан бастап отбасы тәрбиесіне де елеулі өзгерістер енді. Атап айтар болсақ, отбасындағы балалар тәрбиесіне әкелердің ықпалы азайды. Батыс елдерінің тәжірибесімен тіркелмеген некеде тұратын жас адамдардың саны көбеюде. Ал көп балалы отбасылар, жалғызбасты аналар мен жас отбасылар әлеуметтік тұрғыда неғұрлым қиын жағдайда қалып отыр. Бұл аталған себептер баланың отбасында адамгершілік құндылықтарын игерген тұлға ретінде дамуына кері әсер етері даусыз. Сондықтан отбасы жеке тұлғаның қалыптасу үрдісінде негізгі ықпал жасайтын әлеуметтік фактор дәрежесіне жетсін десек, ең алдымен оған қоғам мен мемлекет басты назар аударуы қажет. Ал өркениетті елдердің тарихына үңілетін болсақ, ауқатты мемлекеттің тірегі рухани, адамгершілік негізі қалыптасқан, ынтымағы жарасқан, инабатты отбасы болып отыр. Осы ретте бүгінгі таңда отбасы бірнеше әлеуметтік саламен тікелей байланыста болуы шарт. Олардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі-мектеп.

Мектеп-мемлекеттік мекеме, онда қоғамның әр құбылысына жасампаз шығармашылық тұрғысынан баға бере қарайтын жоғары білімді мамандар жұмыс істейді. Мектеп-қоғамның, отбасының және өзінің өзара тәрбиелік іс-қимылын үйлестіруші қоғамдық институт. Олай болса мектеп өзіне бөлініп берілген шағын ауданда, ауылды жерде және т.б. мемлекет атынан іс-әрекет жасай отырып, негізгі заңда жазылған (Конституцияда) білім беру саласындағы қағидаларды ата-аналармен, әрбір отбасымен бірлесе отырып, ынтымақтастықта іс жүзіне асыратын болады. Ал мектеп пен отбасының ынтымақтастығын жүзеге асыруда сынып жетекшісі негізгі рөл атқарады. Қазіргі уақытта мектеп пен отбасы ынтымақтастық әрекетінің келесі бағыттары айқындалған: ата-аналармен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс; ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын дамыту; ата-аналармен баланың оқу үлгерімі мен тәрбиесін жақсарту үшін жүйелі жеке дара жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, оқушылар ата-аналарымен сынып жетекшісі жұмысының 5 түрлі қызметі анықталған. Олар:

1. Ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісінің мазмұны мен әдістемесімен таныстыру (балалар мен олардың ата-аналарының шығармашылығының күні, ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар).

2. Ата-аналармен педагогикалық-психологиялық ағарту жұмысын ұйымдастыру (мектептік, сыныптық конференциялар, ата-аналар университеттері, лекторийлер, кеңестер, тренингтер, ата-аналарға арналған әдебиеттерге шолу, көрмелер).

3. Ата-аналарды балалармен бірлескен іс-әрекетке тарту (жорық, серуен, саяхат, жөндеу жұмыстары, сенбіліктер, турнирлер, түлектер кештері, туристердің мектептік слеті, отбасылық ойын байқаулары).

4. Жекелеген оқушылардың отбасындағы тәрбиесіне түзету жұмыстарын жүргізу.

5. Ата-аналар белсенділері мен ата-аналардың қоғамдық ұйымдарымен өзара әрекет ету.

Сынып жетекшісінің ата-аналармен жұмысының табысты не табыссыз болуы оның таңдаған ұстанымына, қарым-қатынас стиліне, педагогикалық шеберлігі мен кәсіби құзырлығына байланысты.

Мектеп ата-аналар қауымы үшін әрқашан ашық болып, өзара ынтымақтастық мен серіктестік жүйесін жетілдіруге бағытталып, олардың кез келген игі бастамасын қолдап отыруы қажет.

Мектептің ата-аналармен жұмысын ұйымдастыру нысандары әр түрлі болуы мүмкін. Ал мұнда пайдаланылатын әдіс-тәсілдер педагогикалық тұрғыда қолданылуына байланысты біртұтас жүйе ретінде үнемі бірін-бірі толықтырып отыруы өте маңызды.

Бала тәрбиесі -киелі ұғым. Еліміздің араға ғасыр салып жеткен тәуелсіздік тұсында жеткіншек ұрпақтың тәрбиесі туралы ой егеменді елдің әрбір азаматын толғандыруы керек. Біз ендігі жерде ұлттық салт-дәстүрді ұмытқан мәңгірт ұрпақ емес, нағыз ұлтжанды, халқын сүйген, отаншылдық сезімі жоғары ұрпақ тәрбиелеуді өзімізге міндет етіп, осы жолда аянбай еңбек етуіміз керек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Байбородова, Л.В. Взаимодействие школы и семьи: Учебно-методическое пособие / Л. В. Байбородова. – Якутск: Академия развития, 2003. – 224 с.
2. В диалоге с семьей. Серия: «Ребенок, семья, общество, творчество». – СПб.: ГДТЮ, 2004.
3. Выготский, Л.С. Проблема возраста / Л.С. Выготский // Соб.соч.: в 6 т. – М., 1984. – Т.4 – С. 244-268.
4. Дьюи, Дж. Общество и его проблемы / Дж. Дьюи. – М.: Идея-Пресс, – 2002.
5. Сухомлинский В.А. Мудрость родительской любви / В.А. Сухомлинский. – М.: Просвещение, 1990. – 172 с.
6. Сухомлинский, В.А. О воспитании / В.А. Сухомлинский. – М.: Политическая литература, 1982. – 270 с.

ҒТАХР: 17.71.07

Г.Н. Серкешбаева

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғарықазақ педагогикалық колледжі,
Қазақстан, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, naznar2014@mail.ru

ҰЛТ ТАҒЫЛЫМЫ – РУХЫМЫЗДЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Ұлттық тәрбие – тұнып тұрған асыл қазына, өсиет, өнеге. Әр халықтың ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесіне негізделген өзіндік педагогикасы бар. Бүгінгі таңда қазақ халқының ұлттық мәдени қайта өркендеуі жағдайында жеткіншек ұрпақты халық дәстүрлері арқылы тәрбиелеудің маңызы зор. «Адамзат ұрпағымен мың жасайды» дегендей, ұрпақ тәрбиесі қай кезде де басты мәселе болған.

Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері. Бүкіл әлемдік өркениетте үлкен орын алатын ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», – деген болатын [1, 28]. Жалпы адамзаттық тұрғыдан қарағанда тәрбие мақсаты – әрбір жеке тұлғаны жан-жақты жарасымды етіп тәрбиелеу. Олай болса, келешек ұрпаққа білім-ғылым нәрін егумен қатар, өз халқымыздың тағылымдарын үйретудің мәні зор.

Бүгінгі күні баршамыз болып, «Болашақ жастардың қолында!» деп ерекше екпінмен ұрандатып жүргенде, сол болашағымызды нұрландырар жастарымызды ел тізгінін ұстауға лайықты етіп тәрбиелеп жатырмыз ба?! Қазір жас өскіндерге берілетін тәрбие қандай болса, ертеңгі ел болашағы да сондай болары хақ.

Балғын шыбықтың түзу өсуі оның бағып-қағуында емес пе?! Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Балам дейтін жұртың болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын! Балам деп қағып, оқытып, адам қылғаннан кейін, жұртым деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой» [2, 43].

Жас ұрпақтың салауатты, тәрбиелі жақсы азамат болып қалыптасуы бүкіл қоғам, отбасы, білім мекемелерімен тікелей байланысты. Біріншіден, ұлттық болмысымызды, яғни, ділді, рухты қалыптастыратын ұлттық өмір сүру әдісін, өмір сүру философиясын ұғынуымыз керек. Иә, өмір сүру әдісі салт-дәстүрді тудырса, салт-дәстүр ділді, тіл ұлттық келбетті, ұлттық тәрбиені айқындайтынын әрбір ұрпақ бойына дарыту керек. Қазақ халқының өмір сүру қағидасында «Малым – жаным садағасы, жаным – арым садағасы» деген немесе амандық сұрасқанда «армысың» дейтін асыл сөзі бар. Міне, дана қазағым жанынан арды жоғары қойғаны осының дәлелі.

Бала – отбасының айнасы. Отбасындағы түрлі кикілжің, ұрыс-керістің баланың дұрыс дамуына психологиялық кері әсерін тигізеді. Осыған орай, «Бала әдетті жасынан тамызықтап жинайды. Бала айтқанды емес, көргенін істейді» деген қағиданы әрқашан естен шығармауымыз керек.

Бүгінде жасөспірімдер арасында туындап жатқан сан түрлі жүрек сыздатар жағдайлар ата-аналардың бала тәрбиесіне аса мән бермеуінен, өз міндеттерін толық сезіне алмауынан туындап отырғаны жасырын емес.

«Ата-анадан өсіп бала тараған, жақсы-жаман болса, бала солардан», – деген Жүсіп Баласағұндың дана сөзін әрбір ата-ана жадында ұстаса ләзім [1,37]. «Қызға қырық үйден тыю, қалса қара күннен тыю» деп данағөй халқымыз да тегін айтпаса керек-ті. Қазіргі таңда қазақ қыздарының бойындағы жат қылықтардың белең алуы – осы ұлттық тәрбиемізді аяққа таптап, жоғарыда айтылған даналық сөздерге мән бермейтіндігінің салдары.

Қаймағы бұзылмаған қазақ ұлтын сақтап қалу үшін ең бірінші ұлттық тәрбиемізді және тілімізді дамыту керек. Ол үшін Абай айтқандай, жарлық пен байлық қолында барлар бірігіп, ұлт тәрбиесінің дамуына, өсіп өркендеуіне бар күштерін жұмсап, оның ауыр жүгін арқалап, мүмкіндігінше атсалысса, бүгінгі таңда ұрпақ тәрбиесі, ұлт мәселесі басты мәселеге айналмас еді.

Қазақ халқының тәрбиесін халықтың өмір сүру әдісі, қоршаған орта және осы қоршаған ортада өмір сүру философиясын айқындаған. Ал, өмір сүру философиясы халық ауыз әдебиетінен бастау алатыны сөзсіз.

Халық ауыз әдебиеті – барша ұлт мәдениетінің қайнар бұлағы болуымен қатар, халық тарихының дәстүрлі дүниетанымының жинақталған алтын қоры әрі рухани жан дүниесінің айнасы. Қай халық болмасын өзінің тамырын танып, ұлттық келбетін айқындауда, ең алдымен, дәстүрлі дүниетанымның таусылмас қазынасы фольклорға жүгініп жатады. Бұл ұлтымыздың рухани көкжиегін кеңейтуде, ұлттық болмысымызды толыққанды қалыптастыруда ерекше маңызды.

Ұлы дариядай шалқыған мол да, құнарлы қазақ фольклорының жанрлық құрамы да аса күрделі, көрікті әлем. Салт-дәстүр жырларын басқа жанрлардан ерекшелейтін ең басты сипат отбасымен тікелей байланысты болып келуінде, яғни, адамның дүниеге келуінен бастап, ер жетіп үй болуы, ақыры өмірмен қоштасар сәттегі бақилық сапарына дейінгі аралықты өлеңмен өрнектеп, өнермен әрлеп отырған.

Ата-бабаларымыз: «Ата көрген оқ жонады, шеше көрген тон пішеді», – деп бекер айтпаған. Бұл ұрпақ тәрбиесінің, ең алдымен, отбасынан басталатынын меңзейді. Сондықтан, әрбір ата-ана баласы ес біліп, етек жиғаннан бастап, оған ата-ананың ұрпағы алдындағы қарызын өтеуді көздеп, тәрбиенің негізін қалайды.

«Ел болам десең, бесігіңді, тағылымыңды түзе», – деп Мұхтар Әуезов айтқандай [3, 221], бесік тәрбиесінің бала тәрбиелеудегі басты қадам екені баршамызға аян. Біріншіден, бесіктің бала денсаулығына пайдасы өте зор. Бесікте тербелген баланың ми жасушалары анағұрлым толық жетіліп, ақыл- ойы, тілі жақсы дамиды. Бесікте жатқан баланы бесіктен шешкен кезде ол керіліп, созылады. Бұл баланың ағзасына, жақсы әрі тез жетілуіне өте пайдалы. Сонымен қатар, бала таза болып қана қоймай, жұпалы аурулардан да аман болады. Бесік жасалған ағаш баланың жүрек қағысының, тамақ қуысының, тыныс алу мүшелерінің дұрыс қалыптасуына зор ықпалын тигізеді. Бесіктің жүйелі тербелісінен баланың ми қыртысы өте жақсы дамиды. Осы арқылы жүйке жүйесі қалыптасады. Бесікке бөленген баланың ұйқы безі дұрыс қалыптасып, салмақты, сабырлы болып өседі.

Бесік жыры – тұрмыс-салт жырларының ең басты түрі. Әлемде бесік жырын айтпайтын халық жоқ. Халық педагогикасының мәйегіне айналған бесік жырында халықтың төл тарихының, дәстүрлі мәдениетінің, ежелгі наным-сенімінің, дүниетанымының көрінісі бар.

Бесік жырын барша халық ұлттық тәрбиенің кәусар бұлағы деп таниды. Әлем халықтарының бесік жырлары әр елде әртүрлі аталғанымен, атқаратын міндеті, мазмұн байлығы, поэтикалық

құрылымы мен саз-әуені жағынан үндесіп жатады. Бесік жырының басты қызметі – бесік тербелісіне ыңғайлас сазды әуен, ырғақты сөзбен баланы тыныштандыра отырып, оның жан жүйесі мен санасына ұлттық тәрбиенің алғашқы нәрін сіңіреді.

Баланың тілі шыға бастаған кезінен бастап тіл ашар, тіл ұстарту, өнеге, өсиет секілді атананың өтеуге тиісті міндеттерін жан-тәнімен дерлік өтеу қажет. Әсіресе, баланы жасына қарай тәрбиелеуге ата-ана ерекше көңіл бөлгені жөн.

Халқымыздың тәрбиелік құралдарының, яғни, күнделікті қолданылатын өнеге түрлерінің бірі – тыйым сөздер. Бұл – балалар мен жастарға «жирен жаман әдеттен» дегендей жаман істерден сақтандырып, жақсылыққа еліктеу, бейімдеу мақсатымен шыққан таза халықтық педагогикалық ұғым. Міне, осы арқылы теріс мінез, орынсыз қимылдардан сақтандырып отырған. Халық ұғымында үлкеннің жолын кесу – әдепсіздіктің, қолды төбеге қою – ел-жұрттан безінудің, асты төгу – ысыраптың белгісі деп таныған және ондай ерсі істерге қатаң тыйым салған.

Мұхаррам – араб тілінде «тыйым салынған» деген сөз. Ертеде шығыс елдері наурызды «мұхаррам» деп те атаған. Оның мәнісі әрбір адам жыл бойы табиғатты ластамауға, тәртіпсіздікке жол бермеуге, ұрлық жасамауға, ғайбат сөйлемеуге тағы басқа жағымсыз істер жасамауға уәде беріп, серт байласқан. Демек, мұсылман елі әдептілік, адамгершілік, пәктік сияқты асыл қасиеттерді дарытатын, дамытатын, ұлықтайтын ұлт ретінде ерекшеленген.

Қазақта «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген даналық ой бар. Өмір тәжірибесі мол халқымыз кейінгі ұрпаққа жеті атасын білуді міндеттеген және оны жатқа айтқызыдырып, санасына сіңірткен. Мұның әлеуметтік мәні зор болған. Оның себебі, біріншіден, әр адам жеті атаға дейін жақын туыс саналады. Екіншіден, қазақ халқы жеті атаға дейін қыз алыспаған. Үшіншіден, істеген әрбір жақсылық та, жамандық та жеті атаға дейін тараған. Сондықтан, әр қазақ баласы өз ата-тегін білу тектілік әрі ұлттық тәртіп пен жөн білудің бір саласы болып саналған. Ата-тек деген сөз де осыдан шыққан.

Қазақта ақ бата деген киелі сөз бар. Ақ тілеудің белгісі – ақ бата. «Батамен ел көгерер» дегендей, әрбір қазақ жиын-тойда, отбасында батасын беріп ұрпағын өсірген. Бата – кез келген жерде айтыла бермейтін қасиетті де киелі рухани ұғым.

Ақ бата дидактикалық негізге құрылған. Ерлік, өнер, өмір жолына, ұзақ сапарға аттанар алдында әдейі барып тілейтін бата болады. Мұны жас талапкерге арналған бата деп атайды. Ал, күнделікті астан кейін берілетін батаны дастарқан батасы деп атайды. Бұл батаның маңызы өте зор. Үлкен кісілер немесе кез келген адам біреудің қайырымдылығы мен жақсылығы, ізгі қызметі үшін де бата береді. Бата көркем сөзбен, өлеңмен, шешендік тілмен, ерекше әсермен қол жайып айтылады. Міне, осындай ақ батамен өскен ұрпақтың жан дүниесі де бай болары хақ.

Шешендік сөз – халық ауыз әдебиетінің жанры, ғибраттылық мәні, өнегелі ой-тұжырымы бар, айырықша тапқырлық танытатын нақыл сөз. Мұндай шешендік сөздерге нәр беретін, оның өзегі болатын – тауып айтылатын ұтымды, өткір жауап, қағытпа сөз (реплика). Шешендік сөз – ойды ұтымды, ұтқыр тілге орамды, жарасамды етіп жеткізуімен құнды. Және де танымдық, тәрбиелік маңызы зор. Халық поэзиясының ықшамды нақыл сөз үлгісіндегі келетін кестелі сөз [4, 78].

Міне, осындай ұлттық дүниетанымымызды әрбір ұрпақ санасына сіңіртіп, отбасында ұлттық құндылығымыз насихатталып жүзеге асырылса, ұлт болашағы да жарқын болары сөзсіз.

Қазақ халқы баланың айтқанды қағып алатын ұғымтал кезі жеті мен он бес жас аралығы деп тұжырымдап, жан-жануар, табиғат заңдылықтарын түсінетін, игеретін кезі дәл осы тұс деп қарап, балаларға тәрбие мазмұнын ауырлатып, сезімдік танымнан, ақылдылық танымға қарай баптайды. Сондықтан, ұл мен қызға ортақ жүргізілетін еңбекті сүю, өнер білімге әуес болу, адал, ақ көңіл болу, үлкенді құрметтеу, парықсыз болмау, үнемшіл болу, өтірік айтпау, кешірімшіл болу сияқты толып жатқан тамаша ұлттық түсі қою тәрбиелерден тыс ұлдарын қайсарлыққа, алуан түрлі сайыс өнеріне баулыса, қыздарын әдеп-ибаға, әсемдікке, өнерлі болуға бағыттаған. Әр отбасы өзінің ұрпағын ақылды, өжет, көрегенді етіп тәрбиелеуін жеке отбасының қажеті деп қарамай, ұлтының, отанының ертеңі, болашағы тұрғысынан өзінің қоғамдық борышы деп қараған.

Ұрпақ гүлденсе, ел жаңарады. Көрегенді ұрпақтан, дана халық тарайды. Міне, сондықтан да ұрпақ тәрбиесі – ел алдындағы зор міндет. Ол үшін, алдымен, әрбір отбасында ұлттық тәрбиенің негізі қаланса және мектеп бағдарламасына ұлттық тәрбиеге қатысты пән енгізілсе, яғни, баланың даму деңгейіне орай жүйелі жүргізілсе, ұрпақ тәрбиесі дұрыс жолға қойылған болар еді.

Ұлттық тәрбиенің негізін білмейтін ата-аналарға да осы пән сабақ болары сөзсіз. Яғни, әрбір ұрпақ ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, қоғамға тигізер пайдасы зор жеке тұлға болып қалыптасары сөзсіз. Сонда ғана «Болашақ жастардың қолында!» деп ұрпақ алдында да ұялмай айтар едік.

Қазақ дүниені жалған деп, ұрпақ тәрбиесін ерлік деп есептеген. Сондықтан, ерлікке балайтын өнегелі ұрпақ өсіру – қоғамның, ата-ананың, ұстаздың парызы, негізгі міндеті екенін басты назарда ұстағанымыз абзал. Ендеше, Қазақстанның дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты да көрегенді әрі денсаулығы мықты ұрпақ тәрбиелеп шығару үшін, алдымен, ұлттық тәрбиемізді, яғни, ділімізді, рухымызды, тілімізді және салт-дәстүр мен тарихымызды ұрпақ санасына сіңіртейік.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Жарықбаев Қ. Ақылдың кені. – Алматы: Жазушы, 1991. – 28, 37 бб.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 43-б.
3. Әуезов М. Адамдық негізі – әйел // Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1997. – 221 б.
4. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Рауан, 2013. – 78 б.

ҒТАХР: 14.07.05

А.Т. Смаилова

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі,
Қазақстан, Көкшетау қаласы, smailova66@list.ru

ЖАС ҰРПАҚТЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ

Бала бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтар отбасында, балабақшада, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді, толысып әрленеді. Осы бағытта атқарылатын жұмыстардың арасында ұлттық құндылықтарды қолданудың әсері ерекше.

Ұлттық құндылықтарға әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетіне жанашыр, қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу – ұстаздар алдындағы басты міндет.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді [1].

Осы жұмыстардың ұйымдастырудың негізгі мақсаттарының бірі – ұлттық құндылықтарды жастардың бойына қалыптастыру.

Яғни, білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, оқушы бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды.

Ұлттық тәрбие деп, жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз [2].

Кәсіби маман даярлайтын оқу орыны болуымызға байланысты студенттер бойына шыншылдық, адалдық, мейірімділік, патриоттық, тұрақтылық сияқты рухани қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлға ретінде қалыптасуын, қоғамда еркін сөйлеуін, өз ойын еркін айта алатын, білім алуға құштарлығы мол, кәсіби маман болуға қажетті білі мен дағдыларды меңгерген ұл-қыз тәрбиелеу мақсатында ұлттық құндылықтардың орнын ерекше белгілейміз.

Ұлттық құндылықтарға әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде

ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу – ұстаздар алдындағы басты міндет. Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз. Фасырлар шеруінде халқымыздың алақанына салып аялаған баға жетпес рухани мұрасы, даналық дариясы оның әдебиетінен көрініс табады. «Туған тілін сүюден басталатын махаббат, елжандылықтан адамзатты шексіз құрметтеуге дейін өседі. Жасынан туған халқының даналығымен сусындап, оның өсиетінен нәр алып, әдебиетті сүйіп, сол арқылы ұлтжанды азамат болып өсері хақ», – дейді аса көрнекті әдебиеттанушы Ш. Елеуқенов [3].

Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз.

Бүгінгі таңда студенттерге әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – ұстаз алдындағы үлкен міндет. Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізгі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық міндеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы.

Қоғамдағы адамдар жасаған рухани, материалдық, мәдени құндылықтардың алмасуы оқыту процесі арқылы жүзеге асырылады. Соның ішінде сын тұрғысынан ойлау жобасы арқылы оқыту – саналы процесс екенін айтқым келеді. Интеллектуалдық деңгейі жоғары тұлғаны қалыптастыру үшін, оны оқытып қана қою жеткіліксіз. Оны тұлға ретінде жан – жақты дамытуға қолайлы, оқытудың шығармашылық түрін жасау қажет, яғни шығармашылық оқу әрекетін туғызу қажет, өзін-өзі дамыта оқыту әдістерінің жинағы. Бұл студенттерге, берілген оқу материалын жаттап алу ғана емес, керісінше өз бетімен білім алу үшін ізденуге, проблемаларды шешуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, пікір сайысқа үйретеді.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

✓ белсенді қарым-қатынас: студент пен педагог әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;

✓ индивиттік: педагог әр жеке студенттің ерекшелігін дамыту, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;

✓ шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

✓ студенттердің сана-сезімін қалыптастыру;

✓ жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

✓ ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәден етін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;

✓ жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездері қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана мақсатқа жетуге болады.

Тұлғаның белсенділігі, өзін-өзі дамытып отыруға ұмтылуы өзгелерден бөлек жағдайда емес, өзге адамдармен диалогтық қатынастарға түсу кезінде жүзеге асырылады. Бірлескен қарым-қатынас негізінде оқушы-оқушы, мұғалім-мұғалім, оқушы-мұғалім арасында өзара құрметтеу, мойындау, түсіне білу және сыйластық әрекеттері пайда болып, толеранттық пен мейірімділік көзқарастары қалыптасады.

Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде алдымен төмендегідей мақсаттар қойдым.

– Өз халқы оның мәдениеті мен дәстүрлерін мақтаныш тұтатын Қазақстан азаматын тәрбиелеу.

– Жалпы адамзаттық негіздер мен құндылықтарды құрайтын саналы көзқарастары мен қағида ұстанымдарын тәрбиелеу.

– Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеудің үлгісіне сәйкес этнопедагогика, этнопсихология, этномәдениет негізінде тәрбие үрдісін ұйымдастыру.

– Оқушыларды табысты іс-әрекетте бағыттау, олардың шығармашылығы мен білім құмарлығын дамыту, колдау [3].

Ақын Мағжан Жұмабаев «Баланы тәрбиеші дәл өзіндей қылып емес, келешек заманына лайық қылып шығаруы қажет,» – деген ойлары арқылы тәрбиені келер күн талабымен ұштастырады. Қазақ халқының тәрбие дәстүрі қай халықтың тәрбиесінен кем түсіп көрген емес. Олай болса, бүгінгі ұрпағымызды халқымыздың баға жетпес бай салт-дәстүрлері негізінде тәрбиелеу, оларға ата-бабаларымыздың озық дәстүрлерін сіңіруіміз керек [4].

Еліміздегі бүгінгі студенттер білім және нарықтық реформа өзгерістері мезгілі жағдайында өскен ұрпақ. Ұлттық құндылықтар бұл жастардың құндылық бағыттылығына қалай да болса бір әсерін тигізеді. Қазіргі ұстазға қойылған негізгі талап бала санасында қай кезде де сапалы білім алдыңғы қатарлы әлеуметтік құндылық болып есептелетінін сезіндіру. Сапалы білім алу мен ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы ғана өзгеріп жатқан өмір жағдайларына дағдыландырып сан алуан сезімдерімен ұласып отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. «Егемен Қазақстан», 2007. – 19 б.
2. https://us.kz/blog/t_1_a_alypstasyruda_ltty_ndyly_tar_negizinde_bilim_men_t_rbie_beru/2014-11-13-30
3. Жас ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу
4. <https://bilim-all.kz/article/10697-ZHas-urpaqty-ulattyq-qundylyqtar-arqyly-tarbieleu>
5. М.Жұмабаев «Педагогика». Алматы, 2008ж.
6. Тәрбие жұмысының әдістемесі С. Губашева, А. Отарбай, 2011. – 244.

ҒТАХР: 14.07.05

Д.Д. Шакимова

НЗМ ДББҰ Педагогикалық өлшеулер орталығы
Қазақстан, Қарағанды қаласы, shakimova.dariyash@mail.ru

САНАЛЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУДІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕУ

Бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзі елдері, әлем жұрты білім беру – құндылықтарға негізделуі қажет деп дабыл қағуда. Соның ішінде, батыс жұрты, еуропалықтар шығыс халықтарының бала тәрбиелеудегі сан ғасырлық төл тәжірибесіне аса қызығушылық танытуда. Неліктен?

Өркениетті елдер қатарына жататын батыс мемлекеттерінің соншалықты назарын аудартып, көңілін бөлгізіп отырған не нәрсе?

Бұл – тәрбиенің қайнар көзі, сарқылмас бұлағы болып табылатын ұлттық тәрбие. Шығыс елдерінде тәрбие ұлттық құндылықтардан бастау алады. Батыс елдері осының бірден бір дұрыс тәсіл екенін айқын ұғынған.


Өйткені ғаламдық өзгерістерге ілесе отырып, әрі ұлт ретінде келбетінді жоғалтпай сақтап қалуда адастырмайтын жалғыз жол – ұлттық құндылықтарға негізделген білім мен тәрбие.

Ұлттық құндылықтарды дамытуды тілден бастау керек. Неліктен тілден бастау керек? Себебі, тіл – ұлттық құндылықтардың бастауы, темірқазығы. «Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым. Мен не көрмедім?...» [1] деп кезінде алаш қайраткерлерінің бірі Міржақып жеткізген «тілдің мұңы» бір ғасыр өтсе де өзектілігін жоймай отыр.

«Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі. Ол жүректі соқтыртып тұрған қан тамыры сияқты. Егер де қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?!» [2] деп ұлы жазушы М. Әуезов тілдің болашағы – ұлттың болашағы екенін, тіл болмаса ұлттың да болмайтын айтты.

Яғни, өзінің ана тілінде сөйлемеген, әдебиетін тұшынып оқымаған, төл тарихын зерделемеген, ән-жырын сүйсініп тыңдамаған, күмбірлеген күйіне елтімеген баланың рухы әлсірейді, жүрегі жабылып қалады, содан намыссыз ұрпақ пайда болады. Осындай құндылықсыз берілген білім жасанды сүтпен қоректендірілген сәби секілді. Осындай білім мен тәрбие алған ұрпақтың күш-қуаты, ерік-жігері әлсіз келеді. Нәтижесінде, ондай ұрпақтан «аурушаң» қоғам құрылады. Сондықтан дүние жүзі елдерінің құндылыққа негізделген білімге, шығыстың тәрбиесіне назар аудару бастағаны тегін емес. Құндылыққа негізделген білім мен тәрбие ана сүтімен сусындаған, уызына жарыған баладай нәрлі де құнарлы болады.

Айтылған пікірлерді жүйелей келе, ұлттық құндылықтарға негізделген білім берудің төмендегідей **моделін** ұсынамыз:



Сонымен, ұлттық құндылықтардың барлығы ТІЛДІҢ айналасына шоғырланады. Яғни, тіл бәрінің темірқазығы. «Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде» [3] деген ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзі де осыны меңзеп тұр.

Өзінің ана тілін білген, ана тілінде оқып, білім мен тәрбие алған адамның жүрегі қазақ деп соғады, рухы мықты болады. Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқайдың: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» [4] деуі бекер емес.

Ана тілін құрметтейтін, қастерлейтін адам рухты болуымен қатар, намысты болады. Ұлттық намыстың негізгі көрінісі адамның туған еліне, жеріне, атамекеніне, ана тіліне сүйіспеншілігінен, төл мәдениеті мен салт-дәстүріне деген құрметінен байқалады. Ал ұрпақтар сабақтастығы құндылықтар арқылы жалғасатындықтан, ұлт тарихы үшін осы сабақтастықтың маңызы зор.

«Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек» [5] деген Мұхтар Әуезов сөзімен айтқанда, осының барлығын жүзеге асыру үшін

алдымен ниет түзу болуы керек. Ниеттің түзулігі адамның қара басының қамын емес, ұлтының қамын ойлауынан көрінеді. «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» [4] деп халқымыздың асыл перзенті Ахмет Байтұрсынұлының айтып отырғаны да осы ұлттық тәрбие емес пе?!

Тілдің ұлттық рухпен, ұлттық ділмен, ұлттық намыспен, ұлттық тарихпен сабақтастығын түсінген сәтте балада тілге деген оң көзқарас пайда болады. Тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттық құндылық екенін сезінгенде, ата-бабаларымыздан қалған аманат екенін түйсінгенде ғана баланың тілге деген жауапкершілігі артып, қарым-қатынасы өзгереді.

Қазіргі уақытта ұлттық тәрбиеден ажырап қалған, соның нәтижесінде өзін таппай жүрген, өзін тапқысы келетін, өзін тұлға ретінде қалыптастырғысы келетін жастар көп. Бұған тек ұлттық құндылықтарымызды нығайту арқылы қол жеткізуге болады. Сөз етіп отырған әдістемелік құралдағы тапсырмалар, ғибратты әңгімелер әрбір он баланың кемінде біреуінің санасына сәуле түсірсе, соның өзі үлкен бір жетістік. Себебі сол бір баланың өзі қаншама достарына, замандастарына ықпал етеді.

Белгілі ойшыл Мырзагелді Кемелдің: «Айнаға өкпелеме. Ұрпағың – айнадағы өзің. Ұрпағыңа бүгін еккенінді бірнеше жылдан кейін аласың: мінез, тағдыр, келешек» [4] деген сөзі бүгінгі таңда астарлы ақиқатқа айналып отыр. Ана тілін өгейсінген, отанын қорғауды парыз деп санамайтын, ұлттық салт-дәстүрді білуге әрі сақтауға ынтасы жоқ жастарымыздың көбейіп келе жатқаны соңғы бірнеше жылдың «жемісі».

Өркениетті елдер қатарына қосыламыз деп жастарымыз батыстың арзан жылтырағына ынтанып, ұлттық құндылықтарымыздан алшақтап кете берсе, келер ұрпаққа ата-ана мен ұстаз не деп жауап береді?

«Бірінді қазақ бірін дос, көрмесен істің бәрі бос» деп дана Абай өсиет еткендей, еліміздің болашағын жас ұрпақтың қолына сеніп тапсыру үшін ұлттық рухы биік, намысы жоғары, ділі мен тіліне берік жастарды тәрбиелеу – баршамызға ортақ мүдделі парызымыз.

Пайдаланған әдібиеттер

1. Міржақып Дулатов «Тілдің мұңы» 27 июль, 1926 ж.
2. Қасым-Жомарт Тоқаев. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан газеті.
3. Құсайынов А. Саналы тәрбие негізінде алынған білім ғана сапалы болады // https://www.inform.kz/kz/sanaly-tarbie-negizinde-alyngan-bilim-gana-sapaly-bolady-askarbek-kusaunov_a3711299
4. Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар. Мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық / Құсайынов А.Қ., Шакимова Д.Д. – Алматы, 2021.
5. Ұлттың ұлы тұлғаларының даналық сөздері: Мұғалімдерге, ата-аналар мен оқушыларға арналған әдістемелік нұсқаулық / Құсайынов А.Қ., Шакимова Д.Д. – Алматы, 2021.

ҒТАХР: 14.07.07

Е.Е. Шаймардан

Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана қаласы,
erkezhanshaimardan@gmail.com

ГЕНДЕРЛІК ЗЕРТТЕУГЕ ДЕГЕН ЖАЛПЫ ҒЫЛЫМИ КӨЗҚАРАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Гендерлік қатынастар қоғамның әлеуметтік ұйымының негізгі компоненттерінің бірі болып табылады, ал олар адамның сөйлеу мінез-құлқына және оның тілдік әлеуметтенуіне әсер ететін белгілі бір стереотиптер түрінде тілде бекітілген. Гендерлік лингвистиканың алдында феминистік және әлі күнге дейін жалғасып келе жатқан тіл сыны немесе феминистік лингвистика (ФЛ) болды. Анықталған ФЛ заңдылықтары тілдік жүйеде "антигендік" асимметрияның болуын дәлелдейді. Мұндай тұжырым лингвистикалық салыстырмалылық гипотезасы тұрғысынан түсіндіріледі: тіл – бұл қоғам дамуының өнімі ғана емес, сонымен бірге оның ойлауы мен менталитетін қалыптастыру құралы.[5] Гендерлік лингвистиканы қалыптастыратын жайт – адам тілінің синкретті үш қыры бар деп есейтейді: бірі – тілдің ішкі құрылысы, екіншісі – тілге әсер етуші сыртқы жүйе, әлеуметтік факторлар, үшіншісі – тілде көрініс беретін ментальді құрылым, әлемнің жанама түрдегі бейнесі. Бұл – әлемнің тілдік бейнесі, тілдік тұлғаның прагматикасы, тіл қолданушының тілдік санасы, ойлаудың этникалық құрылымы, қалыптасу үстіндегі өмір салты, ұлттық мінез-құлық, менталитеті әсер ететіндігін атап өтеді.

Қорыта айтқанда, тілді біліктілікпен дамыту үшін тілдің әлеуметтік жіктелуі мен адамның жыныстық айырмасы арасындағы байланысты яғни гендерлік жіктелімді зерттеу керек. Сонымен қазақ тіл біліміндегі гендерлік бағыттың қалыптасуы мен дамуына себеп болған факторларға тоқталуға болады. Айталық, саяси-әлеуметтік фактор қоғамдық сананың гендерлік парадигмасының ауысуына және еліміздің дамуындағы саяси, әлеуметтік, экономикалық өзгерістерге себепкер болуда. Ал лингвистикалық фактор тілдің әлеуметтік қызметін дамыту, әлемдік лингвистикада өріс алған бағыттардың кең таралуына тікелей әсер етеді. Олай дейтініміз, әлемдік психолінгвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивті лингвистика, гендерлік лингвистиканың қарқынды дамуы қазақ тіл біліміне де өз әсерін тигізе бастады [6].

Осыған сүйене отырып, тілдің феминистік сыны тілдің саналы нормалануы мен тіл саясатын саяси дискурс сияқты нәтижелі факторлар ретінде қарастыра отырып, тілдік нормаларды қайта қарастыруды және өзгертуді талап етеді. ФЛ-дың басты ерекшеліктерінің бірі – бұл "таза" тіл білімінен өте тез шықты. Тіл біліміндегі осы бағыттың айқын радикалдылығы және тіл нормаларын, мүмкін болса, тіл жүйесінің өзін өзгерту ниеті өткір пәнаралық пікірталас тудырды. Қазіргі әлеуметтік ғылым гендер ұғымдарын ажыратады. Дәстүр бойынша, олардың біріншісі адамның анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін белгілеу үшін пайдаланылды, соның негізінде адам еркек немесе әйел ретінде анықталады. Адамның жынысы әйелдер мен ерлер арасындағы психологиялық және әлеуметтік айырмашылықтардың негізі және түпкі себебі болып саналды. Гендер – бұл еркек пен әйел категорияларын анықтайтын әлеуметтік-мәдени сипаттамалар жүйесін қамтитын күрделі ұғым. Әрбір қоғамның өзіндік гендерлік жүйесі бар екенін атап өткен жөн, бірақ әр жүйе асимметриялы, яғни адамдарға жынысына байланысты әртүрлі мәдени бағалаулар мен болжамдарды көрсетеді. [3] Гендерлік зерттеулердің пайда болуы, сондай-ақ өте тәуелсіз жаңа бағыт – еркектікті зерттеу-негізінен осы қарама-қайшылыққа байланысты. Осы орайда бірнеше сұрақтар туындайды. Мысалы, грамматикалық жыныс категориясы мен экстралингвистикалық "жыныс" категориясының арақатынасы орыс тіл білімінде басқа пәндер аясында, атап айтқанда морфология, грамматика, лексикология – батыста феминистік тіл тұжырымдамасы қалыптасқанға дейін қарастырылды.

Әр түрлі географиялық аудандар мен тілдік отбасылардан шыққан 257 тілдің үлгісінде 112 тілдің гендерлік жүйесі бар екендігі көрсетілген. Олардың бүкіл әлемде таралуы гетерогенді. Гендерлік жүйелер Еуропада, Африкада және Австралияда, Америкада кең таралған және Азия мен Тынық мұхитының көп бөлігінде енді іс жүзінде орындалып келе жатыр. Америка Құрама Штаттары тарихындағы кез – келген оқиға мен тақырып гендерлік тарих тұрғысынан қабылданады және қамтылған [4]. Гендерлік бинарлық-бұл адам ойлауындағы негізгі жіктеу және әр мәдениеттегі адамдардың күнделікті өмірінде кездесетін жыныс пен гендердің екі бөлек және қарама-қарсы категорияға бөлінетін әлеуметтік ұйымның тәсілі: ерлер мен әйелдер. Бұл гендерлік жүйелердің кең таралған түрлерінің бірі. Бұл екі жіктеу бір-біріне қатысты болғандықтан ғана тұрақты болып көрінеді. Біреуі екіншісіз болмайды. Олар бір деңгейде сирек кездеседі; керісінше, жоғарғы және төменгі, дұрыс және бұрыс, үлкен және кіші, еркек жоғары немесе басым, әйел – төменгі сатыда немесе бағынышты (қарым-қатынас кері болуы мүмкін). Ер адамдар бағынышты синтаксистік байланысты, сондай-ақ бағынышты шақтарды, мақсат пен орынды қолданады. Олар көбінесе логикалық тізбектерді, иерархияларды құрастырады, себеп-салдарлық байланыс орнатады, ойлаудың бұл ерекшелігі олардың сөйлеуінің осы ерекшелігінен көрінеді. Әйелдердің сөйлеуінде бағынышты дәрежелі салыстыру және жеңіл сөйлемдер бар. Ер адамдар бұйрықтарды жиі пайдаланады, ал әйелдер жанама өтініштерді пайдаланады. Сұраққа жауап бергенде, ерлер жиі нақты жауап алғысы келеді, сондықтан сұрақ өте анық айтылады. Көптеген әйелдер мәнерлеп жауап береді, сол сияқты сұрақтарды да - көптеген еркектерге қарағанда ашық айтады.

Сонымен қатар, лингвистикалық гендерлік зерттеулердің дербес ғылыми бағыты ретінде позициясының күшеюінің бір белгісі ретінде мәдениетаралық коммуникацияны оқытуда гендерлік тәсілді қолдану мәселесін көтеретін бірқатар әдістемелік еңбектердің пайда болуын айтуға болады. Тіл біліміндегі гендерлік зерттеудің жалпы ғылыми көзқарастарын дамыту мәселелері қарастырылып, тіл мен қарым-қатынастың гендерлік аспектілерін зерттеудің нақты ғылыми міндеттері және одан әрі ғылыми зерттеулердің перспективалары тұжырымдалады [3]. Талдау барысында мынадай ерекшелік анықталды: ғылымдағы гендерлік көзқарас ерлер мен әйелдер арасындағы биологиялық айырмашылықтар емес, қоғамның осы айырмашылықтарға беретін мәдени және әлеуметтік мәні маңызды деген пікірге негізделген. Олардың әлеуметтік-мәдени тұрғыдан бағалануы мен түсіндірілуі, сонымен бірге осы айырмашылықтарға негізделген билік қатынастарының жүйесін құру маңызды.

«Гендер» категориясын талдау оның қалыптасу кезеңдерін ерекше мәртебесі мен құрылымы бар термин ретінде көрсетуге мүмкіндік берді. Гендер қоғамның ерлер мен әйелдер рөлдерінің қалыптасуының (құрылуының) күрделі әлеуметтік-мәдени процесін көрсетеді, сол немесе басқа жыныстағы адамның мінез-құлқындағы, психикалық және эмоционалды ерекшеліктеріндегі айырмашылықтарды атап көрсетеді.

Бұл процестің нәтижесі, оның теориялық түсінігі де әлеуметтік құрылым «гендер». Гендерлік айырмашылықтарды тудыратын маңызды элементтер «ер» және «әйел» (еркек пен әйелдіктің қарама-қайшылығы) және ұзақ тарихы бар, әйелдің еркекке бағынуы.

Лингвистикалық әдебиеттерде, ғылыми мақалаларда Қазақстандағы гендерлік жүйе кеңінен ұсынылып, кеңінен зерттелуде. Осы уақытта гендерлік салаға үлесін қосып жүрген көптеген Қазақстандық ғалымдар ойып тұрып орын алуда. Соның бірі, Исмагулова Г.К. өзінің диссертациялық жұмысын лингвомәдениеттану саласында қазақ, орыс және неміс мәдениетіндегі ерекшеліктерге гендерлік аспектіде зерттеу жүргізіп, сәтті қорғады. Исмагулова Г.К. айтуы бойынша «гендер әлеуметтік-мәдени құрылым ретінде әлемнің әртүрлі тілдік суреттерінде жарқын көрініс табады» деген [5]. Сонымен қатар, лингвомәдениеттанымдық талдау гендерлік қатынастардағы орыс, неміс және қазақ тілдеріндегі олардың айтарлықтай ұқсастығын анықтайды, алайда салыстырмалы талдау этномәдени дәстүрлерге негізделіп, тілдің ұлттық ерекшелігімен шарттасқан әлемнің тілдік бейне фрагменттерін пайымдайды деген. Мысалы: мәдениет тілдерінде "қос стандарт" деген ұғым бар: әйелдің күнделікті өміріндегі моралмен қабылданбайтын нәрсе, ер адамға ол нәрселердің теріс жақтары байқалмайды. Сонымен, әйел-құмар / Schürzenjäger, Frauenheld / әйел жанды – бұл тек қарама-қарсы жыныстағы адамдарға бей-жай қарамайтын ер адам. Бұл қосарлылықтың астарында еркектіктің бетімен кеткендігі жасырынуда, оның себептерінің бірі физикалық күш, "иесі", "әкесі", "асыраушысы" әлеуметтік мәртебесі болып табылады [5].

Адамдар арасындағы биологиялық айырмашылықтардан басқа, олардың әлеуметтік рөлдерін, қызмет түрлерін, мінез-құлқы мен эмоционалды сипаттамаларында айырмашылықтар бар. Антропологтар, этнографтар және тарихшылар бір қоғамда ерлердің кәсібі деп саналатын идеялардың салыстырмалылығын әлдеқашан анықтаған, ал екіншісінде әйел ретінде анықталуы мүмкін. Әлемде әйелдер мен ерлердің әлеуметтік сипаттамаларының әртүрлілігі және адамдардың биологиялық сипаттамаларының түбегейлі сәйкестігі биологиялық жыныс олардың әртүрлі қоғамдардағы әлеуметтік рөлдеріндегі айырмашылықтардың түсіндірмесі бола алмайды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осылайша, гендер ұғымы пайда болды, бұл қоғам адамдарға биологиялық жынысына байланысты орындауды бұйыратын әлеуметтік және мәдени нормалардың жиынтығын білдіреді [1]. Биологиялық жыныс емес, әлеуметтік-мәдени нормалар, сайып келгенде, психологиялық қасиеттерді, мінез-құлық үлгілерін, іс-әрекеттерді, әйелдер мен ерлердің кәсіптерін анықтайды. Қоғамда еркек немесе әйел болу тек белгілі бір анатомиялық ерекшеліктерге ие болуды білдірмейді – бұл белгілі бір гендерлік рөлдерді орындауды білдіреді [2]. Осылайша, егер биологиялық жыныс "еркек" және "әйел" санаттарында көрінсе, онда гендер "еркектік" және "әйелдік" санаттарында болады. Қазіргі мағынада гендер жеке биологияның немесе адамның қандай да бір түрі болуға бейімділіктің салдары емес. Бұл мүлдем жеке сапа емес, әр адам құрамына кіретін қоғам белгілеген тәртіп деп те айта аламыз. Гендер сонымен бірге белгілі бір тарихи кезеңде белгілі бір қоғамда қабылданған еркектіктің немесе әйелдіктің әлеуметтік және мәдени негізделген моделіне "ену" процесі мен нәтижесін көрсетеді" [1]. Н.Л. Пушкарева гендерді анықтауда гендер қарым-қатынастар мен процестердің кешенді араласуы да, әлеуметтік қатынастардың негізгі компоненті болып табылатындығына назар аударады, және бұл компонент қоғамды жынысы бойынша бөлудің негіздерінің бірі болып табылады және сонымен бірге биологиялық функциялармен бөлінбейтін байланыста қарастырылады. Гендер лингвистикалық ұғым емес, бірақ оның мазмұны тілдік ерекшеліктерді талдау арқылы да ашылуы мүмкін. А.В. Кирилина атап өткендей, "гендер" категориясы тарих, тарихнама, Әлеуметтану және психологияның концептуалды аппаратында 60-шы жылдардың аяғы – XX ғасырдың 70-ші жылдарының басында, кейінірек тіл ғылымының қызығушылықтарының кеңеюімен байланысты лингвистикада пайда болды. Дәл осы уақытта, Е.С. Гриценко атап өткендей, тіл ойлау құралы, қарым-қатынас құралы және қызметі, адам, мәдениет және қоғам туралы білім алу құралы ретінде қарастырыла бастады.

Гендерлік факторға басым көңіл бөлген қазақ ғалымы Б. Хасанұлының еңбектерінде гендер терминін жиі кездестіруге болады. "Біздің мақсат – тілді дұрыс бағытта дамыту, сол үшін де гендерлік зерттеу керек", – дейді Б. Хасанұлы.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Kristin Hoganson, "What's Gender Got to Do with It? Women and Foreign Relations History," Magazine of History 19, no. 2 (March 2005): 14.
2. Исмагулова Г.К. Лингвокультурологический аспект гендерных отношений: сопоставительный аспект (на материале русского, немецкого и казахского языков) [Электрондық ресурс] / Г.К. Исмагулова // Автореферат. – Тюмень, 2005. – б.6-8. Кіру режимі: <https://elibr.utmn.ru/jspui/bitstream/ru-tsu/2185/1/469.pdf>
3. Шоқым Г. Гендерлік лингвистика негіздері [электрондық ресурс] / Г. Шоқым // Оқулық. 2012-Алматы. Кіру режимі: <http://rmebrk.kz/bilim/shokym-genderlik-lingvistika.pdf>
4. Баженова И.С. Көркем прозадағы ерлер мен әйелдердің эмоционалдылығын белгілеу конвенциялары / И.С. Баженова // Гендер: тіл, мәдениет, байланыс: тезистер жинағы докл. Үшінші халықаралық конф., 27-28 қараша, 2003 – Мәскеу – Б. 20-21.
5. Барышникова Г.В. Гендерлік бағалау номинациясының диахроникалық аспектісі / Г. В. Барышникова // Гендер: тіл, мәдениет, байланыс: докл тезистер жинағы. Үшінші халықаралық конф., 27– 28 қараша, 2003 – Мәскеу – Б. 21-22.
6. Белая Н.В. Тілдегі гендерлік айырмашылықтардың көрінісі туралы [Электрондық ресурс] / Н.В. Белая / Rhema. Рема. – 2009. – Кіру режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/o-proyavlenii-gendernyh-razlichiy-v-yazyke>

ҒТАХР: 14.07.07

А.Г. Шайрахметова

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі

ЖАҚСЫ ҰСТАЗ – ҚАЗЫНА!

Ұстаздық – бұл адам шығармашылығы мен ақыл-ойдың кеңістігін кеңейтетін ғылым, сондықтан білімнің шекарасы болмайды. Адам күрделі тіршілік иесі болса, мұғалім тұңғық әлемдегі сол адамның жан дүниесімен айналысады. Біз күн сайын әр түрлі балалармен кездесеміз, олар шексіз әлеуетке ие мүмкіндіктермен өмір сүреді. Балаларға білім беру және оларды тәрбиелеу – бұл олардың өз әлеуеттерін күшейтуге және олардың шексіз энергияларын ашуға көмектесу. Мұғалім кәсібінің қасиетін саралау біздің жұмысымызға көптеген қиындықтар туғызады, сонымен қатар сарқылмас күш береді.

Педагогикалық мамандықтың қосымша артықшылығы – бұл отбасына да пайдалы. Кейбіреулердің айтуынша, адамдарға ең жақын кәсіптер мұғалімдік пен дәрігерлік болып табылады. Дәрігерлер мен мұғалімдер адам денесі мен ақыл қатарлы екі аспектісіне қызмет етеді. Мұғалімдердің кәсібилігі мен даналығы тек білім алушыларға ғана емес, сонымен бірге өз отбасыларына да пайдалы. Олар мектептегі балалар болсын, өз балалары болсын, оларға тікелей және нақты көмек бере алады.

Білім беру – бұл салыстырмалы түрде тұрақты жұмыс. Мемлекеттік қызметшілер ретінде қазірдің өзінде ұлттық заңнама мұғалімдердің негізгі құқықтарына нақты кепілдік береді. Уақыт өте келе ұстаз қызметінің маңызы мен мемлекет берген құқықтық қорғау күшейе түсері сөзсіз. Әрине, бұл материалдық әл-ауқатқа және мұғалімдердің жан тыныштығына әсер етеді.

Біздің менталитетіміз, әрине, жұмысымыздың сипаты мен мамандықты түсінуімізге байланысты. Сіз көрген әлем – біздің де көргіміз келетін әлем. Егер біз білімді аса құдіретті деп санайтын болсақ және оның табиғатын ескермесек, онда біз оның мәнінен алшақ кетеміз. Бірақ егер біз оны тым қарапайым деп қарастырсақ, онда біз оның құндылығын ұмытып, миссиясын жоққа шығарамыз. Білімнің қасиеттілігі оның тәртіптілігімен құнды. Біз күн сайын қасиеттілік пен дәстүрлілік қатарласатын жолмен жүреміз, сондықтан біз білімнің осы қасиетін мойындауымыз керек.

Мамандығымыз бақыт «индексіне» айтарлықтай әсер етеді. Егер сіз жұмысыңыздан шаршаған болсаңыз, бұл сіздің психикалық әл-ауқатыңызға, жетістіктеріңізге, сонымен қатар бақыт, табыс сезімдеріңізге теріс әсер етеді. Егер сіз бұл кәсіпті сүймесеңіз, онда бұл мамандық сізді де жақсы көрмейді. Егер сіз мұғалім мамандығын ұнатпасаңыз, онда мұғалім кәсібінен ләззат ала

алмайсыз. Сондықтан жақсы мұғалім болу үшін біріншіден, осы мамандықты түсіну және ұстаздық шеберліктің сырын ашу керек.

Шынайы өмірде мұғалімдік мансап мамандық таңдауда алдыңғы орынға шықпауы мүмкін. Алайда өз кәсібiнен ләззат алатын ұстаз сөзсiз, өз кәсiбiн бiрiншi орынға қоюы керек, сонда ғана маңдай алды ұстаз бола алады.

Мұғалімдер адам тағдырына қажеттi құндылықтарды дарытумен айналысады. Сондықтанда, олар педагогикалық мансабының iшкi сұлулығын зерттеуге тырысуы керек. Жақсы ұстаз – бұл бiлiмалушылар өмiрiндегi қазына. Тек оқыту дағдыларын меңгерген мұғалiм жақсы сабақ беруi мүмкiн. Ал, ұлы ұстаздар студенттерге бiлiм де бередi, ақыл – ойын да дамытады.

Шынайы сенiм – бұл сәтсiздiк кезiндегi батылдыққа және оптимизмге шабыттандыратын ең тұрақты және жарқын үмiт. Сенiмнiң оптимизмi – бұл бiздiң өмiрiмiздiң сәулесi, оны әрдайым жылы және жарқын етедi және жарқын жағын нұрландырады. Шындықтан асып түсу жолында бiз түрлi қиындықтарға кезiгемiз. Бiздiң көпшiлiгiмiз тек арманымыз туралы ойлаймыз, бiрақ оларды жүзеге асыруға тырысатындар аз, өйткенi оған әрдайым көптеген себептер бар: Ең бастысы мүмкiн емес деген ұғым. Бiрақ ойластырылған iс-әрекеттiң арқасында сiз мүмкiн емес болып көрiнетiн нәрсенi зерттеуге әрқашан мүмкiндiктер бар екенiн көресiз, ал мүмкiн емес болып көрiнген нәрсе ақыр соңында қол жетiмдi шындыққа айналады. Кез-келген арманның орындалуы тек қиындықтан бас тартпайтын және оптимизммен жауап беретiн адамдарға тиесiлi.

Өмiрде «қол жетпейтiн шың» жоқ, керемет эстетикалық пейзаж әрқашан бiздiң көз алдымызда. Оқыту үрдiсi үздіксіз болғандықтан, бiлiмнiң шегi жоқ. Жалпы ұстаз бiлiм беру барысында ең негiзгiсi балаларға эстетикалық тәрбие беру. Себебi: баланың бойында эстетикалық тәрбие болмаса, терең мағыналы ойлар мен адами қарым қатынасы дұрыс болмауы анық. Жалпы мектеп оқушыларына эстетикалық тәрбие беруде мұғалiмдердiң алдына қойылатын күрделi мiндет – ол оқушылардың көрген-бiлген заттарының, көркем нәрселердiң сырын дұрыс аша отырып, оларға түсiндiру. Сөйтiп, оқушылардың сезiмдерiн оятып қана қоймiлi, ойлау, қиялдау сияқты қасиетiнiң дамуына да жол ашу.

Оқушы түсiнiгiнiң эстетикалық жақтан қалыптасуы еңбек ету, қоғамдық қатынас, табиғат, өнер т.б. сол сияқты көптеген факторлардың ықпал ету нәтижесiнде болады. Сондықтан мұғалiмдер, оқушылардың эстетикалық талғамын iс жүзiнде де, теория жүзiнде де арттыра отырып, көрген-бiлгендерiнен сұлулықты қабылдауға, оған масаттанып ләззат алуға көмектесуi керек.

Оқушыларға берiлетiн бiлiмдi өнер арқылы толықтырып, оқушылардың өмiрiн тамаша, қызықты етiп, ұйымдастыра бiлу – әрбiр мұғалiмнiң борышы болып табылмақ.

Оқушылардың эстетикалық сезiмiн дамыту олар мынау жақсы, әдемі, ал мынау жаман, көрiксiз деп ауызша айтуда ғана жүзеге асырылмайды, сонымен бiрге бала күнделiктi тұрмыста да, мектеп өмiрiнде де эстетикалық талғампаздықтың үлгi-өнегесiн күн сайын көрiп отыруы керек. Сонда ғана эстетикалық тәрбие жұмыс ойдағыдай жүзеге асады.

Музыка – эстетикалық тәрбиенiң тегiзгi бiр құралы.

Музыка оқушыларға моральдық тәрбие берумен қатар баланың ой-өресiн, iшкi сезiмi мен есту сезiмiн тәрбиелеп дамытады. Өмiрде болып жатқан оқиға мен түрлi табиғат құбылыстарына деген сезiмi артады. Музыка – жаңа ұрпақты сергек, жiгерлi, өз iсiне сенетiн етiп тәрбиелеудiң құралы.

Әрбiр әнде берiлетiн халқымыздың ән туралы сүйiспеншiлiгiн, халқымыздың басынан өткен тарихи оқиғаларын, арман мен мақсатын, өмiрге деген сүйiспеншiлiгiн жастарға жеткiзе бiлу негiзгi мақсат болып табылады. музыка ересек адамдардың күнделiктi өмiрi мен еңбегiнде зор роль атқаратын болса, жас өспiрiмдердiң өмiрiнде де зор роль атқаратынын педагогика терiске шығармайтынын, қайта қолдайтынын, iс жүзiнде дәлелдеудi қарастырдық.

Музыканы, әндi тыңдауды бала жастайынан сүйедi. Ол-баланың жан дүниесiне, көңiл күйiне, көркемдiк сезiмдерiне зор эмоциялық әсер етедi. Үлкендер қазақтың ұлт аспабы – домбыраны тартып, ән салса, үйде жүрген кiшкене сәби әлi толық мағынасын да, сөздердi де айта бiлмесе де, өзiнше күйдiң ырғағына, әуенiне елiктеп, iштей болса да қосылып ән салғандай болады.

Қазақтың халық әндерiмен қатар қазақ композиторлар мен ақындардың шығармалары, Абайдың, Ақан серiнiң, Бiржанның, Жаяу Мұсаның, Құрманғазы, Тәтiмбеттердiң әндерi мен күйлерi балаларға мектепке дейiн-ақ таныс, сүйсiне тыңдайтын шығармалары болып табылады. Сондықтан әрбiр жанұя мен мектеп баланың «музыкалық қабiлетiн» ертеден тәрбиелеп, олардың жас ерекшелiктерiне лайықты әнге деген ынтасын арттыруға мiндеттi. Демек, баланы алдымен жанұяда, одан мектепте, әнге үйрету дұрыс ұйымдастырылғанда ғана iс нәтижелi болмақ.

Эстетика мәселесi жайында көп мұра қалдырған – орыстың революционер-демократ педагогы, жазушы, сыншы Н.Г. Чернышевский. Ол музыканы тыңдап отырып, адам өз сезiмiн, алған

эсерін сыртқа шығару үшін, өзі де қосылып әндетеді деген екен. Бұл-музыканың әсері мен ықпалы күшті екендігін дәлелдей түсетін өте маңызды пікір.

Қоғамда музыка, өзінің жоғары әсерлілігі мен мазмұны арқылы оқушылардың идеялық көзқарасын, қоғамға, отанға деген патриоттық сезімдерін қалыптастырады, сондай-ақ ол өмір құбылыстарын дұрыс түсініп, дұрыс қабылдауға, оны жадында сақтауға жәрдемдеседі. Музыка арқылы балаларға, оқушыларға берілетін эстетикалық тәрбиенің маңыздылығы осында!

МРНТИ: 14.25.01

Т.С. Шумейко

Костанайский региональный университет им. А. Байтурсынова
Казахстан, Костанай, T.Shoomeyko@mail.ru

НАЦИОНАЛЬНО-СЕМЕЙНЫЕ ЦЕННОСТИ И ИХ ФОРМИРОВАНИЕ В СОДЕРЖАНИИ ШКОЛЬНЫХ ПРЕДМЕТОВ «ЦИФРОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ» И «ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ТРУД»

Формирование национально-семейных ценностей является одной из значимых составляющих духовно-нравственного воспитания, которой всегда уделялось должное внимание в теории и практике воспитания и образования. Нравственность или мораль трактуется как «особая форма общественного сознания и вид общественных отношений; один из основных способов регуляции действий человека в обществе с помощью норм», при этом отмечается, что «в отличие от простого обычая или традиции нравственные нормы получают идейное обоснование в виде идеалов добра и зла, должного, справедливости» [1, с. 828]. Такое обоснование нравственных норм «в виде идеалов добра и зла, должного, справедливости» нашло отражение в народных сказках, пословицах, поговорках всех народов мира. Трудолюбие, честность, справедливость, доброта – эталонные качества семейного и народного воспитания.

С давних времен одной из главных ценностей семейного воспитания является преемственность поколений. Так, отмечая, что первые мысли о воспитании и обучении, образе жизни и традициях кочевых народов, населявших территорию Казахстана, высказаны в письменных произведениях далекого прошлого, исследователи приводят пример выдающегося письменного памятника Средней Азии и Казахстана – произведение «Книга моего деда Коркута», прославленного певца и музыканта IX века, во взглядах которого отражены требования к личности человека: «Дочь без примера матери наставления не примет, сын без примера отца угощения не устроит»; «Прославляющим имя отца, данным на радость сыном хорошо быть» [2].

В дальнейшем национально-семейным ценностям продолжает придаваться большое значение как в обществе в целом, так и в воспитании подрастающего поколения. В условиях многонационального государства возникает необходимость основательного знакомства подрастающего поколения с духовными ценностями своего народа, с его национальной культурой, традициями; сохранения этнокультурной идентичности личности путем приобщения к родному языку и культуре с одновременным освоением ценностей мировой культуры. На это направлена стратегия этнокультурного образования Республики Казахстан, намеченная в соответствующих документах образования, имеющая глубокие исторические корни и направленная, в соответствии с Концепцией этнокультурного образования в Республике Казахстан, на реализацию двух взаимосвязанных целей: этнической идентификации и государственной интеграции [3].

Анализ источников устного народного творчества, а также научно-педагогической литературы свидетельствует, что цели воспитания у разных народов издавна тесно связаны с формированием общечеловеческих ценностей. Так, характеризуя цели и задачи воспитания в казахской этнопедагогике, К.Ж. Кожахметова отмечает, что народ всегда «осознавал общечеловеческие цели воспитания, среди которых гордость за принадлежность к человеческому роду, привитие чувства человеческого достоинства». Она справедливо выделяет следующие задачи воспитания в казахской этнопедагогике: воспитание трудолюбия, забота о сохранении самобытных сторон трудовой деятельности; воспитание патриотизма, любовь к родной земле, народу, языку; забота о нравственном и физическом здоровье; забота о сохранении, укреплении и развитии народных обычаев и традиций [4, с. 172].

В современном Казахстане задача формирования общечеловеческих и национально-семейных ценностей, во многом совпадающих по своему содержанию, остается актуальной. В Послании Главы государства К.-Ж. Токаева народу Казахстана отмечается значимость и своевременность данной задачи: «Главная задача – привить молодежи общечеловеческие ценности. В нашем обществе необходимо пропагандировать такие качества, как патриотизм, стремление к знаниям, трудолюбие, сплоченность и ответственность. ... Нам важно развивать традиции диалога и гражданского участия, культивировать прогрессивные ценности, лежащие в основе нашей внутренней солидарности и единства» [5]. При этом Президент указывает на роль интеллигенции в решении данной задачи и призывает ее «не оставаться в стороне от решения проблем, которые влияют на будущее страны»: «Интеллигенция во все времена играла особую роль в нашем обществе. Она всегда вела наш народ вперед, наставляла молодежь, боролась с невежеством, занималась просвещением. Эти качества лежат в основе нашего национального кода, и мы не должны его потерять» [5].

Это еще раз подтверждает существенную роль педагога, Учителя, в формировании ценностных ориентаций подрастающего поколения. Народная пословица о том, что «дитя надо воспитывать, пока оно поперек лавки лежит», подтверждает необходимость формирования системы ценностей ребенка с самого раннего возраста.

Каким образом содержание школьного образования способствует формированию национально-семейных ценностей у школьников? Попытаемся ответить на данный вопрос в нашей статье через анализ содержания школьных учебников по преподаваемым нами предметам – «Цифровая грамотность» и «Художественный труд».

Представление в обращении автора к первоклассникам на первых страницах учебника «Цифровая грамотность» главных героев учебника – Армана и Сауле, которые «тоже учатся в 1 классе» и вместе с которыми школьникам предстоит совершить «увлекательное путешествие в мир информационных технологий» [6] создает настрой на диалогическое общение, открытость и стремление к активному познанию содержания предмета. Следовательно, процесс формирования ценностных ориентаций школьника, наряду с другими воспитательно-развивающими процессами, будет достаточно эффективным, при условии отражения обозначенных ценностей в содержании учебника.

Рассмотрим, каким образом национально-культурные ценности получили отражение в содержании учебника «Цифровая грамотность» [6] для первого класса.

Важное место в системе народного воспитания занимают детские игры, являющиеся не только развлечением для детей, но и средствами физического, нравственного и эстетического воспитания. Широкое распространение у народа получили подвижные игры, связанные с элементами бега, метания, поднятия тяжестей и т.п. Особое значение придавалось национальным играм как важному средству физического развития и воспитания; теплые климатические условия Казахстана способствовали широкому распространению подвижных игр на свежем воздухе. Заслуживает внимания знакомство первоклассников с народными играми в разделе «Программирование» учебника [6] при изучении темы «Моя первая программа. Линейный алгоритм». Объяснение понятия «алгоритм» на примере казахской национальной игры в асыки, красочно представленное поэтапными иллюстрациями хода игры с изображением одного из героев учебника – Армана, – сопровождается предварительным диалогом с первоклассниками о знании ими правил представленной игры, безусловно, наряду с повышением внутренней мотивации к изучению предмета способствует формированию национальных ценностей.

Задания этого же урока «Моя первая программа. Линейный алгоритм» по созданию алгоритмов установки юрты и изготовления орнамента, несомненно, способствуют развитию национально-семейных ценностей первоклассников, таких как трудолюбие и стремление к прекрасному, познание традиций и обычаев народа. Задание «Помоги Алдаркосе дойти до монеты» способствует формированию доброты, стремлению оказывать помощь людям, развивает внимание и наблюдательность; «создай алгоритм посадки дерева» – развитию трудолюбия и патриотизма через бережное отношение к природе родного края. Отметим, что все перечисленные задания в учебнике [6] сопровождаются красочными иллюстрациями с изображением последовательности выполняемых на них действий, что делает их понятными и доступными первокласснику, и как следствие, повышает эффективность формирования у него национально-семейных ценностей.

Принадлежность перечисленных выше ценностей к группе национально-семейных обосновывается тесной связью воспитания у всех народов с трудовой деятельностью: в народном воспитании через труд осуществляются отношения человека с другими людьми, с обществом, с

природой; воспитание детей в совместном труде на личном примере является лучшей традицией народа и обязанностью родителей.

Воспитание девочек и мальчиков в казахской семье имело особенности. К девочкам относились с большой любовью и нежностью; приучали к ведению домашнего хозяйства. Важная роль в воспитании девочек в народной педагогике принадлежала матери, от которой передавались такие черты как трудолюбие, владение мастерством, мягкость, уважение к людям, нежность. Девушка должна была уметь все, что положено будущей хозяйке: готовить пищу, владеть мастерством рукоделия и умением встретить гостей и т.п. [2, с. 37]. В анализируемом учебнике [6] в содержании урока 6 «Моя первая программа. Давать команды – легко!» задание по составлению линейного алгоритма построено с учетом перечисленных особенностей воспитания девочек в народной педагогике. Высокий уровень интерактивности («Сауле надо налить чай своим друзьям. Она не знает, как правильно это сделать. Помогите ей. Расскажите, какие действия надо выполнять сначала, а какие – потом» [6]) в сочетании с глубоким осознанием национально-семейных традиций казахского народа и их уместным использованием в воспитательных целях («К традициям казахского народа можно отнести правила чаепития» [6]) наряду с достижением целей обучения (дети учатся создавать алгоритм) создает воспитательную ситуацию, способствующую формированию национально-семейных ценностей у первоклассников. Очевидно, что эффективной реализации воспитательного воздействия в данной ситуации будет способствовать деятельность учителя по организации обсуждения первоклассниками представленного в учебнике задания с привлечением дополнительного этнопедагогического материала.

Не менее эффективным для формирования национально-семейных ценностей школьников при условии грамотного педагогического руководства учителя является следующее задание этого же урока: «В традициях казахского народа существуют особые обряды, связанные с главными моментами жизни ребёнка. Составь правильный алгоритм, как рос Арман», сопровождаемое четырьмя иллюстрациями [6].

В третьем разделе учебника «Цифровая грамотность» для первого класса [6] в разделе «Роботы в нашей жизни» для формирования национально-семейных ценностей школьника представляет интерес учебный материал темы «Модель мельницы», в котором детям предлагаются задания отгадать загадку о хлебе, составить алгоритм «как хлеб пришёл к нам на стол», сопровождаемые красочными иллюстрациями. В процессе выполнения данного задания с использованием фронтальной формы метода беседы учитель имеет возможность направить обсуждение на формирование у первоклассников национально-семейных ценностей, таких как бережливость, трудолюбие, понимание не только ценности хлеба, но и взаимопомощи, доброты людей в сложные периоды жизни отдельного человека, семьи или общества в целом. Повышению эффективности воспитательного влияния процесса обсуждения, формированию патриотизма школьников может способствовать сообщение и объяснение учителем дополнительных сведений из истории родного края, необходимости бережного отношения не только к хлебу, но и к природе в целом.

Выполнение задания по теме «Программа для робота. Практическая работа» в учебнике [6] предлагается с введением в его содержания иллюстрированного сюжета «Арман и Сауле побывали в гостях у мельника», что, безусловно, способствует формированию национально-семейных ценностей: гостеприимство, знание традиций народа и его прошлого (имеется объяснение о мельницах прошлых времен), трудолюбия и других качеств.

Упоминание сказочного героя Алдаркосе при выполнении задания создания алгоритма в содержании темы «Выход из лабиринта. Датчик перемещения» в учебнике [6] также создает значительные возможности деятельности учителя по формированию национально-семейных ценностей у первоклассников.

Не останавливаясь подробно на анализе учебников по художественному труду, отметим, что в их содержании также представлен материал, направленный на формирование национально-семейных ценностей. В частности, в учебнике для 5 класса представлено творчество казахстанских художников [7, с. 8], тема «Декоративный национальный натюрморт» [7, с. 18], казахский национальный орнамент и изделия национального декоративно-прикладного искусства широко представлены в одноименном разделе учебника [7, с. 28-31], плетение из кожи и других материалов [7, с. 28-41] и др.

Таким образом, анализ школьных учебников по предметам «Цифровая грамотность» и «Художественный труд» свидетельствует о наличии в их содержании значительного воспитательного потенциала по формированию национально-семейных ценностей. Для обеспечения эффективности процесса формирования системы ценностей школьников необходима целенаправленная и

систематическая деятельность учителя с использованием дополнительного этнопедагогического материала и активизацией деятельности школьников.

Список литературы

1. Советский энциклопедический словарь
2. Имангалиев А.С. Прогрессивные идеи и опыт народного воспитания у казахов: Учебник по этнопедагогике. – Алматы: Өлке, 1997. – 142 с.
3. Концепция этнокультурного образования в Республике Казахстан. – А., 1996.
4. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. Монография. – Алматы: Ғылым, 1998. – 317 с.
5. Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана // Электронный ресурс: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048>. – Дата обращения 12.09.2022.
6. Сагимбаева А.Е. и др. Цифровая грамотность. Учебник для учащихся 1 класса общеобразовательной школы / А.Е. Сагимбаева, М.А. Ермухамбетова, Е.Ы. Бидайбеков. – Алматы: Алматыкітап Баспасы, 2021. – 72 с.
7. Художественный труд: учебник для 5 класса общеобразовательной школы (вариант для девочек) / Р.Ш. Алимсаева, И.А. Развенкова, Н.А. Якупова, О.С. Лосенко, Е.Е. Велькер. – Кокшетау: Келешек-2030, 2017. – 108 с.

ҒТАХР: 17.09.91

А.Қ. Ибрайханова

п.ғ.м., аға оқытушы, «Тұран-Астана» университеті, Гуманитарлық-заң факультеті, Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және тілдік пәндер кафедрасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы, e-mail: akmaral_rollan@mail.ru

САПАРҒАЛИ БЕГАЛИННИҢ АҢЫЗ СЮЖЕТІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ПОЭМАЛАРЫ

Қазақ балалар әдебиетінің өсу, өркендеу, даму барысында көрнекті роль атқарып келе жатқан негізгі жанрдың бірі – поэма. Оның терминдік түсінігі мен жанрлық ерекшелігі жайлы жүйелі заңдылық қалыптасқаны белгілі. Профессор А. Еспенбетов: «Қазақ поэмасы ХІХ, ХХ ғасырларда туып, қалыптасты делініп жүр. Ықылым замандар ахуалынан сыр шертетін батырлар жыры, ғашықтық жырлары, халық өмірінің шежіресіндей тарихи жырлар, бертінде қазақ әдебиетіне сіңісіп кеткен шығыстық сюжетке құрылған қиссалар әдебиетіміздегі романтикалық, реалистік поэмалардың ілкі тарихын, өсу бағытын, даму процесін ой көзінен өткізуге себін тигізеді» [Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – Алматы: Ғылым, 1992. – 148 б.] деп поэма жанрының дүниеге келу себебін қарастырса, Ә.Нарымбетов: «Алдымен, эпикалық поэмада шиеленіскен тартыс, өткір сюжет болу керек. Поэма кейіпкерлері төтенше іс, айрықша әрекетімен көзге түссін. Әдеби образға жандандыратын, жан бітіретін төгілген көрікті тіл, оқушыны желпіндіріп, тамсандырып отыратын көркемдік бейнелеу амалдары да ауадай қажет. Оқушыны толғандыратын, тебіrentетін, ұзақ уақыт есінен кетпес терең ой, тағылымды пікір болу керек поэмада» [Нарымбетов Ә. Уақыт шындығы – көркемдік кепілі. – Алматы: Жазушы, 1989, – 182 б.], – деп поэманың өзіне тән ерекшелікті атап көрсетеді.

Балаларға арналған поэма жанры өзінің бастау көзін фольклордан алғаны белгілі. Халық жадында берік орныққан ертегі мен аңыз, мысал мен жыр дастан үлгілері ақын-жазушылардың жеке шығармашылығына да өз әсерін тигізді. Сол себепті балалар әдебиетінде ертегі поэмалар, ертегі повестер, ертегі пьесалар пайда болды.

Қазақ ақындарының балаларға арналған ертегі поэмалары жанр ретінде ХХ ғасырдың басында қалыптаса бастады. Балалар ақындары поэмаларына «Өзінің негізгі сюжетін ертедегі жыр, қисса, дастандардан алғаны даусыз» [Кәкішев Т. Сын сапары. – А: Жазушы, 1971 – 83 б.] деген ғалым Т. Кәкішевтің пікірі шындық. Бұған өзінің шығармашылық жолында аңыз негіздерін көп арқау еткен Сапарғали Бегалиннің «Қыран кегі», «Сырлы қайнар», «Ұр, тоқпақ» поэмалары дәлел. Бұл туындылар – балалардың жас ерекшелігі мен олардың ойлау қабілетінің ескеріліп, ең бастысы – балаларға арналған поэма жанрының даму үстінде екендігінің тағы бір дәлелі.

Сапарғали Бегалиннің құсбегілік жайлы аңызға негізделіп жазған поэмасы – «Қыран кегі». Поэма халық аңызының әдеби-поэтикалық өңделуі негізінде жазылған. Ақын поэмасының ерекшелігі: әдеби өңдеу арқылы аңыздағы ойды қайта өңдеп, ойды кеңейте түсуінде. Автор поэманы оқырман қауымның түсінуіне жеңіл тисін деп, «Тінейге түскен құс», «Қыран ұясында» деп екі бөлімге бөліп, ықшамды етіп жазған. Поэманың басты кейіпкерлері – Сұрмерген, қыран, жас бала Тіней. Поэмада Ойтүндік өзенінің бойында аңшылық кәсіп қылып жүрген Сұрмергеннің іс-әрекеті баяндалады. Аң аулап жүрген кезде суға келген киіктің текесін атып құлатқан Сұрмерген көктен түйіліп, текені іліп ап, қайтадан аспанға көтерілген қыранның қылығына таңырқап қарайды. Шығармада осы тұста Сұрмергеннің баласы Тіней образы белең алады. Сюжеттік даму барысында әкесімен бірге кезекті аң аулауға шыққан Тінейді қыран көкке алып, ұша жөнеледі. Баласынан айрылған Сұрмергенді ақын поэмада былай деп суреттейді:

«Сандалып сонда Сұрмерген
Күңіренді зарлы үнменен.
Қайғырып қайтты қосына,
Тыңдады жалғыз түн керең.
Не істерін білмей Сұрмерген
Отырды орман ішінде.
Айрылып жалғыз баладан,
Көргендей болды түсінде».

Автор баласынан айрылған әкенің мұң-зарын осылай бейнелейді. Кейіпкердің тосын жағдайға тап болуы, мұңын шағар жанның жоқтығы, оның зарына тек тылсым табиғаттың ғана куә екені поэманың қайғылы сәтін тереңдете түскен. «Тінейге түскен құс» бөлімінде жоғарыдағы оқиға айтылса, «Қыран ұясында» атты екінші бөлімде Тінейдің құс ұясында басынан кешкен іс-әрекеті сомдалады.

«Баланы ілген ақиық
Кетті шырқап аспанға,
Қанат, құйрық суылдап,
Тартты биік асқарға.
Булығып көзге жас толып,
Дірілдейді тұла бой.
Қол, аяқ кеткен созылып,
Жинақталмай қашқан ой»

деген жолдар арқылы автор суылдап ұшқан қыран мен үрейден дірілдеп-қалшылдап үн шығара алмай, қорқып келе жатқан бала бейнесін сомдайды. Тінейдің үстіндегі киік терісін аң деп ұққан қыран баланы биік құздағы ұяда жатқан балапанына азық ретінде апарып береді. Бала құс ұясындағы әртүрлі аң еттерінің жатқанын көреді, қыранның баласы солармен тамақтанатынын түсініп, зәре-құты қалмайды. Сол кездегі баланың қорқынышты сәті поэмада:

«Қозғалуға қыраннан
Қорқып Тіней түнімен.
Атқанша жатты жазғы таң,
Айрылып мүлде есінен»

деп суреттеледі.

Тастай қараңғы түнде құстың тосын қимылы бала Тінейді одан әрі үрейлендіре түседі. Таң атысымен қыран көкке қайта көтеріледі, осы сәтті пайдаланған бала қалайда құтылып шығудың амалын іздей бастайды. Қия-қияны кезіп, жасырынатын бір үңгір тауып алады. Сол үңгірде шикі етті күнге қақтап жеп, күнін көреді. Ұядағы балапанның есейгенін күтіп жүрген бала айла тауып, бөкен терісінен есіп, арқан жасайды. Тінейдің осы сәттегі аянышты халі мен ауыр тағдыры поэмада:

«Арқанды байлап беліне
Тіней құсты босатты.
Ширыққан қыран дауылмен,
Тінейді алып көкке атты»

деп бейнеленеді. Қыран баланы орман үстімен көкке алып ұшқан кезде бала жолында кездескен бір зәулім қарағайды паналап қалады. Арқаннан жасалған аяқбауы үзілмей, құс та, өзі де ағаштың басында тұрады.

«Үзілмеді аяқбау,
Жазбады Тіней құшағын.
Солқылдап қарағай,

Салмақ басып бұтағын».

Поэмада баланы Сұрмергеннің досы құтқарып қалады. Қыранды да жібермей, баланы да аман-есен сақтап қалады. Аңыз оқиғасының соңы баласымен табысқан ата-анасының бақытын суреттеумен тәмамдалады.

Ақынның бұл туындыны жазудағы негізгі мақсаты – оқушысын құсбегілік өнердің қыр-сырымен таныстырып, адам баласының алғырлығын сөз ету. Поэмада автор оқырманға кейіпкерінің қиын-қыстау сәттерде өзін-өзі ұстауы, айла тауып әрекет жасауы, ширақтығы сияқты қасиеттерді үлгі етіп, құсбегілік өнердің қатерлі екенін ескертеді. Ақын Тінейдің ақылдылығы мен ептілігін баяндап жатпай, бала көкейіне қонымды бейнелі оқиғалармен ықшамды жеткізеді. Ойымызды академик С.Қирабаевтың пікірімен сабақтасак: «Біз өмір шындығын дәл бейнелеу дегенді көп айтамыз. Осы «дәл бейнелеу» дегеннің өзі не? Бұл – баланың өмірін жып-жылмағай, тартымсыз, көңілді де әсем етіп суреттеп қана қою емес. Өз бетімен өмірге ұмтыла түсіп, қай баланың болсын, өміріне, тіршілігіне бөгет жасар қиындықтарға ұшырайтыны белгілі. Ендеше, біз кітаптарымыз арқылы жас ұрпақты арамдыққа, әділетсіздікке, қаталдыққа қарсы күресуге әрқашан дайындық сезімге баулуға тиіспіз. Жас жүрек қиыншылық үстінде ер жетіп, жол табады. Жасты есейтетін тек үгіт қана емес, сезім, өмірдің тартысын сезіну. Кейде қайғы да бала сезімін есейтеді, оның есін кіргізеді»[Қирабаев С. Әдебиет және балалар өмірі // «Жұлдыз», № 8. 1969. – 23-28 б.].

Ертегі поэманың өзіне тән ерекшеліктері қандай десек, біріншіден мазмұнындағы ойлылық пен жинақылық, екіншіден тың тақырыптың жырлануында, үшіншіден ақын қай оқиғаны суреттесе де, бала көзімен, соның түсінігімен, қиялымен қарайды, психологиясын түсінуге тырысады, төртіншіден тіршіліктің үлкен де күрделі мәселелерін бала көзқарасымен, танымымен баяндайды. Мұның бәрі Сапарғали Бегалиннің балалар әдебиетіндегі поэма жанрындағы өзіндік қолтаңбасы, дара ізденістері десек, сондай-ақ балалар ақынына тән тұлғасы да тынылып, ерекшелене түседі. Поэма жас оқырмандардың қабылдауына ықшамды 7-8 буынды жыр өлшеміне құрылған.

Балалар поэмасында дәстүрлі тақырыптың бірі – оқырманды адалдыққа, әділдікке тәрбиелеу. Адамгершілік қасиеттердің мәнін бала санасына сіңіруде ақылдылық пен надандық, әділдік пен әділетсіздіктің мәңгілік тартысын ертегі, аңыздың көркемдік амал-тәсілдерін ұтымды қолдана отырып, бала ұғымына сай жеткізеді. Мұндай ертегі, аңыздар жас оқырман үшін адам мен дүние танудың алғашқы бастамасы тәрізді.

Ақынның балаларға арнап ертегі ізімен жазған «Ұр, тоқпақ» поэмасы:

«Ертеде, ерте, ерте күнде,
Ешкі жүні бөрте күнде,
Жер жаялықтай,
Аспан тебінгідей екен.
Онда өзеннің басы
Арық сияқты жіңішке екен.
Алтайдың тасы –
Қиыршық ұсақ күмісті екен», –

деген кіріспемен басталады. Шығарманың бұлайша басталуы халық ауыз әдебиетіндегі ертегі жанрының дәстүрлі кіріспесін еске түсіреді. Осы орайда М. Әуезовтің: «Қазақ ертекішінің бәрі де көптен-көп ертегісін: «ертеде бір бай бопты», «ертеде бір хан бопты», «ертеде бір кемпір мен шал бопты» деп бастайды. Немесе, «ертекі-ертекі ерте екен» деген сияқты көпке ортақ, ерекше, өлеңше бастауымен келеді. Кейде «ертекіүнде ұш ағайынды жігіт бопты» деген сөздер ертегінің басын бастайды.

Осылайша ертегінің алдында үнемі айтылып отыратын дағдылы сөздері әңгіменің жолын ашады, жөнін аңғартады. Айтылатын өзге әңгіме емес, ертегі, оның өзге сөзден бөлек, өзіне тән айшығы, өрнегі бар. Тыңдаушы соны аңғарсын да, есітер әңгіменің ерекшелігіне бейімделе берсін демек»[Әуезов М. Әдебиет тарихы. А: Ана тілі, 1991. – 415 б.] деген пікірін еске ала кеткен орынды.

Ақынның поэмадағы буын, сөз ұйқастарына қоса, «е», «а», «ж» дыбыстарын үндестіруі кіші жастағы балалардың дыбыс әсерлігін ескергендігімен сабақтас. Сондай-ақ поэмада кішірейту («жер жаялықтай», «аспан тебенгідей») тәсілінің қолданысы да бар.

Шығармада бақшасындағы тарыға ұрлыққа түскен қаздың арқасында мол дәулетке кенелген кедей шал мен кемпірдің басынан өткен қызықты оқиғалар баяндалады. Адалдық пен арамдықтың қатар жүретінін көрсеткен туындыда әділет төрешілік жасайды. Аңқау шалдың аңғалдығын пайдаланған мыстан кемпірдің зұлымдығын қаз сыйлаған «Ұр, тоқпақ» әшкере етеді. Қолда барды қанағат тұтпаған мыстан кемпірдің бейнесі, өзіне серік, достықты қадірлей білетін қаз тұлғасы шығармада әралуан оқиғаларда көрініс берген.

«Ұр, тоқпақ» ертегі поэмасының оқиғасы бала қабылдауына жеңіл, логикасына сіңімді, мазмұнының түсінікті әрі қызғылықты келуімен ерекшеленеді. Ақын өз өлеңдерінде балдырғандардың танымына сай болу үшін, автор ертегі жанрына тән ерекшелік пен балалар шығармасына қойылатын талаптарды сақтай жазған.

«Балық аулап, тұзақ құрып,
Арық қазып суды бұрып,
Тары өсіріп, талқан жеп,
Қамыстан өрген үйі бар,
Болар-болмас күйі бар,
Тұрады екен кемпір-шал»

деген жолдармен ақын оқырмандарға поэманың негізгі кейіпкерлері кемпір мен шалдың қарапайым тұрмысын хабардар етеді. Поэмада автор оқырмандарын ертегінің басты кейіпкерлерімен таныстырып алғаннан соң ғана негізгі оқиғаны баяндауға кіріседі. Шығармадағы ақын қолданған тәсіл – диалог. Момын шал мен кемпір, шал мен қаз, қойшы бала мен шал, шал мен мыстан кемпір диалогтары оқиғаны ықшам әрі бала қабылдауына орай жинақы өрбітуімен байланысты. Шалдың еккен көк тарысына қаздың ұрлыққа түсуі, көп кешікпей тұзаққа түскен қаздың бейнесі поэмада:

«Мені босат, жанымды қи,
Тілегіңді айт, мен беремін.
Тойғаныңша берейін сый,
Сені байға теңгеремін.
Қалың жылқым өр жайлауда,
Сортаң жерде жатыр түйем.
Қойым толы кең қойнауда,
Тоғай толы сиырыммен.
Бәрін берем не керегің,
Кел де ала бер қалағаның.
Билігінде бәрі сенің
Бар тілегім шыбын жаным»,

деген жолдар арқылы ашылады. Қаздың айтқан сөзіне иланып, оны ашылады. Қаздың айтқан сөзіне иланып, оның тілегін орындап, бауыздамай қоя берген шалдың бейнесі шығармада адалдық пен қайырымдылықтың символы. Ақын өз оқырмандарының зейінін кейіпкердің адамгершілік қасиетіне аудара отырып, оларға қамқорлықтың мәнін көрсетеді. Бұдан әрі поэмада шалдың үйге құр қол келгенін көрген кемпірінің ашуланған бейнесі сомдалады:

«Қаз алдаса қоя берген,
Ақылың жоқ антұрған шал.
Онан да бар, тез алып кел,
Қаздың етін, сол тілегім».

Шалдың ендігі беталысы – қаз досының мекенін тауып алып, одан көмек сұрау. Алтай тауын аралап, Ертіс өзенін жағалап жүріп шал бір қойшыға кез болады. Жөн сұраса келе қойшының алдындағы қойы қаздың малы екені анықталады. Қойшы шалға қаздың құнды үш мүлкі бар екенін айтады.

«Оның бірі – «қайна қазан»,
Керек астың өзі пісер.
Қашан айтсаң қай уақытта,
Дайын болар асың ішер.
Біреуі оның асыл есек,
Тек «құс» десең алтын құсар.
Қазынанда болмайды есеп,
Санауға да ішің пысар.
Біреуі оның «ұр, тоқпағы»,
Тек айтсаң-ақ төпелейді.
Тек «ұр, тоқпақ» десең тағы
Хан ба, бай ма, елемейді», –

деп шын ықыласымен жауап береді. Шығармадағы шалдың осылай қойшыға кездесуі оқиғаның даму үстінде екенін көрсетеді, яғни оқиға жылдамдықпен өрбіп, әрі кішкене оқырманды жалықтырудан сақтайды. «Бүгінгі таңдағы әдебиетке, оның қай жанрына болсын қойылатын биік талаптардың бірі – драматизм» [Нұрғалиев Р. Телағыс. Алматы: Жазушы, 1986. – 261 б.]. Шалдың қаз сыйлаған «қайна

қазанын», «құс есегін», «ұр, тоқпағын» мыстан кемпірдің айла тауып, алып қалуы – ертегінің драмалы тұсы. Адалдық пен арамдықтың қатар жүруі, олардың шиеленісі шығарма кейіпкерлерінің мінезін аша түскен. Автор поэмада екіжүзді, зұлым мыстанның айланын қаз сыйлаған «ұр, тоқпақ» арқылы әшкерелей отырып, шалдан алдап алған қазаны мен есегін кері қайтарып бергізеді. Қулығын асырып келген мыстан кемпірдің шалды оятып, көмек сұрауын автор юмор арқылы өрнектеген. Шығарма соңын автор:

«Сонан бері кемпір мен шал,
Аптағаны алтын, күміс,
Ішкендері шекр мен бал,
Қарық болып жаз бен қысы.
Тұрад дейді содан бері
Алтайды асып, Ертіс жайлап,
Сол есектің жүрген жері
Атаныпты Алтын аймақ», -

деп ертегіге тән жақсылықпен аяқтайды. Адамдықтың асыл қасиеттері адалдық пен еркіндіктің жеңіске жетуі – поэманың негізгі түйіні.

«Алтайда өскен ақ тарының
Қасиетін қаз біледі.
Өзі еккенмен тары сырын
Алтайлықтар аз біледі.
Деген нақыл ерте кезден
Ертегі боп ел сөзінде.
Осы ертегі бір сөзден
Туған екен сол кезінде», -

деп ақын поэмаға өзінің көзқарасын білдіреді. Поэмада автор – адалдық пен әділдіктің жақтаушысы. Поэманың тақырыбы – ізгілік, идеясы – залымдықты жеңген ізгілікті дәріптеу. Ертегі поэманың өміршендігі неде дегенде, жауыздық пен әділдіктің қақтығысын бала қабылдауына лайықтап бейнелеп, үлкен ойды бала санасына сіңіруде, айтылар ойдың тек образдан туындауын жүзеге асыруында және ертегінің эстетикалық заңдылығын сақтай жазуында. Сондай-ақ автордың ертегі кейіпкерлерінің бастан өткізген оқиғаларын суреттегенде көп жағдайда өз оқырманының жас ерекшелігін, олардың сұраныс-тілегін ескеріп отырғандығында.

Сапарғали Бегалин аңыздар ізімен жазған «Сырлы қайнар» туындысы мектеп жасындағы оқушыларға арналған. Поэманы автор Сақпан қарттың әңгімесі арқылы өрбітеді. Шығарманың кіріспе бөліміндегі:

«Шықты бір топ жас ұландар
«Жамантының» бойын өрлеп,
Аққан өзен, өскен тал бар,
«Жаманты» өзен жатқан көлбеп.
Және жалғыз ағашы бар –
Қара өріктің өскен бір түп,
«Қасиетті ағаш, киелі су
Сырлары көп, – дейді, – оны жұрт»

деген жолдарынан Жаманты тауына саяхатқа шыққан балалардың іс-әрекеті сомдалады. Автор поэмада балалардың қайнар суын тұндырып жүрген сушы Сақпан қарттан тау мен өзен атының неге байланысты қойылғанын сұрайды. Сонда қарт көне заманның аңызын балаларға жырдай ғып айтып береді:

«Ертеде екен ел әдеті –
Күшті әлсізін алған шауып.
Жаусыз жаққа түзеп бетін,
Жеңілгені кетеді ауып.
Сондай үлкен ұрыс болып,
Қазақ елі қырғын тапқан.
Ел сақтанбай көшіп-қонып,
Кез еді бір бейқам жатқан.
Жеңілген ел тастап көшіп
Малын, мүлкін, жерін, суын.
Тау қиялап, тасты кешіп,

деп қазақ халқының басынан өткен жаугершілік заманның елге әкелген зиянын баяндайды. Сондай ел басына күн туған шақта қолына найза алып, жаумен жалғыз алысқан Жаманты деген батыр болады. Аңызда батыр оқыс жағдайда, қысылтаяң шақта танылады. Ақын батырдың жау қоршауында қалған сәттегі кесек, өр мінезін суреттеп алады. Ерлік жасау үшін мінездің өткірлігі мен қайсарлығы қажеттігін бала түсінігіне әсер етер суретпен жеткізеді. Батыл да қайсар, өткір мінезді батырдың психологиялық портретін бейнелейді:

«Сонда қазақ қолын бастап,
Қашпай қайта жауға шапқан,
«Қашпандар, -деп – жерді тастап»,
Жаманты екен дабыл қаққан.
Ол ер екен елін сүйген,
Қымбат көрген арын жаннан.
Арыстандай жауға тиген,
Ат жүздіріп аққан қаннан.
Жалғыз келген Жаманты ерді
Қамапты жау сай басында.
Жау бұрын ап бекін жерді
Жан жоқ екен ер қасында.
Жау қуанып ұстаймыз деп,
Жаяу өрлеп тасқа ұмтылған.
Сонда батыр жаудың тобын
Қопарып ап таспен ұрған».

Ақын Жамантының жаудан қаймықпаған қайсарлығын ұрпаққа үлгі етіп, патриоттық тәрбие беруді мақсат тұтады. Батырдың ерлігін ғана емес, туған елге деген сүйіспеншілік сезімін өрнектеуі де бала танымына әсерлі әрі ұтымды түрде суреттелген. Поэма соңында Жамантыға көмекке келген қазақ қолы жиналып кеп, дұшпанын жеңеді.

«Ерте етіп ерте күннен
Ер атымен тауды атаған.
Мына өрік пен мына бұлақ –
Белгі мұра содан қалған.
Жауды жеңіп, тарқап ыза,
Ер Жаманты тартқан садақ.
Сол ұрыста сынған найза
Сабын осы жерге қадап».

Сақпан қарт: «Жаманты батырдың атқан садағының оғы қадалған жерден су шығады. Ол су адам жанына мың да бір ем. Судың сырлы қайнар аталуы сол себепті. Батырдың сынған найзасы қадалған жерге өрік өсіп шығады» - әңгімесін аяқтайды.

Автор аңызда басты кейіпкер етіп атақты батырды емес, тек бір ұрыста асқан ерлік көрсеткен, бұрын тарихта аты аталмаған тұлғаны алады. Шығармада Сақпан қарттың әңгімесін тыңдаушы жас ұландардың сезім- күйлері де әсерлі бейнеленген. Қарт шежіресін тыңдап болған соң балаларды саяхатқа алып шыққан, табиғат пәнінің мұғалімі атайға бұлақтың пайда болу себебін ғылым тілімен түсіндіреді. Шипалы суға аруақ қонған дейтін нанымшыл қартқа бұлақтың жерт астындағы жылылықтан пайда болғанын ұғындыра бастайды. Ақынның негізгі идеясын пионерлер мен мұғалімнің сөздерінен аңғарамыз.

«Ел қорғаған ер баласын
Халық сыйлап құрмет қылып.
Өскен ағаш, тау мен тасын
Аңыз еткен соған бұрып.
Жер менен көк, су мен шөптің –
Өз тіршілік, өз сыры бар.
Ғылым көзін ашты көптің –
Мезгіл жетті сіз де ұғынар...»

Ақынның «Сырлы қайнар» поэмасы жас оқырмандарды ерлікке, қайсарлыққа, табандылыққа, сол арқылы биік мақсатқа жетуге шақырған мәні зор туынды. Поэманың негізгі мақсаты – ержүрек ерлердің ерлігін жырлау арқылы азаматтық тәрбие беру, ұлттық намысты ояту. Поэмадағы басты кейіпкер Жаманты бейнесі – жауына бас имей, ел-жерді қорғаған қазақ ерлерінің жиынтық бейнесі.

Поэма мектеп жасындағы жеткіншектерге арналғандықтан жас оқырманның ұғымына қонымды, тілі жеңіл. Ақынның поэманы сегіз буынды жыр өлшеміне құруы балалардың жас ерекшелігін ескерумен қатар, оқиғаны жинақы жеткізуімен де ұтымды.

Жалпы, Сапарғали Бегалиннің поэмалары әртүрлі жастағы балаларға (бүлдіршіндерге, балдырғандарға, жеткіншектерге) ұлттық тәлім-тәрбие беретін, баланың рухани байлығын арттыратын, уақыт, заман, қоғам шындығын танытатын, бала психологиясының әр алуан қырынан ашатын түрлі тақырыпта жазылуымен ерекшеленеді. Ғалым Қ. Алпысбайдың: «С. Бегалин поэмаларының этнографиялық сипаты басым. Әрине, бұл көпті көріп, көр тоқыған сақа қаламгерге тән жақсы нышан. С. Бегалин поэмалары – кейінгі ұрпаққа мол мұра» деген пікірі ақын поэмаларының өміршеңдігін айғақтай түседі.

Ақынның балаларға арналған ертегі, аңыз поэмаларына тән сипат – фольклор үлгілерінің жырлануы, қиял-ғажайып ертегілері мен батырлық ертегілерінің элементтерін негізге ала отырып, заман шындығын бейнелеуде жаңаша, жаңғырта жырлау, халық ауыз әдебиетіндегі ертегі, аңыздарды өзгертпей, тек бірер өзгертулермен сомдау, сонымен қатар халықтық ертегі, аңыздарды әдеби өңдеу арқылы жырлау, ойдан ертегі, аңыз жазу арқылы балалар поэмасының өркендеуіне ықпал ету болып табылады.

Түйіндеп айтсақ, Сапарғали Бегалин поэмаларында аңыздық жүйе негізге алына отырып, әртүрлі оқиғалар, қым-қуыт тағдырлар, қилы заман қасіреті сөз болады. Оның шығармалары жас оқырман үшін тартымды, тәрбиелік, танымдық қасиеті мол, адамның дүниеге көзқарасын қалыптастырып, өмір сырларын ашатын өнер туындылары. Олай болса ақын поэмалары қазақ балалар әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар, рухани мұра болып табылары сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – Алматы: Ғылым, 1992. – 200 б.
2. Нарымбетов Ә. Уақыт шындығы – көркемдік кепілі. – Алматы: Жазушы, 1989, – 184 б.
3. Кәкішев Т. Сын сапары. – А: Жазушы, 1971 – 173 б.
4. Қирабаев С. Әдебиет және балалар өмірі // «Жұлдыз», № 8. – 1969, 23-28 б.
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы. А: Ана тілі, 1991. – 464 б.
6. Нұрғалиев Р. Телағыс. Алматы: Жазушы, 1986. – 440 б.

**СЕКЦИЯ 2: СОВРЕМЕННЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ
ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАНИИ**

МРНТИ: 15.31.31

Г.Ф. Шакирова

Казанский федеральный университет,
кандидат психологических наук, доцент, gushaki@yandex.ru

**ВЗАИМОСВЯЗЬ ГАДЖЕТ – ЗАВИСИМОСТИ С КОГНИТИВНЫМ СТИЛЕМ
«ПОЛЕЗАВИСИМОСТЬ – ПОЛЕНЕЗАВИСИМОСТЬ» У СТУДЕНТОВ-ПСИХОЛОГОВ
И МАТЕМАТИКОВ**

Актуальность исследования:

Важное место в жизни современного человека занимают гаджеты, а именно смартфоны, ноутбуки, компьютеры, навигаторы, планшеты, игровые приставки, умные часы. Исследования показывают [Бабаева, 1:90], что привязанность к гаджетам может отрицательно отразиться на коммуникации, социализации, умении находить решения из проблем. Отказываться от использования гаджетов и интернета достаточно сложно, в условиях неограниченного доступа к Интернету и различным источникам информации. В Европе этим недугом страдают уже несколько миллионов потребителей, а с развитием технологий, гаджет-аддикция может стать такой же опасной эпидемией, как интернет-зависимость или игромания [Понукалина, 6:5].

В работах Е.И. Дмитриева был определен термин гаджет-зависимость как нестандартные и оригинальные приспособления, которые помогают человеку решить массу технических вопросов [Морозов,5:71]. Белоусова М.В., Карпов А.М., Уткузова М.А. изучили влияние гаджетов на коммуникацию, социализацию и речь детей раннего и дошкольного возраста [Белоусова,3:108]. Ученые Морозов И.А. [Морозов,5:69], Ярская-Смирнова Е., Понукалина О. [6:5], Куриленко Е.Н. рассматривали проблему игровых практик российской молодежи. Также специалисты Benchmark Research Ltd. [Белоусова,3:111] провели исследование в шести европейских странах с целью определить степень гаджет-зависимости. Однако исследований взаимосвязи гаджет-зависимости и когнитивного стиля «полезависимость-полenezависимость» проведено не было. В связи с этим, целью данного исследования является выявление взаимосвязи гаджет-зависимости и когнитивного стиля «полезависимость-полenezависимость» у студентов - психологов и математиков.

Проводимые в России исследования социокультурной ситуации отражают интенсивное развитие медиакультуры, в особенности аудиовизуальной (кино, видео, компьютерные игры, спутниковое телевидение). Так, всё перечисленное в большой степени оказывает влияние на общественное сознание. В современном обществе интернет, компьютер и смартфон дают право индивидуального общения в интерактивном режиме подростку. В данном режиме может происходить как познание интересующей информации, так и реализация творческих идей [Баранов,2:156].

Селиванов В.В. считал, что когнитивный стиль – это устойчивые характеристики того, как различные люди воспринимают и перерабатывают информацию, в том числе и при решении проблем. Когнитивные стили определяются не с помощью психологических опросников, а с помощью решения испытуемыми стандартизованных задач [Селиванов,7:365].

Впервые термины полезависимость-полenezависимость были введены в науку американскими учеными под руководством Г. Уиткина в связи с изучением соотношения в перцептивной деятельности зрительных и проприорецептивных ориентиров.

Полезависимость определяется тем, как человек ориентируется на внешние источники информации, склонен игнорировать детали анализируемого объекта, благодаря этому могут возникать проблемы при решении перцептивных задач. Полenezависимость характеризуется ориентацией на внутренние источники информации (знания и опыт), поэтому человек намного

меньше подвергается влиянию наружных факторов, в большей мере склоняется к подробному выделению элементов, а не более заметные черты.

Согласно сведениям Г. Уиткина, полнезависимые студенты имеют большие достижения в сфере искусства и гуманитарных дисциплин, чем в сфере естественных наук. Они выбирают, кроме того, и наиболее неофициальные способы обучения. Полнезависимые студенты навязывают свою структуру организации рассмотрения материала, предпочитая более формальные модели его изучения [Холодная,8:287]. Также поколение XXI века отличается умением выполнять несколько дел одновременно, то есть многозадачностью. Делать домашнее задание, параллельно слушая музыку и переписываясь в социальных сетях, является нормой для современного человека. В связи с этим, нам следует выявить взаимосвязь между многозадачностью и гаджет-зависимостью.

Выборка исследования состояла из 60 студентов: 30 студентов-математиков и 30 студентов-психологов. Одной из базовых способностей будущего учителя математики, определяющей уровень его профессионализма, является математическое мышление – сложная динамичная структура, включающая интуитивный, пространственный, метрический, логический, конструктивный и символический компоненты. Важнейшая роль в данной структуре отводится пространственному компоненту, обеспечивающему выделение в объектах действительности пространственных свойств и отношений (формы, величины, протяженности), создание образов и оперирование ими при решении задач [Жук,4:108].

Для будущих психологов характерны: критичность мышления с целью, например, адекватной диагностики и интерпретации информации; требуется очень хорошее понимание ситуации взаимодействия с клиентом: контекста развертывания проблемы, причин ее возникновения, особенностей динамики (улучшения, ухудшения), детерминанты кризиса (внешние, внутренние); отсутствие стандартов или однозначного алгоритма решения различных проблем, обусловленных спецификой профессиональной деятельности психолога, а, значит, высокой гибкости и скорости мышления, нестандартных решений; умение прогнозировать развитие событий и т.д. [Храпенко,9:384].

Для оценки степени гаджет-зависимости нами была проведена анкета на гаджет-зависимость С.А. Кулакова, модифицированная для студентов. Была предложена таблица с различными утверждениями для определения частоты использования устройств. Также нами был использован «Тест включенных фигур» Готшильда для выявления такого параметра как полнезависимость-полнезависимость. Испытуемым предлагалось в тридцати замаскированных фигурах найти одну из пяти эталонных фигур и указать ее. Сложные фигуры предъявлялось по одной. Фиксировалось время поиска фигур и ошибки. Для определения многозадачности, а также когнитивного стиля гибкость-ригидность был проведен тест Струпа. Стимульным материалом являлись три карточки: 1- необходимо было прочитать названия цветов, напечатанных черным шрифтом, 2 - назвать цвета геометрических фигур, 3 - назвать цвет слова, где цвет шрифта отличается от значения слова. Фиксировалось количество ошибок и время.

Для математико-статистической обработки и анализа данных нами был использован Т-критерий Стьюдента для независимых выборок. Этот метод позволил проверить гипотезу о том, что средние значения двух генеральных совокупностей из которых извлечены две сравнительные независимые выборки отличаются друг от друга.

Было выявлено, что по показателю «полнезависимость» существуют достоверные различия ($T_{эмп} = 2,79$ при $p \leq 0,05$) между студентами-психологами и студентами-математиками. В то же время по показателю «полнезависимость» различий не обнаружилось ($T_{эмп} = 0,61$ при $p \leq 0,05$), следовательно различия между студентами-психологами и математиками отсутствуют.

В выборке испытуемых не выявлен высокий уровень гаджет зависимости, но преобладает средний и низкий. Достоверных различий между студентами-математиками и студентами-психологами по Т-критерию Стьюдента с низким уровнем гаджет-зависимости не существует ($T_{эмп} = 0,95$ при $p \leq 0,05$).

Для выявления взаимосвязи гаджет-зависимости и когнитивного стиля «полнезависимость-полнезависимость» был проведен корреляционный анализ, достоверные связи не обнаружены.

Обнаружены различия между студентами-психологами и математиками по показателю «многозадачность (гибкость-ригидность)» ($T_{эмп} = 2,5$ при $p \leq 0,05$). В результате корреляционного анализа по показателям «гаджет-зависимость» и «гибкость-ригидность», была обнаружена обратная взаимосвязь между менее зависимыми от гаджетов студентов-психологов и математиков с показателем ригидность ($r=0,58$ при $p=0,05$), то есть чем менее зависим студент от гаджетов, тем больше развита ригидность и наоборот.

Таким образом, можно сделать вывод о том, что у студентов-математиков, и у студентов-психологов сформирована «полезависимость» и как результат сложность восприятия перцептивных задач. Это создает трудности в восприятии деталей изучаемого объекта/субъекта у современных будущих специалистов, ведь это важная компетенция, как для специалистов-математиков, так и для специалистов-психологов для становления их профессиональной деятельности.

Список литературы

1. Бабаева Ю.Д., Войскунский А.Е. Психологические последствия информатизации / Ю. Д. Бабаева // Психологический журнал. – 1998. – № 1. – С. 89-100.
2. Баранов А. Интернет-психология. – М.,: Инфра-М, 2012. – 264 с.
3. Белоусова М.В., Карпов А.М., Уткузова М.А. Влияние гаджетов на развитие коммуникации, социализации и речи у детей раннего и дошкольного возраста // ПМ. – 2014. – № 9(85). – С. 108-112.
4. Жук Л.В. Диагностика уровня развития пространственного мышления будущих учителей математики в процессе обучения геометрии // Наука и школа. – 2019. – № 6. – С. 108-115.
5. Морозов И.А. Игровые сообщества: гендерный аспект // Этнографическое обозрение. – 2006. – № 4. – С. 69-84.
6. Понукалина О.В. Игры общества потребления: конструирование повседневности // Вестник Саратовского государственного технического университета. – 2009. – № 1. – С. 1-7.
7. Селиванов В.В. Когнитивный стиль // Энциклопедия эпистемологии и философии науки. – М.: «Канон+», 2009. – С. 365-366.
8. Холодная М.А. «Когнитивные стили. О природе индивидуального ума». – СПб.: Питер, 2004. – 384 с.
9. Храпенко И. Б. Формирование профессионального мышления психолога в условиях непрерывной многоуровневой подготовки // КПЖ. – 2015. – № 5-2. – С.373-378.

ҒТАХР: 14.25.09

К.С. Абижанова, А.Н. Зейнелгабиденова
Средняя общеобразовательная школа № 4,
Казахстан, г.Семей, abizanovakymbat123@mail.ru

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық оқыту модуліне көшу арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық деңгейге шығару.

Өркениетті елдермен керегеміз тең болу үшін әлемдік білім беру жүйесіне қосылуға ұмтылған еліміздің білім беру саясаты демократияландыру мен ізгілендіру арқылы білім беруді жаңа сапалық деңгейге шығаруға бағытталған. Оқушылардың жеке танымдық ерекшеліктерін, сондай-ақ топтық ерекшеліктерін ескере отырып, саралап оқытуды ұйымдастыру – қазіргі кездегі мектеп өміріндегі өзекті мәселе, яғни оқыту бірлігінен бас тартып, пәнаралық оқыту жүйесіне көштік. Осы орайда оқушылардың жеке танымдық ерекшеліктерін, сонымен қатар топтық ерекшеліктерін ескере отырып, саралап оқытуды ұйымдастыру бүгінгі мектеп өміріндегі өзекті мәселе болып табылады.

Қазіргі уақытта заманауи мектеп жағдайында оқыту әдістемесі Қазақстан Республикасында білім беру мақсаттарының өзгеруімен және білім мазмұнын жаңартумен байланысты күрделі кезеңді бастан өткеруде. Осы жағдайлардың барлығы пәндерді оқыту әдістемесі саласында жаңа педагогикалық зерттеулерді, қазіргі білім беру және ақпараттық технологияларды оқу-тәрбие процесіне енгізумен байланысты оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық құралдарын, нысандары мен әдістерін іздеуді талап етеді [6, б. 12].

Оқу үдерісінде оқушының танымдық және шығармашылық әрекетін жүзеге асыру үшін білім сапасын арттыруға, оқу уақытын тиімді пайдалануға және уақытты қысқарту арқылы оқушылардың репродуктивті белсенділігінің үлесін азайтуға мүмкіндік беретін заманауи білім беру технологиялары қолданылады. Үй тапсырмасына бөлінген. Қазіргі заманғы білім беру әдістері білім беру процесінің жекеленуіне, қашықтығына және вариативтілігіне, жасы мен білім деңгейіне қарамастан балалардың академиялық ұтқырлығына бағытталған. Мектепте оқу процесінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың кең спектрі ұсынылған.

Оқу-тәрбие процесінде заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды оқу процесіне енгізу мұғалімге:

✓ білімнің тереңдігі мен беріктігін пысықтау, қызметтің әртүрлі салаларындағы дағдылар мен дағдыларды бекіту;

✓ технологиялық ойлауын, өзінің оқу, өзін-өзі тәрбиелеу қызметін өз бетінше жоспарлау қабілетін дамыту;

✓ оқу сабақтарын ұйымдастыруда технологиялық тәртіп талаптарын қатаң сақтау әдеттерін тәрбиелеу.

✓ Педагогикалық әдістердің кең ауқымын қолдану педагогикалық ұжымның оқу уақытын тиімді пайдаланып, балалардың оқуда жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік береді [1, 62 б.].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Біздің болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміз зор» дей отырып, педагогтер мен оқытушылар алдына нақты жоғары талаптар қойды. Еліміздің болашағы және оның өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Әр баланы табиғи қабілеттерін дамытуға қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту қажет. Оқытудың қазіргі кезеңінде оқытудың жаңа технологиялары қолданылады. Мен сондай-ақ педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж.А. Қараевтың саралап-деңгейлеп оқыту технологиясын қолданамын.

Оқыту үдерісін саралауға тоқталсам, саралау жұмысы бойынша жалпы ортақ қабылданған жетін бағыты бойынша жұмыс жүргіземін:

1. Тапсырма. Білім деңгейіне қарай оқушылардың қажеттіліктеріне қарай қызықты жаттығулар менкестелерді пайдалану арқылы әртүрлі тапсырмалар беріп отырамын. Сонымен қатар тапсырмалардың күрделілігіне қарай картокаларды пайдаланамын.

2. Дереккөздер. Сыныбымда кейбір оқушылар басқа сыныптың оқушылармен саластырғанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істей алады. Дереккөздердің ауқымы талқылауға негіз болатын мәтіндерден бастап, анағұрлым қиын сөздерді және күрделі идеяларды түсіндіретін мәтіндерге дейін ауытқып бағдарлап отырамын. Баспадан шыққан түрлі электронды оқулықтарды пайдаланамын.

3. Қарқын. Кейбір оқушылардың ойлау қабілеттерінің жылдамдығын ескере отырып қосымша тапсырмалар әр сабақта әзірлеп отырамын. Ал кейбір негізгі тапсырмаларды орындауда біршама уақытты қажет ететін оқушыларға уақыт беріліп отырады.

4. Қорытынды. Барлық оқушылар тапсырманы орындағанымен, нәтижелері бір болмайды. Сондықтан әр оқушыға арнайы қадам жасап, ерекше көзқарас таныту арқылы өз деңгейлерін өздеріне бағалату арқылы, жақсы, талпын, жарайсың деген нұсқаулықтармен бағыт-бағдар беріп қорытындылап отырамын.

5. Диалог және қолдау көрсету. Кейбір оқушылар тапсырманы орындау барысында жалғыз өзі орындауда қиындықтарға тап болып отырады. Сондай сәттерді назардан ақалдырмау мақсатында үнемі жұптасу, топтасу немесе диалог құрғыз арқылы оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау арқылы қолдау көрсетіп отыратынын бақылауда ұстап отырамын.

6. Бағалау. Оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін. Педагогикалық қызмет табыстылықты, жақсартуды, түзетуді қажет ететін салаларды анықтайтын әмбебап үдеріс болуы керек. Сонда ғана біз пәнді оқытудан оқушыны оқытуға қарай жылжи аламыз.

7. Жіктеу. Оқытудың болжалды міндетіне қарай топ құруда пайдалы көптеген тәсілдер бар: мүдделері ұқсас оқушылар (мысалы, қиындық деңгейі немесе қолдау деңгейі), талаптары әртүрлі оқушылар, джигсо топтарыкәсіби дағдыларына қарай бөлінетін топтар немесе сарапшы топ, гендерлік топ, аралас гендерлік топ, ұйымшыл топ секілді топтарға бөліп отырмын.

Проблемалық оқыту.

Оқу іс-әрекетінде проблемалық жағдаяттарды құру және оларды шешу үшін оқушылардың белсенді өз бетінше әрекетін ұйымдастыру, нәтижесінде білім, білік, дағдыны шығармашылықпен меңгеру пайда болады, ақыл-ой қабілеттері дамиды [3, 37 б.] [4, 8 б.].

Көп деңгейлі оқыту.

Мұғалімнің әлсізге көмектесу, күштіге көңіл бөлу мүмкіндігі бар, күшті оқушылардың білім алуда жылдам, тереңірек қимылдауға деген ұмтылысы жүзеге асады. Мықты балалар өз қабілеттерімен расталады, әлсіз оқушылар оқуда табысқа жетуге мүмкіндік алады, оқу мотивациясының деңгейі артады [3, 37 б.].

Жобаны оқыту әдістері.

Бұл әдіс бойынша жұмыс балалардың жеке шығармашылық қабілеттерін дамытуға, кәсіби және әлеуметтік өзін-өзі анықтауға саналы түрде келуге мүмкіндік береді [7, 105 б.].

Оқытудағы зерттеу әдістері.

Оқушылардың өз бетімен білімін толықтыруға, зерттелетін мәселеге терең бойлап, оны шешу жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді, бұл дүниетанымын қалыптастыруда маңызды. Бұл әр оқушының жеке даму траекториясын анықтау үшін маңызды.

Оқытуда белсенді әдістерді қолдану технологиясы: рөлдік, іскерлік және басқа да оқу ойындарының түрлері.

Ой-өрісін кеңейту, танымдық белсенділігін дамыту, практикалық іс-әрекетте қажетті белгілі бір іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру, жалпы білім беру іскерліктері мен дағдыларын дамыту [7, 105 б.].

Ынтымақтастықпен оқыту (топтық жұмыс).

Ынтымақтастық ересектер мен балалардың бірлескен даму әрекеті идеясы ретінде түсіндіріледі. Жеке көзқарастың мәні оқу пәнінен емес, баладан пәнге өту, балада бар мүмкіндіктерден өту болып табылады. , тұлғаның психологиялық-педагогикалық диагностикасын қолдану [8, 19 б.].

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Білім беру мазмұнын өзгерту және шектеусіз байыту, кіріктірілген курстарды пайдалану, интернетке қосылу.

Денсаулық сақтау технологиялары.

Осы технологиялар мен әдістерді қолдану сабақ барысында әртүрлі тапсырмалар түрлерін біркелкі бөлуге, ақыл-ой әрекетін физикалық минуттармен алмастыруға, күрделі оқу материалын көрсетуге уақытты анықтауға, оқуда оң нәтиже беретін өзіндік жұмысқа уақыт бөлуге мүмкіндік береді. .

Портфельдік инновацияларды бағалау жүйесі.

Жеке тұлғаның жеке даму траекториясын анықтай отырып, әлеуметтік өзін-өзі анықтауды педагогикалық қолдау құралы ретінде оқушы жетістіктерінің дербестендірілген есебін қалыптастыру.

Қазіргі педагогикалық технологиялар мен жаңа әдістерді меңгеру мұғалімнің әдістемелік мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Жаңа технологияларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізу оқушының ғана емес, мұғалімнің де ұстанымын, үйреншікті қатынасын өзгертеді. Кездейсоқ емес Н.В. Гоголь: «Басқаларды үйрете отырып, сен де үйренесің» деген. Қазіргі уақытта Қазақстанда әлемдік білім кеңістігіне еруге бағытталған жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда. Бұл процесс педагогикалық теория мен оқу-тәрбие процесінің практикасындағы өзгерістермен қатар жүреді. Заманауи мұғалім білім сапасын ойлай отырып, тек өз пәніне көңіл бөле алмайды. Өйткені, білім сапасы балалардың мектепте болуының санитарлық-гигиеналық жағдайынан бастап, оқушылардың білім мен дағдыдағы жетістіктеріне дейін оқу-тәрбие процесінің барлық аспектілерін қамтиды [5, интернет ресурстары].

Дегенмен, заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды енгізу дәстүрлі оқыту әдістерін толығымен алмастырады дегенді білдірмейді, керісінше оның құрамдас бөлігі болады. Өйткені, педагогикалық технология – оқыту теориясына негізделген және жоспарланған нәтижелерді қамтамасыз ететін оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістерінің, әдістемелік тәсілдерінің, формаларының жиынтығы [2, 29 б.].

Мұғалім үшін жылдар бойы қалыптасқан сабақтың стереотиптерін жеңу өте қиын. Оқушыға жақындауға және қателерді түзетуге, дайын жауапты ұсынуға үлкен ынта. Балалар да осындай проблемаға тап болады: олар мұғалімді көмекші, танымдық әрекетті ұйымдастырушы рөлінде көруге дағдыланбаған. Қазіргі білім беру жүйесі мұғалімге көптеген инновациялық әдістердің ішінен «өзіндікін» таңдауға, өзінің жұмыс тәжірибесіне жаңаша қарауға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, жаңа педагогикалық технологияларды оқытудың тиімді жақтарына тоқталайын:

• Мұғалімдерге әлсіз оқушыларға көмек беруге және қабілеті жоғары оқушыларға қолдау көрсетуге мән беруге мүмкіндік туады

• Сыныпта қалыс қалған оқушыларды болдырмайды

• Қоғамдық нормаларға қиын бейімделетін оқушылармен әлдеқайда тиімді жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді

• Қабілеті жоғары оқушылардың терең білім алуына мүмкіндік береді

• «Мен» тұжырымдамасы деңгейі артады

• Мықты топта жұмыс жасау мотивациялары артады

- Өзімен қабілеттері тең топтарда жұмыс жасау оқушыларға оң ықпал етеді
- Саралау тәсілдері оқушы үшін де, мұғалім үшін де мынандай мүмкіндіктер береді:
- Әрбір тұлғаның шығармашылық, креативті әрі мақсатқа ұмтылғыштық мүмкіндіктері дамиды
 - Мұғалімнің педагогикалық қызметінің деңгейі жоғарылайды
 - Көптеген оқушылардың қолайлы ортада білім алуға мүмкіндігі пайда болады
 - Басқаларды оқып-үйрету арқылы өздері үйренеді.
- Саралау қолданылатын сыныпта барлық оқушылар өздерінің әртүрлі оқитынын түсінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жыл 31 қаңтар. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700002017>
2. С.Б.Бабаев. Бастауыш мектеп педагогикасы. Оқу құралы. Алматы. 2007. 413 бет.
3. Иванова Е.Ю. Технология дифференцированного обучения в условиях реализации <https://multiurok.ru/files/tiekhnologhiia-diffierentsirovannoghoobuchieni-2.html>
4. М.Жұмабаев. Педагогика. 1922 жыл, 15 сентябрь, Қызылжар. https://qamba.info/site/book/online/maghzhan-zhumabaev-pedaggika/content/content_1.xhtml/
5. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 442 б.
6. Основы дифференцированного обучения в школе. <http://gigabaza.ru/doc/42542.html>

ҒТАХР: 14.25.09

Н.У. Аккайнанова

Атырау облыстық дарынды балаларға арналған ұлттық гимназия,
Қазақстан, Атырау қаласы, nur_77@bk.ru

МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ. БІЛІМ БЕРУДЕГІ 5 НЕГІЗГІ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Жаңа технологиялардың күнделікті өмірде кең таралуы, басқалармен қатар, жас ұрпаққа және мансапты бастайтын немесе дамып жатқан және азаматтық қоғамның бір бөлігіне айналатын басқа адамдарға жаңа талаптар қояды. Жас ұрпаққа жабдық пен интерфейстердің жұмысын, құпиялылықты, деректерді қорғау мәселелерін, ақпаратты алу, оны пайдалану және әртүрлі негіздер бойынша ақпарат көздерін саралау мүмкіндігін түсіну талап етіледі.

PISA сынағы сандық құрылғының экранында ұсынылған ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін қамтиды және студенттердің көптеген Интернет көздерінен алынған ақпаратты бағалау, мұндай ақпараттың сенімділігі мен жарамдылығын бағалау, беттер арқылы мәтіннен автономды және тиімді шарлау қабілетін өлшейді. Сондықтан да, ХХІ ғасырда оқушыларға білім берудегі цифрлық технологиялардың жаһандық тенденция екенін атап өткіміз келеді.

Білім беру саласында алдыңғы қатарда тұрған Финляндия, Оңтүстік Корея, Сингапур секілді мемлекеттерде оқушылардың деректерді талдау, дизайн және басқа да құзыреттіліктер салаларында оқушылардың дамуына қолдау көрсету; екіншіден, ақпаратқа ашық қол жеткізуден және оқушыға бағытталған оқыту сияқты оқу өнімділігі құралдарын пайдаланудан үлкен пайда әкелетін педагогикалық тәсілдерді қолдау, пәнаралық оқыту, зерттеушілік оқыту, жобалық оқыту және т.б. әдістемелер тиімді пайдаланылады.

Мәселен, Финляндия мектептерінде феноменге негізделген оқыту бағдарламалауды, хакерлік марафондарды енгізу арқылы оқушы идеясының қоғам үшін практикалық сипатына немесе маңыздылығына баса назар аударады. Ал Cyber Wellness (кибер сауықтыру) технологиясы бойынша салауатты оқу тәжірибесін құруға бағытталған оқыту әдістері: аралас электрондық оқыту; элеуметтік желі құралдарын пайдалану; геймификация; тәжірибелік оқыту пайдаланылады [1].

Білім беру ұйымдарын жаппай цифрландырудың маңызы болашақ ұрпақтың кез-келген салада ақпараттық сауаттылығын арттырып, шеберліктерін шындап, жан-жақты іскерлігін дамытып, бәсекеге қабілетті етіп, білім кеңістігінде өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға жағдай жасайды. Сонымен қатар, цифрлық кешендердің негізінде мектеп циклінің барлық пәндері бойынша объективті бағалау және кері байланыс жүйесін құру және пайдалану қамтамасыз етіледі: ағымдағы бағалау

үшін де, міндетті және ерікті түрде қорытынды аттестаттау үшін де. Осы кешендерді пайдалану кезінде мектеп оқушыларына, ата-аналарға, мұғалімдерге арналған бұлтты білім беру ресурстарын (деректер базасы, бейнематериалдар, оқу ойындары, онлайн тесттер, сабақ сценарийлері) құру, жүйелі түрде жаңарту және жылжыту қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, оқу процесінде пайдалану үшін жоғары сапалы және қауіпсіз ашық онлайн-ресурстарды ұсынатын және ілгерілететін сүзгілер-іздеу жүйелерінің жүйесін құруды қамтамасыз етеді [1].

Қазіргі кезде білім беру үдерісінде желі арқылы байланысу мүмкіндігі барлық білім беруді цифрландырудың ірге тасына айналуға. Әлемді жайлаған пандемияға байланысты қашықтықтан оқыту құралдарын пайдаланып, оның тиімділігіне көз жеткіздік. Көптеген сабақтар онлайн режимінде өткізілді: Zoom, Teams және басқа да платформалар арқылы біз көптеген оқушылардың байланысы үшін «бөлмелерді» жасауды үйрендік, оқушылардың өз бетімен білім алуына арналған білім беру платформаларының да көптеген түрлерін пайдаланып үйрендік.

Бүгінгі таңда бұл технологияларды пайдалану қашықтықтан оқыту стратегиясының бір бөлігіне айналды. Бірақ қазірдің өзінде енгізілген технологиялық шешімдердің аясында біз жаңа нәрсені көреміз. Білім беру технологиясындағы инновациялық үрдістер қолданысқа енуде. Олар оқушыға бағытталған оқытуды насихаттайды. Білім беру технологиясындағы бұл жоғары трендтер жоғары қатысуға және қосылуға мүмкіндік береді. Олар ынтымақтастық пен жан-жақтылыққа баса назар аударады. Бірақ бұлар не? Осыны анықтап көрейік.

1. Ойындық оқыту

Қазіргі кезде оқушылардың оқуға деген көзқарасы өзгерді. Оқу енді жалықтырмайды, қызықты, тартымды және интерактивті. Мұндай тенденцияның басты дәлелі – геймификацияланған оқыту. Геймификацияланған оқыту – ойын элементтерін оқу процесіне енгізу арқылы оқушылардың қызығушылықтарын тудыру. Ойын – қиын немесе қызықсыз мектеп тақырыптарын мәжбүрлеусіз үйренудің ең жақсы тәсілі, ол арқылы оқушылар ойын ойнайды және бір уақытта жаңа материалды меңгереді. Сондай-ақ, олар өз дағдыларын үйреніп, геймификация арқылы өнімділігін тексере алады. Геймификация әлеуметтенуге оң әсер етеді. Оқушылар бәсекелестік жағдайында өзін қалай ұстау керектігін үйренеді. Олар бәсекелестік жағдайында жағымды әлеуметтік және мінез-құлық үлгілерін қалыптастырады. Олар өздігінен білім алуды және әртүрлі оқыту форматтарына бейімделуді үйренеді [2].

Ойын арқылы оқытуға арналған платформалар түрлері:

Settera, Sporcle, WordWall, Rebus1, Puzzlecup, Biteable, Scrumblr, Kahoot, Learnis, Jigsawplanet, Proprofs, H5P, Kody, Sutori.com, Flippity, Flipgrid, Pixton, Classcraft, Myquiz.ru, Quizizz, Qizdom, Exam games, Umapalata, Rusvectores, Kartaslov, Quandar, Qizlet.

2. Үлкен деректерді пайдалану

Мұғалім оқыту үрдісінде әр оқушыға мән бермесе, бұл соңғысының мотивациясына кері әсерін тигізеді. Әр оқушы мұғалімнің және басқалардың алында өзінің құндылығын сезінгісі келеді. Ал мұғалім сыныптағы бүкіл оқушыны бағалауда, олардың барлығына жеке көзқарасты қалай қамтамасыз ете алады? Бұл жағдайда үлкен деректерді пайдалану мұғалім үшін өте жақсы көмекші болып табылады. Сіз неғұрлым көп оқушына басқарсаңыз, соғұрлым көп ақпаратты өңдеуіңіз керек. Егер адами факторды ескерсек, әрбір оқушының ақпаратын қолмен өңдеу физикалық тұрғыдан мүмкін еместігін түсінеміз. Үлкен деректер жекелей оқыту үшін үлкен көлемдегі ақпаратты өңдеуге мүмкіндік береді. [2]

Бұл тұрғыда ZipGrade, Socrative, Google Classroom, Google Forms, Testmoz Flippity, Let's test, Classtime, Plickers сынды платформалардың тиімділігін өз тәжірибемізде көріп жүрміз.

3. E-learning

E-learning – бұл электронды құрылғылар арқылы білім беру процесі. Мұнда ақпаратты жеткізу үшін ноутбуктар, планшеттер, ұялы телефондар пайдаланылады. Бұл құралдар мұғалімдердің оқу үдерісін ұйымдастыруына көмектеседі және оқу процесін жеңілдетеді. E-learning барында сабаққа енжар қатысатын кейбір оқушылар мұғалімдермен және құрдастарымен үздіксіз қарым-қатынас жасай алады. Олар онлайн ойындар ойнай алады, викториналардан өтеді, сұрақтар қоя алады, көрнекі элементтерді жасай алады. Олар жаңа ақпаратты тез және тиімді есте сақтай алады. Көріп отырғаныңыздай, e-learning оқушыларға интерактивті және бірлескен ортаны қамтамасыз етеді. E-learning сізге ақпаратты өңдеуге арналған құралдар жиынтығын береді. Анимация, 3D слайдтар, бейне, суреттер, подкасттар, көп функциялы тақталар және т.б. Қандай мүмкіндіктерді енгізу керектігін өзіңіз шешуіңіз керек. [3]

E-learning білім беру үрдісінде пайдалануға болатын виртуалды және онлайн ынтымақтастық тақталары: iMektep.kz, Bilimland.kz, Twig-bilim.kz, Roqed, Padlet.com, Trello.com, Ru.yougile,

Wrike.com, LinoIt.com, Twiddla.com, Conceptboard.com, Dream-board.ru, Jamboard.google.com, Miro.com, Whiteboard.com, Live Worksheets.com, Webwhiteboard.com, Bitpaper.io, Limnu.com, AMW тақтасы, GroupBoard.com, Ziteboard.com, Scribblar.com, Idroo.com

Бұл ресурстарды әртүрлі бұлттық тапсырмаларды шешу үшін пайдалануға болады: үй тапсырмасын жинаудан бастап конференцияларға, семинарларға, виртуалды көрмелерге, конкурстарға, фестивальдерге, жобаларды жүзеге асыру және қорғау.

4. Бейне арқылы оқыту

Пандемияның тоқтатылуы кезінде де, одан кейін де пайдалы болған тағы бір тенденция - бейне көмегімен оқыту. Бұл технология электронды оқытуға біршама ұқсас, себебі ол бейнелер мен басқа көрнекі режимдерге де сүйенеді. Дегенмен, сабақтан тыс уақытта да білім алушылар бұл бейнежазбаларды кез- келген уақытта көре алады. Бейне презентациялар оқушылардың оқуы үшін өте тиімді. Бейне арқылы оқыту сабақтарды байытады және оқушылардың үлгеріміне тікелей әсер етеді. [3]

Clubhouse- тамаша цифрлық сыныптың қандай болуы мүмкін екендігінің тамаша мысалы. Бүкіл сынып басу арқылы топқа қосылады, тыңдайды, қажет болса өтініш жасайды және дауыс беру құқығын алады. Бір-біріне ешкім кедергі жасамайды.

Қазірдің өзінде желіде кейбір қауымдастықтарды құруға және оларда «жанды» байланысқа, пікірталастарға және ақпарат алмасуға еліктеуге мүмкіндік беретін онлайн платформалар, форумдар, Discord сияқты қосымшалар бар. Discord рухындағы қызметтер маңызды рөл атқарады, мұнда оқушылар арасындағы байланыс орын алады және маңызды оқу материалдарына сілтемелер де сақталады.

Бұлардан басқа YouTube, Skype, Zoom, Microsoft Teams, Tiktok сияқты платформалар да қазіргі кезде білім беруде трендтегі бағдарламалар.

5. STEAM

STEAM – бұл STEM-нің жетілдірілген түрі. Яғни, бұл жаңа аббревиатура ғылым, технология, инженерия, өнер және математиканы біріктіреді. Өнер – бұл теңдеудегі шығармашылықты дамытатын жаңа элемент. Өнер және гуманитарлық бағдарламалар білім алушыларға жеке көзқарасты, эмпатияны үйретеді және мақсат береді. Өнерді енгізу шығармашылықты арттырып, студенттерді жаңа нәрселерді сынауға итермеледі [4].

Оқушыларды STEAM бағдарламасына бағыттауда да бұлттық технологиялардың мынадай түрлерін пайдалануға болады:

1. Цифрлық әңгімелеу (сторителлинг) – әртүрлі цифрлық құрылғыларды: сызбаларды, бейнелерді, дыбыстарды және т.б. пайдалана отырып әңгімелеу өнерінің жиынтығы. Оқушылар сабақта сандық құрылғылардың көмегімен қызықты оқиғаны қалай айту керектігін, зертханалық тәжірибелер, эксперименттік тапсырмалар, компьютерлік модельдер және т.б. сияқты бриколаж түрлері туралы біледі.

2. Дыбыспен немесе музыкамен толықтырылған «Жаңғыртылған» әңгімелер – бұл Booktrack.com, Storybird.com, Cowbird.com қызметтерінің көмегімен жасалуы мүмкін әңгіме.

3. Интерактивті бұлттық кітаптар Storyjumper.com, Bookcreator.com, Nearpod, Writereader, Voicethread, Apester.com, FlippingBook, FlipPDF Professional. Кітапқа әртүрлі медиа нысандарын, гиперсілтемелерді, логотиптерді, авторлық құқық белгілерін қосуға болады.

Қорытындылай келгенде, жалпы цифрландырудың кейінгі жылдарағы өсімі оң бағытта деген қорытынды жасауға болады. Дегенмен, біздің үкімет кез- келген оқу орнында мұғалімдердің цифрлық білім беру бағытындағы жұмыстарын жүйелі жандандыруы керек, ол үшін, әуелі ең жаңа білім беру цифрлық құрылғыларымен және қымбат бағдарламалармен (электрондық оқулықтар мен тестілер, бейне курстар мен фильмдер, әртүрлі бағыттағы сөздіктер) қамтамасыз етуді жолға қою керек, мұғалімдер IT-технологиялар саласында біліктілігін арттыру үшін арнайы тегін курстардан өтуі қажет, мектептердегі ғаламтор қолжетімділігі мен жылдамдығы жоғары болуы керек [4].

Білім беру – жаңалықты, инновацияны қажет етеді. Қазіргі таңда заман талабына сай пән мұғалімі ғана болу аз, мұғалім – ұстаз, инноватор, иннотехник болуы тиіс. Мұғалім өзі иннотехник дәрежесіне көтерілу үшін инновациялық технологияларды меңгеру керек. Сондықтан да жаңа ғасырдың жаңашыл ұстаздары теориялық білімін күнделікті өмірмен байланыстырып отыратын ізденімпаз, жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді шебер меңгерген, әдістемелік шеберлігі шындалған, заман ағымына сай цифрлық сауаттылығы өте жоғары және өз мамандығының нағыз шебері болуы керек деп ойлаймын. Әрбір пән мұғалімінің ешкімге тәуелсіз кәсіби бағыты болуы керек. Сонда ғана мұғалім мен ұжым қызметінің желісі оқу-тәрбие жұмысының нәтижесі бүгінгі күннің талабына үлес қоспақ.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Education Technology Trends <https://powergistics.com>
2. Major Technology Trends in Education in 2022 <https://keenethics.com>
3. New technologies in education E3S Web of Conferences 273, 12145 (2021)
4. Victor Larchenko ,Olga Barynikova. Don State Technical University, Rostov-on-Don, RF.
5. Новые технологии обучения и их роль в образовательном процессе. Т.Ф. Кряклина. Алтайская академия экономики и права, г. Барнаул, РФ.

ГТАХР: 14.25.09

А.Т. Алпиева, А.Ж. Каримова

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 жалпы орта білім беретін мектеп,
Қазақстан, Семей қаласы, aiman_72_72@mail.ru, armangul-karimova@mail.ru

ОҚУ ҮРДІСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін оқытушылардың инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан оқытушының біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор. Оқыту технологиясы педагогикалық әдістерге негізделген. 1960 жылдарда шет ел зерттеушілері «Педагогикалық технология» терминін енгізді. В.Беспалько «Педагогикалық технология дегеніміз – тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс, тәсілдер – оның құрамды бөлігі ғана» – деген тұжырымдама берді. Педагогикалық технология оқыту үрдісін жобалау, ұйымдастыру және оны өткізудің формасымен анықталады. Педагогикалық технологияның өзіндік ерекшелігі: қойылған мақсатқа жету мүмкіндігіне кепілдік беретін оқыту үрдісін құрастыру және оны жүзеге асыру. Оқытылатын пән мазмұны оқытушы мен студенттің өзара байланыс іс-әрекеті, студенттің ішкі даму үрдісі негізінде анықталған нақты мақсат ғана педагогикалық технология құрылымын түсіну кілті бола алады.

Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. «Инновация» деген сөз – латынның «novus» жаңалық және «in» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді.

Инновациялық әдіс – тәсілдерді қолдануда оқытушы сабақты дайын күйінде бағалайды, әрбір білім алушының өзі ізденіп, ғылыми негіздерін өз бетінше игеріп, ғылыми зерттеуді көздейді, ал оқытушының негізгі міндетіне білім алушының іс-әрекетін бақылау жатады [1-9].

Әдіскер С. Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

✓ Ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала-субъект», «бала-объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады.

✓ ақпараттық бағдарламалап оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру.

✓ қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі.

✓ иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады.

✓ саралап деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.

✓ оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет.

✓ дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік- психологиялық жауапкершілігін арттырады.

Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады. Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектсі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады [9-4]. Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел. Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Педагогикалық ойындар технологиясы дегеніміз педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, оқушыларды қызықтырушы құрал ретінде қолданылады. Проблемалы оқыту технологиясы. Проблемалы оқыту – мұғалім басшылығы мен қиын мәселелерді туғызу және оқушылардың белсенді түрде өз беттерімен мәселелерді шешу. Қорытындысында олардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық іскерліктері мен дағдылары қалыптасуына жағдай жасайды. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Математиканы оқытуда тәжірибені шыңдай түсуде көп жеңілдік ашқан технологиялардың бірі-осы технология. Мақсат пен міндеттердің орындалуы мынадай ұзақ жоспарлар арқылы іске асады:

- ✓ Ассоциация.
- ✓ Бірлестік қызмет.
- ✓ Көзқарасын талдау мен дәлелдеу түрінде қорғау.

Бұл технология бойынша.

✓ Оқу үрдісінде қызығушылық артады.

✓ Оқушының өз бетімен білім алуына мүмкіндік беруі туады - оқушының ақпараттық тіл байлығы жетіледі.

Саралап оқыту технологиясы, оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Сыныпты, топтарды оқытуға әртүрлі қолайлы жағдай туғызуды қажет етеді; әдістемелік педагогикалық-психологиялық және ұйымдастыру-басқару шаралары біріктіріледі. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;

2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3) Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің бірнеше деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей, бағдарламалық, күрделенген деңгей сондықтан әрбір оқушы меңгеруі тиіс.

Жекелеп оқыту технологиясы. Жекелеп оқыту–оқу процесін ұйымдастырудың мына түрлері мен үлгілерін қарастырады. – мұғалім бір ғана оқушымен жұмыс істейді; – оқушы тек оқу құралдары мен өзара қатынаста болады. Жекелік оқудың басты жетістігі баланың қабілетімен оқу қызметінің желісін әдісі мен мазмұнын өз қабілетіне қарай бейімдеуіне мүмкіндік береді.

Оқытудың ұжымдық әдісі – оқу процесінде адамдарды өзара және жұптық еңбек әрекеттерін орындауы. ОҰӨ принциптері:

- ✓ жоғары жетістікке талпыну.
- ✓ алынған мәліметті бір-біріне лезде кідіріссіз жеткізу.
- ✓ оқушылар арасындағы өзара көмек және ынтымақтастық.
- ✓ әр түрлі деңгейлік; тақырып пен тапсырмалардың әр түрлілігі.

Оқытудың компьютерлік технологиясы. Бұл технология–оқытудың бағдарламалық көзқарастарын дамытады, мүлдем жаңа технологиялық жолдар ашады. Оқытудың компьютерлік технологиясы – мәліметтерді компьютер көмегімен даярлау және беру әрекеттері. Бұл технология материал мазмұнын кейбір үлгілерді пайдалануға негізделеді.

Презентациялар технологиясы. Бұл технология, бір жағынан, оқушыларға сабақта жаңа материалды (бейнелеулер, фотографиялар, дидактикалық материалдар) көрнекі көрсету құралы болатын болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалды дайындауды және оны қолдану процесін де жеңілдетеді. Алдынала жүргізілген тәжірибелер, презентациялар технологиясын сабақта пайдалану балалардың оқуға деген ынтымақтығын арттырып, сабақтың қызығалықты өтуін қамтамасыз

етіп, оған дайындалу мерзімін қысқартады, ең бастысы – мұғалімдерді жаңа ақпараттық желілік технологияларды пайдалануға дағдыландырады.

Кезеңдеп оқыту технологиясы. Ойлау қызметін кезеңдер бойынша қалыптастыру, мақсаттың бағытталу технологиясы – бағдарлық білім, шеберлік және дағдыны әсерлі меңгеру. Бұл технология әрбір оқушының жұмыстарды, әрбір қадамын мұғалімнің бақылауын қажет етеді. Сабақ меңгерудің барлық кезеңдерінде бақылап отыру – технологияның ең маңызды құраушыларының бірі болады. Ол оқушыны қателесуден сақтандыруға бағытталады.

Жеке пәндік педагогикалық технология. Ерте және ыждағатты сауаттылыққа оқыту технологиясы. Технология мазмұны оқу процесі бала миының танымдық қуатын жан-жақты жандандыра отыра, қызметі мен қатынастары арқылы баланың табиғи ойлауына негізделген. Әсерлі сабақтар жүйесіне негізделген технология.

Дамыта оқыту технологиялары. Л.В.Занковтың дамыта оқу жүйесі. Оқыту қызметінің негізгі мотивациясы танымдық қызығушылық. Занков әдісі әртүрлі қызметтерге тарту, дискуссия, дидактикалық ойындарда оқытуда, пайдалану, сол сияқты есті, ойлауды, елестетуді, сөйлеуді байыту бағытындағы оқыту әдісі [6-11].

Модульдік оқыту технологиясы. Модуль дегеніміз-қандайда бір жүйенің, ұғымның нақтылатын, біршама дербес бөлігі. Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен тұрады. кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады. Әр оқушы оқу модулінде сағат саны әртүрлі болады. Бұл оқу бағдарламасы бойынша сол тақырыпқа, тақырыптар тобына немесе тарауға бөлінген сағат санына байланысты. Қазіргі инновациялық технологиялардың жиі қолданылатыны-ақпараттық технологиялар. Оларды пайдалану барысында бұрыннан біз көбінесе компьютерді қолданып, сабақты түрлендіріп, студенттердің пәнге деген қызығушылықтарын дамытамыз. Осындай сабақтар өткізгенде, оқыту процесін дараландырады және студенттердің ойын дербестігі мен белсенділігін арттырады. Сонымен жалпылап айтқанда оқу үрдісінде оқушының тұлғасының дамуына, ықпал жасайтын жаңа технология түріндегі сабақтар үлгісінің бәріне жүктелетін міндеттер жүйесі төмендегідей: Жаңа технологияны қолдануда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге де болады. Нәтижесінде оқушы:

- ✓ Компьютерде еркін жұмыс жасайды.
- ✓ Оқыту процесінде жаңа технологияларды қолдана отырып білімін шыңдайды.
- ✓ Жаңа оқыту үрдісін қалыптастырады.
- ✓ Өздігінен ізденімпаздық қабілеті артады.
- ✓ Ақпараттық сауаттылығы мен ақпараттық мәдениеті қалыптасады.

Бүгінгі жасөспірім – ертеңгі ел азаматы. Елімізді бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылуына білімді жасөспірімнің берері мол. XXІ ғасыр жаңа технологиялар мен жаңа білім беру ғасыры болғандықтан, қоғам дамуы салаларының мазмұны жаңарып, өзгеше сипат алуда. Осыған орай, әрбір педагог оқу қызметінде педагогикалық технологияларды пайдалану, түрлі техникалық құралдар мен инерактивті білімі мен біліктерін жетілдіруде пайдалануға бағыттауы тиіс. Бүгінде ұрпағымыздың жан-жақты дамыған жеке тұлға болып қалыптасуын мектепке дейінгі мекемелердегі оқу қызметіндегі белсенді танымдық процестеріне және оның білімділік, тәрбиелік мазмұнымен сабақтастыру – жалпы азаматты өркениетке жеткізетіндігі заңдылық. Қазақтың көрнекті ғалымы, ұлы педагог А.Байтұрсынов «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те әдіс жоқ. Олақтылық белгісі – бір ғана әдісті білу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті білу; керек орында жоқ әдісті табу да қолынан келу... Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», -деген болатын. Сондықтан жаңашыл педагог заман талабына сай әрекет етсе, қоғам ағымынан қалып қоймай ілесіп отырса, яғни жаңа технологияны игеріп, оны оқу қызметтерінде пайдалануы қажет.

Оқу үрдісінде балалардың оқу-танымдық қызметін белсендіруде дәстүрлі әдістер мен жаңа әдіс-тәсілдерді, технологияларды өзара сабақтастықта пайдалану оң нәтиже берері сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. – Алматы, РБК, 1995. – 54-55 б.
2. Слободчиков В. Новое образование-путь к новому сообществу. – Нар. Образование, 1999.
3. Нағымжанова Қ.М. Оқу процесінде инновациялық іс-әрекеті. – Өскемен: МедиаАльянс, 2004.
4. Инновационное обучение: стратегия и практика. Под.ред. В.Я.Ляудис. – М.: Изд-во МГУ, 1994.

5. Внутришкольное управление: теория и опыт педагогических управленческих инноваций, Под ред. Н.В. Горбуновой: М. :Новая шк., 1995.
6. Слободчиков В. Новое образование – путь к новому сообществу. Нар. Образование, 1999.
7. Кларин М.В. Инновационные модели учебного процесса в современной зарубежной педагогике.: – М., 2009.
8. Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. – Алматы, РБК, 1995.
9. Инновационное обучение: стратегия и практика. Под.ред. В.Я.Ляудис. – М.: Изд-во МГУ, 1994.
10. Бұзаубақова К. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру – міндет. // Қазақстан мектебі. – № 9-10, 2005. – 25-26 б.

ҒТАХР: 14.25.09

А.А. Аметова, Ж.С. Калиева

С. Бегалин атындағы орта мектеп, Қайнар ауылы, Семей қаласы.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Педагогикалық технология ғылыми білімдер жүйесі ретінде тәрбие үдерісін оңтайландырып, қамтамасыз етуі керек. Тәрбие – мұғалімнің қалауы мен еркіне қарамастан қоғамда жүзеге асатын объективті үдеріс. Тұлғаны дамыту бір минутқа да тоқтамайды. Педагогтың міндеті – тәрбие үдерісін баланың адамзат мәдениетіне қарай «өрлеуге» бағыттау, адамзаттың мыңдаған жылдар бойы жасаған тәжірибесі мен мәдениетінің дербес игеруіне ықпал ету. «Егер тәрбие барлық өмірлік әрекеттерде мәдениетке үнемі көтерілу және күнделікті мәдениетті жасау болса, онда тәрбиенің мақсаты даму барысында Адамға лайық дербес өмір сүру нұсқасын өз бетінше құру қабілетін игеретін тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Өмір сүрудің әртүрлі нұсқаларымен танысумен тәрбие мәселелерінің таусылмайтыны анық.

Осылайша:

- баланың дамуы ол өзі белсенділік танытып, әлеммен қарым-қатынаста болғанда жүзеге асады;
- бұл белсенділіктің сипаты жеке тұлғаның субъективті еркін қатынасымен анықталады;
- педагогикалық ықпал тәрбиленушіні әлеуметтік құндылықтарға қатысты белгілі бір қарым-қатынасқа бағыттауы керек;
- мұғалімнің өзара әрекеті және баламен қарым-қатынастың барлық үдерісі қазіргі мәдениет деңгейінде және білім беру-тәрбиелеу мақсатына сәйкес жүзеге асырылуы керек.

Мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеті сөздің жоғары мағынасында тек бір-біріне өзара әсер етуді ғана білдірмейді. Өзара әрекеттестіктің жүзеге асуы үшін әңгімелесушілер бір-бірін осы қарым-қатынастың тең тұлғалары ретінде қабылдауы қажет, бірақ іс жүзінде «мұғалім-оқушы» жүйесінде бұл онша жиі кездеспейді. Қарым-қатынастың қысқа сәті немесе ұзақ мерзімді әсер ету ретінде әрекет ететін педагогикалық ықпал тәрбиелік мақсатқа сәйкес қызметтердің орындалуын қамтамасыз етеді. Педагогикалық әсерді талдау кезінде, педагогикалық ықпал етудің негізгі мақсаты – оқушыны өз өмірінен хабардар, ол туралы өзіне есеп бере алатын тұлға позициясына көшіру екенін ескеру керек.

Педагогикалық ықпал етудің бұл қызметтерін жүзеге асыру педагогикалық технологиямен қамтамасыз етіледі, ол мұғалімнің оқушыға қоршаған әлеммен қарым-қатынасындағы ықпалын кәсіби таңдауын ғылыми негіздейді, оның осы дүниеге қатынасын қалыптастырады. Педагогикалық технологияның мәні өзара байланысты және ішкі логикасы бар қажетті және жеткілікті элементтер жүйесі арқылы ашылады.

Педагогикалық технологияның құрамдас бөліктерін анықтау үшін бірқатар сұрақтарға жауап беру қажет:

- педагогикалық технология қандай элементтерден тұрады;
- олардың қажетті және жеткілікті мөлшері қандай;
- олар өзара қандай байланыста;
- әрбір элементтің жалпы және арнайы қызметтері қандай.

Педагогикалық қарым-қатынас, ол оқушыны тұлға ретінде танытуға психологиялық қолайлы жағдай жасау арқылы «қарым-қатынаста оқушыны ашуға» бағытталған. Әлеуметтік норма деңгейінде «бейнені енгізу», қызметті ынталандыру және ауытқуларды түзету қызметтерін

камтамасыз ететін педагогикалық бағалауды оқушы бағалау ретінде қабылдамайтын жасырын бағалау түрінде жүзеге асыру мүмкін,

Педагогикалық талап тағы бір технологиялық элемент болып табылады. Ол арқылы тұлғаның заманауи мәдениет деңгейіне көтерілуі жүзеге асырылады. Нәтижесінде әлеуметтік нормаға дағдылану оның мінез-құлқындағы даралығы болып табылады.

Келесі технологиялық элемент – жанжал. Жанжал тұлғалар арасындағы кез келген түрдегі қайшылық ретінде осы қарама-қарсы көзқарастарды белгілеуді талап етеді. Бұл ретте мұғалім талап қоймайды, тек көзқарастар мен мінез-құлық нұсқасын ұсынады және осы жағдайда қалай әрекет ету керектігін таңдау мәселесін қояды. Педагогикалық жанжал психикалық шиеленісті жеңілдету қызметін жүзеге асыру кезінде шешіледі.

Педагогикалық технологияның құрамдас бөліктерінің жүйесінде педагогикалық техника сияқты элемент ерекше орын алады.

Педагогикалық техника барлық басқа элементтердің әсерін бұрмалайды немесе түзетеді, күшейтеді немесе әлсірете отырып, олардың іске асырылуын өзгертеді. Педагогикалық әсер студент осы, өзіндік ерекше қызметтері бар, элементтерінің әрқайсысын жүзеге асыру үшін, іс жүзінде барлық мүмкін болатын жиынтық пайдаланылмайды, бірақ нақты бір мұғалімге тән жеке операциялар таңдалады.

Сонымен, баланың тұлға ретінде қалыптасуы оның адресіне нормамен талап етілетін оң жасырын бағалауды, жағымды пікірлерді білдірумен жүзеге асады. Белгіленген қызметтері мен белгілі бір операциялары бар аталған элементтер педагогикалық технологияның мәнін құрайды. Бірақ педагогикалық технологияның мазмұны мұнымен шектелмейді: психологиялық климат, топтық белсенділік, әрекетке педагогикалық реакция сияқты жалпылама немесе жеке сипаттағы қосымша элементтер болады.

Біздің заманымызда оқу үдерісі жаңа техникалық базаға ие болуда. Бұған мемлекеттің өзі басымдық беріп отыр. Білім берудегі инновациялық саясат мемлекеттің жалпы инновациялық саясатының өте маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, сондықтан ол сондай заңдар мен қағидаларға сәйкес құрылады. Оның негізгі бағыттарын білім және ғылым министрлігі мектеп бағдарламасында білім беру мазмұны мен ұйымдастыруды, мектеп құрылымы мен үлгілерін, оқыту мен тәрбиелеу технологияларын түбегейлі өзгерту ретінде белгіледі.

Инновациялар қоғам дамуының негізі, білім берудегі инновациялар білім беру жүйесінің, білім беру мекемесінің, педагогикалық өзара әрекеттесудің әрбір қатысушысының дамуының негізі болып табылады.

Бүгінгі таңда білім беру саясаты әрбір оқушының жоғары сапалы білім алуына, заманауи ақпараттық технологиялар әлемінде аса қажет іргелі білімді тиісті құзыреттілікпен ұштастыратын жаңа типті мамандарды даярлауға бағытталған. Мемлекеттегі орта және жоғары мектептері үшін инновациялық даму жолы басымды болып табылады.

• Модульдік оқыту технологиясын мектеп тәжірибесіне енгізу бойынша инновациялық іс-әрекеттердің өзектілігі келесі факторлармен байланысты:

• мектепте модульдік оқыту технологиясын сынау бойынша эксперименттің оң нәтижелеріне;

• оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында педагогикалық үдерісті технологиялық жаңартуда сабақтастықтың қажеттілігіне;

• тұлғаға бағытталған оқыту технологияларын қолдану арқылы оқушылармен педагогикалық қарым-қатынас жасаудың күнделікті тәжірибесін жаңартуға мұғалімдердің қажеттіліктерінің артуына;

• мектептегі инновациялық үдерістерді тиімді басқару тәжірибесіне;

• мектептегі мұғалімдердің біліктілігін арттырудың инновациялық тәжірибесіне;

• білім беру қызметінің жағдайлары, үдерісі мен нәтижелерінің мониторингін ұйымдастыру тәжірибесіне;

• сабақта қолданылатын жеке, топтық және ұжымдық жұмыс формаларының түрлі үйлесімдерінің әртүрлілігіне;

• инновациялық қызметті бағалаудың және оған қатысушыларды ынталандырудың сәтті жұмыс істейтін жүйесіне;

• сыртқы қолдаудың болуына;

• ішкі және сыртқы кеңес беруді ұйымдастыруда шығармашылық байланыстар мен тәжірибенің болуы;

- білім алушыларды басқарудың, оқытудың және тәрбиелеудің прогрессивті технологияларын енгізу арқылы білім беру мекемесін дамытудың нақты (немесе сараптамадан өткен) стратегиясы мен бағдарламасының болуы;

- оқу, басқару жұмыстарында ақпараттық технологияларды қолдану тәжірибесіне.

Білім беруде қазіргі педагогика инновациялық үдерістің үш фазасын анықтайды:

- 1) жаңашыл педагогтардың жеке белсенділігі;

- 2) пікірлестердің бірлескен жоспарлы жұмысы;

- 3) педагогикалық қоғамның жоспарлы және жүйелі жұмысы.

Қазіргі педагогика ғылымының айрықша белгілері дәстүрлі білім беруді түрлендіруге бағытталуы, оқу-тәрбие үдерісін және мұғалім жұмысының технологияларын құрудың жаңа жолдарын іздеу болып табылады. Қазіргі уақытта білім берудің әртүрлі деңгейлеріне – мектепке дейінгі мекемелерден бастап жоғары оқу орындарына дейін инновация тән]. Бастауыш және орта мектептің инновациялық технологиялары әдебиеттерде барынша толық берілген. Мектепке дейінгі білім берудің инновациясы өте аз қарастырылған. Сонымен бірге, біздің республикамыздың мектепке дейінгі білім беру жүйесі ғылымда ұсынылған және қорғалған, қазіргі отандық авторларының жарияланған инновациялық педагогикалық технологияларымен сыналып, толықты. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жолдарын қарқынды іздеуді ұлттық авторлар ұсынған технологиялармен байланыстыру қажет.

Инновацияның позициясы мына бағыттарда жатыр:

- бұрын болған тәжірибені қайта жіберу мен жаңғыртудан бөлек, шығармашылық ізденіс пен өмірлік тәжірибені байытуға;

- оқытудың оның негізгі, маңызды құрамдас бөліктеріне және мақсатқа бағдарлану, мұғалім мен бала арасындағы өзара әрекеттестік сипаты, олардың оқу барысындағы ұстанымдары сияқты құралдық мәнді қасиеттеріне қатысты түрлендіруші сипаты .

Ұсынылған педагогикалық технологиялардағы инновацияның ортақ белгілерін анықтау кезінде әзірлеушілер, зерттеуші-ғалымдардың әлемнің әртүрлі елдерінің мұғалімдері үшін дәстүрлі емес көріністері бірдей болып табылатындығы туралы пікіріне сүйенді, яғни:

- үздіксіз білім алу контекстінде оқуды құру;

- білім алушы үшін оқу үдерісінде белсенді ғана емес, сонымен қатар бастамашыл позициясын алуына мүмкіндіктер туғызуға бағытталу;

- ұсынылған материалды механикалық игеруден дүниемен белсенді диалог арқылы оны тануға көшу;

- оқытылатын тұлғаның мәселелерді дербес шешуі және ол өзі тапқан жауаптың соңғы нақты, ақиқат емес екендігін қабылдау.

Ұлттық тәрбие мен білім беру өте маңызды, бірақ күрделі де көп деңгейлі болып табылады. Ол үш бірдей қызметті атқарады: ұлттық өзіндік сананы қалыптастыру арқылы тұлғаның ұлттық типін жаңғырту (анықтау); этнос мәдениетін, оның негізгі құндылықтары – ұлттық мәдениеттің генетикалық кодын жаңғырту және тарату; өз халқының мәдени бейнесін алатын жас ұрпақтың ұлттық мәдени құндылықтарын игеру және иелену үдерісін қамтамасыз ету.

Сонымен, ұлттық білім мен тәрбиені тарихи қалыптасқан элеуметтік-мәдени технология деп анықтауға болады, оның негізінде жаңа ұрпақтар мәдениет арқылы берілетін қоғамдық тәжірибеге еніп, оны меңгереді және белгілі бір мәдениеттің тектік мазмұнын ұлттық мәдениеттің және жалпы этностың дамуын қамтамасыз ететін тұлғалық белгілерге айналдырады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ермолович, Д.В. Гуманитарные проблемы образования /Д.В. Ермолович// Адукацыя і выхаванне. – 2001. – № 1. – б. 31-36.
2. Суша, Н.В. Социальное значение экономики и иновационного образования. /Н.В. Суша// Беларусская экономика. – 2001. – № 11. – б. 29-40.
3. Тавгень, И.О., Добриневская, И.А. Иновационная политика и иновационная практика в образовании / И.О. Тавгень, И.А. Добриневская// Кіраванне ў адукацыі. – 2005. – № 3. – с. 8-16. Содержание образования в новых социально-экономических условиях (vuzlit.com)

И.Ә. Әнуарбекова

№ 44 жалпы орта білім беретін мектебі,
Қазақстан, Абай облысы Семей қаласы, anuarbekova.indira@mail.ru

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Елімізде айқындалған негізгі басым бағыттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін білім мазмұнын жаңартумен қатар оқытудың өзіндік жаңа жолын, қазіргі заманғы педагогикалық технологиясын қалыптастыру – өмірдің талабы болып отыр. Қазіргі кезеңде республиканың білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – қазақ мектебі түлегінің білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жуықтату. Ол үшін мектепке заман талабына сай мемлекеттік білім стандартын енгізу, соған сәйкес кәсіби шеберлігі дамыған кадрлармен қамтамасыз ету, өркениетті ғылыми-әдістемелік бағытқа ынталандыру, жаңа базистік оқу жоспары мен жаңа буын оқулықтарына көшу, орта білімді ақпараттандыру, тағы сол сияқты білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды істер. Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз демекші, бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Демек бұрыннан қалыптасқан бағдарлама мен тәртіп ол үшін ескірген, тозған. Ал қазір ол барлық тұлғасымен жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі.

XXI ғасырда қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім берусаласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр. Олар: білім сапасын көтеру компьютерлендіру, интернет, компьютерлік желі, электронды және телекоммуникация, электронды оқулықтар даярлау. Бұлардың оқушылардың қазіргі заман талабына сай білім алуына, білік сапасын көтеруге тигізетін әсері мол. Жаңа электронды оқулықтардың дүниеге келуімен берілетін білім мазмұны да өзгерері сөзсіз. Болашақта әр оқушы компьютерлік технология арқылы интернет, электронды желі, электронды почта арқылы дүниежүзілік білім әлеміне еніп, онда өзінің қажетін өтейтін білімді толығымен алуға, қажетті ақпараттық мәліметтерді ғылым саласына байланысты озық тәжірибелерді, осы мәселенің шетелдегі жағдайымен танысуына толық мүмкіндік туады. Қоғамды ілгері дамытатын күш білім десек, болашақтың иегері – жас ұрпақты саналы да білімді етіп тәрбиелеу ұстаздардың қолында.

«Мұғалімдердің жаңа ұрпағы білім деңгейі жөнінен әлдеқайда жоғары болуы керек. Ол үшін формацияның педагогы қажет. Қазіргі мұғалім:

1. Педагогикалық үдерісте жүйелі жұмыс істей алатын;
2. Педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш;
3. Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
4. Оқушымен ортақ тіл табыса алатын;
5. Білімді, шебер, іскер болуы тиіс.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Ал ғылыммен техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағыны күшейген XXI ғасырда жан-жақты дамыған шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру мектептің басты міндеті болып саналады. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

II. «Инновация» туралы жалпы түсінік

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру.

Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э. Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс: «Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Бізден жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз» – дейді. Ендеше «инновация» ұғымы – педагогикалық сөздік қорына ежелден енген термин. Ол кейбір ғалымдардың еңбектерінде «жаңа», «жаңалық енгізу», деп көрсетілсе, кейбіреулер оны «өзгеріс» деген терминмен анықтайды.

«Инновация» деген сөз – латынның «novis» жаңалық және «ip» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді. Инновация термині қазіргі білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр. Инновация аударғанда жаңа, жаңалық, жаңарту дегенді білдіреді

дедік. Яғни, С. Ожегов сөздігіне сүйенсек, инновация бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрынғының орнын басатын, алғаш ашылған, бұрыннан таныс емес енгізілген жаңалық болып шығады.

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үдеріс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады.

III. Инновацияның кезеңдері

Оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық педагогикалық жаңалықтарды енгізудің кезеңдері:

I кезең: Жаңа идеяны іздеу. Ақпараттандыру және инновацияларды ұйымдастыру, жаңалықтарды іздестіру.

II кезең: Жаңалықтарды ұйымдастыру. Оқу-тәрбие үдерісінде жаңалық енгізулерді алғашқы байқаудан өткізу.

III кезең: Жаңалықтарды енгізу. Оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.

IV кезең: Жаңалықтарды бекіту. Оқу-тәрбие үдерісінде енгізілген жаңалықтардың нәтижесін бағалау.

Жаңа педагогикалық технологиялар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға көмектеседі. Оқытудың инновациялық технология бойынша әдістемелік жүйесі сапалы нәтижеге жеткізуге мүмкіндік беретін танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнымен тікелей байланысты. Сондықтан инновациялық әдіс-тәсілдерді оқыту үдерісіне енгізу

барысында танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнын, белгілі деңгейде белсенділігін көздейді. Осы екі үдерісінің өзара сапалы нәтижесінде оқушының өз ісіне сенімділігін, жауапкершілік сезімін, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мақсатын жүзеге асыруға жағдай туғызатын оқытудың инновациялық негізгі түрлері анықталады.

Инновациялық үдерістің негізі – жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

– оқушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;

Қорыта келгенде, жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:

– әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;

– білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;

– өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;

– аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

IV. Инновацияның негізгі қағидалары

Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру

және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгеру; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр оқушының даму жүйелері жұмыс істеу; оқу үдерісін оқушының сезінуі. Білім беру саласындағы инновациялық бағыттың қажеттілігін анықтайтын себептер қазіргі таңда бүкіл халыққа белгілі болып отыр. Оларға төмендегілер кіреді:

- білім беру мазмұнының ізгілендірілуі;
- мұғалім мен оқушыға қойылатын талаптың жаңа тұрғыдан қарастыруды, яғни оқушы тек тұтынушы ғана емес, ортақ іс-шарасубъектісі де.

Қазіргі кезде технологияда білімді меңгерудің шығармашылық деңгейіне жету үшін Блум жүйесі пайдаланылады (сурет 1, кесте 1).



Сурет 1 – Білім жүйесінің сызбасы

Кесте 1 – Білім жүйесінің түсініктері

Рет тәртібі	Оқушы іс-әрекеті
Білу	Тыңдайды, қабылдайды, есте сақтайды, түсінеді, ойлайды
Түсіну	Түсіндіреді, айтады, көрсетеді, жазады
Қолдану	Ойланады, салыстырады, табады, талқылайды, ашады, іздейді
Талдау	Бұрынғы білім негізін пайдалана отырып, жаңа мәселені шешеді
Топтау	Ойлап табады, құрастырады, шығарады, байланыстырады
Бағалау	Бағалайды, талқылайды, өзталабын айтады

Ү. Білім берудің инновациялық әдістері мен түрлері

Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда оқытушы сабақтың кезінде күйінде бағалайды, әрбір білім алушының өзі ізденіп, ғылыми негіздерін өз бетінше игеріп, ғылыми зерттеуді көздейді, алоқытушының негізгі міндетіне білім алушының іс-әрекетін бақылау жатады.

Қазір республика оқу орындары ұсынып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұнын әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық қерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы

зор. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үдерісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады.

Инновациялық технологиялар – ол білім саласындағы қолданатын жаңа ақпараттық технологиялар, ғылым жетістіктеріне негізделген әдістер.

Технологияның өлшемдері оқытудың әдістемелік мақсаттары, оқыту үдерісі, оның міндеттерін анықтай алуы, оқытудың нәтижесін болжай алуы және психологиялық-педагогикалық білімдерді меңгерумен анықталады. Оған болашақ маманның біртұтас оқу-тәрбие үдерісінде сабақты тиімді ұйымдастыра білуі, оқушылар менынтымақтастық қарым-қатынасты жүзеге асыра алуы, біртұтас педагогикалық үдерісті диагностикалай алуы және сабақтың нәтижесі жоғары болатындай ең тиімді педагогикалық технологияны таңдай алуы қажет.

Шығармашылық өлшемдеріне шығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті болашақ маманның шығармашылық-ізденушілігін дамыту кіреді. Оған болашақ маманның ғылымизерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік (авторлық) жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады.

Осы аталған көрсеткіштердің әсерінен білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет, игеру, нәтиже құралады. Білім жалпы, кәсіби, техникалық, арнайы білім болып бөлініп кәсіппен ұштасады. Ал кәсіп – мамандықтандау, мамандықты меңгеру. Білім алып кәсіп иесі болу үшін іскерлік қажет. Іскерлік – оқу, білім, кәсіп, тәжірибе, ізденушілік, өзіндік жұмыс, іс-шаралар, дағдыдан туындайды. Іскер болу

үшініс-әрекетті меңгеру қажет. Іс-әрекет әрекеттен, операция, қимыл-қозғалыстан тұрады. Барлық үдеріс байланыса орындалғаннан соңнәтиже көрсеткіші пайда болады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бұзаубақова К.Ж. Инновациялық технология. – Алматы, 2009.
2. Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике. – Рига:Эксперимент, 1998.
3. Цукерман Г.А. Инновации в мировой педагогике. – Рига:Эксперимент, 1998.
4. Инновационное обучение: Стратегия и практика. / Под ред. Ляудис В.Я. – М., 1994.
5. Роджерс Э. Инновация туралы түсінік. – // Қазақстан мектебі, № 4, – 2006
6. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасынкөтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.

ҒТАХР: 14.23.09

С.А. Әмірова

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі,
Қазақстан, Көкшетау қаласы, sagira.68@bk.ru

ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Қазақ халқыны ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма? деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Қай заманда қай халықтың өмірінде болсын, бала мүмкіндігіне, шамасына қарай ойын ойнайды. Осы бір шақты ескергендіктен, бала – ойын баласы деп халық тегін айтпаған. Бала үшін ойын «іс-әрекет, қимыл құралы болуымен қатар олардың танымын, түсінігін және білімін жетілдірудің ең негізгі жолы болып табылады [1].

В.А. Сухомолинскийдің сөзімен айтар болсақ, «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы да жоқ.» және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады.

Қазақ халық ойындарының даму тарихына Э. Маккей, Марко Поло, Б.А. Куфтин, Ә. Диваев, Ә. Марғұлан, Н.Я. Бичурин сынды атақты ғалымдар өз еңбектерін арнады [2]. Балалар тәрбиесінде ойынның алатын орны жайлы қазақстанда тұңғыш еңбек жазған педагогтардың бірі Н.С. Құлжанова болды.

Психикалық процестерді бір-бірімен тығыз байланыстыра қарастырған С.Л. Рубинштейн заттар мен құбылыстарды адам санасында дерексіздендіру, қорыту, тұжырымдау, олардың қатынастары мен байланыстарын анықтап, белгілеу ойлау процесі екендігін дәлелдейді. Қазақ халқының белгілі психологы Ж. Аймауытов тіл үйретуде баланың өз тәжірибесі, көрген-білгенін, оны қоршаған орта, нәрсе, заттардың орнын ерекше бағалай келе, баланың алғашқы көріп-білетіні қоршаған орта екенін, сол қоршаған орта арқылы баланың ойы, қабылдауы, сезінуі қалыптасып, тіл байлығы жетілетіндігін көрсеткен [3].

Кеңестік педагогикада балаларды жан-жақты дамытудың маңызды құралы болып табылатын ойын теориясына мынадай ғалымдардың еңбектері: Е.А. Флерина, Е.И. Тихеева, А.Н. Леонтьев Р.Я. Маркова т.б. бағытталған [4]

Ойындардың классификациясы көптеген құнды еңбектерде кездеседі. Ғалымдар ойындардың әр түрлі классификациялау принциптерін ұсынған. Ойындарды классификациялау – бұл өте күрделі үдеріс, себебі ол да кез-келген мәдениет көрінісі тәрізді әртүрлі жаңа формацияның тарихи үдерісінің сынауынан өтеді.

Ойындар классификациясының – өзара заңды байланысы мен жалпы және бір беткейлік қасиеттерін ескере отырып, олардың қолдану тәртібін жасау. Ойындар классификациясына нақты ақпарат бере отырып, алуан түрлі түсінуге мүмкіндік беруі тиіс.

Кез-келген классификациялаудың негізінде объектінің сипаттық белгілері жатыр. Сипат – таксометриялық категорияның бірі. Сипат объектінің бір – бірінен бір беткейлік айырмашылығына көңіл аударады. Оның мағынасына нұсқа, алуан түрі деген түсініктер кіреді.

Тип – үлгі, бір нәрсенің түрі, бөлшектеу бірлігі, заттар тобы, ішкі және сыртқы сипаттары біріктірілген көрініс, объектің қасиеттерінің үлгі қалыптығы.

Тип – ойынның жинақталған бейнесі.

«Топтастыру» түсінігіне «класс» терминін (категориясын) жатқызады.

Класс – объектінің орнын анықтайтын, жалпы белгілері мен деңгейлері бар жиынтық, заттар, көріністер тобы, бір-біріне қоса бағынышты құбылыстар жүйесі, таптастырумен сәйкес «классикалық», танымал, қалыптасқан бір дүние. Ол объектінің орнын белгілейді.

Ойындар классификациясы адамның еңбекте, оқуда, ермегінде рухани әлеуетін алдын ала анықтайтын, танымал және болжауға бағынбайтын іс-әрекеттің бейнесі ретінде перспективалық және маңызды мәселе болып табылады. Бір жағынан, мұндай әрекет, оның вертикалды мен горизонталды байланысы – бұл ермек ойын, білім, еңбек, қарым-қатынас, екінші жағынан – бұл құрылымы, модельділігі, қызметі, элементтері, нәтижелері бар, өзара сіңісетін психофизикалық, интеллектуалды-шығармашылық және әлеуметтік іс-әрекет.

Ойынның функционалды аспектісінің талдауын (Л.И. Божович, Л.С. Выготский, А.А. Долгова, В.С. Мухина және т.б.) ойын әлеуеті психология мен педагогикада әртүрлі мақсатта жүзеге асырылатынын, сонымен қатар олардың бірін-бірі толықтыру ықпалын жоққа шығармайтынын белгілейді.

а) педагогикада келесі мақсаттарда: ойын әрекетінің дамуы дербес әрекет түрі ретінде (мектепке дейінгі жаста жетекші түрі); мектеп жасына дейінгі баланың оқуы мен дамуы; тәрбие (ақыл-ой, адамгершілік және т.б.).

ә) психологияда келесі мақсаттарда: баланың тұлғалық өсуі; оның психикалық үдеріс диагностикасының дамуы мен түзелуі және тәрбие мен даму үрдісінде туындайтын қиындықтардың терапиялық коррекциясы.

Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойынды зерттеу мәселесімен тек психологтар мен педагогтар ғана емес, философтар, тарихшылар, этнографтар және өнер қайраткерлері мен бала тәрбиесін зерттейтін ғалымдар да шұғылданды. Көптеген балалар жазушылары бала ойынның психологиялық мәнін және ойынға тән ерекшеліктерді көркем бейнелер арқылы суреттегені де мәлім. Ойынның пайда болуын зерттеушілердің біразы өз еңбектерінде өнер және ойын көркемдік іс-әрекеттің алғашқы қадамы деп түсіндіреді. Ойында шындықтың көрінісі оның бейнелі сәулесі қылаң береді. Жалпы ойынға тән нәрсе өмірдің әртүрлі құбылыстары мен үлкендердің түрлі іс-әрекеттеріне еліктеу екені белгілі.

Ойынның шартты түрдегі мақсаттары бар, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттер бала үшін қызықты. Балаларға ақыл-ой, адамгершілік, денешынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі ойында жатыр. Ойын барысында балалар өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық байқатады. Сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау арқылы түрлі психологиялық түйсік пен сезім әлеміне сүңгиді.

Сондықтан педагогикада бала ойынына ерекше мән береді. Өйткені ойын үстінде қалыптасатын балалық шақтың түйсігі мен әсері адамның көңіліне өмір бойы өшпестей із қалдырады. Бала ойын арқылы өзін толқытқан қуанышын немесе ренішін асқақ арманын, мұрат-мүддесін бейнелесе күні ертең сол арман қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Сөйтіп бүгінгі ойын бейнелі әрекет ертеңгі шындық ақиқатқа айналатын кезі аз емес. Ойын баланың жеке басының дамуына игі ықпал ететін жетекші басты құбылыстың бірі деуге болады. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырады, қоршаған орта мен құбылыстардың ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды. Былайша айтқанда болашақ қайраткердің тәрбие алу жолы, тәлімдік өнегесі ойыннан бастап өрбиді. Әрбір жас ерекшеліктеріне байланысты ойын тиісті дәрежеде ақылмен қайрат жұмсауды талап етеді.

Белсенді іс-әрекет пен жігер жұмсайтын ойын жақсы ойын

болып табылады. Жақсы ойында жақсы жұмыста көңілді қуанышқа толтырып рахатқа бөлейді. Баланың ойынында да белгілі дәрежеде жұмыстағыдай жауапкершілік болуы тиіс.

Баланың қуанышы мен реніші ойында анық көрінеді, ойын кезіндегі баланың психологиялық мынада:

Олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығармашылық қабілетін, дарынын ұштайды.

Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өзіндегідей қуаныш реніш сезіміне бөленеді. Бірақ одан бала ойын екенін білмейді деген түсінік тұмайды.

Сондықтан шындықтағыдай «сөйтіп, бүйтіп көрейік» деуі, олардың «ойынды ойын» деп түсінуінде жатыр. келіп ойын туралы мынадай тұжырым жасалады:

а) ойын-тәрбие құралы, ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорын байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді, тәрбиелейді.

ә) ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

б) ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.

в) эстетикалық тәрбие беру құралына айналды.

г) еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.

д) дене күшінің жетілуіне көмектеседі.

Демек, ойын баланы жан-жақты тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез, тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен бірі ептілікке үйренеді. Ойын үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай жас ерекшеліктеріне қарай олардың көзқарасының, мінез-құлқының қалыптасу құралы деп те ерекше бағалаған.

Қазір бізге жеткен ұлттық ойындарымыз: тоғызқұмалақ асық ойындары. Қазақтың көне жыр-дастандарында ұлттық ойындар балаларды тәрбиелеуде ерекше орын алғандығы айқын көрінеді. Балалардың жиі ойнайтын «Ақсүйек» ойыны байқағыштыққа, қырағылыққа, батылдыққа, ептілікке, шапшаңдыққа баулиды. Баланың ақыл-ойын дамытатын тәрбиелік маңызы зор тағы бір ойынның түрі «он бір қара жұмбақ» Оның басты ерекшелігі есеп сұрақтарын қою арқылы баланың ойлау қабілетін дамытады. Ойынға қарап баланың психологиясын аңғаруға болады.

Баланың ойынында кейде өлең, тақпақтар жиі кездеседі. Өлең, тақпақтардың негізгі мақсаты тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке баулу, қиялына қанат беріп, ойын ұштау, өз бетімен іскерлікке, қысылған жерде дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу. Сонымен қатар кез-келген ойынның аяғында жеңу бар да жеңілу бар. Жеңгендер әрі қарай өз биігінде қалуға тырысса, жеңілгендер айып тартады. Ол көбінесе тақпақ айту, ән салу, би билеу түрінде болады. Бұдан қай ойынның да түпкі мақсаты балалардың бойында өнердің нұрын себу, өлең тақпақ айтуға төселдіру екенін аңғару қиын емес.

Жалпы ойынның қандай түрі болмасын атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмірлік қажеттіліктен туады да, психологиялық жағынан денсаулықты сақтауға негізделеді. Тапқыр, алғыр, шымыр, епті, қайратты, қажырлы бала өсіруді армандамайтын отбасы жоқ. Демек, ойынның өзі бала үшін біліктің, тәлімнің қайнар көзі болып табылады. Балаларға ұлттық ойындарды үйретіп, оған өзгеше нәр беріп, жаңартып өткізіп отыруды ата-аналар, балабақшада тәрбиешілер, мектепте ұстаздар, тәлімгерлер бір сәт те естен шығармағандары абзал. Өйткені жас бүлдіршіндер ойнай да, ойлай да білсін!

Еліміздің ертеңгі болашағы – бүгін өсіп келе жатқан ұрпақ. Сондықтан отбасынан бастап қоғамдық мекемелерге дейін ұрпақ тәрбиесіне аса жауапты қарау баршамыздың негізгі міндетіміз. Себебі, Еліміздің ертеңі оқу-білімнің, тәрбиенің тереңдігімен өлшенеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995.
2. Бондаренко А.К. Дидактические игры в детском саду. – Москва: Просвещение, 1991.
3. Бондаренко А.К. Теория дидактических игр и практика их использования в детском саду. – Москва: Просвещение, 1994.
4. Ермекбаев М., Наркұлова Б. Дидактикалық ойындарды қолданудың философиялық негіздері // Қазақстан мектебі. – 2008. – № 3. – 56 б.
5. Пороцкая Е.Л. Дошкольный возраст: Основные этапы развития познавательных способностей // Дошкольное воспитание. – 1995. – № 2. – 42 б.
6. Горшкова Л.И., Касаткина Е.И., Лисенкова О.В., Реуцкая Н.А., Цивилева А.В. Центр игры и игрушки в детском саду. Методическое пособие для воспитателей и старших воспитателей ДООУ. – Вологда. – 2003.

Е.А. Әбішев

Ж. Молдағалиев атындағы орта мектебі,
Қазақстан, Абай облысы, Абай ауданы, Тоқтамыс ауылы school_toktamys@mail.ru

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ – ЖАҢА ЖЕҢІСТЕР

Педагогикалық технология – бұл мұғалімнің іс-әрекетінің құрылымы, оған кіретін барлық әрекеттер белгілі бір дәйектілік пен тұтастықпен ұсынылады, ал іске асыру қажетті нәтижеге қол жеткізуді болжайды және болжамды сипатқа ие болады. Бұл технологиялардың артықшылығы оқушылардың өзіндік жұмысының рөлі мен пропорциясын күшейтіп қана қоймай, сонымен бірге басты назарда жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту, білім беру процесін даралау және саралау, тиімді өзін-өзі бақылау және оқу нәтижесін өзін-өзі бағалауға ықпал ететін технологиялар болады. Оқытудың басымдығы оқушылардың белгілі бір білім, білік және дағдыларды игеруі емес, оқушылардың өз бетінше білім алу, білім алып, оны өңдей алу, қажет нәрсені таңдау, оны мықты есте сақтау және басқалармен байланыстыру қабілеті болуы керек. Инновациялық технологияларды кеңінен енгізу мектеп оқушыларының білім сапасын, танымдық белсенділігі мен оқу мотивациясын жақсартуға жағдай жасайды.

Қазіргі білім беру технологияларын қолдану нәтижесінде:

– Мен оқытатын пәндер бойынша білімнің тұрақты сапасы (65-75%).

– Оқушылардың мотивациялық сферасын диагностикалау нәтижелері оқу-танымдық мотивтердің тар көзқарастарға қарағанда басым екенін көрсетеді.

Осылайша, мен тиімді қолданатын осы технологиялар – баланың жеке басын дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін анықтау, физикалық және психикалық денсаулықты сақтау және жақсы нәтижелерге қол жеткізуді жоспарлауға маған мүмкіндік береді.

Инновациялық технологиялар көмегімен оқу-тәрбие жұмысының сапасы мен тиімділігін арттыруға күш жұмсай отырып, шығармашылық интеллектуалды жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткіземін, бұл оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, белсенділігі мен шығармашылығын дамытуға ықпал етеді.

Оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым – барша сыныптардағы барлық пәндер үшін маңызды болып табылатын қарым-қатынас жасау дағдылары. Сондықтан да оқушыларға осы төрт дағдыны барынша жетілдіруге мүмкіндік берудің маңызы зор. Нақты белгілі бір дағдыны жақсарту тәсілдерінің бірі - осы дағдыларға ерекше назар аудара отырып, содан кейін бірнеше тілдік дағдыны қамтитын жаттығуларды біртіндеп енгізу болып табылады. (Wallace, Starika & Walberg, 2004). Мысалы, тақырыпты талқылау тиісті лексиканы қолдануды көздейді, сол арқылы оқылым бойынша тапсырмаға қызығушылық туғызады, осыдан кейін оқығанның негізінде жазбаша тапсырма орындаудың үлгісі ұсынылады. Дағдыларды осылайша біртіндеп енгізудің тағы бір жолы – аудио-мәтін тыңдап немесе бейнематериал көрсетуге болады, содан кейін пікірталас жүргізуге немесе жазбаша тапсырма орындауға болады. Білім беруде негізгі коммуникативті дағдыларды қалыптастыруда белсенді оқудың стратегияларының сипаттамасына тоқталатын болсам:

Белсенді оқу – оқушыларға эксперимент жасауға, мағына құрып, түсінік қалыптастыруға, жаңа білім мен бұрынғы меңгерілген білімнің арасында байланыс орнатады, қателік жіберу, барынша терең түсінуге жетелейді.

Бірлескен оқу – құрылымдалған топтық жұмыс. Тұлғааралық және қарым- қатынас дағдыларын жақсартады; оқушылардың арасындағы кедергілерді жояды.

Саралау – әр оқушының оқудағы жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру:

түсінік пен дағдыларының дамуын қамтамасыз етеді;

Өз күшіне сенім мен уәжді арттырады;

Оқушыларға идеяларды терең түсінуге көмектесе отырып шығармашылыққа ынталандырады;

Барлық оқушылар үшін пайдалы;

Барлық оқушылардан күтілетін нәтижені арттыра алады;

Моделдеу – сарапшы мысал келтіреді және оны көрнекі үдерістердің көмегімен түсіндіреді:

Оқушыларға пән мазмұнын зерделей отырып, сарапшы ретінде ойлануға жетелейді;

Оқушылардың барынша тәуелсіз болуына жағдай жасай отырып, тапсырманы кезеңдерге бөледі;

Үдеріс барысында рефлексия жасауға ынталандырады.

Электронды оқу және жаңа технологияларды пайдалану:

- Белсенді оқудың қызықты құралдарын ұсынады;
- Уәждеу құралы бола алады;
- Зерттеу, қарым-қатынас жасау, бірлесу және жүзеге асыру үшін қолдана алады;
- Оқушыларға ақпарат іздеуге және өздерінің жеке құралдарын табуға мүмкіндік береді;

- Сыныптан тыс оқуға мүмкіндік береді.

Оқу диалогтері – оқушылардың тапсырмаларды талқылауы

- Тапсырмаға өз үлесі бар екенін сезіндіреді;
- Оқушылардың өзара білімі мен дағдылар алмасуына жағдай жасайды;
- Барынша терең түсінуге ынталандырады;
- Оқушылардың өздерінің ілгерілеуі туралы рефлексия жасауына және әрі қарай не істеу керектігі туралы шешім қабылдауына мүмкіндік береді;

- Оқушыларды қызықтырады және уәждейді.

Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру

- Оқудың дұрыс жүріп жатқанын білу мақсатында оқуды тексеру және кері байланыс ұсыну;
- Уәждік және өзіндік бағасын арттырады;
- Оқыту үдерісіне бағыт береді;
- Оқушыларға оқу үдерісін жақсартуға мүмкіндік береді;
- Оқушыларға барынша тиімді оқу жолдарын түсінуге көмектеседі.

Пәнаралық байланыс – Оқу пәндері арасында байланыс орнату

- Білім беру бағдарламасына тереңдік пен тепе-теңдік береді;
- Терең білім алуға мүмкіндік береді;
- Көптеген дағдыларды ұсынады;
- Түсінік пән дағдылардың дамуына көмектесе алады;
- Оқу үдерісінің маңыздылығын барынша арттыруға көмектеседі;
- Оқушыға деген уәжді барынша арттыра алады.

Мектепте оқытудың өзекті дағдыларын қалыптастыру барысында сабақ жоспарын жасағанда сабақтың басында, ортасында және соңында әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана білу – мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Мұғалім – әдіс түрлерін пайдалана отырып, оқушылардың тыңдалым мен айтылым дағдылары арқылы өздігімен жұмыс істей білуге, оқылым және жазылым дағдылары арқылы ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі әдістер мен шеберліктерді меңгеру арқылы қол жеткізуге болады.

Барлық сынып оқушыларының оқу үрдісінде интербелсенді әдіс-тәсілдер түрлерін пайдалану біріншіден оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын белсенділігін арттырып сапасын көтеру болып табылады. Тұйық оқушылардың сабаққа деген ынтасы артады және мінез құлқы қалыптасады. Оқуға деген таным қабілеті артады. Оқушы ойын үстінде білімді игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің ойынға қалай ұласып кеткенін аңғармай қалуға тиіс. Сонда ғана ойын мен оқу табиғи үйлесімді болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Әр ұстаз оқу-тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, жаңа заман талабына сай, сабақты түрлендіру мақсатында оқытудың түрлі әдіс – тәсілдерін пайдаланса, игі нәтижеге жетері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Завьялова О.А. Воспитание ценностных основ информационной культуры младших школьников. - Журнал «Начальная школа» – № 11. – 2005.
2. Захарова Н.И. Внедрение информационных технологий в учебный процесс. – Журнал «Начальная школа» – № 1, – 2008.
3. Иванов В.В., Зайцева С.А. Этическая составляющая в информационной культуре учителя. - Журнал «Начальная школа» – № 11. – 2005.
4. Каминский В.Ю. Использование образовательных технологий в учебном процессе. – Научно-практический журнал «Завуч» № 3, 2005.

Ж.А. Әбішева, Г.Е. Алимова

А. Байтұрсынұлы атындағы № 47 ЖОББМ, Абай облысы Семей қаласы

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

Бүгінде технология дамыған заманда білім саласына өзгерістер енгізу қажеттігі туындап отыр. Оқыту әдістері мен тәсілдерін жаңартып қана қоймай, білімге деген қолжетімділікті арттыру қажет. Ол үшін үздік мұғалімдер мен оқытушылардың бейнесабақтарын ғаламтор желісі арқылы баршаға қолжетімді етсе, білім алушы да, жас маман да өзіне қажеттісін алуға мүмкіндік алады.

Жаңа замандағы Қазақстан бәсекеге қабілетті, білімді жастарды тәрбиелеуге ұмтылыс жасауда. Ұстаздың мәртебесі жылдан-жылға артып, оларға жағдай жасалуда.

Цифрлік сауаттылық – ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, ХХІ ғасырдың ең маңызды білімі, ең негізгі тақырыптарымыздың бірі. Цифрлік сауаттылық – бұл адам өмірінің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындығы және қабілеті. Осы технологияны қолдану арқылы халықтың өмір сапасын арттыруға жол ашып отыр.

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау болып табылады.

Цифрлық технологияның білім берудегі маңызы Білім беру ұйымдарын жаппай цифрландырудың маңызы болашақ ұрпақтың кез келген салада ақпараттық сауаттылығын арттырып, шеберліктерін шыңдап, жан-жақты іскерлігін дамытып, бәсекеге қабілетті етіп, білім кеңістігінде өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға жағдай жасайды. Сонымен қатар, бұл – білім сапасын арттыру, оқыту үдерісін қолжетімді ету, мұғалімдердің, оқушылардың, ата-аналардың байланыстарын жеңілдету тұрғысынан да өзекті.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Біздің балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Бүкіл процесс жүйелілікті, реттілікті және кешенді тәсілді талап етеді. Білім сферасындағы цифрландырудың ең басты міндеті – білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық дейгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде «жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті Ел жастарын дайындау.

Цифрлық білім берудегі әлеуметтік желінің алатын орны.

Заманауи қоғамның тіршілігінде желінің маңызы күннен күнге артып отыр. Қазіргі заманғы ұйымдар желілердің білім және инновациялар алмасу үдерісінде маңызды екендігін атап көрсетуде. Сондықтан мектептер арасындағы ынтымақтастық, мектептерде оқитын оқушылардың ғана емес, барлық балалардың мүддесі үшін мектептердің «Білім беру желілеріне» бірігуі уақыт өткен сайын маңыз алууда. Цифрлық технология – болашаққа батыл қадам. Қазіргі уақытта әрбір адамның заманауи ақпараттық-технологияларды пайдалануға мүмкіндігі зор. Мамандардың айтуынша, оның ең сапалысы – цифрлық технология. Қай салада болмасын, бұл технология жұмысты жеңілдетуге бірден-бір ықпал етіп отыр. Цифрлық технология тек электрондық портал арқылы мемлекеттік қызметтерді пайдалануда ғана емес, тұрғындардың бір-бірімен ақпарат алмасуында да таптырмас құрал болып отыр. Интернет – бүкіл әлемдегі миллиондаған компьютерлер мен ұялы сымтетіктерді бір-бірімен байланыстыратын орасан зор желі. Бұл байланыс түрі ХХ ғасырдың аяғында пайда болса да, әлемде зор қарқынмен дамып келеді.

Математика және физика пәндерін оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады.

Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады. Қазіргі заман талабына сай, бәсекеге қабілетті азаматтарды тәрбиелеуде жаңа технологияларды меңгере отырып оқыту – заман талабы. Оқушыларды оқытуда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып оқытуда біз үлкен жетістікке

жетеміз. Ол үшін біз алдымен оқушылармен жұмыс жасауда әр оқушының неге қабілетті, қай нәрсені тиімді пайдалана алады, нендей нәрсеге сүйене алады, қай нәрсеге қызығушылығы басым екенін анықтап, саралап алуымыз қажет. Анықтап, саралап алғаннан кейін оқушылардың жақсы жақтарын, өзіндік қабілеттеріне қарай жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып оқушының мүмкіндіктерін онан ары қарай дамуына күш салар болсақ, онда біз оқушылардың дамуына өз септігімізді тигіземіз. Шет тілін оқытуда оқушылардың назарын, қызығушылығын арттыру мақсатында қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану, интернет, тыңдап түсіну, визуалды т.б. қолдана отырып оқытудың оқушылар үшін маңызы зор және оқушылардың сабаққа, оқуға, білімге деген қызығушылықтары оянады, интернеттен өздеріне қажетті көп мағлұматтарды ала отырып өз білімдерін жетілдіреді.

Цифрлық технологияның мүмкіндігі қызмет көрсету сапасын арттыруға, шығындарды төмендетуге және тұрғындар мен бизнеске уақытты үнемдеу. Осылайша, мемлекеттік қызмет көрсетудің 80 пайызы электронды форматта жүргізілмек. Бұл жыл сайын 40 млн-ға дейін қағаз түріндегі анықтаманы қысқартуға және электрондық нұсқадағы қызметтерді жылдам алуға, сонымен қатар 2021 жылға дейін 12,5 миллиардтан аса теңге қаржыны үнемдеуге мүмкіндік бермек. Қашықтан білім беру технологиялары оқу сабақтарын «online», «offline» режимінде өткізуге негізделген. «Online» режимінде оқу сабақтары нақты уақыт режимінде оқытудың өзара іс-әрекет ету үдерісін қарастырады (бейнеконференция, Интернет желісімен хабар алмасу, телефон аппараты арқылы келіссөздер). «Offline» режиміндегі оқу сабақтары оқытушы мен білім алушы арасындағы асинхронды тілдесудің (электрондық пошта, кейіннен қорытынды бақылау тапсырумен оқытушының тапсырмасы бойынша білім алушының оқулықпен жұмысы) оқу іс-әрекеті процесін қарастырылады. Қашықтан оқыту кезінде мұғалімдер цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, жаңа әдістер мен ресурстарды кеңінен қолдануда.

Білім берудегі бұлттық технологиялар

Шын мәнінде, барлық айырмашылық тек деректерді сақтау мен өңдеу әдісінде. Егер барлық операциялар сіздің компьютерде орындалса (оның қуатын қолдана отырып), онда бұл «бұлт» емес, бірақ егер процесс желідегі серверде орын алса, онда бұл әдетте «бұлтты технология» деп аталатын сәнді нәрсе..

Цифрлық білім беру контенті – бұл интерактивтік формадағы оқытуды қамтамасыз ететін оқытылатын пәндер бойынша цифрлық дидактикалық материалдар: фотолар, дыбыс- және бейнефрагменттер, статистикалық және динамикалық моделдер, виртуалдық шындық және интерактивтік моделдеу объектілері, т.б. материалдар.

Қазіргі уақытта цифрлық білім беру ресурстары оқу тілімен сәйкес қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылған. Сонымен бірге, электрондық жүйе, мультитілдікті қолдап, оқу материалдарын Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқуды жүргізетін басқада тілдерде, және шетел тілдерінде орналастыруға да тануға да мүмкіндік береді.

Басқаша айтқанда, бұлтты технологиялар – бұл өз мақсаттарына, міндеттеріне, жобаларына жету үшін пайдаланушыға Интернет қызметі ретінде ұсынылатын әр түрлі аппараттық құралдар, бағдарламалық қамтамасыз ету, әдістемелер мен құралдар болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында нысаналы индикаторлары, яғни электрондық оқыту жүйесінің енгізілуі 2015 жылы – 40%, 2020 жылы – 90% жеткізілетіндігі атап көрсетілген. Электрондық оқытуды біліктілікті арттыру жүйесіне енгізу педагогтардың жас ұрпаққа өмірлік білім беру ұстанымын қалыптастыруға, әлемдік білім кеңістігіне еркін енуіне, желілік шығармашылық қоғам арқылы тәжірибе алмасуға, кәсіби қызметтерін электронды форматқа ауыстыруға мүмкіндік береді [1, 5 бет].

Жүйеде жалпы білім беретін мектептер мен техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдардың оқу бағдарламаларымен сәйкес әртүрлі пәндер бойынша цифрлық білім беру ресурстары орналасқан. Барлық материалдар авторлық құқықтарын ескерумен жеңіл жүктеледі. Қажетті материалды кез келген форматта табуға болады, сондай-ақ пәндер және тақырыптар бойынша құрылымдалған каталогтар бар. Қажетінше кітапхананың пайдаланушылары e-Learning-тен тыс басқада электрондық кітапханаға қолжетімділік және сілтемені алады.

Педагогтардың электронды білім беру саласындағы білім мен біліктерін: базалық компьютерлік білім мен білік және кәсіби бағдарланған компьютерлік білімдер мен біліктер деп қарастыруға болады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі инновациялық өзгерістердің прогрессивті өсімін ескерер болсақ, тек ғана базалық компьютерлік білік пен дағдыны меңгеру жеткіліксіз. Ұстаздың әр тарапты ізденушілік қасиеті үнемі қозғалыста болуы керек екендігін білсек, инновациялық-технологиялық бағыттағы ізденушілігі де үнемі үрдісте болуы тиіс.

Электронды білім беру жүйесіне сай педагогтардың біліктілік деңгейлерін келесідей тараптарға жіктеуге болады:

1. Қарапайым-бейімдеушілік деңгей. Бұл деңгейде компьютер және компьютерлік техниканы қолдану дағдылары, оқу үрдісінде қолданбалы бағдарламалық құралдарды қолдану мүмкіндіктері қарастырылады.

2. Іс-әрекеттік-ізденістік деңгей. Педагог АКТ-мен жұмыс жасау негіздерін практикалық тұрғыда меңгереді.

3. Жүйелік-шығармашылық деңгей. Электронды оқу-әдістемелік құралдарды құрастыру, веб сайттар құрастыру [1, 40 бет].

Халықаралық деңгейдегі оқушылардың білім, біліктілігін бағалауға арналған PISA, TIMMS бағдаламаларында берілетін тапсырмалар оқушылардың өзіндік тәжірибелеріне негізделеді және оқушылардың графикалық, белгілік мәтіндік форматтарда, күрделі болжам түрінде берілген ақпарат үзінділерімен жұмыс жасай алуын талап етеді [3, 250 б.].

Цифрлық білімдік ресурстар Порталға қосылу орнынан тәуелсіз түрде әрбір пайдаланушы үшін ыңғайлы әр түрлі форматтағы ақпарат болып табылуы тиіс.

Цифрлық білімдік ресурстарды педагогтар сабақ жүргізу үшін де, оқушылар оны өз беттерімен сабаққа дайындалу үшін және анықтамалық материалдар ретінде де пайдалана алатын болады. Цифрлық білім ресурстары оқытушыларға оқытудың әр түрлі мақсаттары үшін оқу материалын қалыптастыруға мүмкіндік беруі тиіс.

Жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білім ресурстарын дайындау стандарты мен ережелері бар.

Цифрлық білім ресурстарын дайындаудың негізі видео-мультимедиялық түсіндіруге сүйенеді. Кез-келген тапсырма диалог ретінде көрсетіледі.

Оқушылардың танымдық ой-қабілетінің артуына үлесін қосатын нақты дүние – цифрлық білім беру ресурстары. Цифрлық ақпарат көздеріне: цифрлық білім беру ресурстары, электронды оқулықтар, инновациялық оқу-әдістемелік кешендер, виртуалды зертхана, күрделі құрылымды ақпараттар көзін (цифрлық мұражай, кітапхана, энциклопедия т.б.) жатқызуға болады.

Педагогтың электронды білім беруі бойынша құзырлылығының дамуын сатылы қадамдармен келесідей түрде айқындауға болады деген ойдамын: «компьютерлік минимумды» білік-дағдысы → АКТ құзырлығы → цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану → цифрлық білім беру контентін жасақтау → электронды білім беру жүйесі бойынша кеңес беру. Бұл үрдісті толықтай бір цикл десек, ол циклдің түйіні – педагог өзінің білік-дағдысын кеңес беру арқылы өзге мұғалімге үйретуі.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ахметова Г.К., Мұхамбетжанова С.Т. Электрондық оқыту ортасында педагогтардың құзырлылығын қалыптастыру. – Алматы, 2012.
2. <http://www.nomad.su/?a=3-201311200034>
3. Құдайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері. – Алматы, 2012.

ҒТАХР: 14.07.07

С.С. Әбішева

Ж. Молдағалиев атындағы орта мектебі,
Қазақстан, Абай облысы, Абай ауданы, Токтамыс ауылы, school_toktamys@mail.ru

СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ӘДІСІ

*«Бала дамуының ең шарықтау шегі –
бұл тіл мен ойдың шығармашылығы»
(Л. Выготский)*

Мақсаты: орта сыныпта оқу пәндеріне оқушылардың қызығушылығын қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеп, оқу үрдісінің тиімділігін арттыру жолдарын көрсету.

Сабақта инновациялық технологияларды, соның ішінде ойын, сыни тұрғыдан ойлау, саралау т.б технологиясын пайдаланудың тиімділігі қарастырылған.

Міндеттері:

– Әр педагогикалық технологияның тиімді жақтарын бөліп алу, қолдана оқыту арқылы пәнге қызығушылығын арттыру жолдарын анықтау;

– Инновациялық тәсілдер қолдану арқылы оқушының шығармашылық қабілетін дамытуын анықтау;

– Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру.

Жаңашылдығы. Жаңа әдістерді қолдана отырып жас жеткіншектердің интеллектілік, шығармашылық ойлауын дамыту, қазіргі заман талабына сай экономикалық көзқарастары мен белсенділігін қалыптастыра отырып, кәсіпкерлікке баулу, өз бетінше білім алу және еңбек ету дағдыларына негіз салу болып табылады.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» – дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет – оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек.

Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» деп есептейді: Ұрпақ тәрбиесі – бұл болашақ тірегі, мемлекеттік маңызды іс. Міне, өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын шығармашылықпен оқу – тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады. Сондықтан, ұстаз – мұғалімдер қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі - жаңа технология негіздері болып табылады.

Қазіргі уақытта елімізде білім беру саласында түбегейлі өзгерістер орын алуда. Екінші буын стандарттары мұғалімдерге мектеп оқушыларында жалпыға бірдей білім беру іс-әрекеттерін қалыптастыруды мақсат етеді, мұны оқушы таңдау жағдайында және мұғалім жеке-бағдарланған технологияларды қолданған кезде ғана қамтамасыз ете алады, бұл оның дамуы мен жүзеге асырылуын ерекше маңызды етеді.

Технология – грек сөзінен алынғанда техно (өнер, қолөнер, ғылым) және логотиптер (тұжырымдама, оқыту) деген мағынаны білдіреді. Білім берудегі заманауи технологиялар жаңа білім беру парадигмасын жүзеге асырудың құралы ретінде қарастырылады.

Білім беру технологияларының даму тенденциялары білім беруді ізгілендірумен тікелей байланысты, жеке тұлғаның өзін-өзі тануы мен өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал етеді. «Білім беру технологиялары» термині «оқыту технологияларына» қарағанда анағұрлым сыйымды, өйткені оқыту сонымен қатар, оқушылардың жеке қасиеттерін қалыптастыру мен дамытумен байланысты тәрбиелік аспектіні қамтиды.

Педагогикалық технологиялар дегеніміз – басымдықты жалпы білім беру мақсаттарымен, тұжырымдамалық өзара байланысты міндеттермен және мазмұнмен, білім беру процесін ұйымдастырудың формалары мен әдістерімен біріктірілген әдістер мен әдістердің күрделі жүйелері, мұнда әр ұстаным басқалар үшін із қалдырады, бұл сайып келгенде белгілі бір жағдайлар жиынтығын жасайды.

Білім беру технологиясы бұл – әдіс-тәсілдер, қадамдар жүйесі, оны орындау дәйектілігі оқушының жеке басын оқыту, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді, ал іс-әрекеттің өзі процедуралық, яғни белгілі бір әрекеттер жүйесі ретінде ұсынылады; педагогикалық процестің компоненттерін кепілдендірілген нәтиже беретін іс-әрекеттер жүйесі түрінде әзірлеу және процедуралық іске асыру болып саналады. Мұғалімдердің міндеті – баланың жеке басын қалыптастыру процесінде білім, білік, дағды жинақтауға бағытталған дәстүрлі оқытуды өзгерту.

Оқу процесінде оқушының танымдық және шығармашылық қызметін жүзеге асыру үшін білім беру сапасын арттыруға, оқу уақытын тиімді пайдалануға және үй тапсырмасына бөлінетін уақытты азайту арқылы оқушылардың репродуктивті белсенділігінің үлесін төмендетуге мүмкіндік беретін заманауи білім беру технологиялары қолданылады. Заманауи білім беру технологиялары даралауға, оқу процесінің қашықтығы мен өзгермелілігіне, білім деңгейі мен жасына қарамастан оқушылардың академиялық ұтқырлығына бағытталған. Мектепте оқу-тәрбие үрдісінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың кең спектрі ұсынылған.

Кәдімгі сабақты қалай ерекше ету керек, қызықты емес материалды қалай таныстыру керек, қазіргі балалармен заманауи тілде қалай сөйлесу керек? Бүгінгі сабаққа келгенде өзімізге осы және басқа да көптеген сұрақтар қоямыз.

Мұғалім мектепте оқуға дайындықтың әр түрлі деңгейлерін ескеретін тұлғалық-бағдарлы, дамытушылық білім беру технологияларына ие болуы керек.

Оқушылардың қазіргі тұлғалық дамуы жаңа білімді «ашуға» бағытталған өзіндік іс-әрекет процесінде жүзеге асырылады. Заманауи білім беру технологияларының ішінде мен орта сынып оқушыларымен жұмыс жасауда қолдануға болатын технологияларды таңдадым. Мысалы: тұлғаға

бағытталған, дамытушылық, проблемалық оқыту технологиялары, сонымен қатар ойын, жоба, денсаулықты сақтайтын және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Мен өз жұмысымда проблемалық оқыту технологияларын, жобалық жұмыстарды, ойындарды, АКТ, портфолио, денсаулықты сақтау, белсенділік әдісін Л.Г. Петерсоннің әдісін жиі қолданамын.

Қазіргі заманғы сабақтарда проблемасыз оқыту технологиясынсыз немесе оның элементтерінсіз оқыту мүмкін емес. Оның өзектілігі неде?

Бұл технологияның өзектілігі оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыра отырып, оқу іс-әрекетіне деген мотивацияның жоғары деңгейімен анықталады, бұл туындайтын қарама-қайшылықтарды шешуде, сыныпта проблемалық жағдайларды жасау кезінде мүмкін болады. Сол қиындықтарды жеңуде оқушыларда жаңа білім, актерлік іс-әрекеттің жаңа тәсілдері қалыптасады.

Тәрбие мәселелерін шешу оқушылардың эмоционалды сферасына жағымды әсер етеді, балалардың қарым-қатынас дағдыларын дамытуға,

шығармашылық ойлауына қолайлы жағдай жасайды. Сонымен қатар, проблемаларды көру, сұрақтар қою, гипотезалар қою, тұжырымдамаларды анықтау, бақылаулар мен эксперименттер жүргізу, қорытындылар мен нәтиже жасау, мәтінмен жұмыс жасау, өз идеяларын дәлелдеу және қорғау қабілеттері білім берудің тәуелсіз нәтижелері сияқты білім нәтижелеріне қол жеткізуге әкеледі.

Сыныпта проблемалық жағдаяттар жасау – барлық сынып оқушыларының шығармашылық ойлауын дамыту тәсілдерінің бірі.

Оқушылар үшін ақпараттық технологияларды қолдану арқылы сабақ өткізу қызықты болады. Нәтижесінде білімді тиімді игеру пайда болады; сабақта анықтық деңгейі жақсарады. Әрине, бұған басқа әдістермен қол жеткізуге де болады (плакаттар, карталар, кестелер, жазу), бірақ компьютерлік технологиялар көрнекіліктің анағұрлым жоғары деңгейін жасайды.

Сыныптағы және сабақтан кейін оқушылардың көкжиегін кеңейту үшін жаңа ақпарат алу және интернет ресурстарынан алынған материалдардың көмегімен өзім жасаған презентацияларды қолданамын. Балалар слайдтарды қуана-қуана көреді, көргендерін талқылауға белсенді қатысады.

Ойын технологиясы. Ойын – бұл өмірдегі керемет құбылыстардың бірі. Қазіргі педагогикада ойын, дидактикалық ойын тақырып тұжырымдамасын, тіпті тақырыптың бөлігін, сонымен қатар жалпы технологияның элементін игеру үшін тәуелсіз технология ретінде қолданылады. Ойын – баланы әлеуметтендірудің ең күшті құралы, өмірдегі әртүрлі жағдайларды модельдеуге, одан шығудың жолын іздеуге мүмкіндік береді. Ойын адам ретінде өзін-өзі тану саласы ретінде өте маңызды.

Денсаулық сақтау технологиялары. Мен денсаулықты сақтайтын технологияларды сабақ барысында да, сабақтан тыс уақытта да қолданамын. Менің ойымша, адамның денсаулығына жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру – қазіргі адамның жетістігі үшін қажет. Денсаулық сақтау тәсілі сабағымның барлық кезеңдерінде байқауға болады, өйткені ол іс-әрекеттің нақты ауысуын қарастырады.

Біздің бүгінгі міндетіміз – балаға денсаулығын сақтау мен нығайтудың түрлі әдістері мен тәсілдерін үйрету деп санаймын. Оқу-тәрбие процесінде денсаулықты сақтайтын технологияларды кешенді қолдану шаршауды азайтуға көмектеседі, эмоционалды көңіл-күйді жақсартады және жас балалардың еңбекке қабілеттілігін арттырады.

Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль балалардың да, педагогтердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз-сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Сыни ойлауды дамытудың негізгі әдіснамалық әдістері:

1. «Кластер» қабылдау бөлмесі
2. Кесте
3. Білім беру ми шабуылы

4. Интеллектуалды жылыну
5. Зигзаг, Зигзаг -2
6. «Кірістіру» қабылдау бөлмесі
7. Эссе
8. «Идеялар қоржыны» қабылдау бөлмесі
9. «Синквейн жасау» қабылдау бөлмесі
10. Тест сұрақтары әдісі
11. «Мен білемін .. / білгім келеді ... / білдім ...» қабылдауы
12. Суда шеңберлер
13. Рөлдік жоба
14. Ия – жоқ
15. «Аялдамамен оқу» қабылдау бөлмесі
16. «Взаимоопрос» қабылдау бөлмесі
17. «Аралас логикалық тізбектер» техникасы
18. «Кросс-дискуссия» техникасы

Сыни тұрғыдан ойлай білу – оқушы үшін ең үлкен жетістік. Осы сөзіме дәлел келтіре кетер болсам 2020-2022 оқу жылдары аралығындағы ұлттық бірыңғай тест тапсырудағы оқу сауаттылығы пәнінен барлығы 20 сұраққа толық жауап берген оқушылар саны артты. Себебі, аталмыш пәнде мақал-мәтелдің мағынасын тану, мәтіннің идеясын ашуда сын тұрғысынан ойлай білу басты қажеттілік болып табылады. Сонымен қатар республикалық «IQANAT» мектебіне оқушымынның қабылдануы да жаңа технологиялар арқылы берілген білім сапасының жақсы деңгейде екендігінің айғағы. Сын тұрғысынан ойлау ғылыми жұмыстар жазуда да ерекше рөл атқарады. 2021-2022 оқу жылында «Bilim-orkenietі» республикалық білім мен ғылымды қолдау орталығы ұйымдастырған «Үздік ғылыми жоба – 2022» атты байқауында оқушымын II дәрежелі диплом иеленіп, «Үздік ғылыми жоба – 2022» атты төсбелгіше иеленді. Осы жеміс пен жеңістің барлығы жаңа технологиялық әдістердің жоғары деңгейдегі жақсы нәтижесі деп білемін. «Ұстаз – мектептің жүрегі» демекші мектепті алға сүйрер жүрегі ұстаздардың еңбегі мәңгі жасары айдан анық!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Завьялова О.А. Воспитание ценностных основ информационной культуры младших школьников. - Журнал «Начальная школа» – № 11. – 2005.
2. Захарова Н.И. Внедрение информационных технологий в учебный процесс. – Журнал «Начальная школа» – № 1. – 2008.
3. Иванов В.В., Зайцева С.А. Этическая составляющая в информационной культуре учителя. – Журнал «Начальная школа» – № 11. – 2005.
4. Каминский В.Ю. Использование образовательных технологий в учебном процессе. – Научно-практический журнал «Завуч» – № 3. – 2005.

ҒТАХР: 14.33.07

А.С. Әйтен

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі
Қазақстан Республикасы, Көкшетау қаласы, anargul.aiten@mail.ru

ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

*Педагогикалық жұмыстағы шеңуші нәрсе
– ең жақсы оқыту әдістерін таба білуде
Ыбырай Алтынсарин*

Оқыту әдістерін таңдауда мұғалімдер сәтті педагогикалық процесс үшін кәсіби оқытудың әртүрлі әдістерін қолданады. Оқыту әдістерін таңдау көптеген факторларға байланысты: білім берудің жалпы мақсаттары мен міндеттері; оқушылардың дайындық деңгейі; оқытушының жеке ерекшеліктері; оқу орнының материалдық жабдықталуы. Оқыту әдістері тиімділігін арттыру үшін бірнеше шарттарын білу маңызды. Олар оқытудың тиімді әдістерін пайдаланған кезде оқушы жоғары нәтиже, яғни терең білім, пәнаралық байланыс жүргізе алады, алған білімдерін нақты өмірлік жағдайларда қолдануға дайын болса, білімнің жүйелілігі мен құрылымын дәлелдеп, көрсеткен жағдайда оқыту әдістерін тиімді деп санауға болады [1, 12].

Оқыту әдістері дегеніміз – оқытушыдан білім алушыға білім, білік және дағдыларды берудің реттелген тәсілдері. Бұл процессіз мақсаттар мен міндеттерді орындау, материалды білу және игеру мүмкін емес. Оқыту әдістерінің түрлері:

1. Практикалық әдіс бұл – белсенді әдістерге жатады, олардың негізгі мақсаты студенттерге теориялық дағдыларды практикада бекіту болып табылады. Одан әрі қызмет пен оқуға деген жоғары ынтаны қалыптастырады.

2. Көрнекілік әдістері – интерактивті құралдар арқылы жүзеге асырылып, жаңа материалдарды ұсыну кезінде білім алушының қабылдауы сәтті болады және адамның визуалды сенсорлық жүйесін мүмкіндігінше пайдаланады.

3. Ауызша оқыту әдістері – бірнеше ғасыр бұрын пайда болып, әлі күнге дейін қолданылып келе жатқан дәстүрлі әдістердің бірі. Сөздің көмегімен сабақ барысында ақпараттың үлкен көлемін беру мүмкіндігі бар. Білім алушылардың қабылдау танымдық процесінің аудио арнасы толық қатысуды талап етеді [2, 19].

Оқытудың белсенді әдістері

Оқытудың белсенді немесе практикалық әдістері демократиялық жолмен жүреді және ойлауды белсендіруге бағытталған, оқушылардың белсенділігін оятады, бұл:

- оқу процесіне оқушының міндетті және тұрақты қатысуын;
- оқу қызметін ынталандыруын;
- оқушылар мен оқытушы арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға;
- оқушылардың өз бетінше шешім қабылдауы, бұл сәтті орындалған іс-әрекет кезінде

мотивацияға және жағымды эмоцияларды дамытуға жағымды әсер етеді;

Оқытудың белсенді әдістеріне мыналар жатады:

- ✓ зертханалық жұмыстар;
- ✓ практикумдар;
- ✓ конференция;
- ✓ дөңгелек үстелдер;
- ✓ семинарлар;
- ✓ пікірталастар;
- ✓ рөлдерді ойнау;
- ✓ мәселелерді ұжымдық талқылау [3, 18].

Оқытудың интерактивті әдістері

Оқытудың көрнекі әдістері немесе қазіргі дыбыста интерактивті, оқу материалын жетік меңгерудің маңызды бағыттарының бірі. Инновация ретінде-интерактивті тәсіл ХХ ғасырдың 90-шы жылдарының басында пайда болды.

Интерактивті әдістер келесі мәселелерді шешуге бағытталған:

- оқушыларға қолайлы жағдай жасау;
- коммуникацияны және өзара әрекеттесуді, командалық жұмысты оқыту;
- кәсіби құзыреттілік пен пікірді қалыптастыру;
- оқу процесінде қақтығыстар мен келіспеушіліктерді жеңу.

Интерактивті әдістердің мысалдары:

1. Ми шабуылы, оқыту әдісі ретінде 30-шы жылдардың соңында А. Осборн ойлап тапты. Миға шабуыл көп мөлшерде шығарылатын және бастапқы кезеңде талданбайтын шығармашылық шешімдерді ынталандыруды қамтиды.

2. Синектика әдісі – жетілдірілген ми шабуылының эвристикалық әдісі. Шығармашылық қиялын әртүрлі, мағынасы жоқ элементтерді біріктіру арқылы дамытады және қатысушылар ұқсастықтарды немесе үйлеспейтін объектілердің ортақ нүктелерін іздейді.

Пассивті оқыту әдістері

Оқытудың дәстүрлі әдістері немесе пассивті әдістері білім берудегі классика болып саналады және қазіргі уақытта сәтті қолданылады. Оқытудың бұл түрінің жағымды жақтары - белгілі бір уақыт аралығында үлкен көлемдегі материалды ауызша ұсыну мүмкіндігі. Ауызша әдістердің кемшіліктері процестің біржақты болуын қамтиды (тиімді қарым-қатынастың болмауы оқытушы ↔ студент) [4, 31].

Пассивті әдістер оқытудың келесі формаларын қамтиды:

1. Дәріс (сабақ) – дәріскердің белгілі бір тақырыпты ауызша түрде жүйелі түрде баяндауы. Материалды, тіпті скучно тақырыпты ұсыну, егер спикер харизмаға ие болса және оның мамандығына қызығушылық танытса, оқушыны қызықтыруы мүмкін.

2. Бейне курсы-оқытудың заманауи әдісі. Егер аудиторияда қаралған материалды оқытушымен және басқа студенттермен талқылаумен бірге пайдаланылса, жоғары тиімділікке ие болады.

3. Семинар-өткен материалды бекіту мақсатында нақты тақырып бойынша дәрістер курсынан кейін өткізіледі. Екі жақты байланыс және талқылау бар.

Оқытудың заманауи әдістері

Білім беру саласы қарқынды дамуда қажеттілігі, жаңалықтарды құрудың өзі-уақыт талабы. Қазіргі заманғы инновациялық әдістерді 2 түрге бөлу әдеттегідей: Имитациялық (имитациялайтын - жасанды модельденген ортаны құруға бағытталған) және имитациялық емес.

Имитациялық оқыту әдістері: рөлдік ойындар; дидактикалық ойындар (физикалық, психологиялық, зияткерлік); зерттеу жобалары; іскерлік ойындар (параферналияны қолдана отырып, кәсіпке ену). Оқытудың инновациялық емес әдістері: көп өлшемді матрицалар әдісі (проблемаларды морфологиялық талдау, жетіспейтін элементтерді іздеу); негізгі сұрақтар әдісі; коучинг; консалтинг; тақырыптық талқылаулар [5, 23].

Оқытудағы бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері

Оқыту-оқушылардың игерген материалын және қаншалықты терең екенін анықтау үшін бақылауды қажет ететін процесс. Егер білімді меңгеру төмен болса, оқытушылар оқытудың әдістері мен тәсілдерін талдайды және қайта қарайды. Оқу процесін бақылаудың бірнеше түрлері бар:

1. Алдын ала бақылау – оқу жылының басында, оқушылардың жалпы дайындық жағдайын бағалау, алдыңғы оқу жылдарын бекіту үшін жүргізіледі.

2. Ағымдағы бақылау – өткен материалды тексеру, білімдегі олқылықтарды анықтау.

3. Тақырыптық бақылау - өткен тақырып немесе бөлім тексеруді қажет етеді, ол үшін бақылау жұмыстары, сынақтар өткізіледі.

4. Өзін – өзі бақылау – әдіс ұқсас шешім үлгілерімен жұмыс істеуді қамтиды, тапсырмаларға жауаптар ұсынылады-оқушының мақсаты дұрыс жауап алуға әкелетін шешімді табу [6, 26].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Айтмамбетова, Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – А., – 1991.
2. Айтмамбетова, Бейсенбаева. Тәрбиенің жалпы әдістері. – А., – 1991.
3. Айғабылова Н. Бала мінезінің қалыптасуы және оны тәрбиелеу жолдары. – А., өнер. – 1972.
4. Ахметов Ж. Балаларды мәдениеттілікке тәрбиелеу жолдары. //Қазақстан мұғалімі, 18 ақпан, 1994.
5. Е. Арын, «Педагогика». – Павлодар., – 1990.
6. ҚР «Білім туралы» Заңы, Астана, – 2007. – «Білім технологиялары» № 3, – 2014 ж.

ҒТАХР: 14.17.09

С.А. Әмірова, А.А. Белгумбаева

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі,
Қазақстан, Көкшетау қаласы, belgumbaevanara7@gmail.com

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі уақытта ең маңызды және жаһандық проблемалардың бірі балалар денсаулығының жағдайы болып табылады. Дені сау бала тәрбиелеу – біздер, мектепке дейінгі мекемелердің педагогтары үшін ең маңызды іс. Баланың толық физикалық дамуы мен денсаулығы жеке тұлғаның қалыптасуының негізі болып табылады. Балалардың физикалық денсаулығы олардың психикалық денсаулығы мен эмоционалдық әл-ауқатымен тығыз байланысты. «Дені сау бала – табысты бала» деген қағиданы негізге ала отырып, мен балаларды сауықтыру жұмыстары мен дене тәрбиесі бойынша шаралар жүйесін жүзеге асырмай, әлеуметтік бейімделген тұлғаны тәрбиелеу мәселесін шешу мүмкін емес деп санаймын. Сондықтан қазіргі таңда балабақшада денсаулық сақтау технологияларын қолдану педагогикалық қызметтің басым бағыттарының бірі болып табылады.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмысында денсаулықты сақтайтын педагогикалық технологияларды қолдану оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттырады, педагогтар мен ата-аналар арасында оқушылардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған құндылық бағдарларын қалыптастырады. Кешенді қолданылатын денсаулық сақтау технологиялары

сайып келгенде балада салауатты өмір салтына тұрақты мотивацияны қалыптастырады. Дені сау бала ғана барлық іс-шараларға қуана араласады, оптимистік, құрдастарымен және тәрбиешілермен қарым-қатынаста ашық бола алады.

«Денсаулықты сақтайтын педагогикалық технологиялар» ұғымы пікірталас тудырады және әртүрлі авторлар әртүрлі түсіндірме береді. Н.К. Смирнов «Денсаулықты сақтайтын білім беру технологиялары» концепциясының негізін салушы ретінде оларды денсаулық сақтау педагогикасының технологиялық негізі ретінде, балалардың денсаулығына зиян келтірмей оқытуды ұйымдастырудың нысандары мен әдістерінің жиынтығы ретінде қарастыруға болатынын айтқан болатын. Бала мен тәрбиешінің денсаулығына әсер ету критерийі бойынша кез келген педагогикалық технологияның сапалық сипаттамасы ретінде қарастырылады. Ол «денсаулықты сақтау» ұғымы кез келген педагогикалық технологияның сапалық сипаттамасын білдіреді. Бұл технологияны енгізу оқу процесінің негізгі субъектілері – балалардың денсаулығын сақтау мәселесін қалай шешетінін көрсетеді деп санайды.

Балабақшада оқу – тәрбие жұмыстарын заман талабына сай жүргізу, баланың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық және педагогикалық қызметкерлердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. Осындай мәселені шешу барысында біздің анықтағанымыз, баланың денсаулығын нығайтуда және аурудың алдын – алуға тек қана баланың қимыл белсенділіктерін көтеру өте аз, сонымен қатар шынықтыру шараларын жүйелі өткізу керек. Ол үшін педагог дәстүрлі жұмыстарға дәстүрден тыс жұмыс түрлерінің жүйесін тудыруы жөн. Мысалы, жалаң аяқ жүру табан мен буындарды бекіту әдісі болып табылғандықтан барлық жаттығуларды жалаң аяқ ұйымдастырған өте ұтымды болады.

Ертеңгілік жаттығуда әртүрлі формаларды қолдану:

- Тыныс алу жаттығулары ;
- Жалпақ табандылықтың алдын – алу жаттығулары;
- Сымбатты түзету жаттығулары;
- Созылу жаттығулары;
- Йога жаттығулары;
- Көзге арналған жаттығулар.

Баланың дені сау, салмақты, дене дамуы мықты, тәбеті жақсы, ұйқысы толыққанды болып өсуі үшін күн тәртібін қатаң сақтау қажет. Бұл балаға балалық шақтан бастап ағзасын кез – келген ауруға қарсы тұруына маңызды.

Денсаулық сақтау технологияларының кешенді жүргізудің басты мақсаты:

Мектепке дейінгі балалардың қимыл - әрекеттерін жетілдіріп, оның ғзасын суыққа төзімді болуға жаттықтыру. Балалар ауруларын төмендетуге мүмкіндіктер жасау үшін педагогтар ата – аналармен ынтымақтаса отырып, шынықтыруды кешенді ұйымдастыру. Бұл іс - шаралар барлық білім салаларымен байланыстырып, әрекеттестіріп жалпы «Денсаулық сақтау технологиялары» деп аталады.

Мектепке дейінгі тәрбиедегі денсаулық сақтау технологияларының түрлері:

- емдік-профилактикалық;
- дене шынықтыру және денсаулық сақтау;
- баланың элеуметтік-психологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету технологиялары;
- мектепке дейінгі білім беру педагогтарының денсаулығын сақтау және денсаулығын нығайту;
- ата-аналардың валеологиялық тәрбиесі;
- балабақшадағы денсаулықты сақтайтын білім беру технологиялары.

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселелері бойынша мектепке дейінгі білім беру мекемесінің отбасымен өзара іс-әрекеті:

- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы балалармен емдеу профилактикалық жұмысы туралы медицина қызметкерлерінің ақпараттық стенділері;
- ата-аналарды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бұқаралық спорттық іс-шараларына (жарыстар, спорттық мерекелер, ашық есік күндері, денсаулық күндері мен апталықтары, мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналармен-спортшылармен кездесулері және т.б.) қатысуға шақыру;
- денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен кеңестер, әңгімелер.

Денсаулық сақтау технологиялары жалпы 2 топқа бөлінеді:

1. Медициналық-профилактикалық (медициналық тексеру жүргізу, балалардың денсаулық жағдайын бақылау, эпидемияға қарсы жұмыс, мамандандырылған түзету топтарын

ұйымдастыру, көптеген аурулардың алдын алу, санитарлық-гигиеналық жұмыс, тамақтануды ұйымдастыру сапасын бақылау және т. б.);

2. Дене шынықтыру-сауықтыру (қозғалмалы ойындар өткізу, спорттық іс-шаралар, валеологиялық сабақтар, шынықтыру процедуралары, серуендеу және т. б. ұйымдастыру.)

Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы денсаулық сақтау жүйесі:

– әртүрлі денсаулық тәртіптерді (бейімделетін, икемді, үнемді, маусымдық, мерекелерге арналған);

– қатайту шараларының кешені («денсаулық жолымен жүру», жалпақ аяқтың алдын алу, жалаң аяқ жүру, бассейндерге түсу, тамақты шаю, балаларды таза ауаға барынша шығару, сергітетін гимнастика);

– дене шынықтыру сабақтарының барлық түрлері;

– балалардың дәстүрлі қозғалыс белсенділігі (танертеңгілік жаттығулар, дене шынықтыру, ашық ойындар, серуендер), инновациялық технологиялары (ритмопластика, логарифмика, құрғақ бассейн, массаж, тактильді жолдар);

– дұрыс тамақтануды ұйымдастыру;

– балалармен және ата-аналармен емдеу-профилактикалық жұмыс;

– педагогикалық процесті ұйымдастыруға қойылатын SanPiN талаптарын сақтау (кесте 1).

Кесте 1

Педагогикалық денсаулық сақтау технологиялары		
Денсаулықты сақтау және ынталандыру технологиялары	Салауатты өмір салтына үйрету технологиялары	Түзету технологиялары
<ul style="list-style-type: none"> – Созылу – Динамикалық үзілістер – Мобильді және спорттық ойындар – Демалыс – Гимнастика (саусақ, көз, тыныс алу және т.б.) – Гимнастика динамикалық, түзетуші, ортопедиялық 	<ul style="list-style-type: none"> – Дене шынықтыру сабақтары – Проблемалық ойын: ойын жаттығулары, ойын терапиясы – Қарым-қатынас ойындары – «Денсаулық ойындары топтамасы». 	<ul style="list-style-type: none"> – Арт-терапия – Ертегі терапиясы – Түс экспозициясының технологиялары – Психогимнастика – Фонетикалық ырғақ

Балалардың түрлі жас топтарында денсаулықтарын сақтау мен ынталандырудың заманауи технологиялары:

Стретчинг – ортаңғы топтан бастап аптасына 2 рет 30 минуттан, тамақ ішкеннен кейін кем дегенде 30 минут өткен соң дене шынықтыру немесе музыка залында, топ бөлмесінде, жақсы желдетілген бөлмеде өткізілетін музыканың сүйемелдеуімен орындалатын арнайы жаттығулар. Дене сымбатының бұзылысы және жалпақ табандылығы бар балаларға ұсынылады:

– Динамикалық үзілістер – ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың шаршағанына қарай 2 минуттан 5 минутқа дейін болады. Шаршауды басу үшін ұсынылады. Бұл көзге, тыныс алу органдарына, қолдың ұсақ бұлшық еттеріне арналған гимнастика элементтері және т.б. ұйымдастырылған оқу қызметінің түріне байланысты болуы мүмкін.

– Қимылды және спорттық ойындар ұйымдастырылған оқу қызметінің бөлігі ретінде, күнделікті серуенде, баяу, орта және жоғары қимыл деңгейіне байланысты – топ бөлмесінде өткізіледі. Мектепке дейінгі ұйымдарда спорттық ойындардың элементтері ғана (футбол, волейбол, баскетбол) қолданылады.

– Саусақ жаттығулары – кіші топтан бастап жеке немесе шағын топпен өткізіледі. Барлық балаларға, әсіресе тілінде кемістігі бар балалармен жүргізу ұсынылады. Кез- келген ыңғайлы уақытта өткізіледі.

– Көзге арналған жаттығулар – кіші жастан бастап көзге түскен салмақтың қарқынына байланысты күнделікті 3-5 минуттан кез-келген бос уақытта өткізіледі. Көрнекі материал, педагогтің көрсетуін қолдану ұсынылады.

– Тыныс алу жаттығулары – дене шынықтыру-сауықтыру жұмысының әр түрлерінде желдетілген бөлмеде өткізілуі тиіс. Педагог балаларға шараны өткізу алдында мұрын қуысының міндетті гигиенасы туралы нұсқау беруі қажет.

Сөз соңында айтарым, біздің барлық күш-жігеріміз тек осы технологияларды меңгеруге және тиісті құжаттаманы толтыруға ғана емес, ең бастысы, балалардың денсаулығын нығайтуға және сақтауға бағытталуы керек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ахутина Т.В. Денсаулық сақтау технологиясы: жеке-бағытталған тәсіл // Денсаулық Мектебі. – 2000.
2. Борисова Е.Н. Мектепке дейінгі балалармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру жүйесі. Волгоград. – Алматы: Глобус, 2007.
3. Терновская С.А., Теплякова Л.А. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде Денсаулық сақтау ортасын құру // әдіскер.
4. Береснева З.И. МДҰ-дағы балаларды сауықтыру бағдарламасы "дені сау бала". – М.: шығармашылық орталығы – Сфера.

ҒТАХР: 14.23.05

Г.Т. Балдыкова

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі
Қазақстан, Көкшетау қаласы, gulden.baldykova@mail.ru

БАЛАНЫҢ ДАМУЫ МЕН БІЛІМІНІҢ БАСТАУЫ

Әл Фараби бабамыз: «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы», – деп айтқаны бар [1, 10]. Ойда қалып, санаға сіңетін біліммен бірге адамның барлық жан дүниесіне әсер етіп, тұлғалық қасиеттерін дамытатын тәрбиені қоса беру керек деп ойлаймын.

Тәрбие бала анасының бойына біткен кезден басталады. Оны құрсақ тәрбиесі деп атайды. Ұлы Абай атамыз: «Кейбір адамдар ішсем, жесем деп дүниеге келеді, ал кейбіреуі білсем, көрсем деп келеді», – деген. Осыдан-ақ бойға біткен баланы дүниеге келген соң саналы, зерек, ізденімпаз болуы үшін іште жатқанында-ақ жақсылыққа, білімге, ұлттық болмысқа баулудың маңызы зор екендігін аңғаруға болады. Бүгінгі күні мұны ғалымдар да дәлелдеген. Зерттеулерге сүйенсек, бала құрсақта жатқанда анасы нені көп үйреніп, оқып білетін болса, кейін бала сол нәрсені тез үйреніп, білімге құштар болады екен. Сондықтан да бойына бала біткен ана ойына, сөзіне, көңіл күйіне бұрыннан бетер көп мән беруі керек. Ертегілер мен ән-жыр, терме, классикалық туындыларды ана тілінде тыңдап, ұлттық құндылықтарды осы кезден ұрпақ бойына сіндіруі керек.

Кейін бала дүние есігін ашқан соң, құрсақ тәрбиесі бесік тәрбиесімен жалғасады. Бесік тәрбиесінің балаға берер игілігі ұшан теңіз. Бұған қатысты Зейнеп Ахметова апамыз: «Анасының айтқан бесік жыры баланың аман-сау азамат болып өсіп, болашақ өмірі мен тілегі, ниеті, сенімінің дұрыс қалыптасуына ықпал етеді», – деген [2, 12]. Бесік жырын естіп өскен баланың тілі ерте шығып, есте сақтау қабілеті жақсы жетіледі.

Құрсақ тәрбиесі болсын, бесік тәрбиесі болсын, тікелей баланың анасымен байланысты. Алайда балаға анасының тәрбиесімен қатар, әкенің берер білімі мен тәрбиесінің алар орны ерекше екендігін ұмытпау керек. Еліміздің психоаналитектерінің зерттеуі бойынша, әке тәрбиесін алған ер бала қажырлы, ер мінезді болып өседі. Балаға әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі үлкен мектеп және өнеге. Бала әкеден еңбекқорлыққа, тәртіпке, ержүректікке, жауапкершілікке үйренеді.

Баланың дамуы мен білімінің бастауында өмірінің алғашқы үш жылы маңызды болғаны сияқты, толықтай, жүйелі түрде ұйымдастырылған мектепке дейінгі тәрбиенің де баланың алдағы алатын білімі мен дамуына оң әсерін береді. Ата-ана баласын балабақшаға жетілуі, ортаға үйренуі, бейімделуі, білімнің алғашқы нәрінен сусындауы үшін береді. Ата-ананың бұл тілегі мен ниетін іс жүзіне асыратын бірден-бір адам – тәрбиеші. Жаңа заман балаларын қызықтыру оңай емес. Сондықтан біз, тәрбиешілер, жан-жақты, инновациялық технологияларды меңгерген, ізденімпаз болуымыз керек. Бүлдіршіндерді мектепке дайындап, танымдық қызығушылығын, ақыл-ойын жетілдірумен қатар, физиологиялық, психологиялық және эмоционалдық тұрғыдан сау бала тәрбиелеу біздің міндетіміз.

Н. Құлжанова мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекеті ойын екенін қолдай қолдай отырып, ойын арқылы дамытуға, тәрбиелеуге назар аударады. Оның ойынша, «Балаға ойын керек. Балаларға ең пайдалы мектеп – ең мағыналы және қызықты ойын. Ойын баланың көргені мен естігеніне еліктеуінен туындайды. Ойында өмірден үйренгенін жетілдіреді және бекітеді. Ойын балаланың қиялын өсіреді. Ойнай білу дегеніміз – ойлай білуге үйрету». Ол баланың есте сақтау қабілетіне әсер етіп қана қоймай, сонымен бірге бойына қоршаған әлем құбылыстарын мағыналы қабылдау мен түсінуді дамытудағы орнын ерекше көрсетеді. Баланың санасын оятып, қиялын өсірудегі ойыншықтар мен ойынның тәрбиелік мәніне ерекше мән береді.

Балалар ойындарының көптеген формалары мен түрлері бар. Олар көбінесе бір-бірімен тығыз байланысты, біріктірген немесе бір-біріне ұқсас болып келеді. Зерттеулер көрсеткендей, ойынның негізгі он екі категориясы бар. Баланың жақсы дамуы үшін ойынның барлық түрлерін қолдануға мүмкіндік беретін – кеңістік, ресурстар мен уақыт болуы керек. Жалпы моторикаға арналған ойындар: секіру, жүгіру, өрмелеу, сермелу, қозғалу. Бұл үйлесімділікті, тепе-теңдікті, өз денесінің кеңістіктегі сезімін дамытады. Ұсақ моторика ойындары: ұсақ заттар және материалдармен ойнауды қамтиды, мысалы, моншақтарды жинау, пазл құрастыру қолдың ептілігін ғана емес, мидың сөйлеуге жауап беретін бөліктерін де дамытады. Сенсорлық ойындар: балалардың сезімдері мен қабылдауын дамытатын су, құм, тас, иіс, дәм сезу, сипап сезу, дыбыстарды ажыратуға арналған ойындар жатады. Сөздік ойындар кезінде, сөздер, рифмалар, жұмбақтар және әндермен тәжірибе жасап ойнайды. Шығармалық ойындарына сурет, мүсіндеу, жапсыру, музыка және басқа да кез-келген өнер мен шығармашылықты қамтитын ойын әрекеттері жатады. Символикалық ойын түрлеріне бала бір заттың мағынасын екінші затпен ауыстырып, мысалы, «таяқты» – термометр, «жапырақты» – «ақша» деп елестетіп ойнауы жатады. [3].

Қызықтыра отырып әңгімелеу, көрсете отырып бірге жасау, тыңдаған шығарманы айтып беруге үйрету керек. Қазіргі уақытта баланы ойнатып отырып ойлантаын, жан-жақты дамытатын кең қолданысқа ие бірнеше дәстүрлі және дәстүрлі емес, классикалық және заманауи технологиялар бар. Оған жапондық Ибука Масарудың баланы ерте жастан дамытатын «Үш жастан кейін кеш» кітабының желісімен жасалған әдісін, америкалық дәрігер Гелен Доманның «Туғаннан бала миын дамыту» әдісін, Н. Зайцев жүйесін, Сисель Лупанның «Ата-анам басты ұстазым» ұстанымен дайындалған әдістерін, ерлі-зайыпты Никитиндердің «Анам-әкем және мен!» интеллектуалды-физикалық әдісін, В. Воскобовичтің танымдық-дамытушы ойындарын, Л.В. Занковтың эмоциялық-танымдық әдісін, ТРИЗ (ӨТШТ) шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйрететін әдістер жинағын, белгілі М.Монтессоридің «Маған өзіме жасауға көмектесші» ұранымен баланы айналы зерттей отырып, сенсорлық қабілетімен ұсақ моторикасын дамытатын технологиясын жатқызуға болады. Бұған Вальдрофтық педагогиканы да енгізуге болады. Бұл баланың жеке тұлға болып қалыптасуына әсер етіп, қолөнер мен шығармашылыққа баулитын технологиялар жиынтығы болып саналады [4].

Балалардың сыни және креативті ойлауын дамытуда мультимедиялық, анимациялық ойындармен қатар робототехника, леготехника, 3D графиканы сабақтарда қолдануға болады. Әдіс-тәсілдердің барлығының артықшылығы мен қоса кемшіл тұстары да аз емес. Біздің тәжірибеміз көрсеткендей, кез келген әдіс-тәсілді немесе технологияны өзара кіріктіріп, элементтерін ұштастырып пайдалану оң нәтиже береді. Сонымен қатар әдістерді ұлттық құндылықтарымызбен интеграциялай отырып қодансақ, жан-жақты, өз ойын жеткізе алатын, ойы жетілген, саналы тұлға қалыптастыра аламыз.

Инновациялық білім технологияларын енгізе отырып, педагогтардың білім деңгейі мен балалардың тұлғалық және рухани дамуының құндылықтарын қалыптастыру – бүгінгі күннің басты талабы.

Инновациялық технологияларды қолданып, жаңашыл әдістерді пайдалансақ, балалар мектептегі жаңартылған білімді меңгерудегі тапсырмаларды қиындықсыз орындап, тез бейімделер еді.

Бұдан бөлек алған білімді есте сақтау үшін баланы спортқа жастайынан баулу керек. Джон Мединаның тұжырымдамасы бойынша, бала ақпаратты мәңгі сақтап қалуы үшін біріншіден, оны үнемі қайталап тұру керек [5, 43]. Екіншіден, денешынықтырумен айналысу қажет. Бала физикалық тұрғыда дамыған сайын, оның миы өте жақсы жұмыс жасайтыны тәжірибе жүзінде дәлелденген.

Әр баланың даму ерекшелігіне сай дұрыс таңдалған әдіс пен технологиялар баланың тұлға болып қалыптасуына көмектеседі. Әр жаңашыл әдісті пайдаланудағы басты педагогикалық нысан – бала екенін ұмытпағанымыз абзал. Ж.Баласағұн: «Кір тигізбей ұста ойыңның өресін, мейірім етсең мейірімділік көресің», – деген. Балаларымызды мейірім мен сүйіспеншілікке бөлей отырып, сапалы білім беріп, ұлағатты ұрпақ тәрбиелейік.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Жұмабаев М. Педагогика, – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
2. Ахметова З. Күретамыр. – Алматы, 2019. – 208 б.
3. @oupa.institutу әлеуметтік парақшасы
4. www.paidagogos.com сайты
5. Медина Д. Правила мозга (что стоит знать о мозге вам и вашим детям). – М.: ООО «Манн, Иванов и Фербер». – 2018.

Ә. Бақытқызы, Г.С. Сапарова
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА КОГНИТИВТІ ОҚЫТУДАҒЫ ДИАЛОГТЫҚ ОҚЫТУДЫҢ РӨЛІ

Мемлекетіміздегі білім беру жүйесіне айтулы реформалар мен жаңа мақсаттар әкелді. Жаңартылған білім беру бағдарламалары, оқулықтардың мазмұнының өзгерістер болуы, оқытудың жаңа технологияларын тәжірибеге енгізуі, білім мазмұнын байыту, әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатындағы жұмыстар сол өзгерістің куәсі. Мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән береміз.

Жаңа педагогикалық технология – жаңа оқыту амалдары мен іс-әрекеттерінен ізденуді талап ететін, яғни, білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізіп, жаңа ізденістерді ұтымды пайдалану арқылы жоғары көрсеткіштерге жету дегенді білдіретін ұғым. Қазақ тілін оқытуда пайдаланылатын маңызды технологиялардың бірі – коммуникативтік оқыту технологиясы. Бұл технология өзінің тиімділігін іс жүзінде дәлелдеп, көптеген мұғалімдердің тәжірибесінен орын алды. Коммуникативтік технологияда тілдік қарым-қатынас алдыңғы орынға шығарылады да, басқа жұмыстар осы бағдарға бағытталады.[1]

Қай сыныпта болмасын, оқытудың коммуникативтік мақсаты негізге алынады. Оқулық бағдарламасы оқушылардың өтілген тақырыптарға сәйкес ауызекі сөйлеу дағдысы мен шеберлігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Коммуникативтік әдіс оқушы мен мұғалімнің тікелей қарым – қатынасы арқылы жүзеге асады.

Құзыреттілік білімге, дағдыларға қайшы келмейді, олар мағыналы пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Құзыреттілікті ескере отырып, білім беру процесін жетілдіру, бұл тәсіл оқушылардың алған білімдерін қолдануға үйрету болып табылады, сонымен қоса, нақты оқу және өмірлік жағдайлардағы білім мен дағдылар керек [2].

Білім беруде адамдар арасындағы қарым-қатынас сөйлесу арқылы жүзеге асатыны және сөйлесу барысында ақпарат алмасады. Оқу диалогының ерекшелігі оның қатысушыларының мақсаттарымен, олардың өзара әрекеттесуінің шарттарымен анықталады.

Оқытудың диалогтық формаларын енгізу қарапайым сабақты өткізгеннен гөрі тереңірек және саналы болуға, оқушылардың пәндік мазмұнын түсінуге, проблемаларды шешудің көптеген идеялары мен тәсілдерін, оның ішінде түп нұсқа және стандартты емес, жалпыланған және функционалды білімдері мен дағдыларын түсінуге, оқушылардың жаңа жағдайларға көшу қабілетін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, оқушылар шешілетін мәселені жан-жақты талқылау қажеттілігін дамытады, сыни ойлау, коммуникативті құзыреттілік және мәдениет дамиды [3].

Мұғалімге диалогті оқытудың тиімді жақтарын қолдана отырып, оқушылардың сыни ойларын дамыту жолын қарастыру міндет. Осы бағыттағы жұмыс сабақта бірлескен ізденіс пен проблемаларды шығармашылық тұрғыдан шешуге, яғни оқушылардың танымдық іс-әрекеті үшін оңтайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Сабақтың негізі ынтымақтастық болып табылады: мұғалім мен оқушының, оқушы мен оқушының, оқушы мен топтың диалогы. Осы арқылы оқушылардың өз ойларын ашық және нақты жеткізе алуларына қол жеткізіп, когнитивті дағдыларын жетілдіру.

Біздің ойымызша және қысқа мерзімдегі нәтиже көрсеткендей орта сыныптарда биология сабақтарында қолдануға тиімді әдіс-тәсілдер тізімі мынандай: «starter» әдісі, «миға шабуыл» стратегиясы, Венн диаграмма, Кластер әдісі, Сұрақтар кестесі әдісі, "Мен сұрағым келеді" немесе "сұрақ қой" әдісі, Демонстрация (көрсету) әдісі, "Дұрыс-жалған" әдісі, Биологиялық диктант әдісі, "Ақпаратты жинақтау" әдісі (синквейн), "Инсерт "немесе"өрістегі белгілер", Түймедақ әдісі, ФИШБОУН болды.

Тапсырмалардан кейін рефлексиялық дағдыларды қалыптастыратын тиімді әдіс-тәсілдерге жататын «Чемодан, ет-тартқыш, жәшік», «Бағдаршам», «Алты қалпақ», "Білемін. Білгім келеді. Білдім", «БЛОБ ағашы» және т.б.

Сабақта оқушылармен диалог жүргізу де басты рөл атқарды. Диалогтік әдіс оқушылардың сұрақтарды, өтінішті, тандануды, бұйыруды қолданып, бір-бірімен әңгімелесе білуге, мәліметтерді нақтылауды сұрауға, келіспеушілік, толықтыру, тілдік материал көлемінде өзара пікір алыса білуге дағдыланады. Диалогтік әдіс кезінде топ арасында талқылау жүзеге асады. Әр топ өз пікірін айтып,

дәлелдеме жасайды. Сыныпта талқылауға қатысу оқушының бәсекеге қабілетін арттырады, өз дәлелін қорғап, мәселеге сыни тұрғыдан қарауға дағдыланады. Жұптық жұмысқа түсу осы диалогтерден тұрады. Диалогтің өзі сабақ өту кезінде әр түрлі әдіс арқылы жүзеге асады. Мысалы: сұрақ – жауап, рөлдік, тапсырманы орындату, жұптық жұмыс, диалогтік мәтінді оқу.

Қорытындылай келе, біз нақты түрде оқушылардың біліктіліктілігін арттыруды және дамытуды, өзін сабақ үстінде ойын еркін жеткізуге диалогтік әдіс көмектеседі деп айта аламыз. Диалогтік оқыту оқушының тек қана бірлескен әрекетке тартылуына ғана емес, оқушының ойлау қабілетінің жоғары деңгейге өсуіне, тіл байлығы мен зияткерлік қабілетінің дамуына ықпалын тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мұхамбетжанова С.Т. «Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі.» Алматы: 2010 ж. (Баяндама "Диалогтік оқыту арқылы оқушылардың коммуникативтік құзыреттілік дағдыларын дамыту" (infourok.ru))
2. Критериальное оценивание учебных достижений школьников объективность оценки качества знаний учащихся на современном этапе развития образования [http://ougork.mosk.obr55.ru/files/2019/05/Критериальное оценивание учебных достижений школьников объективность оценки качества знаний учащихся.pdf](http://ougork.mosk.obr55.ru/files/2019/05/Критериальное_оценивание_учебных_достижений_школьников_объективность_оценки_качества_знаний_учащихся.pdf)
3. Актуальные проблемы развития критического мышления. С.А. Горькова, Харьков, Украина. – Электрон. Текстовые данные (17 349 bytes). – М.: ГПНТБ РФ, 2006. (<http://users.kpi.kharkov.ua/lre/mcad2000/5.htm>)

ҒТАХР: 14.25.09

А.Т. Берікболова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Қазақстан, Семей қаласы, meirberikbol@mail.ru

STEM САБАҚТАРЫН ӨТКІЗУ ӘДІСТЕМЕСІН ТАЛДАУ (БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ХИМИЯ)

Қазіргі таңда білім алушылардың ғылыми-жаратылыстану сауаттылық қабілетін дамыту – бүгінгі заман талабы екені бәрімізге аян, яғни білім беру жүйесінің ең басты міндеті – жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу болып табылады. Осы орайда елімізде білім беру саласында көптеген өзгерістер енгізіліп, сапалы біліммен қамтамасыз ету және білім беру жүйесін дамыту басты назардағы мәселе екені анық. Осыған байланысты білім берудегі бірыңғайлықтан бас тартып, көп нұсқалы білім алу жүйесіне бет бұрып тұрған жағдайда оқушылардың топтық ерекшелігімен қоса жеке танымдық ерекшеліктерін ескеріп, саралап оқытуды ұйымдастыру - бүгінгі мектеп өміріндегі өзекті мәселе.

Қазіргі уақытта STEM әлемдік білім берудің басты трендтерінің бірі болып табылады. STEM дегеніміз – оқытудың біріктірілген тәсілі.

Қазақстанда да STEM-білім берудің белсене даму үстінде. STEM-білім беру инженерлік шығармашылық пен математика, жаратылыстану ғылымдары мен технологиялардың кіріктірілуі негізінде жоба және пәнаралық амалдарды байланыстыратын жаңаша ойлау және жаңа технологияларға бағытталған ғылымдардың бірігуі.

Қазіргі заманауи сабақтарды компьютерлік технологиялар, интерактивті тақта, ноутбук, мобильді құрылғылар мен қосымшалар арқылы өткізсе, оқушылардың жаңа материалды тез түсінуге мүмкіндік береді. Себебі, білім алушылар бұл құрылғылармен асқан қызығушылықпен жұмыс жасауға ұмтылады.

STEM технологияларының озық түрлеріне математикалық модельдеу, инженерлік графика, дизайн жасау, сандық зертханалар жатады.

Сонымен, STEM білім беру дегеніміз не? Сұраққа жауап бермес бұрын, STEM деген сөздің мағынасын ашып алайық:

STEM аббревиатурасы қалай жіктеледі:

S – science (жаратылыстану ғылымы)

T – technology (технология)

E-engineering (инженерлік)

M-mathematics (математика) – деген сөздер. Яғни осы салалардың біріккен жиынтығын қамтитын кеңістік деп түсінеміз.

STEM-ге, оны іс-тәжірибеде қолдана білуге, сыни тұрғыдан ойлауға, оқу міндеттерін шығармашылық тұрғыдан шешуге, дизайнерлік тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға және топтық жұмыс сияқты кең ауқымды дағдыларға сұраныстың артуы бүкіл әлем мектептерінде STEM білім беруді нығайтуға себеп болып отыр.

STEM-білім беру инженерлік пен математика, жаратылыстану ғылымдары мен технологиялардың кіріктірілуі негізінде жоба және пәнаралық амалдарды байланыстыратын жаңаша ойлау және жаңа технологияларға бағытталған ғылымдардың бірігуі. Ол оқушының сыни тұрғыдан ойлау, ғылыми-техникалық білімді күнделікті өмірде пайдалану, белсенді қарым-қатынас құру және командамен жұмыс жасау, пәндерге қызығушылықты арттыру, жобаларға креативті және жаңашыл көзқарас, оқу мен карьераның ұштасуына мүмкіндік береді.

Химия сабақтарында STEM тәсілін енгізу тәжірибесін зерделей отырып, басқа пәндердегі іс-әрекет аспектілерін көрсетпеу мүмкін емес, өйткені олардың интеграциясы әртүрлі пән мұғалімдерінің тығыз ынтымақтастығын талап етті. Бұл, әсіресе, бірқатар пәндерді білуді талап ететін тапсырма модульдерін әзірлеуде айқын көрінді. Мысалы:

– климаттық және агротехникалық факторларды ескере отырып, автоматтандырылған жылыжайдың үлгісін жасау (химия сабақтарында – топырақты талдау, тыңайтқыштарды таңдау; басқа пәндерде – материалды оңтайлы таңдау, аумақты есептеу, вегетациялық кезең, климат туралы ақпарат жинау, суару және т.б.)

– импровизацияланған материалдардан облысымыз үшін көпірдің тәжірибелік үлгісін жасау (химия сабақтарында – қорытпалардың құрамын және оларды өңдеудің коррозияға қарсы әдістерін оқу, басқа пәндерде – физикалық көрсеткіштерді есептеу, жердегі орынды орынды таңдау). карта, шығармашылық, оңтайлы материалды таңдау, беріктігін сынау және т.б.); е.)

– жүкті әйелге, қант диабетімен ауыратын қарт адамға, асқазанның ойық жарасына күдікті студентке бір аптаға мәзір жасау (химия сабақтарында – тағамдағы қоректік заттар мен микроэлементтерді зерттеу, басқа пәндерде – барлық медициналық қарсы көрсеткіштер мен ұсыныстарды зерттеу. тағамға, өнімді ұтымды таңдауға, күнделікті жәрдемақыны есептеуге және т.б.)

– қайызғаққа қарсы жаңа өнім (химия сабақтарында – синтетикалық сабын мен жуғыш заттардың құрамы мен қасиеттері, басқа пәндер – биология, экономика, информатика) туралы жарнамалық бейнеролик дайындау.

Пәндерді кіріктіру тек сыныптан тыс жұмыстарда ғана емес, жалпы білім беру стандарттары шеңберінде де мүмкін. Кейбір тақырыптарды оқығанда, сіз әртүрлі фокустардан кез келген құбылыстар мен тұжырымдамаларды зерттей отырып, сыныпта STEM әдісін қолдана аласыз. Мысалы, химиялық элементтердің бірін оқу барысында сыныпты «химиктер» (ПС-дағы орны, химиялық қасиеттері), «физиктер» (жай заттың физикалық қасиеттері), «биологтар» (биологиялық шағын топтарға бөлуге болады. және экологиялық рөлі), «тарихшылар» (ашылу тарихы, қолдану), «технологтар» (алу әдістері).

STEAM тәсілінің элементтерін енгізу үй тапсырмасы ретінде де жүзеге асырылуы мүмкін. Әсіресе мектеп жасындағы балалар үшін жаңа нәрсе жасауды, Start-Up жобасын әзірлеуді немесе идеяны визуализациялауды талап ететін тапсырмалар қызықтырады. Мысалы, қызықты дизайнмен сабын жасау және маркетингтік даму. Осындай сабақтардан кейін барлық балалар STEM салқын және көңілді екеніне келіседі. Өйткені, STEM – бұл эксперименттер, ғылыми эксперименттер, әлем мен ғаламның құрылымын зерттеу, өз ойындарын және өз жобаларын жасау.

STEM оқытуды интеграциялық тұрғыда қарастыру қажет, яғни жаратылыстану ғылымдары, технологиялар, инженерия және математика салалары бойынша бір уақытта дағдылар дамиды (Science, Technology, Engineering and Mathematics). STEM-тәсілінің ерекшелігі ондағы барлық пәндер өзара тығыз байланыста. Мысалы, біздің алдымызда ғарыш зымыранын ұшыру, көпір салу, мұнайды тазарту немесе роботты жинау міндеті тұр десек, физика, химия, математика және бағдарламалаудың әртүрлі салаларында кең таным мен дағды болуы қажет. Сондықтан, STEM пәндерді «жобаларды» дайындайтын кезде, оларды оқытудың бірыңғай сызбасына біріктіреді. Демек, интеграцияланған оқыту пәндер бойынша емес, тақырыптар, жобалар бойынша жүргізіледі. Осындай білім беру ортасында балалар білім алады және оларды дереу пайдалануды үйренеді. Пәндердің мазмұнын терең түсінумен қатар, STEM бойынша білімдерді кіріктіру маңызды, нәтижесінде білім алушылардың болашақта техникалық немесе ғылыми бағыттар бойынша мамандықты таңдау мүмкіндіктерін кеңейтуге әкеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ногайбаева Г., Жумажанова С. Развитие STEM-образования в мире и Казахстане» \\ «Білімді ел – Образованная страна». – № 20 (57), 25.10.2016.
2. Рудской А.И., Боровков А.И., Романов П.И., Киселёва К.Н. Анализ опыта США и Великобритании в развитии STEM-образования // Естественные и инженерные науки. – 2017.
3. Тен А.С. Новые тренды в современном образовании. – Электронный ресурс: URL: <http://zkoipk.kz/ru/2016smart3/2541-conf.html>
4. Азизов Р. Образование нового поколения: 10 преимуществ STEM образования. – Электронный ресурс: URL: <https://ru.linkedin.com/pulse/-stemrufat-azizov>

ГТАХР: 20.17.15


А.Д. Берикболова

№ 19 жалпы орта білім беретін мектебі,
Қазақстан, Семей қаласы, aigul_0883@mail.ru

ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУҒА ЫҢҒАЙЛЫ ВИРТУАЛДЫ ОНЛАЙН ТАҚТАЛАР

XXI ғасыр – озық технологиялар ғасыры. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады. Оқытуда жаңа заманауи технологияларды қолдану оның ішінде интернет ресурстарының ұсынып отырған барлық мүмкіндіктерін оқытуда пайдалану сабақтың қызықты, заманауи өтуіне ықпал етеді. Оқушыларымыз әртүрлі ресурстарды оқыту жүйесіне үйде компьютермен де, ұялы телефонмен де кіріп қол жеткізе алады. Оқытуды ұйымдастыруға арналған АКТ құралдырын қолданып, оқу мақсатына сәйкес келетін цифрлық құралдарды таңдау арқылы оқыту мен оқудың тиімділігін арттыра аласыз. Осы телекоммуникациялық және ақпараттық құралдар негізінде әр түрлі педагогикалық қызмет түрлерін қолдануға болады. Сондықтан қазіргі таңда оқушыларға сабақтарды қызықтырақ өткізгеніміз маңызды. Осы баяндамада мұғалімдердің жұмысында әмбебап құрал болып табылатын виртуальды тақталардың мүмкіндіктері туралы айтқым келіп отыр.[1]

Виртуалды тақта (онлайн-тақта) – әр оқушыға өз жұмысын тақтаға орналастыруға мүмкіндік беретін, ал мұғалімге – әр қайсысына түсініктеме мен бағалауға мүмкіндік беретін қызмет. Сондай-ақ, мұғалім тақтаны оқу-әдістемелік, бақылау және басқа да материалдарды орналастыру үшін пайдалануына болады. Осылайша, электронды түрде кез-келген материал тақтаға орналастыруы мүмкін.



Padlet желілік қызметі (– let – бұл ағылшынша кішірейтілген жұрнақ, pad-бір мағынасында – «ноутбук, планшет») – қазіргі кезде виртуалды тақтаны құруға арналған ең танымал онлайн құралдарының бірі.

Padlet қызметін пайдаланудың артықшылықтарына келесідей мүмкіндіктер кіреді:

- виртуалды тақтаның дизайнын таңдау мүмкіндігі;
- нақты уақыт режимінде ұжымдық іс-әрекетті ұйымдастыру және визуалды мазмұнмен жұмыс жасау мүмкіндігі;
- кез-келген ақпарат құралдарынан да, интернеттен де материалдарды орналастыру мүмкіндігі (фото, видео, аудио файлдар).[2]

Виртуалды тақта материалдарды қабырға, үздіксіз ағынмен (контенттің жоғарыдан төмен қарай қарапайым таспада орналасуы), торды, сөрелер (үш бағанға бөлу), блог, холост – жүйелі және еркін түрде, блогтарды орналастыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, безендіру үшін дайын шаблондарды пайдалануға болады. Виртуалды қабырғаға орналастырылған әрбір ресурс пост деп аталады.

Padlet-ті сабақтың қай бөліктерінде қолдануға болады?

- Сабақты жоспарлау мен үй тапсырмасын беру үшін;
- өткен сабақты қайталау үшін;
- жазба жұмыстарын жүргізу үшін ;
- сұрақ-жауап үшін;
- кері байланыс үшін;
- сабақ бойынша материалдар мен құжаттарды сақтау үшін;
- нақты жобалық ақпараттарды жинау үшін [3].




Maibax – бұл бейнеконференциялар мен виртуалды тақтасы бар онлайн-сынып. Сабақтар нақты сыныптағыдай өтеді-барлық оқушылар бірін-бірі көріп, естиді. Виртуалды тақтамен жұмыс уақыты шектелмеген. Интернеттегі тақтаға әртүрлі word, excel, PDF, презентациялар, JPEG, PNG, бейне және аудио форматындағы оқу материалдарын жүктеуге болады. Мұғалімнің жұмысын жеңілдететін тағы бір ерекшелігі, ол пайдаланушының файлдарды сақтауға арналған жеке кітапханасы бар. Сабаққа алдын-ала дайындалып, файлдарды бумаларға бөліп, содан кейін оларды шексіз эфирге таратуға болады. Сонымен қатар, кітапханадағы файлдарды оқушылармен чат немесе жүктеу сілтемесі арқылы бөлісуге болады.

Жеке немесе топтық сабақтар жүргізе аласыз. Maibax-та әртүрлі форматтағы бейнеконференцияларды өткізуге болады: – негізгі эранда ұйымдастырушы ұйымдастырған жүргізуші форматында;

- барлық қатысушылар бірдей өлшемдегі терезелерде орналасқан мультивью форматында;
- онлайн-тақта форматында;
- және де вебинарлар форматында.

Maibax-тағы барлық кездесулер жеке болып табылады, сіздің сабағыңызға шақыру немесе сілтеме алған оқушылар қатыса алады.

Тағы бір мүмкіндігі **тест** жұмыстары. Maibax-та тестті тікелей платформада жасап, оқушыларға жіберуге болады. Тест тапсырған соң нәтижесін мұғалім да, оқушы да көре алады. Тест аналитикасы мұғалімде сақталады, осы арқылы оқушылардың прогресін көріп отырады. Үй жұмыстарын беру кезінде тест жұмыстарын қолдана аласыз. Тест жұмыстары платформада сақталады және оларды қайта пайдалануға болады. Maibax-та тақтасында тіпті бағдарламалау тілдерімен онлайн режимде жұмыс жасауға мүмкіндік бар.



Miro тақтасының жай тақтадан айырмашылығы – интернет арқылы қолжетімді интерактивті тақта. Бұл дегеніміз, сіз шексіз жаза аласыз, сурет сала аласыз, оған түрлі файлдар қоссыз, әлемнің кез келген нүктесінен көрінетін болады. Онлайн тақта – бұл әр форматтың жағымды жақтарын сақтай отырып, онлайн және оффлайн режимде оқушыларды оқытудың тамаша құралы. Интерфейсі ағылшын тілінде, бірақ интуитивті түрде түсінікті.

Жұмыс барысында сізге кеңестер беретін жылжымалы терезелер шығады. Контент құру үшін арнайы инструменттер панелі бар. Курсорды ауыстыру режимі, шаблон таңдау (майндмэп, коллаж, алгоритм, инфографика және т.б.), текст енгізу, стикерлер, фигуралар, объектілерді біріктіру стрелкалары, қалам мен өшіргіш, нақты бір оқушыны бағалауға байланысты комментарий, арнайы форматта рамкалар құру, файлдарды компьютерде, сілтеме арқылы, GoogleDrive, DropBox, суреттер кітапханасы т.б.[4]

Оқушылармен байланыс үшін панельдер тақтасы берілген:

– контент үшін жаңа слайд, «фрейм» құру; – презентация режимін қосу;

– комментарий қарау; – чат режимі; – карточкалар; – скриншринг

(бұл режимде оқушылар мұғалімнің экран тек қана бақылай алады). – дауыс беру; –

видиочат режимі; – Таймер (тапсырманы орындау кезінде уақыт шектеуін қою); –

өзгерістер тарихы (егер контентті біреу өшірсе, кім өшіргендігін анықтай аласыз).

Miro тақтасының қолданылу аймағы:

- интерактивті оқулық – тақтаны сабақ материалдарымен қамтамасыз ету, скришериг көмегімен оқушылардың назарын аудару, тапсырмаларды таймермен шектеу;
- оқу вебинарлары – арайы шаблонда жалпы жұмыс жоспарын құрып, пайдалы материалдарды тақтаға жүктеу;
- топтық жұмыс – сіз оқушыларға жобалық жұмыстарды топта орындауға ұсыныс жасап, жұмыстарын қадағалап, коментарий жазып, бағалай аласыз;
- өзіңіздің нұсқаңыз – өз аудиторнияңыздың керекті құралдарды қолданып жұмыс жасай аласыз.

Яғни, интернет кеңістігінің оқушыға ықпалы – бұл оқушының сабаққа дайындалу деңгейін арттырады, оқу процесін жүргізуді қызықты етеді, шығармашылық жағынан бұрын болмаған кәсіби дағдыларды қалыптастыратын жаңа мүмкіндіктер туғызады. Бір ақпаратты екінші ақпаратпен салыстыра бағалауды дағдыға айналдыра бастайды. Ақпараттық мәдениетті үйренеді. Ақпараттық қоғам жағдайында оқушылардың әлемдік ақпараттық көзқарасын қалыптастыру мен қазіргі компьютерлік техниканы меңгеруді үйрету мынадай мақсаттарды белгілеп береді:

- Оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайына бейімдеп, жұмыс жасауға үйрету;
- Оқушыларды ақпараттық мәдениетке тәрбиелеу;
- Оқушыларды ақпарат беру, түрлендіру, қолдану процестері туралы біліммен қаруландыруға мүмкіндік беретін информатика негіздерін меңгерту;
- Оқушыларға компьютерді оқу процесіне және кәсіби дайындыққа пайдалана білуге үйрету.

Қорыта айтқанда, қазіргі ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың дамуы мен ақпараттық қоғамның қалыптасу дәуірінде қоғамның кез-келген мүшелері әлеуметтік ортада еркін және икемді коммуникативтік қатынастарға түссе, ақпараттық құралдардың көмегімен әр түрлі іс-әрекеттерді орындау қажеттілігі аясында бірнеше базалық түсініктердің қалыптасып жетілу үстінде екендігі байқалады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. <https://zkoipk.kz/kz/2016smart1/2543-conf.html>
2. <https://bilimdinews.kz/?p=115010>
3. <http://orleu-uko.kz/journal/?p=518#>
4. <https://zkoipk.kz/ru/smartconf2018/2-section/4314-conf.html>

ҒТАХР: 14.25.09

М.К. Жабагинова

Кокшетауский высший казахский педагогический колледж имени Ж.Мусина,
город Кокшетау, m_a_i_r_a67@mail.ru

ОБУЧЕНИЕ ПРИ ПОМОЩИ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Если учитель имеет только любовь к делу, он будет хороший учитель. Если учитель имеет только любовь к ученику, как отец, мать, – он будет лучше того учителя, который прочел все книги, но не имеет любви ни к делу, ни к ученикам. Если учитель соединяет в себе любовь к делу и к ученикам, он – совершенный учитель. – писал известный русский писатель Л.Н. Толстой. Конкурентоспособный выпускник педагогического колледжа должен быть самостоятельным, мобильным, но главное, пожалуй, инициативным и творческим. Ему необходимо иметь гибкое мышление, умение выбирать оптимальные решения в нестандартных ситуациях, разрабатывать новые методы обучения и воспитания. Для того, чтобы добиться поставленной цели необходимо использовать все возможные ресурсы обучения.

В одном из своих выступлений президент нашей страны Касым-Жомарт Токаев сказал: «Цифровизация – это не следование модной тенденции, а ключевой инструмент достижения национальной конкурентоспособности...». Использование новых информационных технологий в образовании является одним из важнейших аспектов совершенствования и оптимизации учебного

процесса, обогащение арсенала методических средств и приёмов, позволяющих разнообразить формы работы и сделать урок интересным и запоминающимся для студентов.

Внедрение новых информационных технологий в учебный процесс позволяет активизировать процесс обучения, реализовать идеи развивающего обучения, повысить темп урока, увеличить объем самостоятельной работы учащихся. Педагогические технологии не остались в стороне от всеобщего процесса компьютеризации. Поэтому, я считаю, что использование информационных и коммуникационных технологий (ИКТ) в учебном процессе является актуальной проблемой современного образования. Внедрение в традиционную систему обучения информационно-коммуникационной обучающей программы кардинально меняет характер учебной деятельности обучающегося и роль учителя. Диалоговые и иллюстрированные возможности компьютера существенно влияют на мотивационную сферу учебного процесса и его деятельностную структуру. Использование информационно-коммуникационных технологий эффективно на всех уроках: при изучении нового материала, на повторительно-обобщающих уроках, заключительных лекциях по курсу и других типах уроков. Соединение лингвистического образования с информационно-коммуникационными технологиями позволяет активизировать аналитическую деятельность обучаемых, придать учебно-воспитательному процессу личностно-ориентированный характер, раскрепощает творческие возможности учащихся, что, несомненно, является частью индивидуализации учебного процесса.

Применение цифровых технологий на уроках поможет решить такие практические задачи, как:

- формирование прочных орфографических и пунктуационных умений и навыков;
- обогащение словарного запаса;
- овладение нормами литературного языка;
- знание лингвистических и литературоведческих терминов;
- формирование общеучебных умений и навыков.

А для учителя: это увеличение времени общения с учениками, что особенно важно в режиме дискуссии, а не монолога; расширение информационной емкости и плотности урока; соответствие требованиям, предъявляемым не только педагогическим и ученическим, но и родительским сообществами; понимание своей востребованности, конкурентоспособности.

Под использованием цифровых технологий преподаватели пока понимают лишь показ презентаций и обучающих видеороликов, раздачу ссылок на текстовые материалы, компьютерное тестирование. Перечислю следующие виды работ с использованием ИКТ: показывать быстро меняющиеся словарные слова для зрительного запоминания каждый урок; предлагать упражнения на сортировку слов, терминов, портретов писателей и т.д. с автоматической проверкой; предлагать упражнения типа "вставь букву" с автоматической проверкой; задавать на дом диктанты с записью диктора и автоматической проверкой; предлагать зрительные диктанты с автоматическим таймером и проверкой; предлагать интерактивные игры на зрительное запоминание слов; предлагать задания на поиск соответствий (определений и терминов, предложений и схем, слов с одним признаком, названий произведений и писателей); предлагать учащимся самостоятельно создавать подобные упражнения; создавать общий текст со множеством гиперссылок при анализе текста (например, в гуглдокументах создать файл или презентацию с гипертекстом и ссылками на источники); создавать общие презентации, ментальные карты, профили литературных героев в соцсетях, хронологические ленты (история литературы), лендинги – презентации литературных произведений, слайды с инфографикой по произведениям и авторам, облака тегов (слова на одно правило, слова произведения, логические задачи), копилки примеров и списки литературы в гуглдоках, читательские дневники в блогах, видеоролики по стихам и коротким рассказам, учебные мультфильмы, радиоспектакли, анализировать тексты с помощью компьютерных программ, подсчитывающих частотные слова и выражения, выделяющих общие элементы в разных текстах и т.п. (очень помогает при анализе мотивной структуры), работать с электронными обратными словарями для подбора рифм и слов на одно правило, изучать лексикологию с помощью программ, дающих статистику употребления слова. Этот перечень можно продолжать и продолжать. Технологии дают возможности, дело за умением и фантазией педагога.

Какие сайты можно использовать для создания интерактивных заданий? Learning app, Worldwall, Learnis. Это лишь немногие платформы, которые сегодня широко используются учителями.

Например, изучение драматического произведения по программе Learnis (<https://www.learnis.ru/>)

С программой Learnis можно создавать учебные веб-квесты, викторины и интеллектуальные онлайн-игры всего за несколько минут. Например, при изучении драматического произведения можно использовать сервис «Интерактивное видео» и одновременно задавать вопросы при показе видеоматериала веб-сервиса. Кроме того, вопросы также могут быть заменены на разных уровнях. Типы вопросов: открытый вопрос, одиночный вопрос, множественный вопрос. Для этого необходимо зайти на сайт и зарегистрироваться. После регистрации нажимается кнопка «Интерактивное видео». Зайдя в веб-сервис, мы нажимаем сверху кнопку "продукт" и открываются сервисы для подготовки различных задач. Из них выбираем интерактивное видео. Затем ставим ссылку на наш видеоматериал из любой сети.

Конструктор интерактивных заданий **Learning Apps** предназначен для поддержки процесса обучения с помощью интерактивных модулей (упражнений) по русскому языку и литературе. При этом создавать интерактивные модули по готовым шаблонам может как учитель, так и учащийся. Эти упражнения выполняются онлайн и могут быть использованы в дальнейшем в учебном процессе. Для создания таких упражнений сайт предоставляет несколько шаблонов (кроссворды, хронологические таблицы, упражнения, представленные в игровой форме и т.д.)

Существуют интернет-сервисы, которые значительно упрощают процесс создания презентаций и экономят время учителя. Чаще мы используем программу PowerPoint. Запущенная в 2013 году, платформа **Canva** является онлайн-инструментом для дизайна и публикаций, цель которого — дать возможность любому человеку творить и публиковать свои работы где угодно. Программа для презентаций Canva обеспечивает бесплатный доступ к сотням красивейших слайдов на любую тему. Можно использовать готовые шаблоны рабочих листов, планов уроков, презентаций, плакатов, отчетов. Canva предлагает своим пользователям более 300 000 бесплатных изображений для фона презентаций, более 50 тысяч уже готовых шаблонов и более 35 разных видов шрифтов от рукописных до стандартных. Сервис предусматривает совместную работу нескольких людей над одним проектом, использование собственных медийных материалов при оформлении слайдов. А это значит, что одну презентацию одновременно могут делать несколько учеников. Учителя трудно представить без доски. Современные онлайн-доски. Они могут стать и местом планирования, и инструментом объяснения визуализации учебного материала, и способом проведения мозгового штурма. Они хорошо подходят для планирования, обсуждения любых идей, а главное совместной работы с учениками, в том числе во время видеоконференций. Это **Google Jamboard, Padlet, Miro, Twiddla** и другие. Например, самая распространенная интерактивная онлайн-доска — это **Google Jamboard**, позволяющая дистанционно работать в режиме реального времени большому количеству участников. В ней можно совместно с коллегами или обучающимися создавать контент, печатать, писать и редактировать тексты, рисовать, загружать изображения и работать на этих изображениях. Необходимым условием использования Google Jamboard является наличие аккаунта в Google у вас и у ваших обучающихся. Если его нет, необходимо обязательно зарегистрироваться. После регистрации сервис становится доступным. Принцип работы с остальными виртуальными досками почти тот же, за исключением некоторых дополнительных отличительных инструментов.

Одним из самых популярных методов с использованием электронных ресурсов является «Перевернутый класс». Модель или методика образовательного процесса “перевернутый класс” представляет собой разновидность смешанного обучения – сочетания традиционной формы получения знаний с элементами электронного дистанционного обучения (Learning Management System): современных информационных технологий. В результате, “перевернутый класс” (flipped classroom) - это модель обучения при которой учитель предоставляет теоретический материал для самостоятельного изучения дома (в электронном виде), а на занятии в классе ученики проходят практическое закрепление изученной информации. В чем заключается суть методики “перевернутый класс”? Ученики выполняют домашнее задание в классе, более детально изучают тему, проходят практические задания, задают вопросы по теме, а теоретическую часть учебной программы (базовую информацию по теме) проходят в свободное от уроков время с помощью гаджетов (мобильных устройств, компьютера) в формате аудио/видео уроков, презентаций, вебинаров или интерактивных тестов.

Плюсы перевёрнутого обучения

Комфорт и личное время. Преподаватель лично выбирает время для записи своих обучающих видео, учащийся самостоятельно определяет время, место и темп для просмотра лекций.

Индивидуальный подход. Формат видео позволяет сохранить личностный подход к каждому ученику, кажется, будто новый материал преподаётся именно для тебя, а не для всего класса.

Всеобъемлющий прием. Преподаватель строит свои лекции и практику таким образом, чтобы каждый ученик в классе получил задание.

Удобный формат. Модель предполагает просмотр каждого обучающего ролика неоднократное количество раз, а также возвращение к пройденному материалу, как только это потребуется.

Максимальная практика! Всё урочное время посвящено практическим занятиям: семинары, лабораторные и контрольные работы, коллоквиумы, обсуждения и т.п.

Универсальность формата. Формат перевернутого обучения подходит для любого возраста учеников: и для начальных, и для средних, и для старших классов.

Минусы перевернутого обучения

1. Главным минусом внедрения модели перевернутого класса является необходимость “переработать” учебную программу под дистанционное онлайн-обучение – разработать лекции в видео и аудио формате, создать систему тестирования и проверки полученных знаний. Также необходимо перекроить учебную программу и разделить имеющийся материал таким образом, чтобы часть перенести в онлайн, а часть оставить для классной работы.

2. Моральная готовность преподавателей и учеников к новому формату. В процессе записи лекции учитель должен быть способен не только верно и чётко подать новый материал по своему предмету, но и удерживать внимание и интерес ученика на протяжении долгого времени. Учащийся же, в свою очередь, должен быть мотивирован получать новую информацию самостоятельно, при том, что меняется цель обучения: изучить лекцию следует не для оценки, а для получения знаний! Более того, если материал не понят или не усвоен с первого раза, необходимо вернуться к началу и уточнить все неясные моменты – и снова – всё это следует делать самостоятельно!

3. Неготовность большинства образовательных организаций к полному изменению системы образования.

При отборе цифровых технологий в целях преподавания русского языка и литературы необходимо идти от количества к качеству. Специфика предметов заставляет задуматься о главенствующей роли формирования навыков письменной речи, которая не может полностью происходить в цифровой среде.

Учителю-филологу важно разумно пользоваться цифровыми технологиями, в соответствии с учебными целями применять традиционные и информационно-коммуникационные технологии, уметь планировать уроки русского языка и литературы так, чтобы современные школьники могли пользоваться всеми возможностями информационно-образовательной среды, изучая в школе русский язык и литературу. Только в этом случае будет создана мотивация обучающихся к изучению предметов, произойдет приобщение к чтению художественных произведений, что повысит качество их филологического образования, активизирует работу на уроках.

Список литературы

1. Абрамова Я.К. Смешанное обучение как инновационная образовательная технология. // Перспективы развития информационных технологий, 2014. – № 17. – С. 115-116.
2. Аристова М.А., Критарова Ж.Н. Цифровые технологии как актуальное направление в повышении квалификации учителей-филологов // Перспективы и приоритеты педагогического образования в эпоху трансформаций, выбора и вызовов: VI Виртуальный Международный форум по педагогическому образованию: сборник научных трудов. Ч. II. Казань: Издательство Казанского университета, 2020, – С. 27-33.
3. Ускова И.В. Интернет-ресурсы на уроках русского языка // Русская словесность. – No 2. – 2016. – С. 103-104.

Ә.Қ. Жаирбаева

Павлодар техникалық сервис колледжі,
Павлодар облысы, Павлодар қаласы, aikosik-91@mail.ru

**БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУДА БЕЛСЕНДІ
ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ**

Бүгінгі ғылым мен техниканың даму заманында білім беру жүйесінде дәстүрлі оқыту оқушылардың ғылыми негіздерін мемлекеттік стандарт деңгейінде толық меңгеруіне кепілдік бермей отырғаны баршамызға белгілі. Сол себепті, оқу-тәрбие үрдісін жандандырудың қазіргі уақытта білім беру жүйесіндегі инновациялық білім беру тәсілдемелерді жетілдіріп, оны күнделікті сабақтарда тиімді қолдану арқылы білім сапасын жоғарлатуға болатыны белгілі.

Еліміз күн сайын қарқынды дамып келеді және ұлттың зияткерлік әлеуетін қалыптастыру үшін терең де сатылы стратегиялық жаңғырту кезеңін бастан өткеруінің өзі-жас ұрпақтың болашағы үшін жасалып жатқан батыл қадам деп санаймын.

Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі – оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады ал ХХІ ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. Сондықтан да қазір жаңа технологияларды меңгеру үшін ең басты қажетті құрал – білім.

Жаһандану заманында жас ұрпаққа білім беру – жаңа ізденіс, бәсекеге қабілетті, саналы тың жаңалықтар мен заманға сай жаңашыл көзқарас арқылы жүзеге асыруды талап етіп отыр. Ақпарат алмасу, интеллектуалды ойлау мен тың идеялар күн санап белсенді түрде үдей түскен шақта жас ұрпаққа білім беру жауапкершілігі арта түсті. Мұғалімдерге заманауи тәсілдерді меңгеріп, сапалы білім беру және шығармашылығын шыңдауға, инновациялық жобаларды жүзеге асыру үшін арнайы біліктілікті арттыру курстар, коучинг, тәжірибе алмасу шеберлік сағаттары өткізіліп жатыр.

Жаңартылған білім беру жүйесі алдымен мектепте қолға алынып, қазіргі уақытта колледждерде оқытылып жатыр. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда белсенді әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану өте маңызды. Заманауи тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушы өз ойын еркін жеткізуге, пәнге деген қызығушылығы артып, талдау жұмыстарын жүргізе білуге үйренеді. Студенттердің сабаққа қызығушылығын ояту үшін менің сабақта қолданатын әдіс-тәсілдер туралы бөліскім келеді. Сабақта өзара бірлесіп оқу маңызды рөл атқарады. Тақырыпты мұғалім түсіндіргеннен гөрі, бірігіп топпен оқу тиімді. Дәстүрлі сабақта оқушылар сабақта тыныш отырып, айтылған ақпаратты тыңдап, мұғалімнің түсіндірмесімен қабылдап, сол бойынша жұмыс жасалып келді. Ал қазіргі таңда осы жаңартылған білім беру үдерісі көптеген тиімді әдіс-тәсілдерге толы. Осы тиімді оқытудың 8 әдіс-тәсіліне тоқталсам:

Тиімді оқытудың 8 әдіс-тәсілі:

1. Бірлескен оқу
2. Белсенділік
3. Саралау
4. Пәнаралық байланыс
5. Оқушының қажеттіліктерін қанағаттандыру
6. Оқу әңгімелері
7. Электронды оқу және жаңа технологияларды пайдалану
8. Модельдеу

1. Бірлескен оқу- топтық жұмыстар арқылы жүзеге асады. Топта жұмыс істеу арқылы студенттер өз ойын ашық айтуға, пікір алмастыруға, қасындағылардан білімін толықтыруға үйренеді, өзгелерді тыңдай отырып, өздерінің де білімдерін толықтыра түседі.

2. Белсенділік әдісі – жаңа білімді алдыңғы біліммен байланыстырып, жұмыс жасайды. Оқушылардың жүргізген тәжірибелері, эксперименттері, ғылыми жобалары белсенділік әдісіне жатады.

3. Саралау әдісі- бір тапсырма арқылы әртүрлі деңгейдегі оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру. Мысалы: оқу қарқыны, жылдамдығы, жас ерекшелігі, білім деңгейі т.б.

4. Пәнаралық байланыс. Кейбір пәндерде ортақ тақырыптар қарастырылған. Мысалы Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мен орыс тілі мен әдебиеті, география, қазақ әдебиеті мен қазақстан тарихы, құқық. Пәнаралық байланысты сақтау арқылы оқушы тереңірек білім алады.

5. Оқушының қажеттілігін қанағаттандыру-оқушы жұмысының дұрыс немесе қате екенін анықтау, үнемі кері байланыс жасап, түзету.

6. Оқу әңгімелері – қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданылады. Топта әңгімелерді талқылайды, пікір таластырады, эссе, өлең шығарады.

7. Электронды оқу және жаңа технологияларды пайдалану-сыныптан тыс өз бетімен ізденуге, электронды оқулық, ғаламтордан қосымша білім алуға көмектеседі.

8. Модельдеу-сабақтарды сызбамен түсіндіру. Сөйлемдерді сызба арқылы түсіндіреді
Мұғалім тілдік пәндер бойынша сөйлеу әрекетінің 4 түрін бағалауы қажет.

Тыңдалым

Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптарға қатысты айтылған ауызша пікірлердің негізгі мазмұнын түсіну және олардан негізгі ақпаратты бөліп алу; сөйлеушінің пікірін түсіну, тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну,

Жазылым

Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптарға байланысты жазбаша жұмыстарды жоспарлау, жазу, нақты және ойдан шығарылған оқиғалар туралы жаза білу, орфографиялық және грамматикалық қателер жібермей барынша сауатты жазу.

Оқылым

Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптардағы әдеби және ғылыми мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіну және олардан негізгі ақпаратты белгілеу, ақпаратты іздеудің түрлі стратегияларын қолдану; мәнмәтін бойынша сөздердің мағынасын анықтау; автордың қарым-қатынасын және пікірін түсіну

Айтылым

Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптардағы сұхбаттасу барысында ресми және ауызша сөйлесу стильдерін қолдану; қажетті ақпаратты алу үшін неғұрлым күрделі сұрақтар қоя білу білігі; өз пікірін айту; күтпеген түсінікке жауап беру; тапсырманы орындау барысында құрдастарымен қарым-қатынас жасау; арнайы лексиканы сауатты пайдалану; хикаялар мен оқиғаларды мазмұндау.

Жаңаша білім беру жүйесіндегі сабақтың кезеңдеріне тоқталсам

Сабақтың кезеңдері:

1. Сабақтың мақсатын айту, сол мақсатқа жету үшін не істеу керектігін айту.

2. Ретке келтіру кезеңі, яғни алдыңғы білімді еске түсіру – тақырып туралы не білетіндерін сұрау. Мысалы: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы туралы не білеміз?

3. Зерттеу кезеңі. Шығармашылығы туралы не айтамыз? Не түсіндік?

4. Сұрыптау кезеңі-дұрыс, қате жауаптарды анықтау, кері байланыс, тағы қосатындары бар ма?

5. Алға ілгерілеу-мұғалімнің тақырыпты толықтыруы, пікір алмасу, шыңдау

6. Байланыс орнату-бүгін не өткендері туралы қайталау, ой қорыту

7. Кері байланыс. Критериалды бағалау

Жалпы мен сабағымды жоспарлағанда, оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын ояту үшін «Ой қозғау», «Миға шабуыл», «Құпия зат», «Ашық және жабық сұрақтар», «Мозайка» т.б. әдістерін қолдана отырып, сабақтың тақырыбына шығамын. Сондай-ақ, оқушыларды топқа бөлу кезінде геометриялық фигуралар арқылы (тілектер жазылған), сандар арқылы, суреттер арқылы, түстер арқылы т.б. топқа бөлемін.

Бала мектепте үйренгенін түйіндеп, көкейіне түюі үшін үйде өздігімен орындайтын тапсырманың мәні зор. Ал үйде қалай жаттығуы берілген тапсырма мен оның қалай тексерілуіне байланысты. Үй тапсырмасын сұраған кезде, уақытты үнемдеу үшін «Қар кесегі», «Ыстық орындық», «Тосын сұрақ», «Пікірталас», «Өзара тексеріс» т.б. әдіс-тәсілдерді қолданамын.

Сабағымдағы мағынаны тану сатысында «СТО» стратегиясын қолдану арқылы мысалға толығымен талдау жұмыстары жүргізіледі. Бұл стратегияның да оқушылардың сабақты қорыту барысында сын тұрғысынан ойлауын дамытады, сөз қорын молайтып, дұрыс сөз саптауына тигізер әсері мол. Қойылған сұрақтарға ойланып жауап беруіне де пайдасын берді.

Сын тұрғысынан ойлану оқушыларды өз даму деңгейіне байланысты ойы шыңдалып, кез келген мәселеге сын көзбен қарай алатынына көзім жетті. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының стратегияларын «Топтастыру», «Рөлге ену», «Ыстық орындық», «Сен маған, мен саған», «Қабырғадағы рөл», «Сия ысыраптау», «Хикая картасы», «Өз миыңды суретте», «Пікірлер сызығы», «Сана саяжолы», «9 ромб», «5 қадам», «Драма әдісі», «Әдебиеттік үйірме», графикалық органайзерлер – «Дара диаграмма», «Қос диаграмма», «Оқиға тауы», «Эмоция кестесі», т.б.» арқылы

берілген мәтіннің идеясын ашып, әр оқушы өз пікірін білдіріп және өзінің ойын еркін жеткізуге қалыптасып қалды.

«Ойлан. Жұптас. Бөліс» әдісі арқылы ойларын жинақтап, кері байланыс жасауға, олардың сын тұрғысынан ойлауға жетелеуде қарсы пікір айта білуге үйретті. Ойлан, жұптас, бөліс – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған тәсіл. Тақтада сұрақ, тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі.

Оқушыларға қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілінде өз ойларын үш тілде жеткізе білу, сауатты жазып, оқу дағдыларын қалыптастыру «Полиглот», «Үш тілде атаңыз» т.б. тапсырмалар беремін.

Оқушыларды бағалаған кезде, өзін-өзі бағалау, топтық бағалауды негізге ала отырып, бағалаймын. Келер сабақтарда балаларға өз тараптарынан кез келген сабақтың мақсатын ашуға толыққанды ізденуіне ықпал етерім сөзсіз.

Сабақ барысында бұрын сонды қолданбаған стратегиялар қолданғаным оқушыларды одан әрі қызықтыра түсті. Күнде маған келіп: «бүгін қандай стратегия қолданамыз, қандай әрекет жасаймыз, топқа бөлінеміз бе?»- деген сұрақтар оқушылардың өзгеріске түскенін байқатты. Бұл да менің өзгергенім әрі оларды да өзгерткенім деп ойлаймын

Оқушының өзіндік пікірі, ішкі уәжі, қателескен кезде қорықпауы, яғни «Оқушы үні» де ескерілді. Тізбектелген сабақтарда модульдерді ашу үшін ұтымды стратегияларды тиімді таңдай алдым.

Әрбір оқушыға үміт артып, олардың жеткен жетістіктерін айтып, міндетті түрде кері байланыс жасаймын. Сыныптағы барлық студенттердің оқу үдерісін бақылай алуды, барлығы оқуда табысты болуына қол жеткізу үшін сабақтарды сапалы жоспарлау мен бағалауды, оқушылардың дамуына ықпал ететін әлеуметтік, психологиялық, танымдық факторларды дамытуға тырысамын.

Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Заман ағымына қарай өзгеріп, көштен қалмау-менің негізгі ұстанымым. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Оқушыларды болашаққа жетелеп, бойындағы қабілетті жетілдіріп, жақсы нәтиже көрсету-біздің міндетіміз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Камалова С.Т. Сыныпта оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау: оқу-әдістемелік құрал. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО, 2014. – 44 б.
2. Кохаева Е.Н. Формативное (формирующее) оценивание: методическое пособие. Қалыптастырушы бағалау: әдістемелік құрал/ – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 66 б.
3. Кусаинов Г.М. Педагогическая технология современной школы (Заманауи мектептегі педагогикалық технология). – Астана: РНПЦ «Учебник», 2012. – 355 с.
4. Сагинов К.М., Конурова-Идрисова З.К. Основы дидактики (Дидактика негіздері). – Астана: Центр педагогического мастерства, 2014. – 348 с.

МРНТИ: 14.15.15

Ш.Д. Жайлаубаева, Л.С. Гумурзакова, А.А. Айдарханова

Университет имени Шакарима г. Семей,

Казахстан, г. Семей, gumurzakova.lyazzat@gmail.com

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НОВЕЙШИХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Педагогическая технология (от др.-греч. τέχνη – искусство, мастерство, умение; λόγος – слово, учение) – совокупность, специальный набор форм, методов, способов, приёмов обучения и воспитательных средств, системно используемых в образовательном процессе, на основе декларируемых психолого-педагогических установок. Это один из способов воздействия на процессы развития, обучения и воспитания ребёнка.

Любая технология в той или иной мере направлена на реализацию научных идей, положений, теорий в практике. Поэтому педагогическая технология занимает промежуточное положение между наукой и практикой. Педагогические технологии могут различаться по разным основаниям:

- по функциям учителя, которые он осуществляет с помощью технологии (диагностические функции, функции управления конфликтными ситуациями).
- по тому, какую сторону педагогического процесса «обслуживает» конкретная технология, и т.д.
- по источнику возникновения (на основе педагогического опыта или научной концепции).
- по целям и задачам (усвоение и закрепление знаний, воспитание и развитие (совершенствование) природных личностных качеств), по возможностям педагогических средств (какие средства воздействия дают лучшие результаты).

В педагогике неизбежно возникают вопросы: “чему учить?”, “зачем учить?”, “как учить?”, но, вместе с тем, появляется еще один: “Как учить результативно?”.

Новые образовательные технологии приходят на помощь учителю, который должен владеть личностно-ориентированными, развивающими образовательными технологиями, учитывающими различный уровень готовности ребенка к обучению в современной школе. Развитие личности учащегося осуществляется в процессе собственной деятельности, направленной на "открытие" нового знания.

Основными концептуальными положениями технологии перспективно-опережающего обучения можно назвать личностный подход (межличностное сотрудничество); нацеленность на успех - как главное условие развития детей в обучении; предупреждение ошибок, а не работа над уже совершенными ошибками; дифференциация (доступность заданий для каждого); опосредованное обучение.

С целью уменьшения объективной трудности определенных вопросов программы, надо опережать их введение в учебный процесс. Так, наиболее трудную тему можно затрагивать заранее в какой-то связи с изучаемым в данный момент материалом. Перспективная тема дается на каждом уроке малыми дозами (5–7 мин). Тема при этом раскрывается медленно, последовательно, со всеми необходимыми логическими переходами. В обсуждение нового материала (перспективной темы) вовлекаются сначала сильные, затем средние и лишь потом слабые ученики.

Получается, что все дети понемногу учат друг друга. Другой особенностью этой технологии является комментируемое управление. Оно объединяет три действия ученика: думаю, говорю, записываю. Третий «кит» – опорные схемы, или просто опоры, – выводы, которые рождаются на глазах учеников в процессе объяснения и оформления в виде таблиц, карточек, чертежей, рисунков. Когда ученик отвечает на вопрос учителя, пользуясь опорой, снимаются скованность, страх ошибок. Схема становится алгоритмом рассуждения и доказательства, а всё внимание направлено не на запоминание или воспроизведение заданного, а на суть, размышление, осознание причинно-следственных зависимостей.

В процессе обучения используются игровые технологии. Игра наряду с трудом и учением – один из видов деятельности не только ребенка, но и взрослого. В игре воссоздаются условия ситуаций, какой-то вид деятельности, общественный опыт, а в результате складывается и совершенствуется самоуправление своим поведением. В современной школе, делающей ставку на активизацию и интенсификацию учебного процесса, игровая деятельность используется в следующих случаях: в качестве самостоятельной технологии; как элемент педагогической технологии; в качестве формы урока или его части; во внеклассной работе.

Место и роль игровой технологии, ее элементов в учебном процессе во многом зависят от понимания учителем функции игры. Результативность дидактических игр зависит, во-первых, от систематического их использования, во-вторых, от целенаправленного построения их программ, сочетания их с обычными дидактическими упражнениями. В игровую деятельность входят игры и упражнения, формирующие умение выделять основные характерные признаки предметов, сравнивать, сопоставлять их; игры, развивающие умение отличать реальные явления от нереальных, воспитывающие умения владеть собой, быстроту реакции, музыкальный слух, смекалку и др.

Большой интерес представляют технологии проблемного обучения. Такое обучение основано на получении учащимися новых знаний при решении теоретических и практических задач в создающихся для этого проблемных ситуациях. В каждой из них учащиеся вынуждены самостоятельно искать решение, а учитель лишь помогает ученику, разъясняет проблему, формулирует ее и решает. К таким проблемам можно, например, отнести самостоятельное выведение закона физики, правила правописания, математической формулы, способа доказательства геометрической теоремы и т. д.

Проблемное обучение включает следующие этапы:

- осознание общей проблемной ситуации;

- анализ, формулировку конкретной проблемы;
- решение (выдвижение, обоснование гипотез, последовательную проверку их);
- проверку правильности решения.

Методика развивающего обучения – это принципиально иное построение учебной деятельности, ничего общего не имеющей с репродуктивным обучением, основанным на натаскивании и зазубривании. Суть ее концепций заключается в создании условий, когда развитие ребенка превращается в главную задачу как для учителя, так и для самого ученика. Способ организации, содержание, методы и формы развивающего обучения ориентированы на всестороннее развитие ребенка.

При таком обучении дети не только овладевают знаниями, навыками и умениями, но и учатся прежде всего способам их самостоятельного постижения, у них вырабатывается творческое отношение к деятельности, развиваются мышление, воображение, внимание, память, воля.

Отличительная особенность развивающего обучения – отсутствие традиционных школьных отметок. Учитель оценивает труд школьников по индивидуальным эталонам, что создает ситуации успеха каждому из них. Вводится содержательная самооценка достигнутого результата, производимая с помощью четких критериев, полученных от учителя. Самооценка школьника предшествует оценке учителя, при большом расхождении она согласуется с ним.

Список литературы

1. Эрганова, Н.Е. Педагогические технологии в профессиональном обучении: Учебник / Н.Е. Эрганова. – М.: Академия, 2018. – 224 с.
2. Гуслова, М.Н. Инновационные педагогические технологии: Учебник / М.Н. Гуслова. – М.: Academia, 2018. – 672 с.
3. Матяш, Н.В. Инновационные педагогические технологии: Проектное обучение: Учебное пособие / Н.В. Матяш. – М.: Academia, 2017. – 422 с.

ҒТАХР: 14.25.09

С.У. Жунусова

№ 6 гимназия, Семей қаласы, Saulesh87754031123@mail.ru

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру мен стандарттау алдыңғы міндеттердің бірі ретінде көрсетілген [1]. Қойылған міндетке қол жеткізудің құрамдас бөлігі ретінде оқытуды ақпараттандыру болып табылады. Оқытуды ақпараттандыру – оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған заманауи, ақпараттық технологияларды қолдану, өңдеу және ұтымды пайдалану процесі. Елімізде болып жатқан білім беру саласындағы реформалар, білім берудің жаңа стандарттарын жасау, жаңа оқулықтар мен әдістемелік құралдар енгізумен қатар, жаңа оқу пәндерін енгізу қажеттігін туғызды. Соның нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларына «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні енгізілді. Ғылым мен техниканың өсіп-өркендеуі елеулі техникалық прогреске жол ашып отыр. Қазіргі таңда компьютер қоғамның барлық салаларын қамтып, әр адамның өміріндегі қажетті құралға айналды. Компьютерді қолданбайтын пәндер жоқ. Қазақ тілін оқыту барысында да компьютерлік технологияларды қолдану заман талабына айналды [2].

Компьютерлік технологиялар типтік бағдарламалық құралдармен қамтамасыз етілетін операциялардың белгіленген топтарында іске асырылады. Сабақта қолданылатын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды мынадай топтарға жіктеуге болады: «интернеттің қолданбалы электрондық ресурстары, интернеттің білім беретін электрондық ресурстары, интернеттің коммуникациялық қызметтері» [2].

Қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын АКТ құрамында түрлі бағдарламалық-техникалық құралдар болады, олар алға қойылған педагогикалық мақсатты шешуге бағытталады. Педагогикалық мақсат қазақ тілін оқытудың белгілі бір саласына байланысты болады және оқушылардың белгілі бір өзара ынтымақтасқан оқу-танымдық әрекетін дамыту көзделеді ақпараттық-білім берушілік қызмет – электрондық кітапханалар, электрондық кітаптар, электрондық

басылымдар, сөздіктер, анықтамалықтар, қазақ тілін оқытуға арналған компьютерлік бағдарламалар [2].

Қазақ тілі сабағында ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолдану оқушылардың сөйлей білу мүмкіндіктеріне жол ашады. Техникалық құралдар арқылы оқушылар сөздер мен дыбыстарды дұрыс айтуға үйретуге, сөйлеу дағдыларын дамытуға, сөздік қорларын көбейтуге, дұрыс сөйлей білуге жаттықтыруға, алған білімінің нәтижесін көруге, қызығушылығын ояту жұмыстарын ұйымдастыруға болады. Оқушы үлгерімінің төмендігі оның сабаққа зейінін шоғырландырмауына байланысты. Сабақтың бастапқы кезеңінде оқушы назарын сабаққа аударту үшін ақпараттық технологиялардың атқарар қызметі зор. Қызығушылықты ояту, жаңа тақырыпты болжату мақсатында түрлі суреттер мен әуендер, бейнежазбаларды интербелсенді тақтадан көрсетіп, уақытты үнемдеуге, оқушының ойлау қабілетін, шығармашылығын арттыруға, сыныпты толық жұмылдыруға болады. «Whatsapp» желісі арқылы өзара ақпарат алмасу жаттығуларын ұйымдастыруға оқушылар үшін өте қызықты тапсырма. Оларға әр оқушы бір сөйлемнен жазып шағын әңгіме, ертегі құратып, сауатты жазуға, әлеуметтік желіде қатесіз жазуға мүмкіндік береді. Техникалық құралдар тілдің дыбыстық жағын меңгертуге көмектеседі. Оқушыларға алдымен теледидар, радио хабарлардың дикторларының дауысын тыңдатып, дауыс ырғағына, сөз екпініне, бунақтарға дұрыс бөлінуіне назар салуды тапсыру керек. Кейін оқушылардың өздеріне белгілі бір сабақ тақырыбына арналған мәтінді оқытып, диктофонға жазып алыңыз. Осы мәтінді тыңдалым дағдысын қалыптастыруға қолдану арқылы оқушыларды көркем, таза, әуезді сөйлеуге дағдыландыруға болады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың оқытудағы ерекшелігі әр алуан қолданбалы бағдарламалардың, мәтіндік редакторлардың, орфографияны тексеру бағдарламаларының, мәліметтер базасының, электронды кітаптардың, анықтамалық порталдардың, электронды баспа құралдарының, ойын бағдарламаларының, бағалаушылық бағдарламалардың, қолданылуында болып тұр. Қазіргі таңда тестсіз бағалау жүйесін елестету мүмкін емес. Бір жауапты немесе бірнеше жауапты, тіпті күнделікті оқушыларға арналған грамматикалық тапсырмалар жүйесін орындауға мүмкіндік беретін «Kahott!, Classmarker, Plickers» т.б сервистік бағдарламалар көп. «Proprofs» бағдарламасы арқылы кез келген тестік тапсырмаларды құрастыруға болады. Бағдарлама мәтіндерді, презентацияларды, PDF форматындағы документтерді, суреттерді, аудио, видео материалдарды қатыстырып тапсырма құрастыруға мүмкіндік береді. «Kahott!» бағдарламасында интербелсенді тақтамен ғана емес, смартфондар арқылы тест шешуге болады. Оқытушы басты экранда тапсырманы көрсетеді, оқушылар өз смартфондарымен тапсырманы орындайды. Оқушылар өз нәтижелерін көру үшін арнайы кодты теруі тиіс. Кейін оқушылардың нәтижесі жеке немесе кестеде беріледі. Бұндай сервистік бағдарламалар оқытушының уақытын үнемдейді, оқушының қызығушылығын тудырады, білім дәрежесін бірден көрсетеді, білмеген тұстарын анықтауға, қатемен жұмыс жүргізуге, жылдамдыққа жетелейді. Сервистік бағдарламалармен оқушының орындау уақытын, қателер санын, оқушы орындаған тапсырма мен жаттығулар санын, тапсырма типтері мен орындау дәрежесіне анализ жасауға болады. Зерттеушілердің пікірі бойынша қазақ тілін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы оқыту процесінде ең күрделі мәселе – экономика, бизнес, денсаулық, заң, әлеуметтік сала тақырыптарына байланысты мәтіндердің, ғаламтор материалдарының жеткіліксіздігі [3]. Қоғамдағы тұтынушылардың көпшілігі қазақ тілді болса да, орыс тіліндегі материалдарды оқуға мәжбүр. Бұл мәселеден шығудың бір жолы – ғаламторды қазақша сөйлету. Сол үшін электронды нұсқаулықтар, электронды ғылыми диссертациялар, электронды сөздіктер базасын құру керек. Ақпараттық - танымдық «Ютуб» каналдар ашу тілдің қоғамдағы қолданысына көп мүмкіндіктер береді. Әсіресе әр түрлі жастағы оқушылар тіл теориясын түсіндіретін видео сабақтар дайындап үйренсе, презентациялар жасаса, өзімен қатар балаларға үлкен көмек, әрі шабыт береді. Тұлғалардың арасындағы коммуникативтік қатынас бетпе – бет сөйлесуден гөрі әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асып жатыр [2]. Соған сәйкес жазбаша тілге баса назар аударылып, қарым-қатынас барысында сауаттылық жоғары бағаланып келеді. Желілерде әдеби тілдің нормаларына сай емес: қысқартылған, тыныс белгісі жоқ, бас әріпсіз сөйлемдер жиі кездеседі. Қазақ тілі сабағында әлеуметтік желілерді пайдалана отырып осындай өрескел қателерге түзету енгізу керек [3]. Мысалы, арнайы топ құрып белгілі бір тақырыпта пікірталас ұйымдастыру, арасынан бір оқушыны бақылаушы ретінде сайлап, оқушылардың жіберген қателерін түзетуі керек. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қазақ тілін оқу, қайталау түрінде ғана пайдалануға болмайды. Сонымен бірге түрлі жарнамалық қызметте де қолдануға болады. Мысалы, қазақ тілін тиімді және сапалы оқыту үшін жарық көрген ғылыми – әдістемелік еңбекке, көркем әдеби кітаптарға, оқу орталығына, техникалық құралдарға, жаңадан шыққан өнер туындыларына сауатты жарнама жасауға баулу керек. Бұл қазіргі таңдағы «сауатсыз» жазылып жатқан жарнамалардың алдын алады. Біздің тілімізде жарнама жасаудың

арнайы мәтіні, құрылымдылық жүйесі жок. Оқушыны ұтымды тіркес табуға, мәтінге сәйкес үздік дизайндық жұмыстар дайындауға, ақпараттық - коммуникациялық технологиялар арқылы бейімдеп, оқушының тілге деген құрметін, қызығушылығын, шығармашылық қабілетін дамытуға болады. Қорыта келгенде, оқушылар жалпы білім беретін негізгі мектеп бағдарламасындағы барлық пәндерді оқу барысында ақпаратты табу, құрастыру және басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын жетілдіре және бағалай отырып, АКТ-ны қолдану дағдыларын дамытады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <http://adilet.zk>
2. Масақова Г.А., Айтбаева Б.М. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда ақпараттық технологиялардың тиімділігі // Филология сериясы № 3(79) – 2015. – 116 б.
3. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана – 2016. – 7 б.

MRNTI: 14.25.09

Д.П. Жусупова

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі,
Қазақстан, Көкшетау қаласы, kazped@mail.ru

TEACHING READING THROUGH FOREIGN PRESS IN ENGLISH LESSONS

‘One of the words that has been creeping into English teaching in the past few years is 'authentic'. It has a kind of magic ring to it: who after all would want to be inauthentic?’ wrote Vivian Cook.

Teachers and students are naturally attracted to authentic texts (by which we mean any text which has not been produced for the purpose of language-learning). Finding that you can read something designed for a native speaker is motivating, and developing ways to deal with ‘real’ texts enables students to read more confidently and extensively outside the classroom.

But, as Cook goes on to say, we also need to consider just how helpful the authentic text we choose actually is for our students. Many of the features of authentic texts, especially newspaper texts, are far more complex than we might realize at first glance [1, 128].

At elementary level, the teacher can cut out pictures from a newspaper and write sentences about them. These sentences are read to learners who also learn to read them and grasp what they mean. The sentences are also written in their exercise books. Secondly, learners can on their own use simple pictures found in the newspaper, write sentences about them noting the relationships between them and read to the class while the teacher monitors the activity. To develop the writing skill, it is suggested that the teacher can read out a few stories or advertisements from a newspaper and ask the students to write them down. Moreover, to encourage the development of reading and vocabulary skills of learners using newspaper at elementary or beginner stage, it is also suggested each learner can be assigned an alphabet and be told to read through the newspaper in order to locate ten unfamiliar words beginning with the assigned letter. The learners should also look up for the meaning of those words in the dictionary, indicating the pages of the dictionary where such words were found. They may also look for other things from the newspaper such as compound words, plurals, words in present or past tenses, possessives, words with a particular prefix or suffix, etc [2, 95].

At this level, students can be asked to read short articles from the newspaper and work in small groups. Each student reads a paragraph and highlights the important details to his or her group. The other member of the group each does the same. They, then paraphrase these details into sentences that best capture the event in the article. Also, it is proposed that students can be asked to circle words they do not understand after reading a newspaper and ask them to find their meanings from the context or look up the meaning from the dictionary. They should also make sentences with these words and write them in their books. In some newspapers, there is a news summary section consisting of many short letters, students should be given one of these news items and asked to write a headline for it on a separate sheet of paper. Students could also be asked to collect all the stories and the headlines, put them on the table and match stories and headlines. The photograph captions can also be cut and learners told to match captions with the photographs. Another

method that this article suggests of using newspaper for intermediate ESL learners in developing speaking, reading and writing skills is to ask them to analyze the advertisements in a newspaper. Each learner should write his/her findings on an item advertised. These findings should be read in class and shared among the students. Learners could also collect newspaper photographs of people and make up stories about them. These stories are read in the class by each student writer and discussed with class members. Newspapers can be distributed to students on group basis. A group consisting of five to ten learners can be formed each with a newspaper. Each group should be given time limit within which to skim through the paper. When the time is up, join the two groups together and let them report to each other whatever they can remember from the news. Reference should not be made to the news again. The teacher should monitor the groups and provide feedback when necessary. The report given by each group can be harmonized by the joint groups and recorded in their exercise books. Another approach to using newspaper at intermediate level is by giving each learner a newspaper to work with at home. With the newspaper, students should choose an article and prepare a report on it to their classmates. The report should not be longer than number of words and should include peer teaching on new vocabulary that the learner encounters in the article. This encourages reading outside the classroom as well as the use of dictionary. A schedule should be set up and a learner or learners should devote the last five minutes of every class to news reports [3, 206].

At this level, the teacher can bring or ask the students to bring newspapers to the class. Teacher asks them to read, for instance, letters to the editor's section of the newspaper. Students discuss in groups, the letters noting the simplicity, complexity, or controversial nature of the letters. The teacher should provide feedback to the class at the end of the exercise. Learners can also be asked to write their own letters to the editor or respond to the ones they have come across. After they have written the letters, they should be asked to compare the letters with a partner and correct the errors. The teacher should monitor the process and ensure that the letters are circulated and that every student participates effectively in the exercise. Those selected to respond to letters to the editor should cut out such letters. They can also be encouraged to write letters directly to an editor. The publication of such a letter would be an event and would motivate others to write [4, 154].

Another suggested activity involving the use of newspaper is to cut out several photographs of people found in the newspaper and mandate students to write descriptions of them. Those photographs or pictures should be these that are familiar, relevant and of interest to the learners. They should also match the photographs with the descriptions and speculate about what the news story could be. Furthermore, students can be asked to choose a newspaper article, follow its process over a period of time and discuss the events that occur. They could be asked to write down a comprehensive report that is exchanged by the class members. Moreover, the students can be told to read an article that describes a problem and discuss its causes and effects. The teacher can divide the class into two groups. The first group takes a look at the problems while the second looks at the effects. In all these cases the teacher acts as a monitor and also offers assistance where necessary. Another suggested activity that teachers can engage in with advanced students involves asking learners to choose a short item of news that they find interesting and rewrite it by changing some of the details or changing from present to past or vice versa. The students should exchange the news item with a partner and work to spot the changes made from the original news items in the newspaper.

The learners could also role-play the news contained in a particular portion of the newspaper. They should choose an interesting article or story from the newspaper and make copies for every pair of learners. The learners could first read the newspaper and then improvise a short role-play. In order to encourage reading, and writing, newspaper can be used to set quiz. In the cases, the teacher divides the class into five groups and gives each group a plain sheet paper and a section of newspaper. A ten or fifteen-minute quiz based on a section of the newspaper can be given and different types of questions depending on the content of the paper can be set. For instance,

1. Where is -----?
2. How long has he/she been-----?
3. How many people are involved- -----?
4. What happened in -----?
5. Who is -----?
6. How much did -----pay/cost
7. Who won the ----- and when did he win it etc.

In each group, similar questions can be set based on the content of the section and answers are provided for them by reading the section of the newspaper concern. This means that newspapers provide excellent materials to test students' comprehension of a text. The teacher monitors the activity and checks grammar and spelling used in the questions and answers. When all the groups have finished, they change

their works. The teacher goes through all the works and offer feedback where the need arises. Students at this level may be asked to look for examples of similes, metaphors, irony, hyperbole, satire and other literacy principles found in newspaper. This is not only to develop their English language but also encourage reading activity.

In view of the importance of the English language in Kazakhstan and the problems associated with its proper teaching this paper recommends the following:

1. English language lessons should be activity-based. This should include using worthwhile materials such as newspapers to make the language class interactive. 2. Curriculum designers should take advantage of the inherent potentials of newspapers in language teaching and learning by using them as teaching materials at secondary school level. 3. Textbook writers should integrate some features of newspaper in English language textbooks. 4. Secondary Schools should be provided with functional libraries and regular supply of newspapers. 5. English Language teachers should exploit the available local materials in their domains in language teaching. 6. Teachers should design activities and materials that promote active students' participation. 7. Newspaper should not be used as an up-to-date course text book activity. This means that the teacher should not apply the same teaching principles and recommended exercises in course text books to newspapers so that it does not become time-consuming for teachers and uninteresting for students [5, 108].

This paper has highlighted the problems facing the communicative and interactive teaching of English language. It has also dwelt on how newspapers can be used by teachers to develop the speaking, reading and writing skills of different levels of learners. Newspapers are affordable, available, and written in their final drafts, and so with minimal errors. This makes them a worthwhile language learning resource. It is therefore hoped that, this article will have a positive impact on the teaching and learning of English as a second language

Bibliography

1. Awoniyi TA. The Teaching of African Languages. London: Holden and Strongton, 1982
2. Clandfield L, Foord D (2011). Teaching materials; using newspapers in the classroom 1, 2011
3. Education World. Ten great activities: teaching with newspaper, 2011
4. Grundy P. Newspapers. Oxford: Oxford University Press, 1993
5. Ogunniyi JO, Famuyiwa FR. Stimulating and sustaining secondary school students' interest in English language, 2011

FTAXP: 14.07.09

Т.М. Жоламанова

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі
Қазақстан, Көкшетау қаласы, taindik67@mail.ru

ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Бүгінгі қоғам талаптарына байланысты демократиялық құндылықтарға көшуге орай, Қазақстанда білім жүйесінің жаңа парадигмасына нақты бет алу байқалады: елдер білім саласында тұлғалық-бағдарлы оқытуға және ізгілендіруге көшуде және бұнда шешуші рөл ақпараттандыруға берілген. Осыған байланысты, ақпараттандыру қазіргі білім жүйесінің басты бағыттарының бірі болып қарастырылуда және білім саласында мультимедиялық технологияларды кеңінен қолдану түрлі дидактикалық және педагогикалық міндеттерді шешу жолында зор құрал болады.

XX ғасырдың 1997 жылдарында жалпы білім мен кәсіби білім беретін білім беру мекемелерін компьютерлермен жабдықтау маңызды мәселелердің бірі болды, ал қазіргі уақытта білім ордаларында компьютерлерді білім алуға барынша қолдану қажеттілігі туып отыр. Осыдан, мультимедиялық технологияларды бүгінгі күні дәстүрлі оқыту үдерісін өзгертуге нәтижелі тәжірибенің жинақталғаны байқалады. Мультимедиялық технологияларды пайдалана отырып бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеуіміз қажет.

Мультимедиа – жаңа бағыт, бұл компьютердің ақпараттың көптеген түрімен жұмысы, оған жоғары рұқсатты түсті графика, жүгіртпе және аққыш түстері бар динамикалық эффектілер, дауыстардың дыбысталуы және синтезделген әуенінің дыбыстары, толық түсті видеоклиптер және видеофильмдер кіреді [1, 100].

Әдебиет пәнін оқытуда мультимедиалық технологияларды тиімді қолдану білім алушылардың цифрлық және функционалдық сауаттылығын, пәнге деген қызығушылығын, жоғары ойлау деңгейін, креативті сыни ойлауын, ізденімпаз шығармашылығын, білімдарлығын көрсетеді. Яғни, қазіргі заманауи мультимедиалық технологияларды пайдалану өз білімін көтеру, тереңдету тиімділігін артты ары сөзсіз.

Ақпарат қарқынды ғарыштап дамып жатқан ғасырда интеллектуалды қызметтің дамуы компьютер және қазіргі оқыту процесіндегі техникалық құралдарымен тығыз байланысты. Бұл технологияландыру адамның іскер белсенділігіне, білімділігіне, мәдениетіне, ал, жалпы айтқанда, ғылым мен көзқарасқа әсер етеді. Мультимедиалық технология білімді өңдеумен анықталып, қоғамның материалдық және рухани жағдайын өзгертіп отырады. Жаңа мультимедиалық технологиялар жағдайындағы оқыту процесі оқытушы мен оқушының бірлескен іс-әрекетінсіз, олардың дидактикалық өзара байланысынсыз жүзеге аспайды.

Ұстаз қанша білім беруге тырысқанымен, егер білім меңгеруге шәкірттердің өздерінің белсенділіктері болмаса, егер оқытушы бұл жұмыстарды дұрыс ұйымдастырмаса, онда оқыту процесі нақты жүрмейді, дидактикалық өзара қарым-қатынас та қалыптаспайды. Сондықтан да, жаңа мультимедиалық технологиялар жағдайындағы оқыту процесінде педагог пен білім алушы арасында тек жай ғана өзара қарым-қатынас емес, педагогтің компьютерлік технологиялар арқылы жеке тұлғаға әсері, ішкі жан дүниесінің бейнесі, білім алушының білімді, білікті, дағдыны, тәртіптіліктің және дамудың белгілі бір элементтерін өз бетінше меңгеруге талпынысы, олардың өзара бірлескен іс-әрекеті нәтижесінде, жаңа жағдайда ұлы ғалымдардың анықтаған функцияларын орындаған кезде ғана пайдалануға болады.

Қазіргі ақпараттық заманда педагогтің басты міндеті – білім алушыларды өз бетімен жұмыс істеуге үйрету, оларды алуан түрлі әрекеттің тиімді түріне: ақпарат алуға, ақпаратпен алмасуға, ақпаратты өңдеуге, шығармашылықпен айналысуға дағдыландырып, оқу еңбегін сүйіспеншілікпен орындауға баулу.

Оқытудың мақсаты оның мазмұнын анықтайды, оқытудың мақсаты мен мазмұны оны ынталандыру мен ұйымдастырудың белгілі бір құралдарын, әдістерін және формаларын талап етеді. Құралдар, әдістер, формалар оқу үдерісінің мазмұнды операциялық компоненттерінің элементтері бола отырып, оқушылардың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудағы ұстаздың мүмкіндіктерін анықтайды, яғни педагогикалық процестердің қозғауыш механизмін құрайды. Бұл топтың компоненттерін педагогтің меңгеруі педагогикалық процесті ұйымдастыру тиімділігіне байланысты. Интернет-ресурстар арқылы өзіндік іс-әрекетті жүзеге асыру барысында білім алушылардың белсенді ой-әрекетін күшейтуге ұстаз жұмысты жоспарлы түрде ұйымдастырып, оған дұрыс басшылық жасай алғанда ғана қол жеткізе алады.

Әдебиет пәнін оқытуды Интернет-ресурстарға негіздеуге болады. Мұнда электрондық байланыс ерекше мәнге ие болады. Электрондық байланыс жүйелерінде оқыту мынадай сұрақтардың шешімін табуды көздейді: 1. Нені оқыту керек? Яғни, компьютерлік жүйеге енгізілетін тақырыптарды саралау керек. 2. Қандай ретпен, тәртіппен оқыту керек? Яғни, тақырып арасындағы байланыс, сабақтастық қатаң ескерілуі керек. 3. Қалай оқыту керек? Яғни, тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап алған жөн. Осы үш сұрақтың шешімін табу Интернет-ресурстар нешінде оқыту әдістемесінің негізін құрайды.

Әдебиет сабақтарында цифрлық сауаттылығы мен пәнге деген қызығушылығын, жоғары ойлау деңгейін, шығармашылық қабілетін арттыратын, білімін тереңдетіп, креативті сыни ойлауын арттыратын мультимедиалық технологиялар: learningapps, learnis, liveworksheets, wordwall.

Learningapps бағдарламасының өте көп мүмкіндіктері бар. Олар: 1) мәтін енгізу; 2) суреттерді сұрыптау; 3) таңдап алынған дұрыс жауаптармен сұрақтарға жауап беру; 4) мәтіндегі бос орындарды толтыру; 5) аудио-видео контент; 6) «Кім миллионер атанғысы келеді?»; 7) «Болжау» пазлы; 8) сөзжұмбақ; 9) әріптерден сөз құрау; 10) «Бұл қайда орналасқан?»; 11) сөздерді табу; 12) «Атжарыс»; 13) «Жұптарын табу» ойыны; 14) бағалау; 15) сәйкестендіру кестесі; 16) кестені толтыру; 17) енгізілген мәтін бойынша викторина.

Көркем шығарманы талдаудың үшінші сағаты болса, мәтіннің толық мазмұнын тексеру мақсатында Learningapps бағдарламасы арқылы көркем шығарманың сюжеті бойынша құрастырылған «Сөзжұмбақты» шешкізуге болды.

Сөзжұмбақты алдымен Word құжатында әзірлеп алып, сонан соң Learningapps бағдарламасына жүктеу уақытты үнемдейді. Әзір болған сөзжұмбақтың сілтемесін жүктеп алып, білім алушыларға ұсынамыз.

Оралхан Бөкейдің «Нартай мінер ақ боз ат» әңгімесі бойынша әзірлеген сөзжұмбақ:

1. Тортайдың аулының аты? Салықсалған
2. Тортайдың ерекше қасиеті? Көп оқитындығы
3. Ораш қандай бала? Жомарт
4. Салықсалғанның жері қандай? Сулы
5. Тортайдың көңіл-қошы болмағанда мекендейтін жері? Тас қорымның үңгірі
6. Тортайдың пір тұтатын, сырласатын заты? Кітап
7. Тортай қандай бала? Тұйық
8. Тортайдың бұзау бағатын жері? Тас шоқы
9. Ер жеткен Тортайдың кәсібі? Шопан
10. Тас шоқыны жанамалап ағатын өзен? Бұқтырма




<https://learningapps.org/watch?v=p9bj4x4gc22>

Сөзжұмбақты құрастыруда сұрақ мәтін ғана емес, сонымен қатар суреттер, тыңдалым мәтіні, аудио, видео қою арқылы да сұрақтар әзірлеуге болады.

Суреттер арқылы сөзжұмбақ құрастыру үшін, ең алдымен, оқылып жатқан көркем шығарманың мазмұнын ашатын суреттер дайындаймыз. Сонан соң Learningapps бағдарламасында сөзжұмбақ құрастыруға кірісеміз. Суретке қосымша тұспалдау (подсказка) беруге болады.

Learningapps бағдарламасында «Жұптарын тап» ойынын талданып жатқан көркем шығарма сюжетіне сай да, өтіліп жатқан ақын-жазушының өмірбаянына сай даярлап, өткізуге болады. Суреттер алдын-ала жеке папкада жинақталады, сонан соң аталмыш бағдарламаға қойылып, тапсырма әзірленеді де білім алушыларға сілтеме ұсынылады, сілтеме бойынша оқушылар кіріп орындайды да, оқытушыға жібереді, ол оқытушының жеке кабинетіне келіп түседі. Сол жерден мұғалім тексереді.






<https://learningapps.org/watch?v=p6fc9v0yj22>

Learningapps бағдарламасының тиімділігі – түрлі форматта берілген тапсырмаларды орындау арқылы білім алушының пәнге деген қызығушылығы, жоғары ойлау деңгейі, функционалды сауаттылығы артады, уақыт үнемдейді.

Әдебиет сабақтарында тиімді мультимедиалық технологиялардың бірі – Wordwall бағдарламасы. Бұл бағдарламаның да мүмкіндіктері өте көп. Бір тапсырманы бірнеше формада ұсынуға болады. Тапсырма ұсыну формалары: 1) викторина; 2) ашық алаң; 3) лабиринттегі қуу; 4) ұшак; 5) кездейсоқ дөңгелек; 6) сәйкес келетін жұптар; 7) анаграмма; 8) сынарынды тап; 9) салыстыру; 10) әріптерді тап; 11) кездейсоқ карта, т.б.



Wordwall бағдарламасыда талқыланып жатқан көркем шығарма сюжетіне байланысты сұрақтар құрастырылады да, сілтемесі білім алушыларға жіберіледі. Практика жүзінде бірнеше формасын ұсынсақ, төмендегідей үлгіде болады.



<https://wordwall.net/ru/resource/35354828>

Wordwall бағдарламасының тиімділігі – тапсырманы өздігінен орындауға үйретеді, цифрлық сауаттылығын арттырады, сыни ойлау дағдысын арттырады.

Әдебиет пәнін оқытудың тиімділігін арттыратын мультимедиялық технологияның бірі – «learnis» бағдарламасы. Бұл технологияның мүмкіншіліктері мол. Олар: 1) квест; 2) викторина; 3) терминдермен ойын; 4) интерактивті видео, т.б. Аталған мүмкіндіктердің бірі – интерактивті видео. Бұл тапсырманың әзірлену жолдарына тоқталатын болсақ, талданып жатқан көркем шығарма негізінде түсірілген кино-фильм болса, «learnis» бағдарламасына жүктеп, видеоның арасына сұрақтар енгізеді. Үш түрлі сұрақ түрі бар. Олар: бір жауапты сұрақ, бірнеше жауапты сұрақ, ашық сұрақ.



<https://www.Learnis.ru/640776/>

«learnis» бағдарламасының ерекшелігі – егер білім алушы ұсынылған сұрақтарға толық жауап берсе, ондай бейнефильмді соңына дейін көргені анықталады. Себебі сұрақтар бейнефильмнің арасына қойылған.

«learnis» бағдарламасының тиімділігі – оқушы ашық, жабық сұрақтардың аражігін ажырата алады, цифрлық сауаттылықтары артады, шығармашылықпен жұмыс жасауға үйренеді, көркем фильм мен көркем шығарманы салыстырып талдауға дағдыланады, екеуінің арасындағы ерекшеліктерді анықтап, саралайды.

Қорыта келгенде, әдебиет пәнінде мультимедиалық технологияларды қолдану білім алушылардың білімін тереңдетуде өте қолайлы. Креативті ойын дамытуға ықпал етеді. Сыни ойлауын дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Устемиров К.У. Современные образовательные технологии и технические системы обучения: метод. рекомендации /Устемиров К.У., Шаметов Н.Р., Бакиров Р.Т. – Алматы, 2006. – 100 с.
2. Досжанов Б.А. Мультимедиалық технологияларды пайдалану арқылы оқыту үдерісін жетілдірудің дидактикалық негіздері: пед.ғыл.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайын.дис.автореф./ Б.А.Досжанов. – Түркістан, 2007.
3. Хакимова Ж. Қазіргі заманғы технологияларды қолдану. – Алматы, 2018.

ҒТАХР: 14.07.09

Г.А. Жумаханова

Шақаман жалпы орта білім беретін мектебі,
Қазақстан, Семей қаласы Шақаман ауылы, ms.chekoman@mail.ru

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Қоғамдағы қазіргі кездегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды- машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұғымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияларды игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік дағды жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүниежүзілік қауымдастығы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалылығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі.

Экономикалық күшті дамыған елдердің тәжірибесі білім беру жүйесін ақпараттандыру экономика, ғылым және мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кілті екендігі көрсетіп отыр. Ендеше қазіргі заманның ақпараттық технологиясын игеру міндетеміз.

Қазіргі педагогикалық ғылымның бір ерекшелігі-баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Жаңа педагогикалық технологиялар-бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамасымен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр іс-әрекет оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды.

Оқытудың технологиясын жетілдірудің психологиялық-педагогикалық бағыттағы негізгі ой-тұжырымдамалары бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытып оқуға көшу, оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламалардан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына өту болып табылады. Оқытудың жаңа технологияларының принциптері – оқытуды ізгілендіру, өздігінен дамитын дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп, өсіруші, тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру болып табылады.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Ұсынылып отырған әдістемелік құрал орта мектепте физика пәнін оқытуда жаңа технологияларды тиімді пайдалану мәселесіне арналған.

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Мектептердің негізгі мақсаты – зерделі, дарынды балаларды шығармашылық жұмыстармен айналысуына мүмкіндік туғызу және дамыту. Бұл мақсатқа жетудің бірден-бір жолы – оқытудың тиімді жолдары мен жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру. Сондықтан да оқытудың жаңа технологиясын зерттеу, оны өз ісіне пайдаланып, жоғары нәтижеге жету мұғалімнің міндеті.

«Технология» ұғымы соңғы кездері педагогикалық әдебиет-тегі ең кең қолданылатын ұғымдардың біріне айналды.

Технология ұғымының дидактикалық ұғымдармен байланысы саналуан: оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы, тәрбие технологиясы, қарым - қатынас технологиясы, даму технологиясы, қалыптасу технологиясы, модульдік технология, топтық оқыту технологиясы т.б. Бұл технологиялардың қай түрі болмасын анықтаманы қажет етеді. Сондықтан да әрбір автор «технология дегеніміз не?» – деген сұраққа немесе технологиямен байланысты жеке ұғымға өз анықтамасын беруге тырысады. Нәтижеде, дәл қазіргі кезде білім беру жүйесінде жүріп жатырған процестердің технологиясын түсіндіретін жалпы анықтама жоқ.

Білім беру жүйесі – басқару органдарынан, түрлі типтегі және деңгейдегі білім беру мекемелерінен, жүйенің жұмыс істеуі және дамуын қамтамасыз ететін қаржы қорлары мен материалдық объектілерден, ғылыми орталықтардан тұратын күрделі құрылым болып табылады. Технологиялық тәсіл білім беру жүйесінің кез – келген саласында (басқару, білім беру, қаржыландыру, монито-ринг т.б.) қолданылуы мүмкін. Сондықтан, «білім беру техноло-гиясы» деген сөз тіркесін бірыңғай түсіндіру мүмкін емес. Көптеген авторлар бұл жағдайды интуиция деңгейінде түсінеді де, бұл ұғымды тек қана оқытушы мен оқушы арасындағы арнайы ұйымдастырылған процестерге ғана қатысты қолданады. Егер бұл процесті оқыту процесі деп атайтын болсақ, онда оған технологияның осы салаға арналған жиынтығы жатады. Біздің қарастыратынымыз да технологияның осы түрі.

Технология-«техно»-өнер, шебер, қол өнер, «логия»-ғылым деген мағынаны білдіреді. Сондықтан, «технология» терминінің қазақ тіліне «өнер туралы ғылым» немесе «шеберлік туралы ғылым» деп аударуға болады. Бұған пәндік саланы сипаттайтын терминді қосамыз да кез-келген нақты технологияның мәнін айқындаймыз.

Технологияның анықтамалары түсіндірме сөздікте былай берілген:

1. Өндірістің белгілі бір саласындағы өндірістік операция-лардың, әдістер мен үдерісінің жиынтығы, сондай-ақ белгілі бір істе немесе шеберлікте қолданылатын тәсілдер.

2. Белгілі бір өндірістік процесті іске асырудың әдістері, материалдар мен бұйымдарды өңдеудің әдіс-тәсілдері туралы білімдер жиынтығы.

Осы анықтамалардан көрініп тұрғанындай, көпшіліктің сана-сында технология термині өндіріспен тығыз байланыста қарастырылады.

Қазақстандық профессор Ж.А.Қараев, американдық ғалым Б.С.Блум анықтаған білімді меңгеру деңгейлері мен мативтің, белсенділіктің және білім сапасы арасындағы байланысты төмендегі ретте ашуға болады:

1. Білу-ақпарат алу, алған білімді стандарты жағдаяттарда қолдану, қайталап айта білу.

2. Түсіну-білімді ішінара өзгерген жағдаяттарға қолдана білу.

3. Қолдану-білімді ішінара ізденіс-зерттеу жүргізуге қолдана білу, өз ісін бағалай және қажетті түзету енгізе білу.

4. Жалпылау-жүйелеу, шығармашылық. Сондықтан да, оқушылардың білім, білік, дағдыларын жетіл-діру үшін, деңгейлеп оқытудың жаңа технологиясы бойынша, дифференциалды және дербес деңгейлік принциптерінің талаптарына сәйкес өткізілетін әртүрлі сабақ түрлеріне арналған жаңа тұрпаттағы оқулықтар мен оқу құралдары қажет. Бұлар: әңгімелесуші-оқулықтар және оларға қосымша төрт деңгейдегі тапсырмалары берілген жұмыс дәптерлері.

Әңгімелесуші-оқулық бойынша (сабақтың 1, 2-кезеңдерінде): оқушылар а) жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеріп: анықтама, ережелерін өзі шығарады. Мұндағы тапсырмалар «сұрақ - жауап» диалогы түрінде келтіріледі; б) жаңа меңгерген теориялық білімін үлгі ретінде қарапайым жаттығу-мысалдармен бекітеді. Бұл тапсырмалар оқушылардың өздігімен танымдық іс-әрекетін дамытуға бағытталады.

Жұмыс дәптерлеріндегі (3-кезеңде): төрт деңгейлік тапсыр-малар оқушылардың жаңа тақырып бойынша алған теориялық білімдерін дамытып, тереңдетуге арналады. Оларды барлық оқушы бірдей бірінші деңгейден бастап орындауға келеді де, әркім орындап үлгерген тапсырмаларына сәйкес ұпайларын жинайды.

Аталған екі оқу құралының да мазмұндары кейінгі кезде технология бойынша әр пәннен құрастырылып жүрген оқушы-лардың арнайы оқу құралдарында, әзірге біртұтас беріліп жүр. Деңгейлік тапсырмаларға, мысалы, арнайы пәннен, төмендегідей талаптар қойылады:

Бірінші деңгейдегі тапсырмаларға:

1. Жаттап алуға лайықталған болуы керек.
2. Алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өзін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беруі тиіс.
3. Тапсырмалар жаңа тақырып үшін типті және өмірмен байланысты болуы керек.

Жалпы техникалық пәндерде мұндай талаптар жаңа тақырыпты игеру соңында шығарған есептерге ұқсас тапсырмалар құру арқылы орындалады және олар оқушының өзі шығарған ереже, анықтама, заңдарын бекітуге арналады. Мұндай тапсыр-маларды құрастырған кезде олардың танымдылығы мен қызықтылық жақтарына ерекше көңіл аударған жөн.

Екінші деңгейдегі тапсырмаларға:

1. Өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар. Бұлар өзгертілген жағдайлардағы тапсырмалар, яғни бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімдерін түрлендіріп пайдалану қажет болады.

Мұндай іс-әрекетке келтіретін тапсырмалар: мәтінмен берілген кері есептер; кері байланыс функциясын атқаратын тексеру тапсырмалары, т.с.с.

2. Оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тап-сырмалар. Оларда біздің ұлттық ерекшеліктеріміз ескеріліп, танымдық қию үйретімділік маңызы болуы қажет болады. Бұлар: логикалық есептер, ребустар мен сөзжұмбақтар.

Үшінші эвристикалық деңгейдегі тапсырмалар түрлері мыналар: танымдық іздену(эвристикалық) түрдегі тапсырма-ларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін (заңдылықтар шығару, анықтамалар, формулаларды жаттау, т.с.с.) жетілдіріп, терең-детумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс. Эврика! Мұндай жұмыс – анализ бен синтез және салыстыру арқылы негізін анықтау, қорытындылау сияқты ой жұмыстарын қажет етеді. Мұндай есептерді шешу барысында оқушылар жаңа есептерге тап болады да, проблемалық жағдай туындайды. Оны шешу үшін оқушы жаңа әдістер іздеуі керек.

Өртүрлі әдіс, тәсілдермен шешілетін есептер құрастыру және оны өздігімен шығару, өмірден алынған мәліметтер негізінде диаграмма, графиктер салу, жергілікті жағдайда өлшеу жұмыс-тарын жүргізу, көрнекі құралдар дайындауға берілетін тапсырмалар. Ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын тапсырмалар.

Төртінші шығармашылық деңгей тапсырмалары:

Оқушылардың жинаған өмірлік тәжірибесі мен қалыптас-тырған ұғым, түсініктерінің, қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген (теорема дәлелдеу, заңдылықтарды оқулыққа сүйенбей мұғалімнің көмегінен қорытып шығару).

Сонымен, қорытып айтатын болсақ, бұлар 3 кезеңінің бірінші деңгейі үшін - 1,2 кезеңдерде игерілген теориялық материалды пысықтау мен қайталауға, ережелер мен анықтамаларды, формулаларды жаттауға арналған тапсырмалар және олар сынақ арқылы бағаланады.

Жоғары деңгейлер үшін - алған білімдерін өз бетімен қорыту мен жүйелеуге, оларды тереңдетіп дамытуға және тәжірибеде қолдануға арналған тапсырмалар.

Технология бойынша жүргізілетін оқушылардың өз бетімен білім алу процесі «басқаруға ыңғайсыз» - делініп, сыналып жатады. Сондағы айтатындары: «оқушы осы кезеңде өз білгенін істейді, оның іс-әрекеті көбінесе, қате болады» дейді.

Мүмкін, дәстүрлі оқу процесінде оқушыларды дәстүрлі оқулықтар бойынша өздігімен оқытуға тырысып, өздік жұмыстарын жүргізген кезде солай болса, болған шығар.

Бірақ, оқытудың жаңа технологиясы жағдайында:

- оқушылардың өздігімен жүргізетін танымдық іс-әрекеті үшін тапсырмалар күрделілігі төрт деңгей бойынша құрастырылып;
- оқыту-проблемалық принциптер бойынша жүргізіліп;
- барлық деңгейдегі тапсырмалар қызғылықты мазмұндалған болса, оқушыларда ынталану пайда болады.

СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ДАМУ ТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Қызықты сабақтар мұғалімнің ашқан жаңалығы, әдістемелік ізденісі, қолданған әдіс-тәсілдері арқылы ерекшеленіп, шәкірт жүрегіне

орын алады. Сондай технологиялардың бірі әлемнің 18 елінде сынақтан өткізілген «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шындалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адам-дарға, жоғарғы сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйым-дастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі.

Қызығушылықты ояту. Үйрену процесі–бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарасты-рылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін "Топтау", "Түртіп алу", "Ойлану", "Жұпта талқылау", "Болжау", "Әлемді шарлау" т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі мағынаны тану (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында V – "білемін", — - "мен үшін түсініксіз", + - "мен үшін жаңа ақпарат", ? – "мені таң қалдырады" белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі.

Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады.

Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді.

Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған "Бес жолды өлең", "Венн диаграммасы", "Еркін жазу", "Семантикалық карта", "Т кестесі" сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады.

Жоба 60-қа жуық стратегиялардан тұрады. Солардың кейбірімен таныстыра кетеміз.

Джиксо – ұжымдық оқыту әдісі. Мақсаты – жалпы мәселені алдымен жұпта, сосын ұжымда талқылау. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілігі артады.

Әдісті қолдану төмендегіше ұйымдастырылады. Алдымен ұжым 4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Бұл "жанұя" топтар деп аталады. Содан кейін 1, 2, 3, 4-ке санау арқылы 1-лер бөлек, 2, 3, 4 өз алдына "жұмыс" тобын құрайды. Оқуға ұсынылатын материалдың тақырыбы талқыланған соң осы мәтінді түсіну қажет екендігі ескертіледі. 4 логикалық бөлікке бөлінген мәтіннің 1-бөлігін 1-лер, 2-бөлігін 2 санын алғандар, 3, 4 нөмірлі топтарға оқуға тапсырылады. Жұмысты бастамас бұрын оқушыларға "жұмыс тобында" мәтіннің тиісті бөлігін жақсы меңгеру қажеттілігін, өйткені сол бөлікті

"жанұя топ" оқушыларына түсіндіруге жауапты екенін, мәтінді тұтас түсіну әр оқушының ыждағаттылығына байланысты екенін түсіндіру қажет.

Келесі кезекте ұжым мүшелері бастапқы топтарымен қайта табысып, өздерінің үйреніп келген бөліктеріндегі мазмұнды ортаға салады. Осылайша ұжым мүшелері бірін-бірі оқытуға, сол арқылы ойлауға үйренеді.

ДЖИКСО стратегиясы мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін өте тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды. Сондай-ақ, мұғалімді, мектеп қызметкерлерін түсіну, оларға деген дұрыс көзқарасқа үйренеді.

ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Оқушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жоба жұмысын жасауға мақсатты әрі жүйелі түрде бағыттау керек екені – бүгінгі күн талабы. Сондықтан да жобалау технологиясының тиімділігі күннен күнге артуда.

Бұл технология әлемдік педагогикада жаңалық емес. Ағылшын тілінен аударғанда «cooperative learning» – бірге үйрену деген мағынаны білдіреді.

Түсіндірме сөздікте оған төмендегідей анықтама беріледі: Жобалау технологиясы – оқушылардың жоспарлау және күрделене беретін тапсырмаларды орындау арқылы меңгеретін білімі.

Жобалау технологиясы 19 ғасырдың 2-ші жартысында АҚШ ауылшаруашылығы мектептерінде пайда болған. Оның негізін қалаған – Джон Дьюи атты психолог және педагог, философ. Дьюидің ілімін жалғастырушы – Колумбия университетінің жанындағы мұғалімдер колледжінің профессоры Уильям Херд Килпатриктің ойынша, балаларды өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы үлкен өмірге дайындау – бұл технологияның негізі. «Өзіне көйлек тігіп киген бойжеткенді мысалға алайық. Егер ол кейін өзі киетін көйлегі үшін жанын аямай, ерінбей, аса қызығушылықпен көйлек үлгісін өзі ойлап тауып, өз бетімен өлшеп, пішіп, тігіп кесе – бұл мысал жобалау технологиясының нағыз типтік үлгісі.» – деген екен Хилпатрик.

Кеңес үкіметі кезеңіндегі мектептерде жобалау технологиясын енгізуге асықпай жүргенде, ағылшын тілінде сөйлейтін мемлекеттерде: АҚШ-та, Канадада, Англияда, Австралия және Жаңа Зеландияда ол кеңінен таралып жатты. Еуропаның да бірқатар мемлекеттерінде ол кең тамырын терең жая бастады.

Әрине, уақыт өткен сайын бұл технология да бірқатар өзгерістерге ұшырап отырды. Еркін тәрбиелеу ойынан туындаған жобалау әдістемесі біртіндеп «тәртіпке бағынып», білім беру әдістемесі құрамына табыспен еніп отыр.

Бірақ оның негізі, түпкі мақсаты қай кезде болса да қала бермек – оқушыны білім алуға және сол білімін мектеп қабырғасынан шыққанда нақты проблемаларды шеше білуде қолдануға үйрету.

Қазақ педагогикасының атасы Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық» деген өлең жолдарында осы технологияның негізгі ұстанымдары жатыр.

Өйткені, бұл технологиялық оқудағы мұғалім мен оқушының іс- әрекеттері түбегейлі өзгереді.

Салыстырып көрелік:

Оқушының іс-әрекеті:	Мұғалімнің іс-әрекеті:
– Оқушы-оқыту субъектісі.	– Жеке тұлғаға қарай бағытталған ұсынушы, нақты мақсат қоюшы.
– Мақсатқа дербес өз іс-әрекетімен жетуші белсенді субъект.	– Бағыт-бағдар беруші, кеңесші.
– Өзін-өзі және бір-бірін оқытушы.	– Оқушының жетістігін құптаушы.
– Өнерпаз, жасампаз еңбектің иесі.	– Ынталандырушы, мақсат қоюшы.
– Өз ізденісімен табысқа жетуші шығармашылық тұлға.	– Мақсаттарға жетелеуші.

Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу.

Егер оқушы жобасы тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлай білсе, оны дұрыс орындай алса – ол болашаққа дұрыс бейімделген тұлға болып қалыптасады. Әр түрлі жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдай отырып, әр түрлі адамдармен тіл табыса отырып, әр ортада дұрыс бағыт – бағдар бере алады.

Сонымен, жобаның тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде.

Жобалау технологиясының негізінде – оқушылардың жұппен немесе топпен бірігіп дайындайтын шығармашылық жұмыстар жатыр.

Оқушылардың жоба жұмыстарын ұйымдастыру үшін жоғарыда айтылғандай, оны жоспарлай білу қажет.

Жоба жұмысы кезендері	Жұмыстың мазмұны	Мұғалімнің тәрбиелік мақсатты шешудегі негізгі іс-әрекеттері	Оқушылардың іс-әрекеті
1. Дайындық кезеңі	Жоба тақырыбын анықтау	Бір бағыт төңірегінде оқушыларды тақырып таңдауға ынталандырады. Топтағы әрбір оқушының пікірін ескере отырып жұмысты жоспарлауға үйретеді	Әр оқушы өмірлік өз тәжірибесіне (егер ол болса), сүйене отырып, өз ойын ортаға салады, бірігіп жобаның түпкі мақсатын анықтайды
2. Жоспарлау	Топқа бөлу. Ақпарат жинау және талдаудың жолдарын көрсету. Әрбір топ мүшесі алдындағы жұмысын анықтау	Оқушыларды өз бетімен ақпарат жинауға бағыттайды. Әрбір топ мүшесінің пікірін ескере отырып, ұжымдық талқылау шешімін тыңдайды, қажет болса өз ойымен бөліседі. Оқушылардың жобы бойынша күнделігін тексереді	Топ арасында әркімнің атқаратын қызметін анықтайды, өз тақырыптарын анықтау жұмыс істеу кезеңдерін жоспарлап, бірінші нәтижеге жету уақытын белгілейді. «Қоғамдық» тапсырманы орындауға дайындығын көрсетеді
3. Зерттеу жұмысы	Ақпарат жинау, аралық нәтижені талдау, зерттеудің негізгі құралдары: сұхбат, анкета бақылау, алынған түрлі ақпаратты талдау	Оқушы күнделігін бақылап, әрбір жетекшісімен және топ мүшелерімен жеке-жеке сөйлесу, талдау, нәтижені салыстыру арқылы алдағы жұмысқа бағыт беру	Жеке және жұптық жұмыс, анкета сұрақтарын құрастыру. Қажет болса сценарий жазу, қоғамдық ұйымдармен қарым-қатынас қалыптастыру. Білімін әр пәндік салада кеңейтеді, түрлі қоғамдық жұмыстармен танысады, шығармашылық, белсенділік, талаптылық қасиеттерін бойында қалыптастырады
4. Нәтижені талқылау	Ақпаратты талдау, шешім шығару, тұсау кесердің қандай түрде өтетінін жоспарлау	Бақылайды, кеңес береді. Топ ішіндегі жеке оқушылардың еңбегін бағалай отырып, бірігіп қорғау үшін ынтимаққа бір-біріне деген сыйластыққа шақырады. Тұсау кесерге келетін қонақтар тізімін жазады, қажетті аудио-видеотехниканы жабдықтайды	Топ арасындағы әркімнің ролін анықтап, алынған ақпараттың арасынан ең негізгіні белгілеп жазады. Проблемалық сұрақтарды анықтап, оны бірге шешуге дайындалады
5. Жұмыстың тұсау кесері		Тыңдайды, проблемалық сұрақтарды қоя отырып, оқушыны сөйлетуге мүмкіндік жасайды	Алынған нәтиже туралы есеп береді. Бір-бірін мұқият тыңдайды, сөйлеу мәдениетін ескере отырып бір-бірінің ойларын жалғастырып отырады
6. Бағалау және жоспарлау		Шығармашылық жұмысты бағалайды, еңбек иелерін алдағы үлкен мақсаттарға жетелейді	Ұжымды талқылай отырып бір-біріне, өздеріне баға береді, алдағы жұмыс құрайды

Технологиядағы жобаның түрлері: Ғылыми жоба; Шығармашылық жоба; Ойын түріндегі жоба; Ақпараттық жоба және т.б. түрлері бар. Мерзіміне қарай қысқа мерзімді жоба болып бөлінеді.

Жобалық жұмысты орындау барысында оқушының бойында өз бетінше өзінің қабілеті мен қызығушылығына қарай тақырыпты еркін таңдай білу, таңдаған тақырыбына байланысты мақсат-міндеттер қоя білу, мақсат-міндеттеріне қарай жұмыс жоспарын құру, тақырыпқа қатысты мәліметтерді жинақтауға, жүйелеу, орындалатын жұмыстардың әдістерін талдау, салыстыру арқылы, тиімді тәсілді таңдау, өз ойын, көзқарасын жүйелі, дұрыс және дәлелді жеткізу дағдылары қалыптасады. Жобалық тапсырмаларды негізінен оқушылардың өздері орындайды, тапсырманы орындаудың уақыты белгіленеді. Алайда жобадағы шешілуі тиіс мәселенің күрделілігі мен ерекшелігіне байланысты, мұғалім бағыттаушы, басқарушы ролін атқарады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, оның дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге, мұғалімдер алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Бұдан шығатыны, ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарының негізгі проблемаларының бірі – «Білім – бүкіл өміріңе» қағидасынан «Білім бүкіл өмір бойына» қағидасына өте алатын білім жүйесінің ұйымдық құрылымдарын іздеу болып табылады.

Педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты міндет – оқушының оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету. Ал бұдан педагогикалық технологияның тиімділігі шығады.

Оқыту үрдісінде технологияны қолдану мұғалім мен оқушы қарым – қатынасының бұрынғы қалыптасқан жүйесін, олардың іс-әрекеттерінің мазмұнын, құрылымын үлкен өзгерістерге ұшыратады. Қалыпты білім беру жүйесінде мұғалім – оқушы – оқулық түрінде құрылған үш жақты байланыс бұзылып, мұғалім – оқушы – компьютер – оқулық жүйесі пайда болды. Мұндай жүйеде білім беру оқыту процесінде компьютерді қолдану білім мен біліктілікке қоятын талаптарды қайта қарап, жетілдіріп, жүйелеуді талап етеді. Ақпараттандыруда технологияның негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Осыған сәйкес қазіргі білім жүйесінің ерекшеліктеріне – оның іргелілігі, алдын алу сипаты және оларға қол жеткізу мүмкіндіктері жағайды.

Қазіргі таңда білім саласы қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат – жана технологиялар арқылы білім мазмұнын жаңарту. Технологиямен жұмыс жүргізу 4 саты арқылы іске асады. Олар: оқып меңгеру; тәжірибеде қолдану; шығармашылық бағытта дамыту; нәтиже.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудан негізгі құрал компьютер болып табылады. Компьютер – білім беру ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа, тың дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік беретін зор құрал. Бірақ әлі күнге дейін біз осы зор құралдың шексіз мүмкіндіктерінің оннан бірін де пайдалана алмай отырмыз.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың 2030 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыруға белсене қатысатындар, кең байтақ Қазақстанның байлығына ие болатындар, сол байлықты өз иелігіне жұмсайтындар, сөз жоқ, қазіргі мектеп қабырғасында жүрген біздің оқушыларымыз екеніне ешкім күмән келтіре алмайды. Менің де мұғалім ретінде алдыма қойған мақсатым – оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сол себепті сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру оқушының қызығуын, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы дағдыландыру – әрбір ұстаздың абыройлы борышы.

Орта мектепте физика пәнін оқытуда жаңа технология түрлерін тиімді қолдана білген мұғалім, білім сапасын арттыруда, оқушылардың пәнге қызығушылығын туғызуда, жас ұрпақты ізенімпаздыққа, шығармашылдыққа, бәсекеге қабілеттілікке тәрбиелеуде жоғары нәтижелерге қол жеткізе алары анық. Сондықтан бұл әдістемелік құралда бүгінгі күнде оқу үрдісінде қолданылып жүрген сын тұрғысынан ойлау, модульдік технология, жобалау технологиясы т.б. жаңа технологияларды физика сабағында ұтымды қолдана білу жолдарын, олардың физиканы оқытудағы тиімді жапқтарын көрсетуге тырыстық. Қазіргі педагогикалық ғылымның бір ерекшелігі-баланың тұлғалық дамуына бағытталаған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Жаңа педагогикалық технологиялар-бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамасымен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр іс-әрекет оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды.

Оқытудың технологиясын жетілдірудің психологиялық-педагогикалық бағыттағы негізгі ой-тұжырымдамалары бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытып оқуға көшу, оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламалардан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына өту болып табылады. Оқытудың жаңа технологияларының принциптері – оқытуды ізгілендіру, өздігінен дамитын дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп, өсіруші, тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру болып табылады.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Н.Т. Жумажанова

Средняя общеобразовательная школа имени Бегалина
с. Кайнар, г. Семей Области Абай

СОВРЕМЕННЫЕ ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ

XXI век по праву можно считать веком расцвета инновационных технологий, которые активно внедряются в самые разнообразные сферы человеческой деятельности, и образование среди них, естественно, становится одним из самых значимых. Инновационные технологии выступают одной из основ функционирования социальных процессов, а также условием взаимосвязи между ними. Информационное пространство через глобальную сеть расширяет возможности человека, позволяя преодолевать географические и политические границы, делая мировые культурные ценности доступными для созерцания каждому, «визуализируя» сферу человеческой жизни. Скорость распространения информационных потоков приводит к ситуации тотальной оцифровки процессов социальной жизни индивидов и рост образования. Смена культурных парадигм происходит прямо на наших глазах в режиме реального времени.











Технология – это совокупность приемов, применяемых в каком-либо деле, мастерстве, искусстве. Это такое построение деятельности педагога, в которой все входящие в него действия представлены в определенной последовательности и целостности, а выполнение предполагает достижение необходимого результата и имеет прогнозируемый характер. Насчитывается больше сотни образовательных технологий.

I. Причины возникновения новых психолого-педагогических технологий: необходимость более глубокого учета и использования психофизиологических и личностных особенностей обучаемых;

II. Осознание настоятельной необходимости замены малоэффективного вербального (словесного) способа передачи знаний системно-деятельностным подходом;

III. Возможность проектирования учебного процесса, организационных форм взаимодействия преподавателя и ученика, обеспечивающих гарантированные результаты обучения.

К числу современных образовательных технологий можно отнести:

-  проблемное обучение;
-  разноуровневое обучение;
-  коллективную систему обучения;
-  технологию изучения изобретательских задач (ТРИЗ);
-  исследовательские методы в обучении;
-  проектные методы обучения;
-  технологию использования в обучении игровых методов: ролевых, деловых и других видов обучающих игр;
-  обучение в сотрудничестве (командная, групповая работа);
-  информационно-коммуникационные технологии;
-  здоровьесберегающие технологии и др.

Сегодня образование продолжает свой путь по пути реформ: меняются стандарты образования, внедряются новые технологии, реформируются уровни образования.

Личностно ориентированное обучение


Личностно ориентированные технологии ставят в центр всей образовательной системы личность обучаемого. Обеспечение комфортных, бесконфликтных условий ее развития, реализацию ее природных потенциалов. Учащийся в этой технологии не просто субъект, но субъект приоритетный; он – цель образовательной системы, а не средство достижения чего-либо отвлеченного.

Особенности личностно ориентированного урока

- Конструирование дидактического материала разного типа, вида и формы, определение цели, места и времени его использования на уроке.
- Продумывание учителем возможностей для самостоятельного проявления учеников. Предоставление им возможности задавать вопросы, высказывать оригинальные идеи и гипотезы.
- Организация обмена мыслями, мнениями, оценками. Стимулирование учащихся к дополнению и анализу ответов товарищей.

- Использование субъективного опыта и опора на интуицию каждого ученика. Применение трудных ситуаций, возникающих по ходу урока как области применения знаний.
- Стремление к созданию ситуации успеха для каждого ученика.

Технология коллективного взаимообучения



- Статическая пара. В ней по желанию объединяются два ученика, меняющиеся ролями: «учитель» и «ученик». Так могут заниматься два слабых ученика, два сильных, сильный и слабый при условии взаимной психологической совместимости.
- Динамическая пара. Выбирают четверых учащихся и предлагают им задание, имеющее четыре части; после подготовки своей части задания и самоконтроля школьник обсуждает задание трижды, т. е. с каждым партнером, причем каждый раз ему необходимо менять логику изложения, акценты, темп и др., а значит, включать механизм адаптации к индивидуальным особенностям товарищей.
- Вариационная пара. В ней каждый из четырех членов группы получает свое задание, выполняет его, анализирует вместе с учителем, проводит взаимообучение по схеме с остальными тремя товарищами, в результате каждый усваивает четыре порции учебного содержания.

Преимущества технологии коллективного взаимообучения:

- ✚ в результате регулярно повторяющихся упражнений совершенствуются навыки логического мышления и понимания;
- ✚ в процессе взаимного общения включается память, идет мобилизация и актуализация предшествующего опыта и знаний;
- ✚ каждый учащийся чувствует себя раскованно, работает в индивидуальном темпе;
- ✚ повышается ответственность не только за свои успехи, но и за результаты коллективного труда;
- ✚ отпадает необходимость в сдерживании темпа занятий, что позитивно сказывается на микроклимате в коллективе;
- ✚ формируется адекватная самооценка личности, своих возможностей и способностей, достоинств и ограничений;
- ✚ обсуждение одной информации с несколькими сменными партнерами увеличивает число ассоциативных связей, а следовательно, обеспечивает более прочное усвоение.

Технология перспективно-опережающего обучения

Ее основными концептуальными положениями можно назвать личностный подход (межличностное сотрудничество); нацеленность на успех как главное условие развития детей в обучении; предупреждение ошибок, а не работа над уже совершенными ошибками; дифференциация, т. е. доступность заданий для каждого; опосредованное обучение (через знающего человека учить незнающего). Чтобы уменьшить объективную трудность некоторых вопросов программы, надо опережать их введение в учебный процесс. Так, трудную тему можно затрагивать заранее в какой-то связи с изучаемым в данный момент материалом. Перспективная (последующая после изучаемой) тема дается на каждом уроке малыми дозами (5-7 мин). Тема при этом раскрывается медленно, последовательно, со всеми необходимыми логическими переходами. В обсуждение нового материала (перспективной темы) вовлекаются сначала сильные, затем средние и лишь потом слабые ученики. Получается, что все дети понемногу учат друг друга. Другой особенностью этой технологии является комментируемое управление. Оно объединяет три действия ученика: думаю, говорю, записываю. Третий «кит» – опорные схемы, или просто опоры, – выводы, которые рождаются на глазах учеников в процессе объяснения и оформления в виде таблиц, карточек, чертежей, рисунков. Когда ученик отвечает на вопрос учителя, пользуясь опорой (читает ответ), снимаются скованность, страх ошибок. Схема становится алгоритмом рассуждения и доказательства, а всё внимание направлено не на

запоминание или воспроизведение заданного, а на суть, размышление, осознание причинно-следственных зависимостей.

Игровые технологии

Игра наряду с трудом и обучением – один из видов деятельности не только ребенка, но и взрослого. В игре воссоздаются условия ситуаций, какой-то вид деятельности, общественный опыт, а в результате складывается и совершенствуется самоуправление своим поведением. В современной школе, делающей ставку на активизацию и интенсификацию учебного процесса, игровая деятельность используется в следующих случаях:

- I. В качестве самостоятельной технологии;
- II. Как элемент педагогической технологии;
- III. В качестве формы урока или его части;
- IV. Во внеклассной работе.

Место и роль игровой технологии, ее элементов в учебном процессе во многом зависят от понимания учителем функции игры. Результативность дидактических игр зависит, во-первых, от систематического их использования, во-вторых, от целенаправленного построения их программ, сочетания их с обычными дидактическими упражнениями. В игровую деятельность входят игры и упражнения, формирующие умение выделять основные характерные признаки предметов, сравнивать, сопоставлять их; игры, развивающие умение отличать реальные явления от нереальных, воспитывающие умения владеть собой, быстроту реакции, музыкальный слух, смекалку и др. Деловые игры используются для решения комплексных задач усвоения нового материала, развития творческих способностей, формирования общеучебных умений. Игра позволяет учащимся понять и изучить учебный материал с различных позиций. Такие игры подразделяются на имитационные, операционные, ролевые и др. В имитационных имитируется деятельность какой-либо организации, предприятия или его подразделения. Имитироваться могут события, конкретные виды деятельности людей (деловое совещание, обсуждение плана, проведение беседы и др.). Операционные помогают отрабатывать выполнение конкретных специфических операций, например, навык публичных выступлений, написания сочинения, решения задач, ведения пропаганды и агитации. В таких играх моделируется соответствующий рабочий процесс. Они проводятся в условиях, имитирующих реальные. В ролевых отрабатывается тактика поведения, действий, выполнения функций и обязанностей конкретного лица. Для таких игр разрабатывается сценарий ситуации, между учащимися распределяются роли действующих лиц.

Технология всех деловых игр состоит из нескольких этапов:

- **Подготовительный.** Разработка сценария – условное отображение ситуации и объекта. В сценарий входят учебная цель занятия, характеристика проблемы, обоснование поставленной задачи, план деловой игры, описание процедуры, ситуаций, характеристики действующих лиц.

- **Ввод в игру.** Объявляются участники, условия игры, эксперты, главная цель, обосновываются постановка проблемы и выбор ситуации. Выдаются пакеты материалов, инструкций, правил, установок.

- **Процесс игры.** С ее началом никто не имеет права вмешиваться и изменять ход. Только ведущий может корректировать действия участников, если они уходят от главной цели игры.

- **Анализ и оценки результатов игры.** Выступления экспертов, обмен мнениями, защита учащимися своих решений и выводов. В заключение учитель констатирует достигнутые результаты, отмечает допущенные ошибки, формулирует окончательный итог занятия.

В новом веке, когда течет поток информации, разношерстный поток сообщений, у учителя должен быть национальный патриотизм, который в совершенстве владеет передовыми техническими, электронными средствами, компьютером, способен связать свой предмет с жизнью, стать главным проводником духовного роста, литературного и культурного развития нации. Быть современным учителем – самая ответственная, самая сложная, самая интеллигентная профессия. Ведь это профессия, требующая большой ответственности, направленной на формирование и развитие человека. Качество образования напрямую зависит от качества деятельности учителей. То есть, если педагог образован, то и ученики этой школы будут образованы. "Первое, что нужно школе – это хорошо образованный, знающий методику, хорошо обучающий учитель", – сказал А. Байтурсинов. Таким образом, основным механизмом повышения качества образования является педагог, а также его теоретические знания и профессиональное мастерство, творческая деятельность. Настоящее и будущее Казахстана принадлежит молодому поколению, Это требует от учителя большого ответственного отношения к своему делу.

Список литературы

1. Ожегов С.И. Словарь русского языка / С.И. Ожегов. – М.: Просвещение, 1991. – 669 с.
2. Кларин М.В. Педагогическая технология обучения / М.В. Кларин. – М.: Издат. центр «Академия», 1984. – 180 с.
3. Лихачев Б.Т. Педагогика / Б.Т. Лихачев. – М.: Просвещение, 1992. – 190 с.
4. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии / Г.К. Селевко. – М.: Нар. образование, 1998.
5. Подласый И.П. Где помогут технологии / И.П. Подласый. – М.: Сов. педагогика, 2003. – 298 с.

ҒТАХР: 03.01.45

А.М. Исабай

Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі,
Семей қ, isabai_a@sm.nis.edu.kz

ТАРИХ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫ ВИЗУАЛИЗАЦИЯЛАУ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАРИХИ ОЙЛАУЫН ДАМУЫТҰ ӘДІСІ РЕТІНДЕ

Мектеп оқушыларының танымдық қабілетін дамыту педагогикалық қызметіндегі басым бағыт деп есептеймін. Ал тарихи білім туралы айтатын болсақ, бұл оқушылардың тарихи ойлауын дамыту, оқиғалар мен құбылыстарды олардың тарихи шарттылығы тұрғысынан қарастыру, тарихи оқиғалар мен тұлғалардың әртүрлі нұсқаларын, бағаларын салыстыра білу, тарихи пікірталас мәселелеріне өзіндік көзқарасын анықтау және орынды ұсына білу.

Бүгінгі заманауи сабақ тек ақпараттық қана емес, сонымен қатар жан-жақты, жеке тұлғаны қалыптастыратын және әлеуметтендіретін элемент. Қоғамды ақпараттандырудың қазіргі жағдайында білім беру процесін заманауи ресурстармен толықтыру қажет, олардың қатарына электронды ресурстарды тарту арқылы да, онсыз да көбейтуге немесе қолдануға болатын визуалды формаға оралған білім беру мазмұны да кіреді.

– Есте сақтаңыз, (бұл сіздің бойыңызда қандай ассоциацияларды тудырады, Абылай хан туралы не білесіз? (тұтқыннан қашуы)

– Аңырақай шайқасы қалай басталды? Сабалақ пен Шарыштың жекпе-жегі.

Жоғарыдағы фактілер бізде белгілі бір визуалды бейнелермен байланысты, кейде тарих тұрғысынан даулы, бірақ соғұрлым жақсы, олар сұрақтар туғызады. Сонымен, ақпаратты визуализациялау танымдық белсенділікті арттыруға, тарихи ойлауды қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін. Визуализация ақпаратты қабылдаудың барлық арналарын қосуға және қабылдау бейнесін толық, айқын және есте сақтауға мүмкіндік береді.

Есте сақтауды қажет ететін көрнекі тапсырмалармен жұмысты қалай ұйымдастыруға болады (карта, сурет) және барлық ақпаратты сақтай отырып, үлкен ақпарат көздерімен қалай жұмыс істеу керек. Мұғалім көрнекі ақпаратты сабақтың кез-келген кезеңінде қолдана алады.

Жаңа материалды түсіндіру кезінде мен осындай әдістерге жүгінемін. Бейнеклиптер, презентациялар, көрнекілікпен жұмыс, тақырып бойынша иллюстрациялар, отбасылық альбомдардан алынған фотосуреттер, көрнекі тарихи дереккөздерді көрсету.

Материалды бекіту кезеңінде мен кластерлер, интеллект карталар, кестелер, диаграммалар, диаграммалар құру әдістерін қолданамын.

Ақпаратты визуализациялаудың бірнеше әдістеріне мысалдар келтірейін. Үй жұмысы немесе тест жұмысының қарапайым және қол жетімді нысандарының бірі визуалды ақпараттық кесте түрінде ұсынылуы мүмкін, онда мұғалім дайындаған суреттер жиынтығы және минималды ақпаратты таңдауға арналған тапсырмалар бар. Мұндай ақпараттық кестелерді кез-келген тақырыпта әртүрлі материалдарды қолдана отырып жасауға болады [1].

Тарихи суреттер емтихан мен олимпиаданың ажырамас элементі болып табылады. Тарихи картиналармен жұмыс жасау кезінде сіз картинадан мүмкіндігінше мәдени және тарихи ақпаратты "тартуға" тырысуыңыз керек.



Ескерткіштің атауы.....
 Қай билеуші кезінде салынды.....
 Қала.....
 Сәулетші.....
 Мақсаты.....



Ескерткіштің атауы.....
 Қай билеуші кезінде салынды.....
 Қала.....
 Сәулетші.....
 Мақсаты.....



Ескерткіштің атауы.....
 Қай билеуші кезінде салынды.....
 Қала.....
 Сәулетші.....
 Мақсаты.....

Ағымдағы сабақты бақылау арқылы стандартты тарих тесттердің орнына тарихи суреттерді пайдалануға болады, мысалы, Әбілқайыр ханның Анна Иоанновна патшайымға жазған хатының себептері мен салдары бойынша негізгі білімді тексеруге арналған тапсырмалардың орнына сабақтың басында келесі көрнекі серияларды беруге болады:



Жоғарыда айтылғандардың барлығын қорытындылай келе, сабақта бейнелеу әдістерін қолданудың бірқатар артықшылықтары бар деп қорытынды жасауға болады. Тарихи оқиғалармен танысу, бейне роликтерді, фотосуреттерді көрсету; суретшілердің картиналарының репродукцияларын көрсетуді пайдалану; графикалық материалды көрсету (кестелер, диаграммалар); картамен, оқулықпен, дәптермен жұмыс, экрандағы ақпаратпен жұмыс істеу сияқты әр түрлі әрекеттерді кезектестіру арқылы оқу процесін сапасын жақсартады. Іс-әрекеттердің, ақпаратты беру тәсілдерінің кезектесуі қабылдаудың әртүрлі арналарын белсендіруге мүмкіндік береді, сабақта оқушылардың зейінін және белсенділігін арттыруға көмектеседі, мұның бәрі тарихи ойлаудың қалыптасуына ықпал етеді [2].

Көрнекілік әдісінің тиімділігінің көрсеткіштері ретінде келесі нәтижелерді қарастыруға болады: пән бойынша білім сапасын арттыру; соның ішінде тарихи картиналардан, фотосуреттерден ақпаратты ала алатынын көрсетеді; танымдық белсенділік пен пәнге деген қызығушылық, оның ішінде сыныптан тыс жұмыстарға (конструкторлық және ғылыми-зерттеу қызметі, муниципалдық, республикалық пәндік олимпиадалар мен жарыстарға табысты қатысу); түрлі деңгейдегі ғылыми-практикалық конференцияларға тиімді қатысу.

Пайдаланған әдебиеттер

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – Астана. «Мұғалімге арналған нұсқаулық».
2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2012. IV том.-561 б. – Астана. Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістері. II халықар. Ғыл.-тәж.конф.баянд.жинағы.

Г.Б. Искакова

СОШ им. С. Бегалина, Абайская область город Семей с. Кайнар

ОБ ОСОБЕННОСТЯХ РАЗВИТИЯ РЕЧИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА В 5-6 КЛАССАХ КАЗАХСКОЙ ШКОЛЫ

Известно, что многие из школьников, да и взрослых, не обладают хорошо поставленным голосом, не умеют ясно и грамматически правильно говорить, излагать собственные мысли в свободной творческой интерпретации в устной и письменной форме, выражать свои эмоции разнообразными интонационными средствами, не соблюдают речевую культуру и не развивают умение общаться.

Сегодня как никогда для педагога особенно важно пробудить интерес к звучащему слову, научить детей почувствовать его истинный вкус и назначение. Несомненно, процесс этот длительный и кропотливый, требующий определенной организации, системы, методической смекалки и выдумки, практического опыта.

На уроках русского языка в школах как с русским, так и государственным языком обучение, надо научить ребят пользоваться русским словом, понять и почувствовать его, стремиться развивать свою речь, совершенствовать свое речевое творчество.

Одной из важных задач является работа не только над обогащением словаря учащихся, но и над увеличением подвижности того запаса слов, которым владеет ученик в данный момент, связывать воедино грамматический и речевой аспекты обучения, стремиться к реализации коммуникативного подхода.

Поэтому мы считаем важным развитие письменной речи учащихся и формирование их лингвистической компетенции, что позволит им в дальнейшем успешно сдать выпускные экзамены за 9 или 11 класс. Мы считаем, что развитие речи – это урок творчества. На таком уроке должна проявиться индивидуальность каждого ученика, должны развиваться его творческие способности, любознательность.

Цели образования определяются в соответствии с запросами общества, с современными подходами к развитию образования. Современное образование связано, в первую очередь, с развивающими и воспитательными функциями; с личностно-ориентированными технологиями обучения русскому языку, а также и литературе. Это предполагает необходимость всестороннего развития речевых способностей ученика, формирование языковой компетенции. Мы должны формировать личность, в совершенстве владеющую устной и письменной речью.

Развитие речи – главная задача уроков русского языка в средней школе, поэтому требуется постоянная и систематическая работа в этом направлении.

Речь – это сложнейшая человеческая деятельность, причем творческая деятельность, включающая в себя умение наблюдать, мыслить, фантазировать, а также слушать и слышать.

Прежде выучивается говорить тот, кому есть что сказать, поэтому необходимо учить детей не техническому оформлению высказываний, а речевому мышлению, речевому творчеству, а также восприятию чужой речи.

Развитие речи учащихся на уроках русского языка предполагает совершенствование всех видов речевой деятельности (говорения, аудирования, чтения, письма) и осуществляется в трёх направлениях, составляющих единое целое.

Первое направление в развитии речи учащихся – овладение нормами русского литературного произношения, употребление слов в соответствии с их лексическим значением и стилевой принадлежностью.

Второе направление – обогащение словарного запаса и грамматического строя речи.

Третье направление – формирование умений и навыков связанного изложения мысли. Развитие связанной речи предполагает работу над содержанием, построением и языковым оформлением высказывания, которая осуществляется при выполнении специальных упражнений и при подготовке к изложению и сочинению. Она включает формирование и совершенствование умений анализировать тему, уточняет ее границы, определяют основную мысль, составлять план в соответствии с ним систематизировать материал, правильно подбирать языковые средства.

Работа по развитию речи включает себе формирование навыков выразительного чтения. Занятием по выразительному чтению предшествует и сопутствует работа над развитием речевого

слуха учащихся (умение различать звуки в слове, отчетливо произносит слова, различать ударные и безударные слоги, определять границы предложений, повышать и понижать голос, убыстрять темп речи, выделить слово, на которое падает логическое ударение). Очень важно добиваться, чтобы каждый текст не был прочитан монотонно, не выразительно.

Используемая в настоящее время методика направлена на ознакомление учеников с разнообразными средствами речи (типами, стилями речи и пр.), но не практическое овладение ими: немотивированность детей? Небольшое количество учебных часов, отводимых на развитие речи, недостаточный тренинг умений и навыков приводят тому, что учащиеся обычно знают о возможностях речи, но не умеют ими пользоваться.

Формирование навыков устной и письменной речи ведется на уроке; после уроков (внеклассная работа) и в ходе индивидуальной самостоятельной работы учащихся.

Нами включаются следующие основные виды работ.

1. Работа со зрительной опорой.

Как правило, в качестве зрительной опорой используются комиксы, какие-то картинки, фотографии. Виды работ со зрительной опорой: а) устный диалог; б) устный рассказ; в) письменный рассказ.

2. Творческие работы (сочинения на основе личных впечатлений:

– музыкальные;

– читательские;

– жизненные;

– фантазийные.

3. Устные дискуссии.

Основная цель этой работы – научить слушать и слышать, формулировать свои мысли и аргументировать их.

4. Устная или письменная газета.

5. Языковые игры:

– «Корректор»

– «Вставь слово» (слайд)

– Бурмие

– Продолжи рассказ по его началу...

– Собери текст.

– Распроси предложение

– Найди третье лишнее и др.

6. Минутка поэзии

7. Мини-изложения, мини сочинения.

8. Творческие диктанты на основе картин.

9. Почему так, а не иначе.

10. Пересказ художественного текста от лица героя и т.д.

Форма работы – групповая, в парах, индивидуальная.

Задание: «Вставь слово»

(Какой?)... в сентябре лес – в нем рядом весна и осень. (Какой?) ...лист и (какая?) ... травинка. (Какие?) ... травы и (какие?) ... цветы. (Какой?) ... иней и бабочки. (Какое?) ... солнце и (какой?) ветер. Увядание и расцвет. Песни и тишина. Грустно и радостно! (Н. Сладков).

А жаворонок все пел, поднимаясь выше и выше, (Какое?) ... солнце Осветило его, и теперь он уже казался с земли не (какой?) ... птичкой, а (какой?) ... звездочкой, вторым (каким?) ... солнышком, рожденным самой землей. (По Г. Скребницкому).

Подобные задания помогают ребятам на примерах художественных текстов подбирать слова, а потом их сравнить с исходным текстом.

Такие же задания разработаны по теме «Глагол», «Имя существительное» и др.

Для развития речи детей очень важно, чтобы они постоянно слышали образцы правильной красивой речи, как письменной – это могут быть художественные тексты, которые читаются на уроках, – важно постоянно обращать внимание на красоту, совершенство языка, так и устной – это могут быть записи выступлений артистов и, конечно же, речь самого учителя. Необходимо обращать на удачные образцы речи самих детей.

Систематическое использование этих методических приемов позволяет развивать речь учащихся. Ребята не боятся высказывать свое мнение, стараются его отстаивать, пытаются доказать

свою точку зрения. Они составляют разнообразные высказывания с использованием различных языковых средств. У них начинает развиваться чувство языка, чувство слова. Совершенствование речевых навыков способствуют их успешной учебе, выступлениях на различных конкурсах и олимпиадах.

Дети чувствуют себя при ответах в классе уверенно. Они положительно воспринимают предмет «Русский язык» и с удовольствием идут на эти уроки.

Список литературы

1. Жанпейсова У.А., Кожакеева Ш.Т. Русская речь: учебник для 5 класса общеобразовательных школ с казахским языком обучения. 3 –е издание, доработанное/ – Алматы: Атамұра, 2010/
2. Подгаецкая И.М. Воспитание у учащихся интереса к изучению русского языка/ – Москва: Просвещение, 1985.

ҒТАХР: 14.25.09

А.К. Калиев, Н.К. Калиева

Борас орта мектеп-бақшасы, Бесқарағай ауданы, Абай облысы

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТРЕНДТЕР

Біздің еліміз әлемдік білім кеңістігіне әлдеқашан енген, бірақ қабылданған стандарттарға сай болу үшін әрқашан қатардан қалмай, мемлекет пен қоғам үнемі дамуы керек.

Білім үнемі зор мүмкіндіктер әлемінің есігі болды және болып қала береді. Елімізде мектептегі білім беру жүйесіне ең озық идеялар мен педагогикалық технологияларды енгізу бойынша белсенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Оқушыларымыздың білім сапасын арттыру арқылы біз оларды біз өмір сүрген әлемнен әлдеқайда күрделі және жылдамырақ әлемде өмір сүруге дайындаймыз. Ең дұрысы, қазақстандық мектепті бітіргендердің барлығы халықаралық деңгейге сәйкес бәсекеге қабілетті болуы керек. Жақсы жұмыс үшін бәсекелестік пен инновация енді бір қаламен, тіпті бір елмен шектелмейді, әлемдік деңгеймен қарастырылады.

Ол үшін мектептерге заманауи мемлекеттік білім беру стандартын енгізіп, жоғары кәсіби мамандармен және соған сай лайықты материалдық-техникалық жарақтандыру, жаңа буын оқулықтарымен қамтамасыз ету, орта білім беруді мүмкіндігінше жаңғырту қажет. Бұл жұмыс басталып кетті және орта және ұзақ мерзімді перспективада өз жемісін беруді тиіс.

Жаһандану, жаңа технологиялардың дамуы, цифрлық жүйеге толық көшу, COVID-19 індеті – осының барлығы болашақ қоғамды ғана емес, сонымен қатар 21 ғасырдағы білім беру жүйесінің даму тенденцияларын анықтайды.

Әлемнің мектептері мен университеттерінде қазірдің өзінде белсенді түрде жүзеге асырылып жатқан болашақ білім берудің негізгі тенденциялары қандай? Бұл мақалада біз маңызды және ұзақ сақталатын келген ең жақсы 10 технологияны жинадық.

Болашақ білім берудің 10 тренды

Болашақ білім беру жүйесінің негізгі тренды білім берудің жаңа форматтарын іздестірумен ғана емес, сонымен қатар білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының жаңа рөлдерімен де байланысты. Ең маңызды трендтер:

1. Үздіксіз оқу немесе өмір бойы білім алу (Lifelong Learning).
2. Толық цифрландыру.
3. Жаппай ашық онлайн курстар (MOOC).
4. Геймификация.
5. VR және AR технологиялары.
6. Белсенді жобалау жұмыстары.
7. Agile және Scrum технологиялары.
8. Бейімделіп оқыту.
9. Интегралдық тәсіл.
10. Мұғалімнің рөлінің өзгері және чат-боттар

Қазіргі заманғы жастардың клиптік ойлауы, олардың ойын-сауық контентіне, Тик-Ток пен жаңа технологияларға деген ұмтылысы студенттер ақпаратты пассивті қабылдайтын оқыту парадигмасына енді сәйкес келмейді.

Үздіксіз оқу немесе өмір бойы білім алу (Lifelong Learning)

Болашақтың білім беру трендтерінің рейтингінде өмір бойы білім беру тұжырымдамасын бірінші орынға шығаруымыз бекер емес. Өйткені, онсыз қазіргі адамның өмірін елестету мүмкін емес. Ақпарат орасан зор жылдамдықпен жаңартылуда, жаңа технологиялар пайда болуда, роботтар адамдарды алмастыруда, бұрын белгісіз мамандықтарға сұраныс артып келеді. Өкінішті, ащы шындық: сіз университетті әлі бітірген жоқсыз, бірақ сіздің біліміңіз әлден ескірген. Мұның бәрі бізді, құзыреттілік деңгейін сақтау үшін, үнемі үйренуге, оқуға мәжбүрлейді. Егер бұрын университет түлегі жұмысқа орналасып, зейнеткерлікке шыққанша адал еңбек етсе, қазір әрбір бес жыл сайын жұмыс орнын, тіпті қызмет саласын өзгерту – кәсіби дамудың қалыпты жолы.

Толық цифрландыру

Заманауи білім берудегі тағы бір маңызды тренді цифрландыру – ұзақ уақыт бойы сақталатыны сөзсіз. Бұл құбылыс қашықтан оқытуға көшуді ғана емес, сонымен қатар мобильді технологиялар рөлінің артуы мен студенттер үшін цифрлық ортаны құруды қамтиды. Білім берудің цифрлық әлемге көшуінің басты себебі – жаһандану және студенттердің айтарлықтай өсуі. Университеттерге күндізгі оқу бөліміне барлық тілек білдірушілерді қабылдағаннан гөрі Интернетте курстарды ашу әлдеқайда оңай. Бұл шетелдік студенттер үшін де жақсы, өйткені олар беделді университеттің дипломын алу үшін ұзақ жол жүріп шығындалмайды. Соңғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, бүкіл әлемде Интернетті пайдаланушылардың санының тұрақты өсуі байқалады. Соңғы жылдары Қазақстанда ел халқының 81% интернетке қол жеткізді. Интернет-технологиялар қашықтықты азайтады және әлемнің кез келген нүктесінен оқуға мүмкіндік береді

Жаппай ашық онлайн курстары (MOOC)

Білім беру жүйесіндегі бұл жаһандық өзгеріс алдыңғы екі трендтен туындайды және бірқалыпты жүреді. Жаппай ашық онлайн-курстар екі міндетті тиімді шешеді:

1. Өзекті білімге мүмкіндігінше көп адамдардың қол жеткізуін қамтамасыз етіңіз.
2. Білім алу үдерісін ашық және интерактивті ету.

Әлемдегі ең беделді университеттердің курстарына тек шетелде ғана емес, Ресейде де қолжетімді білім беру платформалары бар. Мысалы, бірыңғай MOOC платформасында деректерді талдау, дизайн, маркетинг, IT әзірлемелер, ағылшын тілі және менеджмент бойынша заманауи оқу бағдарламаларын таба аласыз. Тіпті балаларға арналған тегін курстар мен курстар да бар.

Геймификация

«Біздің бүкіл өміріміз ойын, ал адамдар оның ойыншылары»

XXI ғасырдағы Уильям Шекспирдің сөздерінің маңыздылығы артады, өйткені қазір ойын білім берудің қажетті элементіне айналады. Тіпті «білім беру» (education) және «сауық» (entertainment) ұғымдарын біріктіретін арнайы термин – Edutainment болды.

Білім беру үдерісін геймификациялау тәжірибесі мектеп оқушылары мен студенттерді оқуға тартады, шығармашылық ойлауды, «икемді дағдыларды» немесе қазіргі әлемде маңызды болып табылатын «soft skills» дамытуға көмектеседі, сонымен қатар үдерістің басқа қатысушыларымен өзара әрекеттесу жолдарын табады. .

Kidaptive компаниясы балаларға арналған білім беру ойындарын әзірлейді. Олардың ішіндегі ең танымалы – Leo's Pad. Онда жас қатысушыларды Леонардо да Винчи, Галилео Галилей және Мари Кюридің жетекшілігімен тапсырмаларды орындап, ғылым мен өнер әлеміне саяхат жасауға шақырады. Балаларды бақылау, олардың ойында алған дағдыларын өмірде қолдана бастайтынын көрсетті.

VR және AR технологиялары

Геймификацияның логикалық жалғасы ретінде тағы бір тренд пайда болады, ол – виртуалды және толықтырылған шындық технологияларын пайдалану. Бұл оқу үдерісіне жаңаша қарауға, оны көлемді және қызықты етуге мүмкіндік береді. Виртуалды шындық әдістері зерттелетін материалдың көрнекілігін арттырып қана қоймай, қабылдау шекарасын кеңейтіп, теория мен практиканы барынша жақындатуға көмектеседі.

VR және AR технологияларының тиімділігі шетелдер де, отандық институттарда белсенді жүргізіліп жатқан әртүрлі эксперименттермен дәлелденеді.

Белсенді жобалық жұмыс

Заманауи технологиялардың арқасында біз кез келген ақпаратқа қолымыздың ұшын тигізсек болды, қол жеткізе аламыз. Сонымен қатар, нақты өмір мен бизнеске түлектерден теориялық білім емес, практикалық дағдылар қажет. Бұл екі факт оқу үдерісін түбегейлі қайта құруды талап етеді. Бұдан шығатыны, студенттердің өзіндік жұмысының рөлі артып келеді. Енді олардың өздері сабақ алдында қажетті ақпаратты тауып, зерттей алады. Ал мұғалімдер түсіндіру жұмыстарына аз уақыт

жұмсайды, ал топтық іс-әрекеттер мен жобалық жұмыстарды ұйымдастыруға көбірек уақыт бөледі. Кейстерді, проблемалық тапсырмаларды шешу, білім беру жобасын әзірлеу, миға шабуылға қатысу және шығармашылық шешімдерді іздеу бірінші орынға шығады.

Бұл тәсілдің артықшылықтары:

- студенттер нақты тәжірибе алады;
- сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;
- алған білімдері мен дағдыларын іс жүзінде қолданады;
- ақпаратты жақсы меңгеру;
- басқалармен қарым-қатынас жасауды және ынтымақтастықты үйрену;
- оқуға ынта артады.

Жобалық жұмыс қызықсыз лекцияларға тамаша балама болып табылады, содан кейін студенттер альма-матердің қабырғаларынан ынталы әрі шынайы өмірге дайын болып шығады.

Agile және Scrum технологиялары

Қазіргі білім беру тенденцияларының қатарында тек жаңа форматтар ғана емес, сонымен қатар оқу үдерісін ұйымдастыру әдіст – тәсілдері де бар. Солардың бірі – Agile және Scrum технологияларының принциптерін енгізу.

Білім берудегі Agile және Scrum оқу үдерісін қысқа бөліктерге бөлуге, жобалар бойынша топтық жұмысты күшейтуге және оқу нәтижелерін үнемі бақылауға мүмкіндік береді. Agile әдістемесі студенттерді өздеріне үнемі кері байланыс беруге, әр кезеңге жауапкершілікпен қарауға және жоғары мотивацияны сақтауға үйретеді. Agile және Scrum, әдетте, IT компанияларында жұмыс істеудің негізгі әдістері екенін ескере отырып, студенттер жылдам кәсіби өсулеріне қажет болатын пайдалы дағдыларды игереді.

Бейімдеп оқыту

Адаптивті оқыту әлемде барған сайын танымал болуда. Оқытудың оқушының талабына сай болуы керектігі ерте заманда айтылған. Бірақ бұл идея жасанды интеллекттің дамуымен шын мәнінде ақиқатқа айналды. Бейімделу жүйелері оқушының танымдық ерекшеліктерін, оның ақпаратты қабылдау тәсілдерін және дайындықтың бастапқы деңгейін ескеретін оқытудың максималды түрде жеке тұлғаға бағытталған әдісін жасауға мүмкіндік береді.

Әзірше, адаптивті бағдарламалардың шектеулері бар: олар гуманитарлық ғылымдар мен үнемі өзгеретін салалар үшін қолайлы емес. Бірақ бұл бағыттар технологияларды одан әрі дамыту бүшін негіз болып табылады.

Интегралдық тәсіл

Білім берудегі және өмірдегі интегралды көзқарас пәнаралық оқытуды қамтиды. Классикалық медицинада ауру – бұл дәрілік немесе хирургиялық әдістермен емдеуді қажет ететін физикалық ауру. Интегралды әдісті қолданатын маман ауруды физикалық дене тұрғысынан ғана қарастырмайды, сонымен қатар науқастың психологиялық жағдайын, оның айналасындағылармен қарым-қатынасын, отбасылық тарихын ескереді, емдеудің баламалы әдістерін біледі.

Төрт квадрант – интегралдық жүйенің элементтерінің бірі. Егер сіз шынымен сұранысқа ие болғыңыз келсе, пәнді әртүрлі қырынан зерттеуге мүмкіндік беретін пәнаралық дағдыларды дамыту туралы ойлануыңыз керек.

Интегралдық тәсілдің негізін салушы қазіргі заман философы және жазушысы Кен Уильбер. Оның әзірлеген жан-жақты қамтылған AQAL жүйесі тұлғаның дамуына да, кәсіби құзыреттіліктердің өсуіне де қолайлы.

Мұғалімнің рөлінің өзгеруі және чат-боттар

Уақыт өте келе күшейе түсетін маңызды тенденция – мұғалім рөлінің өзгеруі. Ол білім берудің жалғыз қайнар көзі болудан қалды. Енді оқу үдерісін құрып, қадағалайтын тұлғаға айналады.

Мұғалімнің мойнына келесі міндеттер жүктеледі:

- оқушыларды оқуға тарту;
- мотивацияны қолдау;
- интерактивті жобаларды ойлап табу және бағыттау;
- ойлауға және ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдауға үйрету.

Ал білімді тексеруге кім жауапты болады? Бұл да мұғалімнің міндеті. Бірақ қазірдің өзінде чатбот әзірлеу қызметтері бар.

Нейротехнологиялар және білім берудегі үлкен деректер

Біз нейротехнологиялар мен үлкен деректер жүйесі туралы айта кетуіміз керек. Өйткені, олар тек маркетинг және экономика саласында ғана жұмыс істемейді. Олар заманауи білім беруді жақсартады. Атап айтсақ, нейротехнологиялар оқушылардың зейінін ұзағырақ ұстау үшін оқу

үдерісін қалай құру керек деген сұраққа жауап береді. Ал, үлкен деректер Big Data курстарды оқу кезінде студенттердің мінез-құлқы туралы көптеген ақпаратты өңдейді және біздің қалай жақсы оқитынымызды көрсетеді. Мұның барлығы бейімделген оқытуды және басқа технологияларды тиімдірек етуге көмектеседі.

Нейротехнологиялардың арқасында біз студенттер қарапайым және түсінікті тілде берілген және көрнекі қоқыспен шамадан тыс жүктелмеген тапсырмаларды жақсы орындайтынын білеміз. Сонымен, минимализм мен нақты линиялар прогрессивті педагогтардың таңдауы болып табылады. Міне, біз қарастырған заманауи білім берудегі ең басты 10 трендтер осы. Әрине, бұл білім беруде белсенді түрде қолданылып жүрген жаңалықтардың бәрі емес, тек негізгілері. Дегенмен, өмірімізге қандай технологиялар кірсе де, бақылау, курстық жұмыстар, және басқа да жұмыс түрлері оқу үрдісінің бір бөлігі болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Новые тренды современного образования – Білімді Ел – Образованная страна (bilimdinews.kz)
2. <https://zaochnik.ru/blog/10-trendov-buduschego-obrazovaniya/?ysclid=19a267f6h3121468114>
3. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы (2019 жылдың қортындысы бойынша) Ұлттық баяндама.

ҒТАХР: 14.25.09

А.Е. Қажакпар

Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданы, Жас ұлан ауылы.

ТАРИХ ПӘНІН ОҚИТУ БАРЫСЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Оқытудың басты мақсаты-оқыту мен тәрбиелеуде жеке тұлғаны тәрбиелеу, заман ағымына қарай өмір сүру үшін олардың азаматтық көзқарасын қалыптастыру. Елбасы Н. Назарбаев «Тарих өткеннің сабағы алдындағының кейінгіге өнегесі» дегендей болашағымыздың іргесі берік болуы үшін еліміздің өткен тарихын меңгерте отырып өмірлік ұстанымдарын бекітіп көкірегі ояу тарихи саналы азаматты тәрбиелеу тарих сабағының негізгі міндеттері болып табылады. Азаматтық көзқарастарын қалыптастыру үшін тарих сабақтарында:

Оқиғаларға дұрыс және өте сауатты сипаттама беру;

Оқушылардың жеке ой-пікірлерін айтқызу арқылы ақиқатқа көздерін жеткізу

Тарихи оқиғалардың қазіргі замандағы еліміздің дамуына қандай әсер еткенін жүйелеуге үйрету;

Қазіргі заманғы қоғамдық көзқарастармен таныстыру оларды дұрыс түсіну үшін бағыт беру керек.

Қазіргі замандағы тарих пәнінің міндеті-ақыл ой потенциалы жетілген, өткенді есте сақтай алатын адамды жасау ғана емес, өзінің ұлттық бастауын жақсы білетін, бұл дүниеде өзінің орнын таба алатын тұлғаны қалыптастыру.

Кез келген ортада еркін пікір алмаса алатын өз көзқарасын дәлелдеп қорғай алатын белсенді азамат тәрбиелеу үшін оқыту үдерісінде жаңа тәсілдерді тиімді пайдалану арқылы іске асыруға болады.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді дана халқымыз. Ұрпақ жарастығы миллион жылдарды қамтып келеді. «Надан жұрттың күні-қараң, келешегі тұман» – деп М.Дулатов айтқандай, тәуелсіз еліміздің тірегі-білімді ұрпақ емес пе. Сол білімді ұрпақты тәрбиелеу, оқыту ұстаздың басты парызы болып табылады.

Ауыл мектебінің даму моделінде жас ұрпақты Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу көпұлтты мемлекетімізге халықтар арасындағы өзара түсіністікпен ынтымақтастықты нығайтуда мектептегі елжандылық тәрбиесінің дәрежесі өте маңызды орын алады. Ауыл мектептеріндегі оқу-тәрбиені нарықтық экономика жағдайына бейімдеу мақсатында әлемдік өркениетін озық үлгілерін ұлттық тәрбие беру процесінде пайдалану, ата-ананың рөлін күшейту, оқу-тәрбие ісіне жаңа технологияларды енгізу-негізгі өзекті мәселелер. Кейінгі жылдары ауылдық мектептер компьютерлермен жабдықталып, интернет жүйесіне де қосыла бастады. Сонымен қатар ауыл

мектептерінде оқушылардың білім сапасын жақсартуда мектеп жұмысы да бір қалыпқа келтіріле бастады. Алайда мемлекет тарапынан шешілетін біршама мәселелер де бар.

Ауылдық мектептерде білім беруде инновациялық ұйымдардың аз болуы, жалпы білім беретін пәндердің терең оқылмауы да оқушы білімінің төмендеуіне кері әсер етеді.

Білікті мамандардың жетіспеуі мектеп қорында оқу-әдістемелік, оқу-танымдық, сыныптан тыс кітаптардың жетіспеуі-де басты мәселелердің бірі. Ауыл мектептерінің осындай материалдық-техникалық базасы көптеген мектептерде оқу-тәрбиелік процесті балалар мен жасөспірімдердің міндетті деңгейде ұйымдастырылуына кедергі жасайды.

«Ауыл мектебі» бағдарламасында көрсетілгендей бағдарламаның міндеті: оқу-әдістемелік жағынан олардың барлық ерекшеліктерін ескере отырып қамтамасыз ету; шағын комплектілі мектептерде оқу тәрбие процесінде арнайы әдістемелер мен техникаларды енгізу.

Қазіргі кезде ауыл мектептерінде сапалы білім алу оқушылардың өмірлік дағдылары меңгеруіне бағытталуда сондай ақ озық технологияларды қолдану өзекті мәселе екендігі белгілі.

Тарих сабағында оқушы белсенділігін арттыруда жаңа технологиялардың ең тиімдісін қолдану туралы тоқталғым келеді. Қазіргі таңда оқушының қызығушылығын ояту үшін заман талабына сай сабақ өткізудің жаңа технологияларына сүйенген жөн. Қазіргі оқушы барлық ғаламтор жүйесінде жұмыс жасау, теледидар, планшет телефонмен түрлі бағдарламаларды меңгерген оларда жұмыс жасауды біледі. Бір ғана оқулықпен баланың қызығушылығын ояту мүмкін емес. Бала қазіргі кезде көру, есту мүшелері арқылы арқылы тез қабылдайды оларға ұзақ яғни бірнеше беттен тұратын тілі ауыр хронологиялық даталарға толы тарихи мәліметті меңгеру қиынға соғады.

Тарих пәнін оқыту кезінде тарихи оқиғаны оқушыға жеткізуде жоғарыда айтылған жаһандану технология жетістіктерін қолданған дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Қазақстан журналы», 2009.
2. «Білім» Ғылыми-педагогикалық журналы. – 2006 «Ауыл мектебі» бағдарламасы.
3. Торғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы, 2002.
4. Қазақстан тарихы қазақстан мектебінде, 2012.
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық.

Интернет ресурстары:

1. Интерактивті оқыту технологиясының әдісі/bilim-all.kz
2. Инновациялық әдістер мен оқытудың ақпараттық технологиялары/Sabaktar.kz
3. Тарих сабақтарында ақпараттық технология элементтерін қолдану /infourok.kz

ҒТАХР: 14.25.09

З.Қ. Қазтаева

Ж. Молдағалиев атындағы орта мектебі,
Абай облысы, Абай ауданы, Тоқтамыс ауылы, school_toktamys@mail.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қазіргі уақытта елімізде білім беру саласында түбегейлі өзгерістер орын алуда. Екінші буын стандарттары мұғалімдерге мектеп оқушыларында жалпыға бірдей білім беру іс-әрекеттерін қалыптастыруды мақсат етеді, мұны оқушы таңдау жағдайында және мұғалім жеке-бағдарланған технологияларды қолданған кезде ғана қамтамасыз ете алады, бұл оның дамуы мен жүзеге асырылуын ерекше маңызды етеді.

Білім беру технологияларының даму тенденциялары білім беруді ізгілендірумен тікелей байланысты, жеке тұлғаның өзін-өзі тануы мен өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал етеді. «Білім беру технологиялары» термині «оқыту технологияларына» қарағанда анағұрлым сыйымды, өйткені оқыту сонымен қатар, оқушылардың жеке қасиеттерін қалыптастыру мен дамытумен байланысты тәрбиелік аспектіні қамтиды.

Білім беру технологиясы бұл – әдіс-тәсілдер, қадамдар жүйесі, оны орындау дәйектілігі оқушының жеке басын оқыту, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді, ал іс-әрекеттің өзі процедуралық, яғни белгілі бір әрекеттер жүйесі ретінде ұсынылады; педагогикалық

процестің компоненттерін кепілдендірілген нәтиже беретін іс-әрекеттер жүйесі түрінде әзірлеу және процедуралық іске асыру болып саналады. Мұғалімдердің міндеті – баланың жеке басын қалыптастыру процесінде білім, білік, дағды жинақтауға бағытталған дәстүрлі оқытуды өзгерту.

Оқу процесінде оқушының танымдық және шығармашылық қызметін жүзеге асыру үшін білім беру сапасын арттыруға, оқу уақытын тиімді пайдалануға және үй тапсырмасына бөлінетін уақытты азайту арқылы оқушылардың репродуктивті белсенділігінің үлесін төмендетуге мүмкіндік беретін заманауи білім беру технологиялары қолданылады. Заманауи білім беру технологиялары даралауға, оқу процесінің қашықтығы мен өзгермелілігіне, білім деңгейі мен жасына қарамастан оқушылардың академиялық ұтқырлығына бағытталған. Мектепте оқу-тәрбие үрдісінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың кең спектрі ұсынылған.

Кәдімгі сабақты қалай ерекше ету керек, қызықты емес материалды қалай таныстыру керек, қазіргі балалармен заманауи тілде қалай сөйлесу керек? Бүгінгі сабаққа келгенде өзімізге осы және басқа да көптеген сұрақтар қоямыз.

Мұғалім мектепте оқуға дайындықтың әр түрлі деңгейлерін ескеретін тұлғалық-бағдарлы, дамытушылық білім беру технологияларына ие болуы керек.

Оқушылардың қазіргі тұлғалық дамуы жаңа білімді «ашуға» бағытталған өзіндік іс-әрекет процесінде жүзеге асырылады. Заманауи білім беру технологияларының ішінде мен бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс жасауда қолдануға болатын технологияларды таңдадым. Мысалы: тұлғаға бағытталған, дамытушылық, проблемалық оқыту технологиялары, сонымен қатар ойын, жоба, денсаулықты сақтайтын және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Мен өз жұмысымда проблемалық оқыту технологияларын, жобалық жұмыстарды, ойындарды, АКТ, портфолио, денсаулықты сақтау, белсенділік әдісін Л.Г. Петерсоннің әдісін жиі қолданамын.

Қазіргі заманғы сабақтарда проблемасыз оқыту технологиясынсыз немесе оның элементтерінсіз оқыту мүмкін емес. Оның өзектілігі неде?

Бұл технологияның өзектілігі оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыра отырып, оқу іс-әрекетіне деген мотивацияның жоғары деңгейімен анықталады, бұл туындайтын қарама-қайшылықтарды шешуде, сыныпта проблемалық жағдайларды жасау кезінде мүмкін болады. Сол қиындықтарды жеңуде оқушыларда жаңа білім, актерлік іс-әрекеттің жаңа тәсілдері қалыптасады [1].

Тәрбие мәселелерін шешу оқушылардың эмоционалды сферасына жағымды әсер етеді, балалардың қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, шығармашылық ойлауына қолайлы жағдай жасайды. Сонымен қатар, проблемаларды көру, сұрақтар қою, гипотезалар қою, тұжырымдамаларды анықтау, бақылаулар мен эксперименттер жүргізу, қорытындылар мен нәтиже жасау, мәтінмен жұмыс жасау, өз идеяларын дәлелдеу және қорғау қабілеттері білім берудің тәуелсіз нәтижелері сияқты білім нәтижелеріне қол жеткізуге әкеледі.

Сыныпта проблемалық жағдаяттар жасау – бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық ойлауын дамыту тәсілдерінің бірі. Оқушылар үшін ақпараттық технологияларды қолдану арқылы сабақ өткізу қызықты болады. Нәтижесінде білімді тиімді игеру пайда болады; сабақта анықтық деңгейі жақсарады. Әрине, бұған басқа әдістермен қол жеткізуге де болады (плакаттар, карталар, кестелер, жазу), бірақ компьютерлік технологиялар көрнекіліктің анағұрлым жоғары деңгейін жасайды.

Сыныптағы және сабақтан кейін оқушылардың көкжиегін кеңейту үшін жаңа ақпарат алу және интернет ресурстарынан алынған материалдардың көмегімен өзім жасаған презентацияларды қолданамын. Балалар слайдтарды қуана-қуана көреді, көргендерін талқылауға белсенді қатысады.

Ойын технологиясы. Ойын – бұл өмірдегі керемет құбылыстардың бірі. Қазіргі педагогикада ойын, дидактикалық ойын тақырып тұжырымдамасын, тіпті тақырыптың бөлігін, сонымен қатар жалпы технологияның элементін игеру үшін тәуелсіз технология ретінде қолданылады. Ойын – баланы әлеуметтендірудің ең күшті құралы, өмірдегі әртүрлі жағдайларды модельдеуге, одан шығудың жолын іздеуге мүмкіндік береді. Ойын адам ретінде өзін-өзі тану саласы ретінде өте маңызды.

Денсаулық сақтау технологиялары. Мен денсаулықты сақтайтын технологияларды сабақ барысында да, сабақтан тыс уақытта да қолданамын. Менің ойымша, адамның денсаулығына жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру – қазіргі адамның жетістігі үшін қажет. Денсаулық сақтау тәсілі сабағымның барлық кезеңдерінде байқауға болады, өйткені ол іс-әрекеттің нақты ауысуын қарастырады.

Біздің бүгінгі міндетіміз – балаға денсаулығын сақтау мен нығайтудың түрлі әдістері мен тәсілдерін үйрету деп санаймын. Оқу-тәрбие процесінде денсаулықты сақтайтын технологияларды кешенді қолдану шаршауды азайтуға көмектеседі, эмоционалды көңіл-күйді жақсартады және жас балалардың еңбекке қабілеттілігін арттырады.

Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль балалардың да, педагогтердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз-сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау.Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Инновациялық технологияларды кеңінен енгізу мектеп оқушыларының білім сапасын, танымдық белсенділігі мен оқу мотивациясын жақсартуға жағдай жасайды.

Қазіргі білім беру технологияларын қолдану нәтижесінде:

– Мен оқытатын пәндер бойынша білімнің тұрақты сапасы (65-75%), мен жұмыс істейтін сыныпта оқушылардың 100% оқуы.

– Оқушылардың мотивациялық сферасын диагностикалау нәтижелері оқу-танымдық мотивтердің тар көзқарастарға қарағанда басым екенін көрсетеді. Осылайша, мен тиімді қолданатын осы технологиялар – баланың жеке басын дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін анықтау, физикалық және психикалық денсаулықты сақтау және жақсы нәтижелерге қол жеткізуді жоспарлауға маған мүмкіндік береді [2].

Инновациялық технологиялар көмегімен оқу-тәрбие жұмысының сапасы мен тиімділігін арттыруға күш жұмсай отырып, мен пәндік олимпиадаларда, шығармашылық интеллектуалды жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткіземін, бұл оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, белсенділігі мен шығармашылығын дамытуға ықпал етеді [3].

Оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым- бастауыш сыныптардағы барлық пәндер үшін маңызды болып табылатын қарым-қатынас жасау дағдылары. Сондықтан да оқушыларға осы төрт дағдыны барынша жетілдіруге мүмкіндік берудің маңызы зор. Нақты белгілі бір дағдыны жақсарту тәсілдерінің бірі – осы дағдыларға ерекше назар аудара отырып, содан кейін бірнеше тілдік дағдыны қамтитын жаттығуларды біртіндеп енгізу болып табылады. Мысалы, тақырыпты талқылау тиісті лексиканы қолдануды көздейді, сол арқылы оқылым бойынша тапсырмаға қызығушылық туғызады, осыдан кейін оқығанның негізінде жазбаша тапсырма орындаудың үлгісі ұсынылады. Дағдыларды осылайша біртіндеп енгізудің тағы бір жолы – аудио-мәтін тыңдап немесе бейнематериал немесе бейнематериал көрсетуге болады, содан кейін пікірталас жүргізуге немесе жазбаша тапсырма орындауға болады. Бастауыш білім беруде негізгі коммуникативті дағдыларды қалыптастыруда белсенді оқудың стратегияларының сипаттамасына тоқталатын болсам:

Белсенді оқу – оқушыларға эксперимент жасауға, мағына құрып, түсінік қалыптастыруға, жаңа білім мен бұрынғы меңгерілген білімнің арасында байланыс орнатады, қателік жіберу, барынша терең түсінуге жетелейді.

Бірлескен оқу – құрылымдалған топтық жұмыс. Тұлғааралық және қарым- қатынас дағдыларын жақсартады; оқушылардың арасындағы кедергілерді жояды.

Саралау – әр оқушының оқудағы жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру:

түсінік пен дағдыларының дамуын қамтамасыз етеді;

Өз күшіне сенім мен уәжді арттырады;

Оқушыларға идеяларды терең түсінуге көмектесе отырып шығармашылыққа ынталандырады;

Барлық оқушылар үшін пайдалы;

Барлық оқушылардан күтілетін нәтижені арттыра алады;

Моделдеу – сарапшы мысал келтіреді және оны көрнекі үдерістердің көмегімен түсіндіреді:

Оқушыларға пән мазмұнын зерделей отырып, сарапшы ретінде ойлануға жетелейді;

Оқушылардың барынша тәуелсіз болуына жағдай жасай отырып, тапсырманы кезеңдерге бөледі;

Үдеріс барысында рефлексия жасауға ынталандырады.

Электронды оқу және жаңа технологияларды пайдалану:

- Белсенді оқудың қызықты құралдарын ұсынады;
- Уәждеу құралы бола алады;
- Зерттеу, қарым-қатынас жасау, бірлесу және жүзеге асыру үшін қолдана алады;
- Оқушыларға ақпарат іздеуге және өздерінің жеке құралдарын табуға мүмкіндік береді;

- Сыныптан тыс оқуға мүмкіндік береді.

Оқу диалогтері – оқушылардың тапсырмаларды талқылауы

- Тапсырмаға өз үлесі бар екенін сезіндіреді;
- Оқушылардың өзара білімі мен дағдылар алмасуына жағдай жасайды;
- Барынша терең түсінуге ынталандырады;
- Оқушылардың өздерінің ілгерілеуі туралы рефлексия жасауына және әрі қарай не істеу керектігі туралы шешім қабылдауына мүмкіндік береді;

- Оқушыларды қызықтырады және уәждейді.

Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру

- Оқудың дұрыс жүріп жатқанын білу мақсатында оқуды тексеру және кері байланыс ұсыну;

- Уәждік және өзіндік бағасын арттырады;
- Оқыту үдерісіне бағыт береді;
- Оқушыларға оқу үдерісін жақсартуға мүмкіндік береді;
- Оқушыларға барынша тиімді оқу жолдарын түсінуге көмектеседі.

Пәнаралық байланыс – Оқу пәндері арасында байланыс орнату

- Білім беру бағдарламасына тереңдік пен тепе-теңдік береді;
- Терең білім алуға мүмкіндік береді;
- Көптеген дағдыларды ұсынады;
- Түсінік пән дағдылардың дамуына көмектесе алады;
- Оқу үдерісінің маңыздылығының барынша арттыруға көмектеседі;
- Оқушыға деген уәжді барынша арттыра алады.

Бастауыш мектепте оқытудың өзекті дағдыларын қалыптастыру барысында сабақ жоспарын жасағанда сабақтың басында, ортасында және соңында әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана білу – мұғалімнің шеберлігіне байланысты.[4]

Бастауыш сынып оқушыларының оқу үрдісінде интербелсенді әдіс-тәсілдер түрлерін пайдалану біріншіден оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын белсенділігін арттырып сапасын көтеру болып табылады. Тұйық оқушылар сабаққа ынтасын артады және мінез құлқы қалыптасады. Оқуғадеген таным қабілеті артады. Оқушы ойын үстінде білімді игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің ойынға қалай ұласып кеткенін аңғармай қалуға тиіс. Сонда ғана ойын мен оқу табиғи үйлесімді болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Әр ұстаз оқу-тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, жаңа заман талабына сай, сабақты түрлендіру мақсатында оқытудың түрлі әдіс – тәсілдерін пайдаланса, игі нәтижеге жетері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Завьялова О.А. Воспитание ценностных основ информационной культуры младших школьников. – Журнал «Начальная школа» – № 11, – 2005.
2. Захарова Н.И. Внедрение информационных технологий в учебный процесс. – Журнал «Начальная школа» – № 1, – 2008.
3. Иванов В.В., Зайцева С.А. Этическая составляющая в информационной культуре учителя. – Журнал «Начальная школа» – № 11, – 2005.
4. Каминский В.Ю. Использование образовательных технологий в учебном процессе. – Научно-практический журнал «Завуч» – № 3, – 2005.

Б.Б. Картабаева

Быхин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі,
Қазақстан, Абай облысы, Семей қаласы, Алғабас ауылы, bkartabaeva1965@gmail.com

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Елбасымыздың «Қазақстан – 2030» Қазақстан халқына арналған Жолдау-ында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп, жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да, жігерлі, білім өрісі биік, денсаулықтары мықты өкілдері болады. Олар бабалардың игі дәстүрін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайларында жұмыс істеуге даяр. Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгереді, олар бейбіт, айбат, жылдам өркендеу үстіндегі, күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» -деп көрсеткендей, келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болу үшін адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімде. Мемлекетіміздің болашағы - бүгінгі түлек, ертеңгі студент, болашақтағы маман. Оларға мектеп қабырғасынан дұрыс бағыт беріп, бірдей талап қойып, олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін ашып, соған негіздеп оқыту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осы орайда метептердегі биыл-ғы 2022-20223 оқу жылында кәсіптік бағдар беруші педагог бірлігін беру өте орынды деп бәлемін. Олардың түлектерге бағыт беруде ролі үлкен [1]. Қазіргі таңда педагогикалық технологиялар теориялық және ғылыми-қолданбалы бағыт тұрғысынан зерттеу арқауы болып отыр. Педагогикалық технологиялар өздігінен білім алуға жетелейді, дәстүрлі оқытудағы мазмұнды, әдісті, сабақ түрін, құралдарын жаңа мақсатқа сай өзгертуді талап етеді. Бұл технологиялар оқушылардың, студенттердің танымдық қызметіне қозғау салып, ынтасын, қызығушылығын туғызады, орындаушылық әрекеттерін дамытады, түзету әрекеттері, бақылау әрекеттері жүзеге асады. Содан барып олардың білімі мен дағдыларының ережесі ғана емес, сонымен бірге ақыл-ой жұмысының тәсіл-дерін қалыптастыруға мүмкіндік алады. Оқыту үрдісінде білім алушының шығармашылық қабілеті ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы дамытындықтан болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанның дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технология-ландыру мәселесін қойып отыр. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған басты міндеттемелеріміздің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіру. Бұл бағытта білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Оларды оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қарау басты назарда болуы керек. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын осы тұрғыда меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының жан-жақты ізденгенде ғана интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізіп, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

Әлемдік педагогикалық тәжірибеде «технология» ұғымының ену тарихына көз жіберсек, бұдан 15-20 жыл бұрын Отандық педагогикада технология ұғымы мүлдем дерлік қолданылмады десек те болады. Алайда, технология идеясы жаңа ұғым да емес. Оқыту процесін технологияландыру туралы 400 жыл бұрын Я.А. Коменский айтқан болатын. Оның ойынша оқыту «техникалық» болуы қажет, яғни нені үйретсе де, нені оқытса да табыссыз болмауы керек дей отырып, бұл механизмді Я.А. Коменский «дидактикалық машина» деп атады. Білім берудегі кез-келген техниканың өзегі Я.А. Ко-менскийден басталса, кейінгі педагогикалық технология элементтерін Г. Пес-талоций еңбектерінен кездестіруге болады.

Бұл күнде оқыту технологиясы үлкен өзгеріске душар болып отыр. Оқыту-шылар мен оқушыларға әр түрлі дидактикалық материалдармен қоса оқыту-дың техникалық құралдары көмекке келді [2]. «Педагогикалық технология» ұғымы біздің лексикологиямызға берік еніп келеді. Оның мән мағынасы тура-лы пікір алуан түрлі. «Технология» – *Techné* – искусство, ремесло, мастерство, учение – мағынасындағы грек сөзі. 74 Шетел тілінен енген қысқаша сөздігінде «Технология – өндірістік процесті жүргізудің әдістері мен тәсілдері жайлы білім жиынтығы» – деп анықтама берілген [3]. Көптеген шетелдік ғалымдар технология деп – оқытудың объективтік факторларының жиынтығын (бағдарламаланған оқыту құралдары, дидактикалық материалдар, құрал-жабдықтар, техникалық құралдар т.б) қандай да бір үрдістің нәтижеге жету құралы ретінде қарастырады. Мәселен, поляк

педагогы Ф. Янушкевич оқыту технологиясына мынадай анықтама берген: «Оқыту технологиясы» деп ғылы-ми ұстанымдар жүйесінде қолданыс табатын бағдарламаланған оқыту үрдісін айтады және оқу мақсатына жетуге бағытталған оқу тәжірибесінде, көбіне оқылатын пәнге емес, оқушыларға бағытталады, оқыту әдістері мен тәсілдерін сынақтан өткізуге, эмпирикалық талдау жасауға және оқытуда аудиовизуальды құралдарды кеңінен қолдануды талап етеді, оқыту теориясын оның тәжірибесімен өзара бірлікте қарастырады [4]. «Педагогикалық технология дегеніміз – тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер оның құрамды бөлігі ғана» – деп В. Беспалько атап көрсетсе, И. Талызина педагогикалық тех-нологияның басты мақсаты – іс жүзінде дидактикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын әдістерді анықтау [5]. В.М. Монахов: «Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы, оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі» – деп анықтама берген [6]. ЮНЕСКО-ның анықтамасы бойынша, педагогикалық технология – бүкіл оқыту үрдісі мен білімді техникалық және адам ресурсын, олардың бір-біріне өзара әсерін, білім берудегі формасын оңтайландыру міндеттерін ескере отырып меңгеруді жүзеге асырудың жүйелі әдісі. М.В. Кларин «Педагогикалық технология – бұл педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіс-намалық құралдарының жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті» – деп анық-тайды [7]. Педагогикалық үрдіс технологиясы дегеніміз мақсат-мүддені анық-таудың жалпы әдіснамасы негізінде мемлекеттің қазіргі таңда білім беру саласына қойылып отырған талаптарына сәйкес анықталып, іріктеліп реттелген оқытудың мазмұн, форма, әдіс-амалдарының дидактикалық талаптардың, психологиялық-педагогикалық нұсқаудың жиынтығы. Оқыту технологиясы балабақшадан бастап, мектеп пен жоғары оқу орындарында оқыту үрдісіне қажетті әдіс, тәсіл, амал, дидактикалық талап сияқты психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Ол тұлғаның тәртібіне, оқуға ынтасына, оқу іс-әрекетіне игі оқытушылардың интеллектуалық, шығармашылық қызметі болып табылатын педагогикалық іс-тәжірибенің нәтижелілігіне, жинақтылығына ұстамды әсер ететіндей оқу-тәрбие процесінің басты қызметін атқарады. Былайша айтқанда, педагогикалық технология оқу-тәрбие процесінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігі, оқыту тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі. Бір технологияның өзі әр түрлі атқарушылардың ше-берлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылады. Бұл күнде 70-тен астам педагогикалық технология қолданылуда. Оқытудың жаңа технологияларын таңдаудың М.М. Поташник ұсынған критерийлері:

- елдің, аймақтың, қаланың талап-тілегі;
- білім беру ұйымында әлеуметтік сұраныс;
- оқу орнының дамуы туралы жетістіктері мен табыстары;
- педагогикалық озат тәжірибе;
- оқытушының, басшылардың іс-тәжірибесі, интуициясы, шығармашылығы;
- оқу орнының жұмыс үрдісі мен нәтижелерінің талдамасы [8].

Демек, педагогикалық технологияны таңдауда осы алынып отырған техникалық мүмкіндігі нақты жағдайға сай болуын, жүйелілігін, тиімділігін, т.б. ескеруіміз қажет. Педагогикалық технологияның басты міндеті мыналар: – тұлғаның білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;

- білімі мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатын дәрежеде тәрбиелеу;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту [8].

Жаңа педагогикалық технологиялармен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғы шарттар да қажет:

- оқу үрдісін интенсифтендіру жаппай қолға алу;
 - оның ғылыми-әдістемелік, оқыту-әдістемелік, ұйымдастырушылық себебіне үнемі талдау жасап, назарда ұстау;
 - тұлғаның сабақтастығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру;
 - жаңа бағдарлама, оқулықтарының мазмұнына талдау жасау;
 - білім стандарттарымен жете танысу;
 - білімді деңгейлеп беру техникаларын үйрену арқылы білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игертуге қол жеткізу;
 - оқу үрдісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу.
- Оқу-тәрбие үрдісіне педагогикалық жаңалықтарды енгізу төмендегідей кезеңдерден тұрады:

1-кезең: Жаңа идеяны іздеу – ақпараттандыру және инновацияларды ұйымдас-тыру, жаңалықтарды іздестіру.

2-кезең: Жаңалықтарды ұйымдастыру – оқу-тәрбие үрдісінде жаңалық енгізу-ді алғашқы байқаудан өткізу, ұйымдастыру және кеңес алу.

3-кезең: Жаңалықтарды енгізу – оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану. 75

4-кезең: Жаңалықтарды бекіту – оқу-тәрбие үрдісінде енгізілген жаңалықтар-дың нәтижесін бағалау [8].

Жаңа педагогикалық технология оқытушы шеберлігін жетілдіруге ықпал жасап, оқушының ойлау қабілетінің ұштала түсуіне әсер етеді. Жаңа педагогикалық – технология ұғымы үш деңгейде қолданылады:

1. Жалпы педагогикалық жүйе ұғымының синонимі ретінде оған: мақсат, мазмұн, оқытудың құралдары мен әдістері, оқыту процесінің субъектілері мен объектілерінің әрекет алгоритмі кіреді.

2. Салалық (пәндік) – бір пән шеңберіндегі оқыту, тәрбие мазмұнын жүзеге асыруға негізделген әдістер мен құралдар жиынтығы.

3. Локалдік (модульдік) – жеке әрекеттер технологиясы, ұғымды, дара қасиеттерді қалыптастыру және дамыту сабағының технологиясы; жаңа материалды меңгерту технологиясы, қайталау және бақылауды ұйымдастыру технологиясы; жеке жұмысты ұйымдастыру технологиясы.

Салалық (пәндік) және локалдық (модульдік) деңгейлеп оқыту әдісімен үндес, тек айырмашылық технологияда процессуалдық, өлшем-дік, сапалық және вариативтік – бағдарлық компоненттерге басым көңіл бөлінеді. Оқытушының сабақ берудегі басты мақсаты – оқушыларды, шығармашылық ойларға, практикалық әрекеттерге дайын болуға, қызығушылыққа тәрбиелеу. Бұл мақсатты жүзеге асыруда түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып, көптеген сабақтардың түрлерін өткізуге болады. Мысалы, өзіннің үнемі қолданып, жетістіктерге жетіп келе жатқан **дамыта оқыту идеясы** бойынша балаға оқу мақсаттарын қоюда, шешуде ешқандай дайын үлгі берілмей, мақсатты шешу, талқылау, жинақтау арқылы жүзеге асады. Білім беруде балаларға деген сүйіспеншілік олардың тағдырына алаңдау арқылы болашағына нық қадам басуға, өз қабілетіне сенуге, өзгелермен ынтымақтастық қарым-қатынаста болу шеберлігі шыңдалып, бала ынталанады. Ал **ойын арқылы оқыту технологиясына тоқталсам**, оқытудың бұл әдісі ерте кезден бастап күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқанына қарамастан, өз құндылығын жоймай, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. Бұл әдіс, әсіресе халықтық педагогикада мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдарда, бастауыш мектепте кеңінен пайдаланылады. **Компьютерлік технологияның** бірінші және екінші нұсқалары үшін компьютердің басқа технология элементтері мен ара-қатынасы өте маңызды. Бұл технологияны оқытудың барлық үрдісінде, яғни, жалпы тақырыпты түсіндіру, бекіту, қайталау, білім, білік, дағдыны тексеру кезеңдерінде қолданамын. Сонымен қатар, білім сапасын арттыруда қолданылатын технология – **саралап-деңгейлеп оқыту технологиясы**. Саралап-деңгейлеп оқыту технологиясы оқу процесінің белгілі бір бөлігін қамтитын саралап оқытуды ұйымдастырудың, оның құралдары мен әдістерінің жиынтығы болып табылады. Қорыта айтқанда, әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерін қамтиды. Сонымен, жаңа педагогикалық технология, біріншіден, оқытушы шеберлігін жетілдіруге ықпал жасаса, екіншіден, баланың ойлау қабілетінің ұштала түсуіне әсер етеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 1999.
2. Монахов В.М. Проектирование и внедрение новых технологий обучения. – Москва: Педагогика, 1990.
3. Селевко Г.К. Дифференциалды оқыту. – Ярославль, 1995.
4. Янушкевич Ф. Технология обучения в школе высшего образования. – Москва: Высшая школа, 2000.
5. ЮНЕСКО. Доклад ЮНЕСКО о положении дел в мировом образовании за 1991 год. – Париж, 1991.
6. Поташник М.М. Инновационные школы России: становление и развитие. – Москва, 1996.
7. Ильин В.С. Формирование личности школьника. – Москва: Педагогика, 1984.
8. Жанпеисова М.М. Модульдік оқыту технологиясы. – Алматы, 2002.

Э.М. Коксегенова

№ 4 жалпы орта білім беретін мектеп,
Қазақстан, Семей қ., Elmira.koksegenova@bk.ru

БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢАРТУ – БҮГІНГІ ЗАМАННЫҢ ТАЛАБЫ

Тәуелсіздік алған алғашқы күннен-ақ Қазақстан білікті мамандар даярлау мен білім саласын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесіне баса назар аударды. Тәуелсіздікті баянды етуде білімнің маңыздылығын жоғары бағалап, экономикалық және қаржылық қиындықтарға қарамастан осы салаға барынша қолдау көрсетті. Себебі қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім жүйесін қайта қарау екендігін дәлелдеп отыр.

Білім беру жүйесі алдында тұрған талаптарды жүзеге асыру жолында ғалымдар мен педагогтар танымдық іс – әрекетті дамыту әдістерін іздестіруде. И.П. Павлов «... жақсы әдіспен талантты емес адам көп нәрсе жасайды, ал нашар әдіспен ұлы адамның өзі де текке жұмыс істейді» – деген болатын. Міне, сондықтан жеке тұлғаны оқыту мен дамытудағы белгілі әдістердің рөлін бағалай отырып, қоғам дамуының әр кезеңінде адам ақыл - ойының «терең қайнарына бойлай алатын» әдістерді пайдалану жолындағы ізденістер мен ұсыныстар бүгінгі таңда өзекті деп санау қажеттігін айту керек. Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесіндегі ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне көшу арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Қазіргі заман талабына сай пән оқытушысы ғана болу аз, оқытушы – ұстаз, инноватор, иннотехник болуы тиіс. Мұғалім иннотехник дәрежесіне көтерілу үшін инновациялық технологияларды меңгеру керек, содан кейін пән бойынша қандай тақырыпқа пайдалану керектігіне тиімді зерттеу жүреді. Яғни әрбір инновациялық технологияларды меңгереді, содан кейін меңгерген технологияларды апробациядан (сабақ барысында қолдану) өткізеді, мұғалім талдау жасай отырып, тақырыпқа сай технологияны таңдайды. Оқытушы білім алушының табиғи дарын, қабілетін ашу жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдалана алу керек.

Инновация дегеніміз – бұл лабораториялық емес жаңа идеяны бірінші рет жүзеге асыру, ғылым жүзінде пайда болса да практикада негізделген. Жаңалық енгізу – мекемеге, ұйымға жергілікті аймақтық, мемлекеттік мекемелерге енгізілген үлгіге бағытталған. «Инновация» сөзі латын тілінен аударғанда жаңалықты ендіру деген мағынаны білдіреді. «Технология» деген сөз грек тілінен алғанда техне – өнер, кәсіп, ғылым, логос – ұғым, оқу деген түсінікті білдіреді.

Технологиялық инновациялар – бұл жаңа заманның компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялары. Технологиялық инновациялар экономикалық механизмдерде, оқытушылар мен білім алушылар еңбегін ұйымдастыруда түбегейлі өзгерістерге, оқытушылық қызмет сипатына зор үлес қосылады. Қазіргі заманғы оқыту технологияларына келесі талаптар қойылады:

- оқыту мақсатының нақты қойылуымен, оның ғылыми негізделуі, іс – әрекетінің нәтижесінің жоғары сапалы болуы;

- оқу материалын толық қабылдау мүмкіндігінің болуы;
- оқу процесінде қарым - қатынастың еркін болуы;
- оны үнемі жетілдіріп, толықтырылып отыру мүмкіндігінің болуы.

Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – «интерактивті оқыту әдісі». Негізгі қағидасы – педагогикалық қарым – қатынас пен қарым – қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту.

Интерактивті әдіс – тәсілдерді жиі пайдалану, әр сабақта оның мүмкіндіктерін түрлендіріп отыру – педагогтар қауымының басты міндеті.

Интерактивтік оқу технологиясы (ИОТ) – деп нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоциялық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, білім алушыларға педагогикалық әсерлі танымдық қарым – қатынас құруға кепілдік беретін, оқытушы мен білім алушының іс – әрекетін оқу – ойындар түрінде ұйымдастыру тәсілдерін айтамыз.

Интерактивті әдістерге мыналар жатады:

- ◆ миға шабуыл әдісі;
- ◆ топпен жұмыс;
- ◆ проблемалық шығарма әдістері;

- ◆ рөлдік ойындар;
- ◆ зерттеулер;
- ◆ іскерлік ойындар;
- ◆ сын тұрғысынан ойлау әдісі;
- ◆ пікірталастар және т. б.

Оқудың интерактивті әдістерінің үлгісі:

«Ми шабуылы», «ми штурмы» («дельфи» әдісі) – бұл әдіс, берілген сұраққа кез – келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. «Ми шабуылы» хабарландыруды анықтау керек болғанда және қатысушыларының белгілі сұраққа қатынасы кезінде қолданылады. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Өткізу алгоритмі:

1. Қатысушыларға талқылау үшін белгілі бір тақырып немесе сұрақ беру.
2. Осы мәселе бойынша өзінің ойын айтуға ұсыныс жасау.
3. Айтылғандардың барлығын жазу (олардың бәрін қарсылықсыз қабылдау керек). Егер сізге ол түсініксіз болатын болса, айтылғандарды қайталап анықтауға жол беріледі (кез – келген жағдайда идея қатысушының аузынан қалай шықса, солай жазылады).
4. Барлық идеялар мен талқылаулар айтылып біткеннен кейін, берілген тапсырма қандай болғанын қайталау керек қатысушылардың сөзінен сіз не жазып алдыңыз соның барлығын тізіп шығу керек.
5. Қатысушылардан, олардың пікірі бойынша алынған нәтижеден қандай қорытынды жасауға болатынын және тренингтің тақырыбымен байланысты оның қалай болатынын сұрай отырып жұмысты аяқтау керек.

«Ми шабуылы» аяқталғаннан кейін (көп уақытты алмай, орташа 4-5 минут), жауаптың барлық нұсқаларын талқылау керек, бастыларын және келесілерін таңдау қажет. «Ми шабуылы» қажеттілігіне қарай тиімді әдіс болып табылады:

- ◆ даулы мәселелерді талқылау;
- ◆ талқылауға қатысуға онша сенімді емес қатысушыларды ынталандыру;
- ◆ қысқа мерзім ішінде идеяны көптеп жинау;
- ◆ оқушының дайындығын анықтау.

Оқытудың интерактивтік моделінің негізгі шарттары:

1. Емін – еркін пікірталасқа түсу мүмкіндігі
2. Белгілі бір материалды емін – еркін баяндау.
3. Семинар сабақтарының көп болуы, оқушылардың инициативасының жетекшілігі.
4. Топтық тапсырмалардың қолданылуы және сол арқылы ұжымдық іс – әрекеттерді дамыту.
5. Жазбаша жұмыстарды орындау.

Бүгінгі мемлекеттің білім беру саласындағы саясаттың тұжырымдамасындағы міндеттердің бірі – білім беру жүйесі мен оқытудың сапасын арттыру, сабақтың әдістерін және мазмұнын жетілдіру, әдістемелік жағынан дамыту болып табылады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты әрі жан - жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа да адам келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып оқу – тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Білім алушы іс – әрекетінің мазмұны ақпаратты қабылдау, оны ұғыну, білімділік дағдыларын жетілдіру. Оқытушының міндеті білім алушының іс – әрекетін ұйымдастыру, ақпаратты жүйелеу, оны қабылдауға жағдай жасай отырып, білім алушыға бағыт, бағдар беру.

Технологиялық оқыту, білім берудің, жеке тұлғаны жан – жақты дамытудың жаңа ізденістерін талап етеді. Оқушының білім алу, даму т. б. іс – әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу, оған басшылық ету, білімді өз белсенділіктерімен алуларына түрткі жасау технологияның басты белгілер Қорыта келгенде, әр елдің білім беру және тәрбие саласында өзіндік ерекшелігі мен артықшылығы, тіпті кемшілігі де болады, осы себепті де біз Қазақстан Республикасындағы білімгерге білім беру мен тәрбиені жан-жақты дамыту мақсатында тиімді жақтарын алуымыз қажет.

Халқымызда «Білекті – бірді, білімді –мыңды жығады» деген ұлағатты сөз бар. Білімнің шындығында да баға жетпес үлкен рухани қару екендігі, тек рухани қару ғана емес, сонымен қатар орасан зор күш екендігі белгілі. Шындығында БІЛІМНІҢ қуатына тең келетін басқа рухани күш , қуат көзі жоқ екені шындық. Сондықтан да күллі әлемдік жаңа идеология ең әуелі білімнің теңдессіз күшіне арқа сүйейді. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның білімге негізгі басымдық беріп отырғандағы

басты себебі содан да болу керек. Өйткені, білім – тек ғылымның ірге тасы ғана емес, сонымен бірге еңсесі биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың күре тамыры, ел дамуының алтын асқары. Білім бар жерде, даму, жетілу, кемелдену үрдісі бір сәтке толастамайды. Сондықтан болу керек Елбасы «Қазақстан – 2050» Мәңгілік Ел стратегиясында: «Ел келешегі-жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты» дегендей», біздің болашағымыз- болашақ жастар қолында.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Шырынбаев Г.К. Ұлттық рухта тәрбие беру Білім. – Алматы. – 2012. – № 3. – 53-55 б.
2. Сейтешев А.П. Активизация познавательной деятельности студентов Университета. – Алматы: Ғылым, 2001. – 68 б.
3. Назарбаев Н.Ә. Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық (Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында Жасалған баяндамасы).
4. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

ҒТАХР: 14.23.14

А.П. Кравченко

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі,
Қазақстан, Көкшетау қаласы, nastyakravchenko81@gmail.com

В. ВОСКОБОВИЧТИҢ ДАМУШЫ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Ойын – балалардың танымын, тіл байлығын, сөзбiк қорын дамытудың ең тиiмдi жолы болып саналады. Табиғи жағдай, бала ағзасының қажеттiлiгi, қарым-қатынас және балалардың бiрлескен iс-әрекетi. Дамытушылық ойындар – бұл ойындар, баланың әр түрлi қабiлеттерiн, оның iшiнде қимыл және ақыл-ойына бағытталып арнайы жасалған. Воскобовичтiң дамыту ойындары – бұл шығармашылық әдiс. Мектепке дейiнгi мекемеде ойынның бiрнеше түрi (дидактикалық, театрлық, сюжеттi-ролдiк, қимылды т.б) кеңiнен қолданылады. Дамытушы орта деп ойын материалдарын және әр түрлi заттармен қамтылған рационалдi түрде ұйымдастырылған және табиғи заттармен жабдықталған кеңiстiктi айтамыз. Вячеслав Вадимович Воскобовичтiң ойындары дамытушы ортаға өте жақсы енедi. Оның ойындары көп функционалдығымен ерекшеленiп балалардың ойынға деген құштарлығын оятып, көңiлiн аудартады. Бұл ойындардың мақсаты ойлау операцияларын дамыту болып табылады. Ерте балалық шақ балалардың дене мүшелерiнiң әсiресе ми функциясының дамуының ерекше кезең.

Дамытушы орта деп ойын материалдарын және әр түрлi заттармен қамтылған рационалдi түрде ұйымдастырылған және табиғи заттармен жабдықталған кеңiстiктi айтамыз. Вячеслав Вадимович Воскобовичтiң ойындары дамытушы ортаға өте жақсы енедi. Оның ойындары көп функционалдығымен ерекшеленiп балалардың ойынға деген құштарлығын оятып, көңiлiн аудартады. В. Воскобовичтiң ойындарының өзектiлiгi баланың дамуына арналған орта ұйымдастыру. Баланың өз бетiмен жұмыс жасауына кедергi келтiрмеу, тек қана бiр жағдайда көмектесу керек, тек қана өзi көмек сұрағанда. Балаға айналаны қоршаған ортаны тануға көмектесу, соған арнайы жағдай туғызу. Баланың қызығушылығын ояту, дамыту. [1].

Мектепке дейiнгi ұйымның тұтас педагогикалық үрдiсiнде дамытушы ортаның рөлi. С.Л. Новоселованың пiкiрiнше, дамытушы заттық орта балалардың дербес шығармашылық және ойын әрекеттерiн ұйымдастыру үшiн қажеттi материалдар, ойыншықтар, құралдар, iс-әрекетiнiң материалдық нысаналардың жүйесi. Оның басты бағыттарының бiрi балаларды әлеуметтендiру және оған сәйкес заттық дамытушы орта құру. «Заттық ортаны» осылайша игерудiң баланың тұлғалық жағын дамыту, бұйымдық әлемге шығармашылық көз қарасын ояту үшiн зор маңызы бар. Баланы әлеуметтендiруде дамытушы заттық ортаны құрудың педагогикалық талаптарға сәйкестiгi болашақтың зерттеу мәселесi деп есептеймiз. Заттық орта әр түрлi: ақыл-ой, эстетикалық, елжандық, дене, адамгершiлiк т.б тәрбие түрлерiмен қоса жеке тұлғаның дамуына негiз болады. Соған байланысты заттық ортаны мектепке дейiнгi педагогикалық құрамның бiр бөлiгi деп айтуға болады. Заттық ортаны алдымен қоршаған ортадағы болмысты қабылдау мен түйсiкке негiзделедi. Айналадағы қоршаған ортаны, заттар мен құбылыстарды көру, есту қабылдау арқылы өзiндiк үрдiстер: ес, қиял, ойлау пайда болады. Бiр нәрсенi еске түсiру үшiн алдымен оны көру не есту керек емес. Психологиялық дамуда заттық үрдiсiнiң рөлiн бағалай отырып, белгiлi бiр бiлiм мен дағдыны

меңгеруде баланың жеке қабілетін ескеру өте маңызды. Ақыл-ой және дене еңбегінің барлық түрлерінде, баланы болашаққа қоғамдық іс-әрекетке даярлауда, оның сезімдік қабілетін дамыту қажет, яғни түстерді, пішіндерді, дыбыстарды дәл және дұрыс айыра білуге үйрету, қоршаған ортадағы құбылыстардың өзіндік қасиеттерін дұрыс қабылдау қажет.

Восковобич ойындары басқа ойындармен салыстырғанда ерекшеленеді. Ойындар ертегі әлемімен, ерекше тілімен толықтырылған, бұл тілді біз, ересектер, тиімді сөз тіркестерімен алмастырып алғанбыз. Барлық ойындар ең басты қатысушыға-балаға бағытталған. Ертегі-тапсырмалар, мейірімді кейіпкерлер, соның ішінде ақылды Метр қарға, ержүрек сәби Гео, айлакер, бірақ қарапайым қызықты Магнолик ойын барысында баланы сүйемелдеу арқылы, оларға тек қана математика, оқу, лигиканы да, сонымен қатар, адамгершілік қарым-қатынастарға, ойынға қатысып отырған ересектермен де ортақ тіл табысуға көмектеседі. Жастық мотивациялық әрекет акценттеріне – қызығушылық, бейнелік, қол жетімділік, стандартқа сай еместігі, қабылдау жаңашылдығы, сан-қилылығы ойындар шеттетеді, зейінді, қызығушылықты жинақтайды, және баланы шешу үрдісіне әрдайым тартады, міндетті «ойланады». Міндеттерге сүңгу тиімді жүріп жатады. Бала міндетті түрде жағдайға кіреді, нақты алгоритм талап ететін, әрекеттердің жүйелілігі, ұсынылған тапсырмаларды, мақсаттарды, шешімдер нұсқаларын іздеу сараптау. Шешімдерді сүйемелдеуде ересектердің рөлі тең құқылы ойнаушы серіктестік ретінде ойынды үйрету болып айналысады. Дамытушы ойындарымен жұмысты маңызды түрде жеңілдетеді. Сабақтардан кейін кейіпкерлер түрінде ойнайды, жаңа саяхаттар мен ойындарды ойлап табуға тырысады [4].

В.В. Восковобич, мамандығы бойынша физик – балалар үшін алғашқы дамытушы ойынды ойлап табушы. Өз баласымен ойнай отырып, жаңашыл-педагогтардың басқа тәжірибесін зерттей отырып, ол өз әдістемесін құрды, оған қызықты дамытушы ойындар, ойын кешендері енгізілді.

В. Восковобичтің дамытушы ойындарының өзіндік, шығармашылық ерекшеліктері, бар жақсы әдістеме. Ойын негізгі үш принциптері бар: қызығушылық, таным, шығармашылық. Бұл жәй ойын емес-бұл ертегі, қызық оқиға, көңілді кейіпкер, бұл ойын баланы ойлауға және шығармашылыққа баулиды.

В. Восковобичтің әдістемесімен дамыған балалар, мектепке жақсы даярланған. Олар оқу, санау, логикалық ойлау қабілеттеріне бағытталған. В. Восковобичтің танымал ойындарының бірі: «Ойынды шаршы», «Геоконт», «Түрлі-түсті сағат», «Қызықты басқатырғыш», «Домино», «Математикалық себет», «Әріп конструкторы», «Ларчик» және т.б. Бұл ойындар балалардың даму үрдісін арттырады [2].

В. Восковобич ойын технологиясы келесі мәселелерді шешеді:

– баланың танымдық қызығушылығын, жаңа нәрселерді білуге деген ынтасы мен қажеттілігін дамыту.

– байқағыштықты, айналадағы болмыс құбылыстары мен объектілеріне зерттеушілік көзқарасты дамыту.

– қиялды, шығармашылық ойлауды дамыту (икемді, түпнұсқа ойлау, қарапайым нысанды жаңа көзқараспен көру қабілеті).

– балалардағы эмоционалды-бейнелі және логикалық принциптердің үйлесімді, теңгерімді дамуы.

– негізгі идеяларды (әлем туралы, математикалық), сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

– ойын барысында балалардың зияткерлік және шығармашылық дамуына ықпал ететін педагогикалық процесті құру.

Шешілетін білім беру міндеттеріне сәйкес Восковобичтің барлық ойындарын В. Восковобич ойын технологиясын 3 топқа бөлуге болады:

– логикалық-математикалық дамуға бағытталған ойындар.

Бұл ойындардың мақсаты-ақыл-ой операцияларын дамыту, ал ойын әрекеттері – сандарды, геометриялық фигураларды, заттардың қасиеттерін басқару.

– әріптермен, дыбыстармен, слогдармен және сөздермен ойындар.

Бұл ойындарда бала логикалық есептерді әріптермен шешеді, слогдар мен сөздерді құрастырады, сөзжұмбақпен айналысады.

– әмбебап ойын оқыту құралдары.

Олар ойын материалы және дидактикалық құралдар бола алады. Ойын Оқу құралдары мұғалімнің жұмысы үшін қолайлы жағдай жасайды және балаларға рахат сыйлайды.

Ойынды бастар алдында, автор мына шарттарды пайдалануын ұсынады:

1. Алдын-ала дайындық: балаға ойнауды ұсынар алдында, толығымен әдістемелік құралы мен ұсыныстарымен таныстыру;

2. Ойын кезінде шамалы үзіліс жасау, бала үнемі орнында отырмауы керек. Ол үшін мына ойын сюжетін ойнап көруге болады: бала ұшбұрыштан қоянды жасайды-сосын орнынан тұрып, қоян секілді секіреді;

3. Сөз қорын дамыту: ойын үдерісінде ауызша сөйлеу әрекетін тыңдау, ертегі кейіпкерлердің жаңа оқиғаларын балалармен бірге ойластырып, баланың сөз қорын дамыту.

Көп функционалдығы.

Бір ойынның көмегімен көптеген білім беру міндеттерін шешуге болады. Өзі сезбей-ақ сәбилер цифрлар мен әріптерді меңгере бастайды; түс, пішінді біледі және есінде сақтайды; қолдың ұсақ моторикасын шынықтырады; тілін, ойын, зейінін, есте сақтауын, қиялын жетілдіреді. Ойындар оқу, математикалық дағдылар, құрастыру, шығар-машылық қабілеттерін дамыту тәсілдерін арқылы жүреді.

Пайдалану мүмкіндігінің әр түрлілігі.

Осы ойындардың үй жағдайында да, отбасылық жағдайда ойын жинақтарында да, сонымен қатар, балабақшалардың топтарында да, мектептерде де, жеке және түзету практикасында да пайдалануға мүмкіндік береді. Ойындардың құрылымы қатаң алгоритм сипаты бар және білім берудің әр түрлі модельдерінде қолдануға болады. Бұл тәрбиеші мен мектеп педагогына жеке және түзету жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді, бұл топпен, сыныпта сабақты ұйымдастыру үшін материал бола алады. Сонымен қатар, жеке материал ретінде де, сонымен бірге, топтың жалпы көрнекілік ретінде де пайдалануға болады (мысалы «Геокопт», «Ларчик» кешені – үлкен көлемді).

Шығармашылық мүмкіндігі.

Қандай ойынмен бала барлығынан көбірек ойнайды? әрине, балаға өз ойын іске асыруға мүмкіндік беретін ойынмен ойнайды. «Сиқырлы басқатырғыштар», түрлі-түсті «әйнектермен», «Геокоптпен», «Воскобович шаршысымен» неше түрлі қызықты нәрселерді ойлап және оларды осы ойындардың бөлшектерінен құрастыруға болады: машиналар, ұшақтар, кемелер, көбелектер мен құстар, батырлар мен ханшайымдарды – бүкіл ертегіні әлемін құрастыра алады! Ойындар ересектерге де шығармашылық пен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Ойынның көңіл-күй мәдениеті.

Балалар туралы, тәрбиелеу мен дамыту туралы сөз қозғаған кезде біз, ересектер, өте салмақты болып қаламыз. Көптеген педагогикалық тәсілдерді зерделеген кезде ойын туралы жарғы, концепция, ережелерді есімізге салады. Бірақ ойын – көңілді іс. Сондықтан, осы ойындардың маңызды ерекшелігі болып балалар теңдік, қолдау тілі деп қабылдайды, қиын болған кезде қарым-қатынас жеңілділігі сықақ пен сынды түсінеді.

Ойын таңдаудағы басымдылық

Көптеген педагогтардың тәжірибесі «Воскобовичтің Дамыту Ойындары» бойынша сабақтар барысында көңілдерін аудару үшін бір рет ережелер мен міндеттерді түсіндіріп беруді ұйымдастыру жеткілікті екендігін айтып отыр, ал материалдардың қол жетімділігі мен техно-логиялылығы балаларға ойынмен қарым-қатынас жасау арқылы өзі үшін жаңалықтар мен жаа жақтарын ашуға мүмкіндік береді.

Ойынның басы әр түрлі болуы мүмкін: бала «кездейсоқ» ашық жерде қалдырылған ойынды тауып алады және бірден танысуды бас-тайды. Құрастырылған бейнелі материал кездейсоқ шығармашылыққа ынталандырады, баланың қызығушылығының арқасында ата-ананың міндеті ойын жүйесінің иекмділігін пайдалана білуі. Ойынмен танысу ертегімен танысу арқылы жүруі мүмкін. Бейнелік және қызықтыратын сюжеті арқылы ойынға деген қызығушылықты ынталандырады. «ойнаймыз-сеземіз-танаймыз», бірінен соң бірі қадамдау, жүйелілік принциптері арқылы қызықсыз уақыт өткізуді ғана емес, сонымен қатар, оқытудың технологиялық моделін қамтамасыз етеді, білім алуға қажеттілікке негізделген ересектің де, ата-ананың да, тәрбиешінің педагогтың да, баланың шығармашылығын, қызығушылығын арттырады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бондаренко Т. Развивающие игры в ДОУ. Конспекты занятий по развивающим играм Воскобовича – М.: ВЛАДОС, – 2004.
2. Выготский Л.С. Мышление и речь // Собр. соч..
3. Воскобович В., Вакуленко Л. Развивающие игры Воскобовича. – М.: ВЛАДОС, 2004.
4. Носова Е.А. Логические блоки Дьенеша – универсальный дидактический материал. – М., 1990.
5. Овчинникова Т.Н. Личность и мышление ребенка: диагностика и коррекция. – М.: Академический проект, 2000

Н.А. Кулмышева

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Қазақстан, Семей қаласы, nazym.armys@mail.ru

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ұйымдастырылған іс-әрекетті жүргізудің маңызы ерекше орын алатыны белгілі. Қазіргі заманның шарттары мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі дәстүрлі оқыту талаптарына сәйкес келмеуі. Балалармен жұмыс жасауда инновацияларды қолдану, тәрбиешілерге ұйымдастырылған іс-әрекетті жүргізуде материалды ұсынудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Инновациялық процесс – білім беру процесіне тұрақты жаңа элементтер кіргізетін, жүйенің бір жағдайдан екінші жағдайға көшуіне апаратын жаңалық, жаңадан ендірілетін әрекет. Білім беру ұйымдарының жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты қызметі. Инновациялық білім процесінің негізінде педагогиканың екі маңызды мәселесі қарастырылады:

1. Педагогикалық тәжірибені оқыту мәселесі.

2. Психологиялық – педагогикалық ғылым жетістіктерінің іс-тәжірибеге дейін жеткізудің мәселелері [1].

Сонымен бірге заманауи жаңа инновациялық технологиялардың педагогикалық негізгі қағидаларыда қарастырылады. Олар: Балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің бірлігі, баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгеру, баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту, әр оқушының даму жүйелері жұмыс істеу, оқу үдерісін баланың сезінуі.

Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануда көптеген түрлерін пайдаланамыз. Атап қарастырсақ олар; дамыта отырып оқыту әдістемесі, деңгейлеп оқыту технологиясы, мультимедия мүмкіндіктерін қолданып оқыту, ойын технологияларын қолдану, кіріктіру сабағы, топпен жұмыс, панорама сабағы, проект әдісі (жоба), рольдік ойындар, проблемалық оқыту әдісі, «миға шабуыл» әдісі, экскурсия сабағы, ынтымақтастық технологиясы, жеке адамға бағдарлы, дөңгелек үстел, саяхатқа шығу т.с.с.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өтуі тәрбиешінің үнемі іздену, ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты.

Балабақшадағы инновацияларды пайдалану тәрбиешінің шығармашылық күш-жігерімен алынған жаңартылған, жетілдірілген және бірегей идеяларды білім беру үрдісіне енгізуді қамтиды [2]. Мектепке дейінгі ұйымдағы инновациялық қызметтің мақсаты ұйымдастырылған іс-әрекет тиімділігін арттыру және жақсы нәтижелерге қол жеткізу болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиешіге жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттерін сақтау жүктеледі. Тәрбиеші баланы тәрбиелеу мен дамытуда; – әрбір білім алушының білім алуы мен дамуын, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білуін; - білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеуге; – өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, дамытуға; – аналитикалық ойлау қабілетін дамытуды.

«Жаңа құралдарды қолданбайтын адам жаңа қиындықтарды күтуі керек» - дейді Фрэнсис Бэкон, ағылшын философы [3].

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің құрлымы жағдайға байланысты жоспары өзгеруі мүмкін.

Инновациялық қызметтің дәстүрліден маңызды айырмашылығы-тәрбиеші тәлімгер емес, іс-әрекет үрдісінің серіктесі рөлін атқарады және «жақын емес, жоғарыда емес, бірге» деген ұстанымын ұстанады. Осылайша, бала көбірек еркіндікті сезінеді, бұл шығармашылық белсенділікті арттырады. Сондай-ақ, білім балаға бұрынғыдай дайын емес түрде беріледі, бірақ оны зерттеу барысында баланың өзі алады. Балалардың шығармашылық қиялын дамыту, ойын толық айтып жеткізе білуге дағдыланыдыру. Енді педагогикалық инновациялық технологияларға тоқталсақ.

ТРИЗ технологиясы. Үйренген сөзден сөйлем құрастыру. Сөйлемдерден әңгіме құрастыру. Ойлау қаблеттерін арттыру.

ТРИЗ технологиясы баланың тілін дамыту, шығармашылық қиялын дамыту. Бала мүмкіндігін ескеріп, заман талабына сай білім беру керек. Триз элементтерін пайдаланып, шығармашылық

қаблетінің ашылуына мүмкіндік туғызады. Балалардың көркемдік шығармашылығын дамыта отыра әр баланың психологиялық ерекшеліктерін танып білуге көмектеседі [4].

Проблемалық оқыту технологиясы. Проблемалық оқыту технологиясы белгілі бір проблеманы қоюға негізделген және оны балалар өз бетінше шешуді көздейді. Бұл әдіс мәселелерді шешуге шығармашылықпен қарауға көмектеседі, сонымен қатар ойлауды дамытады.

Кіші топтағы проблемалық оқытуды қолдана отырып сабақтың қысқаша мазмұны беріледі. Қолдануға болатын материалдар; пластилин, қағаз, мақта, қысқы ойын-сауық суреттері.

Мысалы. Көшеде қысқы ойын-сауықтың әртүрлі түрлерін бейнелейтін суреттерді қарау. Тәрбиеші: «Балалар! Қараңызшы, қандай сұлулық! Айналада қар мен көңілді көңіл-күй бар: адамдар шамамен сырғанайды, шаңғымен серуендейді, коньки тебеді, қарлы ойындар ойнайды. Сендер ақшақар жасай аласыңдар ма? Біз оны топқа шақырайық? Мұны қалай істей аламыз, бізде қар жоқ қой. Сендер көшеден қар әкелсеңдер не болады?, Біздің бөлме жылы, ал сыртта суық, қар не болады? (Ери бастайды). Онда ақшақарды қалай жасаймыз? Сурет салу керек пе? Ал, бізде бояу мен щётка бар ма? «Қағаздан жасайық па? Ал еді бастайық». Осындай әңгімелер арқылы проблемалық оқыту технология элементтерін жүргізуге болады.

Жобалау технологиялары. Балабақшадағы жобалық қызмет бірлескен топтық жобаларды жүргізуді қамтиды. Оларды жүзеге асыру барысында мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және зерттеу қабілеттерін белсенді дамытады. Бұнда туындаған мәселелерді шеше алатын шығармашыл тұлғаны дамытуға көмектеседі [5].

Мектепке дейінгі ұйымның заманауи жұмыс тәжірибесі жобалық қызметтің келесі түрлерін анықтайды: Зерттеу – балалар эксперименттер жүргізеді, содан кейін нәтижелерді, мысалы, газет, сурет түрінде жасайды. Ойын – оқиғаның, ертегінің кез-келген кейіпкерінің рөліне енуді қамтиды. Ақпараттық-балалардың белгілі бір тақырып бойынша ақпарат жинауы, содан кейін суреттер, көрмелер, коллаж, әңгіме түрінде жасалған жұмысты жүзеге асыру. Шығармашылық-әдетте нақты дамыған құрылымы жоқ, балалар мен тәрбиешінің бірлескен жұмысын қамтиды. Оның нәтижесі көрмелер, альбомдар, газеттер және т. б. болуы мүмкін.

Жоба барысында әр мектеп жасына дейінгі балалар үшін балалардың дағдылары мен қызығушылықтарына байланысты әр түрлі міндеттер шешіледі. Шығармашылық және ойын жобалары қолданылады («сүйікті ойыншықтар», «денсаулық бөлмесі»). Кез-келген жастағы мектеп жасына дейінгі балалар үшін әлеуметтік-отбасылық («отбасы ағашы») және танымдық жобалар («жануарлар мен құстар», «менің достарым», «айналамыздағы өсімдіктер») пайдалы болады.

Лэпбук қолдану. Лэпбук немесе интерактивті қалта – бұл әр түрлі элементтер болуы мүмкін үйден жасалған флип-кітап: қалталар, есіктер, конверттер және т.б. Лэпбук – тәрбиеші мен балалардың бірлескен іс-әрекетінің нәтижесі. Онда белгілі бір тақырып бойынша материал жиналады. Бұл әдіс балаға көрнекі материалмен танысуға мүмкіндік береді – ол лэпбукпен қалай жұмыс жүргізу керектігін шешеді, белгілі бір бөлшектерді өз қалауы бойынша бүктейді және ашады [6].

Лэпбук өткен материалды бекітуге көмектеседі, сонымен қатар болашақта оны мезгіл-мезгіл еске салады. Мұндай интерактивті қалта көбінесе жобалық жұмыстың соңғы кезеңінде қолданылады. Лэпбук әр түрлі жастағы топтарда қолдануға өте қолайлы. Мысалы, ақпаратты осылай таратуға болады: Кіші мектеп жасына дейінгі балалар үшін ішіндегі жануарлардың суреттері бар конверттерді бөлектеп, ал үлкен балаларға оқу, санау және т. б. дағдыларды қолдану қажет материалды қолданады.

Лэпбук – бұл мектеп жасына дейінгі балалар ынталы жұмыс істейтін таңғажайып тапсырмалар кітабы болып табылады.

Лэпбукке арналған тақырыптарды кез-келгенін таңдауға болады. Айта кету керек, егер олар нәресте үшін әлі де жаңа болса, жалпы тақырыптарды қарастырған дұрыс. Олар көбінесе кіші мектеп жасына дейінгі балаларға арналған жиналмалы кітаптар жасауда қолданылады. Мысалы, «жәндіктер» тақырыбындағы лэпбук бұл туралы әлі де аз түсініктері бар кіші мектеп жасына дейінгі балаларға жарайды. Бірақ ересек топтың балалары үшін жеке тақырыптарды бөлген дұрыс. Үлкен топ үшін бір лэпбукта жәндіктердің жеке түрлерін бөліп алған дұрыс: мысалы, тек көбелектер туралы ақпаратты қолданыңыз, олардың түрлерін бөліңіз немесе қоңыздарға назар аударыңыз және т.б. екінші жағынан, «экология» тақырыбындағы лэпбук жалпы түрде және үлкен мектеп жасына дейінгі балалар үшін шолу әдісі ретінде пайдалы болады, өйткені балалар үшін бұл жаңа тақырып.

Ұйымдастырылған іс-әрекеті барысында неғұрлым ойын технологиясы көп қолданылса, соғұрлым меңгерілген білім жақсы болады

Қорыта келгенде мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында педагогикалық инновациялық технологияны қолданудың маңыздылығының көрсетеді. Мектепке дейінгі ұйымда ұйымдастырылған

іс-әрекет барысында инновациялық технологияны қолдану, балалар өздерін еркін сезініп, ұялшақтықтан арылып, қиялдары дамиды. Танымдық қабілеттерінің деңгейі өседі.

Ұйымдастырылған іс-әрекет үрдісіне педагогикалық инновациялық технологияны кеңінен енгізіп, барлық ұйымдастырушылық, дамытушылық жолдарын, әдіс-тәсілдерін қолдану қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008
2. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004
3. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік // Қазақстан мектебі, № 4, – 2006.
4. К.Ж.Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. Оқулық. Тараз. – Тар МУ, 2003.
5. А.К. Ахметов. Принципы технологии и содержание образовательной программы. – Алматы, 1995.

ҒТАХР: 14.15.01

Б.М. Кудайбергенова, Д.Ш. Турдугулова

А. Ибраев атындағы ЖОББМ, Семей қаласы, dilma_75@inbox.ru

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚИТУ

«Абай қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға, маңдай алды ақын екені, таңдаулы туындылары дүние жүзі поэзиясының озық үлгілерімен деңгейлес тұрғаны – білген адамға айқын шындық. Сан ғасырлық бай поэзиясы, ел қамын жоқтаған жүздеген өрен жүйрік жырау, жырышы, ақындары бар қазақ әдебиетінде Абай орнының ерекше болуы тегін емес».

Зәки Ахметов

Абай шығармашылығы – адамзат даналығының таусылмас қазынасы. Бұл қазынаны ақтарған сайын тың жаңалықтар көзін тауып, сонау бағзы замандағы қазақ халқын әлемдік мәдениетке жеткізу жолындағы рухани бастаушыны танытынымыз анық. Оның даналығы мен парасаттылығы, озық идеялары – Қазақстанды әлемдегі дамыған елдер кеңістігіне апарар лайықты жолға жөн сілтейді. Абай – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның ірі тұлғасы. Ұлттық идея, ұлт тағдыры, ел тәуелсіздігі, елдің елдігі – бүгінгі қазақ әдебиетінің өзекті арнасына, алтын арқауына айналып отыр.

Абай тек бір ұлттың көлемінде ғана емес, адамзат әлемінде ірі құбылыс болды. Абай қазір еліміздегі түбірлі өзгерістер негізінде әлемде танылып жатыр. Абай аты әлемді шарлады. Бүкіл саналы ғұмырының басым бөлігін Абайға арнаған данышпан Әуезов те оның мол мұрасын «тек шөмішпен ғана сүзіп алдым» деген. Ал біздер, ұстаздар, тіпті қасықпен қалқып алып, ұлы дана мұрасын шәкірттерімізге бере алып жүрміз бе?

Абай шығармаларының мектеп қабырғасында оқытылуы халқымыздың тарихы мен салт-дәстүрін, мәдениетін, әдебиетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын дара тұлғаның қалыптасуына ықпал етері сөзсіз. Абай ілімінің ұлттық сананы ұйытатан мүмкіндігі мен өзектілігі де осында. Қазақ сөз өнеріндегі Абайдың орны мен ақындық болмысын тану, ғылым, білім, өнер, тәрбиемәселелері туралы өсиеттерінің маңыздылығын түсіну арқылы оқушының ұлттық танымы қалыптасады, өмірден өз орнын табуға бағыт-бағдар алады. Әйгілі абайтанушы, ғалым Мекемтас Мырзахметұлының «Толық адам» ілімі жайлы толғаныс мақаласында: «Ендігі мақсат – Абайдың толық адам ілімін қайтадан рухани монолитті қазаққа айналудың жолына қызмет еттіру – басты рухани міндетімізге айналуда, бұдан өзге идеологиялық танымды көріп тұрған жоқпын.»- деген еді. Ендеше осы Абайдың «толық адам» ілімін жас буынға қалай игертеміз, қалай бойына сіңіреміз? Міне, мақсат осында. Білім алушы ұлы ақын шығармаларын мақтанышпен оқу керек. Ол үшін мектептегі мұғалімдердің міндеті – ақын шығармашылығына деген қызығушылықты ояту. Технология алға дамып, қарыштаған заманда ұлы ақын шығармаларын түрлі әдіс-тәсілдермен игерту мұғалімнің шеберлігіне келіп тірелері анық. Мысалы: 5-8 сыныптарда Абай шығармаларын оқытудың тиімді болуы үшін мұғалім мынадай мақсатты көздейді. Өтілетін жаңа сабаққа байланысты мәтінді оқушыға алдын ала оқытуды «төңкерілген сынып» әдісі арқылы іске асыруға болады. Осы арқылы білім алушының көркем шығарманы қалай қабылдағанын білуге, өз беттерімен көркем мәтінді талдау дағдыларын қалыптастыруға; білімді өз еңбектері, ізденістерімен алу машықтарын жетілдіруге болады. Осы мақсатқа орай мұғалім сұрақ-жауап, мәтінмен жұмыс

әдістерін цифрлық технологиялар арқылы ұсынуға болады. Мысалы: learning.Apps, Padlet тақтасы, Шеңбер әдісі, т.б. Талдау кезінде мұғалім үнемі оқушыны қозғап, ой тастап, өзімен бірге еңбектендіріп, олардың пікірлерін назарға алып отырып қадағалайды. Жұптық жұмыс пен шағын пікірталас ұйымдастырылуы үшін проблемалық сұрақтар береді. Бұндай жұмыстар лирикалық шығармаларды сезіммен талдауға үйретеді. Оқушыларды адам сезімі мен жанын түсінуге баулиды.

Абайдың поэмаларын, қарасөздерін оқытуда тиімді оңтайлы тәсілдер арқылы оқушылардың түсінігіне сай беру керек. Қарасөздерді оқытуда мұғалімменерлеп оқу, түсініктемелі оқу, шығармашылық жұмыстарды орындауда түрлі цифрлық технологиялар арқылы іске асырса оқушыға қызықты болады және өзі еңбектенген оқушының міндетті түрде есінде қалады. Ақынның әр қарасөзін оқытуда оқушыларға берілетін білім мазмұнымен таныстырады, оған талдаудың үлгісін түрлі кестелер арқылы беруге болады. Пікірлесу сұрақтары мен оқушылардың білім-білік дағдыларын жетілдіру бағытындағы жұмыстар мен талаптарға көп көңіл бөлу керек.

XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Ғылымды дамытпайынша, оның саласын, атап айтқанда педагогикалық ғылымды жетілдірмейінше, жаңа инновациялық технологияларды оқу үрдісіне енгізбейінше біздің экономикалық өркендеуіміз, рухани және мәдени түрленуіміз мүмкін болмайтыны анық.

Сонымен қорыта келгенде, Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі XXI ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді. Абайдың тұлғасы саналы да өрісі кең ұрпақты тәрбиелейді. Кемел ой мен сыр тоғысқан, сұлу сезім мен мұңлы шер шарпысқан көрікті де көркем жырдың шебері Абай шығармалары халқымыздың мол қазынасы. Ұлт ұстазының аманатын сақтап, терең талдау жасап, оны кеңінен насихаттау баршамыздың борышымыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бітібаева Қ. О. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. – Өскемен, 2002.
2. Бітібаева Қ. О. Абай шығармаларын мектепте оқыту. – Өскемен, 2005.
3. Бейсенбаева А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. – Алматы, 1995.

МРНТИ: 14.25.05

А.М. Мандиева

СОШ имени Бегалина, с. Кайнар,
г. Семей, Абайской области, almagul_m.m@mail.ru

ТЕХНОЛОГИЯ УРОВНЕВОЙ ДИФФЕРЕНЦИАЦИИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

Мечта каждого учителя – научить всех детей: и умных, и талантливых, и не очень способных. Как это сделать? Как на уроке у одних не вызвать скуку, а у других страх непреодолимости? Как сделать так, чтобы не получилось, как у Маяковского: «Толя пел, Борис молчал, Николай ногой качал».

Сегодня существует большое количество методик, направлений, педагогических трудов, обобщающих опыт не одного поколения учителей, цель которых – помочь учителю в профессиональном росте. Современный учитель должен оперативно воспринимать то новое, что становится наиболее актуальным в вопросах образования, владеть технологиями, которые позволяют ему формировать человека ищущего, стремящегося к самопознанию, самоопределению, самореализации.

Например, технология уровневой дифференциации.

Цель данной технологии: обучение каждого ученика на уровне его возможностей и способностей, что ведет к индивидуализации обучения, а следовательно, к развитию личности. Создается комфортная среда для развития каждого ребенка с учётом его индивидуально – психологических особенностей.

Основная задача дифференцированного обучения – вовлечь в работу каждого ученика, помочь «слабому», развивать способности «сильных».

Уровневая дифференциация – это совокупность методов, форм и средств обучения, организуемых с учетом индивидуальных особенностей школьников на основе выделения разных учебных требований.

Технология уровневой дифференциации базируется на теории Л.С. Выготского о движении ученика в процессе обучения из зоны актуального развития к зоне ближайшего развития, которое может быть осуществлено на основе деятельности, предполагающей переход с репродуктивного уровня на продуктивный.

Для учащихся 10-17 лет характерна направленность на осознание себя как личности. Именно для этого возраста обязательное изучение всего материала на одинаково высоком уровне особенно пагубно. Эта проблема в технологии уровневой деятельности решается введением, так называемого базового уровня.

Дифференциация осуществляется за счет того, что предлагая учащимся одинаковый объем материала, учитель ориентируется на разный уровень требований к его усвоению. Осуществить дифференцированный подход при изучении русского языка помогают уроки – повторения, уроки – практикумы, включающие самостоятельное выполнение заданий разного уровня, развивающих практические умения и навыки учащихся.

Известный казахстанский педагог – исследователь Ж.А. Караев, анализируя взаимосвязь этих уровней, установил их соответствие уровням умений учащихся. Так, задания ученического уровня формируют репродуктивные умения в стандартной ситуации, эвристического – частично поискового умения, а творческого, соответственно – творческие умения. Разработанная Ж.А.Караевым педагогическая технология используется сегодня во многих школах инновационного типа. Основные ее особенности – это система уровневых заданий, построенных в соответствии с диагностируемыми учителем целями обучения, и балльная оценка деятельности учащихся, определяемая качеством их выполнения.

Взаимосвязь уровней усвоения знания с уровнями мотива, активности, умения и качества знаний

Уровни		Мотив	Активность	Умение	Качество знаний					Оценка	
V	Творческий	Потребность в познавательной деятельности	Творческий уровень активности	Творческие	Правильность	Полнота	Действенность	Осознанность	Системность	Прочность	Дополнительная оценка
II	Эвристический	Устойчивый интерес	Эвристический уровень активности	Частично-поисковые							5
I	Алгоритмический	Ситуативный интерес	Интерпретирующий уровень активности	Репродуктивные умения в измененной ситуации							4
I	Ученический	Индифферентность	Воспроизводящий уровень активности	Репродуктивные умения в стандартной ситуации							3

В современной школьной практике широко применяется разработанная В.П. Беспалько классификация упражнений по уровням усвоения. В ней выделяются IV уровня учебных заданий: ученический, алгоритмический, эвристический, творческий.

I уровень – это задания на припоминание и актуализацию имеющихся знаний без их видоизменения (рецепция и репродукция). В них определены цель, ситуация и действие для решения проблемы.

Задания II уровня требуют преобразования полученных знаний. Цель и ситуация в них намечены, а действия для решения типовой проблемы должны выбрать сами учащиеся.

При выполнении заданий III уровня они должны уточнить ситуацию и применить усвоенные ранее знания для решения нетиповой задачи. Здесь задана цель, но не ясна ситуация, в которой ее можно достичь.

Задания IV уровня составляются таким образом, чтобы ученики, опираясь на воображение и активное мышление, создавали нечто новое, оригинальное, в той или иной мере выражающее их индивидуальные наклонности и при четко определенной цели и ситуации выполняли продуктивные действия творческого типа, добывая объективно новую информацию.

Так Ж.А. Караев установил соответствие уровней обучения умениям учащихся.

1 уровень – ученический. Задания ученического уровня формируют репродуктивные умения в стандартной ситуации. (Правильное выполнение аналогичных заданий, не требующих трансформирования полученных знаний, пересказа текста, формулировки правил и т.д. без собственных комментариев)

2 уровень – алгоритмический. Задания формируют репродуктивные умения в изменённой ситуации (обеспечивает такое качество знаний, как полнота и действенность, т.е. ученик может перечислить ведущие элементы знаний, дать определение каждому из них, охарактеризовать основные их признаки, а также выполнить задания по теме с применением полученных ЗУН).

3 уровень – эвристический. Задания формируют исследовательские умения в нестандартной ситуации.

4 уровень – творческий. Задания рассчитаны на формирование творческих умений.

Третий и четвертый уровни обеспечивают осознанность системности и прочность знаний. Начиная только с эвристического уровня ученик должен получить оценку «5».

Уровневые задания позволяют комплексно выявлять результаты обучения и развития школьников. При использовании разноуровневых заданий учащиеся самостоятельно регулируют свой индивидуальный темп работы. Выполнение заданий начинается с ученического уровня абсолютно всеми учащимися, независимо от их способностей. Обучение идёт снизу вверх. Применение этой технологии требует ведения дополнительного журнала или ведомости, где учитель делает отметки о выполнении уровневых заданий каждого ученика. Современная педагогическая наука утверждает, что обучать надо не всех, а каждого, ориентируясь на особенности субъективного опыта: особенности личности – смысловой сферы; особенности психического развития; уровень обученности в рамках определённого предмета (сформированные у школьников знания, способы деятельности). Это утверждение находит отражение в педагогической технологии уровневой дифференциации, разработанной профессором Караевым.

В своей практике использую идеи педагогической технологии профессора Караева Ж.А., основанные на принципах гуманизации и демократизации образования, уровневой дифференциации и индивидуализации обучения. Стараюсь, чтобы в учебной деятельности наблюдалась направленность от репродуктивных к творческим видам заданий, от контроля к самоконтролю, от оценки учителя к самооценке ученика. Это позволяет мне стимулировать, формировать и контролировать усвоение и закрепление изученного материала.

Каждый учащийся независимо от знаний и возможностей, начинает работу с выполнения заданий ученического уровня. Обязательное выполнение заданий I-го уровня даже сильными учащимися позволяет, дифференцируя учебные задания, избежать искусственного деления учеников на способных и неспособных. Все учащиеся берут старт одновременно и каждый из них, по мере способностей, достигает своей вершины в усвоении опорных заданий.

Оценку «3» получают учащиеся, которые выполнили задания первого и 1-2 задания второго уровня. Оценку «4» получают учащиеся, которые выполняют задания первого, второго и 1-2 задания третьего уровня. Оценку «5» получают учащиеся, выполнившие все задания 1-3 уровней. За выполнение четвертого творческого уровня оценка ставится дополнительно.

Применение разноуровневой дифференциации по системе Ж.А. Караева приводит к обучению посредством активной самостоятельной познавательной деятельности учащихся. Разноуровневые задания, рассчитанные на 25-35 минут, желательно выполнять на уроках закрепления, повторения и обобщения знаний. Целью данной работы является проверка усвоения материала по отдельным темам и разделам, а затем составляется мониторинг для того, чтобы ученик видел результаты своей работы и ликвидировал пробелы в знаниях.

Технология уровневой дифференциации, разработанная Ж.А. Караевым, способствует решению задач современного урока:

– гарантирует стопроцентное достижение цели обучения по всем темам, хотя бы на обязательном ученическом уровне;

– обеспечивает развивающий принцип обучения учащихся за счёт выполнения заданий более высокого уровня усвоения.

Как показывает опыт, использование данной технологии приводит к устойчивым положительным результатам в обучении русскому языку:

- появляется возможность творческой деятельности учащихся на более высоком уровне;
- реализуется желание сильных учащихся быстрее и глубже продвигаться в образовании;
- слабые учащиеся получают возможность испытывать учебный успех, продвигаться к более высоким достижениям;
- главное, повышается качество знаний.

Уровневое обучение представляет возможность каждому ребёнку организовать своё обучение таким образом, чтобы максимально использовать свои возможности, прежде всего учебные. Уровневая дифференциация позволяет акцентировать внимание учителя на работе с различными категориями детей. Полезно оказывать дифференцируемую помощь слабоуспевающим по выполнению тех же самых упражнений, которые делает большинство. Различные виды дифференцированной помощи:

- Постоянная работа над ошибками на уроке и включение ее в домашние задания, предупреждение о наиболее типичных ошибках, неправильных подходах при выполнении задания.
- Индивидуализация домашнего задания слабоуспевающим учащимся.
- Повторение дома материала, необходимого для изучения новой темы.
- Использование слабыми учащимися при ответе составленным дома планом изложения материала или выполненной самим памяткой для ответа.
- Координация объема домашних заданий, доступность его выполнения в установленное время.
- Привлечение школьников к осуществлению самоконтроля при выполнении упражнений.
- Предоставление времени для подготовки к ответу у доски (краткая запись, использование наглядных пособий).
- Оказание должной помощи слабоуспевающим в ходе самостоятельной работы на уроке.
- Указание правила, на которое опирается задание.
- Дополнение к заданию (рисунок, схема, инструкция и т.п.).
- Указание алгоритма выполнения задания.
- Указание аналогичного задания, выполненного раньше.
- Объяснение хода выполнения подобного задания.
- Предложение выполнить вспомогательное задание, наводящее на решение предложенного.
- Наведение на поиск решения определенной ассоциацией.
- Указание причинно-следственных связей, необходимых для выполнения задания.
- Выдача ответа или результата выполнения задания.
- Расчленение сложного задания на элементарные составные части.
- Постановка наводящих вопросов.
- Программирование дифференцирующих факторов в самих заданиях.
- Удачное сочетание методов и приемов, работа с сильными и слабыми учащимися дает положительный результат: дети ждут с нетерпением таких уроков, сильные подбирают ценный дополнительный материал из научно-популярной, энциклопедической и другой литературы не только к изучаемым темам, но и идут с опережением.

Дифференциация может осуществляться:

- по объему и содержанию работы;
- по приемам и степени самостоятельности;
- при закреплении;
- при повторении;
- при объяснении нового материала (в определенных случаях).

В любом случае перед учащимися ставится единая познавательная задача, к которой они идут путями, соответствующими их способностям и учебным возможностям. На всех этапах отрабатывать орфографию, пунктуацию, речь. Перед каждым заданием четко ставить задачу и подводить итог. На каждом уроке использовать связные тексты.

Основная задача дифференцированного обучения – вовлечь в работу каждого ученика, помочь “слабому”, развивать способности “сильных”.

Дифференциацию использую на разных этапах урока: систематически при проверке домашнего задания, при закреплении, при повторении, реже при объяснении нового материала. Какие же особенности учитываю при работе в группах на уроках?

1. Дифференцированный подход в целях оптимизации обязательно использую при подборе домашних заданий. Это позволяет развить слабого ученика, помочь ему в овладении общеучебными умениями и навыками. Сильного же ученика дифференцированное задание поднимает на более высокую ступень развития.

Домашние задания распределяю по группам (по степени сложности) сама, или учащиеся выбирают эти задания на альтернативной основе – каждый ученик выбирает задание, посильное для себя. Для группы сильных учащихся часто даю опережающие задания поискового характера (подобрать материал по теме, составить схему-опору, найти в словарях и т.д.)

2. Для успешного усвоения нового материала важны подготовительные упражнения. Это и диктанты, и игры, и самостоятельная работа. Важно при их выполнении и проверке повторить то правило, которое будет необходимо при объяснении новой темы. Подготовительные упражнения чаще дифференцирую, а нужные выводы делаю со всеми детьми класса. На уроках предлагаю некоторым учащимся выполнить небольшие индивидуальные задания на карточках, поработать над теми ошибками, которые допустили ребята в контрольных, классных или домашних работах, стараюсь разнообразить эти работы, проводить их в виде игр (например, в 5-6-х классах – учащиеся получают письма, открытки с заданиями от литературных героев).

3. Объяснение нового чаще всего провожу для всех одинаково, все получают возможность учиться в одинаковых условиях. Чем больше используется наглядности, тем лучше усваивается материал. Одним учащимся выводы ясны после первого объяснения, другим необходимо еще раз повторить. В любом случае перед учащимися ставлю единую познавательную задачу, к которой они идут путями, соответствующими их способностям и возможностям. Новый теоретический материал не даю в готовом виде. Наличие теоретических задач делает обучение проблемным.

4. При закреплении первый пример рассматриваем все вместе, далее каждая группа выполняет свое задание, но при проверке всех прошу друг друга послушать, так как ставлю задачу, что подобное задание будет выполнять 2 группа дома (или все). Для закрепления теоретического материала я готовлю задания для самостоятельной работы, подбираю дидактический материал в соответствии с уровнем развития учащихся и провожу уроки – практикумы, где использую не только дифференциацию, но и разные способы коллективной работы учащихся:

5. Большое значение имеют индивидуальные самостоятельные работы.

Во-первых, возрастает роль самого ученика в определении содержания работы, в выборе способов ее выполнения.

Во-вторых, возникает возможность сотрудничества учителя и ученика, особенно при выполнении учениками заданий творческого характера. Самостоятельные индивидуальные задания использую не только при повторении, но и при объяснении нового материала. Здесь очень важно правильно подобрать дифференцированные задания для каждого ученика. Дифференцированные задания готовлю к уроку заранее, записываю на доске, карточках. Их можно разделить на два вида:

1. Обязательные задания (Они способствуют умению правильно применять изученное правило, их должно быть огромное количество, они должны быть посильны для каждого ученика.)

2. Дополнительные задания (Они рассчитаны для тех детей, которые справились с обязательными заданиями и у них есть время для самостоятельной работы. Эти задания повышенной трудности на применение изученного материала, требующие сравнения, анализа, определенных выводов. Качество и количество упражнений может быть разным, но доступным для усвоения правила на данном этапе урока. Чтобы не снижать активность учащихся, увеличиваю объем работы для тех учащихся, которые имеют более высокий уровень подготовки, этим содействуя развитию познавательных способностей.)

Таким образом, в ходе урока, наряду с общими заданиями, включаю дифференцированные, позволяющие каждой группе учащихся выполнять работу, соответствующую их возможностям, направленную в то же время на решение общих познавательных задач. Приемы и задания развивающего, исследовательского характера использую не только на уроках русского языка, но и на уроках литературы тоже стараюсь включать активные формы обучения, где увеличивается степень самостоятельности учащихся, осуществляется индивидуальный подход и развиваются творческие способности.

Желаемый результат работы по данной технологии:

- умение самостоятельно работать с первоисточником;
- развивать познавательную активность учащихся.
- желание самостоятельно «добывать» знания, самооценивать себя и сверстников, самореализовывать свои потребности в продвижении к более высокому уровню (алгоритмическому, творческому, эвристическому);

– добиваться психологического раскрепощения учащихся и их адекватного отношения к своим способностям и возможностям; представить им право выбора; и самое главное
– научить учащихся учиться самостоятельно.

Список литературы

1. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – М., 1995 г.
2. Караев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Актуальные проблемы модернизации педагогической системы на основе технологического подхода, – Учитель Казахстана. – 2005. – № 42-45.
3. Греков В.Ф. и др. Пособие для занятий по русскому языку. – М.: Просвещение, – 2008.
4. Психолого-педагогический словарь для учителей и руководителей общеобразовательных учреждений. – Ростов-на-Дону: Издательство «Феникс», 1998. – 544 с.

ҒТАХР: 14.25.05

А.С. Мақұлжанова

№ 26 жалпы орта білім беретін мектебі,
Семей қаласы, makulzhanova@inbox.ru

МЕКТЕП МАТЕМАТИКА КУРСЫНДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз-оқу. «Надан жұрттың күні – қараң, келешегі тұман», – деп М. Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі-білімді ұрпақ.

ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында «Қазіргі кезеңдегі білім беру сапасы оқушылардың түрлі қызметтер саласындағы проблемаларды өз бетінше шешу мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін қалыптасқан негізгі құзыреттілік түріндегі білім беру нәтижелерінің жетістіктерімен түсіндіріледі», – делінген. Мемлекеттік білім стандарты деңгейіне оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салуды көздейді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесін ақпараттандыру оқытудың жаңа технологиясын енгізу халықаралық коммуникациялық желілерге шығу» басты міндеттердің бірі деп атап көрсетілген, сонымен қатар оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көпнұсқалық қағидасы бекітілген. Өзіне оңтайлы нұсқаны тиімділігіне қарай пайдалану мұғалімнен үлкен шеберлікті талап етеді. Қазіргі білім беру ордаларында мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет – оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Жаңа заман ағымына сай білім саласында жаңа технологиялар қолданудың маңызы зор.

Бүгінгі күні мектептегі оқу пәндерінің ішіндегі ең күрделісі әрі қиындығы мол деп саналатын пәндердің бірі – математика. Математика – ерекше құдіретті ғылым. Қазіргі заман – математика ғылымының өте жан-жақты тараған кезеңі. Оқушыларға математикалық жүйелі білім беру, олардың өздерінің алған білімдерін өмірде қолдана білуге және арнайы дамытуға тәрбиелейтін-мұғалім.

Математика пәнін оқыту процесінің негізгі мақсаты – арнайы педагогикалық әдістермен тәсілдерді мақсатты, жүйелі түрде пайдаланып, оқушылардың танымын, шығармашылық ойлауын, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту болып табылады. Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін қалыптастыру – оқушының пәнге деген қызығушылығынан және қажеттілігінен туады. Математика сабағында оқушылардың шығармашылығын қалыптастыру үшін сабақта заманауи технологияларын қолдану қажет. Қазіргі заман технологиялары сабақтың сапасын көтеруге, оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыруға, қазіргі қоғам талабына сай білім алуына көп әсерін тигізеді. Қазіргі кезде қолданып жүрген жаңа педагогикалық технологияның негізіне мыналар жатады: а) әрбір оқушының жеке және дара ерекшеліктерін ескеру; ә) оқушылардың қабілеттері мен шығармашылықтарын арттыру; б) оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру [1].

Жаңа педагогикалық технологиялардың ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру технологиясы, тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы, қарқынды оқыту технологиясы, жоба технологиясы, деңгейлік саралап оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, ақпараттық технология тағы басқа көптеген түрлері бар. Жаңа технологиялар мұғалімнің жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Оқу процесінің тиімділігі ең алдымен

оқушылардың белсенділігі мен танымдық ізденісіне қатысты. Сондықтан мен өзімнің педагогикалық тәжірибемде сабақ жүргізуде сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасын негізге алып саралап-деңгейлеп оқыту тәсілдерін қолданамын. Дәстүрлі сабақ пен қазіргі сабақты салыстырмалы талдауды зерделей отырып, сабақты жаңаша құруды үйреніп, оқушыларға оқу тапсырмасын дайындап, олардың танымдық қызметін белсендіруді, білім сапасын арттыруды мақсат етіп алдым. Осы мақсатқа жету үшін инновациялық технологияларды сабақта қолданамын. Соның бірі – сыни тұрғыдан ойлау технологиясы. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз - ой қозғай отырып, оқушының өз ойы мен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген-білгенін талдап салыстырып, өз бетімен және бірлесіп шығармашылықпен жұмыс жасау. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы-оқушыға білімнің дайын күйінде берілмеуі. Бағдарлама бірнеше кезеңдерден тұрады: қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой-толғаныс. Сабақтың құрылымына қарай қолданған жағдайда оқушылар белсенділігі артып, бір-біріне деген сенімі, өзінің түсінігі мен түйсінуі арқылы жаңа білім құрастыруға дағдыланады. Аталған технологияның ерешелігі: еркін ойлауға мүмкіндік береді, ақыл-ойын дамытады, ынта-жігері артады, ұжымды іс-әрекетке тәрбиелейді, тіл байлығы жетіледі, жан-жақты ізденеді, өз ойын жеткізіп үйренеді. ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет [2].

Ақпараттық компьютерлік технологияны қолдану – заман талабы. Қазіргі ақпараттық технологияның озық жетістіктерін математика сабағында қолдану арқылы танымдылық іс – әрекеттерін ұйымдастыра отырып оқушылардың құзіреттілігін дамытуға болады. Ақпаратты оқыту технологиясының бүгінгі күні интерактивті тақта ерекше орын алып отыр. Оқушы интерактивті тақтамен жаңа материалдарды арнаулы программамен мүмкіндігінше пайдалана алады. Ондағы мақсат – оқушының өзінше ойлау қабілетін арттыру және қазіргі заманғы интерактивті тақтамен жұмыс істеуге үйрету. Математиканы оқытудағы негізгі талап – оқушыға есептер шығара білу жолдары мен тәсілдерін үйрету. Интерактивті тақтамен сабақ берген кезде мұғалім, шәкірт және интерактивті тақтамен қарым-қатынас жүргізіледі. Компьютер арқылы оқу материалын беруге, оны әзірлеуге, бақылауға, қорытындылауға, көмек беруге мүмкіндік зор.

Білім мазмұнын деңгейлік түрде ұсыну дамыта оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді, өйткені оқулық та тапсырмалар да деңгейленіп жасалған, оны біртіндеп деңгей бойынша меңгереді, және мұндағы білімнің кейбір жетекші элементтерін: фактілер, ұғымдар, ережелер, заңдылықтарды т.б. оқушылардың өздері ашады.

1. Оқушылық деңгейде оқушы мұғалім көмегімен әрекет жасайды алдындағы мақсатты шешуге ұмтылады, бұрынғы білімдерін пайдаланады. Жаттап алуға лайықталған анықтамалар, жеңіл есептер, тұжырымдамалар, аксиома, т.б. тапсырмаларды орындай алу;

2. Алгоритмдік деңгейде мақсат пен шешілуге тиісті жағдаят анық, оқушы бұрынғы жинақталған білімін пайдалана отырып, мақсатқа жету үшін өз бетімен жұмыс істейді. Өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген логикалық тапсырмалар, бірақ оларды орындау үшін алған білімдерін түрлендіріп, тереңдете пайдалануды талап етеді;

3. Эвристикалық деңгейде мақсат ашық, жағдаят түсініксіз, оны оқушының өзі толықтырады, табады, шешеді, яғни бұрынғы білім көмекке келеді. Оқушы жаңа хабар, білімді өз ізденісімен ала алады. Бұл деңгей – өнімді деңгей. әр түрлі әдіс – тәсілдермен өздігінен есептер шығару, ребрустар, сөзжұмбақтар құрастыру, диаграмма салу, өлшем жасау, проблемалық жағдайларды шешу, белгілі дағдыларды қалыптастыруға арналған сұрақтар.

4. Шығармашылық деңгей – мақсат жалпылама, анық емес. Оқушы оны анықтайды, жаңа нәрсені табады, өз бетінше жаңа дүние әкеледі. Теорема дәлелдеу, заңдылықтарды оқулыққа сүйенбей мұғалімнің көмегінсіз қорытып шығару; әр деңгейде олимпиада есептерін шығару; берілген тақырыпқа өз бетімен реферат, баяндама, ізденіс жұмысы, ғылыми жобалар қорғау [3-4].

Математика пәнінің мұғалімі ретінде менің мақсатым – сабақ барысында өздігінен ойлау қабілетін арттыру, логикасын дамыту, жауапкершілік сезімін қалыптастыру, өздігінен шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу. Әр өткен жаңа тақырыпты оқушыларға шығармашылық ізденіс үстінде меңгертуге тырысамын. Сабақтарда оқушының ынтасын, белсенділігін арттыру үшін оларға үнемі проблемалық сұрақтар қойып отырамын.

Жаңа технологияны пайдаланып өткізген бірнеше сабағымды ұсынып отырмын.

9 сыныпта өткізген «Арифметикалық және геометриялық прогрессия» атты математика сабағымда сыни тұрғыда әр түрлі стратегияларды, интерактивті тақтаны қолдану арқылы өтті. Математика сабағынан алған теориялық білімдерін оқушыларға интерактивті тақта мүмкіндігін пайдалана отырып бекіту ұсынылды. Сабақты бұлайша түрлендіру үшін оқушының алдымен информатика сабағынан алған мүмкіндіктерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру және берілген

есептерді интерактивті тақтада жазып, сауатты орындай білуі талап етілді. Бұл кезде оқушылардың ойлау қабілеті іске қосылып, танымдылық іс – әрекеті жинақталып күзінеттілігі дамиды. Келесі кезеңде оқушылардың есеп шығару барысында қабілет дәрежесі біркелкі болмайтынын ескеріліп, қиындығы әртүрлі есептер берілді. Практикалық мазмұндағы есептер шешуде компьютер арқылы MS Excel редакторында формулаларды қою арқылы тексеріп отырды. Практикалық есептер: (ауызша талдау, MS Excel редакторында тексеру).

1. Кәсіпкер банктен 500 000 теңге 15%-дық жылдық өсіммен кредит алды. Кәсіпкер 3 жылдан соң қанша қайтару керек? /компьютерде орындау / Жауабы: 760 437 теңге 50 тиын.

2. 18, 4... арифметикалық прогрессияның 20 мүшесін жазып шыққанда, олардың арасында – 38 саны бар ма? Бар болса нешінші орында? / Оқушы шешімін интерактивті тақтада жазады./

3. Қазіргі таңда ҚР –да 16 300 000-ға жуық халық бар. Ал егер халық саны жыл сайын шамамен 100 000-ға артып отырса, онда 2030 жылы халық саны қанша болады?

Оқушылардың тапсырмаларының негізі болып оқушылардың ақыл-ойымен іс-әрекеттерін шығармашылықпен дамитынын көрсетеді. Оқушылардың шығармашылық қабілетінің аттыру мақсатында әр-түрлі есептер дайындап келіп, басқа пәндермен байланыстырдым.

Пәнаралық байланыстардың мақсаты – оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, пәндердің өзара байланысын терең түсіндіру. «Прогрессия айналамызда.»

Прогрессия – биологияда: Бактерия өзіне қолайлы жағдайда 1-минутта екіге, олардың әр қайсысы келесі минутта екіге т.с.с бөлінеді. 7 минуттан соң қанша бактерия пайда болатынын есептейік. Тақырыпты күнделікті өмірмен байланыстыру мақсатында есептер берілді:

Прогрессия архитектурада: Амфитеатрда 10 қатар бар. Оның әрбір келесі қатарында алдыңғыдан 20 орын артық, соңғы қатарында 280 орын бар болса, амфитеатрға қанша адам сияды?

Прогрессия құрылыста: Құрылыс ағаштары суреттегідей жиналған. Ең астыңғы қатарында 12 бөрене жиналған болса барлық бөренелер саны қанша?/сурет бойынша/

Оқушылар тапсырманы орындауға теориялық дайындықпен келулері тиіс. Оқушылар жұмысты аяқтағанан кейін тексеру парағын таратамын. Оқушы шығарған есептерін мұқият тексеріп өзіне-өзі баға береді. Өзін-өзі бағалау оқушыны шығармашылыққа тәрбиелеуге баулиды.

Рефлексия (керек сөздің астын сыз.)

1. Осы тарау барысында мен көмектестім, маған көмектесті.

2. Прогрессияға арналған есептер оңай, қиын, қызықты болды.

3. Бүгінгі сабақ пайдалы, пайдасыз өтті.

Сабақ соңында оқушылар өз ойларымен пікір бөлісті.

7 сыныпта «Рационал өрнекті теңбе-тең түрлендіру» қайталау сабағын өткіздім.

Мақсаты: оқушылардың тақырып бойынша алған білімдерін тереңдетіп, жинақтап жүйелеу. Рационал, яғни алгебралық бөлшектерге амалдар қолдануды, рационал өрнекті түрлендіруге үйрету.

Дамытушылық: логикалық ойлау қабілеті мен есептеу дағдыларын жетілдіру, ой-өрісін кеңейту. Рационал өрнектерді түрлендіру кезінде алған теориялық білімін практикада қолдана білу дағдысын қалыптастыру.

Тәрбиелік: оқушыларды ұқыптылыққа, тез шешім қабылдай білуге; пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, жүйелі ойлауға, нәтижеге қол жеткізе білуге, өзіне сенімділікке, жолдастық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Сабақта қолданылатын көрнекіліктер: оқушылардың бағдар беті, слайд түрінде берілген тапсырмалар, тест, карточкалар және сабақ толығымен жазылған флипчарт, математикалық домино.

Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:

а) білімді жеткізу: көрнекіліктерді қолдану арқылы

ә) практикалық (ауызша жаттығу жұмыстарын орындату кезінде)

б) ішінара ізденушілік (шығармашылық тапсырмалар орындату),

в) оқығудың ақпараттық технологияларын қолдану.

Қайталау: көпмүшелер және бірімүшелер, қысқаша көбейту формулалары, рационал өрнектерді түрлендіру, қысқаша көбейту формулаларын пайдаланып өрнектерді ықшамдау.

Сабақты жоспарлау барысында тапсырмалар ешқандай оқушы жұмыссыз қалмайтындай етіп құрастырылды. Жеке тапсырмалар оқушының деңгейіне қарай құрастырылып, барлық оқушылар қамтылды. Деңгейленген тапсырмалар арқылы әрбір оқушымен жеке жұмыс жүргізуге, әр оқушының интеллектуалдық даралығын анықтауға мүмкіндік берді.

Қорыта айтқанда, еліміздің жарқын болашағы, мектеп қабырғасындағы бүгінгі жас ұрпақтың терең білім, үлгілі тәрбие алуына байланысты. Бүгінгі шәкірт-ертеңгі маман. Ендеше, қоғам талабына сәйкес мұғалімнің негізгі мақсаты-оқушының білім сапасын көтеру. Ол үшін мұғалімнің алдында

сабақ сапасын көтеру түрін жетілдіру, оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттыру, қабілетін дамыту міндеттері тұр. Демек, мұғалім бір ғана әдіспен шектелмей, шығармашылығын шыңдап, озық іс-тәжірибелерді пайдалана білуі шарт. Заман талабына сай педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерді қабылдай отырып, өз пәндерімізге тиімді қазіргі заман педагогикалық технологияларын пайдалануымыз керек. Осы үдеріспен бәсекеге қабілетті дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктейді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ақпараттық технологияларды сабақта қолдану. М. – Ғалымжанова. – № 3. – 2006.
2. Стил С., Крутис Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы
3. Педагогика // Журналдар.
4. Бидосов Ә. Математиканы оқыту методикасы.

ҒТАХР: 14.23.07

С.Е. Макулова, Г.Т. Балдыкова

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі, Көкшетау қ.
sayamakulova@gmail.com

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Адамның жан дүниесінің дамып жетілуі, әлеуметтік өмірге бейімделіп тіршілік етуі әртүрлі іс-әрекеттермен шұғылдану барысында қалыптасады. Сондай іс-әрекеттің бір саласы – ойын әрекеті. Жоғары сатыда дамып жетілген сана-сезім мен ақыл-ой иесі – адам баласының ойын әрекеті, бір жағынан, тіршілік етудің негізгі формасы болып саналатын болса, екінші жағынан, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын өмір тәжірибесінің нәтижесі болып саналады.

Ойынның бала өмірінде үлкен орын алатынын ертеден-ақ дәлелдеген. XVIII ғасырда Ж.Ж. Руссо былай деп жазған: «Баланы жақсы тану және түсіну үшін, оны ойын кезінде бақылау керек», – деген [1].

Мектепке дейінгі тәрбие беру ұйымдарында балалардың ой өрісін, логикасын, тілін дамытуда белгілі бір затты қабылдауын, есте сақтауын дамытады. Негізгі міндет – дамытушы ойындарды пайдалана отырып, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру кезінде балалардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге ыңғайлы жағдай жасау. Бұл бағдарламада Б.Н.Никитиннің, В.В. Воскобовичтің, Золтан Дьенештің және т.б. дамытушы ойындарын қолдану арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға көп септігін тигізеді. [2]

Б.Н. Никитиннің ойындары өмірінің ерте жастап бастап баланың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

«Дроби» немесе «Ширектер» – бұл үздік математикалық ойындарының бірі. Бұл ойын 3-5, 5-7 жас аралығындағы балаларына арналған. Бұл жиынтықта тұтас шеңбер үлгісі беріледі. Ең бірінші балаға тұтас шеңберді көрсетіп, содан кейін шеңбердің сынған бөліктерін беріп, қайтадан тұтас шеңбер жасау үшін мүмкіндік беру керек. Осы ойынды қорытындылау үшін шеңберге ұқсас заттарды үйден немесе айналаны қоршаған ортадан іздеу және сұрау қажет [5].

Осы ойынның соңында балаларда «көп», «аз», «тең» ұғымдары қалыптасады [4].

В.В. Воскобовичтің дамытушы ойындары мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау, сөйлеу, танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытуда, балалардың қол моторикасын, таным қабілеттерін, оқу үрдісінде тілін дамытуға пайдалы. Воскобовичтің ойындарын қолданудың тиімділігі – балғындар талдау, салыстыру дағдыларына икемделеді, сары, қызыл, көк түстерді оңай ажыратады, жасыл, күлгін, көгілдір, қызғылт сары түстерді шатастырмайды. Ұсақ және қол моторикасы жоғары деңгейде байқалады. Сандарды, әріптерді меңгереді, түстерді, пішіндерді ажырата алады және есінде сақтайды, сөйлеу, ойлау, зейін, есте сақтау, қиялдау қабілеттерін жетілдіреді.

«Ғажайып кезең» – 1998 жыл «Ғажайып жұмбақтар» құмарлығы: «Ғажайып кресттер», «Ғажайып бал ұялары» және «Ғажайып гүлдер». Содан бері бұл ойындар балалар мен ересектер арасында танымал болды. 1998 жылдың күзінде Вячеслав Воскобович дамушы ойындардың «патриархы» Борис Павлович Никитинмен кездесті. Елімізде ойын арқылы оқытуға деген

қызығушылықты оятқан жаңашыл ұстаз Вячеслав Вадимовичті әріптес ретінде танып, ынтымақтастықты ұсынды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалдық және шығармашылық дамуына арналған авторлық ойын технологиясының «Ойынның ертегілік лабиринттерінің» бірінші нұсқасы пайда болды, ол Санкт-Петербургтің білім беру комитетімен бекітілген. «Ойынның ертегілік лабиринттері» технологиясы – бұл бала іс-әрекетіне авторлық танымдық ойындарды бірте-бірте енгізу және материалды бірте-бірте күрделендіру.

Ойындар ойын жинақтарына біріктірілген, ойын құралдарының айқын блоктары анықталған: әмбебап (кез келген есептерді шешуге арналған ойындар), конструктивті (ойын-конструкторлар), пәндік (сауаттылыққа және математикаға оқытуға бағытталған ойындар). «Ойынның ертегі лабиринттері» балалардың интеллектуалды және шығармашылық дамуына арналған ойын технологиясы» атты маңызды оқу құралы жарық көрді. Ойындарды кілемдік негізге көшіру идеясы туындайды. Нәтижесінде, ертегідегі жәшік сияқты дамудың шексіз санын, сондай-ақ оған қосымшаларды жасыратын «Кілемше қобдишасы» әзірленді. Сандар мен белгілердің сандығы, «Ақылды жебелер қобдишасы», «Көп түсті жапырақшалар жәшігі», сондай-ақ бастапқыда фетр негізіндегі кейбір ойындар кілемге ауыстырылды. «Тасбақалар қорабы» және «Igrovizor» графикалық симуляторына қосымшалар пайда болады.

Игровизор – «ұзақ ойналатын» папка. Жоғарғы мөлдір қағаз бетіне фломастерен сурет салуға болады, оларды бояу барысында қате жібердім деп қорықпауға болады. Өйткені, ол қателерді майлықпен оңай өшіруге болады, сондықтан тапсырмалары бар парақтар қажет емес.

«Геоконт» ойынының нәтижесінде балалардың қол және саусақ моторикалары, сенсорлық қабілеттері (түс, түр, пішін), ойлау процестері дамиды. [8]

Күлгін орман ковралиннен, қабырғада, матада сурет ретінде пайда бола бастады. Негізінде, дамытушы сенсоромоторлық аймақ құрылады. Бала өздігінен әрекет етеді: ойнайды, құрастырады, ересектермен әрекеттесу арқылы алған біліктерін жаттықтырады. Күлгін орманда міндетті түрде ертегі кейіпкерлері болады. [8]

Мария Монтессори технологиясы – ХХІ ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технологиялық бағытта дамыту мақсатымен атауымыз үлкен үміттің басты нышаны. Мария Монтессори 5 аймақтан тұрады:

- Күнделікті өмір жаттығулары аймағы
- Сенсорика аймағы
- Математика аймағы
- Тіл аймағы
- Ғарыш аймағы.

Күнделікті өмір жаттығулары аймағы кішкентай балалар үшін ерекше маңызды. КӨЖ аймағында бала өзіне және өз заттарына қарауға көмектесетін материалдар орналасқан. Бала өзі киінуге (түйме, кнопка, жіпшелер, түйрегіштер т.б.) үйренеді. Ұқыпты бір нәрсені құюға, төгуге, жууға, аяқ киім тазалауға өзіне-өзі қызмет көрсетуге үйретеді.

Сенсорика аймағы – бұл аймақта бала қоршаған ортаны зерттеуде өзінің сезімдерін қолдана білуге үйренеді, осындағы материалдар арқылы өзінің (түрлі түсті кестелер, көлемі мен пішінін ажыратуға арналған материалдар және т.б.) көру сезімін біледі. Сипап сезу сезімін (сипау үшін тақтайшалар, маталардың қиындыларының жиынтығы т.б.). Иіс сезу (иістері бар жәшікшелер және т.б.). Дәм сезу, есту сезімін (шуылдайтын қорапшалар, музыкалық аспаптар және т.б.) жетілдіреді, сол сияқты температураны ажырату, есте сақтау қабілеттерін жаттықтырады.

Математика аймақта сенсорлық материалдармен жұмыс істеп, логикалық ойлауды үйренген соң бала еш қиындықсыз өзіне таныс ұғымдарды математикалық терминдерге айналдыра бастайды. Математикалық дамыту аймағында бала санауды, қосу мен азайтуды, көбейту мен бөлуді түсініп, түбірге алу, мағыналы сандармен жұмыс істеу үшін барлық керекті материалдарды меңгереді.

Тіл аймағында балаға тілді алып жүруші ретінде тілді дамытуға арналған тиісті материалдар қажет. Берілген аймақта жазуға моторлық дайындық, фонетикалық естудің дамуы, жазу мен оқуға үйрену т.б. қарастырылады. Бұл жерде бала өзінің қорын кеңейтуге, әріптестермен танысуға, саусағымен қиынырақ әріптерді салуға, сондай ақ жылжымалы алфавит арқылы сөздерді қоюға үйренеді.

Ғарыш аймағындағы жұмыс баланы қоршаған ортамен байланыстырады. Ғарыш аймағында балалар жер бедері, жер шары, әлем бойынша елдерді, олардың мәдениеті мен дәстүрін, өлі және тірі табиғатты, табиғат құбылыстары туралы түсініктерін толық алады [6].

Логикалық блоктарды венгердің психолог-математигі Золтан Дьенеш ойлап тапқан. Балаларды блоктар арқылы ойната отырып, оларға нысандардың түсін, пішінін, көлемі мен жауандығын көрсете отырып, меңгертуге таптырмас құрал. Дьенештың «логикалық блок» атты дидактикалық жинағы 48 геометриялық фигуралардан тұрады, олар бір-бірінен көлемі, түсі, қалыңдығы мен пішіндері бойынша ажыратылады. Осылайша әр пішін төрт өзіндік ерекшелігімен белгіленеді: түсі, пішіні, көлемі және қалыңдығы [7].

Дидактикалық ойындар оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландырады, олардың ойлау қабілеттерін, ізденімпаздылығын арттырады, сөз қорын молайтуға көмектеседі, сабақта дидактикалық ойындарды пайдалану мектеп оқушыларын сол пәнге белсенділігін арттырады, бағдарламалық материалдарды қажет деңгейде меңгеруге ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Баймуханов Б. Математика есептерін шығаруға үйрету. – Алматы, 1993.
2. Құрманалин Ш.Х., Сәрсенова С.Ш., Өміртаева Р.Қ. Математикадан дидактикалық ойындар.
3. Никитин Б.П. Развивающие игры. – М.: Педагогика, 1981.
4. Никитин Б.П. Ступеньки творчества или развивающие игры. – М.: Просвещение, 1991.
5. Монтессори М. Дом ребёнка. Метод научной педагогики. – М.: Задруга, 1913. – 339 с.
6. Лелявина Н.О., Финкельштейн Б.Б. Давайте вместе поиграем (набор игр с блоками Дьенеша). Учебное пособие к логическим блокам Дьенеша, для детей от 2 до 7 лет. – Санкт-Петербург, 1993. – 46 с.
7. Воскобович В., Вакуленко Л. Развивающие игры Воскобовича.

ҒТАХР: 14.01.45

К.С. Мукушева

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі,
Қазақстан, Көкшетау қаласы, karakoz-1974@mail.ru

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДА ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЫҚПАЛЫ

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде студенттердің кәсіптік практикасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығымен бекітілген «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларына» сай әзірленген кәсіптік тәжірибе колледждегі барлық мамандықтар бойынша жүргізіледі. Оқу орнымызда болашақ мамандардың шеберлігін, алған теориялық білімдерін жүзеге асыру мақсатында кәсіптік практика оқу процесінің графигіне сәйкес оқу және кәсіптік практика негізінде ұйымдастырылады. Кәсіптік практиканың негізгі түрлері: оқу, өндірістік және диплом алды. Педагогикалық практика әр оқу жыл сайын кезең-кезеңмен жүргізіледі. Білім алушылар өндірістік практика қорытындылары бойынша кәсіптік практиканың бағдарламасын орындағаны туралы еркін нысанда жазбаша есеп күнделік-есепті тапсырады [1].

Ұзақ мерзімді және үздіксіз практика болашақ мамандардың кәсіби педагогикалық іскерлік пен дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Педагогикалық практиканы сапалы түрде ұйымдастыруға және мазмұнды өткізуге оқу орнында барлық жағдайлар жасалған. Атап айтсақ, әдістемелік дәрісханалар, электронды ресурстық кітапхана, көп жолақты интернет желісі. Практикаға жетекшілік жасауға тәжірибелі оқытушылар тағайындалып, олар педагогикалық практиканың алдында барлық машықтану түрлерінен студенттерге оқу практикасын ұйымдастырып, оларға байқау сабақтары және тәрбие жұмыстары бойынша әдістемелік кеңестер беріп, басшылық жасайды. Практика әдіскерлері болашақ мамандарды даярлау тиімділігін арттыруын ескере отырып, тәжірибелік оқу бағдарламасын іске асыруда. Педагогикалық практикадан өту кезінде білім алушы қаншалықты мамандықты дұрыс таңдағанын, өзінің тұлғалық қабілеттерінің болашақ мамандығымен үйлесімділік деңгейін анықтайды.

Әлеуметтік серіктестік – білім жүйесінің және жұмыс беруші әртүрлі тараптармен өзара әрекеттесуі. Кәсіптік педагогикалық практиканың сапалы өтуі әлеуметтік серіктестермен жұмысты дұрыс жолға қоюмен тығыз байланысты. Кәсіптік практиканың базасы ретінде анықталған кәсіпорынмен (ұйыммен) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28

қантардағы № 93 бұйрығымен бекітілген кәсіптік практикадан өткізуге арналған үлгілік шартқа сәйкес кәсіптік практикадан өту туралы шарт жасалады. Білім беру ұйымдарының білім алушылардың кәсіптік практикасының базаларымен шарттары кәсіптік практика басталуынан кемінде бір ай бұрын жасалады [2].

Әлеуметтік серіктестіктердің колледжбен ынтымақтастығы жыл сайын артып келеді. Атап айтатын болсақ, 2017-2018 оқу жылында – 32, 2018-2019 оқу жылында – 44 әлеуметтік серіктестік болса, ал 2019-2020 оқу жылында – 39, 2020-2021 оқу жылында – 64, 2021-2022 оқу жылы – 28, 2022-2023 оқу жылы – 40 әлеуметтік серіктестіктермен бірлесіп жұмыс атқару жоспарланды. Жыл сайын қамқоршылық кеңесте студентке бағытталған жұмыстар бойынша жыл сайын әлеуметтік серіктестіктер алғыс хат, «Ең үздік серіктестік» арнайы номинацияларға ұсынылады. 2022 жылдың 01 қыркүйегінен бастап «Бастауыш білім беру», «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандықтарының IV студенттері қала мектептерінде «Баланың мектептегі алғашқы күндері» практикасын өтуде.

Сонымен қатар кешенді білім беру бағдарламасына сай ауылдық мектептерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында Ақмола облысы бойынша мектептер мен балабақшалар іріктелді. Ақмола облысы, «Бұланды аудандық білім беру бөлімі», «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы, «Бурабай аудандық білім беру бөлімі», Жасыл ауылының негізгі мектебі, Абылайхан орта мектебі, «Біржансал аудандық білім беру бөлімі», Казгородок орта мектебі, Зеренді ауданындағы Айдарлы, Қошқарбай негізгі мектептері, Назарбаев Зияткерлік мектептерімен үш жақты ынтымақтастық меморандум аясында сапалы әдістемелік семинарлар ұйымдастырылып келеді.

Әлеуметтік серіктестікке қатысушылар оқыту нәтижесіне ғана емес, сонымен қатар оқытудың мазмұнына, оның ұйымдастырылуына мүдделі. Білім алушылардың әлеуметтік кепілдікке ие болуға және бәсекеге қабілетті мамандық алуға, мемлекеттің кәсіби мамандарды даярлауға тапсырыстың қалыптасуына және орындалуына, өндірістің өмірге және жұмысқа жақсы дайындалған білімді мамандардың келуіне, оқу орнының білім беру қызметіне сұраныстың артуына деген мақсаттары орындалады.

Дуальды оқытуда теория мен практиканың өзара байланысы принципі жүзеге асырылады, мұның өзі болашақ маманға кәсіпорында жұмыс істеу кезінде қажетті біліктілікке ие болуға көмектеседі. Дуальды оқыту бойынша биылғы оқу жылында 0101000 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы негізінде № 19 «Нұр-бала» балабақшасы, № 21 «Ақбота» бөбекжайымен БЖҒМ-нің 2018 жылғы 2 қарашадағы № 611 бұйрығының 5-қосымшасына сәйкес үш жақты келісімшартпен 25 түлек аяқтады.

Жұмыспен қамтамасыз ету – халықты әлеуметтік қорғаудың негізі, өмір сүру сапасын арттырудың негізгі құралы. Оқу орны 30 жыл ішінде 7354 түлек шығарды. Оқу орнымызда «Табысты түлек» орталығы жұмыс жасайды. «Табысты түлек» орталығының тұғырнамасы бекітіліп, жасалды. Арнайы жоспар құрылып, жұмыс тобы жыл сайын түлектермен жұмыс жасайды. «Қайдасындар, қасқа құлындар?» атты фейсбук әлеуметтік парақшасында түлектерге арналған арнайы бөлім ашылды. Әр ай сайын «Түлектер лебізі» жүргізіледі. Түлектерді жұмыспен қамтуда колледжде жыл сайын ұйымдастырылатын дәстүрлі «Түлектер жәрмеңкесі», бос орындар туралы сұраныс жіберу, «Түлек» ақпараттық жүйесін жаңарту, түлектердің жұмысқа орналасу мониторингісін жүргізу, Ақмола облысының білім мекемелерімен тығыз байланыста болу сияқты бағыттағы шаралардың орны айтарлықтай. Аудан, қала білім бөлімдеріне бітірушілер туралы мәлімет беріліп, әр бітірушінің түйіндемесі жасалады. Түлектерді жұмысқа орналастыру Ақмола облысы білім беру ұйымдарының өтініштері мен сұраныстары және Ақмола облысы білім басқармасының бос орындар туралы мәліметтері бойынша жүзеге асырылады.

Алдағы уақытта қалалық оқу мекемелерімен студенттерді машықтандыру бойынша қарым-қатынасты нығайта отырып, ауыл мектептерімен тығыз байланыс орнату, колледж түлектерін 100% жұмысқа орналастыру жолдарын табу мақсат етіліп отыр.

Колледж түлектері тек Ақмола облысы мен Көкшетауда ғана емес, сонымен қатар, ТМД мемлекеттері мен ҚР әр өңірінде табысты қызмет етуде. Түлектердің қызмет жолындағы өрлеуі де ұдайы зерттеліп, толықтырылып отырады. Түлектер қатарында мектеп директоры, мектепке дейінгі ұйымдардың меңгерушілері, мектеп директорының орынбасарлары, білім беру бөлімі мен балабақша әдіскерлері, аралас салалар басшылары бар. Мысалы: Н. Шоқаев, А. Смагулова, Б. Амиржанов, А. Жүсіпов, Б. Шалахаев, Ж. Маженова, Н. Мұрат, А. Базар, Г. Бекжанова, Г. Урметова, С. Тлеужанова, Д. Сұрағанов, М. Рахымжанов – мектеп, балабақша басшылары, Г. Садвақасова, А. Махамбетова, А. Оспанова, С. Ақылбекова, Д. Белгібаева, С. Тұрысбекова, С. Жұмағұлова, Г. Хуан, М. Тохан, А.

Ибраева, Ә. Сүлейменова, Д. Токушева, А. Шарипова, М. Айдарбекова, Б. Абдрахманова т.с.с – мектеп директорларының орынбасарлары қызметін атқаруда.

«Ұстаздан шәкірт озады», – демекші, білікті ұстаздардан тәлім алған түлектеріміз Д. Илияс, Б. Батанасова, Н. Мұқышева, А. Сабырова, А. Ташенова, А. Садвакасов, С. Садвакасова, А. Айтен, А. Меңдібаева, Г. Балдыкова, С. Нұртазина, Т. Сағындық, С. Атай, Е. Ғалымжан, З. Рахимова, И. Серікбай, А. Қаппас, А. Тәттібай, А. Талқа, А. Кравченко, Ж. Сыздық өздері білім алған мекемеде жемісті еңбек етіп, қызмет атқаруда.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Балабаева А.И. Педагогикалық практикада студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру. «Отан» баспасы, 2019 ж.
2. «WorldSkills стандарттары бойынша аймақтық чемпионаттарды қйымдастыру және өткізу процесінің негізгі аспектілері». – «Кәсіпқор Холдингі» КЕАҚ, 2019.

ҒТАХР: 14.23.09

Н.С. Мукушева

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі,
Nurgul_2021@List.ru

БАЛАЛАРДЫ ТАБИҒАТПЕН ТАНЫСТЫРУ САБАҒЫНДА ЖАҢА ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Қазіргі заманның сұранысы мен талабына сай білімді, мәдениетті, баланың жеке тұлға ретінде үйлесімді қалыптасуы мен дамуы жан-жақты білім алып, танымын кеңейте білгенде ғана жүзеге асады.

Қазіргі қоғам жастардың бойына аса маңызды құндылықтарды – білімді, ізденуші, дарынды, қабілетті, болуды талап етеді. Білім үздіксіз, өмір бойы жүретін процесс. Бұл дүниеде жер басып жүргеннің бәрі білім нәрімен сусындайды. Ал білім беруші ол – Ұстаз. Ұстазды ұстаз қылатын өмір. Өмірді баспалдаққа теңер едім. Себебі адам баласы білімді өз ортасынан алады. Мәселен: отбасы, балабақша, мектеп, жоғарғы оқу орындары және қоғам. Яғни өмірдің жүйелі кезеңдерінен өтіп, белгілі бір ұжымға еніп, өз орнын табу. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай айтқандай, алдыма келген әр шәкіртіме тәлім-тәрбие беріп жол көрсетіп келемін. «Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзіңнің уақытыңды аямау» дей келе, әр студентке жеке-жеке бағыт-бағдар беріп отырамын. Студенттерге білім беруде оқытудың нәтижесін алдын-ала болжап, қызығушылықтары мен ізденімпаздығы негізінде білімдері мен біліктерін жетілдіріп, студенттердің шығармашылық әлеуетін үнемі дамытып отыру баршамыздың міндетіміз!

*Түсінудің өзі де – адамның үлкен еңбегі
Б. Момышұлы*

Адамның әдепті, өнегелі болуы, өзіне байланысты, содан кейін әлеуметтік ортаға қатысты дейміз. Жас кезде адам ортаға бейімделеді. Өз өңіріне, өз өрісіне кім қалай бейімделеді – бұл да үлкен мәселе. Ортаны өзіне үйіріп әкету – есейгендіктің белгісі. Адамның бойындағы жақсылық пен жамандық, тіпті қоғамдық өмірдегі жарамсыздық пен жұғымсыздық та қарым-қатынастан туындайды. Олай болса, әр ұрпақ «біз» қарым-қатынастың қай деңгейіндеміз немесе қандай бағытын бетке ұстаудамыз?» – деп өзіне сауал қоюы орынды. Қарым-қатынас туралы көзқарас әртүрлі. Өйткені әркімнің өмір сүру тәсілі мен ортасы әртүрлі. Десек те көптің көңілінде жүрген үміт пен күдік аз емес. Күнделікті тіршілікте қордаланған мәселелерді кездесу, жүздесу арқылы реттеп жатамыз, шешуін табуға тырысамыз кейде кездесудің түбегейлі мақсатына жете бермейміз немесе сол мақсатқа жетудің жөн-жобасын айқындай алмаймыз Көптің алдында дұрыс сөз бастау, өзінді ұстай білу, ойынды тыңдаушының зейінініне құя білу – қатып сенген дағды емес.

Адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты мақсаты – өзара түсіністікке қол жеткізу. Қарым-қатынас жасауда қатынасқа түскен адамды тыңдап, түсіне білудің маңызы зор. Осы тұрғыда өз білімімізді шыңдап, бағдарламаны игерген сәтте студенттерге топтық жұмысты тиімді пайдаланудың маңызы зор.

Топтық жұмыс барысында студенттер әртүрлі қырынан байқайсың, әртүрлі дегенде әркімнің сол ортадағы түрлі-түрлі рөлі мен қызметін айтамыз. Қарым-қатынаста әркім өзін көрсе, байқаса дейді, әркім өз сөзін естісе, тыңдаса дейді, әркім өзін бағаласа, сыйласа дейді. Топтық жұмыстың тиімділігі осы. Яғни белгілі бір тақырыпты, я болмаса түрлі тапсырмаларды орындауда қарым-қатынас арта түседі. Оқу іс-әрекетін ұйымдастырғанда топтық жұмыстың қол жеткізген тұстарына тоқталсам, студенттер арасында достық, ынтымақтастық қарым-қатынас, көңіл-күй, білек сыбана кірісу, ой қозғау стратегиясы, орнайды. Топтық жұмысты пайдалану тиімді, ал топқа бөлуде кездескен кедергілер болуы мүмкін, топтық жұмыс өзара үйреніп қалған студенттер болса, топқа бөлген сәтте топтық жұмысты жалғастыру сияқты ұсыныстар болады, осы орайда қарым-қатынас жасау жолдары туралы түсіндірме жұмысы жасалып, әрі қарай достық қарым-қатынасқа ұласқанын байқай аласыз.

Жаңа заман оқытушысы – бұл сауатты маман, бағдарламаны және әдістемелік шараларды анықтай алатын білімді адам. Бұл бала және оның ата-анасымен тіл табыса білетін, қиын жағдаяттан шыға білетін жақсы психолог. Бұл бірлесіп еңбек етуге, ұжымдас жолдасына кез келген кезде көмек беруге даяр тұратын маман. Жаңа заман педагог дегеніміз үнемі ізденіс үстінде өз білімін жетілдіріп отыратын, жаңа әдіс жолдарын пайдалануға құштар және жақсы жетілген педагогикалық тәжірибені өз ісіне еңгізе білетін шебер маманды айтамыз.

Қазіргі заманда қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін жас ұрпаққа үлігілі, өнегелі тәрбие беру қоғамның ең маңызды міндеттерінің бірі болып саналады. Ұстаз алдындағы басты мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету. Сол мақсатқа жету үшін болашақ мамандарға бүгін берген білімнің пайдасы, жаңалығы туралы айтуға боларлық оқу-тәрбие үдерісін қалай ұйымдастыруға болады? Осы сұрақтарды шешудің бір жолы – білімнің жаңа қаруы ретінде инновациялық әдіс-тәсілдерді (ромб, қарлы кесек, акт, көңілді ән, керібайланыс т.б) кеңінен пайдалану.

Сын тұрғысынан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады. Оқытуды, оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерді жақсарту мүмкіндіктерін және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін анықтауға бағытталған қалыптастырушы немесе оқу үшін бағалау деп аталады.

Адам-белгілі бір қоғамның мүшесі, ол қандай болмасын бір іспен айналысады, оның азды-көпті тәжірибесі, білімі, өзіне тән өзгешіліктері болады. Осы айтылғандардың жиынтығы оны «жеке адам» етеді. Мәселен жаңа туған нәрестені адам деп атауға толық болады. Бірақ әлі де жеке адам емес. Өйткені, онда жоғарыда айтылған компоненттер: тәжірибе, білім, іс-әрекет т.б. жоқ.

Жеке адамның өзіндік ерекшелігі дүниетанымынан, сенімінен, талғам, мұратынан, бағытынан, қабілет, қызығуынан жақсы байқалады. Жеке адам-тарихи-әлеуметтік жағдайдың жемісі. Ол әлеуметтік ортада (белгілі қоғамда, коллективте) ғана қалыптасады.

«Дарындылық» терминіне тоқталып өтсек: «Дарындылық» термині «Дарын» сөзінен шыққан – дамудың ерекше қолайлы, ішкі алғы шарттары дегенді білдіреді. Құрдастарына қарағанда оқуға деген жоғары зеректігі, анық байқалатын ерекше шығармашылық қабілеті бар бала «дарынды бала» деп саналады.

Дарынды балалармен жұмыс істеу мақсаты: заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, ойлау жүйесі дамыған, адамгершілігі жоғары, логикалық тұжырым жасауға бейім, еркін ойлай алатын мақсатқа жету үшін еңбектен білетін жеке тұлғаны қалыптастыру.

«Болашақ жастардың қолында» деп Елбасы айтқандай дарынды, қабілетті, талапты жастар – ертеңгі егеменді еліміздің жарқын болашағы жастардың қолында деп ойлаймын. Ойы терең білімді студенттер заманның дамуына өз үлесін қосады.

Сонымен, «Бұлақ көрсең, көзін аш» дегендей бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілет дарынын ашу ол мұғалімнің басты міндеті. Себебі дарынды балалар ертеңгі болашақ! Қазіргі уақытта дарынды студенттерді психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттеп, дер кезінде айқындау, білімді де білікті, тәжірибесі мол, шығармашыл педагог дайындау баршамыздың міндетіміз!

Жоғарыда айтқандай ұстаздық – уақыттың мағынасын, қоғамның өзгерісін терең сезініп, шәкірттердің білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді жауапкершілікке алған мамандық. «Мұғалім-зор тұлға, ол күннің құдіретті сәулесі сияқты» дегендей шәкіртіне білім нәрін сусындатып, нұр сепсе, ол ұстаз бақытты! Сондықтан ұстаз заман талабына сай білім жетілдіру курстарынан үнемі қажетті дүниені алып, меңгерген әдіс-тәсілдерін үнемі өз тәжірибесінде жүйелі қолдануы және жетілдіруі тиіс. Болашақта өз тәжірибемде осы әдіс-тәсілдерді

одан әрі жетілдіріп, студенттермен бөлісіп, олар да үйреніп қолдана білсе, белгілі бір нәтижеге қол жеткізсе, болашақта жан-жақты жауапкершілігі мол маман боларына сөзсіз сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Студенттерге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектептері», ДББҰ, 2015.
2. Сабақ тиімділігін арттыратын 370 әдіс: Әдістемелік нұсқаулық / Б.К. Умиралиева, З.А. Сапарбаева. «Нұрдана-LTD» баспасы, 2017.

ГТАХР: 03.01.45

Б.С. Мусина

С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп,
Қазақстан, Семей қаласы, BMussina74@mail.ru

ТАРИХ САБАҒЫНДА ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қазіргі уақыттағы оқыту әдістемесі жаңаша өрлеу бағытында. Дидактикалық өрістің алдына қойған мақсаттарының бірі оқушының бойындағы еркін ойлау жүйесін дамыту болып табылады. Бұл принцип бойынша әдіскер ұстаздарымыз өзіндік шеберліктерін оқушының бойындағы талант машығын ашуға жұмсауы қажеттілігі туындап отыр. Технологиялық дамудың нәтижесінде білім беру философиясының мәні де даму үстінде. Қазіргі білім беру философиясының мәні: оқушының арнаулы салада ғана білімінің, таным дәрежесінің тек арнаулы бөлімде ғана салтанат құруын ғана емес, әртүрлі ақпаратқа құшағы ашық, жатсынбайтын, интеграциялық бағытта даму парадигмасын ұсынатын сипатты білдіреді.

«Жаңартылған білім беру мазмұнындағы» негізгі ерекшеліктердің бірі: оқушыларды креативті ойлауға, өзіндік пікірін дәлелеуге, интерпретациялық танымына иек салып, өзіндік анализ, сыни ойлау дағдыларын дамытуға арналған білім берудегі мазмұн екені анық. Оларға ойларын ауызша, жазбаша жеткізе білуінде анализдік, сыни дағдыларды және басқа да арнаулы салалар арқылы байланыстырып жатса, білім берудегі негізгі сипаттың орындалғаны деп түсінуіміз қажет.

Еліміздің білім мен ғылымға салған инвестицияларының негізгі өрісін де осы критерийден іздеу шарт. Жастардың қазіргі таңдағы өркениеті дамыған ғасырдағы білім иммунитетін қалыптастыру арқылы елі мен жерін сүйетін, адами құндылықтарды қастер көретін, өз мамандығының кәсіби мамандарын дайындау екені белгілі. Өйткені қазіргі жаңғырған кезеңдегі «бренд»-білім мен технология. Дәл осы мақсатпен қазақ педагогикасының әдіснамасы жаңашыл көзқарастарымен өрістеп, дамып келеді. Десек те, бүгінгі қазақ педагогикасының әдіснамасынан өз ішінде рухани жаңғыру жолы қажет. Бұл талап жолдарындағы ең негізгісі: «жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу» [1]. Бұл талап өз кезегінде қазақ педагогикасының әдіснамасына жаңашыл мүмкіндіктер сыйлайды. Сол мүмкіндіктерді пайдалана алу жас мамандардың еншісіндегі кезек күттірмейтін жұмыс.

Заманауи педагогикалық технологиялар ұғымы «Метасана» ұғымы қазіргі педагогикада көп айтылып жүрген терминмен үндес. Бұл ұғымның мән-мағынасына терең үңілетін болсақ: оқушының «ой қорыту, ойлау» дағдысын қалыптастыру болып табылады. Оқушы – тұлға. Алдымен, ішкі және сыртқы уәждің толық бекіп, айналасындағы адамдармен, қоршаған ортамен коммуникация жасап, алынған білімді тәжірибеге салған кезде оқушының бойында терең білім дәні егіледі. Демек, психикалық өсу мүмкіншіліктерін баланың жеке қасиеттерін ашу жолында ескерер болсақ, осы бағыттарды айта аламыз.

Өткен ғасырдағы Алаш зиялыларының әдіснамалық жүйесіне назар аударар болсақ, балаға білім беру – құндылық ретінде көрініс тапқанын және әдістердің берілуінің өзі ұлттың болмыс-бітімімен байланысты екендігін көреміз. Ұлттың өзіндік құзыреттілігін, болмысын сақтап қалатын білім жолы екенін түсінген Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Қ. Кемеңгерұлы, Ж. Аймауытов, Қ. Жұбанов, Ш. Әлжанов сынды алаш зиялылары ғылымның әр саласында ғылыми еңбектерін жазып, ұлт біліміне орасан зор күш салған. Қазіргі уақытта әдіскер ғалымдар, ұстаздар өздері қолданып жүрген шетел педагогикасынан танылған кейбір әдістемелік әдістердің Алаш зиялыларының әдістерімен үндесетінін, кейде асып түсетіндігін айтып жүр. Бұл дегеніміз қазіргі білім берудегі нағыз үлгі боларлық жайт. Демек, оқушыны адамзаттық

құндылықтарға баулу – негізгі мақсат болса, жүрек түкпіріндегі ұлтқа деген сүйіспеншілікті ояту сабақтың өне бойындағы әдіснаманың міндетіне айналуы қажет.

Заманауи педагогикалық технологиялар ретінде біз «тірек сөздер» әдісінің берілу сипатының да дидактикалық ерекшеліктері бар екенін айта аламыз. Мұны «Интербелсенді Технология» деп атаймыз. Бұл әдісті Алаш зиялыларының әдістемелік еңбектерінен де кездестіре аламыз. Мәселен, Қ. Кемеңгерұлының «Оқу құрал» еңбегінен бұл технологияның соңғы белгілерін көреміз. Алдымен әдістеме бөлімдерінің берілу алгоритміне тоқталайық:

ТІРЕК СӨЗДЕР – МӘТІН – СҰРАУЛАР **ТІРЕК СӨЗ – МӘТІН – ЖАТТЫҒУ** **МӘТІН – СҰРАУЛАР**

Дәл осындай конструкция негізінде жасалған еңбекте алғашқы кезекте оқушыға тірек сөздер мәтін бойынан беріледі. Тірек сөздің атқаратын қызметі: толық мазмұнның «контекстік трейлдері». Демек, оқушы:

1. Мәтінді оқымастан тірек сөздердің мән-мағынасын түсіну арқылы таным жүйесіне мәтін мазмұнының алғашқы дәнегін себеді;

2. Берілген сөздерді сұрауларға жауап бергенде мағынасына байланысты тура пайдаланады.

Әдістемеші, ұстаз Қ.О. Бітібаеваның мақаласында: «Оқулықтардағы сұрақ-тапсырмалар дамыта оқыту талаптарын басшылыққа алса, ол оқытудың инновациялық технологиясы негізінде берілсе. Оқушыны шығармашылық жеке тұлғаға қарай жетелейтін, танымды іздендіретін (анализден-синтезге, синтезден өздік бағаға дейін білім деңгейлерін көтетерін) тапсырмалар жүйесі ұсынылса. Оқушылардың өз қалаулары бойынша орындайтын жұмыстарына да ерекше көңіл бөлінсе» деген тұжырым айтады [2,58].

Енді біз бірнеше әдістерді ұсынғымыз келеді. Мәселен, 1643 жылы болған «Орбұлақ» шайқасы туралы сабақта:

1-әдіс-тәсіл. Үш топқа бөлініп, тарихи тақырыпқа реттелген тапсырмалар.

1-топ. Постер қорғайды

2-топ. Көрініс қояды

3-топ. Дебат ұйымдастырады

Тарихи тақырыпты «Кеңейтілген тізім» әдісі (статистикалық деректер, уақыт желісі, қарапайым фактілер жиынтығы) бойынша жинақтап, дәптеріге түсіретін болады. Постер қорғауда оқушылардың ғылыми танымын кеңейтеді. Ал көрініс оқушылардың шығармашылығын танытады, өсіреді. Дебатты ұйымдастырудағы мақсат: сабақтағы алған білімді қорытуға және «жаңартылған білім беру мазмұнындағы» анализ, интерпретация сынды танымдық қасиеттерді жетілдіруге септігін тигізеді.

2-әдіс-тәсіл. «ПОПС» формуласы.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша...»

Екінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім.»

Бұл әдісте, мәселен, «Орбұлақ» шайқас туралы пайымды фактілерді оқушы келтіре отырып, өзіндік субъективті пікірлерді ұсына алады. «Орбұлақ» шайқасындағы ерлікті Жоңғар шапқыншылығына қарсы болған қазақ елінің жанкешті соғысы деп көрсете отырып, оқушыға еркіндік береміз. Тарихи мәліметтер бойынша 600 сарбазбенен 50 мыңға жуық Жоңғар сарбазына қарсы шығу – үлкен ерлік. Осы жайтты оқушының әсер алуы үшін интеграциялық сипаттағы Спарталықтардың 300 әскерімен байланыстырса болады: Жәңгір – Леонид. Қос тұлға. Қос батыр.

3-әдіс-тәсіл. «Төрт сөйлем» әдісі

1. Пікір

2. Дәлел

3. Мысалы

4. Қорытынды

Жоғарыдағы әдіс-тәсілдер жинақылыққа, дәлдікке негізделген. Оларды қолдану арқылы сабақтың соңындағы кері байланысты жасауға болады. Ең бастысы оқушының түсінуіндегі субъект пікірде талап етуінде деп ойлаймыз.

4-әдіс-тәсіл. FFLA кестесі.

Мақсаты: проблеманы шеше білуге жетелеу.

Дәлел	Болжам	Мақсат	Жоспар

Бұл әдістің ерекшелігі ретінде: тақырыпқа қысқа-нұсқа кестеге сай шолу жасайды.

Тарихи түсінік бұл – ғылыми білім жүйесінің өзегі. «Оқыту барысында тарихи елестету мен тарихи түсінікті қалыптастыру бір мерзімде жүреді. Түсінік елестету негізінде жасалады. Тарихи түсінікті игеру – көптеген тарихи фактілерді тұйыжырымдауға шарт» [4,28].

Тарихи материал әр сыныпта кезеңдері бойынша ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін хронологиялық ретте берілген, ал спиральдық принцип бойынша тарихи ойлау дағдыларын дамытуда айқындалған. Мұғалімдер сабақ тапсырмалары мен оқушылардың зерттеу іс-әрекетін жоспарлаған кезде тарихи ойлау дағдыларының бірте-бірте дамуына жәрдемдесулері қажет» [3.40]. Демек, мектепке дейінгі білім беру механизмін осы тұрғыдан ашып алуымыз қажет. Анығы: функционалды сауаттылықты көтеру осы мектепке дейінгі білімнен басталады. Білім беру әдістері оқушылардың білімі мен білігін, олардың практикалық дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыстарының тәсілі – оқыту әдісі деп аталады. Бұл параметрден қарайтын болсақ, заманауи педагогикалық технологиялардың дидактикалық униссонды үйлесімде болатындығын айта аламыз.

Сабақта оқытушы шығарма мазмұнын баяндап қана қоймай, оқушылардың сабақты түсінгеніне көз жету үшін жасалатын әдістердің бір – «рефлексия». Бұл әдістің мақсаты: өтілген тақырыпты қорытындылау мақсатында жасалады. Яғни, оқушы сабақты түсінді ме? Ой қорыта алды ма? Осы сұрақтар бойынша жасалады. Рефлексия – кері байланыс ұғымы тек сабақтың соңында ғана емес, сабақтың алғашқы кіріспесінен басталуы қажет. Өйткені бұл процесстің оқушыларға берер мүмкіндіктер аз емес. Бағдарлама мақсаттарының бірі – білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету, жалпы орта білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алуудағы қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар:Рухани жаңғыру. [https:// www.akorda.kz/ kz/ events/akorda_news /press_conferences / memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy).
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: «Рауан», 1997. – 288.
3. 2013-2014 оқу жылында Назарбаев Зияткерлік мектептерінде тарих пәнін оқу процесін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық әдістемелік хат. – 40 б.
4. Тұрлығұл Т.Т. Тарих сабақтарын жетілдіру жолдары. – Алматы: Мектеп. – 198 бет.

ҒТАХР: 14.25.09

У.Б. Мухаметкалиева, А.Ж. Даулетбаева
Абай облысы, Бесқарағай ауданы,
Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектебі

COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУГЕ ЫҚПАЛЫ

COVID-19 пандемиясы адам өмірінің барлық салаларына үлкен әсер етті. Ол білім беру саласын да айналып өткен жоқ. Білім-бұл әр адамның ажырамас құқығы. Әлеуметтік жағдайларға және адамдардың даму деңгейіне қарамастан, бүкіл әлемде жоғары сапалы оқытуды қамтамасыз ету Біріккен Ұлттар Ұйымының стратегиялық мақсаттарының бірі болып табылады. Алайда қазір бұл мақсатқа қауіп төнді.

2020 жылға арналған ЮНЕСКО статистикасы бойынша эпидемия басталғанға дейін де әлемде 800 миллионға жуық ересек адам сауатсыз деп саналған. Коронавирус кезінде пайда болған білім дағдарысы бұл жағдайдың айтарлықтай нашарлауына әкелуі мүмкін.

Дегенмен, жаһандық эпидемия бұрыннан бар қиындықтарға жаңаларын қосты. Пандемия жағдайында білім берудің негізгі мәселелерінің қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- * толық қашықтықтан оқытуды ұйымдастыра алмау;
- * педагогикалық құрамның техникалық дайындығы жеткіліксіз;
- * оқушыларды техникалық қамтамасыз етудегі қиындықтар;
- * қашықтықтан оқыту жағдайында оқу материалдарының қолжетімсіздігі;
- * адамдардың жалпы экономикалық деңгейінің төмендеуі;
- * аз қамтылған отбасылардағы балалар үшін бастауыш білімнің қолжетімсіздігі;

- * артта қалған және дамушы елдерде оқу үдерісін толық тоқтату;
- * білім беру мекемелерінен оқушылар мен студенттердің кетуі;
- * оқытудың орнына артта қалған елдерде балалар еңбегін пайдалану;
- * қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің күшеюі.

Білім берудегі пандемияның салдары

Пандемияның білімге әсері орасан зор болды. Бұл оқытудың барлық кезеңдеріне әсер етті: мектепке дейінгі, мектеп, кәсіптік-техникалық және, әрине, барлық елдердегі жоғары білім беру жүйесі. Оқу процесі айтарлықтай бұзылды. Сарапшылар білім беру процесінің салдары қайтымсыз болуы мүмкін деп аландайды. Оқытудың әр сатысында қандай қиындықтар туындағанын қарастырайық. COVID-19 коронавирустық инфекциясының пандемиясы бүкіл әлемдегі білім беру жүйелеріне әсер етіп, мектептер мен жоғары оқу орындарының жаппай жабылуына әкелді. 2020 жылдың 20 наурызындағы жағдай бойынша 135 елдегі үкіметтер мектептерді жабуды жариялады немесе жүзеге асырды, оның ішінде 124 ел бүкіл ел бойынша мектептерді жауып тастады, ал 11 ел тек кейбір аймақтардағы мектептерді жапты. Бүкіл ел бойынша мектептердің жабылуы бүкіл әлем бойынша 1,254 миллиардтан астам оқушыға әсер етті (әлемдегі оқушылардың 72,9%), ал кейбір аймақтардағы мектептердің жабылуы 283 миллионнан астам оқушыға әсер етті. Бұған дейін, 10 наурызда, covid-19 таралуына байланысты мектептер мен университеттердің жабылуына байланысты әлемдегі әрбір бесінші оқушы мектепке бармады.

Бүкіл әлемдегі университеттер де карантинге ұшырады. Қазақстанның барлық дерлік университеттері 2020 жылдың 16 наурызынан бастап Қашықтықтан оқытуға көшті. 23 наурыздан бастап Қазақстанда барлық мектептері карантинге жабылады.

COVID-19 таралуын дәрі-дәрмексіз араласу және әлеуметтік алыстау және өзін-өзі оқшаулау сияқты алдын-алу шаралары арқылы болдырмауға бағытталған күш-жігер кем дегенде 61 елде бастауыш және орта мектептердің, сондай-ақ колледждер мен университеттерді қоса алғанда орта мектептердің жаппай жабылуына әкелді.

Мектептердің жабылуы

Расталған COVID-19 ауырған пациенттерінің көпшілігі ересектер болды. Алдын ала деректер балалардың вирусқа аз сезімтал екенін көрсетуі мүмкін, бірақ балалар вирусты таратуы мүмкін деп болжануда. Мектептерді жабу әдетте аурудың таралуын бәсеңдетудің тиімді әдісі болып саналады, бірақ әсерді нақты бағалау үшін көбірек деректер қажет. Кейбір жағдайларда мектептердің жабылуы тым кеш болса, тиімсіз болып саналады. Оқу орындарының жабылуы, әдетте, көпшілік жиналыстарға тыйым салу сияқты басқа шаралармен қатар жүретіндіктен, мектептердің, орта мектептердің және жоғары оқу орындарының жабылуының нақты әсерін бағалау қиын.

Мектептердің жабылуы технологияға, Интернетке, қоректік өнімдерге және бала күтімі қызметтеріне қол жеткізе алмайтын табысы төмен отбасыларға, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі оқушыларға айтарлықтай теріс әсер етеді. Ата-аналардың 86%-ы мектептегі онлайн білім беру тәжірибесін теріс бағалайды.

Мектепке дейінгі білім берудегі салдары

Мектепке дейінгі білім беру, көптеген елдерде міндетті емес сипатына қарамастан, әлі де маңызды функцияларды орындайды:

- * балаларда әлеуметтену дағдыларын дамытады;
- * балаларды тәрбиелейді, оларға әлеуметтік нормаларды сіңіреді;
- * шығармашылық пен ойлау қабілеттерін дамытады;
- * негізгі білімді үйретеді;
- * мектепте оқуға дайындайды;
- * толық күтіммен және ыстық тамақпен қамтамасыз етеді, бұл әсіресе дамымаған елдер үшін өте маңызды.

Пандемия кезінде мектепке дейінгі білім беру іс жүзінде толығымен тоқтады. Бұл жағдайда балалар ғана емес, жұмыстан бас тартуға және үйде болуға мәжбүр болған ата-аналар да зардап шекті. Бұл көптеген отбасылардың экономикалық жағдайын едәуір нашарлатты.

Пандемия кезіндегі мектептегі білім

Бастауыш сыныптардағы бала үшін мұғаліммен өзара әрекеттесу өте маңызды. Бұл мотивацияның жоғары деңгейін сақтауға және балаларды білім беру процесіне тартуға мүмкіндік береді. Пандемия кезінде мектептегі білім беруді онлайн форматқа ауыстыру мүмкін емес. Кішкентай оқушылар материалды өз бетінше үйренуге, шоғырлануға және ұзақ уақыт бір жерде отыруға әлі қабілетті емес. Мұның бәрі болашақта балалардың ешқашан оқуға қайта оралмауына әкелуі мүмкін.

Пандемия жағдайында кәсіптік-техникалық білім берудің салдары

Коронавирустың кәсіптік білімге әсері де теріс. Шынында да, жас мамандар өз міндеттерін сапалы орындай алуы үшін олар тағылымдамадан өтіп, практикалық тәжірибе алуы керек. Осы мамандықтардың оқушылары мұндай бағдарламаларға қатыса алмайды, бұл олардың сапалы білімге қол жетімділігін жабады.

Пандемияның жоғары білімге әсері

Басқа сатылармен салыстырғанда жоғары білім беру саласы пандемияға ең төзімді болып шықты. Университеттер оқуды бірден қашықтықтан оқыту форматына ауыстырды.

Алайда, барлық жоғары оқу орындары мұндай ауысуға дайын болған жоқ. Артта қалған және дамушы елдердегі университеттер қажетті техникалық жабдықтармен және тұрақты интернетпен қамтамасыз ете алмады, бұл оқу процесінің сапасын едәуір төмендетті.

Сонымен қатар, барлық пәндерді қашықтан оқытуға болмайды. Медициналық мамандандыру, инженерлік және басқа қолданбалы салалар әлі күнге дейін коронавирус кезеңінде жоғары білімнің салдарын қалай азайтуға болатындығы туралы дұрыс шешім таппады.

Коронавирус пандемиясы бүкіл әлемдегі білім беру саласына айтарлықтай әсер етті. Бүгінгі таңда білім беру мекемелері, оқушылар, студенттер мен педагогтар қысқа және жылдам мерзімде қашықтықтан оқуға қайта құрылуға мәжбүр болды. Қазақстанда 3 млн мектеп оқушысы, жарты миллионға жуық ЖОО студенттері қиын кезеңде қашықтықтан оқуға мәжбүр болды. Коронавирустық пандемияға байланысты әлемде, оның ішінде Қазақстанда білім беру секторы алдағы уақытта қаншалықты өзгереді? Бұл сұраққа "Aline Astana Finance Days 2020" аясында отандық және халықаралық сарапшылар жауап беруге тырысты.

ҚР Білім және ғылым Вице-министрі Рүстем Бигари ТЖ режимі кезеңінде еліміздің білім беру жүйесін қашықтықтан оқытуға көшіру тәжірибесі туралы айтып берді. Оның айтуынша, еліміз студенттердің, оқушылардың басым бөлігін қашықтықтан оқыту формасына ауыстыру қажеттілігімен бетпе-бет келді. Бұған тек Қазақстан ғана емес, басқа елдер де дайын болмады. Барлық елдер үлкен қиындықтарға тап болды. Пандемия кезінде Министрлік және IT-компаниялар, оқу орындары орасан зор жұмыс жүргізді. Министрліктің ішінде жедел штаб, жобалық кеңсе құрылды, онда бүкіл әлемде қашықтықтан білім беруге көшу сияқты әлемдік тәжірибе күн сайын зерттелді. Қазақстанның барлық ұйымдарында жедел байланыс орталығы, қолдау сервисі құрылды.

Білім және ғылым вице-министрінің айтуынша, оқытудың жаңа форматына көшу үшін жедел түрде білім беру тренингтері мен вебинарлары жүргізілді. Мемлекет тарапынан отандық білім беру ресурстарына қолдау көрсетілді.

Мектептерге арналған әдістемелік ұсынымдар – мұғалімдерге не істеу керектігі туралы қадамдық алгоритм бекітілді. 3 мыңнан астам сабақтың видеосы түсірілді. Қашықтықтан білім алуға дайындық қандай болды? Орта білім беруде жеті мыңға жуық мектеп – 3 млн оқушы, 335 мың мұғалім; 790 колледж – осы колледждердің 40 мың оқытушысы және 469 мың студент; жоғары білім беруде-131-ден 116 азаматтық университет қашықтықтан оқыту жүйесіне ауыстырылды. 2020 жылдың 16 наурыздан бастап елімізді бірінші болып жоғары оқу орындары өтті. Айта кету керек, олар бұған дайын болды. Көптеген IT-компаниялар бар, жеткілікті дамыған инфрақұрылым және, негізінен, жоғары оқу орындары ауыртпалықсыз өтті. Өтпелі кезеңдегі қиындықтарды еліміздің колледждері қатты сезінді. Сонымен, онлайн-оқытуға көшкен 790 колледждің тек 30% -ы жаңа формат бойынша оқуға дайын болды. Бірақ 10-14 күн ішінде платформаларды енгізу есебінен колледждер уақытында қашықтықтан оқыту формасына көшуге қол жеткізді.

Білім және ғылым министрлігінде құрылған Ситуациялық орталық сарапшылары мен педагогтары жұмыстарға түзетулер енгізді. Коронавирустық пандемия бізді білім беру секторын толығымен қайта құруға мәжбүр етті. Пандемия 186 елдегі 1,26 миллиард бала мен жастарға әсер етті. Сарапшылардың айтуынша, Қазақстан цифрлық білімге жоғары деңгейде дайындалған. Халықтың 78% -ы интернетке қол жеткізе алады. Қазақстанда деректерді мобильді беру тарифтері өте арзан. Ел деректер тарифтері ең төмен бес елдің қатарына кіреді. Мектептердің көпшілігі интернетке қосылған. Біз сандық білім беру платформалары көп елде тұрмыз.

Пандемияның білім беру жүйесіне тигізетін кері әсерін азайтуға мүмкіндік беретін шешімдер бар. Арасында келесі әрекеттерді атауға болады:

- * білім беруде онлайн форматты қолданыңыз;
- * барлық жерде Қашықтықтан оқытуға көшу;
- * білім берудің балама әдістерін қолдану;
- * педагогтердің техникалық даярлық деңгейін арттыру;
- * білім деңгейін үздіксіз бағалау әдістерін қолдану.

Қашықтықтан оқытуға көшу

Қашықтықтан оқытусыз білім мен коронавирустық пандемияны елестету мүмкін емес. Бұл көптеген мемлекеттердің оқу орындары үкіметтер эпидемияға байланысты локдаундар жариялауға шешім қабылдаған кезде жасаған бірінші нәрсе.

Алайда, артта қалған және дамымаған Африка, Оңтүстік Америка және Азия елдерінде сабақтарды онлайн форматта ұйымдастыруға жеткілікті техникалық құралдар жоқ. Сондықтан олар Қашықтықтан оқытудың басқа түрлерін қолданады:

- * радио арқылы оқыту сабақтарын өткізеді;
- * теледидар арналарында білім беру бағдарламаларын іске қосыңыз;
- * баспа оқу материалдарын таратыңыз.

Онлайн оқыту форматын пайдалану

Қашықтықтан оқытудың ең танымал түрлерінің бірі-онлайн формат. Zoom, Skype және басқа білім беру платформаларындағы сабақтар көптеген университеттер мен басқа білім беру мекемелері үшін құтқарушы болды.

Дамыған елдердегі жоғары оқу орындары мұндай ауысуға барынша дайын болды. Көптеген университеттер ұзақ уақыт бойы осы форматта оқытылған бүкіл курстарды әзірледі. Мектептер мен орта мектептер де өзгерістерге тез жауап беріп, қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға мәжбүр болды.

Баламалы білім беру әдістері

Оқытудың жаңа әдістері пандемия жағдайында да орта және жоғары білімнің тамаша деңгейін қамтамасыз етуге көмектеседі. Олардың ішінде:

- * адаптивті оқыту;
- * интерактивті және эксперименттік тәсілдер;
- * өзін-өзі оқыту әдістері және өзіндік жұмыстың рөлін күшейту;
- * командалық оқыту;
- * аралас оқыту форматы (онлайн-офлайн режим);
- * модельдеу және ойын техникасы.

Педагогтерді техникалық даярлау

Пандемияның білім беру жүйесіне әсері эпидемия оқытудың жаңа тәсілдерін іздеуге мәжбүр еткендіктен ғана Үлкен емес. Ол сондай-ақ оқытушылардың оқу үдерісіндегі рөлінің маңыздылығын және оларды техникалық даярлаудың маңыздылығын көрсетті.

Өкінішке орай, көптеген мұғалімдер баламалы оқыту форматтарына көшуге дайын емес болып шықты. Оларға оқу платформаларын сәтті пайдалану және өздері үшін жаңа режимде сабақтар ұйымдастыру үшін білім жетіспеді.

Мұның бәрі педагогикалық құрамды қосымша оқыту және тәжірибелі мұғалімдерге техникалық құралдармен жұмыс істеудің қажетті дағдыларын тезірек алу үшін көмек ұйымдастыру қажеттілігіне әкелді.

Білім деңгейін үздіксіз бағалау әдісі

Ковид-19 пандемиясы кезінде жалпы және жоғары білім беру жүйесінің тағы бір маңызды міндеті-бағалау әдістерін қайта қарау қажеттілігі. Емтихандарды қашықтан қалай өткізуге болады? Диссертацияны қалай бағалауға және қорғауға болады? Осы сұрақтардың барлығына университеттер өз жауаптарын тапты.

Ағымдағы білімді сапалы бақылау үшін пандемия кезіндегі оқу орындарының көпшілігі үздіксіз бағалау әдісін таңдады. Яғни, оқушылар мен студенттердің сабақ барысында алатын дағдылары мен дағдылары қазір бірден тексеріледі. Бақылау және емтихандар тек алынған білім деңгейін растайды.

Жалпы, Қазақстандағы пандемия кезіндегі білім, бүкіл әлем сияқты, айтарлықтай құлдырауды сезінді. Жағдайды келесі шаралар арқылы түзетуге болады:

- * барлық оқу орындарында оқытудың балама әдістерін енгізу;
- * практикалық сабақтардың үлесін арттыра алатын стандартты емес шешімдерді табыңыз;
- * әдеттегі офлайн форматқа оралу үшін қолдан келгеннің бәрін орындаңыз.

Қорыта айтқанда біз, пандемияның әлемдегі және Қазақстандағы білім беруге қалай әсер ететінін және дағдарысты жеңудің қандай жолдары бар екенін білесіз. Әр адамның оқуға құқығы бар екенін ұмытпайық және оны толық жүзеге асыруымыз керек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. <https://zaochnik.ru/blog/kak-pandemija-povlijala-na-obrazovanie/?ysclid=19b2z7w8ye585738553>
2. [Влияние пандемии COVID-19 на образование – Википедия \(wikipedia.org\)](#)
3. [36 человек заболели коронавирусом в Казахстане за сутки \(inform.kz\)](#)

А. Мұхамедқалымқызы

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Қазақстан, Семей қаласы, economicifinance@mail.ru

**CLIL ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ
ЕРЕКШЕЛІГІ**

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын, сонымен қатар оны жүзеге асыруға талпынатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден бір жолы – функционалдық сауаттылықты қалыптастыру. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін мұғалім әртүрлі заманауи технологияларды жетік біліп, өз сабағында қолдана білу керек. Осындай тәсілдердің бірі пәндік-тілдік кіріктірілген яғни CLIL технологиясы арқылы оқыту. CLIL – Content and Language Integrated Learning ағылшын тілінен тура аударсақ ол «пән мен тілді кіріктіріп оқыту» дегенді білдіреді. Берілген терминді алғаш рет 1994 жылы Дэвид Марш (Ювяскюль университеті, Финляндия) енгізді. Бұл ұғым кейде "қолшатыр ұғымы" деп аталады, оған кең мағынада келесі аспектілер кіреді: халықаралық жобалар, шетелде оқыту, модульдік оқыту жүйесі, билингвалды оқыту және т. б. [1].

Осы кезге дейін әлемдегі көптеген мұғалімдер бұл әдісті өз тәжірибелерінде бұрыннан бері қолданып жүрді. Алайда оның қолданылуы кейінгі уақытта кеңінен таралды. Бұл әдіс әлемнің көптеген елдерінде пәнді екінші тілде оқитын мектептерде табысты түрде қолданылады. Қазіргі таңда пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісі басқа әдістерге қарағанда артықшылығын көрсетеді. Бұл әдістің басты қағидасы екі ұғымға – «тіл» және «кірігуге» негізделеді. CLIL әдісінің негізгі қағидалары көптілділікке бағытталмай барлық пәндер бойынша оқуды жақсартуға бағытталған.

Оқыту 4«С» қағидасына негізделген: content, communication, cognition and culture:

- CONTENT (мазмұны) пән бойынша білім, білік, дағдының басымдыққа алынуы
- COMMUNICATION (қарым-қатынас) оқу барысында шетел тілін зерттей отырып

үйрену.

– COGNITION (таным) танымдық және ойлау қабілеттерін арттыра отырып жалпы түсінікті қалыптастыру (нақты немесе дерексіз).

– CULTURE (Мәдениет) өзін мәдениеттің бір бөлігі ретінде көрсету, сондай-ақ альтернативті мәдениеттің бар болуын білу.

Бұл құрамдас бөліктер өз арасында үздіксіз байланыста болады. Осы оқыту әдісі сыныпта жағымды микроклимат орнағанда ғана тиімді жүзеге асады. CLIL әдісін қолдану барысында:

- оқушылардың екінші тілді қолдану дағдысын артады;
- теориялық тұрғыда алған білімдерін практикада қолдана біледі;
- білім алушының функционалдық сауаттылығын арттырып, кәсіби өмірге дайындайды
- оқушының ойлау мен шығармашылық потенциалын ашады;
- өздеріне деген сенімділігін арттырады;
- екінші тілде бір-бірімен емін-еркін қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді;
Сабақтың дидактикалық мақсаты: ақпаратты түсінуге жағдай жасау, білімді жаңа оқу жағдайында қолдану, білім мен дағдыларды игеру деңгейін тексеру.

Мазмұны бойынша мақсаттар:

- білім беру – «Пәтер іздеп жүр едік» тақырыбы бойынша оқушылардың білімін тексеру;
- дамытушы – әр түрлі ақпарат көздерін қолдана отырып, оқушыларды ең бастысын таңдай білуге, шығармашылық жұмысты жоба түрінде безендіруге, шығармашылық қызметтің нәтижелерін көпшілік алдында қорғауға үйрету бойынша жұмысты жалғастыру;
- тәрбиелік – ұжымда жұмыс істей білу қабілетін қалыптастыру.

Оқу қызметін ұйымдастыру нысаны: топтық.

Құрал-жабдықтар:

1. Кейіпкерлер бейнеленген түрлі-түсті суреттер, қағаз парақтары, қарындаштар, желім, оқулықтар, кітаптар.

2. Жадынама.

Жоспарланатын нәтижелер:

– көріктеу құралдарын ажырата білу, мәнерлеп оқу, әңгімені талдау, проза кейіпкерлерін сипаттау, проблемалық сұрақтар құрастыру, сұрақтарға жауап беру, кейіпкерлер жағдайын салыстыру және идеясын айту

Негізгі сұрақ:

– әңгіменің негізгі арқауы?

Тақырыптық сұрақтар:

– жастар тұрмысы?

– кейіпкер тілі арқылы нені байқадыңыздар?

– әңгіме кейіпкерлері, олар қандай?

– ауыспалы мағыналы сөздерді табыңыздар.

Сабақта оқушылар жұмыс басталар алдында танысатын жадынама қолданылады. Әрі қарай сабақ жобалай оқыту әрекеттерінің құрылымдық компоненттеріне сәйкес құрылады.

Бұл жоба «Прозадағы әлеуметтік мәселелер» тақырыбы аясында жүргізіледі. Ізденіс жұмыстары барысында оқушылар әңгіме жанры туралы түсініктерін кеңейтеді, әйгілі әңгімеші жазушылардың өмірінен қызықты фактілерді біледі, мектеп оқушыларынан әңгімені не үшін жақсы көретінін біледі, өздерін әңгімеші жазушылар ретінде көрсетеді. Жоба оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған: қойылған мәселелерді шешуде бейнелі және логикалық ойлауды дамытуды көздейді, тәуелсіз зерттеу қызметіне бағытталған, көркем шығарманы зерттеу әдісі ретінде салыстырмалы талдау дағдыларын қалыптастырады.

2 жоба. Р. Мұқанова «Мәңгілік бала бейне» шығармасы

Мақсаты: жобалай оқыту әдісі бойынша оқушыларға Р. Мұқанова туралы мағлұмат беру, шығармаларын тақырыптарын бөлімдерге бөліп, қорғату. Әңгіме желісінде қойылған драмадан үзінді беру тб. Мұнан басқа кеңестік дәуірдегі халыққа қасірет әкелеген ядролық сынақ туралы еңбектерді оқу.

Сабақ түрі: біріктірілген сабақ-жоба.

Өткізу формасы: шағын жобаларды қорғау.

Жоспарланатын нәтижелер: шығарманың идеясын ашу, композициялық

Прозасындағы жазушылық стиліне тоқталу. Шығармаларының тілдік ерекшеліктері, өзіне тән қолтаңбасын қарастыру. Әңгіме-новеллаларының көлемі шағын, идеясы терең, тілі қарапайым, даналық қорытындысы бар, мақал-мәтел көп, кейбір әңгімелерде мақала, очеркке тән сипат бар, халық аңызы орын алады, деталь-штрихтерді тиімді пайдаланады.

Метапәндік.

Танымдық. Танымдық мақсатты бөліп көрсету және тұжырымдау.

Реттеуші. Сабақтың оқу міндеттерін түсіну қабілетін игеру. Қол жеткізілген нәтижені бағалаңыз.

Коммуникативті. Сыныптастарына құрметпен қарау, басқа адамға назар аудару. Тиісті тұлғааралық қатынас. Диалог жүргізуге, ұжымдық талқылауға қатысуға дайын болу.

Тұлғааралық. Адамдарға деген достық қарым-қатынас. Қазақ әдебиетінің рухани-адамгершілік құндылықтарымен таныстыру.

Негізгі мәселе: халықтың тұрмысы, кейіпкердің басындағы бейнет, халықтың сынақтан тартқан азабы, қасіреті тб Жазушының стильдік шеберлігі, автор тілі мен кейіпкер тілі арқылы берілу сипаты, көркемдік тіл кестесі.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

1. Сынақ туралы деректер жайлы айтып, тақырып бойынша салыстырмалы жұмыстар жүргізу.

2. Ядролық сынаққа байланысты мәліметтер жинау.

3. «Ядролық қаруға жол жоқ» немесе «XX ғасыр зардабы» тақырыбына шығарма-толғау жазу.

4. Экология жайлы пікір жазу.

5. Көрме, альбом, буклет жасау;

6. Әңгіме тілін талдау, сұрақтар құрастыру

7. Айшықтау құралдарын табу;

8. Айырықша әсер еткен сөздерді теру.

Көркем шығарманы талдап-оқыту нәтижесінде әдебиеттің қыр-сырын ұғыну барысында оқушы оқу бағдарламасының талаптарына сай қазақ және туысқан халықтар, әлем әдебиетінің кейбір озық үлгілерімен танысады. Өзіндік ой-тұжырымдар, дұрыс пайымдаулар, тың қорытындылар жасауға ұмтылады. Алайда, бұл оңайшылықпен іске аспайтыны белгілі, оқушылардың білім алу көзі оқулық болғандықтан, әдебиет пәнінде берілген ақын-жазушылардың еңбектерін, халық ауыз

әдебиеті үлгілерін, ежелгі дәуір әдебиетін жан-жақты терең меңгеруде талдаудың рөлі ерекше екені үнемі назарда болғаны орынды. Қазіргі заман талаптарына сәйкес әдеби білім мазмұны оқушының жас ерекшеліктеріне лайықты құрылып, ұлттық құндылықтары басым танымдық оқу материалдарының іріктеп берілуі ұлтжанды азамат, жеке тұлғаны қалыптастыруда маңызы зор. Республикамызда жалпы білім беретін мектептердің алдына оқушыларды бәсекеге қабілетті тұлға етумен қатар, оларды құзыретті азамат болуға бейімдеу талабы басымдылық танытуда. Оған қол жеткізуде әдеби туындыны талдап оқытудың бала өміріне тигізетін пайдасы мен баға жетпес маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Әдебиеттануықшы. Алматы: Ата-мұра. – 1993.
2. Андирова К.Н. Қазақ әдебиеті сабақтарында ақпараттық технологияны қолданудың тиімділігі//<https://zkoipk.kz/kz/2016smart5/2587-conf.html>
3. Фатеева, И.А. Метод проектов как приоритетная инновационная технология в образовании / И.А. Фатеева, Т.Н. Канатникова. // Молодой ученый. – 2013. – № 1(48). – С. 376-378. – URL: <https://moluch.ru/archive/48/6113/>

ҒТАХР:14.25.09

Г.Қ. Темірбекова

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Қазақстан,
Шымкент қаласы, altynbas68@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БӘСЕКЕЛЕСТІК ОРТАҒА СӘЙКЕС БІЛІКТІ МАМАН ДАЙЫНДАУ

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, заманауи жаңа технологияларды отандық білім кеңістігінде кеңінен қолдану – білім алушыларды өзгермелі қоғамда өмір сүруіне жан-жақты жағдай жасап, ақпараттық қоғамда еркін өмір сүруін қалыптастырады. Ол үшін әлемдік тәжірибені ескере отырып, кең ауқымда ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланудың дайындығы қажет.

Ал бұның барлығы – отандық түрлі деңгейдегі білім ошақтарында сабақ беретін барлық педагогтың ақпараттық-қатыстық жаңа технологияларды тиімді пайдаланып, кәсіби шеберлігін шыңдауымен, оқыту үдерісін жаңаша ұйымдастырып, оқытудың жаңартылған әдіс-тәсілдерін дұрыс таңдай алу мүмкіндіктерінің кеңейуімен тығыз байланысты. Әлбетте, бұның өзі ғылыми-теориялық базаның нығайуымен қатар, білім ошақтарының түрлі жаңа техникалармен, яғни электронды құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуіне де тәуелді екені шындық.

Демек, әр оқытушы студенттерге сапалы білім мен саналы білім тәрбие беру ісін жаңа талап тұрғысынан өзгертіп, оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға міндетті.

«Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін, ең алдымен азаттық пен білім керек» деп көрегендікпен Шоқан Уәлиханов айтқандай, білім беру жүйесінде оқытушыларға қойылатын басты талаптардың бірі – өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, кәсіби білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін полимәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, бәсекеге қабілетті маман дайындау.

Білім берудің маңызды стратегиялық міндеті – студенттердің біліктілік сапасын, лингвистикалық білімін жетілдіру, ең негізгісі мемлекеттік тілді, ана тілі және шет тілдерін меңгеруді қамтамасыз ету болып табылады. Өйткені, заман талабына сай жеке тұлғаны көп мәдениеттілікке, бәсекеге қабілеттілікке қалыптастырудың негізі, білім беруді жетілдірудің басым бағыттары болып табылады. Жаңа заманда Қазақстанның бағыт-бағдарын айқындайтын ішкі және сыртқы саясат ағымындағы бүкіл қоғам болып жұмылатын іс-әрекеттің бірі – мемлекеттік тілдің мәртебесі. Отанға деген сүйіспеншілік, белсенділік және өзге отандас ағайындармен сыйласымдылық, көптілділік, қазақ тілінің рухани айбарының болмыс-бітімі–шоқтығы биік құндылықтар.

Білім беру жүйелеріне бағытталған қандай реформа болмасын ол ұстаз арқылы жүзеге асады. Бүгінде ұстаз қасиетті міндетін атқара отырып, білім беруді одан әрі ізгілендіру, жеке тұлғаны қалыптастыруда озық, жаңартылған әдістемелік жүйені меңгеру, әлемдік білім беру кеңістігіндегі ел дамуына оңтайлы ізгі қадамдарды игеру сияқты жаңа талаптарға сәйкес істерді жүзеге асыруға бет бұрды.

«Өз еңбегін талдай білген адам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады», – деген В.Сухомлинскийдің сөзін оқытушының талмай ізденген еңбегінің нәтижесінде ғана көрінетіні белгілі. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Оқытушы баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді, ал оқушы тыңдайды, қабылдайды, ойлайды т.б. таным әрекеттерін жасайды.

Қазақ тілі – мемлекеттік мәртебемізді, ұлттық қабілетімізді, тәуелсіздігімізді танытатын басты тұғырымыз. Қазақ тілі – қазақ ұлтының тағдыры. Сондықтан біздің басты мақсатымыз – қазақ тілін жоғары деңгейде меңгерту, үйрету. Қазақ тілін оқыту – қиын да қызық жұмыс. Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап-инновациялық технологияларды тиімді қолдана отырып, сапалы білім беру, кәсіби дағды-шеберліктерін, таңдаған мамандығына деген құрмет сезімдерін қалыптастыру.

Технология – қандай да бір істе, өнерде қолданылатын жүйенің, тәсілдердің жиынтығы, дидактиканың жүйенің құрамдас бөлігі. Инновациялық оқыту дегеніміз – қазіргі кезеңде әлеуметтік, мәдени ортадағы білім беру әрекетінің нәтижесі. Оқытудың тиімді әдіс-тәсілімен, қазіргі заманауи технологияны меңгерту – әр ұстаздың міндеті. Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, оң нәтижелер беруде. Бұлар болашақ маманның жеке қасиетін аша отырып, зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. «Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі-жаңадан-жаңаны табатын өнер», – деген Жүсіпбек Аймауытовтың сөзі қазіргі уақытта өз құндылығын жойған жоқ. “Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық” деген сөздерді ескере отырып, сабақтарымызда мүмкіншілігіне қарай бейне, аудио қондырғылар мен теледидарды, компьютерді, мультимедиялық проекторларды пайдаланып отырса, оқытушының ұтары мол болады деп ойлаймын. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылуы мүмкін. Қазақ тілі пәнінен өткізген дәрістерде мультимедиялық слайдтар, бейнероликтер, аудиожазбалар қолдануға болады. Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары:

- студенттің пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
- тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.
- оқыту жүйесінің көп деңгейлілігінің жетілуі олардың тарамдалуы мен оқу материалының сапасын арттырады.
- танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- этнопедагогикалық, патриоттық тәрбие береді;
- студентті шығармашылық жұмысқа баулиды;
- оқытушының уақытын үнемдейді;
- қосымша мәліметтер береді.

Дәріс барысында “Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту” технологиясын жиі қолданамын. Мұнда әр студенттің ойы шыңдалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетуге болады. Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынандай үш құрылымнан тұрады:

- қызығушылықты ояту;
- мағынаны тану;
- ой-толғаньыс.

Бұл технологияда бұрынғы білім мен жаңа ұғым ұштастырылады. Ал соңғы кезеңде студент өз шығармашылығынан қабілетін таныта алады. “Қызығушылығын ояту” кезеңінде алдыңғы өткен тақырыпты тексеру мақсатында «Ой қозғау» сұрақ – жауап өткізу арқылы студенттің білім деңгейін қадағалап, жаңа сабақты бастар алдында “Топтастыру” стратегиясы арқылы студенттермен бірлесе отырып жұмыс жүргізуге болады. Сабақтың қай құрылымында болмасын оқытушы осындай стратегияларды қолданғанда “Мен не ұтамын?” және “Студент не ұтады?” деген сұрақтарды есінен шығармауы керек. “Мағынаны тану” кезеңінде студенттің топқа бөлу арқылы сұрақтар дайындап, оны “Кубизм” стратегиясы арқылы жүзеге асыруға болады. Сұрақтар үш деңгейде әзірленеді. Дайындалған сұрақтарға студенттер жауап бере отырып, бұл сұрақтар студенттердің деңгейіне сай топтастырылады.

Студенттердің білім, білік деңгейлерін көтеру үшін «Сатылай кешенді талдау» технологиясының маңызы зор. «Сатылай кешенді талдау» – студенттерге білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелей меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалап, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Бұл әдіс арқылы білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен

дағдыны қалыптастырумен шектелмей, баланың жалпы тұлғалық дамуына ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесім табуына да септігі тиеді. «Талда», «Қолдан», «Ізден, зертте» кезеңдерінде тіл білімінің әр саласынан өткен меңгерген теориялық білімдерін практикалық тұрғыдан талдап, саралап көрсетеді. Сабақтың «Ой толғаныс» кезеңінде «Еркін жазу» стратегиясын қолдану өте тиімді. Әртүрлі берілген лексикалық тақырыптарға сәйкес ойтолғау жазады. Эссе жазу арқылы ойын жинақтап, тұжырымды қорытынды жасап, оны дәлеледеуге үйренеді, тілі дамиды, сөздік қоры молаяды.

Мұндай технологияларды қолданудан – біріншіден, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, студенттің пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден студент ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді.

Жас ұрпаққа мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің басты талабы екені белгілі. Әр ұстаз педагогикалық шеберлігін әрдайым ұштай отырып, алдындағы әр студенттің дүниетанымы жоғары, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, жан-жақты қалыптасқан нағыз азамат жасауға мақсат қою керек.

Қазақ тілі пәнін – үш тілді үндестіре отырып оқыту – өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым – қатынаста, еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, кәсіби білімі терең, білім бәсекелестігіне қабілетті, еліміздің білім саласын дамытуға үлес қоса алатын, көптілді және көпмәдениетті күзиреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді.

Дегенмен қазіргі заманғы АҚТ-ны білім беруді ақпараттандыруда тиімді пайдалану – оқу орындардың электронды инфрақұрылымына тәуелді. Себебі АҚТ-ны тиімді пайдаланудың бір мәселесі оқу орындарында бір орталыққа шоғырландырылған желілердің болуымен тығыз байланысты. Жаңа ақпараттық-қатынастық байланыс мүмкіншілігі кәсіби даярлық үдерісін қажет етеді. Оны оқу-тәрбие үдерісінде қолдану барысында студенттердің дербес кәсіби дамуын қалыптастыруға мүмкіндік жасалады.

XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры». Заман талабына сай қазіргі таңда педагогтан өз пәнінің терең білгірі ғана болу емес, теориялық, нормативтік – құқықтық, психологиялық– педагогикалық, дидактикалық-әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан-жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуын талап етуде.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қ. Қадашева. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: «Мұрагер», 2015. – 154 бет
2. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. <http://ikaz.kz/aza-tilin-o-ytu-distemesi/>
3. Ә. Мұханбетжанова, А. Қасымова Білімді интеграциялау процесінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану. № 4 (22)2019 ж. – 14- 15 беттер.
4. К.Ж. Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. – Алматы, – 2020.
5. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: РБК, 2000. – 200 б.
6. Құрманова Н. «Қазақ тілін дамыта оқыту» Астана, – 2017 ж

ҒТАХР: 14.01.11

А.Д. Уалиханова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Қазақстан, Семей қаласы, ualikhanova00.00@mail.ru

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУҒА БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІҢ ӘСЕРІ

Қазіргі уақытта оқу процесінде басты назар тек жаңа білім алу процесіне ғана емес, сонымен қатар білім беру субъектісінің өз қызметін түсіне білу процесіне де назар аудару керек. Өйткені, оқу тәсілдерін, таным механизмдерін және өз ойлау әрекетін түсінбестен, оқушылар өздері алған білімдерін игере алмайды.

Сабақта оқушының даму ортасын құру міндетті – рефлексия кезеңінде. Яғни, өзін-өзі тануға, өз іс-әрекетінің нәтижелерін қайта қарастыруға және талдауға бағытталған ойлау процесі. Рефлексия- бұл сабақтың маңызды кезеңі, онда оқушы өз білімін өз бетінше бағалауы, эмоцияларымен бөлісуі, алынған ақпаратты қаншалықты білгені анықталады. Мұғалім өзінің әрі қарайғы жұмысының жоспарын анықтау, күшті және әлсіз оқушыларды бағалау, сондай-ақ әрбір оқушыға жол табу үшін

рефлексияны қолданады. Мұғалімнің басты міндеті- рефлексия қолдану арқылы оқушының алға жылжуын байқап, оның жетістігін қолдау, ынталандыру болып табылады [1].

Жалпы, оқыту процессін ұйымдастыру барысында оқушылардың рефлексиялық дағдыларын дамыту үшін рефлексияның әртүрлі әдіс-тәсілдері қолданылады. Сабақ барысында қолдануға ыңғайлы рефлексия жолдарын қарастырсақ, олардың ішінде кері байланыс, өзін-өзі бағалау, белсенді әдіс – тәсілдер [2].

Рефлексия түрлері мазмұны, қызмет нысаны және мақсаты бойынша бөлінеді.

I. Мазмұны бойынша символдық, ауызша және жазбаша.

Символдық-оқушы жай ғана таңбаларды (карталар, белгілер, ым-ишаралар және т.б.) қолдана отырып баға берген кезде қолданылады.

Ауызша- баланың өз ойларын дәйекті түрде жеткізе білуі және эмоцияларын сипаттауы.

Жазбаша- ең қиын және көп уақытты алады.

II. Қызмет нысаны бойынша: ұжымдық, топтық, жеке.

Дәл осы тәртіпте балаларды осы жұмыс түріне үйрету ыңғайлы. Алдымен-бүкіл сыныпта, содан кейін – жеке топтарда, содан кейін оқушының жұмысын жеке қарастыру. Бұл оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге дайындайды.

III. Мақсаты бойынша: эмоционалды рефлексия, белсенділік рефлексиясы және материал мазмұнының рефлексиясы[3].

Эмоционалды рефлексия көңіл-күйді, оқу материалын эмоционалды қабылдауды бағалайды. Бұл "ұнады / ұнамады", "қызықты / қызықсыз", "көңілді / көңілсіз" санатындағы рефлексия. Рефлексияның бұл түрі мұғалімге сыныптың жалпы көңіл-күйін бағалауға көмектеседі. Неғұрлым жағымды болса, тақырып соғұрлым жақсы түсініледі.

Рефлексия сабақтың әр бөлімінде қолданылады. Мысалы сабақ басында «миға шабуыл» және «биологиялық диктант» болса, сабақтың негізгі бөлімінде рефлексиялық әдістерді қолдандық. Олардың ішінде жиі қолданған: «Фишбоун», «ЗХУ», «Венн диаграмасы», «Шындық немесе Жалған». Сабақ соңында қолданылған тиімді кері байланыс әдістері: «Бес саусақ», «Блоб ағашы», «Білім пирамидасы», «Қосу – алу – қызықты», «Интервью», «Өз-өзінді дәлелде».

Биология сабағында оқушылардың рефлексиялық дағдыларын дамытуға белсенді әдістердің әсері оң, яғни, рефлексия – оқушының оқуға деген белсенділігін арттырып қане қоймай, жеке тұлға ретінде қалыптасуға, сыни тұрғысынан ойлау қабілетін арттыруға, мотивациясын төменгі деңгейден жоғары деңгейге дейін жетілдіруге жүйелі түрде негіз болады. Оқушының рефлексиялық қабілеттерінің ашылуының ең басты себебі, сапалы білім алуына ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Розов М.А. Рефлексия и деятельность. Проблемы рефлексии. Современные комплексные исследования. Ответственный редактор д-р филос. наук И.С. Ладенко. – Новосибирск: Наука, 1987. – 238 с.
2. Медникова Л.А. Рефлексивная деятельность младшего школьника // Ж-л «Наука и школьная практика». – № 1, 2008
3. Гукалова И.В. Роль и место содержательной рефлексии на уроке. – kollegi.kz/publ/21-1-0-93

ҒТАХР: 17.01.45

А.Е. Улыкбекова

Жүсіпбек Аймауытов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп,
Қазақстан, Семей қаласы, alma.agz@mail.ru

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНЕ МУЛЬТИПЛИКАЦИЯ

Абай атамыздың көркемдік, әлеуметтік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – **қара сөздері**. Қара сөздері (Ғақлия) – ұлы ақынның әдебиет әлеміндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық сауатын ерекшелеп көрсететін шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері мазмұны жағынан бір бағытта жазылмаған, әр түрлі. Оның алты-жетеуі қысқа болса, кейбіреуі мазмұн, тақырып жағынан ауқымды болып келеді. Абай атамыз өзінің қара сөздерінде шығарманың көркемдігіне ғана емес, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған.

Ұлы ақынның «Қара сөз» дегенінің мағынасын белгілі ғалым және саясаткер Ғ. Есім өз шығармасында: «...Абай ойына келген нәрселерін еркін айту үшін, өзі арнайы жанр ойлап тапқан. Ол

– сөз жанры. Ақынның қара сөздері – нағыз еркін ойдың жанры. Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұн өзіне лайықты форма тапқан. Көптеген философтар ойларын формаға бағындырып немесе жүйе құрып әуре болғанын білеміз. Абай болса, ондай істермен айналыспаған, өзінің айтқысы келген ойларын еркін білдірген...» [1], – деп сараптама жасап, талдап берген.

Абайдың Ғақлиясы қазақ әдебиетінің тарихында осыған дейін кездеспеген, өзектілігі ерекше сала. Абайтанудың негізін қалаушы ғалым, халқымыздың бір туар азаматы, жазушы, этнограф Мұхтар Әуезов «Абай жайын зерттеушілерге» деп аталатын мақаласында «Тегінде Абай шығармасының аздығынан кенде болып жүрген жоқпыз, барын барша, бажайына барғыза алмаудан кендеміз» деген болатын [2].


Халқымыздың көптеген ғалымдары Абайдың қара сөздерін түсіндіру үшін көптеген еңбектер жазды. Алғашқы Ахмет Байтұрсынұлы бастаған М. Дулатов, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, А. Нұрқатов, Р. Бердібаев, Ә. Байтанаев, М. Мырзахметұлы, Р. Нұрғали, Т. Жұртбаев т.б. жүздеген ғалымдар мен зерттеушілер еңбектерінде ұлы Абай атамыздың мұрасын жан-жақты зерттеп жазды да. Ал бұл зерттеуде біз Абай шығармаларындағы тәрбие, ізгілік, баланың тұлға болып қалыптасуына әсер ететін қазақ халқының мінез-ерекшелігін, қазақ ұлтының әдет-ғұрып, салт – дәстүр, жастардың адал еңбек етуі жөніндегі жазылған қара сөздеріне талдау жасап, айшықтап, мультипликация, яғни анимация арқылы мектеп жасына дейінгі балаларға және бастауыш сынып оқушыларына (мектепалды даярлық, 1-2 сынып) анықтап көрсетеміз. Бұл зерттеу неге қажет деген сұрақ туындауы мүмкін. Дана Абай өз ұлтының қазақ халқының болашағын ойлап, кейінгі ұрпақтың саналы болуын өз шығармаларына арқау еткен адам. Абай атамыз қазақ халқының тағдырында өзінен кейін де өзі секілді көкірегі ояу жастардың дүниеге келетініне сенді. Міне, сол жастарға өзі бітіре алмаған ісін жалғастыруы үшін және оларға тағы да көмек ретінде осы қара сөздерін жазып кеткен еді. Абайдың қара сөздерінің тақырыптық ерекшеліктерін мектеп жасына дейінгі балаларға және бастауыш сынып оқушыларына (мектепалды даярлық, 1-2 сынып) қызығушылықтарын ескере отырып, дәріптеу мақсатында Абайдың қара сөздеріне мультипликациялап көрдім.

Мультипликация жасау үшін Scratch ойын бағдарламалау ортасы қолданылды. Себебі, Scratch – өте қарапайым, түсінікті және балаларға қызықты бағдарламалау тілі болып табылады. Scratch тілінде күрделі кодтар жоқ. Ең керегі – оқи алу және санауды білу. Scratch онлайн платформасымен танысу және онда жұмыс жасап, бағдарлама құру логикалық және креативті қабілеттерді дамытады. Ал бағдарламалау барысында: жобаны әзірлеу, мәселелерді шешу стратегияларын қалай қолдану керектігін біле аламыз.

Scrath (**Скретч**) – бастауыш сынып пен орта буын оқушыларына арналған визуалды нысанды-бағытталған программалау ортасы. Scratch программалау ортасы Лого тілінің және Лего конструкторының жалғасы ретінде жасалған. Scratch-те программалар графикалық блоктардан тұрады.

Зерттеу жұмысын бастау кезінде ең алдымен, мектеп жасына дейінгі балаларға және бастауыш сынып оқушыларына (мектепалды даярлық, 1-2 сынып) сауалнама жүргізу арқылы зерттеу тақырыбы аясында қызығушылық деңгейлерін айқындап алдық. Өйткені, жобаның алдағы уақытта қолданысқа енгізілу мүмкіндігін анықтағымыз келді.


Сауалнама Google Forms платформасында (1-сурет) құрылды. Төмендегі сілтеме оқушылар мен балабақша тәрбиешілеріне ұсынылды (2-сурет).



1-сурет

2-сурет

Сауалнама қорытындысы бойынша үшінші негізгі сұраққа («Тәрбиелік мәні бар мультфильмдер сізді қызықтыра ма?») барлық қатысушылар 100% «Иә» деп жауап берген (3-сурет).



3-сурет

Бұдан шығатын қорытынды, Абайдың қара сөздеріне негізделген тәрбиелік мәні бар мультипликация құрастыру өзекті және маңызды екені көрінеді.

Scratch – мультимедиалық жүйе. Ол әлемнің 150 мемлекетінде қолданылып, 40 тілге аударылған. Программалау ортасы барлық деңгейде (бастауыш буыннан жоғары буын оқушылары) және кез келген оқу пәндерінде (математика, информатика, тілдер, қоғамдық т.б.) ұтымды пайдаланылуда. Пайдаланушылар мен мұғалімдер <http://scratch.mit.edu> сайтында бір-бірімен тығыз байланыс жасап, әртүрлі мысалдармен, ресурстармен және жобалармен алмаса алады.

Спрайттар

Спрайттар Scratch-тің негізгі құраушылары болып табылады. Scratch бағдарламасы оларды басқаратын әрбір спрайттар мен скриптерден тұрады.

Спрайттар не істей алады?

Спрайттар – бұл сахнадағы бейнелер. Скриптер оларды бірнәрсені жасату мақсатымен жазылады. Басқа спрайттарға және бағдарламаны қолданушыға әсер ету туралы спрайттарға нұсқаулар беріледі. Спрайттар:

- сахнада қозғалады;
- олар бірнәрсеге тиіп кеткен кезде әрекет етеді;
- қолданушымен басқарылады;
- келбетін өзгертеді;
- мәтіндік бұлттар арқылы сөйлейді;
- дыбыстар шығарады және музыка ойнатып береді;

Әрбір жобада бірнеше спрайттар бар және әрқайсысының өз скриптері болуы мүмкін. Скриптерді дұрыс спрайттармен біріктіру өте маңызды және оларды өзара ауыстырып жүктеудің тәртібін білу қажет (1-кесте):

Спрайттарды құру және өзгерту	Оларда спрайттар көп болса, бір-біріне соғылып, жалтарып және сахнада бірін-бірі қуатын ойындар әлдеқайда қызықты болады. Спрайттарды құру, көшірмесін жасау және оны жою өте жеңіл.
Спрайтты құрастыру	Сіздің бағдарламаңызға спрайтты жүктеу немесе құрастыру үшін спрайттар тізімін пайдаланыңыз.
Спрайтты көшіру және жою	Спрайттың және оның скриптерінің көшірмесін алу үшін спрайттар тізіміне барып, тышқанның оң жақ батырмасын басып, «duplicate/түпнұсқаны қосарлау»-ды таңдаңыз
Спрайттың аталуы	Сіз Scratch-те жаңа бағдарламаны жаза бастағанда мысық-спрайттың аталымы “Спрайт1” болсын. Егер сіз өз спрайттарыңызға түсінікті аталым берсеңіз, бағдарламаларды жазу әлдеқайда жеңіл болады. Бұл сондай-ақ скриптерді түсінуді және басқаруды жеңілдетеді.
Спрайтты таңдау Аталуын өзгерту	Спрайттар тізімінен спрайтты таңдаңыз, сонан соң бұрыштағы “i” көгілдір батырманы басыңыз. Ақпараттық тақта ашылғанда мәтіндік алаңға басыңыз және спрайттың аталымын өзгерту үшін пернетақтаны пайдаланыңыз.
Спрайттың атын өзгерту	Ақпараттық тақтаны жабу үшін спрайттың сол жағындағы көгілдір батырманы басыңыз, спрайттың жаңа аталымын осында жазыңыз

Scratch туралы жоғарыда келтірілген мәліметтер әдебиеттер тізіміндегі үшінші баспадан алынған[3].

Өз жұмысымда мен, ең алғаш басты бетті мынадай түрде көркемдедім (4-сурет):




4-сурет

Басты беттегі спрайттарға тышқанды шерту арқылы қолданушы Абайдың қара сөздерін таңдап, соған сәйкес ұсынылған мультипликацияны көре алады. Мысалы, жетінші қара сөзін таңдаған кезде, келесідей бейнекөрініске өтеді (5-сурет). Домбыра үнімен көркемделген бейнекөріністер керемет ерекше әсер қалдырады.



5-сурет




6-сурет

«Абайдың жетінші қара сөзі» спрайтының анимациялық қозғалысы үшін келесідей бағдарлама коды енгізілді(6-сурет):

Төмендегі бағыттауышты басқаннан соң, төмендегі бейнекөрініс ашылады (7-сурет). Ең маңызды бағдарламалау коды мен анимациялар осы бейнекөріністі жасау үшін қолданылды. Себебі, мұнда атасы мен немересінің, әкесі мен анасының диалогы өрбиді. Бағдарламалау кезінде ЦИКЛ операторы (бала 1 спрайтын қозғалтып, жүргізу үшін) және ТАРМАҚТАЛУ операторлары (қарлығаш құсты ұшыру анимациясы кезінде) қолданылды. Бұл операторлар маған алғашында таныс емес еді, өйткені 4-сыныпты біз алғаш рет SCRATCH бағдарламасымен танысып жатырмыз. Жобамды сәтті аяқтап шығу мақсатында бәрін де тез үйреніп, тіпті машықтанып алдым.



10-сурет



11-сурет

7-сурет

Scratch бағдарламалау ортасында жоба жасау арқылы оқушылар төмендегідей дағдыларды меңгереді:

- Шығармашылық ойлай білу;
- Логикалық ой-өрісін кеңейту;
- Жүйелі сараптау;

- Технологияны жылдам пайдалану білу;
- Тиімді өзінше әрекет жасау;
- Жобалау;
- Тұрақты білім алу.

Осылайша, Scratch бағдарламалау ортасын бағдарлама жасау тілінен гөрі шығармашылық жұмыс құралы ретінде пайдалана аламыз және осы бағдарламалау ортасы тілінің қарапайымдылығы программалау негізін оңай үйренуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, осы бағдарламаны жасай отырып, біз ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының қара сөздерінің мән-маңызы әлі де зор екенін ұғындық. Халқымыздың мәңгілік қазынасы болып саналатын ақын мұрасын тағы бір ой елегінен өткізе келе, адамгершілікке баулитын, ізгілікті тәлім-тәрбиеге негізделген қара сөздерінен келешек ұрпақтың рухани күш-қуат алуына мультипликация жасақтау арқылы өз үлесімізді қостым деп есептеймін.

Жоба құрудағы тақырыбымыздың өзектілігі және алға қойған мақсатым «Абай Құнанбайұлының қара сөздерінен SCRATCH бағдарламасында мультипликация құрастырып, мектеп жасына дейінгі балаларға және бастауыш сынып оқушыларына (мектепалды даярлық, 1-2 сынып) ұлы жазушының шығармаларын дәріптеу» болғандықтан, айтар ұсынысым еліміздің телеарналарында Абай атамыздың тағылымы мол, тәрбиенің қайнар көзі саналатын қара сөздеріне негізделген мультфильмдер құрастырылып, көрсетілсе...

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Советханқызы Р. Абайдың «Қара сөздері» – білім мен тәрбиенің қайнар бұлағы // Ел. № 40 (116). – 2 қазан. – 4 б.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монография. – Алматы: Санат. 1967. – 24 б.
3. Еремін Е.А. «Информатика» газеті. Среда Scratch – первое знакомство. – М.: Первое сентября, 2008 – № 20 (573) – С. 16-28.
4. Маржи Мажед. Книга Scratch для детей. Самоучитель по программированию. – Манн, Иванов и Фербер, 2018 г.
5. Эл Свейгарт: Программирование для детей. Делай игры и учи язык Scratch! – Эксмо, 2017г.

ҒТАХР: 14.07.09

Д.Н. Ілияс

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі,
Қазақстан, Көкшетау қаласы, ilyasova.danagul@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ тілі пәнінің оқыту әдістемесіне көмекші техникалық құрал ретінде компьютерді қолдану көптеген әдістемелік өзекті мәселелерді тиімді шешуге жағдай жасайды. Компьютердің қазақ тілі пәнін оқытуда қолдану мүмкіндіктері өте мол. Компьютерді оқу-тәрбие процесінде қолдану, ғылыми-техникалық процестің жетістіктерін практикаға енгізудің өзегі болып табылатындығы өз еліміздегі, сондай-ақ шетелдердегі тәжірибелерден белгілі.

Дербес компьютерді сабақта пайдалану оқыту процесінде кері байланысты қамтамасыз етуге, даралап оқытуды жүзеге асыруға, өзіндік жұмыстар ұйымдастыруға және оқушылардың білім деңгейін анықтауға өз үлесін қосады.

Компьютерлік технология бойынша практикалық, лабораториялық сабақта төмендегі көрсетілген жазба жұмыстарын орындатуға қажет.

Атап айтсақ:

- а) сөздің мағынасын ескеру;
- ә) сөздің тіркесуі;
- б) сөздің синонимдік қатары;
- в) сөзді орынды қолдану;
- г) сөздің мағынасына қарай дұрыс аудару.

Ең алдымен компьютер мұғалімге білім алушылардың жеке дара жұмыс істеуіне көмек береді. Ол үшін мынадай тапсырмалар мен жаттығулар және практикалық тапсырмаларды орындатуға болады.

1. Сұрақпен жұмыс

Білім алушылар берілген сұрақтар, грамматикалық материалдар бойынша сұрақтарға жауап беруі тиіс.

2. Тандамалы жауаптармен берілетін жаттығу.

3. Толықтыруды қажет ететін жаттығулар.

Компьютер толықтыруды қажет деп табатын сөйлем жиынтықтары мен мәтіндерін береді. Берілген сөздерді орнына қою үшін әдістемелік нұсқау ұсынылады немесе компьютер белгілеген жауаптардан керекті тиістісін қояды.

4. Сөзді игерудегі жаттығу жұмыстары.

Бұл жаттығуларды орындау кезінде төменде көрсетілген нұсқалар пайдаланылады:

– сөздердің синоним мен антонимдік қатарын тауып алуға көмегін туғызады.

– грамматика мен орфографияны тексеруге жаттығу жұмыстары беріледі.

Соның нәтижесі бойынша оқушының компьютермен емін-еркін жұмыс істей отырып, өз бетімен ойлануға дағдылануы артып, оқу қабілеті жоғарылайды [1, 40].

Ақпараттық технологиялардың оқу-тәрбие процесінде қолданылуы оқытушылардың да, оқушылардың да мүмкіндіктерін кеңейтеді. Олай болса, ақпараттық технологияларды үйлесімді пайдалану бүгінгі өзекті мәселелердің біріне айналып отырғаны даусыз.

Қазіргі мектептің даму деңгейі болашағы қоғамның даму үрдісімен, әлемдік білім алуға ұмтылуымен ерекше. Білім беру үрдісі – ақпараттық қоғам жағдайында жас жеткіншектерді сапалы білім алуға жетелейді.

Теориялық, ғылыми – әдістемелік әдебиеттерді оқып, талдау жасау барысында мынандай тұжырымға келіп отырмыз. Біріншіден, көптеген жаратыстану пәндерінде компьютерді пайдалану мәселесі іске асырылуда. Мысалы физика, химия пәндерінде. Екіншіден, көптеген пәндерде компьютерді пайдалану қалыптасқан психологиялық-педагогикалық талаптарға онша сай келмейді.

Себебі, бұрынғы қалыптасқан оқыту процесінде қарым-қатынас тек мұғалім мен оқушы арасында ғана болса, ал оқу процесінде компьютерді пайдалану кезінде мұғалім мен оқушы арасында компьютерлік педагогика пайда болғаны белгілі.

Компьютерлік оқытудың біртұтас әдістемелік жүйесін жасау – оқу-тәрбие процесін жетілдірудің көкейтесті мәселелерінің бірі болып табылады.

Білім берудегі жаңа ақпараттық технология – оқу мен оқу-тәрбие материалдарын үйретуге арналған есептеуіш техника мен инструменттік құралдардың жиынтығы, сол сияқты ол есептеуіш техника құралдарының оқу процесіндегі ролі мен орны, мұғалімдер мен оқушылардың еңбегін жеңілдетуде оларды пайдаланудың түрі мен әдістері туралы ғылыми білімнің жүйесі. Оқытудағы жаңа ақпараттық технологиялар және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, мүддесіне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға жәрдем береді. Жаңа ақпараттық технологияның білім беру саласына енуі педагогтарға оқытудың мазмұнын, әдістері мен ұйымдық түрлерін сапалы өзгертуге мүмкіндік береді [2, 28].

Оқытуды компьютерлендіру оқыту қызметінің сапасын қалыптастыруда, орасан зор мүмкіндік береді. Ең біріншіден, ол кез-келген әрекетті көрнекі түрде елестетуге және оның орындалу жағдайын көрсетуге мүмкіндік береді. Екіншіден, компьютер оқу материалына сүйене сүйене отырып, интеллектуалдық әрекетті елеулі түрде өзгертетін құрал.

Оқытудың компьютерлік технологиясы көптеген зерттеушілердің пікірінше, оқушылардың өз бетімен жеке жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызады екен. Оқушының және мұғалімнің оқытудың жаңа технологиясын жүзеге асыруы оқушының шығармашылық қабілетінің дамуына мүмкіндік береді. Өз бетімен танымдық және эксперименттік – зерттеушілік қызметін меңгереді, оқушылардың өз бетімен оқуы қызметі артады.

Ақпараттық-коммуникативті технологиялар түрлерін оқу үдерісіне енгізу сабақ процесінің қажетті технологияларды іріктеп алу мүмкіндіктерін беріп сабақтың сапалы өтуіне ықпал етеді. Ақпараттық-коммуникативті технологиялар түрлерін сабақта қолдану кезінде аталған технология білім алушының жеке дара зейіні мен қабілетіне және сол сабақтың мазмұнына сай қолдануына мән берілуі керек. Ақпараттық технология бойынша жұмыс атқару барысында білім алушылар біріншіден, дүниетанымдық істерде өзінің белсенділігін көрсете алады. Бұндай оқу процесі кезінде білім алушылар жаңа сабақты меңгеріп қана қоймай, берілген тақырып бойынша қосымша

мағлұматтар туралы жан-жақты білім алады. сол ортадағы қосымша мәлімет көздерімен қажетті деген құралдарын өздері таңдап ала алады [3, 68].

Елімізде компьютермен жұмыс атқару басты орында тұрғанда компьютермен жұмыс істеу, оқу процесінде қолдану ұлтымыздың болашақта еліміздегі әртүрлі ғылым бойынша тың жаңа ойларды бағыттап, сол ғылым жолында жұмыс істей алатын білгір оқушылармен жарқын болашаққа жетелейді.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін компьютерлендіру – еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі ХХІ ғасыр – білім беру жүйесін компьютерлік ақпараттандыру ғасыры екені әуел бастан белгілі.

Мен қызмет ететін Көкшетау қаласы, Ж. Мусин атындағы педагогикалық колледжінде де аталған мәселелердің шешімін табу үшін көптеген жағдайлар жасалып, колледждің оқу материалдық базасы компьютерлермен, электронды оқулықтармен, әртүрлі техникалық құралдармен, сонымен қатар, интерактивті тақталармен толықтырылған.

Осы жоғары мүмкіндікті пайдалана отырып, өзім де сабақ барысында қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнінен компьютерді, электронды оқу бағдарламалары мен әртүрлі жаңа педагогикалық технология мәселелерін интерактивті тақтамен байланыстырып оқыту әдісіне үнемі назар аударып, күнделікті студентпен жұмыс барысында пайдалану жолдарын қарастырып мектепте өтетін іс-тәжірибеден өту кезінде беретін сабақтарының жоспарларын дайындауда әдістемелік көмек көрستمін. Мұның себебі, «Ешбір адамға білім алу мен жетілу жай беріле салмайды немесе тек айтумен ғана іске аспайды. Оған қол жеткізуге тырысатын әрбір жан соған өз еңбегімен, өз күшімен ұмтылуы тиіс», – деп Дистерверг айтқандай, білім алушыларға жан-жақты білім алуға жаңа әдіс-тәсіл қажет. Жаңаша тың ойлар мен идеялар болуы тиіс. Бұрынғы педагог-мұғалімнен қазіргі таңдағы білім алушылардың білім деңгейіне сай жаңа педагогикалық технологияны қолданатын жоғары дәрежедегі мұғалім деңгейіне көтерілу керек.

Бұл үшін компьютерді қолданып төмендегі аталған мүмкіншіліктерді қолдана алсақ, алға қойған мақсатымыз жүзеге асырылатынына күмән болмас еді. Атап айтсақ:

– оқу процесінде компьютермен жұмыс атқару мүмкіншіліктерін қолдану мүмкіндіктерді пайдаланып, слайдқа түсіру;

– интербелсенді тақтаның мүмкіндіктерімен жүйелі жұмыс жүргізу;

– мәтін бойынша жаңа сөздерді компьютерге микрофон арқылы жаздырып, тыңдалым қабілеттерін жоғарылату

– мәнерлеп оқу дискілерін қолдана отырып, диктор даусымен өлеңдерді тыңдату;

– пән бойынша электронды оқулықтар арқылы өтілетін тақырып төңірегінде оқушыға жан-жақты білім беру;

– әртүрлі тест тапсырмалар мен басқа да компьютерлік нұсқадағы жаттығуларды өз бетінше отырып, шешімін табуға мүмкіншілік беру т.б.

Соңғы кезде оқушылар сабақта жай ғана тыңдап отырғысы келмейді, оларды мұғалімнің дәстүрлі сабақ беруі қызықтырмайды. Олар жаңа сабақты меңгеру кезінде өздерінің жеке жұмыс жасап, ойлау қабілеттерін де көрсете алатын, ізденісте болғанын жүзеге асыра алатын оқытудың жаңа түрлерін күтеді.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, бүгінгі күні білім беру технологияларының көптеген жетістіктерін, оның ішінде электронды оқыту технологиялары мүмкіндіктерін игермей, сауатты маман болу мүмкін емес.

Академик А.П. Ершов 80-жылдарды мынадай ой айтқан болатын: «Компьютер – баланың интеллектісін арттырудағы көмекшісі әрі досы».

Бүкіл әлемде мектепте компьютерлер пайдалану тәжірибесі мынадай болжам айтқан: компьютер, біріншіден, оқушыға қарындаш немесе қалам құралы ретінде қолданылса, ал екіншіден, оқыту процесінде көрінбейтін ақпараттық процестер арқылы оқушының қызығушылығын туғызатын құрал ретінде қолдануға болады.

Кезінде К.Д. Ушинский: «Бала табиғаты көрнекілікті қажет етеді», – деген болатын. Көрнекілік схемалар, кестелер немесе суреттермен шектеліп қала алмайды, олар қозғалыссыз, статистикалық түрде тұр [4, 220].

Білім беру ісінде ақпараттық технологиялардың оқытудың дифференциалдық және жеке адамға бағытталған түрлерін жүзеге асыра алатын мүмкіндіктері бар. Оқытушы өз сабағында әрбір балаға жекелегенсызба бойынша тиянақты түрде талдауға қол жеткізетін жаңа мәліметтермен жеке жұмыс жасау мүмкіндігін бере алады.

Мұғалім компьютер желісі арқылы әр оқушымен тығыз байланыс жасап болғандықтан, ол оқытуға жүйелі түрде көңіл бөліп, әр баланың жеке деңгейін анықтап, оларға жеке іс-әрекеттер қолдануына да мүмкіндік болады.

Қазіргі таңда жаңа ақпараттық технологияларды оқу процесіне енгізу білім алушылардың мүмкіншіліктері және сабаққа деген ынтасын арттырып, компьютермен жұмыс істеу барысында алға қойған мақсатқа жету жолында серпінді тың идеяларға бастау алуда. Осыған байланысты қазіргі кезде жаңа білімді меңгерту, интерактивті әдістерді қолданып жүйелі іс-әрекеттер атқару керек, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын молайтып, шығармашылықпен жұмыс істеу деңгейін жетілдіріп, ой-өрісін кеңейтіп компьютерді де тез игеруге жағдай жасауда.

Оқыту тәжірибесі педагогикалық процестің сапасын жетілдіруді талап етеді. Осыған байланысты іс-тәжірибе мен ғылымда көптеген көзқарастар мен нұсқаулықтар бар. Сондай бір бағыты педагогикалық үрдісті технологияландыру.

Көптеген ғалымдар компьютерлік технологияны оқу құралы ретінде пайдаланудың мәні мен әдістемелік мақсатын мынадай дидактикалық ұстанымдар бойынша көрсетеді: оқыту үрдісін жекелеу мен дифференциялау; оқу барысы нәтижесін бағалау мен болжаудың кері байланысын жүзеге асыру; өзін-өзі түзету мен өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру; жаттығу мүмкіндігі мен көмегі арқылы оқушының өз бетінше дайындалуына ықпал жасау; үдерісті визуальды оқыту; оқыған үрдіс динамикасын көркем демонстрациялау; зерттеліп отырған ғылыми тұжырымдамалардың графикалық түсіндірмесін беру; компьютерлік бағдарламаның нақты тәжірибесіне бойынша зертханалық жұмыстар жүргізу; ақпарат желісімен қамтамасыз ететін оқу барысына қажет ақпараттық мәліметтер базасын пайдалану және құру; қисынды ойлау қабілетін қалыптастыру (мысалы, мәтіндік редактор, электрондық кестелер, мәліметтер базасын және қолданбалы пакеттер байланысын пайдалану) [5, 23].

Қазіргі таңда компьютерлік оқытуды ұйымдастыруда жеке оқытудың үш түрі бар: 1) дәстүрлі оқыту; 2) оқушылар өз-өздеріне ұнайтын оқыту басқаруын таңдайды;

Оқытуды ақпараттандыруда келесі басты қағидаларды ескеру керек.

1. Оқыту процесін компьютерлендіру тек бағдарламалау тілін немесе дербес компьютерлердің ақпараттандыру құралдарын емес, компьютерлерді белгілі бір үрдістерге, құбылыстарда, экономикалық жағдайларда модельдеуге үйрету,

2. Компьютерлендіру мұғалімді оқыту процесінен шығарып тастамай, керісінше оқушымен неғұрлым тиісті жұмыс жасауына мүмкіндік жасау керек. Осылайша білім негіздерін топтық түрде бере отырып, оқытуды даралауды да күшейтіп, оқушылардың білім сапасының артуына мүмкіндік жасауға болады.

3. Компьютерлерді алға қойылған педагогикалық мәселені сапалы және тез шешуге көмектесуін жағдайға ғана пайдалану қажет, яғни мақсатқа сәйкестік ұстанымын ескеру керек.

4. Оқытуды компьютерлендіруді оқушының өз бетімен ойлап, шығармашылық белсенділік танытып, дербес компьютерді саналы түрде пайдаланатындай етіп сабақты орайластырған жөн.

5. Қазіргі кезде жекелеген пәндер үшін педагогикалық-психологиялық талапқа сай ана тілінде электрондық оқулықтарды жасау қажеттілігі туды. Бұл оқулықтарда теориялық материал, жаттықтыру тапсырмалары, тексеру үшін арналған тест сұрақтары, анықтамалар, бар. Қазіргі таңда компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктері қазақ тілін меңгертуде кеңінен пайдалануда. Қазақстан мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мақсатында қазіргі заманның әлем деңгейіне сай әдістемелік, лингвистикалық қамтамасыз етуге бағытталған компьютерлік оқыту бағдарламаларын құрастыру процесі басталды. Сонымен қатар, қазақ тілінде электронды аудармашы бағдарламаларын әзірлеу мәселелері қазіргі жағдайда айрықша орынға болып отыр. Осы салада атқарылып жатқан жақсы істердің бірі – қазақша-орысша және орысша-қазақша электронды аударма сөздіктер. Қазақстанда электронды сөздіктер мәселесі ХХ ғасырдың 80 жылдары зерттеле бастады. Қазақ тілі компьютер қорының негізін қалаушысы – атақты ғалым лингвист Қалдыбай Бектаев болып саналады. Профессор Р.Г. Пиотровскиймен бірге «Статистика речи» деген компьютерлік қолданбалы лингвистикамен айналысқан бүкілодақтық топқа басшылық етті.

Бүгінгі күні қазақ тіліндегі аудармашы-бағдарламалары мәтін, сөйлем мен сөз тіркестерін аударуға бағытталған, дегенмен олардың сапасы әлі күнге дейін төмен деңгейде. Себебі компьютер тілдің көптеген грамматикалық құрылыстарын (жаргон, диалект, фразеологизмдерді) түсінбейді. Сондықтан қазір қазақ тіліндегі электронды сөздіктерінің негізгі қолданысы – іскерлік қарым-қатынастағы қағаздарды аудару. Әдеби тілді компьютер арқылы аудару қиындыққа түседі, дегенмен электронды сөздіктер аудармашылардың ескішілдікке негізделген жұмыстарын жеңілдетеді.

Әр сабақта электрондық сөздіктерді қолдану – сөздік қорды байытудың бірден-бір жолы, осы құралды пайдалану арқылы оқытушының көздеген мақсатына жетуі сөзсіз [6, 124].

Компьютерлік технологияны қолдану оқытуға арналған программалық жабдықтарды (электрондық оқулықтар т.б.) сабақта тиімді қолдану пән мұғалімдерінің мол тәжірибесін, ізденісін, біліктілігін әдістемелік шеберлігін керек етеді. Өз тәжірибемде студенттердің қазақ тілі пәніне деген қызығушылығын арттыруда сабақта компьютерді пайдаланамын.

Баланың қандай да болмасын тапсырманы орындауына бетбұрыс жасап, одан әрі зерттеуіне, ізденуіне бағдар көрсетеді. Техникалық оқыту амал әдіс-тәсілдерінің қазақ тілі сабағына ықпалы, әсері шексіз. Ол баланың еркін ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына бағыт береді. Компьютермен жұмыс атқарудың басты міндеті оқу үрдісін ұйымдастыра білу, бақылаудан бірін-бірін бақылауға, білім беруден бірін-біріне білім беруге көшіп отыру. Компьютерді қолдана отырып оқуда жаңа деңгейдегі оқулықтар, оқуға қажетті құжаттар, пайдаланылады. Компьютер арқылы білім берудің негізгі көріністері: оқуға қажетті білім материалдары өзіндік бөлімдерге сұрыпталады, әрбір бөлімдерді игергеннен кейін, білім алушы өз бетінше тестпен жұмыс жасайды; жауабын дұрыс белгілесе, одан кейінгі бөліммен жұмыс істейді; жауабын дұрыс белгілемесе, оқушы өзі аталған бөлім бойынша қайта оқиды, сосын қайтадан тестпен жұмыс жүргізеді [7,113].

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану білім беру бағдарламалары, білім беру материалдарын, оларды игеру кезіндегі білім алушылардың атқаратын жұмыстарын, бақылау деңгейлерін белгілі бір жүйемен тәртіпке келтіреді.

Бағдарлама бойынша білім берудің негізгі ерекшеліктері:

- білім бағдарламаларының бөлінуі,
- білім алушының жеке жұмыстары,
- мерзімді бақылау,
- білім беру деңгейі және оқуға берілетін материалдардың сапасы,
- ақпараттық технологияларды қолдану,
- білім алушылардың жан-жақты ойлауын жетілдіреді.
- оқуға деген ынтасын көтереді;
- оқушыларды өз бетімен жеке дара қызмет етуіне ықпал етеді;
- терең білімділікке, білім деңгейінің сапалы көрсеткішін береді.

Мақсатымыз келесі әрекеттер арқылы жүзеге асады: сыни ойлау, еркін сөйлеу, ізденіс, белсенділік, ой бөлісу, тұлға аралық қатынас.

Күтілетін нәтиже:

- оқушылар көркем, мәнерлі сөйлеуге үйренеді;
- шығармашылық жұмысқа белсене қатысады;
- дүниетанымы, ақыл-ойыартады;
- мазмұндаманың барлық түрін қызығып орындайды;
- білім сапасы артады.

Ал дәстүрлі сабақ кезінде оқушылар белсенділігі төмен болатындығын білеміз, өйткені бірсарынды сабақтар оқушыларды жалықтырады.

Техникалық оқыту тәсілдері әдістерін оқып-үйрене келе және оны тікелей тәжірибемде қолданғанда байқағаным, бұл әдістің білім беру жүйесіне, әсіресе қазақ тілі пәнінен тиімді жақтары көп деген қорытындыға келдім.

ТОТ стратегиялары және ізгілендіруді көздейтін оқытудың жаңа технологияларын енгізе отырып, өзін дамыта алатын үнемі жетілдіру арқылы өз бағыт бағдарын айқындай алатын оқушы жеке тұлғасын қалыптастырады.

Аталмыш технологияны сабағымдақ олдандығанда мен мынадай нәтижелерді аламын:

- өз қабілеттеріне сай сапалы білім;
- еркін әрі сыни ойлай білетін, белсенділік және біліктілік;
- өзін-өзі тани алатын, өзіне сене отырып, біліміне жауаптылықпен қарайтын тұлға;
- сабақ процесі кезінде алған түрлі мүмкіншіліктерді өзекті мәселелерді шешуде таңдай және қолдана алатын;
- өз мүмкіндігін сай сенімді және жоғары баға беретін;
- қазақ тілін еркін меңгерген;

Танымдық белсенділігі жоғары, өз ісіне сыни тұрғыдан қарай білетін тұлға болады [8,76].

Қазақ тілін оқытуда компьютерді қолдану өте тиімді. Үлгерімі төмен оқушыларға тапсырма орындау барысында қажеті жерлерін мұғалім көрсетіп, тиісті әдістемелік көмек береді. Оқушылардың білім сапасының артуына, жекелей ерекшеліктерінің байқалуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Илияс Д.Н. Қазақ тілін оқыту сапасын ақпараттық технологиялар арқылы жетілдіру жолдары: ф.ғ.м. дисс., – А., 2017. – 12 б.
2. Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. пед. ғыл. докт. дисс. авторефер. – А., 2002. – 31 б.
3. Оразбаева Ф.Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – А., 2000. – 150 б.
4. Шипина Ә.А. Компьютерлік оқытудың тиімді жолдары. – Алматы, 1999. – 230 б.
5. Исабек Е.Н. Студенттерді компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлаудың теориялық және практикалық негіздер: п. ф. к. автореф. – Алматы, 2005. – 29 б.
6. Қараев Ж.А Педагогическая технология обучения Караева. – Алматы, 1988. – 322 б.
7. Нұрғалиева Г.К Оқыту әдістері. – Алматы, 1991. – 160-б.
8. Махмудов М.Н Мектепте проблемалық оқуды ұйымдастыру. – Алматы, 1981. – 340 б.

МРНТИ: 16.21.31

G.S. Mussina

Nazarbayev Intellectual School of Physics and Mathematics in Semey
Kazakhstan, musina_g@sm.nis.edu.kz

IMPROVING STUDENTS' WRITING SKILLS THROUGH FEEDBACK STRATEGIES AND PRACTICES

It can be agreed that giving feedback to students help both the teachers and students to focus on the learning process. There are different types of feedback strategies and practices that can be used to improve the students' writing skill which is the difficult among other skills such as listening, reading, and speaking. The teachers' purpose should be to implement an effective and deliberate feedback strategies and practices to help students to understand and identify their mistakes in the academic writing. In addition to this, students will be encouraged to apply different feedback practices and strategies to improve their writing skills.

What is feedback?

Feedback is the tool that makes teachers' job effective, at the same time students achieve their goal successfully. Feedback should not be separated from learning environment because it is the essential part of teaching and learning process especially it is the main component of the formative assessment process. Formative assessment gives information to teachers and students about how students are doing relative to classroom learning goals.

What is the effective feedback?

There are two factors of feedback: the cognitive and motivational. Good feedback gives students information they need so they can understand where they are in their learning and what to do next—the cognitive factor. Once they feel they understand what to do and why, most students develop a feeling that they have control over their own learning – the motivational factor. [1]

2. понимает важность личностного и профессионального роста и развития в течении всей жизни, согласно требованиям Международных стандартов;
3. применяет навыки самостоятельного и ответственного отношения к процессу

конструктивистского моделирования образовательного процесса по модульно-компетентностным и кредитным технологиям;

4. выбирает нужную информацию из нормативно правовых актов и ключевых аспектов кредитно-модульной технологии обучения;

5. анализирует результаты обучения, критерии оценивания и дескрипторы при разработке РУПр и РУПл;

6. оценивает результаты деятельности по задаваемым критериям.

Подводя итоги рефлексивноанализа по разработке образовательных программ ТиППО, следует отметить необходимость ознакомления обучающихся с ожидаемыми результатами, как инструмента формирования личностных и профессиональных знаний, умений и компетенций. Важным аспектом перехода на академическую самостоятельность, является более осознанный подход к моделированию образовательного процесса каждого отдельно взятого педагога. Педагог должен ответственно относиться к своим профессиональным функциям.

В целом, создаваемые образовательные программы, как результат интеллектуально-творческой и методической деятельности педагогов, предшествуют повышению уровня компетенции современного педагога ТиППО. Что в свою очередь, станет одним из инструментов приближения качества образования ТиППО на более высокий, качественный уровень.

Список литературы

1. 4a053cfd3aa484ca831f300a6d4961c9.pdf – Компания GDSILimited, Руководство по разработке образовательных программ в контексте национальной рамки квалификаций и потребностей рынка труда, Январь 2018;

2. <https://www.enbek.kz/atlas/> – Атлас новых профессий и компетенций в Республике Казахстан;

3. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 6 апреля 2020 года № 130 «Об утверждении Перечня документов, обязательных для ведения педагогами организаций среднего, технического и профессионального, послесреднего образования, и их формы» «с изм. На 16.09.2021 г.);

4. <http://rmebrk.kz/bilim/boribekova-kazirgi.pdf> – Ф.Б. Бөрібекова Н.Ж. Жанатбекова Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар, Оқулық. – Алматы, 2015.

ҒТАХР: 14.23

А.А. Алимбекова, Т.С. Жумашева

Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті

Қазақстан, Алматы қаласы, aalimbekova@mail.ru

ӘЛ-ФАРАБИ ТРАКТАТТАРЫНДАҒЫ ЛИДЕРЛІК ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ӨЗЕКТІЛІГІ

Қазақстанда жоғары білім беруді модернизациялау саясаты жыл сайын жетілдіріліп, оқу-тәрбие үдерісінің жаңа жолдарын іздестіруді талап етіп отыр. Жоғары білім берудің қазіргі негізгі мақсаты – білімалушылардың біліктілік пен дағдыға қол жеткізуі ғана емес, солардың негізінде дербес, өзінің кәсіби іс әрекетіне қажетті лидерліктерін дамыту.

Қоғамның барлық дәуірлерінде түрлі сипатта болған лидерлік жеке және қоғамдық сананың дамуымен бірге мәңгі жетіліп отыратын – феномен. Лидерлік феномені – барлық құбылыстар секілді адамзат қоғамында пайда болған, оның даму кезеңдерінде ғалымдарды толғандырған маңызды мәселенің бірі. Тарихқа көз жіберсек лидерлік туралы идеялар көптеген ерте заман философтарының еңбектерінен елеулі орын алғанын көруге болады:

– лидерлік – жалпы мақсатқа талпынатын арнайы ұйымдастырылған топта байқалатын көпәспекттілі әлеуметтік құбылыс;

– лидерлік – тұлғаралық қатынастар жүйесіндегі басымды және бағындырушы қатынастар;

– лидерлік – жеке тұлғаға және топқа әсер ету қабілеті; адамдармен жұмыс істеу және барлығы үшін пайдалы нәтижеге, оның тиімділігіне эмоциялық еліктіру, бағыттау, сендіру, рухтандыру, иландыру біліктілігі; іскерлік, жігерлік және тиімді коммуникация;

- лидерлік – мақсаттылық, тұлғалық күш, құзыреттілік және психологиялық тұрақтылық;
- лидерлік – басқа адамдарды ғана емес, алдымен өзін-өзі басқару біліктілігі;
- лидерлік – жоғары дамыған субъектілік, дербестік, сыни ойлау, тұлғалық белсенділік, рефлексивтілік және инициативтілік.

Демек лидерлік – бұл тұлғаның әлеуметтік құбылысқа (ой-пікір, бағалау, қарым-қатынас) және топтың немесе оның жеке мүшелерінің мінез-құлқына ықпал ету феномені болса, лидерлік стилі ұйымдардағы мінез-құлық және қатынас әдісі арқылы жүзеге асырылатын лидердің тұлғалық, субъективті-психологиялық сипаттамаларының тұрақты жиынтығы болып табылады.

Қоғамның дамуына сәйкес мемлекеттің білім беру саясатының да өзгеріп отыруы заңды құбылыс. Қоғамның білімге қойылатын талаптары мемлекеттік білім беру саясаты қағидаттарының жүйесімен тұжырымдалады. Қазақстанда білім беру саясаты – адам өмірі мен денсаулығы, жекетұлғаның еркін дамуы, еңбексүйгіштік, азаматтық ізгі қасиеттерге, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, патриотизмге, табиғатты қорғауға, отбасына деген сүйіспеншілікке баулу болып табылады [1]. Аталған мәселелер соңғы жылдары жиі айтылып жүрген лидерлік іс-әрекет жиынтығын құрайды. Сондықтан еліміздегі жоғары білім беруде, студенттерді кәсіби даярлауда лидерліктерін дамытудың өзектілігі жылдан жылға арта түсуде.

Лидерлік жеке тәртіп, мінез-құлық, лидер мен топтың өзара қарым-қатынастарының әртүрлі механизмдерін қамтиды. Адамның жақсы мінез-құлқы, құқық нормасын сақтауы, ақыл-парасаты, іс – әрекеті санаға байланысты жүзеге асады. Осыдан ұйымдастыру қызметі және оған қажеттілік топтық әрекеттің әртүрлі салаларында лидерлікті туындатады. Қоғамды ғылыми тұрғыдан түсіндірудің басты ерекшелігі, қоғамдық қатынастар мен байланыстар. Қоғамдық қатынастар негізінен екі түрге, яғни материалдық және идеологиялық қатынастар болып бөлінеді. Материалдық қатынастарға табиғат және оның қазына байлықтарын адам арқылы өңдеп, қоғам өміріне пайдалану жолдары жатады. Ал идеологиялық қатынастың негізгі мәселесі адамды адам арқылы тәрбиелеу, жетілдіру іс-әрекеттері болып табылады. Осы айтылғандарға байланысты Әбу Насыр Әл-Фарабидің идеяларының қазіргі қоғамдағы өзектілігіне тоқталып өтуді жөн көрдік.

Әл-Фараби трактаттарында лидерлік мәселелер жан-жақты қарастырылған. Әл-Фарабидің философиялық ойларында:

- дүниенің мәңгілігі;
- танымның болмысқа тәуелділігі;
- жасапаз ақыл түсініктері шоғырланған.

Әл-Фараби жеке адамның ақылы әлемдік санамен ұштасса ғана дамиды, ал әлемдік сана – мәңгі деген тұжырым жасаған [2]. Қазақ ұлттық энциклопедияда сана – *жеке адам санасы және қоғамдық сана* болып екіге бөлінеді. Жеке адам санасы – өз болмысын, қоршаған ортасын түсіну, сезіну, ойлау, қабылдауы, ал сананың қоғамдық қырын әлеуметтік өмірдің жалпыазаматтық идеяларын айқындайтын құндылықтар құрайды – деп айтылған [3]. Сана мен қоғам бір-бірімен тығыз байланысты. Қоғам барда сана бар, ал сана бар да лидерлік бар. Себебі лидерліктің негізгі белгісі саналылық. Қоғамның барлық дәуірлерінде түрлі сипатта болған лидерлік жеке және қоғамдық сананың дамуымен бірге мәңгі жетіліп отыратын – феномен.

Әл-Фараби халықты әділетті қоғамға жеткізетін негізгі бағыт, ұрпақтан – ұрпаққа берілуге міндетті: мақсат, ақиқат, ізгілік, жақсы іс-әрекет, өзін-өзі тану, жан-дүние үндестігі, әдемілік, қайырымдылық, бақыт сияқты ұғымдардың философиялық мағаналарына «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», «Мемлекет қайраткерлерінің қанатты сөздері» және т.б. саяси-әлеуметтік трактаттарында кеңірек тоқталды.

Әл-Фараби оқыту мен тәрбиелеудің тұтастығына баса назар аударған. Білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан-дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқ. Жас ұрпаққа ғылым мен тәрбие бірге берілгенде ғана жан – дүниенің рухани дамуына қол жеткізуге болады. Өзінің мінез-құлқын, іс-әрекетін түзей алмаған адамның соңынан ерушілері де, қолдаушылары да болуы мүмкін еместігін айтқан. Лидердің ең негізгі белгісі оның соңынан ерушілерінің болуы. Білімді, алғыр, өнерлі, өз пікірін еркін жеткізе алатын, жауапкершілігі мол, бірақ жалқыз, соңынын адамдарды адамдарды ерте алмайтын, өнеге көрсете алмайтын лидер деп айта алмаймыз.

Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» еңбегі арқылы мейірімді тұрғындар мен кемел адам мәселесінің маңыздылығы мен мәнін береді. Трактатта «Басшы (лидер) болу үшін, өзінің соңынан басқалардыны ерту кез-келген адамның қолынан келе бермейді, ол үшін ерекше қасиеттер керек» деп басшының лидерлік ерекшелігін атап өтеді.

Адам ұмтылатын игі және нағыз кемелденген мақсатқа жету: рақат, қуаныш, ләззат, сұлулық, әдемілік, ең көрікті нәрселерді барынша тиянақты меңгеру. Оның қоғамдық құндылық болып табылатын адам өмірінің басқа тіршіліктің иелерінен айырмашылығы – *кемелдігі* деп атап көрсетеді.

Кемел адам – араб тіліндегі “*инсани камил*” – ақыл-ойы толысқан кісі деген мағана береді. Діни ілімде кемел адам – кісілікке жат қылықтардан әбден арылып тазарған, ішкі жан-дүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан адам. *Кемел адамның* әрбір іс-әрекеті ақиқат жолмен жүруге, игі істерге арналады [2].

Әл-Фараби философиясында *Кемел адам* – жол көрсетуші, үміттендіруші, үлгі беруші ретінде танылады.

Лидер және лидерлік мәселелерді зерттеу бойынша ғылыми еңбектерде, әр қоғамынның өмір сүру ерекшеліктеріне байланысты лидер – соңынан ерушілерге жол көрсетуші, ақылшы, ынталандырушы, мотивация беретін, бақытқа жетелейтін ерекше қасиеттері бар адам ретінде қабылданғаны туралы айтылады.

Сонымен қатар Ұлы ойшыл *бақыт* адамның өз-өзімен үйлесімді, жарасымды өмір сүруі үшін қажет деген тұжырым жасайды. Дүниеде бақытқа қол жеткізу мүмкіндігін пайымдай отыра, бақытты адамның қадір-қасиеттері және кемшіліктерімен байланыстыра қарастырады. Өзін – өзі бақытты санаған адам ғана, басқа адамды бақытқа жетелей алады.

Бақытты немесе бақытсыз болу адамның жеке мінез-құлық ерекшеліктеріне, ортаға бейімделу мүмкіндігіне, әр түлі жағдайларды қабылдауына және дұрыс жол таба білулеріне, сенімділік сезімдерінің деңгейіне байланысты болады.

Әдептануда *бақыт* мәселесімен шұғылданатын ілімді фелицитология (грек.т – *бақыт туралы ілім*) деп атайды [4].

Бақыт – адамның өмірдегі қызығы мен қуанышына, рахатына қанағаттану дәрежесін танытатын этикалық ұғым. Адам бақыт арқылы мағыналы, нәтижелі өмір сүргенде ғана қоршаған ортасына, қоғамға ризашылық сезімі оянады. Бақыт – адамның өзін-өзі тануы, толыққанды тұлғаға айналуы. Бақыт адамның болашаққа деген сенімін, арманын іске асыруда күнделікті іс-әрекетін табыстылықпен атқаратын эмоциялық көрінісі болып табылады. Демек адамның өзін бақытты сезінуі кез-келген адамдарда кездесе бермейтін лидерлік ерекшелігі. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбегінде лидерге тән қасиеттерді сипаттайды: «Басшы болу, өзінің соңынан басқаларды ерту кез-келген адамның қолынан келе бермейді, ол үшін ерекше қасиеттер керек». «Рақат, қуаныш пен ләззат асқан сұлу, ең әсем, ең көрікті нәрселер барынша тиянақты және кемелді нәрсе түрінде аңғару арқылы ғана толық дәрежесіне жетеді». Ол адам ұмтылатын ең игі және ең нағыз кемелденген мақсат болып табылады. «Бұл – адамның өзі үшін ізделіп отырған жақсылық, оған ешкім де, ешқашан да әлденеге қол жеткізу үшін ұмтылмайды және де бақыттың ар жағында адам қол жеткізе алмайтын ешнәрсе жоқ» [2]. Сонымен, шынымен бақытты адамдарға тән ерекшеліктерге тоқталсақ:

1. Бақытты адамдар өз өмірлеріндегі барлық жақсы нәрселерді бағалайды және олар жетіспейтін нәрсеге назар аудармайды.

2. Бақытты адамдар өздеріне ризашылық білдірмейді. Олар басқаларға ризашылық білдіріп, құшақтап немесе иықтарын сипап, оларды қаншалықты бағалайтындықтарын түсіндіреді.

3. Бақытты адамдар өткенді, жеңістерін де, жеңілістерін де оңай жібереді. Олар шынымен өмір сүрудің жалғыз сәті – бұл қазіргі сәт екенін түсінеді. Сондықтан олар болашақ туралы ойларға да енбейді.

4. Бақытты адамдар жылулық сыйлайды, олар қамқор, сыпайы, әрқашан көмектесуге дайын. Олар ашуланбайды немесе қызғанбайды. Олар қауесеттерге немесе шағымдарға уақытты ысырап етпейді.

5. Бақытты адамдар өздерінің қабілеттеріне шынайы (менмендік емес) сенімділікпен сипатталады. Сондықтан олар өмір жағдайларына толықтай дайын сезінеді.

6. Бақытты адамдар ағынмен жүре алады және қажет болған жағдайда өмірлік жағдайларға тез бейімделе алады. Олар өз қателіктерінен үйренеді [5]. Осы аталған бақытты адам ерекшеліктерін ғалымдар лидерлік сапаға жатқызады. Демек лидер бақытты адам және бақытты тасымалдаушы адам.

Әл-Фарабидің еңбегіндегі бақытты адамға берген сипаттамасынан тұлғаның бойындағы лидерлігін көруге болады.

Сонымен қатар Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» аты еңбегіне лидерліктің екі типін көрсетеді.

1. Нағыз бақытқа жеткізетін лидері бар білімді, жоғары моралдық норманы сақтауға бақыталған мемлекет. Мұндай басқарудағы мемлекет те, оның қалалары мен халқы да қайырымды болады.

2. Басқарушы адамының білімі төмен болса мемлекеттің де, қала тұрғындары да мәдениетсіз, білімсіз болады.

Әл-Фарабидің философиясынан өз мүдесінен бұрын халықтың, топтың немесе ұжымның мүддесін ойлайтын білімдар, тапқыр, мәдениеті жоғары, адами құндылықтар жүйесін меңгерген адам ғана толыққанды лидер деген атаққа ие болатынын білуге болады [6].

Қорта айтқанда қоғамдық құндылық болып табылатын адам өмірінің тіршіліктің басқа болмыстарынан айырмашылығы – бірегейлігінде, адамның кемелдігі де – біреу екендігін әл-Фараби өз еңбектерінде атап көрсетті. Өмірде кез-келген адамның бақытқа қол жеткізу мүмкіндігін пайымдай отыра, бақытты тек шынайы адамзатпен оның барлық дәрменсіздіктері, қадір-қасиеттері және кемшіліктерімен байланыстыра қарастырған.

Сіздің алдыңызда шынымен бақытты адам екенін қалай түсінуге болады?

Лидерлік – көне заманда да, қазіргі кезеңде де философ, тарихшы, педагог, психолог мамандардың шұғылданып келе жатқан өзекті мәселелерінің бірі. Себебі лидерлік қоғамның даму кезеңдерімен, мәдениетімен, салт-дәстүріне байланысты ерекшелінеді.

Қазіргі заманда лидерлік әлеуметтік феномен ретінде қоғам мен адам үшін этикалық-бағдарлық сипаттағы адамгершілік құндылықты көрсетеді. Бүгін лидерлік феномені бірлескен топтық іс-әрекет контекстінде, яғни топтың белгілі бір мүшесінің ұйымдастырушылық ерекше қабілетін көрсетуі және басқа мүшелеріне ықпал етуі тұрғысынан танылады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – 1 қыркүйек 2021 ж.
2. Әл – Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, Ғылым, 1972 – 430 б.
3. Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы/ Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: Қазақстан.Ұлттық энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005. – 728 бет.
4. Словарь психолога-практика / Сост. С.Ю. Головин. – 2-е изд. перераб. И доп. –Минск: Харвест, 2005. – 975с.
5. Rachel Fintzy Woods – 26 Characteristics of Truly Happy People, February 2019
6. Алимбекова А.А. Жумашева Т.С. Педагогикалық үдерістегі лидерлік. Дәрістер жинағы. – Алматы, 2018 – 145 б.

ҒТАХР: 78.15.02

Г.А. Альшимбаева, Ж.М. Нагуманова, З.Р. Бурнаев

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы
Ұлттық қорғаныс университеті, Қазақстан, Астана қ., ruslanova0102@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

«Біздің ата-бабаларымыз өз Отанының қауіпсіздігін ойлады және бұл оларға көптеген ғасырлар бойы басқыншылардың үздіксіз шапқыншылығы жағдайында Қазақстанның кең байтақ аумағын сәтті қорғауға көмектесті, қазақтар талай рет өлім аузында болды. Бірақ өмір сүруге деген құлшыныс, азаттық рухы халықты қайта-қайта тізе бүктірді, бүгінде әскер қазақ халқының бейбіт еңбегін қорғап, Отанның күзетінде лайықты тұр» [1]. Осы жолдарды оқи отырып, ғасырлар қойнауына үңілсек, ата-бабаларымыздың ерлігіне ризашылық пен мақтаныш сезімі пайда болады.

Сондықтан, көптен бері мемлекет қауіпсіздігін сөз еткенде, ең алдымен, әскери қауіпсіздікті, одан кейін экономикалық, азық-түлік, энергетикалық қауіпсіздікті жиі еске алғанымыз әділетті. Заманауи жаһандану процестері бүгінгі күні ақпараттық және киберқауіпсіздік мәселелерін өзекті етті. Бірақ бұл проблемалар мен қайшылықтардың шиеленісінде ұлттық қауіпсіздіктің педагогикалық қауіпсіздік сияқты аспектісі әлі де аз зерттелген (егер байқалмаса).

Қазақта «болам десең бесігіңді түзе» деген тамаша мақал бар. Яғни, қазақ халқының «иммундық жүйесі» ретінде өзін-өзі танудың негіздерін сақтай отырып, халықтың тұтастығы, оның

«үлкен әлемге» кірігуінің табысты болуы, мемлекеттіліктің нығаюы көп жағдайда оның мазмұнына байланысты. бүгін таңдалған білім.

Бұл мүлде «білімнің ескіруі» үдерісін жеделдету мәселесін өзекті ету және кәсіби дайындықтың жаңашылдық деңгейін көтеру туралы емес, сонымен бірге бұл білімнің идеялық негізі – білім беру ортасының педагогикалық қауіпсіздігі туралы.

Қарқынды өзгертін әлемде, тұрақсыз геосаяси жағдай жағдайында білім беру саласындағы қауіпсіздікке әсер ететін «білім беру қауіпсіздігі» және «педагогикалық қауіпсіздік» сияқты категориялардың ғылыми айналымда пайда болуы қоғамдық дамудың табиғи бағытымен байланысты [2].

Білім беру ортасының қауіпсіздігі – адам әрекетінің, тәрбиелеудің, оқытудың және дамытудың тиімді процесін ұйымдастыру үшін қажетті шарт. Қауіпсіздікті бұзу қоршаған шындықта өмір сүруді ұйымдастыруға бағытталған механизмдердің өзекті болуына әкеледі, мысалы, бағдарлау рефлексін күшейту, алаңдаушылықты, агрессивтілікті арттыру, өзін қорғауға дайын болу және істің, елдің мүддесін қорғау емес.

Қазақстандық патриотизмді әрбір азаматтың еліміздің тағдыры мен болашағы үшін саналы жауапкершілігі ретінде тұрақты түсініп келе жатқанына қарамастан, білім беру жүйесіндегі, оның ішінде әскери білім берудегі заманауи үдерістер де маңызды рөл атқаратынын есте ұстаған жөн. болашақ әскери мамандарды дайындауға екіұшты әсер етті.

«Педагогикалық сипаттағы қауіп» ұғымының мәні туралы айта отырып, оның білім беру жүйесіне кері әсер етуден тұратынын, олардың дамуына регрессивті сипат беретінін атап өткен жөн.

Педагогикалық сипаттағы ең жарқын қауіптердің мысалдары:

– жеке алынған білім беру жүйелері мен мемлекеттің білім беру жүйесін дамытудың жалған мақсаттарын қалыптастыру;

– білім беруді дамытудағы инновациялық тәсілдерден толық бас тарту;

– оқыту және тәрбиелеу үдерісіне толық зерттелмеген инновацияларды енгізу;

– басқа білім беру жүйелерінен педагогикалық технологиялардың жүзеге асырылмайтын, негізсіз жобаларына талданбаған әуестену;

– білім беру үдерісіне қойылатын нормативтік-құқықтық талаптардың жиі ауысуы;

– педагогикаға қарсы (педагогикалық ғылымның іргетасын бұза алатын) әдістерді, оқыту (тәрбиелеу) нысандары мен тәсілдерін қолдану;

– пәндік материал мен Болашақ қызмет объектісінің мазмұнын дәл емес, кейде жалған ұсыну [3].

Білім беру ортасының педагогикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар жүйесінде "жақсы және жаман" деп аталатын нақты өлшемдері бар азаматтарды идеологиялық тәрбиелеу жөніндегі іс-шаралар болуы тиіс деп ойлаймыз. Қауіпсіздік қатері-жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделеріне қауіп төндіретін жағдайлар мен факторлардың жиынтығы тек әскери қауіптерді ғана емес, сонымен қатар білім беру мекемесінің жұмыс істеу саласындағы әлеуметтік және гуманитарлық қауіптерді де қамтиды. Бұл қауіп-қатерлерге әр түрлі жастар субмәдениеттерінің теріс әсерінен бастап, қауіпсіз мінез-құлық туралы білім мен дағдылардың жеткіліксіздігінен бастап, қажетті құқықтық, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық ақпараттың болмауына дейінгі бірқатар жағымсыз құбылыстар кіруі мүмкін.

Қазіргі заманғы мұғалімнің кәсібилігі тек жоғары білікті мұғалімнің сапасын, жеке моральдық-психологиялық дайындығын ғана емес, сонымен қатар білім беру процесінің жетекшісі мен ұйымдастырушысының сапасын, оның ішінде мемлекеттің дамуы мүддесінде оқушылардың танымдық қызметін жандандыруды білуі керек. Бірте-бірте жинақталып, бифуркацияның белгілі бір нүктесінде қажетсіз синергетикалық әсер бере алатын «кішкентай» педагогикалық қауіптерді тану.

Ақпараттық бюллетеннің осы тақырыптық нөмірі аясында біз «Fasestabhostedoceri» – «жаулардан үйренуге болады» деген қанатты сөзді келтіреміз. Әрине, жаулардан үйренуге болады, бірақ дұшпандар бізге үйрететін жағдайға жол бермеу керек. Біздің мүдделерімізді көрсететін, мақсаттарымызға жауап беретін, ұзақ мерзімді перспективада біздің әлеуметтік-мәдени және өркениеттік бірегейлігімізді сақтайтын жеке оқыту мен тәрбиелеу жүйесін дамыту маңызды. Сондықтан оқу орындарының миссиясы білікті мамандарды даярлау шеңберінен шығып, ол азаматтық белсенді тұлғаны тәрбиелеуге, сана-сезімнің айла-шарғыларына төзімді болуға бағытталуы керек. Қазіргі және болашақтағы ақпараттық соғыстарда өндіріс құралдарын бақылау үшін емес, ақпарат құралдарын бақылау үшін емес, ақпарат құралдары арқылы – адамдардың жаны үшін күрес жүреді.

Мақала авторларының әскери-педагогикалық іс – әрекетінің көпжылдық тәжірибесі қызықты ғылыми емес бақылау жүргізуге мүмкіндік берді-студенттер мен курсанттардың девиантты мінез-құлқының көріністерімен үнемі күресуіміз, оларда он бес-жиырма жылға толеранттылықты тәрбиелеумен қатар, бір жағынан жалпы тәртіпті және формалды мінез-құлықты арттыруға әкелді (ережелер мен нұсқауларды орындауға дайын), ал екінші жағынан – олар таза еркектік мінез-құлық белгілерін (кейбір, жақсы мағынада, табиғи агрессия, батылдық, тез стандартты емес шешімдер қабылдау қабілеті) жояды.

Бұл оларды бейбіт уақытта сынып-сабақ жүйесі жағдайында басқаруды ыңғайлы етеді, бірақ біздің азаматтарымыздың санасын басқаруға үміттенетін күштер күшейген кезде, ерекше кезеңде немесе одан да көп уақыт бұрын бізбен қатал әзіл ойнай алады. Ф.М. Достоевский «ұлы инквизитордың» аузына салғандай, «ар-ұжданы бар және олардың нандары бар адамдарды кім иемденуі керек».

Педагогикалық қауіпсіздік мақсатында жоғары оқу орындары жас ұрпақты жоғары адамгершілік қағидаттарға, демократия мәдениетіне, патриоттық жауапкершілік сезіміне тәрбиелеуде ғана емес, сондай-ақ сананы манипуляциялаудың бар болуы белгісі бойынша ақпаратты тануға мүмкіндік беретін бақылаушы зияткерлік құралдар жиынтығымен қаруландыруға тиіс.

Оқыту ғылыми теориялар жүйесінің, әскери мамандарды даярлау туралы ережелердің, біртұтас педагогикалық процесс теориясының өзара байланысты құрылымдық элементтерімен сабақтастығы мен дамуына негізделуі керек: теорияның объектісі мен пәні, мақсаты мен шешілетін міндеттері, функциялары мен тұжырымдамалық идеялары, негізгі категориялары, терминдері мен түсініктері. Оқытудың синергетикалық табиғатын студенттердің әскери-кәсіби қасиеттерін дамытудың өзін-өзі ұйымдастыруында көрінетін қызмет түрі ретінде түсіну маңызды. Әскери-педагогикалық процестің барлық деңгейлерінде әскери оқыту мен тәрбие тиімділігінің міндетті шарты оның әдіснамасы мен жүйеленуі болып табылады [4].

Мұндай жұмыстардың маңызды факторы ретінде жастарға білім, білік пен дағды мен дағдының маңыздылығын түсіндіру, сонымен қатар сабақтастық қажеттілігін түсінуге бағытталған жүйелі жұмыс деп санауға болады. Патриоттық тәрбиенің маңыздылығын, тарихқа және оны жасағандарға (тарихқа) деген көзқарасты жүйелі түрде көрсету оқу материалын сапалы зерделеуге ықпал етеді. Бұл бір жағынан.

Ал екінші жағынан, болашақ әскери мамандардың кәсіби мотивациясы артып келеді, өйткені оны практикалық тұрғыда қолдану қарастырылуда. Өткенді зерттеу болашақ сабақтарды тұжырымдау кезінде себеп-салдар мен ұқсастықтарды анықтау үшін маңызды [5].

Қазақстандық қоғамның өркениеттік негізін, оның полиэтносты, поликонфессиялы, полимәдениетті және сонымен бірге біртұтас мемлекет ретінде өзін-өзі сәйкестендіруін орнықты күйде ұстап тұруға мүмкіндік беретін, басқарылатын жүйеге әлеуметтік-психологиялық ықпал етудің осындай әдістерін әзірлеу маңызды.

Оқу бағдарламаларын әзірлеу мақсаттары қызмет объектісіне сәйкес болуы керек сияқты. Мақсат өздігінен пайда болған кезде, мақсат құралдармен ауыстырылған кезде және мақсаттар араласқан кезде мақсат қоюдың әдеттегі қателіктерінен аулақ болу керек. Әскери мамандарды даярлау міндетін дербес қызметінің алғашқы күндерінен бастап жастар өзгеріп отыратын білім беру ортасын ескере отырып, бағынысты ұжымды оқыту мен тәрбиелеуді кәсіби түрде жүзеге асыруға дайын болатындай етіп шешу маңызды.

Кәсіби даярлау саласындағы танымал маман, педагогика ғылымдарының докторы Н.Д. Хмель: «кәсіби даярлау процесінде нәтижелері болашақ маманды міндеттер шеңберіне сәйкес қажетті әлеуетпен жабдықтайтын міндеттер шешілуі тиіс» [6] деп атап өтті. Сондықтан, алынған мамандыққа қарамастан, болашақ мамандарды практикалық даярлау тұрғысынан бағдарламалардың мазмұны оның «адам-адам» жүйесінің әртүрлі ішкі жүйелеріндегі қызметінің ерекшелігін көрсетуі және мыналарды қамтуы керек:

- дүниетанымдық (тарих және философия);
- педагогикалық бөлімдер;
- сананың манипуляциясын тануға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық құралдар.

Тек осылай ғана біз білім берудегі педагогикалық қатерлерді барынша азайтып, жетілдіру мақсатында педагогикалық қауіпсіздіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ете аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.А. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 283 б.
2. Алехин И.А. Педагогическая идентификация рисков информационной безопасности обучающихся // Мир образования. М., № 11, – 2014. – С.161-168.
3. Чесноков Н.А. Место и роль педагогической безопасности образовательных систем государства // Социология образования. – М., 2007. – С. 32-44.
4. Харламов И.Ф. Педагогика: учебное пособие – М.: Гардарики, 2007. – 250 с.
5. Попов И.М., Хамзатов М.М. Война будущего: концептуальные основы и практические выводы. М.:Кучково поле, – 2017. – 832 с.
6. Хмель Н.Д. Теория и технология целостного педагогического процесса. – Алматы, 2002. – 342 с.

ҒТАХР: 78.15.02

Ш.Т. Алипиева, Ж.К. Мусурманова

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 жалпы орта білім беретін мектеп,
Қазақстан, Семей қаласы, sholpan19791979@mail.ru, mussurmanova@mail.ru

АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Білім – қазіргі өркениетті қоғамның негізгі элементтерінің бірі. 20 ғасырда Қазақстанда халыққа білім берудің дамыған жүйесі қалыптасты. Алайда, 20-шы ғасырдың соңы – 21-ші ғасырдың басында мемлекет білім беру жүйесінің дамуына елеулі және жиі теріс әсер еткен бірқатар саяси, демографиялық, әлеуметтік және экономикалық проблемаларға тап болды.

Осы кезеңде жүргізілген нарықтық қайта құрулар білім беру жүйесінде бірқатар келеңсіз тенденциялардың дамуына әкелді: қоғамдағы білім рөлінің төмендеуі, білім беру инфрақұрылымының бұзылуы, жалпы білім беру мекемелерінің санының азаюы. Мұғалімнің әлеуметтік мәртебесі мен оның жалақысының төмендігінен мұғалім беделінің айтарлықтай төмендеуі байқалды, бұл педагогикалық кадрлардың көп ауысуы мен қартаюы проблемаларына, жоғары кәсіби білімі бар жас мамандар ағынының азаюына әкелді. Білім беру саласында бұл оқушылардың сандық төмендеуіне әкеліп соқты, сонымен қатар білікті мамандар – мұғалімдер мен тәрбиешілер тапшылығын туғызды.

Соңғы жылдары білім беру саласын дамытудағы жағдай жақсы жаққа өзгере бастағанын айта кеткен жөн. Білім беру саласын қаржыландыруға көбірек мемлекеттік инвестицияларды бөле бастады. Қазақстанның көптеген өңірлерінде оқу орындарын жөндеу, қайта құру және салу жұмыстары жоғары қарқынмен жүргізілуде. Ауылдық жерлерде білім беруді дамытуға үлкен ынталандыру ұлттық басым жобалардың жүзеге асырылуы болды. Осы жобалар аясында Қазақстанда отандық білім берудің озық үлгілерін қолдау және дамыту, үздік педагогтарды ынталандыру және дарынды жастарды қолдау, заманауи білім беру технологияларын (компьютерлендіру, интернетке қосу және т.б.) енгізу, еліміздегі тәрбие жұмысының деңгейін арттыру бойынша шаралар қабылдануда. мектептерге, мектеп автобустарын сатып алуға және мектептерді оқу және көрнекі құралдармен және жабдықтармен жабдықтау.

Білім беру жүйесінде маңызды орынды ауылдық жерлерде білім беруді дамыту алады. Ауыл мектебінің қазіргі жағдайы мыналармен анықталады:

➤ оқушының жеке тұлғасын дамыту үшін ауыл мектебінің жұмыс жүйесі тікелей байланысты болатын халықтың орналасуы мен әлеуметтік-экономикалық өмір сүру жағдайлары (орталықтан шалғайлығы, жол-көлік қатынасымен қамтамасыз етілуі және т.б.);

➤ ауылдық мектептің ауыл тұрғындарының өмір сүру ортасын жақсарту, оларға мәдени-ағарту қызметтерін көрсету бойынша арнаулы әлеуметтік-педагогикалық функцияларды орындауы. Мектеп ауылдағы балаларға арналған білім ордасы ғана емес, сонымен қатар мәдени өмірдің орталығы, көбінесе жас ұрпақты тәрбиелеудің бірден-бір орталығы.

Бұл жағдай ауылдық жерлерде білім беру мекемелерінің дамыған желісін ұйымдастыруды қажет етеді. Алайда, ауылдық мектептерді сақтау мәселесі ерекше әлеуметтік маңызға ие, өйткені олар кейбір жағдайларда шағын ауылдар мен қалалардың өмір сүруінің айқындаушы факторы болып табылады, ал олардың болуы ауылдық жерлердегі әлеуметтік шиеленіс деңгейін төмендетеді. 1990 жылдан бастап ауылымызда мектепке дейінгі балалар мекемелерінің санының тұрақты төмендеу тенденциясы байқалуда. 90-жылдары қираған жалғыз балабақша қалпына келтірілмеген. Мектеп

жасына дейінгі балаларға арналған жаңа шағын орталық ашу жоспарлануда, бірақ ол соған бейімделген бөлмеде ашылады. Студенттер контингентінің сандық азаюының тұрақты үрдісі байқалады; Жоғары оқу орнын бітірген жас мұғалімдер ауыл үлгісіндегі мектептерде жұмыс істегісі келмейді. Бұқаралық кітапханалар саны азайды. Егер бұрын ауылда қалалық кітапхананың филиалы жұмыс істесе, соңғы 15 жылда тек мектеп кітапханасы ғана білім ошағы болып қала берді. Оның үстіне мектеп кітапханасының өзінде кітапхана қоры (оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды есептегенде) мұғалімдер мен мектеп оқушылары әкелген кітаптармен не толықтырылмайды, не толықтырылады. Ауыл мектептерінің барлық кітапханаларын компьютерлендіру, мектеп кітапханаларын оқу дискілерімен және арнайы оқу бағдарламаларымен жабдықтау қажет, сонда ауыл мектептеріндегі оқушылар классикалық әдебиетті ғана емес, сонымен қатар қазіргі әлем әдебиетін оқуға да қосыла алады. Бұл әсіресе маңызды, өйткені Соңғы уақытта кітапхананың қоғамдағы рөлін түсінуге жаңа көзқарас қалыптасты. Егер бұрын кітапханалар ең алдымен мемлекеттік құндылықтарды сақтауға бағытталған идеологиялық мекеме ретінде қарастырылса, қазір кітапханалар жеке мүдделердің кең ауқымына бағытталуда. Қабылданған бірқатар нормативтік құжаттарда ауыл мектептерін қолдау және қайта құрылымдау бойынша арнайы шаралар қарастырылған. Ауылдық жерлерде білім алудың жалпыға бірдей қолжетімділігі қағидатын іске асыру, экономикалық және әлеуметтік талаптарға сәйкес білім сапасын арттыру, мектеп түлектерінің жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуін қамтамасыз ету, білім беру ұйымдарына түсу кезінде олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында, келесі шараларды қабылдау қажет:

- ауылдық жерлерде білім беру мекемелерінің желісін дамыту;
- ауылдық жерлерде мектепке дейінгі, қосымша, бастауыш кәсіптік білім берудің икемді нысандарын құру, студенттерді жоғары оқу орнына дейінгі даярлау орталықтарын дамыту;
- оқу орындарының білікті кадрларға қажеттілігін неғұрлым толық қанағаттандыру.

Білім беруді жаңғырту жағдайында ауылдық білім берудің ерекше әлеуметтік функциясын ескере отырып, ауылдағы жалпы білім беру мекемелерінің қолданыстағы желісін оңтайландыру және қайта құрылымдау қажет. Осыған орай, менің ойымша, жалпы білім беретін ауылдық мектепті, кітапхананы, фельдшерлік пунктті, қосымша білім беру мекемесін, мәдениет үйін біріктіретін жалпы білім беретін оқу орындарының негізінде мәдени-ағарту орталықтарын құру қажет.

Білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету саласындағы ең перспективалы бағыт – оқыту үдерісіне заманауи технологияларды және ең алдымен компьютерлік технологияларды енгізу. Оларды қолдану шалғай және жету қиын аудандарда тұратын балаларға барлық ақпараттық ресурстарды толық пайдалануға, тәжірибелі мұғалімдерден кеңес алуға, олардың сабақтарына виртуалды және интерактивті қатысуға мүмкіндік беретін Интернетті пайдалана отырып, қашықтықтан білім беру жүйесін дамытуға мүмкіндік береді. Өңірлерде жүргізіліп жатқан білім беру желісін оңтайландыру балалардың білім беру қызметтеріне тең қол жеткізуіне, ауылдық жерлерде тұратын мектеп оқушыларының барынша дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасауға мүмкіндік береді. Сапалы жалпы білім берудің қолжетімділігі мәселесін шешу үшін мектептен шалғайда тұратын мектеп оқушыларын оқу орнына мектеп автобусымен жеткізу туралы шешім қабылданды, яғни. мемлекет мектеп оқушыларына оқу орнына дейін және мектептен үйге қайтуға кепілдік берілген тегін жол жүруді қамтамасыз етті. Идея керемет, бірақ... Бұл автобус қандай жолдармен жүреді? Өте жиі – асфальтталмаған, шұңқырлар мен шұңқырлармен. Мектептерге бөлінген автобустардың барлығы ыңғайлы және барлық қауіпсіздік талаптарына сай болғанымен, балалар мектепке бара жатқанда, олар жолда шаршайды. Қазіргі кезеңде ауылдық білім беру саласында ауылдық отбасының балалардың сапалы жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда олардың әрі қарай кәсіби және жеке дамуын қамтамасыз ете алатын қолжетімді және білікті білім алуға мүдделілігі арасындағы проблемалық жағдай қалыптасты. ауыл оқушыларының сапалы білім алудағы бәсекеге қабілетті нақты мүмкіндіктерінің ұдайы төмендеуі; ауыл мектептерінің, олардың мұғалімдері мен мектеп оқушыларының күштеп ақпараттық оқшаулануының күшеюі және ауылдық білім беруді дамыту үшін ақпараттық арналардың қолжетімділігіне ауыл мектептерінің қажеттілігінің артуы; ауыл қоғамының өтпелі кезеңнің қиын жағдайында және ұзақ мерзімді келеңсіз әлеуметтік салдарларында ауыл отбасыларының әлеуметтік бейімделуіне және өмір сүруіне ықпал ете отырып, өзінің бастапқы әлеуметтік-мәдени ортасын, қауымдық ынтымақты және мәдени-рухани алмасуды сақтау қажеттілігі. ауылдағы мәдени-ағарту кеңістігінің деформациясы, ауылдық мектептердің, мәдениет үйлерінің, кітапханалардың, мектепке дейінгі мекемелердің жабылуы. Ауылдық ортаның кеңістіктік шектелуі, мінез-құлық, адамгершілік және мәдени үлгілердің тарлығы мен монотондылығы шектеулі қарым-қатынас шеңберімен байланысты психологиялық қанықтылық деңгейінің жоғарылауына ықпал етеді; мәдени дамудың, коммуникативті дағдылардың, сөйлеу

мәдениетінің және жалпы білімнің баяу қарқыны; кіші оқушы қалалық оқушыға қарағанда ана тілінің сөйлеу дағдыларын меңгеруде баяу. Сөздіктің кедейлігі қоршаған ортаның стимулдарының кедейлігінен, әдеби эсерлердің әлсіздігінен, оқырман қызығушылығының жоқтығынан. Ауыл ортасының біркелкілігі статикалық зейіннің дамуына ықпал етеді, мінез-құлықтың статикалық түрі, ол баяу жаңа тітіркендіргіштерге ауысады, бірақ жалпы тұрақтылыққа ие. Зейін салыстырмалы түрде пассивті. Баланың еңбек өміріне ерте араласуы, бір жағынан, практикалық нәтиже үшін құндылық-мақсатты орнатуды қалыптастырады, ал екінші жағынан, ол жұмыс істеуге ықпал ететін бірқатар басқа функциялардың басылуы мен әлсіреуі есебінен жүзеге асады. оның ерте дамуына (ойын белсенділігі, көркем шығармашылық, интеллектуалдық жұмыс, дене шынықтыру). Баланың алдында үлкендердің үнемі болуы ауыл балаларының үлкендердің қарапайым еңбек дағдыларын ғана емес, сонымен қатар үлкендердің мінез-құлық нормаларын, үлкендердің адамгершілік құндылықтарын тез меңгеруіне ықпал етеді. Ересектердегі ассоциативті мінез-құлық еліктеу үшін күшті ынталандыру қызметін атқарады. Табиғатпен жақын танысу ауыл оқушысының табиғат құбылыстары мен жануарлар әлемі туралы пәндік ой-пікірлерінің мол қорының болуына, байқағыштығына, зейінінің тұрақтылығына, ойлаудың ерекше сипатына (талдау, логикалық ойлаудың дамымауы) мүмкіндік береді. Баланың жанды, жанды бейнелеуінің ерекше белгісі – көрнекілік, объективтілік (қалалық балаға неғұрлым айқын вербалдылық, салыстырмалы түрде аз көріну тән). Ауыл оқушыларының абстрактілі, дерексіз ұғымдарды қабылдаудағы қиындықтары да осында жатса керек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. – Алматы, РБК,1995. – 54-55 б.
2. Нағымжанова Қ.М. Оқу процесінде инновациялық іс-әрекеті. – Өскемен: Медиа Альянс, 2004.
3. Бұзаубақова К. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру – міндет // Қазақстан мектебі. – № 9-10. 2005. – 25-26 б.

ҒТАХР: 14.25.09

К.О. Аргынов¹, Г.С. Сапарова²

¹Семей қаласының № 7 ЖОББ мектеп-лицейі, argynov_kazbek@mail.ru

²Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТИВАЦИЯСЫН АРТТЫРУДА ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ПАЙДАЛАНУДАҒЫ ҰСТАЗДЫҢ РӨЛІ

Оқытудағы мотивацияның рөлі аса маңызды кезең, ия кезең деп отырғанымыз онсыз оқуға деген құштарлық оянбайды, бұл күрделі мәселені шешудің жолдары көп сондықтан оны жан жақты қарастыру керек. Құштарлықты ояту үшін көптеген қадамдар жасау керек және бұл бірден пайда болмайды, олай болса қандай қадамдар жасалған дұрыс боларына тоқтала кетейк. WARBLETONCOUNCIL – ақпараттық вебсайтында кітап оқуға деген 11 ынталандыратын кілттерді ұсынады.

Сізді ынталандыратын кілттер

Оқуға деген ынтаны арттырудың бірнеше жолы:

1. Үзілістер жасаңыз
2. Ұзақ мерзімді мақсаттар туралы ойланыңыз
3. Өз көзқарасыңызды өзгертіңіз
4. Сыйақыларды қолданыңыз
5. Оқу сабағын жоспарлау
6. Кітапханаға барыңыз
7. Басқа нәрсені алаңдататын жағдайлардан аулақ болыңыз
8. Алдымен бәрін қиындатыңыз
9. Музыка тыңдаңыз
10. Стресті қабылдаңыз
11. Мұны біртіндеп жасаңыз

Кітап ақпараттық көздің ең танымал тұры, мектеп қабырғасында оқушы ең алдымен осы оқу құралының көмегімен ызденісін бастайды. Алайда үй тапсырмасын орындау барысында оқушыға жоқ дегенде базалық жағдай жасалуы тиіс, бұл жағдайлар жоғарыда көрсетілген.

Әрине, ұстаздың да рөлі бұл мәселеде айтарлықтай үлкен. Ұстаз сыныпта білім алушылардың қызығушылықтары әр түрлі екенін біліп, оқыту үдерісін

бағыттап, әр оқушыға скафолдинг (қолдау) көрсету керек.

Мұғалімдердің рөлі қандай?

Топтық жұмысты мұғалімдер ұйымдастыруы және оған қолдау көрсетуі тиіс, сондай-ақ тапсырманы орындағаннан кейін оны талқылауға уақыт бөлу керек. Мұғалімдер топтардың тиімді жұмысына қолдау көрсетіп, жағымды нәтижелерге қол жеткізуге ықпал ету керек.

Сыныппен жұмысқа, неге қол жеткізілетіндігі, және нені білу жоспарланатындығы, және бүкіл сыныпты оқыту топтардағы жұмыс тапсырмаларымен Рқалай байланысты болатындығы кіреді. Талқылау барысында оқушыларға олар пайдалануы тиіс дағдылар, стратегиялар мен ережелер туралы естеріне түсіру керек.

Мұғалім өте шетін араласу керек және оқушыларға ұсынылатын практиканы модельдеуі тиіс. Топтың бірлескен жұмысын қамтамасыз ету үшін, бастапқы кезеңдерде мұғалім тарапынан көбірек қолдау қажет болады. Сабақ біткеннен кейін мұғалім оқушыларды топ жұмысының процесі мен оның нәтижелері туралы ойлануға ынталандыру керек.

Табысты топтық жұмыс үшін белгіленген тапсырмалар мен әрекеттер, топтардағы тиімді жұмысты ынталандыру үшін, стратегиялық түрде құрылып, оқуды, ой мен жоғары деңгейде түсінуді дамыту үшін қолданылуы керек [65].

Халық аралық ғылыми басылымда жарияланған кей мәліметтерді қарастыра кетсе Journal for Educators, Teachers and Trainers, Vol. 12 (2) Saparova G.S., Saltanova G., Tanirbergenova A.S., Sabirova Z., Yessekenova A.A., Bazarbayeva K.K., Yegizbayeva S.A., Makasheva N.O., Bainazarova T. (2021). Collective Learning Method. Journal for Educators, Teachers and Trainers, Vol. 12(2). 95-100.

Мектеп, жылдам дамып келе жатқан қоғамның ілесе алмай келе жатыр. Білікті маман ретінде шындалмағандықтан ұстаздың мәртебесі төмендеуі осыған байланысты болуы мүмкін. Осыдан кейін тәртіппен үлгерім нашарлайды, сондықтан дәстүрлі көзқарасты өзгерту керек.

Педагогтың басты назарда ұстайтын қағидаларына тоқтала кетейк.

Мұғалім сабақты қалай бастауы сәтіне тікелей байланысты. Педагог алдында отырған білім алушылардың мативациялық деңгейі әр түрлі, сондықтан жаңа тақырыпты бастамас бұрын қызықты ақпараттан бастаған жөн. Жаңа тақырыпты жан жақты ашам деп уақытты көп кетіріп алмау керек, уақыт шектеулі, және де бір жаңалықтың төңірегінде айналып қалу оқушыларды жалықтырып жіберуі мүмкін.

Мұғалім, сабақтың интербелсенді болуы үшін оқушылардың ойының бөлінбеуінің алдын алады. Тақырып алдын ала педагогтің ой елегінен өткенде әр қадамын жоспарлап алады, бұл сабақта хронометражды сақтай отырып, тақырыптың кезекті бөлігіне аса мұқияттылықпен өтуіне көмектеседі.

Мұғалім сабақ барысында ғана емес сонымен қатар сабақ аяқталғанда да білім алушылардың қызығушылығын төмендетіп алмауы керек. Жаңа тақырыпты аяқтап, бекіту сұрақтары қойылып, рефлексия алынып болған соң үй тапсырмасын беру формасына мән беру қажет. Үй тапсырмасын ұйымдастыру кезінде ұстаз әр оқушының деңгейіне қарап тапсырмаларды олардың когнитивтік дағдысының деңгейін ескеруі керек.

Білім алушы үйіне барғансоң өздігінен ізденіс жасауы керек. Жай ғана параграфтың номері мен кітаптың бетін тақтаға жазып қою аздық етеді. Мысалы бір ситуациялық жағдай туғызып, сол кезде оқушы қандай әрекет жасау шеді немесе қандай шешімі болуы мүмкін деген сұрақтарға жауап іздеуі керек. Оларға кейс тапсырмалары, жағдаяттық тапсырма, эссе және т.б. шығармашылық тапсырмалар болуы мүмкін. Осындай әрекеттер білім алушының ақпараттың сауаттылығын ізденіс барысында қалыптастырады.

Оқушы білім алу үдерісі кезінде үнемі ағында болуы керек. Егер оқушының когнитивтік дағдысы төмен болып, ал тапсырма күрделі болып, оның деңгейіне сай болмаса, оқушы күйзелістік немесе қорқыныш аймағына түседі. Егер когнитивтік дағдысы жоғары оқушыға жеңіл тапсырма берілсе ол зерігу аймағына түсері анық. Екі жағдайда да білім алуға деген ынталары төмендеп, ұстаз да қойылған мақсатқа жете алмайды. Мұғалім оқуға деген ынтаны үнемі жоғарылатып отыру үшін берілетін тапсырмаларды сараптап отыруы қажет.

Ғаламторда ақпараттың бәрі бірдей қажет бола бермейді сондықтан оқушы ақпараттық тұрғыда сауатты болуы аса маңызды. Мұғалім оқушыларды сыртқы ақпараттарды сараптап, сын тұрғыдан қабылдай білуге үйретуі керек. Сын тұрғысынан ойлау оқушылардың бойындағы аса

маңызды қасиет болып табылатыны сөзсіз. Ұстаз жай ғана білімі мен бөліскені, оқушыны төменгі когнитивті деңгейде ұстайды, сондықтан сыртқы заттар мен үдерістерді талдай алу, теориялық білімді қабылдай алуын қалыптастыруы маңызды.

Сабақ өз алдына біркелкі өтпеу үшін әртүрлі тәсілдер қолданған жөн. Мысалы: топтық жұмыстар, постер қорғау, таратпа материалдар, схемалар, сурет арқылы жұмыс, тест, ашық және жабық сұрақтар бұл жағдайда оқушының шығармашылық бостандығына аса көңіл бөлген дұрыс деп санаймын. Кітаппен жұмыс жасауды да ұмытпау керек онда да әр түрлі деңгейлік тапсырмалар бар. Деңгейлік тапсырмаларды оқушылардың немесе сыныптың қабылетіне қарай берген жөн.

Топтық жұмыс барысында белсенді әдіс формалары негізгі рөл атқарады. Осы арада Чиксентмихайидың «ағын» теориясын айта кетейік.

Оқушы білімді қандай формада жеңіл қабылдайтынын ескерген жөн. Жаңа тақырыпты бастамас бұрыс ұстаз оқушылардың алғашқы түсінігін біліп алуы керек, бастапқы білім жаңа материалды игеру үшін бастау болып табылатынын көрсетті. Егер білім игеруді бастау нүктесі қолайсыз тандалынып алынса, онда тіпті ең жақсы оқушылардың өздеріне де алған білімдерін есте сақтау қиындық тудырады.

Әрине белсенді түрде білім беру айтқанға оңай, ол үшін мұғалім сабақтарында оқушыларының бойына белгілі дағдылары қалыптастыруы тиіс. Мұғалім оқушыларда Чиксентмихайи (2008) «өзіндік мақсат» деп атайтын (11 сурет) және Райан мен Деки (2009) «ішкі уәж» деп атайтын қасиеттердің болуына жағдай жасауға тырысуға тиіс. Басқаша айтқанда, оқушылар өзін өзі ынталандыра алады және осыған орай, оларда ұмтылыс пен қызығушылық пайда болады. Бұл жерде оқушы жазалауға ұшырамас үшін емес ішкі түрткі, қызығушылығы негіз болады. Осындай жағдайларды ескеретін болса оқушы өзі үшін білім алуы алдағы уақытта тез ұмытып қалмауының алдын алады, бұл білім беру сапасына оңтайлы және ұтымды әсерін тигізетіні сөзсіз.

Ал енді Выготскидің айтуы бойынша, жақын арадағы даму аймағы (ЖАДА) – оқушының өз бетінше шешкен міндеттердің көмегімен анықталған өзекті даму деңгейі мен үлкендердің басшылығымен және анағұрлым қабілетті жолдастарымен бірігіп шешілген міндеттер арқылы анықталатын болжамды даму деңгейі арасындағы қашықтық. Жетелей білім беру Выготскидің пікірінше когнитивтік дағдысы төмен неме орташа оқушыларды уақыт өте келе ішкі қор ретінде қадыптасып, сыртқы әлеуметтік ортада ойлау және сөйлеу дағдысы қалыптасады (4).

Бірақ біздің байқауымыз бойынша, топтық жұмысты бақылау кезінде тақырыптың толық тұстары ашылып, меңгерілетінін байқадық. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, қызу талқылау барысында сабаққа деген қызығушылықтары артады. Сабақ беретін сыныптарымызда топтық жұмыстардың әр түрлі формаларын пайдаланамын. Әр сыныпта әр түрлі деңгейде бағыттаушы сұрақтар қойылып, білім алушылардың алғашқы немесе түсінігі қалыптасу барысындағы білімдерін анықтап, келесі кадамды жоспарлау өте маңызды стратегия болып табылады. Ой қозғау, ой толғау секілді әдіс тәсілдер әр сабақта қолдануға болады және де сабақтың кез келген кезеңінде іске асыруға болады. Деңгейлік тапсырмалар орындау барысында әр топқа жұмыс жасау барысында фронтальды әдіспен бөліп беруге болады. Оқушылардың аудиал, визуал және кинестетик ерекшеліктерін де ескеретін болсақ әр оқушы өз таңдауын да жасай алады, мысалы; аудиал материалды қорғау кезінде, визуал материалдарды іздеу кезінде, кинестетик постерге сурет салғанда бойындағы қасиет ашыла түседі деп айтуға болады. Жаңартылған білім мазмұнының тағы бір ұтымды тұсы тапсырмалардың орындалу формасында, мән мәтін, мәтін (сұрақ), салыстыру кестесі, суреттерді пайдалану оқушының жалпы жан жақты ойлануына себепкер болады.

Топқа бөлудің өзі ұстаздың шығармашылығына байланысты, мысалы күрделі немесе уақыт үнемдеу үшін қарапайым әдісті пайдалануға болады. Бұның бәрі қаншалықты топтық жұмысты жиі ұйыдастырып тұруына байланысты. Уақыт өте келе оқушылар да креативтілікке бейімделіп алады, сол кезде күрделі топқа бөлу әдістерін қолданған жөн деп санаймын.

Қорытындылайтын болсақ топтық жұмыс болсын, жұптық жұмыс болсын оқушы мен ұстаз арасындағы, оқушы мен оқушы арасындағы байланысты нығайтатынын байқадық. Ұтымды тұстары өте көп ұстаздың өзіне де сабақта креативтілігін арттырып, конструктивті өткізуіне мүмкіндік алады. Психологиялық тұрғыдан да колобративті ортаның сабақтан жақсы эмоциялық әсер алуына көмектеседі және оқушылардың оқуға деген мотивациясын көтереді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Айтбаева Д.Б., Мылтықбаева Р.Л., Нугуманова С.Б Оқыту туралы ғылым және жаңа білім беру практикасы: Оқу-әдістемелік құралы: 2 т. – Нұр-Сұлтан – Алматы: «Эверо» баспасы, 2019. – 1-т. – 290 б.

М.Т. Әбікенов

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қаласы

ӘЛЕУМЕТТІК ТІЛ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Әдебиеттану негізіне ар-намыс концептісінің соның ішінде кейіпкердің ішкі және сыртқы бейнесінің топтастырылып қарастырылуы немесе ар-ождан категориясының енгізілуі – жалпы «тұлға» ұғымының жаңа мазмұнмен толығына мүмкіндік жасап, әдебиетте штрих-детальдарды зерттеудің құрылымдық-функционалдық аспектісі аясынан шығып, адамның санасы, ойы мен рухани қызметімен тығыз байланыстағы антропологиялық әдеби негіздегі іліміне айналуына негіз жасалды. Соның әсерімен әдебиеттану ғылымында ар-намыс концептісінің негізін ашушы кейіпкерлерге, шығармашылық тұлғаға деген қызығушылық күшейіп, қазіргі таңда жаңаша зерттеулердің өзегіне айналған, ғылыми еңбектерде жүйеленген «ар-ождан» теориясының орны бөлек.

Кейіпкердің даралық сипатын концептілер арқылы түйіндеп беруге байланысты жазушы шығармаларының ерекшелігін танытатын оқиғалар негізін зерттеуге арналған еңбектер қатары көбейе түсуде. Осы тұрғыда тілдік тұлға мәселесі қазіргі орыс әдебиеті мен қазақ әдебиеттану ілімінде төмендегідей бағыттарда қарастырылып келеді деп шартты түрде белгілейміз: 1) нақты тұлғаның ішкі және сыртқы бейнесін оның когнитивтік және прагматикалық интенцияларын назарға ала отырып талдау; 2) көптеген ғылыми еңбектерде тарихи тұлғалар образын диахрониялық тұрғыдан сараптау орын алған; 3) бөлек-бөлек оқиғалар негізінде әдеби негізгі кейіпкерді модельдеуге арналған зерттеулер де пайда бола бастады; 4) шығармадағы кейіпкерлердің бейнелік тұлғасын ашу арқылы шығарма авторының кейіпкерді сомдау шеберлігіне шығуды мақсат тұтқан зерттеулер де кездеседі; 5) кейіпкер бойындағы бойындағы қасиеттерді оның ұлттық болмысына сай қарастырған еңбектер. М. Әуезовтің образ сомдау шеберлігін тануға арналған зерттеу жұмысымызды жоғарыда қарастырылған бағыттар шеңберінде негіздеуге тырысатын боламыз.

Сонымен қатар кейіпкер қасиеттерін тануға, түсіндіруге төмендегідей бағытта келу үрдісі қалыптасқандығын байқауға болады:

1) шығармада өзіндік мінез ерекшелігі бар жеке кейіпкер болып табылатын жеке адам қалыптасуының негізгі жүйелерін анықтау (тегі, өмір сүрген ортасы, әдеби және тілдік, ұлттық-мәдени ықпал және т.б.);

2) жеке адамның өзіндік дара болмысын құрайтын жеке қасиеттерін танытатын ерекшеліктерді көрсету, яғни оны өз бетінше білім алу, өзін-өзі жетілдіру, тәрбиелеу, өз тілдік тәжірибесін ұрпақтарына мұра етіп қалдыруда жеке жауапкершілігін сезіну, білім дағдыларын игеру, шеберлік дағдыларын меңгеру, игерген білімдері мен тәжірибесін болмысты өзгерту үшін қолдану т.б. қасиеттерден тұратын күрделі, көпсатылы зерттеу нысаны ретінде оның тілінің әдебиеттану негізінде қолданылып жүрген келесі әдеби терминдерді қолдана отырып, ассоциативтік-вербалдық, әдеби негіздегі когнитивтік, прагматикалық деңгейлерін сипаттаудан тұратын деңгейлік талдау арқылы қарастыру қажет екені айқындалды.

Көрсетілген деңгейлердегі жеке кейіпкердің немесе тұтас образдылықтағы өзіне тән ұлттық болмысын ашудың маңыздылығы туралы ғалым Рымғали Нұрғалидың пікірлеріне жүгінсек: «Әдебиеттануда жеке талданып, аталған деңгейлердің дамуының белгілі бір кейіпкер бойында көрініс табуы әртүрлі дәрежеде өрістеп, түрлі сипатта көрінеді. Оның шығармашылық танымдық мазмұны дүниетанымдық, мәдени құндылықтар жүйесінен тұрады. Сондықтан жеке кейіпкер болмысын алдымен ұлттық негізгі тұлға ретінде түсінеміз. Себебі жеке мінезі бар тұлға табиғаты тұлғаның ұлттық мәдени сатысымен тікелей байланысты», – [1, 281-284 б.] болып шығады.

Сонымен бірге белгілі бір шығарма кейіпкерінің бойындағы ар-намысты туындататын детальдарды тілге тиек ете отырып, оның өмір сүруіндегі ар-намыс негізін құрайтын, оның мақсаттары, ниеттері мен ұстанымдарын белгілейтін шығармашылық қажеттіліктері туралы да айтуға болады. кейіпкердің қоршаған әлемге, айналадағы басқа адамдарға, өзіне деген қарым-қатынасы арқылы анықталынатын құндылықтар жүйесі, яғни адамның материалдық және рухани игіліктері мен мұраттары, белгілі бір әлеуметтік, мәдени және адамгершілік құндылықтарды таңдап алуының себептері оның танымындағы ғалам бейнесін ашу арқылы анықталынады.

Ал ар-намыс концептісінің әдеби негіздегі танымы мен мақсат-мүдделерінің прагматикалық әлеуеті кейіпкер сөзі, көзқарасы, түсінігі арқылы көрініс табады.

Әдебиетші ғалымдар көркем шығармадағы жеке кейіпкер бойындағы ар-намысқа қатысты ерекшеліктердің қалыптасуы үш негізгі фактордың: әлеуметтік, ұлттық-мәдени және психологиялық факторлардың ықпалына бағынатындығын атап көрсетеді. Жеке адам өмір сүретін кез келген жағдай алдымен қоғам реттеп отыратын нормалар мен заңдылықтарға бағынатын әлеуметтік жағдай болып табылады. Бір жағынан шығарма кейіпкері сол жағдайларға мойынсуға міндетті. Екінші жағынан алғанда өзі сол қоғамның мүшесі болып табылатындықтан, болып жатқан оқиғаларға деген жеке көзқарасын, тұлғалық ұстанымын білдіру үшін саналы түрде жалпы нормаларды бұзуға қабілетті. Мысалы Абай жолы роман-эпопеясындағы Қодар мен Қамқаның трагедиялық жағдайы. Бұл арада ру арасындағы қолайсыз жағдайға намыстанған Құнанбай «шарифатты» желеу ете өз атына кір келтірмеуді ойлайды. Екінші жағынан Құнанбай ұлттық мораль тұрғысынан шешім қабылдайды. Үшінші жағынан Құнанбай ел арасында белгілі шарифат заңдылығының сақталуын қамтамасыз етеді. Демек, бұл оқиға негізінде де ар-намысқа қатысты детальдарды өрбітуге болады.

Осыған орай М. Әуезов әлеуметтік үдерістерді қазақ халқының қоғамдық және рухани тәжірибесімен сусындаған өзіндік ой елегінен өткізіп, баға береді. Мысалы, Ұлы даллада қалыптасқан, рухани биік деңгейге көтерілген даланың дара феномені абай ақынның жеке тұлғасы қалыптасуында ар-намыс концептісі үлкен рөл атқарады. рухани құндылықтарды игеру арқылы адам бірте-бірте қарапайым заттардан бастап, ғаламның заңдылықтарына дейінгі өзін қоршаған ортаның болмысымен танысады, мәдениетке араласып, тілдің әлеуметтік қызметі мен дамуына қатысу арқылы тұлға болып қалыптасады.

Демек, бойдағы жігер, қайрат арқылы бекітіліп, қоғамдық санада, сонымен қатар жеке тұлғаның санасында сақталатын ұлттық-мәдени тәжірибе сол жеке тұлғаның ар-ождандық әрекетіне де өз таңбасын түсіреді.

Ар-намыстың бойда бекуі және оның қоршаған ортада айқындалуы барысында адамды өзгелерден ерекшелеп тұратын өзіндік қасиет – жекелік фактор маңызды рөл атқарады. Жекелік фактор алдымен өзін-өзі танудан көрінеді. Адамның рухани құндылық – ар-ожданды өз деңгейінде игеруге қадам жасауына жеке өзіне байланысты себептер, белгілі бір мақсаттар, адамның қоғамдық жүйедегі өзінің орнын сезіну, жекелік және топтық сәйкестіктегі өзіндік «мен» проблемасы әсер етеді.

«Намыстану, намыскойлық» ұғымын «интеллектуалдық қызмет» ұғымымен тікелей байланыста қарастырудың маңызы зор. Оның тарихи шығу тегін, өсуін, дамуын зерттей келе, оның психологиялық табиғатына үңілу – заңды құбылыс. Бізді қызықтыратыны – шығарма кейіпкерінің көркем шығарма оқиғасында көрініс табатын жеке әрекеті барысында белгілі бір оқиға-әрекеттердің туындауы себебіне алып келетін психологиялық негіз, кейіпкердің болып жатқан оқиғаларға деген қарым-қатынасын бейнелеу барысында қолданатын ассоциативтік байланыстары мен оларды қисындастыру ерекшеліктері. Адамның өзінің психикалық әлемі туралы пікірі – адамның өркениеттің әсері арқылы дамиды өз ішкі әлемін және басқа адамдардың ішкі әлемін түсіну тәсілін бейнелейтін мәдени-ғаламдық бейнесінің қалыптасуының маңызды бөлшегі.

М. Әуезов шығармаларының тілін оқыту ерекшеліктерін сөз еткенде негізгі басшылыққа алатын әдістердің бірі – тәжірибе әдісі. Бұл әдіс қазақ тілі материалдарын тікелей көрсету негізінде іске асырылады. Сондықтан дыбыс заңдылықтарының жасалу жолдарын түсіндіріп, теориялық білім беруде төмендегідей сипаттағы көрсету аппараттарына назар аудару қажеттілігі туындайды. Оқушылардың жылдам әрі ұтымды ұғынып, есінде ұзақ сақтауын ескеру қажеттілігі алғы кезектегі маңызды іс. Оқушылардың өздігінен шығармашылық еңбекпен шұғылдануын ұйымдастырып, танымдық қабілетін арттыруда мұғалім жетекші рөл атқарады. Оқыту әдістері: әңгімелесу, оқулықпен, кітаппен, қосымша материалмен жұмыс, жоспарлау, тапсырманы орындау, бақылау, зерттеу, қайталау, графикалық жұмыс, жаттығу, оқыған материалын баяндау.

Сабақты осы әдіс негізінде өткізуде, оған қойылатын мына сынды талаптарды ескеру жөн. Мәселен, шығарма тілі материалдарының мақсаты, тақырып айқындылығы, көрнекі құралдардың аса зор жауапкершілікпен даярлануы, тақырып мазмұнын түсіндірудің жұмыс барысы және керекті сөйлемдер мен мәтіндерді дұрыс сұрыптай білу қажеттіліктері сынды талаптар ізденімпаз ұстаз үшін бұлжымас талап болуы шарт.

Қазақ әдебиетіндегі шығарма тілін практикалық жақтан үйрету әдістері (Қазақ тілі әдебиет материалымен байланыстырып өту әдісі, түсініксіз сөздерді үйрету әдісі, диалогтық және монологтық сөйлеуді үйрету әдісі, ауызша түсіндіру әдісі, ауызша мазмұндау әдісі және мәнерлеп оқу әдісі.);

Қазақ әдебиетіндегі шығарма тілін теориялық жақтан оқыту әдістері (Өңгіме әдісі, хабарлау әдісі, түсіндіру әдісі, тәжірибе әдісі, кітапты пайдалану әдісі).

Жалпы дидактикалық топтық әдіс негізінде ауызша хабарлау немесе сөз әдісі (баяндау, түсіндіру, әңгімелеу, пікірталас, дәріс); көрнекілік әдісі (иллюстрациялау, демократиялау); бейне әдісі (электрондық оқулық); практикалық әдіс (жаттығу, тәжірибе жасау, экскурсия); кітаппен жұмыс жасау әдісін жатқызады. Мысалы:

Абай және оның бойындағы ар-намыс сезімдерінің өсу жолдары – қалыптаса басталуы «Қайтқанда» тарауынан басталады (Әкесімен жеке тілдесуі, қойшы-қолаңның киім киісі, өзін-өзі ұстауы, жағымпаздықты, жасандылықты, жағымсыз қылықтарды ажыратуы, ондай әрекеттерге күйінуі, т.б.). Абай бойында ел намысын, көпшілік мүддесін тану-сезіну жолдарының қалыптаса бастауы – «Қат – қабатта» тарауында айқын аңғарылады (Әке қаталдығын аңғару, өлімді көзбе-көз көру, жер-су дауларының мән-мәнісін аңдай бастауы, адам баласының небір қулық-сұмдыққа бейімділігін сезіну т.б.). Абайдың қазақтың «кейбір» салт-дәстүрлерінің мейірімсіздікке, қатыгездікке бастайтындығын түйсінуді, айтар сөзін көпшілікке жеткізе алмай қор болуы. Надандық пен сауатсыздық – халықтың басты жауы екендігін сезінуі «Жолда» тарауында айқын көрініс тапқан (ру арасындағы алауыздық, Бітімшілдікке сәби Кәмшатты беру, Кәмшаттың хал-жағдайы, Әкесі мен Бөжей арасындағы теке-тірес т.б.).

Абай бойындағы сезімталдықтың өсу жолдары келесі тарауда – «Бел-белесте» біршама қамтылған (оспанның намысқойлығы, жылқы мен адам баласының ара-қатынасы, жылқы мінездес қазақтардың образы тұтас қамтылып, Масақбай жылқышының атты үйрету шеберлігі, Бүлдірген теру, қаралы көштегі абай әсерлері сәтті суреттіліп, кейіпкерлер бойындағы өмірге деген өзіндік жеке бір қырларының ашылуы, Жер дауының рулас, туыстар арасындағы – қан-төгіске («Мұсақұл соғысы») ұласқандығы т.б.). «Өрде» атты тарудан Абай өмірінің жаңа қырын тани бастаймыз. Бозбала Абай ендігі жерде отбасылы кейіпкер ретінде, нақты айтсақ, отағасы ретінде таныла бастайды. «Қияда» тарауында Абай ұрпақтарымен таныс боламыз. абай бойындағы толыса бастаған ойларына, абайдың ел ішіндегі дау-дамайларға араласып, ақыл тоқтата аларлық, билік айта аларлықтай биікке көтеріле бастағанын аңғарамыз. Тайғақта» тарауы Абай өміріндегі ғылым-ілімдік ізденістердің шиеленіске түсіп, рухани негізде ширыға бастағандығын аңғарамыз. абайдың кемеліне толып толықсыған кезеңдерін қамтыған. Осы орайда біздің тоқталарымыз, зерделейтін негізіміз ар-намыс концептісі болғандықтан біз осы концептіге бастап апарар жолды да көрсете кетуге тиістіміз. Мұндай жағдайда да біз адам баласына тән жеті түрлі hareketтің Абай заманында ру арасындағы адамдардың көкірегінде ар-намыс отын тұтатуға негіз болғандығына көз жеткізе түсеміз.

1. Отбасындағы келеңсіз оқиғаларға араласу (Қамқа Қодар арасындағы қарым-қатынас),
2. Жесір дауы,
3. Жер дауы,
4. кек қайтару,
5. Мансапқорлық,
6. Надандық,
7. Білімсіздік.

Мұхтар Әуезовтің Абайтануға арнаған бар ғұмыры – ғасырлар қойнауынан жеткен қара сөз бен өлең сөздің құпия қатпарларын зерттеп, танып, көкеймен қабылдап, оның туған этносына ғана ерекше сұлу, сырлы, терең көрінетін жұмбақ қасиетіне қасиет қосып, құнарлы тілдің тұқымын егіп, жемісін сан ұрпаққа мәдени мұра етіп қалдырумен өтті. Сөзді сүюі өмірдің өзін сүюмен бірдей еді. Шынымен де, сөз – таңбалық белгі ғана емес, тіршілік символы.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Нұрғали Р. Екі томдық. 1 том. Діңгек [Текст]. – Алматы: Арда, 2009. – 592 б
2. Жампейісова М. Қазақ тілін оқытудағы жаңа технологиялық методикалар. – Алматы, 2000.
3. Оразов С. Қазіргі қазақ тілінің мәселелері. – Алматы, 2001.
4. Әуезов М. Абай жолы роман-эпопеясы. – А., 1972.
5. Айдаров Ф. Көне ескерткіштер тілі. – А., 1985.

Г.Т. Әбікенова
Әлихан Бөкейхан университеті, Семей қаласы

ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІ КОГНИТИВТІ БАҒЫТТА ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі тіл білімінде тілге деген көзқарас, оны танудың жолдары өзгерді. Тіл – біз тануға ұмтылатын бүтін бір болмыстың кішкене бөлшегі. Сондықтан тіл мәселелерін тануда сан-салалы факторлардың көмегі қажет. Мысалы, субъектінің ұғыну, ойлау қабілеті, санадағы танымы, өңдеу механизмі, тіл арқылы танылған ақпараттардың семасы, этимологиясы, уәжденуі т.б. әрекеттер тіл білімінде адамзаттың танымдық деңгейін зерттеуге бағытталады.

Тіл – ой жеткізу құралы. Ойлау әрекеті – мида болатын құбылыс, сана әрекеті. Ал, тіл санадағы бұл процессті “мағына” түріндегі формаға енгізеді. Демек, ойлау – логикалық механизмнің ақиқат көрінісі. Оның тілмен шартты байланысынан ұғым қалыптасады. Ұғым бірнеше ойдың сұрыпталуынан өтіп сөз арқылы таңбаланады. Осы тұжырымды мынадай сызба арқылы айқындауға болады: ой – ұғым – тіл.

Ойды жеткізу барысында адамның мынадай қабілеттері айқындалады: дүние туралы танымы, стереотипі, ассоциативтік қоры, жадыдағы ақпараттары т.б. Әрине бұл мәселелер антропологистиканың “тіл және сана”, “тіл және адам психикасы”, “тіл және адам құндылықтары”, “тіл және мәдениет”, “тіл және философия” бағыттары бойынша қарастырылады. Соның ішінде адамның танымдық әрекеті мен тілдің өзара қатынасын зерттеуде когнитивтік тіл білімінің қызметі ерекше. Когнитивтік тіл білімі когнитивизм ғылымынан тарайды. Когнитивизм – бұл адамның зердесін, ойлау қабілеті мен ментальды әрекеттері және оның жай-күйін зерттейтін ғылыми бағыт.

Адамның интеллект, ойлау заңдылығы мәселесі мен логика, философия, физиология, психология ғылымдары айналысып келеді. Мәселен, философия ғылымында гносеология делінетін бүтін тарау таным теориясын қарастырады. Бірақ когнитивистика бағытында ескі атаулар жаңа мазмұнға ие болды. Мысалы әрбір ақиқат дүниенің (зат, оқиға, жағдаят) өзіндік болмысы когнитивизмде былай танылады: Біріншіден – заттық көрнекі бейнеде, екіншіден – қарапайым бейнеде, үшіншіден символ түрінде.

Когнитивизмнің басты зерттеу нысаны – адамзаттық когниция. Оны тек байқау, бақылау әдістері арқылы зерттеп қоймай, ментальді репрезентациясын (ішкі танымын), білімнің негізін қалыптастырған символдармен адамның стратегиялық таңбалары айқындау керек. Демек, адамның когнитивтік әлемі оның ойлау әрекеті мен тәжірибесі арқылы анықталады. Адамның бұл әрекетін танытатын негізгі белгі – оның тілі. Себебі, тіл – адамның қабылдаған ақпаратын өңдеп санада реттеген нәтижесін көрсететін құрал.

Қазіргі тіл білімінде антропологиялық бағыттағы лингвистика жетекші орын алып отыр. Антропологиялық тіл білімінде адам ерекше идеалды нысан ретінде алынады. Адам әрі тілдік бірлестік ретінде, әрі жеке тұлға, әрі тілдік тұлға, әрі сөйлеуші ретінде көрінеді.

Қазіргі философиялық антропологияда адам тұрмыстағы табиғаты мен ерекшелігіне байланысты ақылды адам (*homo sapiens*), сезімтал адам (*homo faber*), сөйлейтін адам (*homo loquens*), ойлайтын адам (*homo ludens*), әлеуметтік адам (*homo sociologus*), психологиялық тұрғыдан адам (*homo psychologus*), іс-әрекеттегі адам (*homo agens*) ретінде әрі әлем бейнесін рухани мәдениеттің символикалық формаларында қалыптастыратын символикалық жан иесі ретінде түсініледі [1, 346].

Мәдениет тіліне, мәдени ұғымдарға, мәдени концептілерге, нақтырақ айтсақ, жалпы тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мәселесіне деген қызығушылық қазіргі тіл білімінің айқын бір ерекшелігі болып табылады.

Әлем бейнесі және оның маңызды бір түрі – әлемнің тілдік бейнесі ұғымдарының тіл біліміне енуі тіл, ойлау және ақиқаттың өзара байланысы құбылыстарының, адамның ішкі әлемі қалыптасуындағы тілдің қызметінің терең қырларын зерттеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі замандағы ғылым адам танымына, оның рухани әлемі мен мәдениетіне ерекше көңіл бөлу қасиетімен ерекшеленеді. Ал тіл білімінде бұл ерекшелік тілді әр түрлі тілдік бірліктердің таңбалық жүйесі ретінде қарайтын тар семасиологиялық түсініктен алыстап, тілді зерттеудің антропологиялық бағытының негізгі құрылымдарына көңіл бөлуінен көрінеді. Бұл, әсіресе, халықтың тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүрімен, табиғатымен, таным-түсінігімен тығыз байланысты.

Тілді зерттеудің антропологиялық бағыты, негізінен, түптеп келгенде, тілді мәдениеттің және адамның рухани белсенділігінің феномені ретінде қарайтын тілдік-философиялық гумбольдтік

концепцияға сәйкес келеді. Ал адамның рухани белсенділігі біздің заманымызда тіл білімінің «өз ішінде және өзі үшін» қағидасынан лингвистикалық ақиқатты кең тұрғыдан зерттеуге өтуге мүмкіндік беріп отыр. Бұл тұрғыдан адам негізгі назарда болады. Бұл көзқарасты Э. Бенвенист ойларынан да көруге болады: «Невозможно вообразить человека без языка и изобретающего себе язык. В мире существует только человек с языком, и язык, таким образом, необходимо принадлежит самому определению человека» [2, 293]. Бұл тұрғыдан тіл әр түрлі бірліктердің жүйесі ретінде емес, адамның дүниетанымымен, оның әлем туралы білімімен тығыз байланыстағы адамның рухани белсенділігі ретінде түсініледі.

Тіл мен адамның рухани әлемі арасындағы байланыс проблемасы лингвистикалық ғылымнан ешқашан бір жола ажырап қалған емес. Алайда тұлғалық-семиологиялық бағыттағы тіл білімі кезеңінде бұл проблема ғылыми нысанда қосымша орынға ығыстырылса, ал антропологиялық лингвистикада ол негізгі мәселелердің қатарына жатады. Мұнда ол тілмен таным, тіл мен сана, тіл мен ментальдылық, тіл және шығармашылық, тіл және мәдениет т.б. мәселелер аясында қарастырылады. Қазіргі заманғы тіл білімі Э. Бенвенист көрсеткен бағытта дамып келеді. Ол «тіл – жеке тұлға – мәдениет» үшбұрышының негізінде жаңа тіл білімі жасалуы мүмкін деп болжаған болатын [3, 45]. Қазіргі тіл білімінде бір-бірімен өзара тығыз байланыстағы адам өміріндегі тіл қызметінің маңызды аспектілерін зерттеуге бағытталған әлеуметтік лингвистика, психоллингвистика, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану т.б. сияқты лингвистикалық пәндер қарқынды дамып келеді.

Бұл салада этнолингвистикалық еңбектердің де орны ерекше. Себебі О.И. Титкова көрсеткендей: «Этнолингвистика кешенді этнографиямен шектес, халық мәдениеті, тарихтың шығу тегі мен таралуын зерттейді. Бүгінгі ғылымда этнолингвистиканың зерттеу мақсаты – тілдің қызметі мен дамуына лингвистикалық, этномәдени, этнопсихологиялық факторының әсерін ерекше қарастыру, ұлттық болмыспен ұштастыру» [3, 10]. Антропологиялық бағыт шегінде бұған дейін өзінше жеке қарастырылып жүрген қазіргі тіл білімінің көптеген ұғымдары өзіндік негіздемеге ие болып отыр. Олардың қатарына әлемнің тілдік бейнесі, концепт, мәдени концепт, тілдік тұлға т.б. сияқты ұғымдар жатады.

Бірінші мәселе – тіл мен әлемді түсіну мәселелері. Бұл мәселені тұңғыш рет Гумбольдт қозғап, ол психологиялық бағыт (Х. Штейнталь, А. Потенция, неогумбольдтықтар), этнолингвистика өкілдерінің (Э. Сепир, Б. Уорф), әсіресе Л. Вайсгербер еңбектерінде әрі қарай дамытылды. Бұл тізбектің дамуы қазіргі тіл білімінде маңызды мазмұнға ие «әлемнің тілдік бейнесі» терминінің қалыптасуына әкелді.

Лингвистикалық саланың екінші тармағы концепт ұғымының тарихымен байланысты, нақтырақ айтсақ, ертеден келе жатқан «атау – сөз – зат» мәселесі мен семантикалық теорияның дамуымен тығыз байланысты. «Концепт» терминінің талқылауға түсуі когнитивтік тіл білімі, лингвистикалық философия, лингвомәдениеттану, семиотика сияқты әр түрлі пәндерге қатысты теориялық-бағдарламаға сәйкес келеді.

Үшінші тармақ тілді мәдени-жеке парадигманың қалыптасуын анықтайтын мәдениет контекстінде қарау үрдісіне әкеледі. Оның негізінде мәдени концепт ұғымы пайда болады.

Қазіргі тіл білімінің төртінші тармағы В.В. Виноградов енгізген тілдік тұлға ұғымымен байланысты. Н.Н. Караулов: «Әрбір мәтіннің астарында тіл жүйесін меңгерген тілдік тұлға жатыр», – деген болатын [4, 27 б.].

«Тіл – мәдениет – жеке тұлға» ұғымдары негізінде дамыған қазіргі тіл білімінің бұл бағыттары тілді антропологиялық бағытта зерттеу шегіне жатқызуға болады. Ол мәдени-жеке тұлғалық парадигманы дамытады.

Тілдің лексикалық қабаты халықтың рухани және материалдық құндылықтарын өз бойларында сақтап отырады. Бұл туралы тілші В. Виноградов: «Социокультурный уклад определенной национальной общности имеет свои особенности отличающие его от других национальных укладов. Эти особенности отражаются в лексике и составляют в ней фоновую информацию, передающую сведения о национальных формах, видах и проявлениях духовной и материальной культуры» [5, 10], – деп өз тұжырымын айтады.

Мәдениет – ұлттық мәдениеттің негізін қалайды. Халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, танымы тіл арқылы жүйеленіп, тілдің қасиеті мен сөз құдіретінің негізінде халық жадында сақталады. Сол себепті қазіргі тіл білімінде «тіл мен ұлт», «тіл мен мәдениет», «тіл мен таным» мәселелеріне ерекше көңіл бөлінуде. Антропологиялық бағыттағы лингвистикаға терендей түсу үшін халықтың дүниетанымы, тәжірибесі негізінде көрініс табатын «әлемнің бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі» деген ұғымдарға түсінік бере кету қажет. Бұл бағытта когнитивтік бағыттағы зерттеулердің маңызы

ерекше. Қазіргі қазақ тіл білімінде аталмыш бағытта жасалып жатқан жұмыстар да оң нәтиже беріп келеді.

Ұлттың ментальді дүниесін, болмысын, таным-түсінігін сол ұлттың тілі арқылы тану үшін бұған дейін негізінен тілдік таңбаларды құрылымдық деңгейде қарастыру мәселесімен шектеліп келсек, енді оларды тілдік емес құндылықтармен, яғни ақиқат өмір, ойлау, танымдық тұрғыда бір-бірімен тығыз байланыста қарау болмақ. Осы тұрғыда алғанда, тілдік бірліктер, оның ішінде лексика-фразеологиялық жүйе ақиқат өмірді, ойлау мен тілді ұштастыратын категория ретінде танылады.

Когнитивтік лингвистика саласында зерттеу жасап жүрген ресейлік Н.Н. Рябцева батыс және ресейлік лингвистикада когнитивтік деп санауға болатын бір де бір жалпы қабылданған анықтама жоқтығын көлденең тартады. Солай бола тұра, когнитивтік зерттеулердің ішінде Ю.А. Апресян, Н.Д. Арутюнова, А.Г. Шмелев, Г.В. Булыгина, В. Левонтина т.б. ғалымдар семантикалық зерттеулердің мазмұнына сай бұл мақсаттың орындалғанын жазады.

Тіл табиғатын когнитивтік сипатта қарастыратын бұл бағыттың ерекшелігі – әлемдік озық лингвистиканың теориялық бағыттарын әбден дәстүрге айналған құрылымдық лингвистикадан өзгешелеу қалыппен жаңа арна үлгісінде танытуға жөн сілтейді. Когнитологтардың пайымдауынша, әлемдік тіл білімінде ғалам бейнесін когнитивті әдіс-тәсілмен зерттеудің жетістігі мол. Өйткені адам санасындағы барлық танымдық, интеллектуальдық, эмоциялық қасиеттердің тілмен байланысының сан-салалығы мен жан-жақтылығын ашып көрсетуде, тіпті олардың жүзеге асуы мен ішкі құрылымының ұсақ механизмдерін талдап түсіндіруде бұл ғылым саласы орасан зор көмегін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984. – 396 с.
2. Кубрякова Е.С. Начальные этапы становления когнитивизма: лингвистика-психология-когнитивная наука // Вопросы языкознания. – 1994. – № 4. – С. 34-47.
3. Титкова О.И. О перспективах лингвистического исследования рекуррентных единиц лексикона // Филологические науки. – 2003. – № 2. – С. 85-91.
4. Караулов Ю.Н. Ассоциативная грамматика русского языка. – М.: Русский язык, 1993. – 330 с.
5. Виноградов В.С. Лексические вопросы перевода художественной прозы. – М.: МГУ, 1978. – 174 с.

ҒТАХР: 14.07.07

Д.Т. Әйкен, А.А. Журтубаева
Абай облысы, Бесқарағай ауданы
Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектебі"

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖҮЙЕСІНДЕГІ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Білім беру жүйесінің рөлі соңғы онжылдықтарда түбегейлі өзгерді және айтарлықтай өсті. Ақпараттық революция және ақпараттық қоғамның қалыптасуы қоғамның дамуына әсер ететін басым факторлар ретінде ақпарат пен білімді алға тарта отырып, білім берудің дамуына әсер етті. Білім беру саласындағы үрдістер әлемдік қоғамдастықтың әлеуметтік-саяси және экономикалық өмірінде болып жатқан үдерістермен тығыз байланысты.

Соңғы жылдары табысты іске асырылып келе жатқан Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін жаңғырту оны әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастыру және халықаралық білім беру стандарттарына жақындату мақсатында жүзеге асырылады. Қазақстандық білім және ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі кезеңі әрбір азамат үшін сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектепте білім алудың қолжетімділігін, колледжде және университетте жаңа кәсіби дағдыларды алу мүмкіндігін, зерттеу және шығармашылық құзыреттерді дамытуды көздейді

Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында проблемаларды шешу дағдылары, сыни ойлау, шығармашылық, эмоционалды интеллект басты орын алады. Сондықтан білім беру жүйесі белсенді, шығармашылық, сыни, аналитикалық ойлайтын, бұрын белгісіз мәселелерді шеше алатын, өзгерістерге тез бейімделетін, жаңасын жасай алатын креативті адамдарды дайындауға шоғырлануы керек. Функционалды, ІТ-сауаттылық, ағылшын тілін білу, жоғары моральдық азаматтық жетілу де маңызды.

Қазір мұғалімдер мен оқушылардың шығармашылық ізденісі үшін барлық жағдай жасалуда. Мектептер мультимедиялық кабинеттермен, интерактивті жабдықтармен, химия, физика

кабинеттерімен, алғашқы әскери даярлыққа арналған спорттық жабдықтармен жарақтандырылады, үш ауысымдық оқыту сиреді. Білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін "e-learning" оқу үдерісін автоматтандыру жобасын енгізу үшін жағдайлар жасалуда.

Өскелең ұрпаққа қамқорлық жасау мемлекет пен қоғамның өркендеуінің кепілі болып табылады. Бұл жағдайда қамқорлық ата-анадан да, мемлекеттен де туындауы керек. Білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыру үшін мемлекет қабылдайтын шаралар бойынша халық арасында кенінен түсіндіру жұмыстарын қамтамасыз ету қажет. Қазақстандықтар жүргізіліп жатқан өзгерістердің мәнін түсініп, оларға қатысуы үшін халықпен тиімді кері байланысты үнемі ұстап тұру қажет. Мемлекеттің барлық күш-жігері халқымыздың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған. Адамдар сапалы білім алып, сұранысқа ие мамандықтар мен лайықты жұмысқа ие болған кезде әлауқат өседі.

Қазіргі мектеп баланың жеке психофизикалық және интеллектуалдық мүмкіндіктерін ескере отырып, оның жеке басының жан-жақты дамуын қамтамасыз ете алатын оқыту модельдерін іздеуде. Қазір көп нәрсе мұғалім мен басшының жеке басына, олардың мектепке және балаларға деген адалдығына байланысты. Қоғам өмірінің барлық салаларындағы жаһандық өзгерістер дарынды, шығармашыл, жоғары интеллектуалдық қабілеті бар, сыни тұрғыдан ойлау қабілеті бар, жаңа заманның сын-тегеуріндеріне жауап бере алатын адамдарға қажеттілікті арттырды. Бүгінгі қазақстандық мектептің мұғалімі кәсіби өзін-өзі жетілдіруге қабілетті және соған ұмтылатын инновациялық, шығармашылық тұрғыдан ойлайтын болуы керек.

Орта білім беру жүйесінің негізгі міндеті ата-аналарды құрметтейтін, Отанды жақсы көретін, мәдениет пен тарихты білетін және дамытатын, елдің бірлігін сақтайтын, толерантты және халықтар достығын нығайтатын, еңбекті сүйетін, денсаулықты нығайтатын және қоршаған ортаны сақтайтын, қазақ және шет тілдерін меңгерген, бәсекеге қабілетті, интеллектуалды дамыған және білімді рухани бай тұлғаны тәрбиелеу болуға тиіс. Соңғы жылдары Қазақстанда ғылымды қаржыландыру айтарлықтай өсуде. Ол білім беру саласында – негізінен гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру негізінде жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанның Білім және ғылым жүйесінің алдында жаңа мақсаттар мен міндеттер тұр. Оларды шешу үшін Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасы әзірленді, ол бірқатар стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға негізделген. Бұл "Ұлт жоспары: 100 нақты қадам", "Рухани жаңғыру" бағдарламасы және т.б.

Жаңа мемлекеттік бағдарламаға сәйкес негізгі мақсаттар анықталды:

- Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту;
- Ғылымның ел экономикасына қосатын үлесін арттыру.

Бағдарламада оқулықтарды әзірлеу, сараптау, басып шығарудың жаңа жүйесін енгізу, білім берудің жаңартылған мазмұнына көшуді аяқтау, критериалды бағалау мен оқу бағдарламаларын жетілдіру көзделеді.

Орта білім өзгеріске ұшырайды, сондықтан 2020 жылы 12 жылдық білім алуға көшу аяқталады. Бұл нөлдік сыныптар қалыпты жағдайға айналады дегенді білдіреді. Бұл тәсіл балаларды мектепке дайындау үшін бірыңғай бағдарлама жасауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты ҚР "Білім туралы" Заңына нөлдік сыныптар туралы деректер енгізіледі [3].

Білім берудің барлық деңгейлерінде балаларға сапалы инклюзивті білім алу үшін жағдайлар жасалған. Қазіргі уақытта инклюзивті білім беру 55%-дан асты.

Тағы бір маңызды міндет-қалалық және ауылдық мектептер арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты азайту. Ол үшін кешенді шаралар қабылданады: шағын жинақты мектептерді білікті педкадрлармен қамтамасыз ету, еңбекақы төлеу жүйесі өзгертіледі, ауыл мектептерін оқу материалдарымен, компьютерлік жабдықтармен және цифрлық техникамен толық қамтамасыз ету көзделеді. Осы мақсатта республикалық бюджетте 150 млрд теңге қарастырылған.

Жаңа мемлекеттік бағдарламада білім беру мәдениетіне назар аударылып, мектеп пен ата-ана қарым-қатынасының жаңа форматын енгізу көзделген. Енді білім алу құндылықтарға негізделетін болады, бұл қазақстандық оқытушыларды қуантып отыр.

Мектептегі білім беруді дамыту Қазақстан Республикасының стратегиялық басымдығы болып табылады. Мұнда тепе – теңдікті табу өте маңызды-бәрін жеңілдету де керек емес, сонымен қатар асыра сілтеу де болмау керек.

27 Мамырда ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында адами капиталды дамыту мәселелері талқыланды. Қазақстанда орта білім беруді дамыту бірінші орынға шықты. Тақырып өте маңызды: ел белсенді демографиялық өсуді бастан кешуде-қазір мектепке 90-шы жылдарға қарағанда бірнеше есе көп балалар келіп оқып, бітіреді. Бұл ретте кеңестік кадрлық және әдістемелік ресурс (1991 жылғы педагогикалық институттардың түлектері 50 жаста) аяқталуға жақын, ал кадрлық тұрақсыздық пен әртүрлі позитивті халықаралық тәжірибенің көптігі бір нақты тұрақты модельге тоқталуға мүмкіндік бермейді. Мұның бәрі Қазақстанға кең таралған цифрландырумен байланысты жеделдетілген қоғамдық үдерістер аясында орын алуда.

Бір ғана нәрсе анық-Қазақстан Республикасы мектеп білімінің сапасы бойынша күрт төмендей бастады.

Қазақстандық білім берудегі проблемалар жеткілікті: мектептердің жетіспеушілігі (3,5 млн оқушының 2,5 млн – ы екі ауысымды мектептерде оқиды, 200 мыңы үш ауысымды мектептерде оқиды), материалдық-техникалық жарақтандырудың әлсіздігі, патриоттық тәрбиедегі кемшіліктер Сапалы оқытудың екі негізгі элементі-жақсы мұғалім және жақсы оқулық.

Біріншіден, мұғалімдер. Сапалы оқыту мәселесі бірнеше ішкі мәселелерге негізделген: мұғалім мамандығына ең талантты жастарды қалай тарту керек, олардың қажетті құзыреттілігін қалай қамтамасыз ету керек және оларды мектепте қалай ұзақ уақыт ұстау керек.

Студенттік стипендияны 26 мың теңгеден 42 мың теңгеге дейін арттыру стратегиялық тұрғыдан ештеңені шешпейді. Студенттік қалтаға қолдау көрсетеді, бірақ уақытша, бағаның кезекті көтерілуіне дейін ғана. 4 жыл ішінде 768 мың теңгеге (қазіргі тұрақсыз бағам бойынша 1,8 мың\$) өсім жинақталады. Осындай сома негізінде жарты ғасырға созылатын кәсіби мансап туралы шешім қабылдау екіталай.

Педагогикалық институттар ең бастысы – болашақ мұғалімдерді даярлаудың жоғары минималды сапасын қамтамасыз етуі керек. Мемлекет айтарлықтай артық оқу гранттарын беруі керек (болашаққа бағытталу керек)

Сонымен, қазақстандық педагогикалық институттарда:

а) үлгермегендерді аяусыз оқудан шығаратын қатаң оқыту жүйесін енгізу (мұнда, бәрі, әрине, сыбайлас жемқорлыққа келіп тіреледі, бірақ ол негізінен барлық жерде бар);

б) барлық бейінді емес пәндерді алып тастап, арнайы пәндерге басымдық беру;

в) әр кафедрада ғылымды жақсы меңгерген пән мамандары болуы керек. Басқа елдердің мамандарын шақырудан ұялудың қажеті жоқ;

г) педагогикалық институттар үштілділікті енгізуі керек. Ұлттық педагогикалық құрамның икемді болуы үшін мұғалімдер оқу тіліне назар аудармай, мектептен мектепке ауыса білуі керек. Сонымен қатар, материалдарды ағылшын тілінде оқи білу заман талабы.

д) пәнді оқыту әдістемесін институттық кафедралар мен біліктілікті арттыру институттарының әдіскерлері емес, мектеп негізгі жұмыс орны болып табылатын тәжірибелі мектеп мұғалімдері оқытуы керек. Кафедра бюрократтарының презентациялары нақты жұмыс туралы ақпарат бермейді, студенттердің іске деген сүйіспеншілігін тудырмайды.

Әрі қарай, мектептерде мұғалімдерді қалай ұстау керектігі туралы. Әрине, бәрі мұғалімдердің атышулы мәртебесіне сүйенеді. Президент Тоқаев Ұлттық кеңес отырысында атап өткен төрт жыл ішінде жалақының екі еселенуі – мұндай үлкен жетістік емес. ҚР-дағы ресми инфляция жылына 6-7% - ға айналады, соңғы бірнеше жылда азық-түлік өнімдері қазақстандық үй шаруашылықтары шығындарының жартысын құрайды. Өнімдер жылына 10% - ға ғана қымбаттайды деп есептесек те, 4 жылда инфляцияның 46% - ы жинақталады, яғни жалақының екі еселенуі 36% - ға өседі. Мұғалімнің элеуметтік мәртебесін нақты ұзақ мерзімді арттыру, девальвация мен бағаны көтеру сияқты бюджеттік проблемалардан қорғалған шаралар қажет.

Жақында қабылданған "Педагог мәртебесі туралы" заңды әзірлеу кезінде қабылданбаған маңызды шара-еңбек сіңірген жылдары. Көптеген қазақстандықтар полиция мен прокуратураға жұмысқа орналасқысы келеді, өйткені олар өздерінің мақсатын нақты түсінеді – майорға немесе подполковникке дейін көтеріліп, 20 жылдан кейін зейнетке шығып, салыстырмалы түрде жас болып, сүйікті ісімен айналысатындығын біледі.

Мемлекеттік есебінен зейнеткерлікке еңбек өтілі бойынша шығу азаматтарды педагогикалық мамандыққа тартатын қуатты магнит болар еді. Олардың көпшілігі зейнеткерлікке шыққанға қажетті жұмыс жылдарын өтесе де, жұмыс істейді, бірақ әлдеқайда сенімді болады.

Мұғалімдер басқа салалардағы ауытқулармен салыстырғанда кәсіптің тұрақтылығын арттыра алатын тұрақты ұзақ мерзімді артықшылықтарға ие болуы керек, бұл азаматтардың педагогикада қалуын ынталандырады. Мысалы, ипотекалық несие алу кезіндегі жеңілдіктер, жол жүру

жеңілдіктері (қоғамдық көлікте және алыс қашықтыққа), балаларды қажеттінің бәрімен қамтамасыз ету үшін жеңілдіктер. Мұғалімдікті жеке элиталық каста ретінде қалыптастыру ғана мықты кәсіби педагогикалық қоғамдастық құруға мүмкіндік береді.

Екіншіден, кітаптар мен оқу бағдарламалары туралы. Нақты ғылымдарды оқыту мәселесінде саясат ойнаудың қажеті жоқ. Сіз тарих пен әдебиетпен кез-келген нәрсені жасай аласыз, бүгінде балалар көбінесе интернеттегі материалдар мен танымал медиа тұлғалардың мәлімдемелері негізінде өз пікірлерін қалыптастырады. Алайда, қазақстандық математика оқулықтары бар былықтар Қазақстан халқына зиян келтіріп үлгерді. Бар нәрсені біртіндеп өзгерту, жақсарту, дұрыстау мүмкіндігі – ақшаны жымқыруға мүмкіндік береді (жаңа оқулықтарды шығару және қайта шығару үшін лоббизм).

Мықты білгір мамандар жазған және уақытпен тексерілген оқулықтарды алып, оларға сәл ғана түзетулер енгізіп Қазақстанға бейімдеу керек, қазақ тіліне аударып, осы оқулықтарға оқу бағдарламаларын бейімдеп, тыныш қана оқыту қажет. Жаңа оқулықтардың авторлары мен білім беру шенеуніктері "сіз кәсіпқой емессіз, заманауи шындықта ештеңе түсінбейсіз" дейді. Бірақ неге оқулық мәселесі 20 жыл бұрын біржола шешілмеді? Орта мектептің мәселелері Ұлттық кеңес деңгейіне көтеріліп, ұлттық онлайн режимінде талқыланды-бұл сындарлы бағыттағы өте маңызды оң қадам. Ең бастысы-назарды басқа жаққа аудармай, осы мәселелерді шешуге кірісу керек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстандағы орта білім: жағдайы мен болашағы. – Астана: БІ. Алтынсарин ат. ұлттық білім академиясы, 2015. – 248 б.
2. Қазақстандағы білім беру жүйесі 2019-2020 жылдары. <https://kaznews.kz/news/596213>
3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 27.12. қаулысы, 2019 ж. № 988.
4. Примбетова С.Ч., Сейтқалиева Г.М. Қазақстандағы жалпы орта білім беру жүйесін жаңғырту және оның білім беру сапасын арттырудағы рөлі // Қазіргі өркениетті дамытудағы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың орны: – Белгород, ХФПК материалдары жинағы, 31 қаңтар 2020 ж. 75-77 Б. URL: <https://apni.ru/article/432-modernizatsiya-sistemi-obshchego-srednego-obr>
5. Абишев Г. Школьное образование в Казахстане: проблем хватает, с чего начать? (ia-centr.ru)

ҒТАХР: 14.07.07

Б.Т. Барсай

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан, Атырау қаласы, bbt.49@mail.ru

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ – ДИДАКТИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ РОЛІ

Қазіргі кезде қоғамның білім деңгейі мен интеллектуалдық әлеуеті ұлттық байлықты құрайтын маңызды сипатқа ие, ал адамның білімділігі, кәсіби икемділігі, шығармашылыққа талпынысы және кезкелген жағдайдан шығудың жолын таба білуі, кәсіби құзыреттілігі еліміздің дамуына, тұрақтылығына және қауіпсіздігіне негіз болады.

Ғылыми тұрғыдан қарастырсақ, математика пәні мұғалімі үшін құзыреттіліктің құрамы төмендегідей: кәсіби дайындықтың әдіснамалық бағыттылығы; қоғамдық саяси пәндердің кәсіби-педагогикалық бағыттылығы; психологиялық педагогикалық дайындықтың бағыттылығы; әдістемелік дайындықтың ғылыми-теориялық және практикалық бағыттылығы; математикалық дайындықтың кәсіби бағыттылығы; студенттердің үздіксіз педагогикалық практикасының ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік деңгейін көтеру; мамандарды дайындауда тұлғалық – әрекеттік тұғырды жүзеге асыру; болашақ мамандарды қазіргі педагогикалық және ақпараттық технологиямен қаруландыру; олардың үздіксіз компьютерлік дайындығын жүзеге асыру; оқу-ғылыми-өндірістік-педагогикалық кешен жасау [1].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында жеке адамның шығармашылық, рухани және күш – қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой – өрісін байыту, яғни интеллектуалдық әлеуетін дамыту міндеттері қойылған [2]. Бұл міндеттердің жүзеге асуы мектепте

оқытылатын әртүрлі пәндерден білім беруден басталып, адам өмірінің барлық кезеңінде одан әрі дамып отыратыны белгілі.

Мектептегі оқытылатын пәндердің ішіндегі көптеген оқушылар үшін ең күрделісіде, интеллектуалдық әлеуетін дамытуға көбірек ықпал ететіні де математика пәні болып табылады.

Математиканы меңгеру, есептерін шығару тез ойлай алу мен елестетуге, зейін мен ынтаға байланысты, сондықтан мұғалім сабақты түсіндіру кезінде оқушылардың ойлау әрекетінің белсенділігін көтере отырып, материалды саналы түрде меңгеруіне күш салуы керек. Ол үшін мұғалімнің пән бойынша кәсіби маман ретіндегі теориялық және дидактикалық білімінің, кәсіби-дидактикалық құзыреттілігінің жүйелі қалыптасуының ролі ерекше.

Математика пәні негізінен ойлау әрекетіне негізделген пән екені белгілі. Олай болса, оқушыны ойлауға дағдыландыру мұғалімнің ең бірінші кезектегі мақсаты болуы тиіс. Бұл орайда, В. Брушлинскийдің: «Кезкелген ойлау, ол өте азғантай болсын мейлі, ол әрқашан жаңаны іздеу, болжау, шығармашылық, яғни таным объектісін жаңа байланысқа ендіру болып табылады», - деген сөзі осы мақсаттың маңыздылығын айқындай түсетіні сөзсіз [3].

И.Г. Песталоцци: «Ойлау дегеніміз өзінің даму барысында зор кәмілдікке жеткен материяның жемісі», – деген еді[4].

Математикалық ойлаудың алғашқы сипаттамасы – қойылып отырған мәселенің, есептің, тапсырманың мағынасын, мәнін нақты түсініп баяндай білу. Мұны әуелі оқытушы өзі жақсы меңгеріп, оны оқушыға дарыта білуі керек. Бұл жерде психологтар мен математиктердің пікірлері үндеседі, себебі психологтар ойлау адамның алдына қойылған мәселенің шешімін табу үшін ізденуден басталады деп есептейді. "Дұрыс қойылған сұрақ шешімнің жартылай табылғаны", – деген де сөз бар. Олай болса, математиканы оқыту барысында сұрақты дұрыс, нақты, дәл мағынасында қоя білу де өте маңызды. Математикалық ойлаудың келесі бір сипаттамасын ұсынылатын математикалық материалды оқушылардың түсінуі деуімізге болады. Дұрыс түсінбеген материал есте сақталмайды. Жалпы бір нәрсені түсіну оны жеке – дара қарамай, оның қайдан шыққанын, басқа құбылыстармен қандай байланыста екенін тұтас қарастырғанда ғана мүмкін болады. Ойлауды, оның ішінде математикалық ойлауды дамыту өте күрделі де шешуі қиын мәселе. Ол үшін мұғалімнің жоғары пәндік, педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік деңгейге жетуінің мәні зор. Мұндай деңгейдің критерийлері - мұғалімнің пән бойынша базалық білімінің болуы (кәсіби деңгей); арнайы математикалық пәндерден академиялық білім деңгейінің болуы (іргелі білім деңгейі); пәнді оқытуға қызығушылығының болуы (танымдық қызығушылық); әдістемелік және технологиялық біліктерінің базалық деңгейінің жеткіліктілігі; теориялық білімі, әдістемелік шеберлігі, яғни кәсіби – дидактикалық құзыреттілігі болып табылады. Бұл дегеніміз – мұғалімнің жоғары пәндік, педагогикалық және әдістемелік білім – біліктерінің тұтастығының, оқытудың әдіс-тәсілдерін меңгеру дәрежесінің, оқушылардың математикалық ойлауын математиканы оқып – үйрену барысында қалыптастыра білуінің жеткілікті дәрежеде екендігін көрсетеді.

Математика пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі – оқушыларға берілетін білім сапасынан байқалады. Әсіресе, өтілген тақырыпқа байланысты оны меңгергендігінің белгісі – оқушының есептерді, оның ішінде мәтінді есептерді шеше білуі болып табылады. Есепті шешу үдерісінің ең жауапты кезеңі – оны шығарудың жоспарын құру, яғни қандай амалдарды қандай ретпен орындағанда есептің сұрағына жауап берілетінін анықтау. Бұл сатыда есепті шығарудың негізі екі тәсілінің, арифметикалық тәсіл мен алгебралық тәсілдің бірі таңдалып алынады да, есепке аналитикалық – синтетикалық талдау жүргізіледі. Мысал үшін мынадай есепті қарастырайық: "Қалада салынған 90 пәтерлік үйдің үштен бір бөлігі мұғалімдерге, бұдан екі есе кем пәтер дәрігерлерге, қалғаны жұмысшыларға берілетін болды. Жұмысшылар неше пәтер алады?"

Талдауды есептің шартынан бастайық. Барлық пәтер саны белгілі – 90. Мұғалімдерге берілетін пәтер белгісіз, оны табу қажет, ол барлық пәтердің үштен бір бөлігі, яғни одан үш есе аз, демек, 90 ды 3 ке бөлеміз. Дәрігерлердің алатын пәтерлерінің саны белгісіз, бірақ есептің шарты бойынша ол мұғалімдерге берілгеннен 2 есе кем, оны табу үшін мұғалімдердің алған пәтер санын 2 ге бөлеміз. Енді есептің сұрағы бойынша жұмысшыларға берілген пәтер санын табу керек. Оны табу үшін барлық пәтерден мұғалімдер мен дәрігерлерге берілген пәтерлер санын алып тастаймыз. Осылайша есеп сұрағына жауап беруге болады.

Түрлі зерттеулер мен практика жүзінде байқалғандай, математиканы оқыту барысында оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін, ойлау қабілетін түрлі жолдармен қалыптастыруға болатыны белгілі.

Математика абстрактілі ғылым, ол көбіне сабақта да, оқулықтарда да құрғақ, абстрактілі, формальды түрде беріледі. Бұл оның табиғатымен байланысты. М.В. Потоцкий: «Математиканы таза

формальды түрде беру оның мәнін ашпайды, қайта керісінше әсер етеді. Әрине, математиканың ақиқаттың логикалық жүйесі екенін ешкім де жоққа шығармайды. Бірақ математиканы оқытуда тек бұл ақиқатты қайталай беру оқытудың педагогикалық мәніне қарама – қайшы болады. Математиканы оқыту қатаң қорытындылар шығарып, логикалық ойды, шығармашылықпен ойлауды дамытуға тиіс. Әйтпесе, құр хабарлама беру арқылы формальды оқыту математиканы дұрыс түсінуге кедергі келтіріп, оны ақиқат негізінен айырады», – деп жазды [5].

Оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудың келесі бір жолы оларды шығармашылықпен ойлауға тәрбиелеу, шығармашылық қабілетін дамыту, шығармашылық іс-әрекетке баулу болып табылады. Бұл ең алдымен, ұстаздардан шығармашылық қабілет дегеніміз не, ол қандай өзіндік қасиеттерімен ерекшеленеді және оны қалай тиімді дамыта аламыз деген мәселелерді шешуді талап етеді. Осыған орай, мектептегі оқыту үрдісінің негізгі мақсаты – баланың білім игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіріп, шығармашылық қабілетін тәрбиелеп дамыту болып табылады. Баланың интеллектуалдық әлеуетін дамытудың жолдарын, құрылымын анықтау, психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық – әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарынан тыс қалмай, әр кезеңдегі ойшылдар мен ғалымдар “шығармашылық теориясын” жасауға деген өздерінің ізденістердің арнағаны белгілі. Бұл әрекеттер өзінің логикалық шегіне жетіп, толық зерттелді деп те айтуға болмайды. Ол заманның өзгерісіне орай нақтыланып отырады. Сондықтан шығармашылық педагогикасының негізгі мақсаты – бүгінгі күн талаптарынан туындаған бәсекеге қабілетті тұлғаның санасы мен рухани сапасын қалыптастыру және дамытуда тың жолдар мен шешімдер іздестіру болып табылады.

Көптеген психологтар оқушылардың жасы өскен сайын нерв жүйелерінің мүмкіндіктері кеңейіп, қалыптасып отыратындығын, бірақ оқушының дамуы үшін ең қажетті құнды қасиеттерінің біртіндеп жоғалып отыратындығын айта келіп, бала қабілетінің дамуы үшін ең орайлы кезеңді тиімді пайдаланып қалу қажеттігін ескертеді.

Оқушылардың жалпы шығармашылық қабілеттерінің құрамдас компоненттерін анықтауға арналған ғалымдар И.Л. Лернердің, А.Н. Луктың, В.И. Андреевтің, А.Л. Яковлевтің және т.б. еңбектері бар. Солардың ішінде А.Н. Лук шығармашылық қабілеттерді үш негізгі топқа бөліп қарастырады:

- 1) ынтасымен байланысты қабілеттер (қызығушылықтар және икемділік);
- 2) темпераментпен байланысты қабілеттер (көңіл-күй);
- 3) ақыл – ой қабілеттері [6].

Бұдан оқушы кез – келген іс – әрекет барысында жақсы нәтиже алу немесе белгілі қабілет түрін дамыту үшін алдымен осы іс – әрекетке, қабілетке деген оның қызығушылығы, ынтасы болу керектігін, олай болмаса нәтиже де төмен болатыны байқалады.

Балалардың ой – өрісін, ақыл – есін, зейінін, шығармашылық қиялын, байқағыштығын дамытуда математиканың маңызы зор. Сондықтан математика сабақтарында оқушыларға өздігінен жұмыс істеудің, білімін өз бетінше толықтырып, жетілдіре түсудің әдістерін үйрету қажет. Математика оқушылардың логикалық ой – өрісінің дамуына, олардың өз ойын қысқаша, дәл, анық және дұрыс айтып бере алуына нақтылы алғы шарт жасайды. Мұғалімнің міндеті – осы мүмкіндіктердің бәрін математиканы оқыту барысында толық пайдалану. Оқушының математика пәнін қаншалықты меңгергендігін олардың есеп шығара білу қабілетінен байқауға болады. Осыған орай мұғалім математиканы оқыту барысында бағдарлама талаптарына сай ұсынылған есепті шығару жолын барлық оқушы, өз беттерінше таба білетіндей етіп үйрету қажет.

Математика пәні оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін, ой-өрісін қалыптастырып дамытуды, математикалық тілдің элементтерін меңгертуді – “математикалық сауаттандыруды” басты мақсат етіп қояды.

«Математика және информатика» білім беру саласының негізгі ұстанымдық ерекшеліктерінің бірі – әрбір сабақта белгілі бір жүйемен берілетін және арнайы іріктеліп алынған логикалық жаттығуларды құрастырудың міндеттілігінің жүзеге асырылуы. Ондай материалдардың біразы оқушыларға әр алуан ойын түрінде, кейбіреулері стандарт түрде тұжырымдалмайтын жаттығулар ретінде, қайсыбірі практикалық немесе қызықты тапсырмалардың, ал біршама жаттығулар күрделірек немесе қиынырақ есептердің жиынтығы ретінде беріледі.

Бұл саланың бұрынғы математиканы оқыту бағдарламасынан айырмашылығы ықтималдықтар теориясының элементтері және статистика тарауы енгізіліп, ақпарат және ақпараттық модельдеу, ақпараттық технологиялар, ақпаратпен жұмыс, компьютермен жұмыс салаларының кеңейтілгені болып табылады.

Бұның өзі болашақ математика пәні мұғалімін даярлайтын мамандықтардың мемлекеттік стандартта қарастырылған тақырыптарды теориялық және әдістемелік тұрғыдан толық меңгеруіне қол жеткізуді қажет етеді. Сонымен қатар, болашақ мұғалімдердің құзыреттілігін жеткілікті деңгейде қалыптастырумен бірге, олардың оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін дамытудағы мұғалімнің кәсіби – дидактикалық құзыреттілігінің қалыптасуына да ықпалын тигізері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Барсай Б.Т. Болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін университеттік білім беру жүйесінде қалыптастыру: монография. – Атырау: "Атырау – Ақпарат" ЖШС, 2016. – 325 б.
2. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007. – 60 б.
3. Брушлинский А.В. Психология субъекта. – М., 2003.
4. Песталлоцци. Избранные педагогические сочинения. 1 кн. – М.: Педагогика, 1981.
5. Потоцкий М.В. О педагогических основах обучения математике: пособие для учителей. – М.: Учпедгиз, 1963. – 200 с.
6. А.Н. Лук. Мышление и творчество. – М., 1976.

ҒТАХР: 14.25.07

Ж.Ш. Байжуманова

№ 169 мектеп-лицей, Қазақстан, Алматы қаласы, bibianar.bayzhumanova.70@mail.ru

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ МЕНТАЛДЫ АРИФМЕТИКАНЫҢ БАЛАНЫҢ АҚЫЛ-ОЙ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Қазіргі таңдағы менталды арифметиканың әсерін анықтау бүгінгі күнде басты мақсат болып табылады. Соған байланысты осы салада бірнеше зерттеулер жүргізілді және әлі де зерттеулер жүргізілу үстінде. Менталды арифметиканың сан қырлы сырларын аша отырып, яғни оның танымдық процестерге әсерін, естің, зейін мен қабылдаудың, сол сияқты балалардың ақыл-ойының дамуына әсерін зерттеген жұмыстар сан алуан. Соның ішіндегі біздің басты бағытымыз ол ақыл-ойдың дамуы болып табылады. Шетелдік зерттеушілердің бірі, Стиглердің ғылыми жұмысына тоқтала кетейік.

Стиглер осы есепшоттар арқылы есеп шығару дағдысының Тайван провинциясындағы жүргізілген зерттеу жұмыстарын қарастырған болатын. Зерттелінушілер – бастауыш сынып оқушылары болды. Осы зерттеудің барысында келесідей сұрақтар қатарын қамтиды. Біріншіден, есепшотпен амалдарды орындаудың компетенттілігі қандай және ол ойша қалай жүзеге асады? Екіншіден, осы тұрғыда жиналған дағды баланың басқа аумақтарында когнитивті түрде қаншалықты жүзеге асады? Үшіншіден, дағдының қалыптасу мәні қандай және осы мәннің таралуы қалай жүзеге асады?

Стиглер зерттеуінің бірінші бөлігінде жалпы Тайван провинциясындағы есепшотты оқытудың қысқаша сипаттамасы, есепшотпен жұмыс істеу ерекшеліктері және осыған байланысты жүргізілген зерттеу жұмыстарына шолу жасалынады. Есепшотты оқытуда қытай балаларының ойша есеп шығаруына мүмкіндік беретіндей, когнитивті процесстерге сандық және сапалық эффектінің сипатын анықтау қарастырылады.

Келесі екі бөлігінде жаңа екі зерттеу жүргізілген, олар:

- 1) есепшотпен оқытуға баратын балаларды итермелейтін факторларды қарастыру және болашақтағы нәтижелеріне әсерін анықтау;
- 2) бірінші жүргізілген зерттеудің жетегіндегі функционалды байланыс шекарасынан шығып, есепшотпен жұмыс барысындағы компетенттілікті анықтау болып табылады [1].

Олардың алғашқы зерттеулері «интеллектуалды есепшоттардағы» есептеу компетенттілігіне арналған болатын. Интеллектуалды есепшоттармен есептеуді зерттеудегі қызықты жағдай мәдени ерекшеліктердің адамның тұлғасына және танымды әрекеттеріне әсерінің анықталуында болды. Осы зерттеуде екі мақсат көзделген:

- 1) қатысушылардың ойша есептеуін уақытқа және нақтылығын тексеріп тіркеп отыру;
- 2) интеллектуалды есептеудің табиғатын және оның ойда қалай жүзеге асатынын анықтау.

Келесі зерттеулер тізбегі Мәскеу қаласында жүргізілген мектепке дейінгі жастағы балалардың ақыл-ой деңгейін тексеруге бағытталған. Бұл зерттеудің басты мақсаты UCMAS менталды

арифметикалық мектебінің негізінде жасалған оқыту бағдарламасының, мектепке дейінгі жастағы балалардың ақыл-ой дамуына әсерін анықтау болатын.

Сол мақсатқа бағытталып 2016 жылдың наурыз айынан сәуір айына дейінгі аралықта, Маулешова Алияның жетекшілігімен жүргізілген зерттеудің Мәскеу қаласындағы СП ДОО № 983, ГБОУ 2103 мектебінде эксперимент жүргізілді.

Эксперименталды зерттеу бөлімінде мектепке дейінгі жастағы 58 бала (29 бала – эксперименталды топ, 29 бала – бақылау тобы) қатысты. Соның ішінде эксперименталды топтағы балалар қосымша UCMAS бағдарламасы бойынша менталды арифметикадан сабақ алған.

Жүргізілген зерттеуден келесідей қорытынды алынған болатын:

– менталды арифметиканы оқытуда қолданылатын оқыту әдісі, фотографиялық естің негізіне түзілген және қарапайым есептерді ойша, көзге елестету арқылы орындау, балалардың елестету процессін дамуына да барынша әсер етеді;

– бағдарламаға көркемдік-бейнелік ойлаудың қосылуы мектеп жасына дейінгі балалардың кез-келген ситуацияларда ерекше шешімдер табу мүмкіндігін арттырып, креативтіліктің икемділік және түпнұсқалық сияқты қасиеттеріне жағымды әсер етеді;

– менталды арифметика сабағының барысында мектепке жасына дейінгі балалардың зейінінің шоғырлануына, өзін-өзі реттей алуына, алға қойған мақсатына жете білудегі табандылығы тапсырмаларды сапалы түрде орындауына әсер етеді.

– мектеп жасына дейінгі балалардың креативті қабілеттерінің дамуында байқалатын динамика оның интеллектуалды және тұлғалық дамуына да үлесін қосады [2].

Өзінің бағыттылығына қарай менталды арифметика – бұл оқушылардың өзінің есеп шығаруына деген мотивациясы. Қысқа уақыт аралығында ойда есеп шығару техникасы елестету мен абакусты елестету арқылы күрделі амалдарды орындауға мүмкіндік береді. Оған қоса балада аналитикалық және шығармашылық ойлау, суреттік ес, зейіннің концентрация, реакция жылдамдылығы және қолдың моторикасының дамуы да байқалады. Қолдың қозғалғыштық функциясы адамның бас миымен тікелей байланыста, сол себепті баланың моторикасының дамуы оның сөйлеу зонасына, зейініне, логикалық ойлауына, есте сақтауына және интеллект деңгейіне де оң әсерін тигізеді. Менталды арифметиканы оқу барысында балалар есепті абакустағы сүйектерді қозғалту арқылы жүзеге асырады, яғни, бір уақытта кинестетика, логика және визуалды қабылдау қатар жүріп отырады. Бұл әдісті меңгергеннен кейін, балалар мидың екі жақ жарты шарын бір уақытта жұмыс істете отырып, логика мен елестету процесстерін қатар алып жүреді, сол арқылы стандартты емес әр түрлі ситуациялардан шығудың оңай жолын табуға мүмкіндік алады.

Бұл әдістің актуалдылығы мидағы екі жарты шардың да үйлесімді дамуында, ал дамыған ми бұл баланың мектептегі үлгерімінің артуына алып келетіні сөзсіз. Тез есептеу баланың миын кез келген деңгейдегі есептерді шығарып қана қоймай, осы қабілетті қарапайым өмірде де қолдана алуына мүмкіндік туғызады. Ал мәселені өз бетімен сәтті шеше алу қабілеті балаларға жеңіс қуанышын сезінуіне және кез келген қиындықтарды шешуге деген құлшынысын арттырады. Сол арқылы балалар өзінің өмірлік жолының алғашқы фундаментін де орнатады. Менталды арифметиканы оқытуда бастысы тек қана нәтиже емес, керісінше оқытудың процесі, яғни баланың абакус пен өзінің зейінін қолдана отырып нәтижеге жетуге деген құлшынысы мен қызығушылығы маңыздырақ [3].

Қазіргі таңда менталды арифметика 20 жыл бойы балаларды оқытуда әлемнің 56 елінде қолданылып отыр, солардың ішінде: Малайзия, Тайланд, Қытай, Канада, АҚШ, Ұлыбритания, Австрия, Испания, Австралия және Таяу Шығыс, ТМД елдерінде белсенді түрде оқытылса, ерекше танымалдылыққа Қазақстанда ие болып отыр. Тәжірибеге сүйенетін болсақ көптеген балаларда оқытудың нәтижесінде тек қана есептеу дағдысы ғана емес, зейіні, есте сақтауы, елестеуі және байқағыштығы да артқан. Оған қоса эмоционалды-еріктік қасиеттері (тәуелсіздік, нәтижеге жетуге деген батылдық, мінез-құлқын реттеу) бір уақытта дамиды. Мамандардың айтуынша, егер менталды арифметиканы оқытуда дұрыс бағыт бағдар, тұрғы қолданылған жағдайда мектепалды жастағы балалардың және кіші мектеп оқушылары ойша ондық, жүздік сандармен есептеуде таңғаларлық жетістіктерді көрсетеді.

Абакус менталды арифметика әдісі тек танымал ғана емес, оған қоса бұл әдіс арқылы бала интеллектісінің дамуын жақсартуға, есте сақтау қабілетін арттыруға, логикалық ойлауын, оқу қабілетін және елестету дағдысының жақсаруына да үлес қосуға болатыны жүргізілген зерттеулермен дәлелденіп отыр.

Осы зерттеулердің нәтижесіне сүйене отырып келесідей қорытынды шығарылған болатын. Неліктен Абакус Менталды арифметикасы баланың жан-жақты дамуына әсер етеді? Оның себептері келесідей болуы мүмкін.

1. Абакус менталды арифметикасы бойынша әдісті игере отырып, бала математиканың негізгі заңдылықтарын игеруге және сол арқылы тез есептеу дағдысын қалыптастыруына көмектеседі. Себебі арифметикалық компетенттілік – бастауыш сыныптағы математиканы оқытудың негізгі кілті болып табылады. Сондықтан да абакустың заңдылықтарын игере отырып, бала ойында бірнеше мультисандарды оңай есептеп, ондық, жүздік шамада есептерді шығара алатын болады.

2. “Ойлау қабілеттілігі”, яғни абакус әдісінің көмегімен баланың логикалық ойлау қабілетінің компетенттілігін арттыра алады. Психология тұрғысынан қарастыратын болсақ, біз білетіндей, бала қандай да бір сұрақты іс-әрекет арқылы шеше алады. Сол сияқты, баланың ойлау қабілеті сол абакуспен жұмыс істеудегі іс-әрекеттің көмегімен дамып отырады. Себебі оқушының есепшот арқылы сүйектерді жоғары не төмен жылжытуы да, баланың өзіне деген сенімділігін мен белсенділігінің артуына да септігін тигізеді. Екіншіден абакуспен есептеудің келесі ерекшелігі, баланың “жалпы дамуы” немесе “жеке дамуына” қарамастан үш процедурадан өтеді: “интуитивті ойлаудан туындайтын іс-әрекеттер” → “ойлау арқылы елестету” → “абстрактілі логикалық ойлау”. Міне, осы тізбек арқылы баланың “интуитивті ойлауын”, “елестету арқылы”, “логикалық ойлау қабілетін дамытуы”, менталды арифметиканың басты міндеті болып саналады. Ал осы міндетті орындауда абакус есепшотының маңызы зор екені бірнеше зерттеулер қатарымен дәлелденіп отыр [4].

Пайдаланған әдебиеттер

1. Liu Lizhu, Fan Kaihui and Dai Lanyu etc.: The Effect of Learning of Abacus Mental Arithmetic on Children’s Reading Ability, copy from Abacus Computation, the 5th periodical of 2001, page 25.
2. Сырланова С.Т. Международный Форум педагогов-инноваторов «Современные технологии обучения и воспитания в образовательном процессе»
3. <http://www.mentalarithmetic.pro/index.php/abakuesuen-tarihcesi>
4. Mr. Wu Yanhua Abacus Mental Arithmetic System can promote All-round development of students, Changchun Beilesi Kindergarten, Changchun, Jilin Province, China. <http://www.ucmas-usa.com/wp-content/uploads/2011/04/Yanhua.pdf>

ҒТАХР: 14.25.09.

Т.М. Бекишева

С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп,
Қазақстан, Семей қаласы, tolkin.bekishova67@mail.ru

ШЕТ ТІЛІН АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жыл сайын мемлекетіміз білім беру саласына айтарлықтай көңіл бөліп отыр, дегенмен де, білім сапасы туралы сөз болғанда қиындықтар туындап жатады. Әрине, білім сапасы ең алдымен ауылдық жерлерде, ауыл мектептерінде қала мектептеріне қарағанда төмен болып жатады. Бәрімізге белгілі әрбір жеткіншектің болашақтағы білім мен біліктілік деңгейі мектеп қабырғасындағы оқу үлгеріміне байланысты. Сонымен қатар халықтың арасында қала мен ауыл балаларының білім деңгейін өзара салыстыру да жиі байқалады. Сондықтан бүгінде қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білімнің сапасын реттеу мәселелері өзекті болып отыр.

Жалпы, ауыл мектебі – нағыз қазақ балаларын қазақи тәрбиеге, кәсіпке, адамгершілік қасиеттерге баулитын мемлекеттік мекеме. Ауыл мектептерінде білім алатын балалар ауылдың тыныс – тіршілігін, табиғатын жандарына жақын тарта, оқуларымен байланыстыра білім алады. Мұндай тығыз байланыс балалардың көзқарастарын өзгертіп, жан байлықтарын толықтыра түсетіндей.

Президентіміз Қасым – Жомарт Тоқаев білім саласына арнайы тоқтала отырып, білім сапасы туралы былай деп атап көрсеткен болатын: «Қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасы алшақтап барады. Негізгі мәселе – ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығы». Сондай-ақ мемлекет басшысы қала мен ауыл мектептері арасындағы білім сапасының алшақтығын жою, «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасының аясын кеңейту, оқушылардың қабілетін айқындап,

кәсіби бағыт-бағдар беру, дарынды ауыл жастарын іріктеп, отандық және шетелдік жоғары оқу орындарына дайындау, оқушыларды сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету бағытында да нақты тапсырмалар берген болатын. Расымен де, қазіргі уақытта ауыл мектептерінің жағдайы, ондағы білім берудің сапасы көп жағдайда сын көтермейтіні белгілі.

Бұған не себеп?

Салыстырып қарайтын болсақ:

– Біріншіден, қалалық мектептермен салыстырғанда ауылдық мектептердің материалдық-техникалық базасының әлсіздігі;

– Екіншіден, компьютерлік техникамен қамтамасыз етілмеуі мен интернеттің баяу істеуі, я болмаса, мүлде болмауы;

– Үшіншіден, тәрбие процесін ұйымдастыруда білім саласындағы заңнама талаптарын сақтау деңгейінің төмендігі;

– Төртіншіден, пәндер бойынша педагог кадрлардың тапшылығы негізгі себептер болып отыр.

Қазір ауыл мектептерінің материалдық -техникалық базасын күшейту, ауыл мектептеріндегі педагог кадрларға тапшылықты жою – басты мәселе ретінде қарастырылып отыр. Себебі, оқушылардың білім сапасын арттыру, ең алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, оқушылардың оқу іс-әрекетін педагогикалық сауатты ұйымдастыра білуіне байланысты.

Оқыту теориясы қаншалықты дамытылғанымен, оқу бағдарламасы қаншалықты жетілдірілгенімен, оқулық пен оқу құралдарының сапасы барынша жақсартылғанымен, мектеп керекті оқу құралдарымен керегінше жабдықталғанымен, оқу процесінде осының баршасына жан бітіріп, іске қосатын, оларды оқушылардың бақылау, байқау, зерттеу, оқу, үйрету тағы сол сияқты іс-әрекеттер объектісіне айналдыратын кілт-мұғалімде.

Ауыл мектебінде бір мұғалім физика, әдебиет және музыканы қатар оқытатын жағдайлар да кездеседі.

Екіншіден, ақпараттық-коммуникациялық технология қолжетімсіз. Өйткені ауыл мектептері толықтай интерактивті құрал мен жабдықталмаған. Оған интернет сапасының көңіл көншітпейтінін тағы қосып айтуға болады. Ауылдағы интернет жылдамдығы оқушы мен ұстаздарды әлі күнге әуре етпекеледі. Тіпті шет ауылдарда интернет тұрмақ, байланыс та істемейді. Соның салдарынан мұғалімдер мен оқушыларға kundelik.kz, BilimLand сияқты электронды платформаны пайдалану қиын.

Мектептерде сабақ барысында әр пәннің өз ерекшелігіне байланысты қажетті құралдары бар. Мысалы, математика, физика, химия, информатика деген пәндерді оқыту барысында міндетті түрде АКТ технологияларының көмегі ауадай қажет. Сонымен қатар лабораториялық жұмыстарға да құрал – жабдықтар толығымен жетіспей жатады немесе ескіріп, пайдалануға жарамсызданып қалғандары да бар.

Тіл сабақтарына келетін болсақ, тіл сабақтары көбінде аудио, видео, кино – фильмдермен байланысты өткізуді қажет етеді. Мысалы, ағылшын пәні сабағында бізге кітапта мәтіндерге сілтеме ғана беріліп тұратын тақырыптар өте көп кездеседі. Сол кезде интернеттің жылдамдығына байланысты немесе интернеттің бір жерлерде ұстап, бір жерлерде ұстамауына байланысты тақырыптарды өткенде қиналып қаламыз. Осындай жағдайда оқушылар қалай білім алады. Бір тақырыпты түсінбей қалса немесе тақырыптан қалып қалса әрі қарай баланың білімі ақсап қалатыны белгілі.

Қазіргі ағылшын тілі оқулықтарында QR код – пен оқу немесе тақырыптарды өту деген де кездесіп жатады. Сондай кезде оқушылар тағы да интернетке байланысты қиналып жатады. Немесе технологиялық жабдықтардың жетіспеуі де қиындық тудырады.

Сонымен қатар, бізде мысалы, ағылшын тілі сабағына келетін болсақ, жоғарғы сыныптарда ағылшын тілі оқулықтары өте күрделі жазылған. Ондағы тақырыптарда өте күрделі, баланың қабылдауына қиын болып келеді. Жалпы, салыстырмалы алатын болсақ, оқулықтағы тақырыптар жоғары оқу орындарына арналған тақырыптар. Сабақ барысында оқушылар тақырыптарды түсіне алмай, қабылдай алмай жатады. Жаңа оқулықтар көбінде ғылыми тілмен жазылған. Кітаби тілмен жазылса, оқушылардың түсінуіне де оңайырақ болар еді.

Бәріңізге белгілі мектептерде оқушылардан бір бөлімді біткен соң және тоқсан соңында БЖБ, ТЖБ аламыз. Сол кездерде тыңдалым, оқылым деген бөлімдер болады. Интернеттен ақпарат ізде деген де тапсырмалар кездеседі.

Сондай кездерді тіпті есепке алған өте дұрыс деп ойлаймын. Бала ағылшын тілін тыңдау, сойлесу, оқу арқылы тез меңгереді.

Міне, осындай қиындықтар мен мәселелер туындап жатқанда ауыл мектептеріндегі білім сапасын қалай көтере аламыз?!

Бұдан басқа тағы бір мәселе, педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігі. Ауылдық жерлерде көптеген ұстаздар оқу орындарын сырттай бітіріп келіп, сабақ беріп жатады. Кейде ойлаймыз, сырттай оқып балаға қандай және қалай білім бере алады деп. Осыдан кейін ауыл мен қала баласының шет тілін меңгеруі де екі түрлі болатыны айдан анық.

Шындығына келетін болсақ, ауыл балалары өте талантты. Жазуға, ойын жеткізуге шебер. Сабақты бар ынтасымен тырысып оқиды. Бірақ орыс және ағылшын тілдерінен қатты қиналады. Неге? Оған бірнеше себепті атауға болады.

Біріншіден, ауыл мектептерінде ағылшын мұғалімдері жетіспейді, ал оқу орындарын бітіріп жатқан жас мамандар қалада қалуға тырысып жатады.

Екіншіден, оқушылар бір – бірімен тек қазақша сөйлесіп, араласады. Орыс тілі, ағылшын тілі дегеніміз сол мектепте, сыныпта қалып қояды. Ал қалада орысша да, қазақша да сөйлеседі. Барлығы ортаға байланысты. Сонымен қатар қаладатіл үйрететін көптеген кружоктар, курстар бар.

Сондай-ақ, қалада кітапхана, мұражай мен танымдық деңгейді көтеретін орталықтар бар. Ал ауыл мектептерінің барлығында мұндай мүмкіндіктер бола бермейді.

Негізі, мемлекет тарапынан ауыл мектептерінің барлығына компьютерлер мен кеңсе техникасы жеткізіледі деген жоспар болған. Ең бастысы, интернет жылдамдығы баяу мектептерге қосымша сымсыз байланыс құралдарын орнату көзделген. Алайда осы жобаның бірде-бір бағыты бойынша конкурс жарияланбаған. Компьютерлер мен интернет құралдарын сатып алуға қатысты техникалық тапсырма да әзірленбепті. Осыдан-ақ ауыл мен қала білімін теңестіруге бағытталған ауқымды жобалар ауылдарға жетпегенін аңғаруға болады.

Бүгінгі таңда мемлекетіміздің алдына қойған басты мақсаттарының бірі – ауыл мектептеріндегі білім сапасын көтеру. Қала мен ауыл мектептеріндегі білім сапасын теңестіру. Сол себепті “Дипломмен ауылға” бағдарламасы бойынша берілетін қаржы мөлшері өсіп, көптеген жас мамандар үшін мүмкіндіктер туғызуда.

Басты мәселе ауыл мектептеріндегі жағдайды жақсарту, оқушылар мықты білім алу үшін бар жағдайды жасау.

Сонымен қатар «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы «Ауыл мектептері» жобасын мемлекет басшысымен бірге саралап, жүзеге асыруда. Мақсаты: ауылдағы орта білім берудің сапасын арттырудың жалпы ұстанымдары мен мүдделерін айшықтау, ауылдық мектептерге әдістемелік көмек көрсету. Барлық ауыл мектептерін жоба қамтыса, онда ауылдағы білім сапасы мен саналы тәрбие беру ісі оңалар еді. Осы жоба аясында біршама жұмыстар атқарылуда. Осы білім ордасындағы тәжірибені енгізу мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру, сабақты зерттеу, тақырыпты бірлесе ашуға түрлі курстар ұйымдастырылуда.

Осы кедергілерді жойып, ауыл мектептерін жандандыру жастардың қолында. Мемлекет тарапынан ауыл мектептеріндегі білім беретін жас мамандардың жағдайын жасауға көп көңіл бөлініп, оларға барынша көмек көрсетілуде.

Дегенмен де, ауыл мектептерін АКТ технологиялық құралдарымен жабдықтау бірінші орында. Себебі, оқушылар бәсекеге қабілетті ұрпақ болуы үшін жаңа технологияларды таза, жоғары деңгейде білуі қажет.

Сонымен қатар ұстаздар да жаңа технологияларды жоғары деңгейде меңгеруі керек. Ұстаз білімді болса, сол ұстаздан тәрбие алған, білім алған шәкірт те білімді болары хақ.

Қорыта айтқанда, “Ауылдың амандығы – елдің амандығы”, – дегендей ауылдың да, қаланың да білім дәрежесін, әлеуетін көтеретін, дананы да, ғалымды да, болашақ елбасында тәрбиелейтін ол – ұстаз. Осыған орай, жастарымызды ауылға тартып, ауыл мектептеріндегі мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру шаралары мен оқушылардың білім сапасын арттыру мемлекетіміздің алдындағы негізгі міндеттің бірі болып қалып отыр.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Егемен Қазақстан, 2021.
2. «Ауыл мектептеріндегі білім сапасының негізгі мәселелері» конференция материалдары, 2022.

Л.Б. Габдуллина

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті, lazzat_0610@list.ru

ШЕТЕЛДЕ БІЛІМ АЛУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

Жақсы білім көптеген жастардың болашағын анықтайтын ең маңызды инвестициялардың бірі екені даусыз. Бүгінде көптеген адамдар шетел университеттерінде білім алуды армандайды және шетелдік дипломды алу арқылы әлемнің кез келген елінде бас айналдыратын мансап құруға апаратын барлық жолдар бірден ашылатынына сенеді. Бұл шынымен солай ма? Бұл мақалада шетелде оқудың барлық артықшылықтары мен кемшіліктерін қарастыруға тырысамыз.

Шетелдік білімнің артықшылықтары:

1. Білім мен дайындық деңгейінің жоғары болуы. Шетелде білім алудың маңызды себептерінің бірі екені сөзсіз. Батыс елдеріндегі университеттер барлық рейтингтердің алдыңғы қатарында екенін бәрі біледі. Әрине, Стэнфордқа, Гарвардқа, Оксфордқа, Кембриджге түсу өте қиын, тек санаулы ғана талапкерлер оқиды. Бірақ ТОП-500-ге кіретін университеттердің өзі (көбінесе біздің студенттер осы ЖОО-на барады) жоғары білім деңгейімен ерекшеленеді: олар оқуға қажетті барлық ресурстарды, соңғы үлгідегі зертханалар мен кітапханаларды, маңызды компанияларда тағылымдамадан өтуді және көптеген практикалық тәжірибесі бар оқытушылардан білім алуды ұсынады. және тек теориямен шектелмейді (отандық ЖООда теориялық білім басым). Бүгінгі күні АҚШ пен Еуропадағы оқу орындарын дүние жүзі мойындаған. Еуропа елдерінің университеттерін тәмамдаған мамандарды әлемнің кез келген жерінде «қолды-аяққа тигізбей» алуға дайын.

2. Беделі мен болашағы. Шетелдік дипломдар дүние жүзінде сұранысқа ие екені жасырын емес. Олар кез келген түйіндемеге салмақ беріп, өз елінде ғана емес, шетелде де ірі компанияларда жақсы орын алу мүмкіндігін арттырады. Әдетте, шетелдік оқу орындары жетекші әлемдік компаниялармен тығыз ынтымақтастықта. Осы өзара әрекеттестіктің арқасында студенттер Boeing, Yahoo! және BBC, Microsoft және Amazon.com. және т.с.с. белгілі компанияларда тағылымдамадан өте алады, мұнда әрбір адам болашақ жұмыс берушілердің алдында өзін көрсете алады. Студенттердің көпшілігі тәжірибе біткенде кәсіпорында жұмыс істеуге қалды. Шетелдік университеттердің түлектері 88% жағдайда оқу орнын бітірген күннен бастап алты ай ішінде оңай жұмыс табады. Білім алған елде қалу өте қиын екені сөзсіз, мигрант студенттерді бәрі бірдей қабылдамайды, бірақ Австралия сияқты ашық иммиграциялық саясатты ұстанатын елдер бар.

3. Халықаралық қарым-қатынаста тәжірибе жинау, дүние жүзіндегі байланыстар және өз ой-өрісін кеңейту. «Бір ғана біліктілік сізге жұмыс әкелмейтінін әрқашан есте сақтаңыз. Сіздің қолыңыздағы байланыстар сізге жұмыс береді», – дейді, Дэвид Винсор, Германиядағы Еуропалық бизнес мектебінің бизнесті дамыту жөніндегі менеджері. Халықаралық қарым-қатынаста тәжірибенің болуы жаңа мәдениеттермен танысуға және жаңа достар табуға ғана емес, сонымен қатар қажетті халықаралық кәсіби байланыстарды орнатуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, көптеген шетелдік университеттердегі көпұлтты студенттік ұжымының арқасында тілді жетілдірумен қатар, кем дегенде тағы бір шет тілін меңгеруге болады.

4. Өз елінде оқытпайтын мамандықты игеру. Қазіргі уақытта Қазақстан экономикалық даму бойынша Еуропаның алдыңғы қатарлы мемлекеттерінен әлі де артта қалып келеді. Шетелде бизнес-үдерістерге, мультимедиялық, IT-технологияларға, энергетикаға байланысты мамандық ала отырып, сол арқылы отандық өндірістерді дамытып, өзінің жеке ғылыми базасын қалыптастыруға болады.

5. Өмірге және тәжірибеге бағытталған білім. Егер Қазақстанда студенттер негізінен теориялық негіздер алса, шетелде білім практикалық және өз саласында білімді мамандарды шығаруға бағытталған. Шетелдік университеттер мемлекетке нақты, практикалық пайда әкелуге бағытталған. Мұнда оқушының білімі ғана емес, сонымен қатар, оның іскерлігі, алған білімін өмірде қалай қолданатыны бағаланады. Атап айтқанда, студенттер аймақтарды дамыту бойынша жоспарлар әзірлейді, үздік бизнес-жоспар байқауларына қатысады және ақшалай түрде сыйлыққа иелене алады.

Шетелде оқудың кемшіліктері:

1. Оқудың бағасы. Айта кетерлігі, беделді шетелдік университеттерде білім алуды кез келген адамның қалтасы көтере бермейді, тіпті студент оқу құнын ішінара өтейтін шәкіртақы алса да, тұру, тамақ, көлік, т.б. шығындары өте қымбат. Шетелде тұру құны жоғары, студенттердің көпшілігі кем дегенде жеке шығындарын жабу үшін қосымша табыс көзін іздеуге мәжбүр, өйткені ата-аналардың

көбінесе тек оқу ақысын төлеуге мүмкіндігі болады. Студенттің ата-анасының мойнында отырғысы келмей, оқуы мен тұру ақысын өзі төлегісі келсе де мұны істеу өте қиын, тіпті мүмкін емес. Сонымен қатар, жұмыс пен оқуды біріктіру өте қиын, бұл білім сапасына, бағаларға әсер етуі және үлгерімнің төмендеуіне әкелуі мүмкін, бұл өз кезегінде мәселелерді одан әрі көбейтіп, жағдайды ушықтырып жіберуі мүмкін (мысалы, визаны ұзарту, қосымша шығындар). Қай оқу орнын, қай мамандықты таңдағанына байланысты шетелде оқудың орташа құны жылына 18-70 мың долларды құрайды.

2. Құжаттар мен қағазбастылық. Шетелдік ЖОО-ға түсу үшін құжаттар пакетін мұқият дайындау қажет. Қабылдау комиссиялары ұсынылған әрбір қағазға үлкен мән береді, өйткені бұл құжаттар арқылы комиссия өкілдері студент туралы барлық мәліметтерді білетін болады. Сонымен қатар, виза алуда жиі қиындықтар туындайды, өйткені университетке түсу деген елден кетуге рұқсат беру үшін кепіл болмайды.

3. Арақашықтық және бейімделу. Шетелде оқудың бірінші жылы кез келген адам көтере бермейтін сынақ. Көптеген студенттерде депрессия пайда болады, олардың кейбіреулері оқуын аяқтамай оралады (бірақ көпшілігі үйренеді). Шет елде, менталитеті басқа, салт-дәстүрі бөтен адамдармен бірге болу, олардың ортасында өзіңізді табу өте қиын. Тілдік кедергі, мүлде басқа білім беру жүйесі және қойылатын талаптардың жоғарылығынан кейде еңсеру қиын болатын шокқа түсуі мүмкін.

4. Жоғары оқу орнын таңдаудағы қиыншылықтар. Кейде мектеп түлегі өз облысындағы немесе қаласындағы оқу орнын таңдау қиынға соғады. Шетелдік оқу орнын таңдау мүлде қиыну Оның үстіне оқуға қабылдау үдерісін оқу орындарының талапкерге қойған талаптарыда қиындатады.

5. Тілдік тәжірибенің болмауы немесе тілді білмеуі. Бұл фактор оқуға түсу және білім алу үдерісін айтарлықтай қиындатады.

Қазақстанда білім көші-қоны туралы нақты деректер жоқ, өйткені статистикада тек республикалық бюджет есебінен шетелде оқитын студенттер ғана ресми есепке алынған. «Болашақ» бағдарламасы бойынша 2022 жылы 1055 шәкіртақы бөлінді. Өз қаражатына немесе халықаралық стипендиялар мен шет мемлекеттер бөлген квоталар есебінен оқуға кеткендерді есепке алу қиынырақ. Дегенмен, түлектер арасында барынша танымал аймақтарды бөліп көрсетуге болады: бірінші орында Ресей (40 мың-70 мыңға жуық студент), екінші орында Қытай (әртүрлі дереккөздерде студенттер саны 12-ден 20-25 мың адамға дейін өзгеруі мүмкін). Одан кейін АҚШ, Чехия, Ұлыбритания. Басқа елдердің үлесі әлдеқайда аз, дегенменен 2021 жылы олардың тізімі кеңейтілген: енді қазақстандықтар Венгрия, Польша, Қытай, Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан, Украина, Словакия, Әзірбайжан және Вьетнамда тегін оқи алады. 2020-21 жылдары бұл елдерде барлығы 1500-ге жуық қазақстандық білім алды.

Қазір Германияның, Қытайдың, Кореяның, Нидерландының, Чехияның, Швецияның және Жапонияның танымал университеттері ұсынатын шәкіртақыға бәсекеге түсуге мүмкіндік бар. Бірақ бұл университеттерге түсу үшін тіл білімін растап, емтихан немесе мамандық бойынша зерттеуден өту керек.

Жоғары оқу орындарына келетін болсақ, жастардың басым бөлігі Үздік-500 әлемдік рейтингтің ішінен университеттерді, яғни бизнес, экономика, қаржы және ақпараттық технологиялар салаларындағы орта деңгейлі университеттерді таңдайды. Әрине, әркім ең танымал университеттерге түсуді қалайды, бірақ үздік университеттерде талаптар өте қатаң, бәсекелестік үлкен және оқу ақысы жоғары, сондықтан ол жерге санаулы адамдар ғана түседі. Дегенмен, тіпті орта деңгейдегі жоғары оқу орындарының өзі білім берудің керемет сапалы деңгейін қамтамасыз ететінін атап өткен жөн.

«Стратегия» әлеуметтік-саяси зерттеулер орталығы» қоғамдық қоры жүргізген зерттеуіне сәйкес, әлемдік деңгейде де орын алып жатқан бірқатар факторлармен қатар, елдің ерекшеліктеріне байланысты бірнеше қорытынды жасауға болады.

Ең маңызды қорытынды, білім көші-қоны мен шетелде білім алу – бүкіләлемдік, жаһандық үдеріс, бұл жерде ешқандай жаңалық жоқ. Өз елдерінен тыс жерде білім алатындардың саны жыл сайын артып келеді. Мүмкін енді бұл үдерістерге қашықтан оқытудың өсуі әсер ететін шығар. Бірақ тұтастай алғанда, барлығы білім беру тек жекелеген елдің егемендік құқығы емес екенін көрсетеді. Шекарасы ашық, емін-еркін кіріп-шығатын елдерде талапкер өзіне қажетті бағдарламалартауып немесе шетелде оқу мүмкіндігін иелене алады. Қазір қазақстандық студенттер әртүрлі бағалаулар бойынша, шамамен 100 мың адам, бұл үдеріске әртүрлі деңгейде қатысуда.

Қазақстандық студенттердің шетелге оқуға түсуінің негізгі себептері екі түрлі факторларға негізделген: **итермелеуші және тартушы.** Сонымен, Қазақстанда сауалнама нәтижелері бойынша **бірінші орынға итермелеуші факторлар шығады.** Сонымен қатар, олар **беделді-имидждік**

факторлар болып та саналады. Сауалнамаға қатысқан көптеген студенттер отандық білім беруді «нашар» деп санайтындарын айтты. Олардың пікірінше, бұл жоғары стандартты қамтамасыз етпейді. Сонымен қатар, қазақстандық университеттердің көпшілігі әлемдегі ең танымал және беделді университеттердің тізіміне кірмейді. Бұлардың барлығы итермелейтін факторлар деп аталады. Оның үстіне, **олар стереотиптік, қате пікірлер.**

Өйткені, 2021 жылдың нәтижесі бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемдік рейтингте қазақстандық университеттер арасында көш бастап тұр. Бұл ретте білім ошағы 175-орынға жайғасты. Ал Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан Гумилев атындағы университет 328-ге көтерілді. Қазақстандық жоғары оқу орындары арасында 482-орынға ие болған алғашқы үштікті Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті аяқтады. 14 қазақстандық университет жыл сайынғы **QS World University Rankings 2021/2022 рейтингіне** енді. Көп жағдайда қазақстандық жоғары білім әлемдік деңгейге сай емес деген пікір қандай да бір сараптамалық бағалаудың немесе рейтинг негізінде емес, ата-ана мен жақын ортаның пікірінің әсерінен қалыптасады.

Сондай-ақ **тартымды факторлар имидждік-беделдік пайымдаулар тұрғысында** қалыптасатыны белгілі болды. Шетелдік білім отандық қарағанда жақсы деп саналады және шетелде диплом алу ел ішінде де, одан тыс жерде де үлкен мүмкіндіктер береді деп саналады. Студенттеріміз оқитын университеттерді талдағаннан кейін, оларды ең ірі және «ең керемет» университеттердің рейтингтермен салыстырғанда **мынадай қортынды жасалды: Қазақстандық студенттердің басым бөлігі шетелде ең беделді және рейтингі жоғары оқу орындарында оқымайды.** Бұл әсіресе Қытайдың оқу орындарына қатысты – олар негізінен ешқандай рейтингтер мен тізімдерге қосылмаған. Сапа мен «рейтинг» формальды, субъективті себеп болып табылады. Ал түптеп келгенде жасалған таңдауға қарасаңыз, бұл оқу орындары отандық университеттерге қойылған талаптарға сай емес. Қайта отандық оқу орындарының беделі мен білімі олардан жоғары.

Егер оқуға баратын елдер тұрғысынан қарасақ, онда бұлтаңдау факторлардың **екінші түрі - көші-қонға бағытталған.** Яғни, таңдау мотивтерінің ішінде адамдардың тұрақты тұруға дайын екендігін көрсететін факторлар бар және шешім отбасы деңгейінде қабылданады, ал баланы университетке қабылдау көшуге алғашқы қадам болып табылады. Көбінесе бұл ресейлік бағыт болып табылады. Тағы бір санат-олар шетелде жұмыс істегісі келетін, танылғысы келетін, қаржылық жағдайын жоғарлатқысы студенттер, магистранттар мен докторанттар. Олар кейінірек Қазақстанға ораламыз деп ойлайды. Бірақ бұл жағдайларды **көші-қонға бағытталған деп те** жіктеуге болады, өйткені бұл адамдардың арасында білім алған шетелде ұзақ жылдар тұрып қалып, жұмыс тауып, Қазақстанға бірнеше ондаған жылдар өткен соң оралатын, немесе мүлде оралмайтындар бар.

Білім алатын елді таңдауға әсер ететін **факторлардың үшінші тобы-қаржылық-экономикалық.** Сауалнамаға қатысушылар бұл елдерде оқу ақысы төмен немесе мүлде тегін екенін, жақсы гранттар мен шәкіртақылық бағдарламалар ұсынылатынын және оқитын елдің қымбат еместігін атап өткен. Бұл көбінесе Шығыс пен Батыс Еуропаны салыстыруға қатысты. Шығыс Еуропа елдерінде оқитын студенттер үшін еуропалық білімнің бағасының төмен болуы өте маңызды фактор болып табылады. Дәл осы тұрғыдан Қытай, сондай-ақ Сібірде орналасқан ресейлік қалалар тартымды. Сонымен қатар шетелдік университеттер жақсы, қолайлы өмір сүру үшін жағдайлар ұсынады, яғни көп студенттерді қабылдауға және оларға қызмет көрсетуге бағытталған жатақханалар, кампусстар және барлық қолайлы инфрақұрылымдардың болуы.

Жеке фактор – **сыбайлас жемқорлық.** Бұл екі жағдайда атап көрсетілді. Біріншісі, отандық жоғары оқу орындарына түсу кезінде сыбайлас жемқорлықтың бар екеніне сілтеме жасағандар көп болған, бірақ нақты мысал келтірілмеген. Екінші үлкен мәселе – жұмысқа орналасу мен мансаптық өсудегі сыбайлас жемқорлық. Жоғары білім деңгейінің өкілдері (магистратура, докторантура) бұл бағытты саналы түрде айтқан. Білім алушылар жақсы дипломмен – еуропалық, америкалық, ресейлік дипломмен өз отанымызда жұмыс табуға болады, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық жоқ, шетелде де жұмыс табуға болады деп есептейді.

Қазақстанда балалардың оқуға түсуі туралы шешімді кім қабылдайтынын және оның қалай жұмыс істейтініне қарасақ, балаға шетелдік білім беру бағытын таңдауда ата-аналар маңызды рөл атқарады және олардың пікірі ең маңызды болып табылады. Сонымен қатар- ата-әжелер. Олар зейнетақы алады, тұрақты табысы бар, олар оқуға ақша жинайды, сондықтан, ел ішінде университет таңдауға қатысты қандай да бір ұсыныстар жасайды. Ата-аналардың шешім қабылдауының ең айқын көрінісі -Қытайға қатысты. Шынында да, бұл біз үшін біршама ерекше ел және ол туралы шешім қабылдау оңай емес. Ал таңдаудың бір себебі, көбінесе ата-аналарының өздері Қытаймен бизнеспен байланысты, олардың қытайлық серіктестері бар, соған сәйкес балалары үшін де осы бағытты таңдаған. Ресейге келетін болсақ, талапкерлер негізінен өз бетінше шешім қабылдайды, өйткені олар

бұл елді мәдени және тілдік ортасы ең жақын жер деп есептейді және тұруға-оқуға бейімделу тұрғысынан аса бөтенсімейді. Мұнда талапкердің жеке таңдауы басым болады, ал ата-аналар тек қолдау көрсетеді. Америкалық білімге қатысты шешімде ата-аналар шешуші рөл атқарады, өйткені бұл «Болашақ» және басқа да мемлекеттік бағдарламаларға қатысы болмаса, үлкен қаржылық шығындарға әкеледі, студенттерге үйден көмектесу керек болады.

Жалпы, талапкерлердің басым көпшілігі университет пен елді таңдау туралы шешімді өздері қабылдағанын айтады. Дегенмен, қаржылық мәселелер талапкер өтініш берген елдің ұсынатын шарттарымен тікелей байланысты. Егер оқу ақысыз болса және тұру арзан болса, онда бұл тиімді және бала мен ата-ананың пікірлерінің бір жерден шығуына әсер етеді.

Батыс елдеріндегі білім беру жүйесі біздің студенттер үйренген отандық білім беру жүйесінен айтарлықтай өзгеше. Шетелдік жүйенің басты қыры – ұстаздар шәкірттің артынан жүгірмейді, жеңілдік жасалмайды, әркім өзі үшін жауапты. Сөзсіз, бәрі адамға – оның ұмтылысына, мақсатына және жолдағы барлық қиындықтарды жеңе білуіне байланысты.

Қорытындылай келе, шетелде оқудың артықшылықтары да бар, кемшіліктері де аз емес деп айта аламыз. Бірақ, басқа елде оқу туралы шешім қабылдағанда, сіз көптеген қиындықтар мен сынақтарға психикалық тұрғыдан дайын болуыңыз керек. Сіздің оқуыңызға саяси-әлеуметтік-экономикалық факторлар, халықаралық жағдайлар, яғни сіз әсер ете алмайтын сыртқы факторлар ықпал етуі мүмкін. Туыстар мен үйден алыс – сізді ешкім күтпейтін жерде, менталитеті басқа және әр адам өзі үшін жүретін жерде – сізге көп оқу керек (және көп жұмыс істеу), ешкім сізге жеңілдік жасамайтын жерде - сіз өзіңізге және өз әрекеттеріңізге жауапты болуыңыз керек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Порядок направления на обучение за рубежом в рамках международных договоров и соглашений / Электронное правительство Республики Казахстан (egov.kz)
2. 14 казахстанских вузов вошли в рейтинг лучших учебных заведений мира / informburo.kz
3. За дипломом – за границу: куда и почему уезжают учиться из Казахстана (ia-centr.ru)
4. Бесплатное обучение за рубежом для казахстанцев. – Muzzechia.kz

ГТАХР: 14.25.09.

Л.А. Готман

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті, liza_semei@mail.ru

ШЕТЕЛДЕГІ МЕКТЕП ПЕН ЖОО АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты-бәсекеге қабілетті маман дайындау. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Қазақстандық жалпы орта білім беретін мектеп соңғы жылдары өзінің келбетін өзгертті. Білім беруді жаңарту жүйесін қолдайтын нақты қадамдар жасалды. Олардың ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының әзірлену және енгізілуі, кредиттік технология негізіндегі үш сатылы жоғары білім моделінің енгізілуі, білім сапасын бағалау критерийлерін әзірлеу жөнінде жұмыстар басталды. Бірақ қол жеткен жетістіктер адам капиталының дамуы мен орнықты экономикалық өсуді толық қамтамасыз ете алмайды. Осыған сәйкес дамыған елдердің білім жүйесін қолдана отырып білім беру мазмұнындағы жетілдірілген моделдердің жасалуы, білім беруді басқарудың тиімді тәсілдерін іздестіру, жаңа білім технологияларының енгізілуі, оқытудың дәстүрлі өнімсіз стилін ығыстырып, оқушының танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін жаңа дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшуі – терең және белсенді кәсіби бағдар берудің ерте жастан басталуы және білім ұйымдарының оқушыны әлеуметтендірудегі рөлінің арттыру жұмыстары қолға алынуы тиіс. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагог қауымның ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялар мен жаңа жүйелермен жұмыс жасай отырып еліміздің білім рейтингісі мен тартымдылығын арттыруға ат салысуы тиіс

Өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға дайындау ең негізгі мақсат болып табылады.

Қазақстанның білім беру жүйесінің даму деңгейіне кері ықпал ететін мынадай факторлар қалып отыр:

1. Білім мазмұнының оқушының оқуға қызығушылығын төмендететін және денсаулығына кері ықпал ететін ақпараттық сипатының басымдығы.
2. Орта білім беру жүйесінде диагностикалық мақсаттылықтың болмауы.
3. Білім берудің жеке тұлғаның дамуына емес, формальды нәтижелерге бағдарлануы.
4. Оқу жетістіктерін бағалауда оқушыны қызықтырмайтын, шынайылықты қамтамасыз етпейтін және қиындық тудыратын жағдайға душар ететін жүйенің сақталуы.
5. Жасөспірімдердің тұлғалық, азаматтық және адамгершілік қасиеттерінің жеткілікті дамымауы, өзін-өзі кәсіби анықтау мотивтерінің болмауы, өзіндік қызығушылығы мен өмірлік жоспарын сезіну деңгейінің төмендігі.

Жапония елінде – оқу жылы сәуір айында басталады және ол триместрлерге бөлінген. Бірінші триместр 20 шілдеде аяқталады, содан соң оқушылар жазғы демалысқа шығады. Екінші триместр 1 қыркүйектен желтоқсан айының соңына дейін жалғасады, ал үшіншісі қаңтар-наурыз айлары аралығында болады. Бір сыныптан басқа сыныпқа ауысу бір апталық көктемгі демалыс кезінде жүргізіледі.

Чехияда демалыс қыс және жаз мезгілінде болады. Жазғы демалыс 2 айға созылады. Чехия мектептерінде бағалау бес балдық жүйе бойынша жүргізіледі, алайда, бір қызығы «бестік» ең төмен көрсеткіш болып саналады, ал «бірлік» керісінше-үздік баға.

Финляндияда егер оқушының сабақ айтуға ниеті болмаса, оны шақыруға болмайды. Бұл елде оқушының өз сыныптастары алдында кемшіліктерін көрсету тиімсіз болып есептеледі. Финдық мектептерді оқушыларды жауапкершілікке үйретеді және нашар оқитың оқушыларды басып тастамайды. Олардың ойынша егер оқушы табиғатынан сабақ оқуға ынтасы болмаса яғни ол оқушы сабақтан басқа мыс спортқа немесе өнерге бейім оқушы деп есептейді. Финляндия мектептерінде оқушылар әр сабақтан соң далаға шығуға міндетті.

Швецияда мектеп директоры оқу жылының аяқталуын күтпей-ақ, дарынды оқушыны келесі сыныпқа ауыстыра алады, бірақ ол үшін ата-ананың рұқсаты қажет Норвегия мектептерінде оқушылар жас мөлшеріне қарай бірнеше топқа бөлінген-бастауыш сыныптар, 14 жастағы жасөспірімдер және 18-дегі жастар. Бір қызығы, олардың бәрі әр ғимаратта білім алады.8-сыныпқа дейін Норвегия мектептерінде оқушыларға баға қойылмайды

Америка мектептерінде оқушылардың барлығы бір жүйе бойынша оқымайды, олар өздеріне ұнаған, өзінің мамандықтарына жақын курстар мен сабақтарға барады. Әр оқушының өз сабақ кестесі болады. Әр курста оқушылардың сабаққа қатысуына байланысты баллдар беріледі, сол бойынша 12сыныпқа дейінгі жиналып келген баллдар жиналып колледждерге таратылады. Сөйтіп оқушы мектеп бітірмей жатып колледжге түскендігі жөнінде шақырту алады. Жоғарғы оқу орындары америкада ақылы болғаныменде студенттердің бүкіл жағдайы жасалынған. Егер студент оқуның ақшасын төйлей алмай қалғағ жағдайда болса онда оқу орны ол студентке ссуда береді. Яғни ол колледжға ақша төлемей 4 жыл оқып оны бітірген соң тұрған жұмысының еңбек ақының белгілі бір мөлшерін колледжге беріп тұрады. Осы бойынша студент оқуның ақшасын 30жылға дейін төйлей алады.

Сингапурда білім берудің ерекшеліктері оқытылудың екі тілде жүретіндігі, ағылшын тілі, математика және ғылым негіздері сабақтарын тереңдетіп оқытатындығы, техникалық жағынан күшті дамыған,ақшалай жағынан да қаржыландырылғандығы. Сингапурда ең бастысы білім болып саналады, өйткені білім оларға бүкіл өмір жолы бойы керек болады. Біліміне байланысты оқуға түседі және сол бойынша жұмысқа да алынады.

Әлем елдеріндегі білімнің азығы – Сингапур, Жапония, Финляндия елдерінің білім жүйесіндегі ерекшеліктерін бір-бірімен салыстырар болсам, білім сапасын көтеру мәселесі қарастыралатынын көруге болады. Сингапурда әр оқушының бейім-қажеттігіне қарай таңдау мүмкіндігі беріледі. Білімнің даму сатысында адамның өмір бойы білім алуына, жаңа технологияларды игеріп, өзіне жауапкершілік пен міндеттер алуына ынталандыру ортасы құрылған , негізгі идеясы қабілетті, дарындыларды қолдауға, көсбасшыларды тәрбиелеуге арналған.

Жапон елінің білім жүйесінің ерекшелігіне көңіл аударғым келеді. Жапон елінде балалар қиындықтарды өздері шешеді. Олардың бар қиындықтары оқуда ғана, сондықтан олар емтихан арқылы өзінің орнын анықтайды. Жапон елінде оқу-тәрбие үрдісі оқушылардың рухы мықты болуына бағытталған және әр бала міндетті спорт түрлерін игеруі, олардың салауатты өмір салтына бейімдеуі мектеп жасынан басталады екен. Білім алуында иероглифтары өте көп, сонымен қатар білімді игеруде қиын, көбінесе жаттанды білімге көп көңіл бөлінетіні байқалды.

Әлемдегі білім беру жүйесі ең үздіктері қатарында Финляндия елі. Оқушыға, мұғалімге және мектепке сенім деген принциппен жұмыс істейтіндігі, білім алу оқушының табысқа жетуіне

бағытталған, бағалаудың әр түрлі әдістерін пайдаланады. Бұл елдің мектептері статуска бөлінбейді, барлық балаға нәтижеге бағытталған білім мен тәрбие берілуі керек

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты-бәсекеге қабілетті маман дайындау. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Қазақстандық жалпы орта білім беретін мектеп соңғы жылдары өзінің келбетін өзгертті. Білім беруді жаңарту жүйесін қолдайтын нақты қадамдар жасалды. Олардың ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының әзірленуі және енгізілуі, кредиттік технология негізіндегі үш сатылы жоғары білім моделінің енгізілуі, білім сапасын бағалау критерийлерін әзірлеу жөнінде жұмыстар басталды. Бірақ қол жеткен жетістіктер адам капиталының дамуы мен орнықты экономикалық өсуді толық қамтамасыз ете алмайды. Осыған сәйкес дамыған елдердің білім жүйесін қолдана отырып білім беру мазмұнындағы жетілдірілген моделдердің жасалуы, білім беруді басқарудың тиімді тәсілдерін іздестіру, жаңа білім технологияларының енгізілуі, оқытудың дәстүрлі өнімсіз стилін ығыстырып, оқушының танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін жаңа дамытушы, сындарлы білім беру моделі керек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Порядок направления на обучение за рубежом в рамках международных договоров и соглашений | Электронное правительство Республики Казахстан (egov.kz)
2. 14 казахстанских вузов вошли в рейтинг лучших учебных заведений мира / informburo.kz
3. За дипломом – за границу: куда и почему уезжают учиться из Казахстана (ia-centr.ru)
4. Бесплатное обучение за рубежом для казахстанцев – Muczechia.kz

ҒТАХР: 14.15.15

Ш.Д. Жайлаубаева, А.А. Айдарханова, Л.С. Гумурзакова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті», Қазақстан Республикасы, Семей қаласы,
aito_09@mail.ru

МЕКТЕП БІЛІМІ МЕН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ БІЛІМІНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Жоғары технология ғасырында адамға әсер ететін маңызды фактордың бірі де -білім. Білім беру жүйесі саяси және әлеуметтік-мәдени процестерді қоса алғанда, бүкіл қоғамның дамуына жанама, уақыт жағынан алыс, бірақ саналы, мақсатты әсер ете алатыны белгілі.

Еліміз нарықтық экономикаға көшу барысынан бастап экономикалық және әлеуметтік дамуымен қатар білім беру жүйесін жаңғырту мақсатында жаңадан реформалар мен түпкілікті өзгерістер енгізуде. Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – жоғары технологиялы, бәсекеге қабілетті әлемде өмір сүруге дайын тұлға тәрбиелеу.

Жоғары оқу орындары оқуын жоғары оқу орнында жалғастыруды жоспарлап отырған білім беру қажеттілігі жоғары дарынды студенттерге мүдделі. Дарынды оқушылар үшін жоғары оқу орындарында, мектептерде арнайы үйірмелер, шағын академиялар, шығармашылық зертханалар құрылып, олимпиадалар, жазғы лагерьлер ашылған. Осы шаралар ең алдымен дарынды балалардың назарын нақты бір жоғары оқу орнына аударуға бағытталған.

Жоғары оқу орны мектептен тұрақты қарым-қатынас орнатуға мүдделі, өйткені жоғары оқу орны үшін бұл өзара әрекеттестіктің айқын артықшылықтарын әкеледі. Оларға жатады: оқытудың нақты бағыттарына жоғары сапалы, ынталы, кәсіби бағдарланған талапкерлерді алу; жоғары оқу орнының оқытушылары тікелей қатысатын тұрақты оқу үдерісі мен түрлі кәсіптік бағдар беру іс-шаралары барысында мектеп оқушыларының сенімін арттыру.

Мектеп жоғары оқу орнымен өзара әрекеттесу кезінде көптеген дивидендтер алады, оның ішінде оқушыларды оқытудың жалпы сапалық деңгейін көтеру ғана емес, сонымен қатар мұғалімдердің өздерінің біліктілігін арттыру мүмкіндіктерін арттыру, ақпараттық ресурстарды кеңейту, жаңа әдістерді енгізу және ғалымдардың заманауи жетістіктеріне негізделген оқу үрдісіне оқытудың орны ерекше. Сонымен қатар, кәсіптік бағдар беру жұмыстары айтарлықтай жандануда, соның арқасында жоғары сынып оқушылары мектеп бітіргеннен кейін қайда және кімге оқуға ниетті екендігі туралы нақты түсінікке ие болды. Оқу үрдісін даралау күшейіп келеді, өйткені әрбір

кабілетті оқушы мектепті бітіріп, жоғары оқу орнына түскенге дейін оған қамқорлық жасайтын және оны бақылайтын әртүрлі оқу бөлімдері мен бөлімшелерінің көзқарасына түседі.

Сондықтан мектеп пен жоғары оқу орны арасындағы өзара әрекеттестік осы процеске қатысушылардың барлығына тиімді.

Мектеп пен жоғары оқу орнының өзара әрекеттесу аясындағы барлық жұмыстардың негізгі нәтижесі мектеп түлегін жоғары оқу орнының қалаған бағытына қабылдау болып табылады. Мектеп үшін оның миссиясы осында аяқталса, жоғары оқу орны үшін екінші кезең – білім алушылардың жоғары оқу ордасының қабырғасында білім алу кезеңі басталады. Және, сөзсіз, осы кезеңде мектеп пен жоғары оқу орны арасындағы өзара әрекеттестіктің нәтижесі ретінде білім алушының өзінің білімін, мансабын жоғары оқу орнының пайдасына әрекет етуді жалғастыруын жатқызуға болады.

Мектептің білім бағдарламасына жоғары білім беру элементтерін енгізу білім сапасын арттыруға ғана емес, сонымен қатар жоғары білім беру жүйесі ашық әрі түсінікті болатын мектеп оқушыларының ерте кәсіптік бағдарлануына ықпал етеді. Жоғары оқу орнының оқытушыларының және мектеп оқушыларының жоғары оқу орнының қабырғасында болуы жалпы білім беру ұйымы мен жоғары білім беру ұйымы арасындағы шекараны бұлдыратады, мектеп оқушыларының университеттегі болашақ білім траекториясын неғұрлым саналы түрде құруға мүмкіндік береді. Өйткені тұтастай алғанда, жастардың болашақ өмірі болашақ білім алатын орнын дұрыс таңдауына байланысты. Бұл мектеп пен жоғары оқу орны арасындағы өзара әрекеттестіктің негізгі миссиясы.

Қазіргі заманғы шындықты, оның ішінде еңбек нарығындағы үлкен бәсекелестікті ескере отырып, қазіргі қоғамдағы бәсекеге қабілетті, алған теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алатын тұлғаны тәрбиелеуге ықпал етуі керек.

Қазіргі білім беру жүйесі үлкен өзгерістер күтетіні сөзсіз. Өзгерістерді енгізе отырып, ең бастысы-оны асыра алмай және дәстүрлі жүйе мен инновациялар арасындағы оңтайлы теңгерімді сақтай білу.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бөрібекова Ф., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар – Алматы, 2006 ж.
2. Бидайбеков Е.Ы., Гриншкун В.В., Камалова Г.Б., Исабаева Д.Н., Бостанов Б.Ғ. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері. – Алматы, 2014.
3. Тілеукенов О. Ұлт мектептерінің білім сапасын арттырудағы проблемаларды шешу жолдары // Мектеп директоры, № 1. – 2014.
4. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Алматы, 2015.

ҒТАХР: 15.31.31

Е.Ш. Жакпаров

Innovative college мекемесі, Семей қаласы, zhakparov_yerzhan_1965@mail.ru

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДА АДАМ МІНЕЗІН АЖЫРАТА БІЛУ

Адам мінезінің сипатын қалайша байқауға болады деп сұрауыңыз да мүмкін ғой. Мәселенің мәнісі мынадағ адам күлген кезде оның бетінде сол адамның мінезін айқындайтын белгілі бір пішін пайда болады.

Көп жағдайда біз ештеңені аңғармай, рефлексті импульсті күлгенімізде, мінезіміздің шынайы сипатын көрсетеміз. Л.Н. Толстой күлкілерді: масайраған, тәтті, бақытты, таза, салқын, мысқыл, зердесіз, момақан деп бөлген.

Адам мінезін көзқарасы бойынша да ажыратуға болады. Ежелден-ақ «Көз – жан айнасы» деген нақыл сөз бар. Л.Н. Толстой мысалы, қуақы көз, нұрлы көз, ақылды, мұңды, суық, өлімсіреген көзқарас деп ажыратқан. Ол: «Бір көзі күліп тұратындар – қу әрі өзімшіл болып келетіндер. Енді көзі күлмей екі езуі құлағына жетіп тұратындар – бұйығы тартыншақ болып келетіндер, осы екі күлкінің екеуі де жағымсыз күлкілер», – деп жазды.

Мінез – әрбір адамның жеке басына тән өзіндік психологиялық қасиеттер мен ерекшеліктердің жиынтығы.

Адам мінезінің мәнді белгілерін көрсету үшін әдетте «көпшіл», «өзімшіл», «жекешіл», «ақкөңіл», «тұрақсыз», «кекшіл», «ұяң мінезді», «шешімді», «тұрақты», «кішіпейіл», «мақтаншақ», «өтірікші», «адал» деген сияқты терминдерді қолданамыз. Мінез белгілері өте көп, оларды тізбектемей, ортақ қасиеттеріне тоқталамыз.

Мінездің мықтылығы. Мұндай мінезді адам қойылған мақсатқа жетуге, қиындықтарды жеңуге бейім, өз сенімін дәлелдейді, іске қызу кірісіп, батылдық көрсете алады.

Мінездің ұяңдылығы жасықтықпен, тартыншақтықпен, жалтақтықпен, көзқарастың тұрақсыздығымен, көңілсіздікпен, қорқақтықпен байқалады.

Мінездің өзіндігі адамның басқалардан тым ерекшеленіп тұратын жеке басының өзгешелігімен байқалады. Мысалы, аса сезімталдық, тым тұйықтық т.б.

Мінездің бірқалыптылығы адамның өмірдің сан қилы жақтарымен тіл табысуынан байқалады. Іс пен сөздің біртұтастығы. Мінездің бірқалыптылығы Эрнест Тельманның сөзінше озық ойлы адамның бойындағы ажырамас сапа болып табылады.

Мінездің тұрақтылығы мақсатқа жету жолындағы дәйектілікті, табандылықты, өз көзқарасына тұра алушылықты т.б. білдіреді.

Мінез адамның өз мақсаты мен міндетін жүзеге асыруда көбінесе табандылығының деңгейін анықтайтын негіз іспеттес. Анығына келгенде, мінез адамның мінез-құлқы мен айналасындағылармен қарым-қатынасына ықпал етеді. Сонау бағзы заманнан-ақ бақытты және бақытсыз, жақсы және жаман мінездер туралы жазылғандардың кездейсоқ еместігі де белгілі.

Мінез тұрған тұрыспен (кейіппен) де білінуі ықтимал. Мысалы; тәкаппар адамдар денесін шалқақтата, кеудесін кере, басын кекірейтіп ұстайды. Жағымпаз болса, алға иіліп, барынша жарамсақтанып күліп тұрады, ал көзінің қиығында білінер-білінбес қуақы күлкінің табы жатады.

Мінез – адамның психикалық ерекшелігінің индивидуалды, жеке тұрақты бірлігі. Мінез-құлқы зерттеушілердің алғашқысы Теофраст болған еді. XVIII ғасырда Европада да мінез типологиясының зерттеулеріне үлкен мән қойған еді, ал Дж. Ст. Милль мінез-құлқыты жеке ғылым ретінде қарастыруды ұсынды. Оны этиология деп атауды ұсынды (өйткені Теофраст кезінде мінезді «этос» деп атаған еді. Адамның мінез-құлқы әртүрлі ситуациялардағы жауап қайтаруы да көрініс береді. Адам өз темперамент берулерін өзгерте алмайды. Қазіргі уақытта «мінез» термині талқылаулар үстінде. Өйткені мінез-құлқыты тұлғамен біріктіреді. Екіншіден, мінезді этика саласына жатқызады. Үшіншіден, мінезді жекелей зерттеу жұмыстары жүргізілмейді (ағылшынша «charakter» - тұлға, персонаж).

Мінез адамның алға қойған мақсатынан, сонымен қатар, ол мақсатты жүзеге асырудағы қолданатын құралы мен әдісінен көрінеді. Адамның мінезі-тек не істейтінімен ғана сипатталмайды, қалай істейтінімен де сипатталады.

Екі адам бірдей бір істі істеп, бірдей мақсат көздеулері мүмкін. Сонда бұлардың біреуі, қызу кірісіп, жұмысты қарқынмен істеуі, екіншісі, борыш-міндетін өтеу деп қана қарап, адал ниетпен салқын ғана істеуі мүмкін. Осы екі адамның жұмысты қалай істейтіндігі жөніндегі бұл айырмашылығы бұл екі адамның іске тыянақтылығында даралық айырмашылықтарын ерекше терең сипаттайды. Адамның мінезін оның дүниеге, бөгде адамдарға, өзінің ісіне, ең ақырында, тіпті өзіне деген қатынасы билейді. Бұл қатынас саналы түрде адамның дүниеге көзқарасынан, сенімінен және түрлі пікірлерінен көрінеді. Адам өзінің көңіл-күйінде осының бәрін басынан көшіреді.

Мінез адамның өмір сүру барысына, тұрмыс салтына ықпал жасайды. Табанды, қажырлы, қайратты кісі қандай кедергіні болса да жеңіп, көздеген мақсатына жете алады, осы жолда өз еңбегін, тұрмысын тиімді етіп ұйымдастырады, барлық мүмкіндіктерді жете пайдаланады.

Мінез жеке өзі үшін ғана емес, қоғам үшін де қажет. Ұжымдық өмір мен ондағы тіршілік, әсіресе қызметтегі әр адамның көңіл күйі ондағы адамдардың мінез бітістерімен сабақтасып жатады. Кейде мінезі ауыр адам бүкіл өндіріс ұжымына қырсығын тигізетін кездері болады. Осындай адамның әлегінен ұжымда тартыс, кикілжіндер туады, өсек өріс алады, бұл басқалардың жұмысына, көңіл күйіне қолайсыз әсер етеді. Мұндай жағдай отбасында да кездеседі. Ал ақкөңіл, жайдары адам жпен сыпайы, жолдастық қарым-қаты-наста болады, кісімен оңай шүйіркелеседі, үйде де, түзде де демалысына қолайлы жағыдай туғызады.

Адамдардың мінезіндегі бір айырмасы: өзіне-өзі сенуі әртүрлі болады. Кейде бұл сипат анық байқалады: өзіне өте сенгіштік, яки сенімсіздік салған жерден күзге түседі; мұндай парық мінезге де өзгешелік береді. Бұл сипатпен жанның бсқа қабілеттерінің байланысы жоқ. Біздің таныстарымыздың арасында қолынан келсе, келмесе де кез келген жұмысты ұстай алатын, жолыққан мәселені анығын білмесе де, тексеруге кірісетін, яки, өзі еш нәрсеге жетік болмаса да, өзгелерге аыл айтатындар бар. Ондайлар өзіне-өзі сондай сенеді.

Сондай білген кісі болып сөйлейді, еріксіз өзгелерді де ұйытп, иландырып жібереді. Енді біреулер зеректігі, білімі аналардың артық болса да, өзіне сенімі аздықтан, жарқырап көзге түсуге, сөлеуге, бірденені істеуге қорғанып тұрады. Мұндай адамдарға алғашқы әсер жағымсыз сүрең береді. Бірдене жайынан сөйлемек болса, шатаса бастайды, тілі күрмеледі, сөзі байлау-матаусыз шығып, ұялып, қызарып, кібіртіктеп тоқтап қалады. Осындай адамдардан мейлінше ақылды, тілді, озат пікірлі кісілер де ұшырайды. Бірақ ол озаттығын сыртқа шығаруға өзіне сенімі жетпейді. Бір бөтен үйге кіріп келсе, жұрттын бәрі маған қарап тұр екен деп ойлайды; өзгелерге ерсі көрінеті бірдене істеп алам ба деп қипақтай бастайды: сүйтіп отырып, бір қателеспей, жаңылмай қоймайды. Ол қымтырылады, қысылады, жайдағы есінен айырылып қалады. Онан жаман қатадан қатаға жолығады: шылым тартса теріс жағын ауызына салады, жүрсе-тұрса бірденені қағып, құлатып алады, не төгеді... Мінез адамның өз мақсаты мен міндетін жүзеге асыруда көбінесе табандылығының деңгейін анықтайтын негіз іспеттес. Қойта клгенде, мінез адамның мінез-құлқы мен айналасындағылармен қарым-қатынасына ықпал етеді. Сонау бағзы заманнан-ақ бақытты және бақытсыз, жақсы және жаман мінездер туралы жазылғандардың кездейсоқ еместігі де белгілі.

Пайдаланған әдебиеттер

1. А.Ы. Ысқақов. Қазақ тіліндегі түсіндірме сөздік. – 6-том, Алматы, 1982. – 464 б.
2. А.Ы. Ысқақов. Қазақ тіліндегі түсіндірме сөздік. – 6-том, Алматы, 1982. – 298 б.
3. Себет Бап-Баба. Жантану негіздері / оқу құралы. – Алматы, 2003. – 272-286 б.
4. Ильина Т.А. Педагогика. Мектеп баспасы. – Алматы, 1977.
5. Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. – Алматы, 2002. – 302-313 б.
6. Тәжібаев Т. Жалпы психология. – Алматы, 1993. – 229-232 б.
7. Немов Р.С. Психология. – 1-том, Москва, 1998. – 405-427 б.

МРНТИ: 14.25.07

Н.О. Жақупова

СОШ им. Абая Кунанбаева

Щербактинский район, Павлодарская область

КОММУНИКАТИВНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ КАК РЕЗУЛЬТАТ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Коммуникативная компетентность, т.е. готовность и способность к взаимодействию, вербальному и невербальному (мимика, язык тела) общению с другими людьми, есть важнейшее качество, необходимое человеку во всех ситуациях жизни. Однако, особенно в последние годы, со стороны преподавателей вузов участились жалобы, что выпускники школ обладают этой способностью в неудовлетворительной степени, что подтверждают наблюдения самих учителей. Данный факт педагоги подтверждали раньше подготовкой к ЕНТ. На сегодняшний день ситуация изменится тем, что имеем новый подход к итоговой аттестации учащихся, ориентированные на формирование функциональной грамотности у учащихся (исследовательские проекты, коллективные обсуждения и представления результатов) находятся в зависимости от элементарной готовности и способности учеников к коммуникации.

В большинстве западных образовательных программ коммуникативная компетентность входит в число «ключевых», что означает перенос ответственности за формирование коммуникативной компетентности с отдельной предметной области на образовательный процесс в целом. Следовательно, при таком подходе потребуются изменения в организации образовательного процесса в конкретной школе, на конкретном уроке, расширится круг ответственных педагогов за формирование коммуникативной компетенции как ключевой.

Почему коммуникативная компетенция является ключевой?

Первая причина – это общественный запрос, или, выражаясь современным языком, «вызов времени на **практические коммуникативные умения**, отчего зависит:

- эффективная организация коллективной работы разных специалистов;

- умение работать с информацией, используя различные информационные технологии, продуктивно разрешать конфликты, публично представлять результаты своей работы, учитывая содержательную критику;
- умение правильно «подать себя» в процессе собеседования при устройстве на работу, позитивно строить свои взаимоотношения с коллегами по работе;
- умение ориентироваться в массовой коммуникации, осваивая роль «критического зрителя» или «критического читателя».

Вторая причина – потребность самой сферы образования. Если определить основной смысл образования как развитие практических способностей/умений, необходимых человеку для достижения успеха в личной, профессиональной и общественной жизни, то одной из ключевых является его коммуникативная компетентность. Тем более, если посмотрим на список «общеучебных умений, навыков и способов познавательной деятельности», предлагаемых Стандартом, мы увидим, что половина из них связана с коммуникацией (адекватно воспринимать устную речь и быть способным передавать содержание прослушанного текста в сжатом или развернутом виде в соответствии с ситуацией речевого общения; выбирать и использовать средства языка в соответствии с коммуникативной задачей и ситуацией общения; владеть монологической и диалогической речью, соблюдая принятые нормы общения; владеть навыками осознанного, беглого чтения текстов различных стилей и жанров, проводить их информационно-смысловой анализ; создавать письменные высказывания, адекватно передавая содержание прослушанного или прочитанного текста с заданной степенью конкретизации; составлять план, тезисы, конспект; владеть хотя бы одним иностранным языком на уровне функциональной грамотности).

Третья причина, выдвигающая коммуникативную компетентность в число ключевых, заключается в том, что коммуникация, понятая как «обмен значениями (информацией) между индивидами посредством общей системы символов (знаков)», но сводится только к вербальной коммуникации и является способом и одновременно условием существования любого человеческого сообщества.

Сфера образования имеет дело не с объектами, которые нужно описать, а с человеком, которому средствами существующей культуры помогают развивать свои способности и освоить умения, позволяющие ему жить в данном обществе. Основным результатом образования в нашей массовой школе считается совокупность предметных знаний или сведений, усвоенных учащимся. Причем, как правило, подобные знания ученик не использует в практических ситуациях своей жизни и деятельности. Логика компетентного подхода, наоборот, предполагает формирование таких умений и развитие на их основе таких способностей, которые позволяют человеку максимально реализовать себя в данном обществе.

В Программе **КЛЮЧЕВЫЕ КОМПЕТЕНЦИИ** в разделе «Коммуникация» говорится о «компетенциях речи и восприятия информации на слух, чтения и письма». «Эти компетенции могут использоваться при ведении дискуссий, при использовании диаграмм для иллюстрации речи / доклада, чтении материалов, необходимых для проекта, заполнении форм заявок, написании эссе и т.д.».

Требования, выдвигаемые к коммуникативной компетентности, предусматривают как устную (дискуссии, доклады, презентации), так и письменную (чтение, понимание и написание различного рода текстов) формы коммуникации – на достижение этих требований нацелены учебники по обновленному содержанию. Каждая из этих основных способностей или умений анализируется, т.е. подразделяется на свои составляющие, и переводится на язык действия.

Устная коммуникация: обсуждение и дискуссия. Способность участвовать в **обсуждении или дискуссии** один на один или в группе означает, что учащийся на первом уровне умеет: а) получать информацию о предмете дискуссии, чтобы говорить **то, что имеет к нему отношение**; б) выразиться ясно и адекватно ситуации; в) слушать, понимать речь участников и соотносить свои высказывания с ними.

На втором уровне учащийся умеет:

- а) поддерживать дискуссию относительно простых предметов адекватно ее целям и ситуации, приводя аргументы, высказывая мнения и идеи;
- б) владея, в том числе, и невербальными средствами коммуникации: манера, жесты, громкость голоса и др.;
- в) способствовать прогрессу дискуссии, например, подводя итог сказанного, фокусируя внимание участников на целях дискуссии и т.д.;

г) продемонстрировать, что он слышит и понимает участников, например, с помощью языка телодвижений, локаутотом свой интерес;

д) адекватно реагирует, например, путем тактично высказанного комментария, вопроса и т.д. Нужно иметь в виду, что первые два уровня являются фундаментом, т.е. все, что достигнуто на предыдущих ступенях, на дальнейших уровнях сохраняется.

На третьем уровне учащийся умеет:

а) поддерживать дискуссию относительно сложных предметов адекватно ее целям и ситуации, т.е. решать, когда и в какой мере участвовать в дискуссии для достижения ее цели (например, дать сложное объяснение или аргументацию, объяснить событие, высказать мнение в соответствие с актуальной ситуацией);

б) при слушании других участников и соотнесении своих высказываний с ними учитывать более тонкие их особенности, например, культурную принадлежность, гендерные аспекты и т.д.;

в) стимулировать окружающих к эффективному участию в дискуссии, создавая возможность включения их в дискуссию.

Небольшие выступления. Умение делать небольшие выступления рассматривается в Кембриджских материалах как продвинутая ступень устной коммуникации, поэтому оно появляется только на втором уровне. Этот вид речевого общения нельзя четко отделить от обсуждения или дискуссии, так как внутри обсуждения могут возникать ситуации, в которых необходимо сделать небольшие выступления. Таким образом, второй уровень коммуникативной компетенции подразумевает, что учащийся умеет:

а) подготовить речь, т.е. изучить тему, подготовить заметки, отобрать иллюстрации и т.д.;

б) использовать язык в соответствии с ситуацией, например, не использовать специальные технические термины, которые необходимо объяснять аудитории;

в) придерживаться предмета выступления, не отклоняясь от темы;

г) структурировать сообщение, чтобы слушатели могли легче следовать за развиваемой мыслью;

д) удерживать внимание аудитории (например, путем изменения интонации);

е) использовать графические изображения для иллюстрации основной мысли.

Презентации. Презентации рассматриваются как дальнейшее развитие умения делать небольшие выступления и как признак развития коммуникативной компетенции следующего, третьего уровня. На этом уровне учащийся должен уметь:

а) подготовить презентацию, соответствующую заданной (задуманной) цели, например, представить результаты исследований или проделанной работы;

б) по ходу презентации приводить аргументы;

в) использовать язык и стиль речи, подходящий предмету презентации, т.е. не противоречащий ему, а также ситуации и потребностям аудитории;

г) речь должна быть структурно последовательной в наложении мыслей;

д) использовать различные техники привлечения внимания аудитории, например, пояснять трудные места примерами, обращаться к опыту аудитории, менять громкость голоса и интонации, использовать изображения, схемы, рисунки.

Таким образом, коммуникативная компетентность, с одной стороны, является характеристикой личности человека, его способностью, которая, с другой стороны, проявляется в его поведении, деятельности, позволяя ему разрешать жизненные, практические ситуации (в том числе и коммуникативные).

Коммуникативная компетентность есть, по нашему мнению, способность ставить и решать определенные типы коммуникативных задач: определять цели коммуникации, оценивать ситуацию, учитывать намерения и способы коммуникации партнера (партнеров), выбирать адекватные стратегии коммуникации, оценивать успешность коммуникации, быть готовым к изменению собственного речевого повеления. Все перечисленное есть не что иное, как необходимые условия успешной коммуникации.

Другими словами, коммуникативная компетентность – это готовность и способность к осуществлению успешной коммуникации.

**Т.Н. Жумашева, Ш.Е. Мухаметжанова, Г.К. Чегібаева, Б.Р. Ағибаева,
Е.Т. Сатемірова, Е.М. Чегібаев, Б.К. Садықов, М.К. Бекеш**

«Шабыт» шығармашылық тобы

Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектебі, Бесқарағай ауданы, Бесқарағай ауылы, 81biba@mail.ru

LESSON STUDY ЗЕРТТЕУ САБАҒЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН МАҢЫЗЫ

Замануи мектептегі әр ұстаздың алдына қойған мақсаты – бұл өзінің кәсібишеберлігін заман талабына сай арттырып отыру. "Өмір бойы оқыту" тұжырымдамасы мұғалімнің кәсіби дағдыларын жетілдіру үшін өмір бойы жүйелі түрде өздігінен білім алуын болжайды. Бұл идеяны жүзеге асырудағы нәтижелі құралдардың бірі – іс-әрекетке зерттеу жүргізу.

Іс-әрекетті зерттеу (Lesson Study) 1870 жылдары Жапонияда тәжірибені жақсарту мен жетілдіру мақсатында пайда болған. Қазіргі кезде Шығыс Азияның бірқатар елдерінде Lesson Study мұғалімдердің педагогикалық білімдері мен тәжірибесін дамытуға арналған тиімді құрал ретінде қолданылуда.

Lesson Study әдісі – мұғалімдер тәжірибесінде білімін жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл болып табылады. Бұған мектебімізде өткен бірнеше жылғы зерттеу сабақтары дәлел бола алады. Оның ең маңызды аспектісі – мұғалімдердің зерттеу қабілеті жетіле түседі. Сабақты зерттеу әдісінде мұғалімдер жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттарды бірлесіп жинақтауды жүзеге асырады [1.1]. Әрине, бұл әдістің толық циклін өткізген соң мұғалімдер тәжірибе алмасу мақсатында өз еңбектерін, рефлексиялық есептерін баспада жариялап, пән бірлестіктерінде немесе әдістемелік кеңесте ой бөлісіп, талқылауға салады. Осы кезекте мектебіміздің қабырғасында сабақты зерттеу әдісін өткізу үшін зерттеу жұмыстарын жоспарлау алдында сынып жетекшілердің, пән мұғалімдерінің ұсыныстары бойынша және психологтің талдауларынан кейін мәселелері бар немесе зерттеуді қажет ететін сыныптар анықталады. Сонан соң ерікті түрде сабақты зерттеуге ат салысамын деген мұғалімдер таңдалып, топ құрылады.

Осы негізде 2018-2019 оқу жылы мектебімізде «Шабыт» шығармашылық тобы құрылып, жоспарлы түрде өз жұмыстарын жүзеге асыруды бастады. Сабақтарды өткізер алдында мектеп тренерлері мен мектеп әкімшілігі біріге отырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізген болатынбыз. Оның ішінде «Lesson Study дегеніміз не?», «Сабақты зерттеуде мәселені қалай анықтаймыз және тақырыпты қалай дұрыс таңдаймыз?» деген тақырыптарда коучингтер өткізіп, сабақты зерттеу әдісінің теориялық білімімен таныстырып өттік.

Бірінші кездесуде топ мүшелерінің тізімі бекітілді, зерттеу сыныбы таңдалды. Бұл жолғы зерттеу сабағы аталмыш мектептің 8 «А» сыныбында басталды.

8 А сыныбында 24 оқушы бар. Сынып оқушылары белсенді, өте ұйымшыл. Қоғамдық жұмыстарға, олимпиадаларға, іс – шараларға белсенді қатысады. Оқушылардың басым көпшілігінің көшбасшылық қабілеттері жоғары. Сондықтан да әр іске жауапкершілікпен қарайды. Сыныптағы осындай белсенді оқушылардың айтылым және жазылым дағдыларында қиындық болуына байланысты бұл мәселені шешу тұрғысында осы сынып таңдалып алынды. 8 А сыныбында жұмыс істейтін пән мұғалімдері коучинг сессияда осы сыныпта жиі кездесетін мәселелерге тоқталды. Соның нәтижесінде топ мүшелері «Жоғары дәрежелі сұрақтар қою арқылы оқушылардың айтылым, жазылым дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында зерттеу жұмысын атқаруды ұйғарды.

Зерттеуді қай пәннен және қай күні өтетіні келісілді. Бірінші сабақты Б.Р.Ағибаева қазақ әдебиетін 2019 жылдың 22 ақпанында өткізетіні туралы белгіленді. Жұмыстың нәтижелілігін қамтамасыз ететін ережелер жүйесі келісілді, келесі кездесулердің жоспары жасалды. Жоспар бойынша 2019 жылғы 22 ақпанда Б.Р.Ағибаева «Отбасы – шағын мемлекет» тақырыбы бойынша қазақ әдебиеті сабағын өткізді.

2019 жылдың 27 ақпанында А.Ж.Даулетбаева «Есту мүшесінің құрылысы. Естудің маңызы. Естудің бұзылу себептері. Есту мүшесінің гигиенасы. Зертханалық жұмыс «Дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу» (құлақтың есту қабілетін анықтау) тақырыбы бойынша биология сабағын өткізді.

2019 жылдың 6 наурызында Д.Т. Хамитова 8 «А» сыныбында физика пәнінен «Электр тогының жұмысы мен қуаты. Электр тогының жылулық әсері, Джоуль-Ленц заңы» атты сабақты өткізді.

Өткізілген сабақтар нәтижесінде алға мақсат етіп қойған «жоғары дәрежелі сұрақтар қою арқылы оқушылардың айтылым, жазылым дағдыларын қалыптастыруға» арналған тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып көздеген мақсатымызға жете білдік. Жаңа тәсілдер қолдану оқушылардың танымдық қабілеттерінің кеңейе түсуіне зор ықпалын тигізді деп толық айтуға болады.



Өйткені оқушылар ойларын ашық айтып, сұрақтарға толық жауап беріп, тіпті оқуға деген қызығушылықтары одан сайын арта түсті.

Сонымен қатар үдеріс барысында жүргізілген топтық жұмыс та сынып оқушыларының белсенділігі мен қызығушылығының артуына ықпал ете алды. Яғни, оқушылардың жоғары дәрежелі сұрақтар қоя отырып, айтылым, жазылым дағдыларында біршама өзгерісті аңғардық. Сонда зерттеу сабағының жеке оқушыларды жете тани түсу үшін маңызы ерекше екендігін сабақты зерттеген ұстаздар мойындай отырып, сабақты әрі қарай жалғастыру оқушылар үшін пайдалы және маңызды екендігіне көздері жететіндігі анық. Зерттеу сабағы тек бір сабақпен шектеліп қалмайды. Ол жыл бойы жүргізіліп отырды. Соңында зерттеуге алынған оқушылардың білім сапасындағы өзгерістер талданды. Бұл оқу жылындағы жүргізілген жұмыстың нәтижесімен «Шабыт» шығармашылық тобы Өскемен қаласындағы «Педагогикалық шеберлік орталығы» филиалы өткізген «Жетекші мектеп – жаңартылған білім мазмұнын қолдаушы мектеп» атты I халықаралық форумда іс-тәжірибелерімен бөлісті. Топ мүшелері алғыс хатпен, мектеп ұжымы филиал директоры Г.Т. Зейнолдинаның дипломымен марапатталды.

Lesson Study – бір жылдық қорытындымен шектеліп қана қоймай, бірнеше жыл қатарынан үздіксіз жүргізілетін зерттеу сабағы. Елімізде Пандемия індетінің орын алуына байланысты мектебіміз екі форматты оқу жүйесіне көшті. Бұл ахуал зерттеу сабағының әрі қарай жүзеге асуына кедергісін тигізді. Алайда, 2021-2022 оқу жылында «Шабыт» шығармашылық тобының топ мүшелерінің тынымсыз ізденісінің нәтижесінде зерттеу жұмысы қайта жанданды.

Оқушылардың аралас форматта және қашықтықтан оқуларына байланысты- оқушылардың оқу сауаттылығы мен оқуға деген қызығушылықтары төмендеді. Бұл, әрине, қазіргі таңдағы өзекті мәселеге айналды. Аталған мәселе гуманитарлық бағыттағы пәндерде ғана емес, басқа да пәндерде үлкен қиындық туғызып отырғандығы дәлелденді. Мұны мектеп психологі 5 «А» сынып оқушыларымен жүргізген зерттеу жұмысының нәтижесінде нақтылай түсті. Сауалнамада «Кітап оқисың ба?», «Ақпаратты қанша рет оқығанда түсінесің?», «Үй тапсырмасын орындауда біреудің көмегі қажет пе?», «Жаңа тақырыптағы ақпаратты қалай қабылдаған саған жеңіл?» деген сынды сұрақтар қойылды. Нәтижесінде оқушылар оқығанының тек 10%-ын, естігендерінің 20%-ын, көргендерінің 30%-ын есте сақтайды екен. Яғни, оқушылардың 50-70%-ы топтық пікірталастарға қатысқан кезде, 80%-ы проблемаларды өз бетінше анықтаған және тұжырымдаған кезде оқылған ақпарат есте қалады.

Осының нәтижесінде оқушы үнін ескере отырып, оқушылардың оқылым дағдысын қалыптастыру керек екендігі анықталды. Бұл мәселені Блум таксономиясы негізінде жүзеге асыруды ұйғардық. Сондықтан да зерттеу тақырыбын «Блум таксономиясы негізінде оқушылардың оқылым дағдысын қалыптастыру» деп алдық.

Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау етеді. Блум таксономиясы адамның ақыл- ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін 6 деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді. Тапсырмалар құруда оқытудың белсенді әдістердің мәні-оқушыларды үнемі іс-әрекетті меңгеруге бағытталады.

Сонымен қатар, Блум таксономиясы жеке тұлға бойындағы қасиеттерін, атап айтсақ, ой ұшқырлығы, жаңаға ұмтылушылық, шығармашылық қабілеттер, өзіне сын көзбен қарау, жаңаны сезгіштік қабілеттерін шындай түсуге жол салады.

Ең алдымен топ мүшелері мектеп директорымен кездесіп, зерттеу сабақтарын ұйымдастыру мәселелері талқылады. Зерттеу нысаны ретінде 5 «А» сыныбы алынды.

Қараша айында 5 «А» сыныбында жоспар бойынша қазақ әдебиеті пәнінен Ы. Алтынсариннің «Қыпшақ Сейітқұл» тақырыбында алғашқы зерттеу сабағы өтті. Сабақ барысында 3 оқушы бақылауға алынды.

А деңгейлі оқушы тапсырмаларды толық деңгейде меңгерді. Білу, түсіну сұрақтарына еш қиындықсыз жауап берді. Талдау барысында, яғни басты кейіпкер Қыпшақ Сейітқұлдың жасаған ең басты іс- әрекеттерін атап, мәтіннен дәлелді үзінді тауып оқу тапсырмасын тыңғылықты орындады.

В деңгейлі оқушы өзін белсенді көрсете білді. Білу, түсіну сұрақтарына жауап бергенімен, талдау жұмысын орындау барысында біраз қиналғаны байқалды.

С деңгейлі оқушы білу, түсіну сұрақтарына үстіртін жауап берді. Ал мәтінмен жұмыс істеу барысында сыныптасының көмегіне жүгінді. Бұл жерден оқушының өзіне деген сенімсіздігі байқалды.

Сабақтың қорытындысы: А деңгейлі оқушы оқу мақсатына еш қиындықсыз қол жеткізіп отырғандықтан, келесі зерттеу сабағын жоспарлау барысында шығармашылық (зерттеушілік) тапсырма орындату керек екендігі туралы пікір айтылды.

В деңгейлі оқушының ынтасы жақсы.Талдау барысында қиналғандықтан, жинақтау тапсырмаларын орындауда көбіне тірек – сызба жұмыстарын, графиктік мәтін құру сынды тапсырмалар орындату керек.

С деңгейлі оқушының өзіне деген сенімсіздігін жою үшін оның әр жауабына шабыттандыратынды жии мақтап, мадақтап, қолдау көрсету керек екен. Сонымен қатар, мәтіндерді салыстыру, кейіпкерлер іс – әрекеттерін сәйкестендіру сынды жұмыстарды жии орындату керек.

№ 2 зерттеу сабағы 5 сыныпта жаратылыстану пәнінен «Нәсілдік белгілердің қалыптасуы» тақырыбында жүргізілді. Бұл сабақта оқушыларда ой еркіндігі пайда болып, өз ойларын дұрыс тұжырымдап айтуға тырысты. Мәтінмен жұмыс жасағанда «Борт журналы» әдісінің тиімділігін байқадық. Себебі, әр оқушы мәтінмен жұмыс жасағанда өзгеден қайталап қалмайын деген оймен және мәтіннен ең құнды, ерекше мәліметін қарастырып, оқушылар бәсекеге түсіп жатты. Сабағымызды талдай келе, жаңа тақырыпты ашуда осы «Борт журналы» әдісінен қарағанда болашақта «ЖИГСО» әдісін қолдануды көздейміз. Себебі, «Борт журналы» әдісіндегі «Менің білетінім» атты бағанды анықтап жатқанда біраз уақыт жоғалтылды.

А оқушысы – жұбымен ынтымақтаса жұмыс жасаса, В оқушысында белсенділік пайда болып, қолын көтеріп сабаққа қызыға қатыса бастағанын байқадық.

Ал, С оқушысының сабаққа тапсырмаларды орындауға деген қызығушылығы оянды. Комментарий жасап оқу дағдысы дамыды. Оған дәлел -жоғарыда айтылған жұптық жұмыс.

В оқушысы – жұпта жұмыс жасап, өзіндегі ақпаратпен бөлісуде белсенді болды. Оқылым стратегиясының «Талдап оқу» дағдысы дамыды.

А оқушысында ерекше белсенділік пайда болып, жұптық жұмыс кезінде сындарлы кері байланыс беруі С деңгейлі оқушысының тапсырма орындауда мәтінді тек оқып қана қоймай, мәтіннен өнім жасатуға итермелеуі осы сабағымыздың табысты тұсы деп санаймыз.

Жоспар бойынша желтоқсан айында Қазақстан тарихы пәнінен «Алтын адам кім болды?» тақырыбында сабақ өтті.

А деңгейлі оқушы берілген зерттеушілік тапсырманы орындады. Зерттеу сұрақтарына дәлел келтіріп, сақтардың қолжеткен жетістіктерін бағалады. Оқушының бойындағы өзгерістерді байқап, әлі де сенімдірек болу үшін келесі сабақта «Алтын адам – өнер туындысы» тақырып бойынша дебатқа дайындалу тапсырмасы берілді.

В деңгейлі оқушы осы сабақта берілген мазмұнын блок-схема арқылы көрсетіп, «Алтын адам» образын ашуда сақ мәдениетінің ерекшеліктерін көрсетіп, тақырыпты жеткізе білді. Ендігі кезекте, таныстыруды креативті түрде жүргізу керектігі туралы ұсыныс айтылды.

С деңгейлі оқушы қазақстандық ғалымдарының «Алтын Адам» туралы археологиялық жаңалықтарын анықтап, мәтінде белгілеп, жобалап суретін салды. Келесі сабақта мұқият болуды, ұсақ ақпараттарға да мән беру ұсынылды.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде сабақта оқушының оқуға деген қызығушылықтың артуы, оқылым дағдысының қалыптасуы көбінесе таңдалған технологияға ғана емес, сонымен қатар сабақта жұмыс істеу формасына, жайлы орта құруға байланысты болады. Ең бастысы, орындалатын тапсырмалардың қарапайымнан күрделіге бағытталған шиыршықтай оқыту тиімді деген қорытынды жасадық. Сондықтан, Блум таксономиясы негізінде құрылған тапсырмаларды орындату баланың танымын кеңейтуге септігін тигізеді. Бастауыш сыныптан орта буынға ауысқан оқушылардың жас ерекшеліктерін де назардан тыс қалдырмау керек.



Бұл 2021-2022 оқу жылының нәтижесі наурыз айында НЗМ мен Шығыс білім басқармасының ұйымдастырумен өткен «Іс-әрекеттегі зерттеу және сабақты зертеу: білім беру ұйымдарында жүзеге асыру тәжірибесі» атты аймақтық конференция жинағына енді.

Қорыта келе, «Lesson study» – мұғалімдердің ұстаздық шеберліктерін арттырудың негізгі құралы болуымен қатар, туындаған сұрақтың теориялық мәселелері мен іс-тәжірибе жүзінде кездесетін қиындықтарды шешуге ықпалын тигізетін қолайлы әдіс. Ия, қай кезде де мұғалім мектептегі негізгі тұлға болып қала бермек. Себебі оқушы білімді өз бетімен меңгеруі үшін оған жетекшілік қызмет атқаратын – мұғалім. Мұғалім тек өз сабағында өз шәкірттерін жетелуші ғана емес, кәсіби құзіретті, жан – жақты білімді, заман ағымына сай жаңашыл болу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, НЗМ ДББҰ-Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 49 б.
2. Lesson Study (сабақты зерттеу) бойынша мұғалімге арналған нұсқаулық. – Астана.
3. Пит Дадли «Lesson Study: руководство», 2011.
4. Руководство для учителя. Первый (продвинутой) уровень. – ЦПМ АОО «НИШ» и факультет образования университета Кембридж. Издание второе, 2012.

ҒТАХР: 14.25.09

М.Ж. Жексенбекова

Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп,
Қазақстан, Семей қаласы, Қайнар ауылы

АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ФИЗИКА ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жалпы бүгінгі таңда ауыл мектептеріндегі білім сапасы қандай? Қала мен ауыл арасындағы білім сапасын салыстыруға келеме?

Ауыл мектебі дегеніміз – жас ұрпақтың ой-өрісін жан-жақты дамытып, оларға қазіргі заман талабына сай білім беру және халық педагогикасының негізінде мол мұраларын пайдалана отырып, рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің нағыз орталығы.

Ауыл мектептері балаларды нағыз еңбекке, кәсіпке үйрететін, сонымен қатар болашақ ұлттық мектептердің негізі деп есептеуге болады.

Қазақстанда мектептердің шамамен 75%-ы ауылдық мектептер. Зерттеу жұмыстары көрсеткендей, ауылдағы мектептер білім сапасы, оқу жабдықтарымен қамтамасыз етілуі жағынан қалалық мектептерден едәуір артта қалып келеді.

Барлығымызға белгілі мектепте оқушыларға білім беру үшін, әр сабақта бізге міндетті түрде интерактивті тақта, компьютер және әр пәнге байланысты құралдар қажет. Мысалы, физика пәні бойынша сабақ өткізгенде міндетті түрде интерактивті тақта, компьютерден басқа да зертханалық құралдар өте қажет. Мысалы, бүгінгі сабақ электр ток туралы болса, мен оқушыларға токтың құрылысын көрсетуім керек, плюс, минус жалғауларды тағы басқа ерекшеліктерін түсіндіруім қажет.

Иә, АКТ системалары бар кабинеттер ауыл мектептеріне де жеткізілуде, бірақ дәл осы жерде айта кететін жағдай, жоғарыда айтып өткенімдей кабинеттік системаларда заттардың барлығы бар және жеткілікті деп айта алмаймын. Бірі бар, бірі жоқ. Кейде тіпті тақырыпты түсіндіруге, оқушылар көзбен көріп, сезінсінші дегін келеді, бірақ кейбір құрылғылардың жоқтығына байланысты мұндай тәжірибелерді нақты көздеріне көрсетіп түсіндіре алмаймыз.

Ауыл мектептері мен қала мектептеріндегі білім сапасын салыстыру былай тұрсын, білім беруге қажет технологиялық құрылғыларды, яғни, ең бірінші, балаға білім беретін жағдай жасау керек. Одан кейін барып білім сапасы туралы айтуға болады.

Енді ауыл мектептеріндегі білім саласына тоқталып өтетін болсам. Ауылдың мектептерде қала мектептеріне қарағанда білім сапасы төмен. Неге?

Себебі, біріншіден, ауыл мектептерінде бала саны аз, ал қала мектептерінде әрине бала саны көп, яғни ең аз дегенде 1 сыныпта 30 баладан артып жығылады, екіншіден, ауылда білім алуға ақпараттың шектелуі, ал қалада керісінше, білім алуға ақпараттың көптігі, үшіншіден, ауыл мектептерінің жаңа технологияларға баяу енуі, яғни жаңа технологиялар ауыл мектептеріне

жеткенше біршама уақыт қажет, тіпті ауыл мектептері жаңа технологияларға 2-3 жылдан кейін бірақ қол жеткізіп жатады.

Сөйтіп, үлкен өмірге қадам басайын деп отырған түлектер мұндай технологиялардың қыр – сырын мектеп табалдырығында игере алмай, қалаға жоғары оқу орындарына барып қиналып та жатады.

Ал қалада керісінше, жаңа технологиялар жылдам енеді.

Төртіншіден, ең басты мәселе ауыл мектептерінде педагог мамандардың қамтамасыз етілуінің мүмкіндігінің аздығы. Шыны керек, қазір жоғары және орта кәсіптік оқу орындарын бітірген педагог – мамандар ауыл мектептеріне барудан қашып жатады. Тіпті ауыл мектептеріне барып жұмыс істеуден түбегейлі бас тартады. Мүмкін болса, ауылға жұмыс істеуге бармауға тырысады.

Иә, бір жағынан ауылға барып жұмыс істейтін де мамандар бар. Олар кімдер? Олар жоғары оқу орындарына ауылдық квотамен грантка түсіп, сол грантты өтеу мақсатында ауылға барып 3 жыл жұмыс істейтін мамандар. Ал бірқатары, тәжірбие жинау үшін барады. Бірақ ондай мамандар 2-3 жыл өткен соң қалаға ауысып жатады. Қазір ауыл мектептеріндегі кадрларды қарайтын болсақ көбі орта, үлкен жастағы ұстаздар, ал жастар жағы өте аз. Және де ауыл мектептеріне қарағанда, қалада әрі қарай дамуға, өсуге көп мүмкіндік бар.

Ал қала мектептерінде керісінше, мамандардың толық қамтамасыз етілу мүмкіндігі өте зор. Тіпті, көптеген мамандар қала мектептерінен жұмысқа орын таба алмай жүр.

Енді ауыл мектептері мен қала мектептерінің арасындағы жалпы білім сапасына әсерін тигізетін айырмашылықтарға тоқтала кетсем:

- Ауылда халық саны аз, ал қалада керісінше көп;
- Ауылда әлеуметтік орта шектеулі, қалада әлеуметтік орта кең;
- Балалар, жалпы ауыл адамдары тірі табиғатқа жақын, қалада керісінше тірі табиғаттан алшақ;
- Ауылда оқушылардың бойында ұлттық менталитеттің толық сақталуы, қалада ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың араласуы;
- Ауылда ауыл шаруашылығы мен тарихи – мәдени игіліктерді, ал қалада өркениет пен техникалық игіліктерлі игеру басымырақ;
- Ауыл балалары тәрбиеленуге бейім, әдепті, қалада еркін тәрбиеленеді;

Ауылдық жерде, мұғалімдер, яғни мектептерде табиғи-географиялық ортамен біте қайнау, сыртқы әлеммен тікелей байланыста болу баланың психо-физиологиялық дамуының шарты, фантазиясы мен шығармашылық қиялын қалыптастырудың негізі, әсемдік пен қоршаған ортаны құрметтей білудің эстетикалық және экологиялық тәрбиесінің мазмұны екендігін байыптап, іс-тәжірибесінде кеңінен қолданылады.

Оған қоса тамаша табиғат аясы, әсіресе, әсем су айдыны бала қиялын тербеп, асқақ армандарға жетелеп жатқандай.

Ауыл мектебінің оңы да, солы да орман және егіс алқаптарымен шектеледі. Мұның бәрі баланың табиғатты сүйіп, оның қадірін біліп, кітаптан оқығанын табиғаттан көріп, араласып өсуіне толық мүмкіндігін туғызады. Сонымен қатар оқушылардың бойында шынайы отансүйгіштік, табиғатты құрметтеушілік сапаларының қалыптасуына әсер етеді.

Ауылдық жерлерде оқушылардың мектептен тыс шаруашылық жұмыстары, кәсіби бағдар беру, еңбекке баулу т.б. күнделікті іс-әрекетпен тікелей байланысты. Яғни: «Кәсіптік бағдар беру – жеке адамның ғана проблемасы емес, жалпы мемлекеттік мәселе. Әрбір жеткіншек ұрпақтың қызығушылығы мен мүмкіндігі мен қабілетін ескере отырып, белгілі бір кәсіпті таңдауға байланысты жасалынған жалпы мемлекеттік тұғырнама».

Жоғарыда түртіп өткенімдей, ауыл мектептеріндегі білім сапасына мектептің материалдық техникалық жағдайы да білім сапасына тікелей әсер етеді.

Оқушыларға зертханалық жұмыс жүргізетін жабдықтар жоқ болғандықтан ауызша айтылады. Интернеттен көрсетеді. Ал оқушы өзі көзімен көріп, қолымен зертханалық жұмыс жасамаса, есінде қалмайды. Немесе ауыл мектептерінде, кітапханада әдеби оқулықтар қоры мүлде жоқ болып шығады. Кітапханаға да әдеби кітаптар қорын ата-аналар мен мұғалімдердің күшімен жинақтап қояды. Сонымен қатар интернет жүйесінің де қалыпты жұмыс жасамауы білім сапасына кері әсерін тигізеді.

Енді ауыл мектебіндегі сапалы білімге қол жеткізудің тиімді жолдарына тоқталып өтсем:

Ең алдымен, ауыл мектептеріндегі білім беру сапасын арттыру үшін білім беруге нақты, сапалы жағдай жасау. Жаңа технологиялық оқытуды пайдалануға мүмкіндік беру.

Екіншіден, маман тапшылығын жою. Яғни, білікті, білімді жас мамандарды ауыл мектептеріне тарту, әрине ол үшін бар жағдайды жасау керек.

Ауыл мектептерінде білім сапасын арттырудың келесі бір жолы – ауыл мектептеріндегі білім сапасын басқару.

Білім сапасын басқарудың негізгі бағыттары:

- Сапалы білім мазмұнын қамтамасыз ету.

Бұл білім берудегі оқу жоспары мен оқу-әдістемелік материалдарының сәйкестігін сақтау.

- Білім беру үдерісін сапалы ұйымдастыру;

Білім беру сапасын арттыру мақсатында оқытудың түрлі әдістерін технологияларын тиімді қолдану.

Білім беру үрдісін сапалы ұйымдастырудың мәні : оқушыларды білуге, орындай алуға, бірігіп жұмыс жасауға, жеке тұлға ретінде өзін сезінуге, өзін және қоғамды өзгертуге негіздеу.

- Білім беруде сапалы орта жасау;

Мектепте сапалы білім мазмұнын қамтамасыз ету және оны сапалы ұйымдастырып ғана қоймай, ұжымға, оқушыларға жайлы, тілектес, өздерін еркін ұстай алатын орта жасау. Ең бастысы, барлық оқушыларға, педагогтерге білім беруде бірдей мүмкіндік, қолжетімділік жасау.

- Кәсіби білікті, білім беруге ынтасы мол, қызығушылығы бар педагогтар қауымын қалыптастыру.

Педагогтардың кәсіби өсуіне жағдай жасау, мүмкіндік тудыру және әлеуметтік қорғау.

Қорыта айтқанда, кез келген елдің болашағы білім беру жүйесінің мықтылығына байланысты болғандықтан, Қазақстан халқына да әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру қажеттігі күмән тудырмайды.

Сондықтан да, ауыл мектептеріндегі білім сапасын арттырып, оқушыларды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, білікті, білімді мамандарды шығару мемлекетіміздің басты мақсаттарының бірі болып отыр. Сол себепті де, бүгінде еліміз ауыл мектептерінің білім сапасын көтерудің әр түрлі тәсілдерін ұсынып, нақты жұмыстарды атқаруда.

Ендеше, қазіргі заман мұғалімі шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлға, педагогикалық қызметінің барлық келеңді – келеңсіз жақтарын зерттеп меңгеруге ынталы, өзінің пәнің жетік меңгерген, кез келген педагогикалық жағдайда өзінің білімділігі, іскерлігі, шеберлігі, арқасында шеше алатын және білім сапасын арттыруға үлес қоса алатын мұғалім болуы керек.

ҒТАХР: 14.07.07

А.Ж. Жумағалиева

Торайғыров Университеті КеАҚ, магистрант

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШӨЛЕЙТТЕНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шөлейттену – жаһандық экологиялық және әлеуметтік-экономикалық проблеманың айқын көрінісін білдіреді. XX ғасырда, Жер планетасындағы халық санының қарқынды өсуі, құнарлы ауыл шаруашылық жерлерінің іс жүзінде толық игерілуі және қоршаған ортаға техногендік жүктеменің өте зор ұлғаюы барысында шөлейттену проблемасы көптеген елдер үшін тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі қатері болуы мүмкін.

Шөлейттену деп – адамның шаруашылық әрекетінің ықпалымен өсімдік жамылғысы сиреп, шөлге ұқсас ландшафттардың пайда болуын айтады. Дүние жүзінде климаттың өзгеруі мен қуаңшылықтың өсуіне байланысты Шөлейттену процесі қарқынды жүруде. Шөлейттену нәтижесінде биологиялық өнім мен түр саны азайып, топырақ құнарсыздана бастайды. Қазіргі кезде құрлық бетінің 1/3 бөлігінде топырақтың құнарлы қабатының жоғалу қаупі бар, ал оның әсерінен Жер шары халқының 1/5 зардап шегуі мүмкін.

Соңғы 50 жыл бойында дүние жүзінде 800 млн га-дан астам жер шөлейттенуге ұшыраған. Мұның негізгі бөлігі Африка құрлығына келеді, мысалы, Сахара шөлі оңтүстікке қарай 650 – 700 км шамасында жылжыған. Ғалымдардың болжамы бойынша 2020 жылы Оңтүстік Африканың 60 миллион тұрғыны жарамды жерлердің шөлейттенуі салдарынан өздерінің атамекенінен басқа аудандарға қоныс аударуға мәжбүр болады. Шөлейттену процесі Орталық Азия елдері мен Қазақстанда да жылдам қарқынмен дамуда. Түрікменстанда ұзындығы 1000 км Қарақұм каналының

бойында 100 км-лік аймақта топырақ қайталама сортаңданып, шөлге айналды. Арал теңізінің деңгейі 14 м-ге төмендеп, аумағының азаюы салдарынан 2,5 млн га-дан астам жер қу тақырға айналды.

БҰҰ-ның мәліметі бойынша Қазақстанның 272,5 млн.га территориясының 179,9 млн.га жері немесе барлық алаңның 66% шөл дала. Жайылымның азып-тозуынан 963 млн.доллар зиян келіп отыр. Егістік жерлердің эрозияға ұшырауынан 779 млн. доллар, топырақтың екінші реттік тұздануынан 375 млн. доллар кірістен айырылып отыр. Халықаралық мамандардың есептеулері бойынша Қазақстанда қарашіріктің азаюынан жалпы шығын көлемі 2,5 млрд. долларға бағаланып отыр. Біріккен Ұлттар Ұйымы 1994 жылғы 17 маусымда Париж қаласында «Біріккен Ұлттар Ұйымының Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі конвенциясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 17 шілдедегі Заңымен бекітілген Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі конвенция қабылданды. Жер ауданының басым бөлігі жеткіліксіз ылғалдану аумағында орналасқан Қазақстан үшін шөлейттену мәселесі өзекті болып табылады.

Қазақстандағы шөлейттену процесінің дамуына ықпал ететін негізгі табиғи фактор-құмдардың (30 млн. га-ға дейін) және сортаңданған жерлердің (127 млн.га) кең таралуына алып келетін климаттың құрғақтығы, су ресурстарының тапшылығы мен өзен торабының республика бойынша біркелкі еместігі. Сонымен қатар, топырақ-өсімдік жамылғысының сирек қалыптасуы мен өсімдіктердің өсу қарқынының төмендігі шөлейттенудің алғы шарты болып табылады. Қолда бар деректер бойынша, елдің шамамен 75% аумағы экологиялық тұрақсыздандырудың жоғары қатеріне ұшыраған.

Қазақстандағы шөлейттену процестерінің туындауына және дамуына алып келетін антропогендік факторлар, ең алдымен шаруашылық қызметтердің мынадай түрлерімен: артық мал жаю, егін шаруашылығы, жер қойнауын игеру, өнеркәсіптік, әскери және азаматтық нысандарды пайдалану. Шөлейттену, сондай-ақ, ормандарды жоспарсыз жаппай кесудің, мал азығы мен отынға бұталар мен жартылай бұталарды шабудың, орман және дала өрттерінен, жүйсіз рекреацияның салдарынан, елді мекендер аумағында қоқыстарды тастаудың, топырақтардың және жер асты су көздерінің улы заттармен ластануы, көлік қозғалысының әсер етуінің нәтижесі болып табылады.

Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі конвенцияда қабылданған белгілерге сәйкес айқындалған Қазақстанда шөлейттенудің басты түрпатына мыналар жатады: өсімдік жамылғысының деградациясы, топырақтың су және жел эрозиясы, топырақтың сортаңдануы мен құнарсыздануы, топырақтың, жер асты және жер үсті суларының химиялық заттармен ластануы, жердің және гидрологиялық режимінің техногендік бұзылуы.

Соңғы оншақты жылда Қазақстанда орман алқаптарының қысқаруы 10%-ға кемігенін көрсетті. Орманды жерлердің азаюы және жасанды орман өсіру көлемінің қысқаруы Қызылқұм, Мойынқұм, Сарыесік-Атырау және басқа да массивтердің басым шөлейт бөлігінде жайылымдардың тозуы мен жұтаңдануына үлкен қауіп төндіреді. Соңғы 40 жылдың ішінде қылқан жапырақты ормандардың өнімділігі 70%-ға кеміген, майқарағай ағаштарының ауданы 13% кеміген, Кенді және Оңтүстік Алтай ормандарында ағаштардың сиреуі айқын байқалады. Жоңғар және Іле Алатауларында өсетін алма ағашты ормандардың ауданы 24%-ға қысқарды. Әсіресе шөлді жерлердегі өзендердің алабындағы ормандар қатты жұтаңдауда. Топырақтағы ылғалдың мөлшері кемігендіктен өсімдік түрлерінің кейбіреулері түрөзгеріске ұшырауда. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысының Шардара ауданындағы Сырдария өзенінің алабында тұранғы ағашының шамамен үштен бір бөлігі құндылығы төмен жыңғылдың бұталарына айналууда.

Тың және тыңайған жерлерді жаппай игеру Қазақстанның дала экожүйесіне теріс және кешенді әсерін тигізді. ҚР Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттіктің деректері бойынша, 188,9 млн.га-дан соңғы дәрежелі жұтаңдауға 26,6 млн. га жеткен, күшті және өте күшті шөлейттенген. Республиканың орманды-дала және дала аймақтарында жерлерінің 34,8 млн.га жерін жайылымдар құрайды, оның 5,6 млн. га өте қатты жұтаңдаған. Жайылымдардың жұтаңдану процесінің жалғасуы әлі де байқалып отыр.

Техногендік шөлейттену. Қазақстандағы индустриалдық өндірісті дамыту және пайдалы қазбалар кен орындарын игеру, көлік және инженерлік инфрақұрылымды салумен, су және жер ресурстарының қарқынды пайдалануы мен ластануы экожүйелерге әсері тікелей және жанама түрде байқалууда.

Автокөлік жолдарының жүйесі де шөлейттенуге әсерін тигізуде. Республикада автокөлік жолдарының жалпы қашықтығы шамамен 120 мың км, оның жартысы асфальт жолдар. Қоршаған ортаға әсер ететін желілік инфрақұрылымның өзге де түрлеріне темір жолдарды, мұнай және газ құбырларын, жоғары вольтты электрожелілерді жатқызуға болады.

Шөлейттенудің негізгі теріс салдарының бірі болып түрлердің жергілікті популяциялардың толық жойылуы есебінен де және олардың мекен ету ортасы мен санының азаюы есебінен де, әрі фитоценологиялық белсенділігінің және репродуктивтік қабілетінің төмендеуінен де болатын биоалуантүрліліктің жұтауы болып табылады. Шөлейттенуге алып келетін антропогендік факторлардың әсерінен республиканың жануарлар әлемі де біраз өзгеріске ұшырады.

Шабындық жерлердің шөлейттенуі әсіресе, Іле, Сырдария, Шу өзендерінің атырауларында және жайылмаларының төменгі бөліктерінде шабындық өсімдіктерінің қатты өзгерістері болды. Мұнда биологиялық өнімділігі жоғары қамысты қауымдастықтар толық жұтаған.

Шөлейттену бірқатар экономикалық және әлеуметтік салдарларға алып келді, оның ішінде:

- өсімдіктердің жалпы өнімі мен түсімінің азаюы;
- мал басының және мал шаруашылығы өнімділігінің азаюы;
- аграрлық сектор саласында экспорттық әлеуетінің азаюы;
- тамақ және жеңіл өнеркәсіп салаларының дамуының тежелуі;
- аграрлық және өңдеу секторларының салық қаражаттарының бюджетке түсуінің азаюы.

Статистикалық деректер аграрлық саланың экономикасындағы теріс үрдістерді көрсетеді.

Шаруашылық жүргізудің жаңа нысандарының қалыптаспағандығы, жайылымды мал шаруашылығы жүйесінің бұзылуы, техникалық және қаржы құралдарының жеткіліксіздігі жұмыссыздық пен кедейшілікті ұлғайтады. Қазақстандағы қазіргі экологиялық-әлеуметтік жағдай мынадай жағдайлармен байланысты, шөлді аумақтарда орналасқан облыстардан халықтың жыл сайынғы көшіп кетуі жүздеген мың адамдарға жетеді. Экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы және мекен ету ортасының жұтаңдауы салдары болып табылатын халықтың төмен тұрмыс деңгейі, тойып тамақтанбау, жеткіліксіз медициналық көмек көрсету, пайдалануға жарамсыз ауыз су, шаңды және тұзды борандар халық денсаулығы, жай-күйінің нашарлауына, демографиялық қолайсыздықтың алғы шарты болып табылатын халықтың өсуінің азаюына алып келді.

Шөлейттенуге ұшыраған өңірлерде балалар өлімі өте жоғары деңгейде. Экологиялық-санитарлық жүктеме балалардың дамуындағы келеңсіздіктерді, қан аздық, туа біткен ауытқушылықтардың, жүйке аурулары, жүрек-қан тамырлары ауруларының негізі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Дәрібаев Ж.Е. Экология. Учебное пособие. – Астана, 2005.
2. Шайкенов А.В. Табиғаттағы биологиялық тепе-теңдік. – Алматы: Қайнар, 1976.
3. Чигаркин А.В. Қазақстан ландшафтының келешегі. – Алматы, 1983.
4. Молдағұлов Н.М. Ландшафттану негіздері және Қазақстанның ландшафт географиясы. – Алматы, 1994.
5. Бірмағамбетов Ә. Туған өлкені зерттеушілер. – Алматы, 1989. – 66 б.
6. Дороненко Е.П. Рекултивация земель, нарушенных открытыми разработками. – М.: Недра, 1979.

ҒТАХР: 14.25.09

А.Н. Жұмағазина, П.М. Шыныбаева

С. Бегалин атындағы орта мектеп, Қайнар ауылы, Семей қаласы.

ШЕТЕЛДЕРДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Баланың мектепке бейімделу кезеңі сәбилердің өздері үшін де, ата-аналар үшін де өте қызықты сәт екені бәрімізге белгілі. Көптеген бастауыш сынып мұғалімдері жас оқушылардың жаңа ұжымдағы қарым-қатынасын ғана емес, сонымен қатар олардың білімдерінің түбегейлі қарама-қарсы деңгей де екенін басты мәселе ретінде атап өтеді.

Шындығында, кейбір ата-аналар отандық мектепке дейінгі білімге сенбей, бастауыш мектептің барлық дерлік бағдарламасын балалардың басына өздері құйып беруге тырысады, содан кейін мұндай бала өзі үшін жаңа ештеңе жоқ сабақтарда жалығып кетеді. Басқалары, керісінше, мектепке дейінгі мекемелерге, содан кейін мектепке толықтай сеніп, оқу үдерісіне араласудың қажеті жоқ деп санайды, нәтижесінде бастауыш мектеп бала үшін өте қиын кезеңге айналады, оны жеңу үшін балаға үлкен физикалық және психологиялық жүк түседі.

Біздің, мемлекеттік қаржыландыру тапшы және балаларды дамытудың заманауи бағдарламалары тәжірибелі мұғалімдердің күмәні мен теріс пікірлерін тудыратын, мектепке дейінгі білімімізге сенуге бола ма? Мысалы, егер Финляндияда мектепке дейінгі білім беруді қарастыратын болсақ, онда оның қажеттіліктеріне ел бюджетінде шамамен 16% бөлінеді, бұл баланы моральдық және теориялық тұрғыдан мектепте оқуға толық дайындауға мүмкіндік береді. Фин мұғалімдеріне оқу құралдарын өз қолдарымен жасаудың қажеті жоқ, онда мамандар бюджет қаражаты үшін белгілі бір уақыт аралығында өздерінің біліктілік деңгейін арттырады, балабақша балалары оңай қабылданатын, оқу үшін қажетті түрлі-түсті және әдемі материалдармен көрнекі деңгейде қамтамасыз етіледі. Финляндиядағы мұғалімдердің қолайлы жұмыс жағдайлары оларға балалар мекемесінің экономикалық мәселелеріне алаңдамауға мүмкіндік береді (шатыр ағып жатыр, кран жұмыс істемейді және т.б.), сондықтан олар білім беру үдерісіне өз күштерін толығымен береді.

Күншығыс елінде жағдай қалай?

Мұнда балаларға қамқорлық толығымен ананың мойнында, ал әкеге тәртіп сақтаушы міндеті жүктеледі. Жапон педагогикасының ұлттық негізі-жалпыға бірдей теңдік және бірігу. Жапон мектебінде оқушылар мектеп формасынан бастап, сабақтардағы стандартты емес жауаптарға шейін ештеңемен ерекшеленбеу керек. Білімді игеруде туа біткен қабілеттерге қарағанда ыждаһаттылық көбірек назар аударылады. Мұғалім бір өзі сенсей, рухани тәлімгер және тәрбиеші болады.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеу өте қиын: жоғары білімнен басқа, сурет сала білу, музыкалық аспаптарда ойнай білу, тамаша спорттық дайындыққа ие болу, жоғары адамгершілік қасиеттерге ие болу және коммуникабельділік қажет. Жапонияның бастауыш мектебіндегі білімді бағалау жүйесі мүлдем басқаша. Сенсей ешқашан өз тәрбиеленушілерінің жетістіктері немесе сәтсіздіктері туралы көпшілік алдында айтпайды. Кез-келген мақтау немесе талап қою балаға жеке түрде айтылады. Әсіресе, біз үшін әдеттен тыс нәрсе-әдеттегі ата-аналар жиналысы жоқ.

Жапониядағы мектеп курсы 12 жылға созылады және оның жартысы ана тілін үйренудің ерекше күрделілігі мен еңбекқорлығына байланысты бастауыш мектепке тиесілі. Күн сайын кәдімгі мектепте оқығаннан кейін балалар қайтадан оқуға барады, басқа, міндетті емес мектепке барады, бірақ орта мектептің келесі сатысына және университетке өту үшін ол өте қажет. Бұл мектептер "Джуку", аудармада "шеберлік мектебі" деп аталады, бірақ "репетиторлық мектеп" деп айту дұрысырақ болар еді. Онда арнайы жалданған мұғалімдер балаларға күндіз мектепте не айтылғанын тағы бір рет түсіндіреді, бұл білімге жаңаларын қосады. "Джукуда" үш жастан он сегіз жасқа дейінгі оқушылар айналысады, оларға кіші мектеп оқушыларының алтыдан бір бөлігі, орта мектеп оқушыларының жартысы және үлкендердің барлығы дерлік қатысады.

Жапониядағы оқу жылы ең ұзақ: 240 күн. Осыған қарамастан, мұғалімдер үйге көп тапсырма береді, сондықтан орта мектеп оқушылары күніне тағы 5-6 сағат оқулықтардың үстінде отыруға мәжбүр. Босату мүмкін емес. Жапон оқушылары оқымайды, жаттайды. Олар: тарихи фактілер – барлығы хронологиялық кесте бойынша; ағылшын сөздері – сөздік бойынша, парақ бойынша; негізгі теміржол магистральдарындағы станциялардың атаулары-пойыз кестесі бойынша: маршрут бойынша; Жапония тарихы емтиханында оқиғалардың хронологиясын, императорлардың есімдерін, көтеріліс жетекшілерін білу қажет. Бірақ бұл көтерілістің себептері туралы өз болжамдарыңызды айтуға болмайды, оқытушыға тапсырмаларды мойынсұнып орындайтын еңбекқор, икемді және міндетті түрде тәртіпті оқушы қажет. Олар күніне 10 сағат оқиды. Ең қарапайым есептеулер бойынша, 200 мың кішкентай жапондықтар мектепті жек көреді. Олардың 30 мыңы тіпті оған барудан бас тартады. Қазір жағдай көп өзгерген жоқ.

Неміс мектебінің атауы әрі қарай оқуға мүмкіндік беретін білім негіздерін беретіндігін білдіреді. Бастауыш мектеп-бұл 1-ден 4-сыныпқа дейінгі барлық оқушыларды (Берлин мен Бранденбургте 6-сыныпқа дейін) бастауыш деңгейге қамтитын міндетті мектеп. Германияның бастауыш мектептерінде келесі сыныпқа ауысу, әдетте, жыл сайынғы алған мектеп бағасына сәйкес жүргізіледі. Бастауыш мектепте оқыту міндеттері: 1) ойын формаларынан мектептегі білім беру формасына ауысу және 2) одан әрі білім алу үшін берік негіз құру. Бірінші мақсатқа мектептегі алғашқы екі жылдағы ерекше мазмұнды және әдістемелік ұйым қол жеткізеді. Математика, неміс тілі, табиғаттану, музыка, қозғалыс және эстетикалық тәрбие сабақтары аптасына 17 сағатты алатын блокпен ұсынылған. Білім негіздерін оқыту мұғалімге оқушыларға қойылатын талаптарды дербес белгілеуге, түсіну мен сөйлеудің, байқаудың сараланған дамуын ұйымдастыруға және жүргізуге мүмкіндік береді. 3-4 сыныптарда олар бағалау сабақтарына көшеді (баға қою). Жылына екі рет студент 1-ден 6-ға дейінгі бағалары бар есеп картасын алады. Сабақтың қажетті шарты-жаттығуларды үнемі қайталау және терең түсіну. 3-сыныптан бастап олар белгілермен бағаланатын жазбаша жұмыстарға көшеді. Мектептегі оқу жоспарындағы бос уақыттар терең бақылауларға,

кездесулерге, әңгімелесулерге және ерекше іс-шараларды-мерекелер мен демалыстарды ұйымдастыруға ықпал етеді. Үшінші сыныпта ата-аналар баласының оқуын жалғастыру үшін мектеп таңдау мүмкіндіктері туралы хабарлайды.

Австралиялық мектептің білім беру баспалдақтары төрт оқу деңгейін қамтиды: кіші бастауыш, аға бастауыш, кіші орта, аға орта. Сондай-ақ кәсіптік-техникалық орта оқу орындары бар. Австралияда мектеп білімі міндетті болып табылады. Оқу ұзақтығы-12-13 жыл. Мектептегі білім беруді орталықсыздандыру әр түрлі Штаттарда бастауыш мектептің басталу жасы мен аяқталу жасының өзгеруіне әкеледі. Сонымен, Виктория штатында балалар 5-6 жасында оқи бастайды, бастауыш мектепті 12-13 жасында бітіреді, ал Квинсленд, Оңтүстік және Батыс Австралия Штаттарында 5-6 жастан 13-14 жасқа дейін оқиды.

Оқу деңгейі бойынша мыналарды ажыратуға болады:

– бірінші сатыдағы мектептер (Primary school)-0-6 (8) сынып.

– екінші сатыдағы мектептер (Secondary high schools) 7(8)-10 сынып немесе кіші колледждер (Junior) 7 (8)-10 сынып.

Үшінші сатыдағы мектептер: аға колледждер (Senior or Matriculation Colleges) немесе 11-12 сынып.

Австралиялық білім беру тұжырымдамасына сәйкес алты-сегіз жылдық бастауыш мектеп бүкіл білім беру жүйесінің негізі ретінде қарастырылады. Дәл осы жерде білімнің, дағдылардың негіздері қаланады, болашақта жеке тұлғаның жолын анықтайды. Бастауыш мектептер әдетте шағын болады, қоғамдастық рухын, отбасылық атмосфераны қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл бағыт кішкентай бала үшін қауіпсіздік, қорғаныш атмосферасын тудырады.

Бастауыш мектепте оқыту гуманитарлық педагогика принциптеріне негізделген. Әр баланың қабілеттері, тәжірибесі ескерілуі керек, әртүрлі оқу-әдістемелік қолдау қолданылады. Оқытудың мазмұны мақсат емес, оқыту құралы болып табылады. Сонымен, математика саласында математикалық ойлауды, қиялды, ойлау, дәлелдеу, жалпылау қабілетін дамыту міндеті қойылады. Ана тілі саласында тек сауатты жаза білу ғана емес, ауызша және жазбаша тілдің коммуникативті дағдыларын дамытуға көп көңіл бөлінеді. Жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерінің экологиялық проблемаларға, адам мен табиғат қатынастарына бағыттылығы күшейтілді. Бағдарламада эстетикалық цикл пәндеріне және музыка, би, модельдеу, сурет салу, ртмика сабақтарында оқушылардың шығармашылық күштерін дамытуға көп көңіл бөлінеді.

Көптеген бастауыш мектептерде дарынды, дарынды балаларды немесе даму ерекшеліктері бар балаларды анықтауға бағытталған бағдарламалар бар. Оқуда қиындықтары бар балаларды ерте оңалтуға көп көңіл бөлінеді. Мысалы, Квинсленд штатында орналасқан Clayfield Колледж инклюзивті білім беру философиясын ұстанады және оқытуда қолдауды қажет ететін балаларға әртүрлі бағдарламалар мен педагогикалық қолдау ұсынады. Бастауыш мектептегі жетістіктерді бағалау жүйелі түрде жүреді. Әр триместрдің немесе тоқсанның соңында ата-аналар үлгерім туралы есептер алады. Сынып ішіндегі бағалау жан-жақты. Оған тест нәтижелері, оқушының жұмыс жазбалары, мұғалімнің бақылаулары кіреді. 3, 5, 7, 9 сынып оқушылары сауаттылық пен арифметика бойынша Федералды мемлекеттік сынақтарға қатысады. Үкімет балалардың оқу сапасын өлшеудің эталондық көрсеткіштерін белгілейді. Бұл тестілеу режимі NAPLAN (сауаттылық пен санауды бағалаудың ұлттық бағдарламасы) деп аталады. 4-5 жылдағы оқушылар міндетті түрде ағылшын тілін, математиканы, ғылым негіздерін тапсырады. 3-5 оқу жылындағы оқушылары әр оқу жылының басында мұғалімдерді өздерінің білім беру қажеттіліктері туралы хабардар ету мақсатында стандартталған тестілеуден өтеді. Үлгермеген оқушылар жеке көмек алады, екінші жылға оларды қалдырмайды. Орта мектепке көшу бастауыш мектепті бітіргені туралы куәлік негізінде емтихансыз жүзеге асырылады.

Ағылшын баласының балалық шағы қысқа: 5 жасында мектеп уақыты басталады. Мектепте балалар әдетте жасына қарай сыныптары бойынша топтастырылады. Бастауыш білім 5 жастан 7 жасқа дейін және 7 жастан 11 жасқа дейін қамтиды. Орта білім, ең алдымен, 11(12) жастағы балаларға арналған біріккен мектеп және одан кейінгі 15-17 жастағы балаларға арналған грамматикалық және заманауи мектептермен ұсынылған. 11 жылдық міндетті оқу қажет. 14 жасқа толғаннан кейін жасөспірімдер кәсіптік мектептерге түсуге құқылы. Төменгі, бастауыш мектептегі сабақтар өте жұмсақ, ойын түрінде өтеді, барлығын бір жалпы деңгейге "сәйкестендіруге" тырыспайды. Әр бала өз мүмкіндіктерінің деңгейіне сәйкес жеке дамиды. Бастауыш мектептегі барлық пәндерді бір мұғалім жүргізеді. Сабақ 15 тен 45 минутқа дейін созылады.

Бастауыш мектепке түсе отырып, кішкентай оқушылар аптасына 1 рет үй тапсырмасын орындайды, мұқият санауды, оқуды және жазуды үйрене бастайды. Дене шынықтыру сабақтары

міндетті түрде өткізіледі, көптеген мектептерде балалар аптасына бір рет бассейнге барады. Бастауыш мектептің негізгі уақыты ағылшын тілін үйренуге арналған (оқу, емле, грамматика, сөйлеу оқу уақытының 40%-на дейін созылады), 15% дене тәрбиесі, 12% қол еңбегі және өнер, қалған сағаттар арифметика, тарих, география, табиғаттану және дін сабақтары арасында бөлінеді. Уэльс тілінде оқытылатын Уэльс мектептері үшін Уэльс тілі де міндетті болып табылады.

Оқушы мектепке келгенде, көп жағдайда алғашқы бір-екі айда мұғалім оның қарым-қатынас, сөйлеу, арифметикалық және математикалық қабілеттерін бағалайды. Мұндай бағалау тәртібі мен өлшемшарттарын жергілікті білім беруді басқару органы немесе мектеп әкімшілігі белгілейді. Алдын ала және заңнамалық тұрғыдан міндетті емес тестті ескере отырып ерте кезеңде арнайы оқыту қажеттілігі анықталуы мүмкін

Бастауыш және орта білім берудің 1-ші, 2-ші және 3-ші негізгі кезеңдерінің соңына қарай 2002 жылғы Білім туралы Заң (105 – баптың 2-тармағы) математика, ағылшын, жаратылыстану ғылымдары бойынша, ал Уэльсте оқытылатын мектептерде Уэльс тілінде тесттер өткізуге нұсқау береді. 1-ші кезеңде ағылшын тіліндегі тестілер тестіленушіден сөйлеуді есту, оқу мен айтылымды түсінуді талап етеді. Математика-қарапайым арифметикалық әрекеттерді жасай білу. 2-ші кезеңде тілдік тест оқу, сауатты жазу, эссе жазу қабілетін тексеруді білдіреді; математика бойынша-калькулятор мен математикалық ойлау деңгейін қолдана отырып, санада санау дағдысы. Жаратылыстану ғылымдары бойынша тест – бұл ғылыми мәтінді түсіну қабілетін анықтауға бағытталған.

7 және 11 жаста өткізілетін мемлекеттік сынақтарға мұғалімнің мемлекеттік оқу жоспары мен мектептің оқу жоспарына сәйкес қол жеткізген мақсаттарын бағалау кіреді. Қол жеткізілетін мақсаттар мемлекеттік оқу жоспарында егжей-тегжейлі сипатталған. Олар студенттердің белгілі бір білім мен дағдыларды игеруінен тұрады.

Осылайша біз шетелдердегі бастауыш сыныптарда оқытудың ерекшеліктеріне тоқталдық. Әрине, кез-келген білім беру жүйесі сияқты, аталған елдердің оқу жүйелерінің де кемшіліктері бар, бұл оны мезгіл-мезгіл реформалауға себеп болады. Бірақ ең бастысы, кез-келген жағдайда, жас болмыс басты назарда қалады. Бұл туралы және біздің қазіргі заманғы білім беру жүйесінің, реформаторлары ескерсе екен дейміз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. <http://www.wofwom.com/2012/03/19/nachalnaya-shkola-zarubezhnyj-opyt>
2. Волкова А.А. Традиции и инновации в развитии школьного образования Австралии – дис канд пед н. –Новосибирск, 2004.
3. http://chemodan.com.ua/great_britain/gbr_about_obr.html#5_2 <http://www.globalclass.ru/countries/3/1/>
4. Обучение детей в Англии – традиции и особенности <http://www.ukstudycentre.com/education/secondary-education/>
5. http://www.iclass.ru/study_abroad_middle_gb
6. Корф Д.В. Образовательное право и образовательная система Великобритании <http://www.lexed.ru/pravo/theory/ezegod/?16.html>

ҒТАХР: 14.14.09

Т.С. Ибрайканова

Семей қаласы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы 47 ЖОББМ

ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛГЕН ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСТАР

Прозалық шығармаларды оқыту бойынша жүргізілетін тәжірибелік эксперимент жұмыс үшін үш кезең белгіленді. Эксперимент 3 кезең бойынша жүргізілді:

- анықтау эксперименті – бірінші кезең;
- оқыту эксперименті – екінші кезең;
- эксперимент нәтижелерін қорыту – үшінші кезең.

Прозалық шығармаларды мектепте оқытуға арналған әдістемелік және ғылыми еңбектерді саралай келе, заман талабына сай емес әдістемелік тұжырымдамалар мен сабақ үлгілері бар екендігі айқындалады. Мәселен, 7 сыныпта С. Мұқановтың «Есіл бойында» әңгімесін өткенде өзен бойында өсетін көптеген өсімдіктер мен шөптердің атының аталуы, сол сияқты әңгімедегі нақтылы

кейіпкердің болмауы қиындық тудырды. Әңгімедегі негізгі ойды дұрыс түсінуі үшін, дұрыс әдістеме, дұрыс ситуациялық жағдай алынуы керек болды. Себебібұл әңгімедегі қазақтық дүниетаныммен жазылған өсімдіктер туралы бүгінгі күні көп айтылмайды.

Білім беру жүйесіндегі оқушы баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыру, мұғалім құзіреттілігін арттыру, ақпараттық технологиялық жүйелерді пайдалану оқушының өзін-өзі тануы арқылы ұлттық болмыс-бітімінің қалыптасуы сияқты мәселелер де эксперимент жұмыстарын жүргізу жоспарына енгізілді. Әсіресе, оқушылардың жас ерекшелігіне сай, технологиялық қалыптасу деңгейіне сай таңдалып алынған тапсырмалар мен жаттығу жұмыстарының маңызы зор. Жаңашыл педагог Қ.Бітібаева оқушыларға әдебиет пәнін тереңдетіп оқытуға байланысты ақпараттық және коммуникативтік құзіреттілік мәселесін көтере келе: «жаңашыл ұстаздар ежелден-ақ, яғни дәстүрлі оқыту кезінде де проблемаларды шешу, оқушыларды зерттеу, іздену жұмыстарына баулу, іс-әрекеттің әмбебап тәсілдерін меңгерте отырып, құзіреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалар арқылы терең білім беруді жүзеге асырып келді» – дейді. Белгілі ұстаздың бұл пікіріне құптай отырып, оқушылардың заман талабына сай өз бетімен іздене алатын, танымдық және шығармашылық жұмыстарға бейім, сөз өнеріне икемді болуын тәрбиелеуде әдебиет пәні мұғалімінің материалды дұрыс бере алуына байланысты деп санаймыз. Мұндай мақсаттарды жүзеге асыру үшін ақпараттық техникалық құралдарды қажетінше пайдалана отырып оқу-тәрбие жұмыстарын бір-бірімен байланыстыра жүргізу болып табылады. Бұл іс-әрекеттердің бәрі болашақ ұрпақты жаңа қоғамның қарқынды даму деңгейінде өмір сүруге дайындау болады.

Мектепте прозалық шығармаларды оқытуға байланысты әдістемелік оқу құралдарының жоққа тәндігі, қазақ әдебиетіндегі көркем прозаның ерекшеліктерін танытуға арналған арнайы әдістемелік құралдардың жоқтығы оқытудың эксперименттік жүйесін жасауға әкелді.

Прозалық шығармаларды оқытудың әдістемелік жүйесін дайындау арқылы оқушылардың эстетикалық талғамдарын жетілдіруге және әдеби шығарманы оқу дәрежесін көтеруге, білім деңгейлерін жаңа сапалық көрсеткішке көтеруге болатынын тәжірибе жүргізу арқылы көз жеткіздік.

Эксперименттік жұмыс кезінде прозалық шығармаларды меңгерудің әдіс-тәсілдерін шығармалардың жанрлық ерекшелігіне байланысты оқыту, оқушылармен топтық, жұптық, дара жұмыс түрлерінің жүйелі түрде жүргізілуін назарда ұстадық. Мәселен ертегілік проза мен реалистік тақырыптағы прозалық шығармаларды оқыту әдістеріндегі ерекшеліктер.

Эксперименттік жұмыстың негізгі мақсаты көркем прозалық шығармаларды мектепте оқытудың сапалық деңгейін жақсарту.

Эксперименттік тәжірибе жүргізу үшін ең алдымен оқушылардан тест, сауалнама пікірлесу, әңгімелесу арқылы көркем шығарма оқу деңгейі анықталады. Арнайы дайындалған сауалнама сұрақтары төмендегідей мазмұнда болады:

- 1) Қандай көркем шығармаларды оқуды ұнатасың?
- 2) Кейінгі кездері қандай шығармалар оқыдың?
- 3) Қандай кейіпкерлер есіңде қалды?
- 4) Қандай шығармалар ұнайды? Себебі?
- 5) Өзіңе ұнаған кейіпкерлердің атын ата, суреттеп жаз?

Осы сауалнамалық сұрақтардан кейін іріктелініп алынған оқушыларға өздері оқып кеткен прозалық шығармаларға байланысты ашық тест сұрақтары берілді.

Осы және де тағы басқа даанықтау жұмыстарынан кейін оқушылардың көркем мәтін оқуға қызығушылығы анықталды:

- Оқушылардың 75 пайызға жуығы көркем шығарманы оқуды мүлдем ұнатпайтынын көрсетті;
- Оқушылардың 20 пайызы оқулық көлеміндегі материалдарды ғана білетінін айтқан;
- 5 пайыз оқушылар ғана ата-аналарының, мұғалімдерінің көмегімен көркем шығарма оқуға ниетті екенін көрсетті.

Сынақ арқылы таңдалынып алынған оқушыларды екі топқа бөлдік. Бірі – эксперименттік болса, екіншісі – бақылау сыныптары. Тәжірибе жасалатын оқушылар мен бақылау тобындағы оқушылар саны тең алынды. Оларға берілген тапсырмалар мен материал көлемі де бірдей болды.

Мәселен тәжірибе барысында 7- сыныпта өтетін “Әнші” әңгімесіне байланысты эксперимент сыныбына оқушының шығарманы өздігінен түсініп оқып, қабылдауы үшін сұрау-тапсырмалар, іздеу жұмыстары мен талдау жаттығулары берілді. Әңгімені оқу кезінде осы сұрақтар мен тапсырмаларға назар аудару керектігі ескерілді.

1) Мәтіннен қала тұрмысы суреттелетін жерін тауып, ондағы кедей жатақтар өміріне назар аудар.

- 2) Әнші Әмірқанның өнері өзіңе қалай әсер етті?
 - 3) Оның әні мен тыңдаушылардың әншіге берген бағасы қандай?
 - 4) Әмірқанның ән айтқан тұсындағы бейнесін суреттеп көр.
 - 5) Кейіпкерлерді суреттеуде жазушы қандай көркемдегіш сөздерді қолданған?
 - 6) Әңгімедегі детальдарды пайдалана отырып, Әмірқанға мінездеме бер.
 - 7) Шығарманы оқып отырып, тарауға бөліп әрқайсысына ат қой, тірек сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлемдерді дәптерге жоспар түрінде жазып ал.
 - 8) Мәтіннен өзіңе ұнаған жерін әңгімелеп айтып бер.
 - 9) Шығармада кездесетін көнерген сөздер мен неологизмдерді теріп жаз.
 - 10) Әмірқан мен Ақтамақ оқиғасын өз ойыңды қосып жалғастырып баянда.
- Ал бақылау сыныбындағы оқушыларғамұндай тапсырмалар берілген жоқ. Оларға әңгімені оқып келіндер деген тапсырма ғана берілді.

Нақтылы тапсырмалар алған эксперимент сыныбындағы оқушылар тиянақты түрде дайындалса, бақылау сыныбындағы үздік және жақсы оқитындар ғана тапсырманы орындаған. Бұған қарап оқушы үшін нақтылы, жеке, жүйелі тапсырмалардың маңызы зор екенін байқауға болады.

Оқушы зейінін нақтылы мәселеге жұмылдыру, оның ой еңбегін өз дәрежесінде ұйымдастыра білу арқылы көркем шығарманы қабылдаудың деңгейін жоғарылатуға болатынын айқындадық.

Сондай-ақ, алдын ала берілген тапсырмалар көркем шығарманы оқуға оқушының психологиялық дайындығын қамтамасыз етіп, көркем мәтінді түсініп оқитынын және белгілі дағдыны қалыптастыратынын көрсетті.

Тәжірибелік жұмыстың тағы бір түрі адамның көріп отырып қабылдау және ести отырып қабылдау сияқты физиологиялық ерекшелігіне байланысты жүргізілді.

Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында эксперимент сыныбындағы оқушыларға «Бір атаның балалары» әңгімесі негізінде қойылған театрлық көріністі көре алды. Ал, бақылау сыныбы үшін оқып, оқулықтағы сұрақтарға жауап тауып келу тапсырылды (6-кесте). Шығарманы талқылау барысында сахналық қойылымды тамашалаған оқушылар «Бір атаның балалары» әңгімесі кейіпкерлерінің мінезі мен портреттерін естерінде сақтаған.

Эксперименттік тәжірибелер жүргізу кезінде оқушылардың жас ерекшеліктері, мәтінде берілген әр сыныптағы тапсырмалар да, әдеби талдаулар да, әр түрлі болатынын айқындалды. Мәселен, Жүсіпбек Аймауытов «Әнші» әңгімесі 4-сыныпта 1 сағат, 7-сыныпта 2 сағат, 9-сыныпта 3 сағат көлемінде оқытылады. Сонымен қатар бұл әңгіменің берілуі мен тапсырмалары да әр сыныпта оқушының психологиялық, танымдық деңгейіне сай берілген. 4-сынып оқушылары үшін алынған тапсырмалар деңгейі мен 7, 9 сыныптағылар үшін берілген тапсырмалар да оқушы таным-түсінігіне сай өзгерістер бар. 7-сыныптағы оқушылардың әңгімені түсіну, баяндау кезінде тиянақты, әрі сұрақтарына өзіндік ойларын қосып айта алатыны байқалды. 9-сыныптағы оқушылардың әңгімедегі оқиғаларға байланысты айтқан ойлары мен берілген тапсырманы орындау деңгейлері, әңгіме композициясын жіктеп, саралау дәрежелері де ерекшеленген. Бұдан шығатын қорытынды: оқушының көркем туындыны түсініп қабылдауы үшін тапсырмаларды деңгейлік дәрежеде құру керек.

Оқушылардың көркем шығарманы қабылдау деңгейлерін анықтау үшін 9-сынып оқушыларына «Әнші» әңгімесін толық оқып келу тапсырылды. Оларға төмендегідей арнайы тапсырмалар берілді:

1. Әңгіменің мазмұнын композициялық желі бойынша баянда.
2. Әңгімедегі кейіпкерлерге байланысты өз пікіріңді білдір.
3. Жүсіпбек Аймауытов өмір сүрген дәуірмен, өмірмен әңгіме оқиғаларын байланыстыр.
4. Әңгімедегі Әмірқан мен Ақтамақ оқиғасын өзінше аяқта.
5. Әңгімеден Жүсіпбек Аймауытов шығармаларына тән ерекшелікті, сөз қолдану шеберлігін картотека жасау арқылы дәлелде.

Эксперимент жұмысына 9-сыныптардың 100 оқушысы тандалынып алынды. Олардың әңгімені оқып, қабылдау деңгейлері пайыздық мөлшермен сараланады (6 кесте).

Эксперименттік тәжірибе негізінде 7-сынып оқушыларының ішінде әңгімені бірден түсінбеген оқушылар болғандығы үшін оларға шығарманы екінші рет оқуға тапсырма берілді. Сұрақ-тапсырмалардың мазмұны мағына ажырату, өзіндік ой айту мақсатын көздеді.

1. Әмірқанның сыртқы портретіне назар аудар.
2. Қала тұрмысын суреттеген жердегі детальдарға көңіл бөл.
3. Әнші ән салған кезіндегі тыңдаушылардың әсерін баянда.
4. Әмірқанның мінезіндегі ерекшелік.
5. Әмірқан бейнесін өз сөзіңмен баянда, мінездеме бер.

6. Жазушының баяндау мәнеріне назар аудар.
7. Әңгіме оқиғасына байланысты өз пікіріңді жаз.
8. Жүсіпбек Аймауытов өмірі мен әнші Әмірқан өмір сүрген кезең туралы әңгімеле.
9. Архаизмдер мен неологизмдерді теріп жаз.
10. Әмірқан, Ақтамақ оқиғасы саған қалай әсер етті?

Осындай тапсырмалардан кейін оқушылардың әңгімеге деген қызығушылығы оянып, оны жүйесіз қабылдаудан гөрі әр кейіпкер мен авторының өмірінен назар аударатырып, жаңаша түсінулеріне мүмкіндік туды.

Прозалық шығармаларды оқытуда бағдарламаларғасай әдеби-теориялық ұғымдар дақамтылуы керек. Көркем мәтіндердің тілдік ерекшелігі, портрет, мінездеу, суреттеу, баяндау, көріктеу құралдарын қолдану, кейіпкер психологиясын ашу сияқты тапсырмалар тереңдетіп берілді.

Осы және осыған ұқсас басқа да сұрақтарға жауап іздеген оқушылар өз білімдерін дәлелдей алды. Бақылау сыныбындағы оқушыларға оқулықта берілген тапсырмаларға жауап беріп келу тапсырылды.

Эксперимент жүргізілген сыныптар мен бақылау сыныбындағы оқушылардың әдебиет сабағындағы белсенділіктері туралы айтқанда олардың арасындағы айырмашылық пайызы көп екенін байқадық. Эксперимент жұмыстары оқушылардың әдеби шығармашылықтарын арттырып, көркем шығарманың эстетикалық әсерін сезінуге мүмкіндік тудырды.

Эксперименттік зерттеудің мақсаты – оқу процесіне оқытудың жаңа моделі енгізілгенде, әдебиет сабақтарындағы оқушылардың білім алу процесі тиімді болатындығын дәлелдеу. Эксперименттік зерттеудің міндеттері:

- 1) оқытудың жаңа моделін енгізе отырып, қазақ әдебиеті бойынша технологиялық карталар әзірлеу;
- 2) оқытудың жаңа моделін пайдалана отырып және осы технологиясыз сабақтардың өткізілуіне бақылау жүргізу;
- 3) қазақ әдебиеті сабақтарында оқытудың жаңа моделін қолданудың тиімділігін анықтау мақсатында сыныптарда тексеру тестін өткізу.

Эксперименттік зерттеу үш кезеңнен тұрды:

- 1 кезең – анықтаушы кезең;
- 2 кезең – қалыптастырушы кезең;
- 3 кезең – бақылаушы кезең.

Бірінші кезеңде оқушылардың қазақ әдебиеті сабақтарының қандай түрлері қызықтыратынын анықтау.

Анықтаушы кезеңнің міндеттері:

1. Оқушылардың оқу пәніне қатынасын анықтауға көмектесетін сауалнаманы өткізу.
2. Сауалнама жүргізу және оқушылардың жауаптарын талдау.

Бұл кезеңде екі сынып таңдалды, онда бір сынып оқушылары эксперименттік топқа, ал екінші сынып бақылауға алынды. Екі сыныпта сауалнама жүргізілді. Оқушыларға қойылған сұрақтарға жауап беру қажет болды.

Оқушылардың жауаптарын талдағаннан кейін, олар сабақтардағы әртүрліліктің пайдасына таңдау жасайды деген қорытынды жасалды. «Сізге қандай әдебиет сабақтары ұнайды?» деген сұраққа оқушылар «маған сабақта топпен жұмыс істегенде, өз бетінше жұмыс істегенде, компьютермен жұмыс істегенде ұнайды» деп жауап берді. Оқушыларды сабақтардағы осындай ерекше жұмыс қызықтырады. Сондай-ақ, «мұғалім бүкіл сабақты өзі айтқан кезде маған ұнайды» сияқты жауаптар болды. Сонымен, мұндай оқушыларға сабақ беру және мұғалімді тыңдау ақпарат іздеуден гөрі оңайырақ.

Сауалнамада «Сізге үйде тапсырмаларды орындау, бейне дәрістерді қарау, тесттерді шешу ұнайды ма?» деген сұрақ қарастырылды. Оқушылардың көпшілігі оң жауап берді. Бұл олардың жасына байланысты олар оқу процесіне саналы және жауапкершілікпен қарап, ғаламтор - қорлардың көмегімен үйде материалды өз бетінше оқи алатындығына байланысты.

Сауалнамада «Сізге онлайн-ортамен жұмыс жасау ұнай ма?», оқушылардың көпшілігі «иә» деп жауап берді. Бұл дұрыс ұстаным, өйткені қазіргі әлемде кез-келген ақпаратты табу, өзін-өзі дамыту, сабақтың тақырыбы бойынша қажетті материалды табу өте оңай. Бірақ мұндай сабақтар өте аз екені белгілі болды. Сабақтар жиі өткізіледі, онда оқушылар топтарға бөлініп, мұғалімнің тапсырмаларын орындайды. Оқушылар онлайн ортада және топтарда жұмыс істегенді ұнатады.

Сұрақ «Қалай ойлайсың, кейде жай сабақтарға өзгерістер енгізуге бола ма? Мысалы, топтарда, онлайн ортада жұмыс істеу керек пе?» деген сұраққа оқушылардың көпшілігі «иә, бұл қызықты болады» деп жауап берді.

Осылайша, оқушылардың жауаптарын талдай отырып, біз оқушылар әдеттегі сабақтарға әртүрлі оқыту технологияларын «жақтайды» деген қорытындыға келдік: олар мектептен тыс өз бетінше оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыра алады және оқылған материал негізінде сабақта тапсырмаларды орындай алады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – Алматы: Рауан, 1990. – 200 б.
2. Бітібаева Қ. Әдебиеті оқыту әдістемесі: оқулық. – Алматы: Рауан, 1997. – 288 б.
3. Аймауытов Ж. Шығармалары: романдар, повесть, әңгімелер, пьесалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б.

ҒТАХЖ:14.25.09

Г.К. Иманбаева

С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі,
Абай облысы Семей қаласы Қайнар ауылы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМУ

Ойын балаларының негізгі іс-әрекеті ретінде психологиялық, анатомиялық, физиологиялық маңызы зор қызметтер атқарады. Ойын баланың даму құралы таным көзі, тәрбиелік дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Ойынның тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.С. Макаренко былай деп жазды: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады». Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады.

Ойын-баланың қажетті әрекетінің бірі. Ойынды кіші жастағы балалардың табиғаты керек етеді. Балалардың еңбегі, оқуы ойыннан басталады. Ойын арқылы оқушы білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады. Жалпы, математика сабағында қолданылатын ойын түрлері оқушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттырып, есептеу дағдыларын шындай түсетіні белгілі. Өтілен тақырыптардағы сабақ материалына лайықталған ойын есептерін алып, тек қана оқушының орындай алатын іс-әрекетімен шектелу жеткіліксіз. Мұндай ойынды ұйымдастырудың және басқарудың сипаты мен жолдары, оларды қолданудың тиімді бөліктері жан-жақты ойластырылуы керек. Ойын үрдісінде балалардың білімі тереңдей түседі, осыған дейінгі білімдері мен түсініктері баянды болып жаңа білім игеріледі. Ойын-адамның өмір танымының алғашқы қадамы деп білеміз. Оның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру болып табылады. Атау ұйқастарын санау арқылы оқушылар сан үйренеді, санға аты ұқсас заттарды танып біледі. Санамақтар сан үйретеді, әрі дүние танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Санамақтың түрлері өте көп. Ойында балалар әр нәрсеше жақсы зейін қояды және көбірек есіне сақтайды. Ойын үстінде ол алға қойылған мақсатты шұғыл және оңай жүзеге асырады. Ойын шарттарының өзі баладан заттарға, айналатын көріністер мен сюжетке зейін тоқтатуды талап етеді. Егер бала зейін талабына көңіл қойғысы келмесе, ойын шарттарын есте ұстамаса, онда оны құрдастары ойыннан шеттетугі ықтимал.

Ойын-балалардың негізгі іс-әрекеттерінің бір түрі. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Кіші метеп жасындағы балаларды көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданылатынын байқау қиын емес. Ойын айналасындағы болмысты бейнелейді. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш-жігерін жұмсап, адамдармен араласуға үйренеді. Бүгінгі күн талабы-баланың ақыл-ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойын жүйрік етіп тәрбиелеу. Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиеленудің негізін қалыптастырудың құралы-ойын әрекеті, яғни, ойын-баланың жетекші әрекеті. Бірақ ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау негізгі міндет.

Бала ойын барысында айнала құбылыс сырын танып сезінеді, себеп-салдарлық байланысты және тәуелділікті анықтауға тырысады. Айналадағы өмір құбылыстарын ерекшеліктерін байқай отырып, білуге қызығушылығы туындайды, осы сезім оны талпыныстарға жетелейді. Ойын негізінде ойлай отырып, тапсырмаларды өзінше зерттеп, орындау, өзінше шешім жасау өз ойындағын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік-жігерлі, дүние танымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы оянған дара тұлға ретінде жан-жақты дами алады. Баланың ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді игерумен бірге ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және тағы басқалар. «Ойы саяздың, тілі саяз» деген ұлағатты сөз бекер айтылмаған. Ойлау негізі баланың сөйлеу тілін қалыптастырады. Ойлау-баланың таным әрекетінің ең жоғары түрі. Ойлау сөйлеу әрекеті арқылы іске асады. Ойлау нақты сұрақтарға жауап беруді ізденуден басталады. Сондықтан баланың ойлау қабілетін ойдағыдай дамыту үшін тиімді технология мен тәсілдер қолдану арқылы арнайы жұмыстар жүргізіп, оқушылардың өздеріне талдау, салыстыру, жалпылау, қорытынды жасату керек. Ойлау дегеніміз мәселені шешудегі толғану процессі. Ойлану-дамушы құбылыс және ол адам басында үнемі жұмыс күйінде кездеседі. Ойланудың негізгі қызметі жұмбақ мәселелерді шешу. Ой процесі көзге көрінбейтіндіктен оның дәл өзін зерттеу мүмкін емес. Мәселелердің шешілуі адам басында реттелініп отырылады, Ой туралы зерттеулер, олардың процесс күйін емес, ойлану қалайша жүзеге асып, реттеліп отыруы үшін қандай шарттар қажет екенін тексеруге арналған.

Ойлаудың дамуы дегеніміз-оның мазмұны мен формасының өзгеруі, ол оқушының танымдық қызметі барысында пайда болады.

Әдетте психологияда ойлаудың үш түрі қарастырылады.

1. Практикалық-қимылдық
2. Күрнекті көркем
3. Сөйлеу-логикалық

Ең алғашқысы (3 жасқа дейінгі балаларда болатын) практикалық-қимылды ойлау. 4-7 жас аралығында көрнекі-көркем ойлау басым болады. Мектептің алғашқы жылдарында сөйлеу-логикалық ой көрнекі-көркем ойлаумен қабаттаса дами бастаса, орта және жоғарғы сынып оқушыларында бұл маңызды орын алады. Тапсырма сөйлеу арқылы орындалады. Ойлауды дамытудың негізі-сөйлеу тілі. Ойлаудың даму барысында кейінгі ой алдыңғысын мүлде жоққа шығармайды. Ойымызды қорытындылай келе, баланың логикалық ойлау қабілетін түрлі ойындар арқылы жүзеге асыру негізінде балаға сабақтарда ерекше назар аударылады. Ол өз ретінде, балалардың логикалық ой-қабілеттерін қалыптастыру жұмысының жағдайын бір шама арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру жолдары // Авторлық бағдарлама, 2019.
2. Әлімқұлова А.Б. Бастауыш сынып оқушыларының жобалық зерттеу әрекетін ұйымдастыру. – 2014.
3. Жұмабаев М. Педагогика.
4. Құрманалина Ш.Н Математикадан дидактикалық ойындар мен қызықты тапсырмалар. – Атамұра, 1998.

ҒТАХР: 14.14.09

М.С. Искакова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Қазақстан, Семей қаласы, mis0508@mail.ru

АУЫЛДЫҚ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Бүгінде ауыл мектебі жаһандық өзгерістерді бастан кешіруде, оның негізгі мақсаты білім мен дағдыны репродуктивті беру ғана емес, оқушының қабілетін қалыптастыру және дамыту, өз бетінше оқу мәселесін қою, оны шешу алгоритмін құрастыру, үдерісті бақылау және нәтижені бағалау, бір сөзбен айтқанда, оқушы мен ұстаз арасында кешенді байланысты орнату. Шалғай ауылдардағы элеуметтік инфрақұрылымның жоқтығы ауыл мектебінің оқушысын келесідей мүмкіндіктерден айырады: қосымша білім беру; мектептердің заманауи мектептерге қарағанда инновациялық құрылғылармен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі, педагогикалық кадрлардың аз саны; полифункционалдылық ауыл мұғалімінің қызметі.

Ұлттық мектептердің үлгілерін әзірлеу аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын ескере отырып, баламалы негізде жүзеге асады. Дегенмен, оң үрдістермен қатар әлі де бірқатар мәселелер бар. Кейде оқытуды ұйымдастырудың жаңа әдістеріне құштарлық білім беру мазмұнын түбегейлі өзгертусіз, ал оқыту технологиясын қайта қарау арқылы оқу ақпаратының көлемінің өсуіне әсер етеді. Бұл оқушылардың шамадан тыс жүктемесіне, балалардың денсаулығының нашарлауына, білім сапасының төмендеуіне әкеледі.

Жалпы, ауылдағы мектеп, балабақша, мәдениет үйін ауылдың мәдени өмірінің біртұтас орталығы деуге болады. Мектеп бар жерде өмір бар. Ауыл мектебінің бірқатар артықшылықтары бар, оны күнделікті тәжірибеде ұтымды пайдалану керек:

- оқушыларға жеке көзқарас;
- тұлғаға бағытталған көзқарас, оқушы мен мұғалім бірін-бірі «естиді»;
- оқушылардың оқу іс-әрекетінің тәжірибелік бағыттылығы;
- оқушыны адамгершілікке, патриоттыққа тәрбиелеу.

Бұл мүмкіндіктер оқу үдерісін жоғары деңгейде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде ауылдық мектептерді тәжірибеге бейім, қажетті білім қоры бар жастар бітіруде.

COVID-19 дағдарысы кезінде көптеген адамдар өзекті мәселелерді шешуде бірлесіп жұмыс жасаудың маңыздылығын мойындады. Үздіксіз білім беру үдерісін тоқтатпау үшін қажетті оқытудың қажеттілігі туындады. Білім беру ұйымдары мемлекеттік органдармен және бизнес өкілдерімен бірлесіп шешімдер қабылдады және әрекет ету бағыттарын әзірледі. Әрине, Қазақстан Республикасындағы білім саласы пандемия кезінде жұмысын тоқтатпағанымен, кедергілерсіз болған жоқ. Енді осы дағдарыстық жағдайдан оң тәжірибе алып, оны басқа салаларға қолдану қажет.

Адамның өмірдегі жетістігі, оның психологиялық саулығы көп жағдайда өмірін қалай ұйымдастыруына, өзін-өзі дамытуға, жетілдіруге уақытты пайдалануына байланысты болады. Ауыл мектептеріндегі жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағытта өзін-өзі анықтауы, жекелеген қабілеттерінің дамуы, өмірлік мақсаттарын анықтауы, болашағын жоспарлау дағдылары оқытушы назарынан тыс қалмау керек.

Болашақ өмір нақты кезеңдерге бөлінген, оның суреті оқушы – жеке тұлғаға толық мазмұнды, өткен шақ, қазіргі уақыт және болашақ арасындағы құндылықтарымен көрінеді. Жоғары сынып оқушылары адамның болашағы қазіргі кездегі нақты іс-әрекетіне байланысты екенін түсінеді; олар қолда бар нақты әлеуетке негіздеп жоспарлайды, жастардың ойы оптимизмге толы болғандықтан, жағымды оқиғалардың басымдығы байқалады. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау жағдайын зерттегенде, тартымды «атрибуитарға» байланысты мамандық, оның беделі немесе ата-ананың ықпалымен мамандық таңдау кездеседі.

Бүгінгі таңда жаңа үлгідегі ауыл еңбеккерін тәрбиелеу, ауыл шаруашылығындағы адам факторының рөлін арттыру, қазіргі ауылдың мәдениеті мен әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту үміті мектеппен байланысты.

Кәсіптік бағдар беру жеке тұлға дамуының маңызды факторы болып табылады, нарықтық экономикада, әсіресе ауылдық жерлерде ол кедейшілік пен жұмыссыздықтың алдын алудың тиісті шараларының бірі. Бүгінгі таңда ауылдық жерлердің негізгі мәселелерінің бірі демографиялық және еңбек әлеуетін сақтау болып табылады. Ақпараттық технологиялар мен көші-қонның заманауи мүмкіндіктері заманында адам инфрақұрылымы дамыған және әлеуметтік нысандардың жағдайы, лайықты жалақысы бар жұмыс орындары бар аумақтарды таңдайды.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында нарықтық қатынастарға байланысты таңдаған мамандығы бойынша күзінеттілік деңгейіне, маманның үздіксіз кәсіби дамуына және тұлғалық қалыптасуына қойылатын талаптар артып отыр, сондықтан мектеп оқушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмыстарының маңызы да арта түсуде.

Кәсіптік бағдар – жас ұрпақтың кәсіби дамуына мемлекет пен қоғамның қамқорлығы, оның табиғи дарындылығын қолдау және дамыту, жас адамға еңбек нарығындағы қажеттіліктер, мүмкіндіктер және әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып, кәсіби өзін-өзі анықтауға және оңтайлы жұмыс түрін таңдауға көмектесетін шаралар. Кәсіптік бағдар беру әсерінің психологиялық аспектілерін зерттейтін бірқатар зерттеушілер тұлғаны дамыту бойынша, ересек жастағы мектеп оқушыларының мамандық таңдауға деген айқын бағыттылығын атап көрсетеді, алайда, балалардың 60% -дан астамы оқу траекториясын анықтауда қиындықтарды сезінеді.

Бүгінгі әлеуметтік-экономикалық процестердің күрделілігі жастардың тәрбиесіне, оның ішінде кәсіби өзін-өзі анықтауына әсер етеді. Егер 20 ғасырдың екінші жартысында кәсіптік бағдар беру көбінесе қабілеттер мен қызығушылықтарды дамыту контекстінде қарастырылса, содан кейін жастардың кәсіптік бағдарын басқарудағы заманауи тәсілдер кәсіби мансап және еңбек нарығында өз

кандидатурасын ұсынатын адам үшін бұл процесті қарастыруды экономиканың деңгейіне ауыстырды. Жұмыссыздық пен жастардың өмір сүру деңгейінің төмендеуіне жол бермеу тұрғысындағы келешегі зор шаралардың бірі – мектеп түлектерінің әлеуметтік және кәсіптік тұрғыда өзін-өзі анықтауы.

Орта мектептің жоғарғы сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру кезінде не оқу керектігін, қандай бағытта дайындалу керектігін арнайы мамандар, университет оқытушылары өз салалары бойынша кеңестер беру арқылы жүзеге асырады. Бүгінгі әлем бұрынғыға қарағанда көп мүмкіндіктерге толы, ал дәстүрлі өмір үлгілері енді бұрынғыдай айқын жұмыс істемейді. Еңбек нарығындағы талаптар мен өзгерістерді ескере отырып, маңызды ақпараттарды жас түлектерге берген дұрыс.

Соңғы жылдары зерттеушілер кәсіптік бағдар беруді ұйымдастырудың тиімді әдістері мен технологияларын әзірлеуге көбірек бет бұруда. Бұл білім беру жүйесіне түбегейлі жаңа талаптарды әзірлеу қажеттілігін көрсетеді, жас түлектің технология тез өзгертін әлемде кәсіби қызметке дайындығын қамтамасыз ету қажет. Осыған байланысты кәсіптік бағдар беруді ұйымдастыру мектеп оқушылары үшін ерекше өзекті болып табылады және бірегей еңбек дәстүрлері бар аумақтарды, әсіресе ауылдық жерлерді дамытудың маңызды қозғаушы күшіне айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. file:///C:/Users/User/Downloads/vremennaya-perspektiva-starsheklassnikov-selskoy-shkoly-eyo-vzaimosvyaz-s-professionalnym-samoopredeleniem-i-razvitiem.pdf (дата обращения 09.09.2022)
2. Критерии эффективности управления инновациями в сельской школе // Мир науки, культуры, образования. – № 7 (19) 2009

ҒТАХР: 14.15.15

Н.Б. Ибраев

Б. Исадилов атындағы ЖОББМ, Қазақстан, Семей қаласы, Ibraev.nur@mail.ru

АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бүгінгі таңда, білім беру саласы еліміздің әлеуметтік – экономикалық, саяси және мәдени дамуының маңызды ресурсына айналып отыр.

Мектепті қоғамнан ажыратып қарауға болмайды. Ауыл мектебінен ауыл тұрғынын қысатын қиындық та, қарама – қайшылық та, оның құндылықтары да көрініс табады. Білім беру заңына сәйкес білім беру стандарты ауыл мектептері мен қала мектептерінде бірдей қолданылады. Әйтсе де ауыл мектебінде оқу тәрбиелеу үрдісінің мазмұны мен оны ұйымдастыру көбінесе объективті және субъективті факторлармен анықталады. Білім беру үрдісін жүзеге асыруға әсер етуші объективті шарттар:

- ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейінің төмендігі, ауылда тұратын отбасылар үшін материалдық жетістіктерді қамтамасыз етуде қосалқы шаруашылықтың басымдығы
- ауыл шаруашылығындағы көптеген кәсіпорындардың экономикалық жұтандығы, демеушілер, меценаттар тарапынан мектепке көмек көрсету мүмкіндігінің жоқтығы.
- ауылдың адамдарына тән қазақы тәрбие мектеп пен ауыл қауымдастығының арасындағы байланысты нығайта түседі.

Ауылдағы әлеуметтік ортаның әлеуметтік жұтандығы баланың оқуы мен тәрбиесіне кері әсер ететінін ешкім де жоққа шығармайды. Сондықтан да мектеп адамдардың өмір сүруінің әлеуметтік талаптарын жақсарту бойынша жұмыстарға белсене қатысуы керек. Бүгінгі таңда ауыл өмірінің орталығы мектепке көшті. Үлкендер де, балалар да, мектептен көмек, таяныш іздейді.

Ауылдың жас отбасыларымен, жастарымен мектепте жүргізілетін әлеуметтік – педагогикалық жұмыстарды ауылдағы дағдарыстың жағымсыз салдарын азайтуға бағытталған шараларға балауға болады. Ауылдың әлеуметтік мәдени саласын жандандыру барысында мектеп білім беру орталығынан әлеуметтік – мәдени орталыққа айналса мектептің әлеуметтік педагогикалық міндеттерінің ұлғаю тенденциясы терендей түседі.

Баланың дамуында ата – аналардың білімдік және мәдени деңгейлері негізгі рөл атқарады. Әлеуметтік – экономикалық жаңашылдықтар кезеңінде ауылдан қалаға көшу де, қаладан ауылға көшу де көбейе түсті. Ауылдағы демографиялық өзгерістер шағын жинақты ауыл мектептері

санының өсуіне алып келеді. Бұл мектептердегі жұмыс реті мұғалімдерге де, оқушыларға да қолайсыз. Шағын жинақты мектептердегі білім беру үрдісін ұйымдастыруды үлкен қалалық мектептер үлгісімен жүргізсе тиімділігі төмендейді, себебі бұл жерде жылдар бойғы тәжірибеге сүйене келе балаларды оқыту мен тәрбиелеудің басқаша жолдарын қарастыру керек. Шағын жинақты мектептерде оқыту барысында оқушыға жеке тұлғалық бағытталған әдіс тәсілді қолдану мүмкіндігі зор. Сонымен қатар, бала саны аз сыныпта оқушылардан күнделікті қайталап сабақ сұрау, білімдерін күнделікті бақылау олардың психологиялық, эмоционалды, интеллектуалды жүктемелерінің артуына, жоғары көңіл күй алаңдаушылығына әкеліп соғады. Үлкен оқушылар ұжымына тән эмоционалды – психологиялық атмосфера, балалардың арасындағы іскерлік, ақпараттық, эмоционалды қарым – қатынастың, бәрінен озық шығу, табысқа жетуге деген уәжделудің шектеулі болуы - бала саны аз ауыл мектебінің жағымсыз тұстарының бірі.

Педагогикалық оқу орыны түлектерінің, жас педагогтардың бала саны аз сыныптардағы оқу тәрбиелеу үрдісін жүргізу мен әдістемелік құрылымында кездестіретін қиындықтарын субъективті факторға жатқызуға болады. Ауыл мектептерінің педагогикалық қызметкерлері қала тұрғындарына қарағанда кәсіби және жеке қарым – қатынас тұрғысынан жиірек жетіспеушілікті сезінеді, біліктілікті жоғарылатуда, жаңа педагогикалық ақпараттармен, әдебиеттермен таныса алмайды. Ауыл мектептерінің мұғалімдері тәжірибе алмасудан да сырт қалады. Ауыл мұғалімдері тұрғылықты мекен – жайының тұрақтылығына байланысты басқа мектептерде жұмыс істеп, бұрынғыдан өзгеше, жаңа педагогикалық тәжірибеге қатыспайды. Ауыл мектептерінің ұжымы сирек жаңарады. Бала белгілі бір әлеуметтік ортада дамиды, өседі, сол ортаның жағымды, жағымсыз әсерін ескермейінше біз баланың дамуын басқара алмаймыз. Ауылдық ортаның негізгі ерекшелігі әлеуметтік – экономикалық және мәдени – тұрмыстық шарттардың ерекшелігі, отбасы мен ауыл тұрғындарының ықпалы, сондай – ақ табиғаттың жақындығы. Осы факторлардың әрқайсысы баланың жеке тұлға ретінде дамуына жағымды немесе жағымсыз әсер етеді. Қазіргі кезеңдегі ауыл мектебінің ауылдың ересек тұрғындарын да, оқушыларды да дамытушы бірнеше міндеттері бар:

1. Әлеуметтік – экономикалық міндет. Жастардың кәсіби және кәсібиге дейінгі таңдауы бойынша жұмыстар атқарылса мектептің мамандар дайындау әсіресе ауыл шаруашылығына мамандар дайындауға қосқан маңызды үлесі болып табылар еді.

2. Ауылқұрушы және ауылды сақтаушы міндет. Мектеп көбінесе ауылды сақтап тұрады, мектебі бар ауылдар географиялық картадан жоғалмайды.

3. Мәдени – орталық міндеті. Ауыл мектебі дәстүрлі түрде ағартушылықты, «кітаби мәдениетті» насихаттайды, надандық пен мәдениетсіздікке қарсы тұрып, білімді құрметтейді.

4. Әлеуметтік уақытты құрылымдау міндеті. Ауыл тұрғындары мектепте бос уақытын тиімді өткізе алады: балалардың жасаған сахналық қойылымдарын тамашалайды, түрлі отбасылық сайыстарға қатысады.

5. Ауыл өмірін жандандыру, дамыту міндеті. Мектептің рухани құндылықтарды таратушы және сақтаушы, ұлттық менталитетті дамытушы міндеті бар. Сондықтан да ауыл мектебінің тәрбие жұмысында мәдени – ағартушылық бағыт басымдыққа ие болуы керек.

Ауылдық мектепті басқару ісіндегі кәсіптік бағдар беру ағарту сатысының тиімді тұстарындағы физикалық еңбекке үйрену шарттарының объективті жағдайлары туралы халық мұғалімі Қ. Айтқалиев: «Ауыл балалары көзін ашқаннан еңбекпен нанның құнын ерте біледі. Олар үйдегі ұсақ-түйек шаруашылықтан бастап, екі-үш қара малдың күтімі, үй іргесіндегі шағын бау-бақшаның бапталуы т.б. жұмыстарды тұтас қамтиды...» деп сипаттайды. Яғни ауыл мектебінің оқушысы арнайы еңбек алаңында күнделікті тұрмыс-тіршіліктің ауыл шаруашылығы істерін өздігінен қадағалап, танып-біліп, игеріп отыруына мүмкіндік алады. Бұл еңбекке баулу мен еңбек туралы мәліметтерді оқушылар ата-анасынан, достарынан т.б. сыртқы әлеуметтік ортадан да қабылдай алады дегенді білдіреді.

Қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарында еңбек адамының орыны ерекше. Ауыл мектебі оқушысының тұлғалық дамуының негізі еңбекпен тәрбиелеу, экологиялық тәрбие мен білім болып табылады. Прииртышский ауылының тұрғындары үшін мектеп әлеуметтік мәдени орталық. Педагогикалық ұжым балаларға білім беріп қана қоймай, олардың жан – жақты дамуын барынша қамтамасыз етуге тырысады. Мектепте түрлі спорт секциялары, үйірмелер, факультатив сабақтары ұйымдастырылған. Мектеп оқушылары жыл сайын табиғат аясында «Денсаулық күнін» өткізеді. Мектеп оқушылары, ата – аналар, жұмыскелер ұжымы мектеп алаңын тазарту, өңдеу жұмыстарын жүргізеді. Мектеп алаңқайы бойынша «Гүлденген мектеп» тақырыбымен өткізілетін қалалық сайыстарда Исадилов мектебі үнемі жүлделі орындарға ие болып келеді.

Мектепте оқушылар биология пәні бойынша түрлі жобаларды іске асыратын оқу – тәжірибелік үлеске бар. Оқушылар жобаға сәйкес түрлі көкөніс, жемістер өсіреді. Мектеп ұжымы қалалық, республикалық экологиялық акцияларға белсенді түрде ат салысады. «Жасаймыз» қалалық акциясының аясында мұғалімдер, ата – аналар, ауылдың айналасын қоқыстан тазартты. Оқушылар жаз мезгілінде экологиялық рейдтер жүргізіп «Табиғатты аяла» «Қоқыс тастама» ұрандарымен демалатын орындарға тақтайшалар орналастырып, Ертіс жағасында демалушыларға тазалықты сақтауды ескертті.

Мектебіміздің оқушылары мен ата – аналары қалалық «Қысқы ертегі» сайысына жыл сайын белсене қатысады, жүлделі орындарға ие болады.

Үстіміздегі жылы әрбір сынып ата – аналармен бірлесіп барыс, қанатты пырақ, киіз үй, бауырсақ т.б. ертегі кейіпкерлерін мұздан мүсіндеді. Қыс мезгіліндегі белсенді демалыста әсерлі сәттер көп болады, таза ауадағы қозғалыс баланың денсаулығын нығайтып, көңіл күйін көтереді.

Мектебіміздің оқушылары сабақтан соң түстен кейін, мектеп ауласына қайта жиналып сырғанақта ойнап, мұз айдынында коньки тебеді. Ауыл балалары бос уақыттарын таза ауада ойынмен өткізгенді жақсы көреді. Мұз айдынында жұмыстан соң ата аналар да балаларымен бірге коньки теуіп қыс бойы белсенді демалысты қолдады. Биыл салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ауыл тұрғындарының арасында «Балаға коньки сыйла» акциясын өткіздік. Ертіс ауылдық округы әкімшілігінің қызметкерлері, ардагер ұстаздар, ауыл тұрғындарының көмегімен 10 оқушыға коньки табысталды.

«Балалар жылы» аясында «Салауатты өмір салтын насихаттау – ата-ана мен мектеп ұжымының бірегей міндеті» бағытымен ата аналар арасында «Еңбек пен оқу тәртібі», «Отбасындағы балалардың дене тәрбиесі», «Алкоголизм, отбасы, балалар», «Темекі тарту психологиясы» т.б. тақырыпта кездесулер, тренингтер, ата – аналар жиналыстары өткізілді. Оқушылар мен ата аналар арасында «Көңілді старт» ойындарын ұйымдастыру мектебімізде дәстүрге айналған. Биылғы жылы «Көңілді старт» ойындарына мектеп мұғалімдері, кіші қызметкерлер де қатысты.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Шамшиденов М.С. пен Расулов Ө.Р. оқушыларды асық ату ойынына қызықтырып, қосымша үйірме жүргізді. Нәтижесінде Ұлттық мектеп лигасының қалалық жарыстарының ІІ кезеңінде Асық ату (бес табан) бойынша І орын алып, Біржан Исадилов мектебінің командасы ХІ ШҚО мектеп оқушыларының Гимназиядасы аясында Асық ату жарысы (бес тас) бойынша ІІІ орын алды.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Расулов Ө.Р. жетекшілік еткен футбол үйірмесінің мүшелері «Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің» Семей қалалық филиалы мен қала мектептерінің 7-8 сынып қыздары арасында өткізілген мини футбол бойынша турнирде І орын алды. Мектебіміздің 5-8 сынып оқушылары "Алтай" футбол клубының қатарына енді. Қыздар командасына "Алтай" ФК демеушілік көрсетіп, спорттық киім, рюкзактар сыйға тартты.

Балалардың бос уақытын тиімді өткізу үшін ашылған мектебіміздегі «Дебют» шахмат үйірмесінің де орыны ерекше. Үйірме мүшелері шахмат ойынын әуестікпен ойнайды. Мектеп бойынша ата аналар арасында, оқушылар ішінде түрлі сайыстар өткізіледі. Төртінші сынып оқушысы Сансызбай Ернар оқушылар арасындағы қалалық шахмат турнирінде екінші орын алып, ХІ ШҚО мектеп оқушыларының Гимназиядасы аясында облыстық шахмат турниріне Семей қаласының оқушылар командасының қатарында қатысты. Бұл сайыста Семейдің оқушылар командасы бірінші орынға ие болды.

Ауыл мектебін жандандыру үшін келесі талаптарды ұсынар едім:

1. «Дипломмен ауылға» бағдарламасын жеңілдеті жолдарын қарастыру керек. Қаладан ауылға көшіп келген мұғалімауылда 5 жыл тұрса алған несиесін 50 пайызға, он жыл тұрса 100 пайызға қысқарту бағдарлама жүгін жеңілдетіп, ауыл мектебіндегі мамандар сапасын арттыруға ықпал етер еді.

2. Материалдық-техникалық базадағы алшақтық – көптеген ауылдық мектептер нормативті талаптарға сәйкес келмейді. Мектептегі оқу процесінің нәтижелері мен тиімділігіне әсер ететін маңызды фактор олардың материалдық-техникалық базасының деңгейі болып саналады. Шалғай елді мекендерден бала тасымалдайтын микро автобустарды жаңарту қажет. Ауыл мектебі үшін түрлі жарыстарға, мұражайларға саяхат жасауды мектептің көлігінсіз жүзеге асыру қиыншылық тудырады.

3. Ауыл мектептерінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қол жетімділігін арттыру қажет. Ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайы оқушылардың жаңа технологиялармен танысуларына кедергі келтіреді.

4. Ауыл мектептерінде кең жолақты ғаламторға қолжетімділікті жолға қою керек, кең жолақты ғаламторға қолжетімділіктің жоқтығы көптеген оқу-ұйымдастырушылық және әдістемелік сипаттағы мәселелерді тудырады.

5. Ауыл мектептерінде оқушыны еңбекке баулу үшін, көкөніс өсіріп оны аз қамтылған оқушыларды тамақтандыруға, мектеп асханасындағы тамақ өнімдерінің бағасын төмендетуге пайдалану жолдарын қарастыру керек.

«Адамның еңбектік сапасын тәрбиелеу жақсы немесе жаман адамды дайындау және тәрбиелеу ғана емес, оның болашақтағы өмір сүру деңгейін, байлығын тәрбиелеу» А.С. Макаренко.

Ауыл оқушыларын еңбекке баулудың қазіргі заманғы тапсырмалары деп әлеуметте өзіндік орнын табудың жеке тұлғалық сұраныстарын өтеуге қажетті сапаны оқушы бойына сіңіруді белгілейміз. Ауылдың әлеуметтік мәдени кеңістігінде оқушыларды еңбекке тәрбиелеу – еңбекпен қамту талаптарынан туындайтын заманауи әлеуметтік-экономикалық маңызы бар дағдылар мен еңбектік іскерліктер қатарын игеру мен кәсіп бойынша біліммен қаруландыру, өзінің отбасы, ауылы, елі үшін еңбек етуге дайындықтарын қалыптастырудың мақсатты бағытталған үрдісі. Бүгінгі таңда оқушыларды ауыл өміріне дайындаудың өзектілігі артып тұр. Қазіргі жастар ауылда өмір сүріп, ауыл шаруашылығымен айналысу жолдарын білмейді. Балалардың оқушы кезінен ерік жігерін шындап, жауапкершілік, еңбекқорлық, бастамашылдық пен жеке тәртібін ұштау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Педогогика оқулығы. – Алматы, 2005.
2. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Негізгі ұғымдар. – Алматы: РОНД, 2002.
3. Тәжибаева С.А. Проблемы профильного обучения Открытая школа. – 2006. – № 3.
4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті Білім беру стандарты. – Астана, 2006.
5. Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңы // Қазақстан Республикасындағы Білім туралы заңнама. – Алматы: Юрист, 2004.
6. Халитова Б. Әлеуметтік педагогика. – А., 2004
7. Суворова Г. Организация занятий в малокомплектной школе // Сельская школа, 2000.

ҒТАХР: 14.07.07

Т.Ш. Касымбекова

Абай облысы Семей қаласы, Қайнар ауылы,

С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп, e-mail.ru: tolkin_101273@mail.ru

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Бүгінгі таңда жас ұрпақтың сапалы білім алуы басты мәселе болып отыр. «Білімді, сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші » дегенінің өзі – үлкен көрегендіктің белгісі. Білім саласының даму көшінен қалмай ілгерілеу басты мақсатымыз. Сол көшке ілесе алмасақ – бізге сын. Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында. Қазіргі заман талабына сай болашақ ұрпақтың оқып білім алуын еліміз бірініші орынға қойып отыр. Білім беру мен білім алудағы атқарылатын қарқынды жұмыс ұстаздардың еңшісінде екені айтпаса да белгілі. Осы орайда ұлы педагог Ушинскийдің «Бала-балқытылған алтын» деген қанатты сөзі бірден ойға түседі. Балаға қалай бағыт берсең, солай өседі. Сондықтан баланың бойындағы жақсы қасиеттердің болуына, оның жан-жақты дамуына және баладан рухани бай тұлға қалыптастыра білу басты міндетіміз. Оқытудағы жаңа тәсілдерді пайдалана отырып, оқушы бойында өзіне деген сенімділік пен жауапкершіліктерді дамыту керек. Қазіргі кезде заман талабына сай қоғам өмірінің жаңа сапасының негізін құрайтын жан-жақты білімді, жоғары мәдениетті, бәсекеге қабілеті мол тұлға қажет. Ондай тұлға жалпы орта білім беру арқылы, немесе мектеп арқылы даярланады. ХХІ ғасыр талаптарына сәйкес мектеп оқушылары бүгінгі заманда және келешекте қол жетімді табысқа жетуі үшін, бұрынғыдан да анағұрлым дағдыларды меңгеруін қажет етеді. Сондықтан қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі өзгерістердің бірі-жаңартылған білім беру мазмұнына көшу болып табылады және оқытудың жаңа

әдіс-тәсілдері қарастырылып, енгізілуде. Сабақ – мұғалімнің шығармашылық еңбегінің нәтижесі. Оның өз мәнінде өтуі ұстаздың біліміне, ұйымдастыру қабілетілігіне, шеберлігіне байланысты.

Мемлекетімізде болып жатқан өзгерістерден білім беру саласыда шет қала алмайды. Осыған байланысты бағдарламаның мақсаты: Бастауыш сынып пәндері бойынша білім беруді жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан педагогтардың жауапкершілікті түсіну мен олардың кәсіби деңгейіне, педагогикалық шеберлігін жетілдіруде және білім беру үдерісіндегі көптеген мәселелерді шешуге қосқан үлес қосқан. Бағдарламаның міндеттері: Бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, оңдағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру; бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету; 16 бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатына критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету; мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру. Оқудан күтілетін нәтежелер: мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, оңдағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын біледі және түсінеді; бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі; бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсаттарында критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі; мұғалімдердің орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан.

Сонымен қатар, мұғалім мен оқушының тұлғалық – бағдарлы өзара қарым – қатынасы маңызды орын алып отыр. Мұнда тұлғаны рухани тәрбиелеуге, адамның адамгершілік жағынан келбетінің қалыптасуына ерекше мән беріледі. Сондай-ақ, білім беру факторларының: мектеп, отбасы, әлеуметтік орнының кіргізілуі көзделеді. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалды бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатыда балл және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.) Сабақтағы қалыптастырушы бағалау – мұғалімдерді, оқушыларды және педагогикалық үдерістің басқа да қатысушыларын оқуды жетілдіру үшін қажет ақпаратпен қамтамасыз ететін оқудың ағымдағы бағалауы (нәтижесі баға ретінде тіркелмейді).

Бағалау критерийі – білім алушылардың оқу жетістік деңгейлері өлшенетін белгі, өлшем, негіздеме. Дискриптор – оқушының жұмысты қаншалықты жақсы орындағанын бағалайтын тұжырым. Тапсырма – оқушының құзіреттілік деңгейін (пәндік, тілдік және тағы басқа) бағалауға мүмкіндік беретін нақты жағдай. Кері байланыс – қандай да бір жағдайда немесе әрекетке арналған жауап, пікір. Сабақтың соңында мұғалімдерге қалыптастырушы бағалауға байланысты алынған тәжірибені қалай таратуға болатыны жөнінде талқылауға тапсырма беріледі. Сонымен қатар, бастауыш сыныптарға арналған оқу бағдарламаларының маңызды қағидаты білім беру бағдарламасының спиральді білім беру бағдарламасының спиральдік қағидаты болып табылады. Ол оқу бағдарламалары спиральді білім беру бағдарламасы (Джером Брунер) моделіне негізделген. Оның негізінде оқушылар келесі сыныпқа ауысқанда зерделенген материалдар мен білім қайталанып отырады деген тұжырым жатыр Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болуы үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектенуі керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (базалық) деңгей. Екінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектептері».
2. Зулакшева Ш.М. «Оқушылардың білім жетістігін бағалау әдістемесі».
3. Шамуратова К,Ш,Мулдағалиева Р.Б. «Рефлексия жасауды дамыту әдістері».

У.Б. Кабдуалиев

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі,
Қазақстан, Көкшетау қаласы, ulan_26@mail.ru

АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Бүгінде қоғам әлеуметтік шиеленістер мен қақтығыстарға әкелетін қазақстандық қоғамның барлық салаларындағы теңсіздіктердің куәсі болып отыр. Болашақтағы теңсіздіктің негізі мектептегі білім беру жүйесімен байланысты, ол кейіннен Қазақстан азаматтарының экономикалық мүмкіндіктеріне әсер етеді.

Мектеп – тұлғаның қалыптасатын орны мен уақыты. Адамның келешек тағдыры және құндылық бағдарлары осы процесінің қандай шарттарда өтіп жатқандығына тәуелді. Ақысыз орта білім және оған тең қол жеткізу Қазақстан заңдарымен кепілдендірілген. Алайда тәжірибе жүзінде бұл принцип жүзеге аспайды. Орта мектептегі саралау қаржыландыруда да, материалды-техникалық базада да, білім сапасында да бақыланады.

Ауыл мектептеріндегі үлкен алшақтық пен олардың артта қалғанын растайтын 5 факт:

1. Материалды-техникалық базадағы алшақтық – көптеген ауылдық мектептер нормативті талаптарға сәйкес келмейді. Мектептегі оқу процесінің нәтижелері мен тиімділігіне әсер ететін маңызды фактор олардың материалды-техникалық базасының деңгейі болып саналады. PISA оқушылардың жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасының қорытынды зерттеулері оқушылардың оқу жетістіктерінің мектептердің материалды-техникалық жабдықталуына тәуелді екендігін көрсетеді.

2. Ауыл мектептерінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қол жетімділігі төмен деңгейде. Қазақстанда білім беруді ақпараттандыру мен компьютерлендіруді дамыту жұмыстары жүргізілуде.

3. Ауыл мектептерінде кең жолақты ғаламторға қолжетімділік жоқ. Жылдан жылға қазақстандық мектептерде ғаламторға қолжетімділікті арттыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Ғаламтордың жылдамдығының өте төмен салдарынан мысалы, «Күнделік» электронды журналын сақтауға, «BilimLand» электронды платформасын пайдалануға мүмкіндік бермейді. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің 95%-ы ғаламтордың жылдамдығына қанағаттанбайтындықтарын және оған қолжетімділіктің өте төмен екенін айтты. Олардың пікірінше, кең жолақты ғаламторға қолжетімділіктің жоқтығы көптеген оқу-ұйымдастырушылық және әдістемелік сипаттағы мәселелерді тудырады.

4. Ауыл мектептерінде педагогикалық құрамның сапалық сипаттамасы, салыстырмалы түрде, төмен. Мұғалімдердің сапалық құрамына жасалған талдау жоғары білімі бар қалалық (92,5%) және ауыл мұғалімдерінің (89,3%) арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Мұғалімдердің көпшілігі ауылдық мектептерде жұмыс жасайтындығына қарамастан, жоғары санатты (16,5%) ауыл мұғалімдерінің үлесі қалалық мектептермен (30,6%) салыстырғанда екі есе аз.

5. Ауыл мектептеріндегі оқушылардың үлгерімі қалалық мектептермен салыстырғанда төменірек. Халықаралық және республикалық деңгейлердегі рейтинг нәтижелері бұл тезисті дәлелдейді[1].

Мемлекет білім сапасындағы ауылдық және қалалық мектептер арасындағы алшақтықты азайту үшін не істеп жатыр?

Ауылдық және қалалық мектептер арасындағы айырмашылықты оқу процесінің барлық негізгі сипаттамалары бойынша байқауға болады. Мемлекет Оқу-ағарту министрлігімен және басқа органдармен бұл алшақтықты азайту үшін белгілі бір шараларды қолдануда. 2017 жылы болашағы бар ауылдық елді мекендерді сапалы ғаламтормен қамтамасыз етуге бағытталған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. 2020 жылға қарай шамамен 1,2 мың ауылды, ал 2025 жылға қарай 4 мыңнан астам ауылды кең жолақты ғаламтормен қамтамасыз ету жоспарланған болатын. 2019 жылдан бастап бірлескен жобас – «Орта білімді модернизациялау» жүзеге асырылуда. Аталмыш жоба республиканың барлық ауылдық мектептерін ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен (5,4 мың ауылдық мектеп) жабдықтауы керек. «Ауыл – ел бесігі» салааралық жобасы анағұрлым түбегейлі өзгерістерге бағытталған. Осы жоба аясында 6,6 мың ауылдық елді мекен қысқарып, 1,5 мың ауылға дейін ұлғайтылады деп жоспарлануда. Сол арқылы келешегі

жоқ шағын жинақталған мектептер мәселесі шешілетін болады. Дегенмен, бұл халықтың әлеуметтік бейім топтарының үлкен елді мекендерде шоғырлануына қызмет етуі мүмкін.

Білім – ұлттың келешегін құнттайтын құрал. Сондықтан әр білім саласында қабылданып енгізіліп жатқан кез-келген жобаның жобаның жан-жақты жоспарланып, лайықты іске асқаны қажет. Әр істің басын бір шалмай, бар жобаны өзара байланыстырып, нәтиже шығарған абзал. Қазір ұрпақтың «көзі – ашық, көкірегі – ояу» болуы – қабылданған бағдарламаға байланысты болып тұр.

Ауыл мектептерін сапалы білімге қол жеткізу үшін ең алдымен мектептің даму бағдарламасын жасау [1].

Мектептің даму бағдарламасын жасау және оны іске асыру бәсекеге қабілетті білім ұйымдарын қалыптастыруға және білім беруді дамытудың жаңа тенденцияларына сәйкес басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондықтан ауыл мектептеріндегі өзекті мәселелерді шешу үшін келесідей бағыттарды атауға болады:

1. Мемлекеттік бағдарламаларды синхрондау. «Орта білім беруді модернизациялау» жобасы аясында алдағы уақытта ауыл мектептерінің 100%-ы интерактивті жабдықтармен қамтамасыз етілуі керек, ал ауыл мектептерінде, соның ішінде шағын мектептерде мұғалімдер үшін арнайы курстар өткізілетін болады. Алайда, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының аясында осы уақытқа дейін ауылдық мектептердің тек 50%-ы ғана кең жолақты ғаламторға ие болады деп жоспарлануда. Ғаламторға кең жолақты қосылысыз бұл жабдық пайдасыз болады.

2. Ауыл мектептерін жалпы ғаламторландыру. Жылдамдығы жоғары ғаламторды жүргізу қымбат тұрады, бірақ оны қосудың бірнеше нұсқалары бар (талшықты-оптикалық және телефонды желілер, wi-fi-байланыс, ұялы ғаламтор.б.). Кең жолақты ғаламтордың болуы қазіргі заманғы ауыл мектебінің ғана емес, сонымен қатар, ауыл тұрғындарының көптеген мәселелерін шешеді. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселелері негізгі өз қызметінен алшақ кетпей-ақ шешілуі мүмкін. Ауыл тұрғындары электронды қызметтердің барлық түрлерін ала алады, ғаламтор желісінің болуы ауылдағы кәсіпті жүргізуді айтарлықтай жеңілдетеді.

3. «Ауыл – ел бесігі» жобасына сәйкес ауылдық елді мекендерді оңтайландыру бойынша пилоттық жоба. Алдымен пилоттық режимде ауылдық елді мекендерді оңтайландыру маңызды. Пилоттық ауылдарда келген тұрғындарды баспанамен және жұмыспен қамтамасыз ету үшін барлық инфрақұрылымдарды құру, процестерді қалыпқа келтіру, сондай-ақ негізгі әлеуметтік мәселелерді шешу қажет.

4. Қазіргі кезде көптеген ауылдық елді-мекендерде мектептер салынып, пайдалануға берілуде. Алайда, физика, химия, биология пәндерінен зертханалық жұмыс жүргізетін жабдықтар берілген күннің өзінде мамандар жетіспейді. Сондықтан ауыл мектептерінің материалдық-техникалық базасын күшейту, ауыл мектептеріндегі педагог кадрларға тапшылықты жою – басты мәселе [2].

Қазіргінарық жағдайындағы ауыл мектебіне, оның ауылда орналасқан шағын жинақталған мектептерге мемлекет тарапына ерекше қамқорлық қажет. Бүгінгі таңда ауылдық жерлерде қалыптасқан жағдай ешқандай сын көтермейді. Оңтайландыру себептерімен ауылдық жерлердегі мектептердің, оның ішінде шалғайдағы елді мекендерде орналасқан шағын жинақталған қазақ мектептерінің жабылуы ешкімді де бейтарап қалдырмайды.

Ауыл мектебі дегеніміз жас ұрпақтың өй – өрісін жан-жақты дамытып, оларға қазіргі заман талабына сай білім беру және халықтық педагогиканың негізінде мол мұраларын пайдалана отырып, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу орталығы. Ауылдағы білім мекемелерін реформалап, оны нарықтық экономика жағдайында нормативтік құқықтық, ғылыми-әдістемелік негізде ұйымдастыру, басқару, қаржылық-материалдық жағынан қамтамасыз ету, ауыл мектептерінің құрылымдық жүйесін жетілдіруді қоғамдық өмір мен әлеуметтік құбылыстардың ерекшеліктерін ескере отырып, дамыту да өзекті мәселелер қатарынан орын алып отыр.

Қазіргі ауыл мектептерінің құрылымдық жүйесі оқушысанына ғана байланысты емес, ол сонымен қатар мектептің орналасқан мекені мен табиғи ерекшеліктеріне де тәуелді болады. Ауыл мен қала арасындағы әлеуметтік теңсіздік те мектептердің атқару қызметіне әсерін тигізбей қоймайды. Ауыл мектептерінде білім беру пәрменділігін арттыруды ұлттық құндылықтар мен отандық педагогика жетістіктерін ұштастыру арқылы жоғары деңгейге көтерудің өзекті екендігін танытады [3].

Бүгінгі күнде жалпы орта білім беретін мектеп – жаңа қоғам мектебі, яғни, болашақ мектебі. Халықтық мәдениетке интеграцияланған, баланың жеке басының дамуына педагогикалық жағдай жасайтын, рухани жағынан таза, дүниеге тік қарайтын, қоршаған ортамен жүйелі байланыс түзетін, білімнің жаңа мазмұнымен байланысқан, бәсекеге қабілетті жаңа ұрпақ өсіріп, дамытып жетілдіретін мектеп болуға тиіс. Елге танымал аты шулы ғұламалардың бірі Әл-Фараби былай деген екен:

«Тәрбиесіз қолға білім салма» деген бағдарлы ойын тек қана ескеріп қана қоймай, педагогиканың дінгегіне, мектеп жұмысының тірегіне айналдыру баршамыздың міндетімізге айналуы тиіс [3].

Ендеше сапалы білім беретін ауыл мектебі бүгінгі күнде өзіндік мектеп реформасын қажет етпек. Сондықтан да мектеп реформасын тек мектептің басқару жүйесі мен оқыту процесін ғана қамтып қана қоймай, сол мектептің бала оқытатын мұғалімдері жаңа бағытқа қарай кәсіби шеберлігін күнделікті ұштауын талап ету жағы тағы бар.

Пайдаланған әдебиеттер

1. https://massaget.kz/okushyilarga/mektep_omiri
2. <https://saryarka-samaly.kz/>
3. <https://studylib.net/doc>

ҒТАХР: 34.29.01

Д.М. Қабдыкәрімова, Г.С. Сапарова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Қазақстан, Семей қаласы, dana.kabdykarimova@mail.ru

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ROSACEAE ТҰҚЫМДАСЫ ӨСІМДІКТЕРІНІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ҚОЛДАНУ

Шығыс Қазақстан облысының аумағы өсімдіктердің биологиялық әртүрлілігімен, сонымен қатар Қазақстан Республикасы үшін ерекше құнды пайдалы өсімдіктердің бай қорларымен ерекшеленеді. Өңірімізде өсетін әр өсімдіктің өз орны бар, себебі бір өсімдік түрінің жойылып кетуі, Қазақ жерінің флорасының алуантүрлілігіне қалпына келмейтін зардапты алып келеді.

Раушангүлділер-бұл ең қызықты және қиын тұқымдастардың бірі, және оның бірқатар монографиялық өңдеулері болса да, ол әлі күнге дейін өсімдіктер таксономиясының ең күрделі нысаны болып қала береді. Еліміздің Шығыс аймағында аса көп зерттеулерді қажет ететін нысандардың бірі раушангүлділер (Rosaceae Juss.) тұқымдасының өкілдері. Раушангүлділер – Қос гүлді өсімдіктер тұқымдасы. 105-тен 130-ға дейін және 3800-4200-ге дейін түрлері бар. Раушангүлділер тұқымдасы үлкен төрт тұқымдас тармағынан тұрады.

1. Тобылғылар орыс. Спирейные (Spiraeoideae Arn., 1832). Негізінен солтүстік қоңыржай аймақта өсетін 20-ға жуық ұрпақ пен 180 түрді қамтиды. Бұл тұрақты бүршіктері бар бұталар, қарапайым немесе күрделі жапырақтары, паникулада немесе коримбада жиналған кішкентай гүлдер және жемістер – құрама парақшалар (көп жапырақты). Олардың өзегі ақ, аз қоңыр; ағаш ақ немесе бозғылт жасыл. Көптеген түрлер негізінен сәндік мәнге ие. Спирея мен везикуланың тұқымдарын біріктіреді.

2. Алмалар орыс. яблоневые (Maloideae Juss. ex Arn., 1832; [syn. Pomoideae Juss. 1789]). Бүршіктері ауыспалы, жапырақтары қарапайым немесе ашылмаған, гүлдері жалғыз немесе гүлшоғырларда. Жемісі – алма немесе жидек тәрізді. Бұл тұқымдас тармақтың маңызды түрлері – алма, алмұрт, ирга, арония, долана және айва. Барлық алма ағаштары үлкен тағамдық құндылыққа ие, сәндік және көгалдандыруда кеңінен қолданылады.

3. Итмұрындар орыс. розовые (Rosoideae Juss. ex Arn., 1832). Раушангүлділер ішіндегі ең үлкені. Жемістер-көп тамырлы немесе көп жапырақты. Жемісі дәндердің жиынтығынан, жаңғақшалардың жиынтығынан, құрама топтамалардың жиынтығынан және сүйекті жидектердің жиынтығынан құрылған. Тармақ раушан (итмұрын) және рубус (таңқурай) тұқымдарын біріктіреді.

4. Қараөріктер орыс. сливовые (Prunoideae Focke., 1847). Бұл қарапайым жапырақтары бар ағаш өсімдіктер. Жемістері-шырынды немесе былғары целлюлоза және тасты эндокарпы бар тамшылар. Тұқымдас тармағы келесі түрлерді біріктіреді: өрік, шие, бадам, құс шие, өрік, шабдалы, олар бұрыннан жеміс, сәндік, дәрілік және бал өсімдіктері ретінде бағаланған.

Бұл тұқымдастың дәрілік өсімдіктері әртүрлі этиологиялардың әртүрлі ауруларын емдеуде қолданылады: артериялық гипертензия, аритмия, суық тию, тонзиллит, геморрой, гинекологиялық аурулар, атеросклероз, уролития, метаболикалық бұзылулар, қатерлі ісіктер, анемия, подагра, ішек аурулары, ревматизм, эпилепсия, ойық жара, терінің зақымдануы, энтерит, гастрит, колит, стоматит, фурункулос.

Дәрілік өсімдіктерде кездесетін заттар адам ағзасына жақын, өйткені олар табиғи; олар жанама әсерлерсіз денсаулыққа жағымды әсер етеді, тез метаболизденеді және денеден шығарылады. Біздің өңірде Раушангүлділер тұқымдасының біршама түрлері таралған. Мысалға, бүлдірген, долана, қазтабан, қазтамақ, лабазник, мойыл, ошаған, раушан, тобылғы, шелна, ырғай.

Бүлдірген – *Fragaria*

Раушангүлділер тұқымдасы – *Rosaceae*

Бүлдірген биіктігі 5-25 см аралығында болатын, жапырағы жертаған, үшқұлақты күрделі, мұртшасы бар көпжылдық шөптесін өсімдік. Қосымша жапырақшалары бар, олар ерте түсіп қалады. Жапырақтары сопақ немесе жұмыртқа тәрізді, жиегі ара тісті. Өсімдіктің сыртын түзу орналасқан түктер басқан. Өсімдік мамыр-маусым айларында гүлдейді, жемістері шілде айында піседі. Гүлдері ұзын сағақты, қалқанша, азгүлді гүлшоғырына жиналған.

Тостағаншасы ішкі және сыртқы болып екі қатарға бөлінеді, саны 5-у, күлтесі де 5-у, кері жұмыртқа тәрізді, күлтелері әдетте ақ түсті. Аталықтарының саны күлтелер санына тең немесе онан артық болуы мүмкін. Бүлдірген мамыр-шілде айларында гүлдейді, хош иісті болады, жемістері маусым-шілде айларында піседі. Бүлдіргеннің жемісі мен жапырақтары зәр айдауға, организмнен тұзды шығаруға, атеросклероз, бауыр ауруларын емдеуге пайдаланылады. Сонымен қатар, жүрек және қан тамырларына да пайдалы әсері бар.

Долана – *Crataegus*

Раушангүлділер тұқымдасы – *Rosaceae*

Долана күз кезінде жапырақ тастайтын, сүректі ағаш тектес өсімдік, биіктігі 3-4 метрге жетеді. Сабағы қызыл немесе сарғылт түсті, үшкір тікенекті. Жапырақтары кезектесіп орналасқан, сағақтары қысқа, қосалқы жапырақшалары болады, бірақ олар ерте түсіп қалады. Жапырақтарының пішіні жұмыртқа тәрізді, жиектері ара тісті, екі жағында датүктері болады. Жапырақтары аздап терілі, үш жағы тісті кесілген немесе үш алақанды. Долана мамыр-маусым айларында гүлдейді, жемісі тамыз-қыркүйек айларында піседі, жемісі толық піскен кезде, оны өсімдіктің дәрілік бөлімі ретінде жинап алып, көлеңкелі, аздап жел соғатын жерде кептіріп, шыны ыдыста сақтайды.

Лабазник – *Filipendula*

Раушангүлділер тұқымдасы – *Rosaceae*

Лабазник биіктігі 20-50 см аралығында болатын, ұзын немесе қысқа тамырсабақты көпжылдық шөптесін өсімдік. Жапырақтары қауырсынды немесе қауырсынды бөлімді. Жапырақ серіктері сағағымен бірге өседі.

Гүлі көпгүлді, қалқанша тәрізді сыпыртқы гүлшоғырында орналасқан, оның осі қысқарған, бірақ төменгі және жанама бұтақтары ұзарған. Гүлдері қосжынысты.

Мойыл – *Rubus*

Раушангүлділер тұқымдасы – *Rosaceae*

Мойыл биіктігі 2-6 метр аралығында болатын, ағаш немесе бұталы өсімдік. Оның сабағының тоз қабығы қызғылт-қоңыр немесе жасыл келеді.

Жапырақтарының пішіні сопақша, жиектері тегіс, сағақтары ұзын, кезектесіп орналасады. Өсімдік мамыр-маусым айларында гүлдеп, тамыз-қыркүйек айларында жеміс береді.

Қазтабан – *Potentilla*

Раушангүлділер тұқымдасы – *Rosaceae*

Қазтабан көпжылдық, тік немесе жартылай көтерілген, кейде жатаған және қысқарған сабақты шөптесін өсімдік. Тамырлары жуан, ұзындығы 6-7 см, ені 1,5-2 см сыртқы қабығы қызылқоңыр, іші ақшыл сары түсті болып келеді. Жапырақтары үш құлақты немесе саусақты-салалы. Қазтабан тамырынан немесе жапырағынан даярланған тұнбаны, жатырдан, тік ішектен қан кеткенде, эпилепсия, ревматизм, асқазан-ішек ауруларын емдеуге қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Флора Казахстана. Том 1. – Изд-во АН КазССР, 1956. – С. 31-32.
2. Быков Б.А. Геоботанический словарь. 2-е изд. – Алма-Ата: Наука Каз. ССР, 1973. – 216 с.
3. Красная книга Казахстана. Том 2 Часть 1 Растения. – Астана, 2014. – 149 с.
4. Карипбаева Н.Ш., Қуанышбаева М.Ф., Полевик В.В., Хромов В.А. Шыңғыстау.

А.Ә. Карипжанова

Быхин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі,
Қазақстан, Семей қаласы, almagul.karipzhanova@bkmail.ru

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУДІҢ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

Бүгінгі таңда адам өмірінде және ғылым әлеміндегі өзгерістер соншалық, бүгінгі таңда өркениет тағдыры қоғам мен адамның рухани, интеллектуалдық және тәрбиелік мүмкіндіктерімен нақты анықталады. Қазіргі уақытта сұранысқа ие болу дегеніміз – үнемі жаңа нәрселерді оқу, үйрену және бар дағдыларды жетілдіру, оларды автоматтандыру. Кез келген жасы, әлеуметтік жағдайы мен мамандығының адамдары заман ағымына ілесу үшін жаңа мамандықтарды игеріп, біліктілігін арттырып, сабақтас кәсіптерді меңгеріп, мамандығын өзгертіп, жаңа технологияны меңгеруде.

Идеалға, биікке және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу ғылымы – акмеология біздің үздіксіз бәсекелестік ғасырымыздың мәнін көрсетеді [1]. Оқушының жас ерекшелігіне назар аудармай, үздіксіз дамудың маңыздылығы туралы айтатын бұл акмеология. Акмеология адам табиғатының максималды мүмкіндіктерін зерттеудің ғылыми әдісін қолданады, адамдардың ең жоғары жетістіктерін, адамзат тәжірибесін зерттейтін адам ғылымының өзегін қарастырады.

Бұл пән – акме кәсіби шеберлікке жетуге ықпал ететін объективті және субъективті факторлар, оқытуды ұйымдастырудағы заңдылықтар, оқушылардың іс-әрекетін жетілдіру және түзету. Өзін-өзі кәсібилік шыңына көтерудің негізгі факторлары:

- шығармашылық акмеологиялық қызметтің бейнесі;
- жаңа материалды меңгеруде, күрделілік деңгейі әртүрлі есептерді шешуде оқу құралдарымен өзіндік жұмыс кезінде оқушылардың таным жолдарын іздестіру, зертханалық жұмыстар мен практикалық тапсырмаларды орындау кезінде мазмұнды көзқарас;
- бұл оқушылардың кәсіби бағыттылығын көрсетеді, ол келесі жылдары маманның кәсіби дамуына айналады [2].

11-сынып оқушыларынан мықты маман даярлау, сонымен қатар оның ғылыми салада одан әрі дамуы Болон процесі мен кредиттік жүйенің арқасында оқушылардың барлық жерде бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік беретін орта арнаулы және жоғары оқу орындарының көмегімен жүзеге асырылады. Ерекше сала ретінде жоғары білімге еңбек нарығына жоғары білікті мамандарды басымдылықпен және біліктілігін арттыру үшін жаңа сапа және әлеуметтік мәртебе беріліп отыр.

Қазақстанда орта білімнен кейінгі білім берудің екі деңгейлі (3 сатылы) жүйесін енгізу белсенді үдерісі жүргізілуде [3]. Ұлттық білім беру бағдарламаларын халықаралық деңгейде мойындау, оқушылардың, мұғалімдердің ұтқырлығын қамтамасыз ету, сондай-ақ білім сапасын арттыру және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейлері мен сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында мамандарды даярлаудың үш сатылы құрылымы құрылды. «Бакалавр – магистр – доктор» екі деңгейде енгізіледі: білім берудің бірыңғай кредиттік жүйесі бойынша жоғары білім (бакалавр – магистр) және жоғары оқу орнынан кейінгі білім (доктор).

Қарқынды дамып өзгеріп жатқан әлемде және ақпарат ағындарының ұлғаюында іргелі пәндік білім білім берудің міндетті, бірақ жеткіліксіз мақсаты болып табылады. Оқушылар қазақстандық білім беру жүйесінің мақсаты болып табылатын білім, білік және дағдылардың жиынтығын жай ғана меңгеріп қана қоймайды. Оқушыларға өзін-өзі барынша іске асыру және қоғамға пайдалы қатысу үшін ақпаратты өз бетінше шығару, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру әлдеқайда маңызды және қиынырақ [5].

Кредиттік оқыту жүйесін енгізудегі ең маңызды мәселе мектептердің материалдық-техникалық базасы мен байланыс құралдарының оқу процесіне қойылатын күшейтілген талаптарға сәйкестігі болып табылады [6]. Заманауи білім беру жүйесінде медиа-ресурстың рөлі өзгеруде: ол ақпаратты беру құралы ғана емес, сонымен бірге мұғаліммен бәсекелесетін білім көзі ретінде де әрекет етеді. Мұғалімнің миссиясы білім беру емес, оқушылар мен әртүрлі білім көздері (соның ішінде БАҚ ресурстары, басқа мұғалімдер, жақын орта және т.б.) арасындағы делдалдық, оқушыларды белгілі бір білімді іздеуге және пайдалануға ынталандыру, олардың құзыреттіліктерін дамыту. алған ақпаратты өмірдің әртүрлі салаларында өзін-өзі жүзеге асыру үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Сонымен, сапалы білім беру, білім беру және меңгеру үшін қолжетімді АКТ ресурстардың барлық түрін пайдалану қажет [7].

Бұл жағдайда АКТ ресурстары білім көзі ретінде және оларды ақпаратты ұғыну және өңдеу құралы ретінде пайдалану ең қолайлы болып табылады. Күнделікті білім беруде АКТ ресурстарды пайдаланудың арқасында оқушылар ақпаратты баяндау қарқындылығын, әдісін, жиілігін өздері таңдауға, оны меңгеру үшін жаттығуларды орындауға, сонымен қатар бір-бірімен жарыса отырып, ойын түрінде білім мен дағдыларды қабылдауға мүмкіндік алады. Уақыт өте келе оқыту қабілеті әлсірейді және оқытушылар мен білім алушылар ақпаратты қажетті көлемде және белгіленген мерзімде меңгеруі үшін медиа платформаларды қолдана алады: EdApp, Udemy, Google Classroom, WizIQ, LearningApps, Kahoot, Coursera, Quizizz және т.б. [8].

Бұл платформалар оқушыларға мүмкіндік береді:

- өзіне ыңғайлы оқу форматын таңдауға;
- мұғалімнің берген білімін тыңдау;
- әртүрлі семинарлар мен жарыстарға қатысу;
- біліммен бөлісу және онлайн режимінде халықаралық конференциялардағы пікірталастарға қатысу;
- ойын түрінде ақпараттың үлкен көлемін талдауға және т.б.
- Мұғалімдерге:
- мәліметті оқушылар мен олардың білім беру қажеттіліктеріне бейімдей отырып, дұрыс ұсыну;
- қолдануға оңай және түсінікті оқу материалдарын құрастыру;
- онлайн форматта әріптестерімен тәжірибе алмасу;
- білім берудегі өзекті мәселелр бойынша кеңес беру, пікірталасу, мәселенің шешімін табу;
- рефлексия мен өзін-өзі талдау мүмкіндік береді және т.б. [9].

Қорытындылай келсек, білім беруде оқу АКТ ресурстарын пайдалану кез-келген адамға жаңа мамандық алуға, бар дағдыларын шыңдауға, кәсіби құзыреттілігін арттыруға және оның жасына, бастапқы мамандығына және әлеуметтік мәртебесіне назар аудармай, оны еңбек нарығында сұранысқа ие және өз және байланысты салаларда бәсекеге қабілетті маман етеді деп айтуға болады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Деркач А.А., Кузьмина Н.В. Акмеология – наука о путях достижения вершин профессионализма. – М., 1993.
2. Бодалев А.А., Ганжин В.Т., Деркач А.А. Человек и цивилизация в зеркале акмеологии // Мир психологии. – 2000, – № 1, – С. 89-108.
3. Материалы международного семинара-совещания по реформированию экономического образования. – Алматы: Экономика, 2003.
4. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005-2010 годы.
5. Об утверждении правил кредитной системы обучения в организациях образования, дающих высшее профессиональное образование // Приказ № 753 МОН РК, 9 декабря 2005 года, Астана.
6. Кредитная система обучения в вузе: структура, процедура и организация. – Алматы, 2004.
7. Рыбичева О.Ю. Перспективы внедрения смарт-технологий в учебный процесс // Вестник Вятского государственного университета. – 2019. – № 4 (134). – С. 76-84.
8. Кулекеев Ж.А., Пивень Г.Г., Наргужин М.Р., Каланова Ш.М., Падиарова И.П. Системы менеджмента качества организаций высшего профессионального образования. Теория и практика. – Караганда; Издательство КарГТУ, 2004. – 356 с.
9. Абдыгаппарова С.Б., Ахметова Г.К., Ибатуллин С.Р., Кусаинов А.А., Амырзалиев Б., Омирбаев С.М. Основы кредитной системы обучения в Казахстане / Под ред. Ж.А. Кулекеева. и др. – Алматы, 2003. – С. 23-30.

Р.О. Кармысова, Н.М. Ахмерова
 Ы. Алтынсарин атындағы № 37 гимназиясы,
 Семей қаласы, nuryts@mail.ru, zhakupovazhamilya@mail.ru

ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ: БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕКТЕП ПЕН ЖОО САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеу – бүгінгі заман талабы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев дәстүрлі Тамыз кеңесінде былай деді: «Еліміздің лайықты азаматтарын тәрбиелеу – педагогтардың және ата-аналардың міндеті. Лайықты азамат – бұл өз білімін Отанымыздың игілігі үшін жұмсайтын адам. Алдымызда тұрған құбылмалы заманда жастарымыз еңбекқор болмаса, ешқандай бәсекеге түсе алмайтынын терең түсінуі керек».[1]

Заманның дамуына қарай білім беру жүйесіне жаңаша ойлайтын, ой өрісі кең, өр тұлғалы, кәсіби маман ретінде өзіне баға бере алатын, жаңа заманға сай адамды қалыптастыру қажет. Жалпы педагогикалық ұстаным білім берудің әртүрлі кезеңдерінің, сатыларының арасында үзілмес байланыстың болуын талап етеді. Сондай байланыстың бірі – білім сабақтастығы.

Білім берудегі сабақтастық мәселесінің жекелеген аспектілерінің дамуына С. Смаилов, К. Өстеміров, Ә.Ә. Төлбаев елеулі үлес қосты. С. Смаилов өзінің ғылыми зерттеу жұмысында сабақтастық мәселесіне көп көңіл бөлді. Сабақтастықты философиялық категория тұрғысынан қарастырып, сабақтастықтың даму заңдылығы диалектиканың заңдылығымен сәйкес келетіндігін дәлел ретінде келтірді. Сонымен білім берудің дамуын, оның сапалық өзгерістерін болжау мақсатында және болашаққа бағытталған кәсіби сабақтастық негізінде білім беруді жоспарлау технологиясын жасу үшін зерттеу моделі ұсынылады. Осы модельдеу бойынша «Мектеп–колледж–ЖОО» жүйесінің сабақтастығының құрылымы түзілді. [2]

«Мектеп–колледж–ЖОО» жүйесінің сабақтастығы, ол теория мен тәжірибені байланыстыра оқыту арқылы озық идеялы, кәсіби маман даярлап шығару деген сөз. Осындай білім саласындағы тың идеялардың бірі – дуалды оқыту жүйесі. Дуалды оқыту жүйесі дегеніміз – теорияны тәжірибемен, яғни болашақ жұмыс орнымен байланыстыра оқыту технологиясы. Дуалды оқыту жүйесін алғашқы болып қолданған Германия елі.

Германияда қос білім беру жүйесі 1969 жылы Кәсіптік оқыту туралы Заң қабылданғаннан кейін ресми түрде пайда болды. Оның жұмыс істеуі мен мағынасының сипаттамасы Притчардта 1992 жылы берілген. Дуалды жүйені енгізу үшін Германия мемлекеті бір-бірін толықтыратын және күшейтетін мемлекеттік білім беру бағдарламалары мен арнайы оқыту бағдарламаларын жасауға мүмкіндік берді [3]. Германияда білім алушылар уақыттарының көп бөлігін еңбек ете жүріп өндірістен қол үзбей оқиды, тек бір бөлігін ғана теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды.

Дуалды оқыту жүйесінің артықшылығы ең алдымен жас мамандардың жұмысқа кедергісіз орналасуына ықпал етеді. Өйткені жас мамандар жұмыс берушінің сұраныстарына толығымен сәйкес келеді, себебі оқу үрдісінде өндіріспен тығыз байланыста болған студент жұмыс берушінің барлық талаптарын бойына сіңірген, кәсіби маман иесі болады. Студенттің теория мен тәжірибені қатар меңгеріп, бекітілген жұмысқа деген қызығушылығы жауапкершілік сезімі жоғарылайды. Білім алушының өз мамандығына деген құрметі артады, теорияда алған білімін тәжірибеде жетілдіреді. Болашақ жас мамандар білім берудің қыр-сырларын, әр түрлі озық идеяларды, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді сабақта қалай қолдану керектігін үйренеді.

Биылғы 2022-2023 жаңа оқу жылында біздің Ыбырай Алтынсарин атындағы № 37 гимназияның ағылшын тілі мұғалімдері дуалды оқыту жүйесі бойынша Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетімен келісімшартқа отырып ағылшын тілі мамандығының студенттерімен тәжірибелік сабақтар өткізуді бастады. Келісімшарт бойынша 3-4 курс студенттері жыл бойы озық тәжірибеден өтеді. Осыған байланысты оқу үрдісінің 40% теория, 60% өндірістік тәжірибе болса, онда білім алушылар өндіріс орнында уақыттың көп мөлшерін тиімді пайдаланып, өз мамандықтарын жан-жақты меңгеруге мүмкіншіліктері мол болады. Тәжірибе барысында білімдері жоғары, озат педагогтар сабақ бере отырып мамандықтың қыр-сырларын үйретеді. Сабақ барысында білім алушыларды зерттей отыра әлсіз тұстарын тез тауып оны толықтыруға бар күштерін салады. Тәжірибе барысында мектеп мұғалімдері студенттерге сабақ беруде оқушылар алдында өздерін қалай ұстауды, оқушылардың өзіндік іс-әрекеттерін қалай ұйымдастыру керектігін, сабақ барысында өздеріне сенімді болып, еркін ұстауын үйретеді. Тәжірибе барысында жаңартылған бағдарлама бойынша ұзақ мерзімді, орта және қысқа мерзімді жоспарларды қалай жасау керектігін машықтандырады. Әрбір мұғалімнің алдына қойған мақсаты – студенттердің сабаққа деген қызығушылығын арттыру арқылы олардың танымдық көзқарастарын, ізденуін қалыптастыру,

сабақтың сапасын көтеру. Мектеп оқушылары жаңартылған білім беру бағдарламасы арқылы оқытылады. Бұл бағдарламаның дәстүрлі бағдарламадан өзгешелігі пән мазмұнының жеңілден күрделіге қарай өтуі және де пәнаралық байланыстарды жүзеге асыра отырып ортақ тақырыптардың берілуі. Оқулықтағы бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптар әр сыныптың уақытымен сәйкес келіп, төменгі сыныптан жоғарғы сыныпқа қарай тақырыптар күрделеніп отырады. Соған байланысты мұғалімдер оқу үрдісінің ұзақ, орта және қысқа мерзімді жоспарларын жасай отырып сол мақсатта жұмыс жасайды. Сонымен қатар бұл жаңартылған бағдарламаның ерекшелігі критериалды бағалау жүйесінің енгізілуі. Критериалды бағалау – ол оқушылардың үлгерімін салыстырмалы түрде белгіленген нақты критерийлер бойынша саралайтын бағалау. Жыл бойғы оқу үдерісі бойынша оқушылардың үлгерімі қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен бағаланады. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз күнделікті жүйелі түрде өткізіледі. Жиынтық бағалау тоқсан соңында немесе белгілі бір бөлім тақырыбын аяқтағанда жүргізіледі. Жиынтық бағалау балл арқылы бағаланады. Жиынтық бағалау тапсырмалары оқу бағдарламасына сәйкес жасалынып, әр оқушының жұмысы дескриптор мен балдық кесте арқылы бағаланады. Критериалдық бағалау арқылы оқушының білім деңгейінің өсу динамикасын бақылай аламыз және білім алушыны жауапкершілікке, жоғары нәтижеге жетуге бағыттай аламыз. Сонымен қатар бағалау арқылы білім алушының тапсырма орындаудағы дербестігін, жұмыс нәтижесін, білім деңгейін, дағдының сапасын анықтай аламыз. Жаңа бағдарлама бойынша білімнің сапасын көтеру мақсатында заманауи интерактивті әдістер қолданылады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша студенттер сабақ барысында оқушылардың жаңа тақырыптарды тез игеруі үшін немесе қайталау, пысықтау сабақтарына тақырыптарға байланысты оқытудың әр түрлі жаңа технологиялық әдістерін үйренеді. Атап айтқанда Kahoot, Сократив қосымшалары. Осы қосымшалар арқылы оқушылардың, студенттердің білім деңгейін тест арқылы тексеруге болады. Kahoot, Сократив қосымшалары оқушылардың жыл бойы оқыған барлық материалдарын толық қамти отыра, білімдерін тереңірек меңгертуге мүмкіндік береді. Дуалды оқыту барысында студенттер компьютерлік технологияларды пайдалана отырып өз білім тәжірибелерін дамытады. Бейнефильмдер көру арқылы студенттер оқушылардың тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым дағдыларын жақсы меңгерулеріне, оны интенсивті түрде бекітуге көмектесетінін оқып үйренеді. Сонымен қатар сабақ барысында оқушылармен тілдік қарым-қатынасты қалай орнату керек, олардың іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру үшін оқуға деген қызығушылығын қалай ояту керек, осындай келелі мәселелер қаралады. ЖОО студенттеріне топтық және жұптық тапсырмалар бере отырып әрбір студентке жеке міндеттер атқаруды талап етсе, әрқайсысы өз жұмысына жауапты болып, жалпы жұмыс нәтижесінде қол жеткізуге ұмтылатын іс-әрекет пайда болады. Осындай әдістерді қолдануда болашақ маман иелерінің мектептегі оқушыларымен жұмыс жасауда өз жемісін береді деп ойлаймыз. Жаңартылған бағдарлама бойынша оқушының өзін –өзі бағалауы, топтық, жұптық бағалау арқылы сабақ тақырыбын бекітуге үлкен көмегін тигізеді. Сабақты аяқтау барысында кері байланыс арқылы оқушылардың ойын білумен аяқтаған тиімді. Мысалы: «Не білдім? Нені білмедім? Нені білгім келеді?» әдісі арқылы оқушы жұмысының нені меңгеріп, нені қабылдай алмағанын анықтай отырып, алдағы уақытта іс-әрекетін қалай жақсартуға болатынын алдын-ала білуге болады.

Қорытындылай келе дуалды оқыту жүйесінің тиімділігі болашақта бәсекеге қабілетті, теориялық білімін тәжірибемен тиімді ұштастыра білетін білікті де алғыр, жаңа идеяларға толы көзқарастары бар кәсіби жас мамандарды даярлап шығаруда екені даусыз. Дуалдық оқыту жүйесі бойынша студенттердің кәсіби біліктілігі мен дағдылары тікелей жұмыс орнында меңгеріліп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріледі. Білім мен өндірістің өзара байланысы мен тәжірибесін біріктіре қамтамасыз ету арқылы білім беру жүйесінің сапасы арттырылады. Осы оқыту жүйесі бойынша ЖОО бітіруші жас түлек болашақ жұмыс орнына алған тәжірибесі мен кәсіби біліктілігін көрсете отырып еліміздің білім беру ордаларында сапалы да жоғары білім береді деген сенімдеміз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Тамыз конференциясы, 2022.
2. www.ulagat.com «Мектеп-колледж-жоғары оқу орны» жүйесінде білім алушылардың кәсіптік-бағдарлы білім мазмұнының сабақтастық моделін негіздеу.
3. Шербеева А.Ш. «Критериалды бағалау жүйесін енгізудегі бағалау критерийлерін құрастыру». – Әдістемелік нұсқаулық, Қарағанды, 2018.
4. Жалмуханова Б.Х. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқу-тәрбие жұмыстарында қолданылатын әдіс-тәсілдер. – Әдістемелік құрал, Атырау, 2018.
5. Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы // Әдістемелік нұсқау хат.– Нұр-Сұлтан, 2021.
6. wikipedia.org

Т.А. Корнейчук
Средняя общеобразовательная школа № 20,
Казахстан, г. Семей, tkor2013@ya.ru

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОРТЕБНОСТЯМИ. АРТ-ТЕРАПИЯ

Когда учитель стремится к прогрессу, хочет изменить свою деятельность к лучшему – именно этот прогресс является инновацией.

Во введении к Концепции государственного стандарта общего образования сказано: «Развитие личности – смысл и цель современного образования... Новыми нормами становятся жизнь в постоянно изменяющихся условиях, что требует умения решать постоянно возникающие новые, нестандартные проблемы; жизнь в условиях поликультурного общества». На смену послушанию, повторению, подражанию приходят новые требования: умение видеть проблемы, спокойно принимать их и самостоятельно решать. Таким образом, современное обучение должно воспитывать готовность человека к «инновационному поведению».

Главная задача образовательного процесса определяется так: ученик должен учиться сам, а учитель осуществляет управление его учебной деятельностью. Поэтому традиционный объяснительно-иллюстративный метод заменяется новыми педагогическими технологиями.

В настоящее время актуальной проблемой является подготовка школьников к жизни и деятельности в новых социально-экономических условиях, возникла потребность в изменении целей и задач коррекционного обучения детей с особыми образовательными потребностями (далее ООП).

Включение в систему специального образования детей с ООП закрепило за ними право на получение образования, что «приводит к наиболее полному по возможности вовлечению ребенка в социальную жизнь и достижению развития его личности, включая культурное и духовное развитие ребенка» [1].

В специальной педагогике большое внимание уделяется вопросам воспитания и обучения детей с ООП. Разрабатываются организационные формы работы с ними, выявляются потенциальные способности этих детей к учебной и трудовой деятельности, исследуются возможности их интеграции в общество.

Важное место в учебном процессе занимает коррекционно-развивающая модель обучения, которая обеспечивает воспитанников комплексными знаниями, выполняющими развивающую функцию.

В результате коррекционно-развивающего обучения происходит преодоление, коррекция и компенсация нарушений физического и умственного развития детей с нарушениями интеллекта.

При работе с детьми с особыми образовательными потребностями, применяются особые коррекционно-развивающие педагогические технологии, позволяющие добиваться положительной динамики в обучении и воспитании. Грамотное сочетание традиционных и инновационных технологий обеспечивает развитие у обучающихся познавательной активности, творческих способностей.

Одним из направлений, используемых на коррекционно-развивающих занятиях с умственно отсталыми детьми, является применение технологии арттерапии (музыкотерапия, игротерапия, изотропия, сказкотерапия, танцтерапия, вокалотерапия и т.п.). Эффективность использования артпедагогических технологий в коррекционно-развивающей работе с детьми с нарушением интеллекта доказана многими педагогами, в частности, М.С. Вальдес-Одриосола, Л.Д. Лебедевой, Е.А. Медведевой и др.

Данные технологии связаны с воздействием разных средств искусства на обучающихся, они позволяют с помощью стимулирования художественно-творческих проявлений вызвать эмоциональный отклик у воспитанников, и, тем самым, осуществить коррекцию нарушений психосоматических, психоэмоциональных процессов и отклонений в личностном развитии.

Эмоции являются «центральной звеном» психической жизни человека, и, прежде всего, ребенка. Не каждый взрослый человек способен разобраться во всей гамме своих переживаний. А для ребенка, имеющего различные психоневрологические отклонения, эта задача становится еще более трудной. Дети не всегда понимают свои даже простые эмоции, тем более им трудно осознать те разнообразные переживания, которые возникают по мере расширения их связи с внешним миром.

По мнению таких авторов, как Л.М. Шипицина, В.М. Минаева, Л.А. Никифорова, «детям с особыми образовательными потребностями особенно трудно выражать даже самые простые эмоции, по этому в сфере изучения личности такого ребенка остро стоит проблема, связанная с исследованием его эмоциональных проявлений, особенностей развития, как эмоциональный аспект личности является базовым для ее ценностей характеристики» [2]

Проблемы развития эмоциональной сферы детей с ООП отражены в работах таких авторов, как В.В. Лебединский, Э.С. Колижнюк, В.В. Ковалев, Е.И. Кириченко, А.Н. Леонтьев, Е.М. Мастюкова, И.И. Мамайчук, В.М. Минаева, Г.В. Пятакова, О.Л. Романова, Ю.С. Шевченко, А. Шишковская и др. Такие авторы как В.В. Лебединский, Э.С. Колижнюк, И.И. Мамайчук подчеркивают, что для этих детей свойственна задержка психоэмоционального развития, которая нередко выражается в форме неосложненного психического инфантилизма и осложненного органического инфантилизма. Инфантилизм проявляется в недостаточной дифференцированности эмоций даже в игровой деятельности – ее монотонности, слабости творчества, отсутствии инициативы и самостоятельности.

Анализ научно-методической литературы выявил незначительную разработанность программ развития эмоциональной сферы детей с ООП с использованием средств музыки. Однако в работах известных педагогов музыкантов В.К. Петрушина, В.И. Эслайна, Д.И. Кирнадской, Н.Б. Берхина, О.П. Радынова, музыковедов А.Н. Сохор, Д.Б. Кабалевского, В.С. Ражникова, крупного теоретика музыковедения Б.В. Асафьева и др. музыка рассматривается в качестве «незаменимого средства развития, подчеркивается особая значимость эмоционально-образной сущности музыки, ее роль в становлении эмоциональной сферы личности» [5, с. 34]. «Музыка – это и есть собственно эмоция», с помощью которой ребенок личностно познает себя и других людей, осуществляет художественное познание окружающего мира, реализует творческий потенциал [3, с. 23]. «Организация взаимодействия детей-дошкольников с искусством помогает им выражать свои эмоции и чувства доступными средствами: звуками, красками, движением, словом» [4, с. 56].

На основе вышесказанного, актуальным для нас является составление программы музыкально-ритмических занятий с акцентированием в ней развития эмоциональной сферы детей с ООП. На основе анализа научно-методической литературы и обобщения психолого-педагогического опыта специалистов (психологов, педагогов) России и Казахстана, работающих с детьми без патологий, нами были выделены используемые ими средства: элементы сказкотерапии, музыкотерапии, вокалотерапии, театрализованная игра, вокалотерапии и исполнительское мастерство.

На начальном этапе разработки программы были изучены особенности эмоциональной сферы 10 детей с различными психоневрологическими заболеваниями посредством следующих методик: «Методика исследования эмоционального состояния» (Э.Т. Дорофеева), методика «Паровозик» (С.В. Велиева), методика «Изучение восприятия детьми графического изображения» (Г.В. Фадина). По результатам диагностики эмоционального состояния выявлены положительные эмоции у 50% обследуемых детей, нейтральные эмоции – у 20%, отрицательные эмоции – у 30%. Методика «Паровозик» (С.В. Велиева) выявила позитивное психическое состояние у 40% детей, негативное психическое состояние низкой степени – у 10%, негативное психическое состояние средней степени – у 30%, негативное психическое состояние высокой степени – у 20%. Методика «Изучение восприятия детьми графического изображения» (Г.В. Фадина) показала, что не узнают эмоции «страха» и «удивления» все обследуемые; эмоции «радость», «злость» узнают 60%, эмоцию «грусть» узнают 40%. Таким образом, для 40-50% детей характерно положительное эмоциональное состояние, для 20-30% – негативное эмоциональное состояние, что подтверждает актуальность разработки программы развития эмоциональной сферы детей начального школьного возраста с ООП (табл. 1).

Опираясь на исследования крупнейших российских и казахстанских ученых Л.С. Выгодского, Г.А. Волковой, А.А. Айдарбековой, И.Г. Елисеевой и др., посвященных разработке основных закономерностей психического развития детей в норме и патологии, изучению соотношения коррекции и развития, первичных и вторичных нарушений и фундаментального положения о «зоне ближайшего развития», была составлена программа для программы занятий коррекционной ритмики для детей с ООП. Совместно с основными целями и задачами развития двигательного и музыкального воспитания детей с психоневрологическими патологиями, в состав программы коррекционной ритмики включены методы, используемые авторами следующих программ: «Вкус и запах радости» (Л.А. Никифорова); «Развитие эмоций дошкольников» (В.М. Минаева); программа по музыкально-эстетической абилитации детей с психофизическими нарушениями в развитии (Н.Н. Кунц); «Музыкальные шедевры» (О.П. Радынова); программа воспитания и обучения дошкольников

с интеллектуальной недостаточностью (Л.Б. Баряева, О.П. Гаврилушкина, А.П. Зарин, Н.Д. Сокодова), элементы методики музыкального воспитания К. Орфа.

Таблица 1 – Тематический план коррекционно-развивающей программы

п/п	Раздел	Тема	Методы и приемы	Кол-во часов
1	Эмоция «радость»	1. Сказка «Волшебная страна внутри нас»	1. Психогимнастика, этюды «Солнышко», «Карта настроений». 2. Вокалотерапия «Я весь состою из звуков», «Песенка-чудесенка», «Вместе весело шагать». 3. Танцотерапия «Зеркало», «Свободный танец». 4. Этюд «Золотые капельки», «Цветок», «Вкусные конфеты».	4 час. 25 мин.
		2. В гости к слуге по имени «Радость»		
		3. Подарок слуге по имени «Радость»		
		4. Концерт для слуги по имени «Радость»		
2	Эмоция «грусть»	1. В гости к слуге по имени «Грусть»	1. Музыкалотерапия «Два клоуна». 2. Психогимнастические этюды «Северный полюс», «Остров плакс», «Грустный вернисаж». 3. Вокалотерапия «Грустная песня», «Грустный дождик». 4. Театр пародий «Солнышко и дождик».	4 час. 25 мин.
		2. Неожиданные встречи		
		3. Дождливый денек		
		4. До свидания, «Грусть», мы будем веселиться		
3	Эмоция «удивление»	1. Приключение во дворце	1. Психогимнастика. Этюд «Круглые глаза». 2. Вокалотерапия «Лесная песенка», «Почему медведь зимой спит». 3. Театротерапия. Инсценировки «Лиса и зайцы», «Как на горке снег».	4 час. 25 мин.
4	Эмоция «злость»	1. Встреча со злым слугой	1. Вокалотерапия: сочинить частушку, стихотворение, сказку, синквейн. 2. Музыкалотерапия «Подбери инструмент». 3. Психогимнастика. Этюды «Король Боровик не в духе», «Разъяренная медведица». 4. Изотерапия «Добрый волшебник».	4 час. 25 мин.
		2. Идем на помощь Королю		
		3. Дружба сильнее всего		
		4. Злиться – это плохо, будем веселиться		
5	Эмоция «страх»	1. В паутине страха	1. Психогимнастика. Этюды «В темной норе», «Гроза», «Ночные звуки». 2. Театротерапия. Теневой театр. Пантомима. 3. Музыкалотерапия «Подбери инструмент». 4. Вокалотерапия «Радость и движение», «Медведь и дети», «Найди меня», «Чай, чай, выручай».	4 час. 25 мин.
		2. Лесные гости слуги «Страх»		
		3. Волшебная комната страха		
		4. Прощай, слуга «Страх»		

Цель – развитие эмоциональной сферы детей с особыми образовательными потребностями средствами музыки с конечной целью социальной адаптацией детей в общей среде.

Задачи: познакомить с основными эмоциями; развить умение адекватного выражения своего эмоционального состояния в различных ситуациях.

Методы: наглядности (показ иллюстраций, демонстрация слайдов, фильмов, мультфильмов); словесный (рассказ, беседа); практический (музыкалотерапия, вокалотерапия, логоритмотерапия, танцотерапия, театротерапия, сказкотерапия, психогимнастические игры) (табл. 1).

На сегодняшний день данная наработка апробируется на уроках коррекционной ритмики в КГУ «СОШ № 20» отдела образования города Семей управления образования области Абай. По окончании работы будут получены данные о динамике развития эмоциональной сферы детей, внесены необходимые корректировки в содержание программы и составлены практические рекомендации по ее использованию.

Список литературы

1. Конвенция о правах инвалидов. Принята резолюцией 61/106 Генеральной Ассамблеи от 13 декабря 2006 года, статья 24.
2. Кирнадская Д.И. Музыкальное восприятие. – М.: Просвещение, 1997. – 123 с.
3. Мамайчук И.И. Психологическая помощь детям с проблемами в развитии. – СПб.: Речь, 2001. – 220 с.
4. Плотникова Н.Т. Музыкалотерапия и резервы человеческого организма. – М.: Просвещение, 1998. – 198 с.
5. Ражников В.С. Резервы музыкальной педагогики. – М.: Знание, 1980. – 57 с.

М.С. Муратова, К.С. Абижанова
Средняя общеобразовательная школа 4, Казахстан, г. Семей,
abizanovakymbat123@mail.ru, marzhan-84.23@mail.ru

ВОПРОСЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ В СЕЛЬСКОЙ ШКОЛЕ

На сегодняшний день школа переживает глобальные преобразования, основной целью которой стала не просто репродуктивная передача знаний, умений и навыков от учителя к ученику, а формирование и развитие способностей ученика самостоятельно ставить учебную проблему, формулировать алгоритм ее решения, контролировать процесс и оценивать полученный результат, одним словом, научить учиться. Современное образование ориентировано на развитие тех способностей личности, которые нужны и ей, и обществу. В связи с этим в средствах массовой информации часто обсуждается проблема сельских малокомплектных школ. Принято считать, что качество обучения в сельских школах ниже, чем городских.

Сельская школа всегда занимала особое место в системе казахстанского образования. Можно говорить о некоторых различиях в системно-социальном качестве городской школы и сельской школы и можно говорить о разном качестве образования.

Но у сельской школы есть и огромные преимущества. Главное состоит в том, что сельская школа несет на себе печать сельского социума, сельской культуры.

Качество образования в первую очередь зависит от педагога. Это аксиома. А в наших сельских школах в основном работают профессионалы своего дела. Они активно готовят обучающихся к предметным олимпиадам, конкурсам и получают неплохие результаты.

Любое развитие всегда сопряжено с проблемами. Система образования не исключение. Начиная разговор о проблемах образования, я хотела бы их дифференцировать.

Первое – выделить то, что в чистом виде не является порождением собственно системы образования. Это демографические проблемы, кризисные явления в экономике.

Второе – внутренние проблемы системы образования, которые особенно болезненно ощущаются в сельской школе.

Здесь можно назвать ключевые:

1. Состояние кадрового ресурса. Я думаю, что вы, уважаемые коллеги, с этим знакомы. Старение педагогических и руководящих кадров, недостаточный приток молодежи в школу. Приведу пример: в 2011 году в сельские школы нашего района пришло только 6 молодых педагогов. Еще 20-25 лет назад их было в разы больше.

Для педагога сельской школы особенно значимо не просто передать знания, а научить ребенка самостоятельному умению учиться. У городского ребенка возможностей, помимо школы, гораздо больше.

2. Качество образования, результаты ЕНТ. Тоже не открою Америку, если скажу, что средний балл по сельским школам – ниже районного и областного. Исследования также свидетельствуют о том, что обучающиеся в городских школах, показывают более высокие результаты. И это обусловлено не «качеством» детей, а качеством сложившихся условий, ограниченностью ресурсов.

3. Оснащенность образовательного процесса. Не хватает современных учебников. По-прежнему невелика скорость Интернет, недостаточно мест свободного доступа учащихся к сети, программного обеспечения для дистанционного образования. Да и домашних компьютеров у сельских школьников на порядок меньше, чем у городских.

Бесспорно, надо признать, что часть сельских школ за эти годы действительно совершила прорыв в области различных инновационных педагогических технологий, компьютерного обеспечения, развития здоровьесберегающих технологий, активизировала взаимодействие с различными субъектами сельского социума.

Но, в то же время, значительная часть сельских школ, особенно малочисленные, все эти годы прожила в режиме социальной нестабильности, в режиме, к сожалению, ожидания закрытия.

Их проблемы обусловлены неблагоприятной демографической ситуацией, катастрофическим старением педагогических кадров. А еще – переходом на внешнюю оценку качества образования, на подушевое финансирование, ограниченностью средств на развитие материальной базы и отсутствием возможностей найти внебюджетные источники средств.

В большинстве сельских школ за партами сидят не более 10-20 человек, что делает их с точки зрения финансирования нерентабельными. Но без школы село или деревня умрет. Все, кто смогут из молодого работоспособного населения села переедут туда, где есть школа для их ребенка. С учетом российской специфики ситуация с сельскими малокомплектными школами кажется специалистам удручающей.

Большое беспокойство у педагогов, психологов, родителей вызывают такие факторы, как:

- низкая информационная насыщенность школ на селе;
- отсутствие специальной литературы;
- недостаточность научно-методических рекомендаций по управлению малокомплектной школой;
- недостаточное качество знаний и общее развитие сельских детей;
- низкий образовательный и культурный уровень сельской семьи;
- отдаленность малокомплектных школ от методических центров;
- недостаточность форм взаимодействия муниципальных органов управления образования и малокомплектных (малочисленных) школ по вопросу совершенствования управления, контроля за качеством образования и др.

Однако при имеющихся трудностях можно и нужно находить новые, более эффективные средства организации педагогического процесса (формы, методы, приемы обучения и воспитания), оптимально используя для этого все возможности, связанные со спецификой учебно-воспитательной работы в малокомплектной школе.

Но, главная задача на сегодняшний день заключается в определении ближайших перспектив сельской школы.

Давайте постараемся понять, чего мы хотим от развития села и сельской школы в частности. Проблема очень сложная. В зависимости от того, как мы ответим на вопрос о целях, мы получим и средства. В современной образовательной практике налицо три сценария.

Вариант номер один. Мы хотим обеспечить поставку в город дешевой низкоквалифицированной рабочей силы. То есть, чтобы в деревне осталось людей еще меньше, а в городе были едущие из глубинки дворники, слесари, сантехники, домработницы, прислуга и так далее.

Второй вариант: мы хотим сохранить сельскую школу и село для того, чтобы сохранить традиционный образ жизни, для того чтобы сохранить наши территории. И при этом нам все равно, каким будет это население.

Третий вариант. Мы хотим сохранить сельскую школу и село для того, чтобы создать постиндустриальную деревню. Современная наука считает, что будущее принадлежит сельской жизни, в которой будет высокая технология, где семья сможет производить продукции столько же, сколько производит семья в Голландии, а там 3–4 процента населения кормят всю страну. Поэтому здесь возникает совершенно другая постановка вопроса. Нам нужно сохранить село, нам нужно сохранить сельскую школу для того, чтобы там развивались люди, достойные XXI века.

Следующий момент, на котором мне хотелось бы сосредоточить внимание, – это вопрос об условиях развития сельской школы. Она представляет собой часть сельского социума и не может развиваться в отрыве от него. Поэтому сегодня надо твердо понимать, что жизненные перспективы сельской школы, прежде всего, зависят от развития социокультурной сферы села.

Чтобы сохранить село, образование на селе **должно соответствовать социальным ожиданиям** людей, социально-ценностному заказу общества, сельского сообщества, каждой конкретной семьи, конкретного человека.

Качественное образование – это то, которое влияет на социум и при предъявлении результатов гордостью образования должно стать не то, сколько выпускников поступило в вузы, а то, на какие преобразования на селе повлияли выпускники. Именно через конкретные дела, в которых участвуют и сельские дети, и взрослые, формируется позитивное отношение к сельскому образу жизни, понимание его преимуществ, возрождение культурных традиций на селе.

Образование откликается на экономические, социальные вызовы. Новые проекты реализуются только при поддержке власти. У нас в районе есть примеры сетевого взаимодействия сельских школ со школами района. Три раза в неделю осуществляется подвоз учащихся на занятия. Бесспорно, с ними работают специалисты, кабинеты оборудованы всем необходимым. А если говорить о здоровьесбережении детей? 4 часа математики в день, дорога в оба конца, позднее возвращение домой, а утром в первую смену занятия в своей школе. Это ли не влияет на здоровье ребенка? И такая школа в районе не одна.

Сегодня возможны различные пути сохранения и развития села и сельской школы. Это:

- развитие ресурсных центров для сельской местности в образовательных учреждениях;
- становление сельской школы как центра общественных инициатив и гражданского образования детей и взрослых; как информационно-просветительского или физкультурно-оздоровительного центра;
- вовлечение граждан в обустройство сельских территорий в рамках реализации грантовых программ.

Размышления о судьбе сельской школы стары как сама школа. Идеи выравнивания города и села, слияния города и села, «дотягивания» села до уровня города отзываются проблемами: с одной стороны необоснованными ожиданиями села в том, что их уровень будет подтянут кем-то, с другой – фактически из сельской школы все годы выхолащивается сама суть ее уникальности.

Убеждена, что вопрос, который мы сегодня обсуждаем, это и вопрос национальной безопасности нашей страны.

Сейчас мы можем говорить только о двух сценариях. Первый сценарий еще, может быть, лучший – это повторение истории дошкольных образовательных учреждений. Сейчас позакрываем, потом начнем снова открывать... А худший сценарий – это безвозвратное исчезновение массы сельских школ... В Казахстане считают, что малая школа должна закрываться. А во всем мире действует лозунг: малое – прекрасно.

Список литературы:

1. Данилова Т. Малокомплектные школы – <http://vilvolovo.ru/news1813>
2. Килина И.В. Проблема реализации федерального государственного образовательного стандарта в условиях сельской малокомплектной школы <http://www.rae.ru/forum2012/288/2151>
3. Лебединцев В.Б. Модернизация сельской малокомплектной школы: не классно-урочная модель// Народное образование. – 2005. – № 1. – С. 103-107 http://www.pedlib.ru/Books/4/0053/4_0053-1.shtml#book_page_top
4. Мусс Г.Н., Гриценко М.В. Актуальные проблемы реализации ФГОС в сельской начальной школе. <http://sibac.info/index.php/2009-07-01-10-21-16/5880-2013-01-19-06-18-45>
5. Червонный М,А. Проблемы малокомплектной школы в современной образовательной ситуации (Примеры разных стран) <http://cyberleninka.ru/article/n/problemy-malokomplektnoy-shkoly-v-sovremennoy-obrazovatelnoy-situatsii-primery-raznyh-stran>

МРНТИ: 14.20.00

Л.А. Мурсалимова

Средняя общеобразовательная школа № 32,
Казахстан, г. Семей, lyubov_emei@mail.ru

ИССЛЕДОВАНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

В настоящее время на кафедрах педагогики и психологии пединститутов и университетов разрабатываются важнейшие проблемы обучения, воспитания подрастающего поколения. Главная роль в этом процессе отводится педагогу. От того, насколько он творчески подходит к своему делу, от его профессионализма и личностных качеств зависит и успешность каждого его ученика. Исследование педагогической деятельности включает в себя многие аспекты, это: изучение личностных особенностей учителя, его профессиональной деятельности и межличностных отношений. Прежде всего, остановлюсь на таком аспекте педагогической деятельности, как мотивированность на качественный труд. Ведь, при управлении педагогическим коллективом руководитель школы сталкивается с такой проблемой: как осуществлять индивидуальный подход в работе с членами коллектива, как создать оптимальные условия для качественного труда. Так как, для одних ведущим мотивом трудового поведения является стремление к профессиональному росту, для других – стремление к получению материального вознаграждения. Для дальнейшего стимулирования качественной работы учителей необходимо правильно выработать управленческое решение. А без изучения оценки удовлетворенности работой, иерархии мотивов трудовой деятельности, наличия стимулирующих факторов, выявления разногласий на мотивационную обстановку в школе – этого сделать нельзя.

При проведении диагностики использовались готовые анкеты, адаптированные к данным условиям.

Для изучения мотивированности учителя на качественный труд в зависимости от стажа работы было выделено три группы учителей:

- I группа – учителя со стажем работы более 20-ти лет;
- II группа – учителя со стажем работы от 5 до 20-ти лет;
- III группа – учителя со стажем работы менее 5-ти лет.

Проводилось изучение способности данных учителей к саморазвитию, выявление ведущих стимулирующих и препятствующих факторов обучению, развитию и саморазвитию, определение главных мотивов трудового поведения, анализировалась удовлетворенность учителей наличием стимулирующих факторов в школе.

В результате анализа данных были получены следующие результаты.

Все учителя, независимо от стажа работы имеют активное саморазвитие. Стимулирующими факторами на качественный труд для учителей со стажем работы более 20-ти лет является интерес к работе и школьная методическая работа, препятствующие факторы – состояние здоровья, недостаток времени. Ведущие мотивы трудового поведения: осознание общественной значимости труда, удовлетворение от хорошо проделанной работы, желание работать спокойно.

Для группы учителей, чей стаж работы от 5 до 20 лет стимулирующими факторами в работе являются: школьная методическая работа, обучение на курсах и занятия самообразованием. Препятствующие факторы: недостаток времени, состояние здоровья и неадекватная связь с членами коллектива. Ведущие мотивы трудового поведения: стремление к профессиональному росту, удовлетворение от хорошо проделанной работы, хорошее отношение со стороны товарищей.

Для группы учителей, чей стаж работы менее 5-ти лет стимулирующими факторами в работе являются: обучение на курсах и интерес к работе. Препятствующие факторы: недостаток времени, собственная инерция. Ведущие мотивы трудового поведения: стремление проявить себя, желание проявить творчество, уважение со стороны руководителей.

Таким образом, можно говорить о том, что стимулирующие и препятствующие факторы обучению и развитию определяются не стажем работы учителей, а их индивидуальными психологическими особенностями, которые необходимо учитывать администрации в работе с педагогическим коллективом.

А вот, ведущие мотивы трудового поведения зависят от стажа работы учителя. Начинающие учителя самоутверждаются в коллективе, стараются завоевать авторитет у руководителей и коллег школы. Отсюда вытекают и их ведущие мотивы трудового поведения также как желание проявить себя и стремление к творчеству.

Учителя со «средним» стажем работы уже самоутвердились и имеют достаточный опыт, находятся в самом расцвете своих физических сил и, поэтому, стремятся к профессиональному росту. Это наиболее активная группа учителей, способных к творческой работе.

Учителя, с «большим» стажем работы пользуются заслуженным авторитетом, осознают значимость своего труда и как правило, профессиональный рост не является самоцелью. Они передают свой опыт начинающим учителям.

При анализе удовлетворенности наличием стимулирующих факторов в школе были получены следующие результаты.

Условием труда наиболее удовлетворены учителя со стажем работы менее 5-ти лет и учителя, работающие в школе более 20-ти лет. Это объясняется тем, что для начинающих учителей это первое место работы и им не с чем сравнить, учителя с большим стажем работы как правило работают в этой школе уже много лет и видят позитивные изменения условий труда учителя. Учителя со «средним» стажем работы, более критически оценивают условия труда, так как еще полностью профессионально себя не реализовали и рассматривают данную школу как базу для своего профессионального роста.

Система оплаты в полной степени не удовлетворяет все группы учителей, независимо от стажа работы. Наиболее удовлетворены начинающие учителя, так как их, как правило, не обременяет семья, и учителя с большим стажем работы, так как у них уже достаточная высокая категория и соответственно выше заработная плата.

Не тревожатся за свою безопасность учителя со «средним» стажем работы, так как они еще достаточно молоды, но имеют опыт работы. Более всего беспокоятся за свою безопасность начинающие учителя, так как у них нет достаточного опыта работы и им трудно выдержать конкуренцию с другими учителями.

Условия для развития и причастности к общему делу удовлетворяют более всего учителей со «средним» стажем работы и начинающие учителя, скорее всего, полностью не используют своих возможностей для развития. Одни их не используют в силу того, что не уверены в себе, другие – часто считают, что уже всего достигли. Хотя, именно у этих групп учителей наиболее высокий интерес к работе.

Таким образом, можно сделать вывод, что мотивировать на качественный труд можно всех учителей, учитывая их психологические особенности и стаж работы.

Далее, были проведены диагностики управленческой деятельности.

При изучении эффективности организации выявились проблемы в организации коррекции и общей организации контроля. По мнению педагогического коллектива недостаточно эффективно организованы такие методы контроля, как социометрия и тестирование. При оценке уровня развития дисциплинированности выяснилось, что в коллективе достаточно большое количество педагогов со средним уровнем дисциплинированности. Было рекомендовано: осуществлять не только контроль за профессиональной деятельностью педагогов, но и проводить коррекционную работу по устранению недочетов в организации педагогической деятельности, применять такие методы контроля, как тестирование и социометрия, усилить индивидуальный контроль с целью повышения дисциплинированности учителей.

Была составлена программа «формирования терпимого отношения педагогов к детям».

Данная программа нацелена на развитие терпимости педагога.

Согласно предложенным этапам развития терпимого отношения (терпение, терпеливость, терпимость) мы полагаем, что семинары, тренинги формирования терпимого отношения педагогов к детям может быть построено последовательно, идентично названным этапам (терпение, терпеливость, терпимость).

Разработанная модель семинаров, тренингов формирования терпимого отношения объединяет в себе пять стадий: побуждение, понимание, отношение, поддержка, действие. На каждой стадии развитие терпимого отношения предлагается определенное упражнение личностного роста и профессионального развития.

Процесс развития терпимого поведения осуществляется по спирали и проходит этапы развития терпимости. Чем больше осуществляется попыток в развитии в себе педагогом терпимого отношения, тем больший опыт им приобретается, тем выше уровень его личностного, а соответственно, и профессионального роста и развития.

Целью предлагаемых тренингов является развитие терпимого отношения педагогов к детям как профессиональное свойство личности.

Содержание программы состоит из трех взаимовытекающих и взаимосвязанных друг с другом тематических блоков.

Первый блок – теоретический – посвящен ознакомлению педагогов с основами психологии и педагогики толерантности и ненасилия и ориентирован на повышение сензитивности педагогов к идеям ненасилия как общечеловеческой ценности. Задачей этого блока является подготовка педагогов к тому, чтобы несколько по-иному посмотреть на себя как на профессионала; родителям, руководству внутренне подготовиться к принятию позиции ненасилия.

Второй блок – практический, ориентирован на развитие личностной модели взаимодействия с детьми.

Значительная часть времени в данном блоке отводится развитию навыков ненасильственного взаимодействия.

В результате семинара-тренинга формирование терпимого отношения к детям актуализируется личностная эффективность участвующих, внутренние личностные потенциалы педагогов.

И в заключение, хочу сказать: для успешного проведения исследовательской работы педагогического коллектива необходимы следующие условия:

1. Наличие запроса от администрации;
2. Готовность администрации к сотрудничеству с психологом;
3. Готовность педагогического коллектива к сотрудничеству с психологом;
4. Взаимодействие педагогического коллектива и администрации;
5. Готовность администрации к анализу своей деятельности с целью принятия управленческого решения.

Список литературы

1. Реан А.А., Коломинский Я.Л. Социальная педагогическая психология. Москва. Харьков. Минск. Издательство «Питер», – 2000.
2. Рогов Е.И. Учитель как объект психологического исследования. Москва. Гуманитарный издательский центр «Владос», – 1998.
3. Розанова В.А. Психология управления. Москва: ЗАО Бизнес школа «Интелсинтез», – 2000.

ҒТАХР: 14.07.07

Б.С. Мухамадиева

Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп, Қазақстан,
Семей қаласы, Қайнар ауылы, mukhamadievabakytgul@mail.ru

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Түйіндеме. Бұл мақалада, мемлекеттің әлеуметтік-экологиялық жүйесін экологияландыру мақсатында, экологиялық білім негіздерін жоғары оқу орындарымен, мектеп және мектепке дейінгі мекемелерде оқытуды жетілдіру әдістері қарастырылады. Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау мәселесіне сыни көзбен қарап, ғылыми білім мен тәжірибелік білім негізінде жас жеткіншектердің экологиялық көзқарасын қалыптастыру және жауапкершілікке тәрбиелеу мүмкіндіктері көрсетіледі. Рухани жаңғыруға байланысты, халқымыздың бұл салада қалдырған тағлымдылық та, тәрбиелікте мәні зор асыл мұраларына: мақал-мәтел, нақыл сөз, аңыз әңгімелеріне ерекше көңіл бөлінді. Білім алушыларға үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие берудің жолдары және білім беру жүйесін құрудың концептуалды негіздері көрсетілді. Экологиялық мағлұматтарды тиімді меңгеру үшін жаратылыстану ғылымдары мен ата-бабамыз ежелден біліп, аңғарған халық педагогикасы арасындағы экологияның сабақтастығы тұжырымдалды. Мемлекет алдында экологиялық мәселелердің саяси-әлеуметтік жақтарына байланысты, қоршаған ортаны сауықтыру, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары қарастырылады. Қоршаған ортаның сапасын сақтау мен қорғауды көздейтін экологиялық білім беру барысында оқушы санасында экологиялық саналылық, экологиялық ойлау, экологиялық 102 сауаттылық, экологиялық мәдениет, экологиялық этика ұғымдарын қалыптастыру тәсілдері келтірілді.

XXI ғасырға қадам басқан бүгінгі күнде адамзат ғылым мен техниканың өркендеп дамуына байланысты, табиғатты игеруде ғаламат табыстарға жетіп отыр. Сонымен қатар, өркениеттің дамуы биосфераның тұрақсыздануымен қоршаған ортаның, табиғи жүйелердің тозу қауіпін туындатты. Соның нәтижесінде барынша шиеленіскен жаһандық, ұлттық және жергілікті мәселелер қалыптасып, әлеуметтік прогресс және адамзаттың өркениетінің аман қалуына әсер ететін экологиялық проблемаға әкелді. Осыған байланысты, елімізде 2007 жылдың 9 қаңтарында ҚР Экологиялық кодексі қабылданды. Экологиялық мәселелер бүкіл адамзат баласын ойландырып отырған кезде, халқымыздың бұл салада қалдырған тағлымдылық та, тәрбиелікте мәні зор асыл мұраларына көңіл бөлу ерекше болып отыр деп есептейміз. Халқымыздың табиғатқа деген сүйіспеншілігі және оны көздің қарашығындай сақтап келуі жайында қазіргі ұрпақтарға өнеге – үлгі барлық асыл мұралар даналық ұғымдар түрінде, мақал – мәтел, нақыл сөз, аңыз – әңгіме арқылы жетіп отырған. Осындай асыл мұраның қаншама терең ой әрі тәлім – тәрбие жатыр. Мысалы, «Елім бай болсын десек, жерінің бабын тап» – деген халық мақалын есте ұстаған ата – бабамыз күздеуге, жайлауға, қыстауға көшіп, қонысын ауыстырып отырған. Бұл қағиданың түбірі жердің шөбін қалпында сақтап, қорын азайтпауда жатыр деп санаймыз. Міне, осыдан халықтық педагогика мен экологияның сабақтастығын ата- бабамыз ежелден – ақ аңғарған, білген деген тұжырымға әкеледі. Халық педагогикасының озық үлгілерін оқу процесінде пайдалану тиімді, өйткені мектеп оқушыларына берілетін білімнің көздейтін негізгі мақсаттарының бірі – оқушының экологиялық біліктерінің қалыптасуын қамтамасыз ету. Бүгінгі таңда халықтық педагогика элементтерін сабаққа пайдалану атадан балаға жалғасын табар салт – дәстүрімізбен, рухани мұра – мирастарын жаңғыртып дамытуға мүмкіндік туды. Оған орай қазақ халқының педагогикасында асыл мұраларының бірі – табиғатқа деген аса зор сүйіспеншілігімен оған деген асқан адамгершілік қасиеті болды. Халық ұғымында «табиғат» деген қасиетті сөз, туған жер, өскен ел, атамекен, аяулы өлке, ауылым деген тұлға бойына нәр беріп, жүрегіңді шымырлататын аса қымбат сөздермен қатар тұрды (Байташева, 2013: 89). Шығыстың

екінші ұстазы, әл-Фарабидің пайымдауынша табиғаттың баға жетпес байлығы біріншіден, адамды оқу-білім, тәлім-тәрбие, ізгілік сияқты қасиеттерге баулу үшін алдымен қоршаған дүниені, табиғат құбылыстарын танып-білу керек; екіншіден табиғатты аялау, 103 ізгілікке баулу ұлттық тамырдан нәр алады, үшіншіден табиғатқа деген адам көзқарасының дұрыс бағытта болуы оның ой-сезіміне әсер етіп, мінез-құлқын жетілдіру арқылы жүзеге асады. Ұлы Абай да өзінің қара сөздерінде табиғат туралы философиялық ой-пікірлер мен табиғат заңдылықтарын терең пайымдап, табиғаттың бар байлығын адам баласының аузына тосып, таусылмас азық болып отырғандығын көрсете келе, «Кім өзіне махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың парыз», – деп өскелең ұрпақты табиғат-ананы сүйе білуге үндегені белгілі (Құнанбаев, 2009, 1895). Осы орайда, экологиялық білім берудің мақсаты – жеке адамның бойында табиғатқа деген ізгілік қатынастарды қалыптастыра отырып, “адам-қоғамтабиғат” арасындағы толық үйлесімділік рухында тәрбиелеп, білім жүйесінде экологиялық білім мен тәрбие беру. Жеке адам мен қоғамның табиғатқа деген оң көзқарасын, экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін кейбір әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешу қажеттігі экологиялық білім берудің басты міндеттері болып табылады.

Оларға: 1) экологиялық және табиғат қорғау заңдарын жетілдіру және оларды бұлжытпай орындау; 2) табиғи ресурстарды тиімді пайдалануда жауапкершілікті күшейту; 3) қоршаған ортаның тазалығы мен адам денсаулығының үйлестігін сәйкестендіруді; 4) үздіксіз экологиялық білім беруді ұйымдастыруды тездетуді; 5) елдегі экологиялық жағдайлар мәліметтерінің көпшілікке жетуін қамтамасыз етуді жатқызуға болады. Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, экологиялық проблемаларды табысты шешу мен экологиялық апаттардың алдын-алудың негізі кез-келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жүйесін экологияландыру болып табылады. Жаңа ғасырдың экологиялық дағдарыс пен табиғи дүлей апаттармен басталуы бүгінгі қоғам үшін экологиялық құқықтық сананың жетілуіне көңіл бөлу қажеттігін туындатып отыр. Ал, бұл іс-шара халықтың жаппай экологиялық мәдениетін көрсететін белсенділік қабілетінсіз мүмкін емес. Сондықтан да экологиялық білім мен тәрбие қоғамның әрбір мүшесіне табиғатты қорғауға немқұрайдылықпен қарамауды үйретіп, қоғам мүшесін әрқашанда қоршаған ортаны қорғауға дағдыландыруды көздейді. Балалық шақтан бойына орныққан, ана сүтімен даритын, ұлттық сезім нышандары, сөз өнері баланың болашақ шамшырағына айналып, рухани байлығын кеңейтуге жол ашады. Баланы туған елге, жерге, халқына деген сүйіспеншілік, патриоттық сезімге баулып, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеп өсіру – бүгінгі таңдағы аса жауапты міндеттің бірі. “Жұмыла көтерген жүк жеңіл”, – демекші бала тәрбиелеудегі осындай міндеттерді іс жүзіне асыратындар – мектепке дейінгі мекемелер мен отбасы болып саналады. Осы екі арнада жүргізілетін тәлім-тәрбие сабақтаса, ұштаса өткізілгенде ғана көздеген мақсат нәтижелі болары сөзсіз. Қоғамның дамуының қай кезеңінде болмасын табиғат – баланың дүниетанымын дамыту құралы ретінде орын алып, оған ерекше көңіл бөлінген. Мемлекет алдында экологиялық мәселелердің саяси – әлеуметтік жақтары да бар.

Қоршаған ортаны сауықтыру, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін: қоршаған ортаны мемлекеттік басқарудың құрамын реформалау қажет, өйткені – экологиялық қауіп – қатердің көпшілігі мемлекеттік басқарудағы ағаттықтан болып отыр; экономикалық деңгейде қоршаған ортаны (соның ішінде мониторингі) қорғау – шығыны бюджеттің үш процентінен кем болмауы керек: табиғатты пайдалануды ұйымдастыруда атқарушы өкіметтердің елеулі қателікке – ұшырауына жол бермес үшін қоршаған ортаны қорғау саласында қоғамдық ұйымдар жүйесін дамытып, нығайту қажет; экономика мен қоршаған ортаның өзара байланысы күшейтілуі, экологиялық – тұрғыдағы қауіпті өндіріс модельдері шеттетілуі, бюджет пен салық жүйелері экологияландырылуы қажет; экологиялық басылымдылыққа мемлекеттік қолдау қамтамасыз етілуі; меншік пен – нарықтық қатынас нысандары экологиялық қауіп – қатерпринциптерімен үйлестірілуі тиіс; қоршаған орта сапасының қажетті деңгейін қамтамасыз ететін қарапайым әрі сенімді – индикаторлар мен арнайы параметрлер жасалуы тиіс; Экологиялық мәселелердің адамның қоршаған ортаға тікелей араласу салдарынан туындап отырғаны белгілі. Адам мен жер ғаламшарының қайта түлеуінің экологиялық қалыптасуындағы ізгілік қасиеттерінің рөліне ерекше көңіл бөлінуі қажет. Адамды биологиялық және әлеуметтік жүйе ретінде қарастыруға тура келеді. Бұл ретте адамның қиыншылықтан қорғану проблемасын шешудегі экологияның алатын орнына, адамзатты әлеуметтік тұрғыдан қорғау – әрбір жеке тұлға міндеті екендігін түсіне білу қажет. Қоршаған ортамен өндірісті, білімнің мазмұнын экологизациялау концепциясындағы жеке – тұлғалық ізгілік, экологиялық міндеттермен ерекшеленеді. Адам – табиғат – техногендік құрылым байланысқан жүйеде ұлттың, табиғаттың, мәдениеттің, ғылымның алатын орны ерекше болып саналады. Жеке тұлғаның қалыптасуы мен медициналық деңгейдің экологиялық бірлігіне және әлеуметтік география ерекшелігінің адамның өсуіне әсерін білу қажет. Сонымен қатар, медициналық аспектілердің жеке

адамның өміріне тигізетін әсеріне ерекше көңіл бөлу қажет. Табиғатты қорғау салт-дәстүріне ата-бабамыз ежелден ақ көңіл бөлген. Оның басты белгілері ретінде, ұлттық тамақты дайындаудағы экологиялық тазалықты сақтау және ізгілік қасиеттерді баланың бойында қалыптастыра білу жатады.

Сондай-ақ ұлттық киім киюдегі экологиялық тазалық пен дін саласындағы намаз оқу, тән мен жан тазалығын сақтау – ізгіліктің бас тірегі деп есептелді. Жер бетінің тапталуы салдарынан эрозияға ұшыраған топырақты қорғап қалпына келтіру және құнарлығын арттыру үшін бірнеше тәсілдер пайдаланған. Бірінші тәсіл – табиғаттың тікелей өз әсерінен бұзылған жырағы, жар – құзға айналған – жер беттерін қалпына келтіру үшін сол жерді қоршап, етек жағына бұталар, көпжылдық шөптесін өсімдіктер егу, (яғни топырақ көшуі тоқтап, бастапқы қалпына келген). Екінші тәсіл – егіндік пен бау – бақша отырғызылған алқаптың айналасын тұрғын – халықтың міндетті түрде көп жылдық жасыл желектермен қоршауын қамтамасыз еткен. Үшінші тәсіл – кең байтақ Қазақстанның жайылымдық жерлеріне, үзбей жыл сайын – көп мал жаю сол жердің өсімдігін мүлдем жойып, топырағын таптап, тоздырып жібереді.

Сондықтанда халқымыздың арасында бір жайлауға малды үзбей үш жылдан артық бағуға болмайтын тыйым дәстүрі бар. Төртінші тәсілі – Атам қазақ топырақты ойып, жер бетін қазып өзен – бұлақтардан – беткейлерге, тау алқаптарына суармалы егін үшін арықтар тартуға өте шебер болған. Мектеп жасындағы баланың санасында табиғатқа деген оң көзқарасты қалыптастыру мектепке дейінгі мекемелерден, балабақшалардан басталып, одан әрі жоғары сыныптарда жалғасуы тиіс. Бұған жаратылыстану пәндерін оқытуда экологиялық мазмұнда құрылған тақырыптар мен танымдық негіздегі іс-әрекеттер жатады. Сонымен қатар, табиғатқа қамқорлық сипатындағы әр түрлі іс-шаралар мен ойындар т.б. әдістер қолдануға болады. Мысалы, халық тәжірибесіндегі мынадай қарапайым түсініктер: «бір тал кессен, он тал ек» «гүлді жұлма», «ағашты сындырма», «құмырсқаны баспа» т.б. тіркестердің астарында экологиялық маңызы бар. Осындай қарапайым түсініктерден экологиялық білім мен тәрбие беру бастау алады. Экологиялық білім беру жүйесіне қойылатын негізгі талаптар: – оқушылар мен студенттерге қоршаған орта туралы ауқымды, нақты білім беру; – олардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыру; – экологиялық немқұрайлықты болдырмау; – олардың экологиялық сауаттылығын арттыру. Қоршаған орта мәселелерін білім беру екі бағытты қамтиды: – іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізетін сауатты мамандар дайындау және әртүрлі пәндердің мазмұнын экологияландыру; – жағымсыз экологиялық құбылыстарды болдырмау мақсатында көпшілік пікір қалыптастыру. Жалпы оқу үрдісінің логикасы қарапайымнан күрделіге қарай, экологиялық тұрғыда сабақтастырылуы керек. Қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне сын көзбен қарап, оны сақтау үшін білім алушыларды жауапкершілікке тәрбиелеу – ең маңызды міндеттің бірі. Экологиялық білімнің тиімділігі жүйелілік тәсілге негізделіп, үздіксіз жүйеге айналғанда ғана табысқа жетеді. Үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін құрудың негізгі мақсаты – ғылыми білім және тәжірибелік білім негізінде оқушылардың экологиялық көзқарасын қалыптастыру болып табылады. В.И. Вернадский: «Болашақта адам баласы Жер бетіндегі барлық өзгерістердің негізгі факторы болады», - деген еді (Вернадский, 1965; 69). Адам өзінің сауаттылығы мен саналы іс-әрекеті арқылы кез-келген мәселені оңтайлы шеше алады. Қоршаған ортаның сапасын сақтау мен қорғауды көздейтін экологиялық білім беру барысында оқушы санасында мынадай ұғымдар қалыптасады: – экологиялық саналылық; – экологиялық ойлау; – экологиялық сауаттылық; – экологиялық мәдениет; – экологиялық этика. Гүлдеп тұрған жердің күл-қоқысқа, көлдің батпаққа, шырайлы шалғынның көшпелі құмға айналуына табиғатты тиімсіз пайдаланатын қоғам мен адам кінәлі. Табиғатты қалпына келтіруді мақсат еткен адам басқадан осыны күтпей, өзі бастауы керек. Яғни, өзінің білімділігі мен экологиялық сауаттылығы арқылы табиғатқа оң өзгеріс енгізе алады. Экологиялық білім мен тәрбие беру – оқушыны қоғам талабына сай тұлға ретінде қалыптастырудың бірегей жолы. Өйткені, мектеп бітіріп шыққан бала бүкіл әлемге білім жүзімен ашылған саналы көзімен қарай білсе ғана білімдендіру мақсатында жетеді.

Мектеп сол бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек. Бала санасында «Адам – қоғам – табиғат» түсінігі толық қалыптасқанда ғана ол заманның талабына сай білімді, сауатты бәсекеге қабілетті тұлға айналады. Экологиялық білімнің негізгі көздері: химия, физика, биология, география, табиғаттану, астрономия пәндері, олардың бағдарламаларындағы оқу материалдарын дәрістерде терең түсіндіріп, сыныптан және мектептен тыс экологиялық жұмыстарда тиімді қолдана білуге оқушыларды үйрету және дағдыландыру – мұғалімнің міндеті (Турдыкулов, 1998: 89).

Экологиялық тәрбие жұмыстарының түрлері: 1. Ауыл мектептерінің оқу-тәжірибе алақын бағалы ағаштар тұқымының көшеттерін өсіріп, көгалдандыруға пайдалану. 2. Мектеп оқушылары мемлекеттік орман шаруашылығына үнемі көмек көрсетіп отырады. Олардың негізгі атқаратын

жұмыстарының түрлері: көшет материалдарын өсіру, ағаштар отырғызу, оларды күту, өрттен, ұрылардан қорғау, орман-тоғай зиянды жәндіктермен күресу. – дәрі өсімдіктерін дайындау, жидек, саңырау-құлақ, т.б. жемістерді жинау; – пайдалы жануарларды қорғау және есебін алып отыру; 3. Оқушылар ауылшаруашылық тәжірибе жұмысымен айналысады. 4. Оқушылар табиғатқа зиян келтіретін адамдармен күреседі, қорықтағы ережені бұзушыларды анықтайды, химиялық улы заттарды, минералдық тықайтқыштарды сақтау және қолдану ережелерін бұзушыларды әшкерлейді. 5. Экологиялық тәрбиеге айланысты мектепте жаппай шаралар ұйымдастырылады. Олар: кештер, дәрістер, баяндамалар, т.б. 6. Жалпы білім беретін мектептерде экологиялық білім мен тәрбие әр түрлі сыныптардағы оқу пәндерінің мазмұны, қоғамға пайдалы жұмыс және өндірістік еңбек арқылы іске асырылады. Экологиялық қоғамның мақсаты: қоғам мүшелерін өздері тұрған аймақтың табиғатын қорғауға, күтуге тәрбиелеу, зерттеу жұмысына тарту, зерттеуді жүргізудің әдістері мен тәсілдеріне үйрету, мектепті экологиялық жұмыстың орталығына айналдыру. Қоғам мүшелері мектептегі жастар ұйымымен ынтымақтасып, тұрғылықты жерде экологиялық штабтар құрады, жорықтар, саяхаттар ұйымдастырады. Экологиялық деректерді, ғылыми мағлұматтарды білім және тәрбие процесінде пайдалану мұғалімнің білімділігіне, педагогикалық шеберлігіне, жоғары мәдениеттілігіне байланысты.

Экологиялық тәрбие оқушылардың – табиғатқа жаңаша көзқарасын қалыптастырып, әр түрлі нысандарда жүргізіліп, жеке тұлғаның эмоциялық сезімдік әлемін қалыптастыруға бағыттталып, адамгершілік, жауапкершілік қасиеттерін жетілдіреді. Қоршаған ортаның ластануы, ластану көздері, ластанудың тигізетін зияны туралы мағлұматтар, онымен күрес тәсілдерімен таныстыру – оқушылардың экологиялық мәдениеттілігін, сауаттылығын арттырып, табиғи байлығымыз – суды, ауаны, топырақты, жер қойнауын тиімді пайдалануға, сақтауға, бағалай білуге тәрбиелейді (Түгелбаева, 2014: 113). Қорыта келгенде, қоршаған ортаны қорғау, табиғи байлықтарды ұлғайту және сақтау, оларды тұрақты әрі тиімді пайдаланумен қатар қоршаған ортаны өндіріс қалдықтарынан, өндірістен шыққан шайынды сулардан, улы химикаттардан мен басқадай түрлі қалдықтарымен ластануға жол бермеуге қоғам болып бір адамдай жұмылып қызмет жасау керектігі көрсетілді. Мемлекеттік заңдар мен халықаралық келісімдерге сәйкес қазіргі және болашақ ұрпақтардың пайдасы үшін қоршаған ортада түрлі табиғатты қорғау шараларын жүргізуде әрбір көкірегі ояу азамат “менің елім, менің жерім” депат салысуын қамтамасыз еткенде ғана, тіршілігімізді сақтай аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Байташева Г. Экологиялық білім беру және дүниетаным. – Алматы, 2013.
2. Құнанбаев А. Абайдың қара сөздері, Энциклопедия. – Алматы, 2009.
3. Вернадский В. Химическое строение биосферы Земли и ее окружения. – Москва, 1965.
4. Турдыкулов Э. Экологическое образование. – Ташкент, 1998.
5. Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігін сақтау тұжырымдамасы. – Астана, 2004.
6. Түгелбаева Г. Қоршаған ортаның ласта, 2014.

ҒТАХР: 14.25.09

Т.С. Нургазина, Р.И. Мусабалинова

№ 19 жалпы орта білім беретін мектебі», Қазақстан, Семей қаласы,
semsk.tolkyn_85@mail.ru., raushan.musabalinova.82@mail.ru

LESSONSTUDY ЗЕРТТЕУ САБАҒЫН ТИІМДІ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ӘДІСІ

Lesson Study – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл. Ол ХІХ ғасырдың 70-жылдарында Жапонияда бастау алып, осылайша Батыста қолданылатын «Іс-әрекеттегі зерттеу» тәсілінен 70 жыл бұрын қолданыла бастаған. Lesson Study-ге шараны бірлесе жоспарлап, өткізетін, қадағалайтын, оқыту мен оқуды талдай отырып, өз қорытындыларын қағаз бетіне түсіретін мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study циклін өткізу кезінде мұғалімдер оқыту тәжірибесіне жаңа әдістер енгізеді немесе оны жетілдіреді, кейін ашық Lesson Study өткізу немесе жұмыс сипатталған құжатты жариялау арқылы әріптестеріне таратады. Батыста Lesson Study америкалық зерттеушілер жапон мұғалімдерінің жалпы педагогика саласында да, сондай-ақ АҚШ-тың оқушыларымен


салыстырғанда жапон оқушыларының білім деңгейлері анағұрлым жоғары болуын қамтамасыз ететін белгілі бір пәнді оқыту саласында да білімдері жоғары екендігін дәлелдегеннен кейін осы ғасырда ғана танымал бола бастады (Stigler and Hiebert, 1999; TIMSS, 1999). Қазір уақытта Шығыс Азияда Lesson Study Жапониямен қоса, Сингапурде, Гонконг пен Қытайда қолданылады. Бұл тәсіл сонымен қатар батыс елдерде де, соның ішінде АҚШ-та, Ұлыбританияда, Швецияда және Канадада қолданылуда. Lesson Study бастауыш және орта мектептерде негізгі пәндер бойынша оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында, сонымен қатар оқыту үшін бағалау сияқты тәжірибелік әдістерді әзірлеу мақсатында табысты қолданылады [1].

Lesson Study өткізу барысында топта (немесе жүйпен) жұмыс істейтін мұғалімдер:

- Өздері күнделікті жинаған материалдары мен жүйелі бағалау деректерін оқушылардың оқу мен даму басымдықтарын белгілеу үшін қолданады;
- Алдағы уақытта әзірленетін немесе жетілдірілетін, белгіленген міндеттерге жауап беретін оқыту әдістемесін бірлесіп анықтайды;
- Үш «бақылаудағы оқушыны» анықтайды, олар әрқайсысы сыныптағы белгілі бір топтың өкілі болуы қажет, мысалы, оқу үлгерімінің деңгейі жоғары, орта, төмен оқушылардан;
- Lesson Study-ді бірлесіп жоспарлап, сабақты өткізу барысында зерттелетін үш оқушыны үнемі назарға ала отырып, оқыту әдістемесін пайдаланады және оның нәтижелерін мұқият зерттейді;
- Бақылаудағы оқушылардың дамуы мен оқуына басты назар аудара отырып, Lesson Study өткізеді және оны қадағалайды. Аталған үдерістер бірнеше сабақ бойы қайталанып, жетілдірілуі мүмкін. Бақылауды барлық Lesson Study кезінде жүргізу міндетті емес;
- Бақылаудағы оқушылардың Lesson Study туралы ойларын білу үшін олармен сұхбаттасады;
- Lesson Study-ді талқылайды.
- Қолданылатын әдіске бақылаудағы оқушылардың қалай қарайтынын, олардың жеткен жетістіктерін, оқуда көрсететін нәтижелері мен кездесетін қиындықтарын білу, сонымен қатар алынған тәжірибені келешекте оқыту мен оқу әдістемесін әзірлеу үшін пайдалану мақсатында Lesson Study-ге талдау жүргізеді [2, 3].

Lesson Study тәсілі кем дегенде үш Lesson Study-ден тұратын циклден құралады, ол сабақтарды мұғалімдер тобы бірлесіп жоспарлап, оқытып/қадағалайды және талдайды.

Lesson Study-дің бірінші циклі



Бақылаудағы оқушылар жұмыс істеп отырған кезеңдерді бірлесіп бағалауға ерекше назар аударыңыз. Сіз оқушылардың жетістіктерін бағалау материалдарын қолдана аласыз. Топ мүшелерінің бақылаудағы оқушылардың әрқайсысы бойынша сабақ соңына қарай нені істей білетінін және дәлелдеме ретінде нені көргісі келетіндігін нақты жазып отырғаны өте маңызды [4, 5].

LessonStudy тәсілінде өткізілген сабақты бақылау қағазы

Сабақтың тақырыбы:

Мұғалімдердің фокус-тобы:

Сыныбы:

Пәні:

Зерттеу тақырыбы:

Көп деңгейлі тапсырмалар оқушылардың білім алу қажеттіліктерін қаншалықты іске асыруға мүмкіндік береді?

	Зерттейтін А оқушы	Зерттейтін В оқушы	Зерттейтін С оқушы
Оқушының әрқайсысы қандай прогреске қол жеткізді? Ол жеткілікті болды ма? Олардың сыныптарындағы басқа оқушылар қандай нәтиже көрсетеді?			
Мұғалімнің сабақта қолданған СТО стратегиясы мәтінді түсініп қабылдай алуына, мәтінмен жұмыс жасауына қалай көмектесті немесе кедергі келтірді (екеуі де болуы ықтимал)? Қандай тосын оқиғалар болды?			
Әр оқушының нәтижесін жақсарту үшін келесі жолы әдістеменің қандай аспектілері түзетілуі керек			
Келесі жолы біз не істеуге тырысуымыз керек?			
Қорытынды			

А В С деңгейіндегі оқушыға сипаттама:

- А деңгейлі оқушы сабаққа қатысады, материалды тез ұғады, жауапкершілікті көбіне өзіне алады.
- В деңгейлі оқушы да белсенді, тапсырманы мұқият тыңдайды, бірақ кейде ойын анық жеткізе алмайды.
- С деңгейлі оқушының белсенділігі төмен, өзіне сенімсіз, пікір айтуға ұмтылмайды, қасындағыларға қосыла салады.

Топқа бөлудегі зерттеудің ұтымдылығы:

- Оқушыларды топқа бөлу, сабақтардағы топтық жұмыстардың түрлерін жинақтап, жүйеленді.
- Жұмысты сабақтың бар бөлігінде емес, кейде ғана талдау, қолдану, жинақтау, бағалау кезінде қолдану тиімді.
- Топқа бөлгенде де, бір сабақтарды аралас, бір сабақтарда деңгейлес оқушылардың бір топта болуына назар аудару [6].

Топтық жұмыстың тиімділігі:

- Оқушылардың ашылуына;
- Жеке қасиеттері мен ерекшеліктерін анықтауға;
- Ұжымдық ахуал қалыптастыруға;
- Бір-біріне оң ықпал жасауға;
- Білім сапасын жетілдіруге мүмкіндіктер береді.

Lesson Study зерттеу сабағы тәжірибелі мұғалімдермен қатар еңбек жолын жаңа бастаған мамандарға да кәсіби жетілуге көмектеседі. Себебі бірлесіп жоспарлау, бірлесіп қадағалау, бірлесіп талдау бірлескен пікір қалыптастырады. Зерттелетін жекелеген оқушылардың оқудағы қажеттіліктері мен мінез-құлықтарына назар аударылады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Department for Children, Schools and Families. (2008). Improving practice and progression through lesson study: a handbook for head teachers, leading teachers and subject leaders [Lesson Study арқылы тәжірибені жетілдіру және алғажылжу: аға оқытушылар, көшбасшы мұғалімдер мен пән мұғалімдеріне арналған нұсқаулық]. London: DCSF.
2. Dudley, P. (2008). Lesson study in England: from school networks to national policy [Lesson study Англияда: мектептің желілік қоғамдастығынан мемлекеттік саясатқа дейін]. Presented at the World Association of Lesson Studies Annual Conference, Hong Kong Institute of Education.
3. Dudley, P. (2011). How Lesson Study orchestrates key features of teacher knowledge and teacher learning to create profound changes in professional practice [Кәсіби тәжірибеде түбегейлі өзгеріс жүргізу үшін Lesson Study мұғалімнің білімімен дағдыларының негізгі мазмұнын қалай анықтайды]. Presented at the World Association of Lesson Studies Annual Conference, Tokyo.
4. Trends in International Mathematics and Science Study. (1999). TIMSS 1999 assessment results [1999 жылғы математика мен жаратылыстану білімінің сапасын бағалау жөніндегі халықаралық зерттеудің бағалау нәтижелері]. Retrieved June 4, 2010, from <http://nces.ed.gov/timss/>

5. Takahashi, A. (2005). An essential component of lesson study: post-lesson discussion [Lesson studyдің негізгі құрамы: сабақ өткізілген соң оны талқылау]. Presented at the The Northwest Regional Educational Laboratory's Lesson Study Symposium, Olympia, Washington: DePaul University, Chicago.
6. Wragg, E.C., Wikely, F., Wragg, E., & Haynes, G. (1996). Teacher appraisal observed [Мұғалімнің қадағалауы және талдауы]. London: Routledge.

ҒТАХР: 14.25.09

Э.Ж. Нургазина

№ 38 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі,
Қазақстан, Семей қаласы, eliza72_72@mail.ru

ОҚУШЫЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ АРҚЫЛЫ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі уақытта жер шарындағы жаппай экологиялық апаттардың орын алуы және оның алдын алу мақсатында табиғатты қорғау жұмыстарын жаңа негізде жетілдірудің қажеттілігі экологиялық мәселенің өзектілігін көрсетеді. А.А.Вербицкий өзінің зерттеулерінде «Оқушыларға экологиялық білім берудегі мақсат: экологиялық таным мен ойлауды және экологиялық мәдениетті қалыптастыра отырып, табиғат қорғауға деген жауапкершілікті дамыту» – деп түйеді [2]. Бүкіл дүниежүзілік мәселеге айналып отырған қоршаған ортаның тазалығы мен оны қорғаудың бірден бір жолы – жас ұрпаққа мектеп табалдырығын жаңа аттаған күннен бастап үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру. Сонда баланың есеюімен бірге қоршаған орта туралы түсінігі айтарлықтай кеңейеді. Ал экологиялық білімді табиғатты қорғау саясаты десек, мектеп оқушысының бойына экологиялық білім, экологиялық сана, экологиялық ойлау, экологиялық көзқарас, экологиялық сауаттылық, экологиялық этика сияқты ұғымдарды қалыптастыру міндеті туындайды [1]. Сондықтан, бастауыш сыныптан бастап оқушыларға қоршаған ортаның маңызын саналы түрде ұғындыру жолында өздігінен ізденіп, зерттеу жүргізе білетін, өзін-өзі дамыта алатын үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие берудің әдіс-тәсілдерін табу ұстаздар қауымына қыруар еңбек ету мен зор жауапкершілікті жүктейді. Жалпы орта білім беретін мектепте оқушылардың тұрақты экологиялық сауаты болуы үшін белгілі бір табиғат құбылыстарын түсіндіріп, теориялық білімдерін практикалық жұмыстармен ұштастырғанда ғана нәтиже береді. Сонда оқушыларға экологиялық білім бере отырып, бір мезгілде табиғат қорғауға тәрбиелейміз. Үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие берудің мынадай жолдарын ұсынуға болады:

1. Оқытудың инновациялық технологиясы негізінде бастауыш сыныптарда өтетін әр түрлі пәндерден зерттеу дағдысы мен білігін игерте отырып, үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру.
 2. Экология бойынша сыныптан тыс іс-шаралар өткізу; экология апталығы, көрмелер, сұрақ-жауап, пікір-талас кештері, сайыстар, оқушылардың шығармалары, рефераттар, баяндамалар, экологияға байланысы альбомдар, шиырмалар, табиғатты қорғау тақырыптарына арналған плакаттары, суреттері т.б.
 3. Экологиялық үйірме жұмысын ұйымдастыру.
 4. Бақылау күнделігін жазу.
 5. «Мен – зерттеушімін» атты экологиялық деректер, мағлұматтар жинайтын оқушы дәптерлерінің болуы.
 6. Ғылыми жоба жазу. Сондай-ақ, табиғаттағы өзгерістерге талдау жасау, салыстыру, себеп-салдарын анықтау, бағалау және жобалау, болжау сияқты шығармашылық іздену мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының элементтерін қолдану.
 7. Жергілікті экологиялық проблемаларды шешуде оқушылардың практикалық іс-әрекет дағдыларын дамыту, туған өлкесінің «Қызыл кітабын» ұйымдастыру, экологиялық соқпақ, танымжорықтар ұйымдастыру, табиғат ресурстарын жауапсыз пайдалануға жол бермеу.
 8. Теледидар, ұялы телефон, instagram, сайттар, радио, газет, журналдар сияқты тағы басқа ақпараттық құралдар арқылы экологиялық насихат жүргізу.
- Осының бәрі бір-бірімен үйлесімді жүруі оқушылардың экологиялық білімдерінің дамуына, экологиялық тәрбие беруге жол ашады.
- Енді сабақтарда қолданып жүрген кейбір әдіс-тәсілдерге тоқталып кетейін.

«Неге?» сұрақтарына жауап беру. Ол үшін пән бойынша күнделікті үй тапсырмасымен бірге қосымша мынадай сұрақтар беруге болады. Мысалы, «Құлан неге «Қызыл кітапқа» енген?», «Қыс кезінде аппақ қар күн өткен сайын неге сұр, кір қарға айналады?», «Көліктердің көбеюі ауаға зиянын тигізе ме?», «Адам неге ауырады?» т.б. Әр түрлі сабақтың тақырыбына сай экологиялық сұрақтар тудырып, баланың ізденіп, деректер жинап келуін тапсыруға болады.

«Көгалдандыру» ойыны. Ойынның шарты: «Біздің қала» тақырыбындағы суретке ағаштардың, бұталардың, гүлдердің суреттерін дұрыс орналастырып жабыстырып «егу» қажет. Ол үшін сурет артындағы пәнге байланысты тапсырмаларды орындау керек.

«Қандай жануар?» ойыны. Ойынның шарты: 5 баладан топ құрайды. Олар суреттің қиындыларын таңдап алады. Қиындыларда сабақ мазмұны бойынша сұрақтар болады. Сол сұрақтарға жауап беру арқылы қиындыларды құрап бір жануардың суретін шығарады. Сол жануар туралы білетіндері сұралады және мұғалім қосымша ол жануарға қоршаған ортаның әсерін қысқаша айтып беріп, оқушыларға ой салады.

«Мәтін құра» ойыны. Ойынның шарты: оқушыларды топқа бөліп, әр топқа әр түрлі экология туралы мәтін немесе бірдей мазмұнды мәтін бөліктері жазылған тілікшелер тарату. Сөйлемдерді мазмұндық байланысына қарай реттеп құрау тапсырылады.

«Жақсы деген немене, жаман деген немене?» ойыны.

Адамның қоршаған ортаға көрсететін іс-әрекеттері бейнеленген суреттерді көрсету арқылы не жақсы, не жаман екенін пікір-талас, әңгіме арқылы анықтайды.

«Образға кіру»

Өсімдіктердің, жануарлардың, жансыз заттардың орындарында өздері қандай күй кешетіні, қандай қызмет атқаратынын сезіну. Мен – Гүлмін. (Ақбөкенмін, Шыршамын, Ауамын, Сумын) деген әр түрлі тақырыптарда әңгіме жазғызу. Мысалы: Мен – Шыршамын. Мен жерде өсемін. Маған ауа, су, жарық қажет. Мен қысы-жазы жап-жасыл болып тұрамын. Жаңа жылда адамдар мені кесіп алып үйіне апарды. Төріне безендіріп қояды. Біраз күннен кейін далаға лақтырып тастайды. Сөйтіп мен тіршілігімді жоямын. Келесі жылы тағы да мен сияқты көп Шыршалар өлім құшады. Бірақ біздің ешкімге зиянымыз жоқ еді ғой.

Осы арқылы оқушылар адамдардың табиғатқа қалай әсерететінін жан дүниесімен сезінетін болады. Табиғаттың әсемдігін көре білуге, оны аялауға тәрбиеленеді.

«Диалог-ертегі» ойыны. Шарты: мұғалім не оқушы ойдан шығарып, кез келген бір әңгіме-ертегіні бастап кетеді. Ал қалған оқушылар басталған әңгіме-ертегіні бір-бір сөйлемнен ары қарай жалғастырады. Ең соңғы оқушы ертегіні ұшқыр шешіммен аяқтауы тиіс.

Диктант жаздыру. Қазақ тілі пәнінен «Қызыл кітапқа» енген жануарлар, өсімдіктер туралы немесе әр түрлі экологиялық жағдайлар туралы мағлұматтар беретін диктант түрлерін жаздыру. Мысалы;

Тұмша.

Көліктер мен зауыттар ауаға улы газдарды шығарады. Газдар ауада жылуды ұстап тұрады. Ол басқа газдармен қосылады. Бұдан тұмша түзіледі.

Тапсырма: бастауыш пен баяндауышты теріп жазу.

Тіршілік ортасы.

Ағаштар арасын көптеген жануарлар, мысалы көбелектер мен бақалар мекендейді. Ормандарды жаппай кесе отырып, адам сонымен қатар олардың баспаналарын жояды (19 сөз).

Тапсырма: екінші сөйлемді сөз таптарына талдау.

Деректер бойынша ізденіп, қоршаған орта туралы есептер құрап келу тапсырылады.

Мысалы, Африкада 60 мың қара мүйізтұмсық қырылған. Қазіргі кезде 2500-і ғана жер бетінде тіршілік етеді. Барлығы қанша қара мүйізтұмсық болған? т.б. Есеп соңында адамдар мүйізтұмсықтарды мүйізі үшін аяусыз қыратыны туралы қысқаша әңгімеленуі қажет.

Ауыз-әдебиет үлгілерін пайдаланудың да орны ерекше. Жұмбақтар, мақалдар, жаңылтпаштар құрастыру арқылы оқушылардың ой-өрісі дамып, шығармашылық қабілеті жетіліп, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігі артады.

Сондай-ақ, «Көкті жұлма», «Жалғыз ағашты кеспе», «Суға түкірме», «Судың бетін ашық қалдырма», «Ағынды суға кір жума» т.б. ырым-тыйымдарды күнделікті саналарына құйып отырса нұр үстіне нұр болар еді.

Сурет салдыру. Бір бұтағын сындырып тастаған қайыңның образына кіріп, оның ауырсынып жылап тұрған суретін салу т.б.

Осындай әр түрлі тапсырмалар орындап болған соң мұғалім міндетті түрде қорытындылап, ол туралы қосымша ақпарат бере кеткені тиімді. Міне, осылай пәндерді экологияландыру арқылы мектеп

оқушысын сыртқы қоршаған ортаға саналы түрде жауапкершілікпен қарайтын құндылықты, мінез-құлықты, іс-әрекетті қамтамасыз ету немесе табиғатқа деген ізгілік қатынастарды қалыптастыра отырып, адам-қоғам-табиғат арасындағы толық үйлесімділік рухында тәрбиелеуге болады.

Мектепте экология үйірмесінің болуы – экологиялық және әлеуметтік мәселелердің мәнін түсіндіруге, қоршаған орта мен адам арасындағы өзара байланыстың дамуына талдау жасауға үйретеді. Нәтижесінде оқушылар адам мен табиғат арасында тығыз байланыс бар екенін түсініп, адамның табиғатты орынды пайдалану керектігін ұғынады. Танымдық қызығушылығын қалыптастыруға жағдай жасай отырып, балаларды ізденімпаздыққа, шығармашылыққа және өзінің даму деңгейіне сенімді болуға тәрбиелейді. Үйірме жұмыстары кезінде оқушылар еңбек етуге, этикалық, эстетикалық тәрбиеге дайындалады, сана-сезімі жетіліп, өзін-өзі бақылай білуге үйренеді. Үйірмедегі әрбір оқушының жеке жұмысын, ұжымдық, көпшілік жұмыстармен сәйкестендіру, оқушылардың көпшілік сезімін дамытады. Сол сияқты оқушылардың қоршаған ортаның сапасы, ластануы және адамның денсаулығы арасындағы байланыстарды ажырату деңгейіне дейін білімдері дамытылады.

Жылдың әр мезгілінде үш рет табиғатқа саяхат жасалады. Мақсаты – оқушылар табиғатпен етене байланысып, естіген, көргендерін қолымен ұстап, түйсініп, табиғаттың әр түрлі құбылыстарынан ләззат алуы көзделеді. Бұдан туған мекеніне деген отансүйгіштік сезімі артады. Үйірмеде орындалатын жұмыстарды сабақ кезінде пайдалануға болады. Сондай-ақ, оқушыларды ғылыми жоба жазуға баулу мақсатында жыл соңында сыныптастарының алдында қорғау шарасы өтеді. Үйірме жұмысының өзектілігі; үйірме жұмысы бастауыш сыныпта өтетін барлық пәндерден алған экологиялық мағлұматтарды тиянақтауына, жинақтауына, өз бетінше ізденуіне, еркін еңбектенуіне мүмкіндік береді. Ол оқушылардың экологиялық білімін жетілдіре түседі. Экологиялық тәрбиені бойларына сіңіре отырып, шынайы табиғат қорғаушылары мен табиғат жанашырларына айналып, экологиялық қауіпсіздікті сақтау, қорғау шараларын жүргізуге ат салысады. Бастауыш сыныптан бастап экология бағытында ғылыми-зерттеушілік жұмыс жүргізіп, ғылыми жоба жазуға үйренеді.

Үйірмеден мынадай нәтижелерді күтуге болады:

- экология туралы ғалымдардың зерттеушілік жұмыстарымен танысады;
- оқушылар аудандық, облыстық, республикалық баспасөз беттерінен, интернет желісінен және кітаптардан экология мәселелері туралы ақпараттар іздестіріп жинауға үйренеді, ғылыми іскерлігі артады;
- үйірме мүшелері өздері тұрған аймақты абаттандыруға ат салысады;
- оқушылар экология мәселелері бойынша зерттеу жүргізудің әдістері мен тәсілдерін үйреніп, ғылыми жоба жаза бастайды.

Бұл нәтижеге жету үшін мынадай әдіс-тәсілдерді қолданамыз;

- жаңа мазмұнда тақырыптық сабақтар өткізу;
- шығармашылық іс-әрекеттер (альбомдар, бүктемелер, сызбанұсқалар, рефераттар, эсселер, тезистер жазу, постер қорғау т.б.);
- танымжорықтар;
- экологиялық соқпақтар;
- еңбек ету (мектеп, үй айналасын тазалау, ұя жасау, ағаш егу және күтіп, баптау т.б.);
- Науа акциясы;
- «Мен-зерттеушімін» папкасы;
- бақылау күнделігін жазу;
- ғылыми жоба жазу;
- теледидар, радио, газет, журналдар арқылы экологиялық насихат жүргізу;
- үйірмеде оқушылардың табиғи материалдардан жасаған туындылары бойынша көрме ұйымдастыру.

Қорыта келе, осындай жолдармен бастауыш сыныптарда үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру арқылы, оқушының зерттеушілік қабілетін дамыту жас ұрпақтың дүниетанымының, рухани дамуының, болашақ білімдарлығының түптамыры бола алады деген сенімдемін.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Адам экологиясы, денсаулығы және өмірлік дағдылары. Л.Ү. Әбшенова, Б.С. Зайрова – Алматы – 2010. – 157 б.
2. Асқарова Ұ.Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау.– Алматы, 2004. – 20 б.

3. Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру: әдістемелік құрал / Ү.Б.Жексенбаева – Алматы: Радиал, 2005. – 31 б.
4. Зерттеушілік оқыту технологиясы. Ү.Б. Жексенбаева, Б.Қ. Игенбаева – Алматы – 2006. – 15 б.
5. Айналаны қоршаған орта. Экология: әдістемелік құрал / А.Е. Манкеш, Э.Н. Баталова – Алматы кітап, – 2002. – 16 б.
6. Табиғаттағы тепе-теңдік ғажаптары. В.Н. Дежкин, Т.У. Фетисов. – Алматы: Қайнар. – 1981. – 74 б.
7. Бастауыш білім берудегі жаңа технолгиялар. Қ.М. Нағымжанова, Н.М. Нұрғазиева – Медия-Альянс. – 2005. – 12 б.

МРНТИ: 14.15.01

Б.А. Нурумов

Павлодарский педагогический университет,
г. Павлодар, Казахстан Vaur_Abl15@mail.ru

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТВОРЧЕСТВА УЧАЩИХСЯ

Существуют разные представления и о том, что такое творчество. Обратившись к исследованию понятия «творчество» мы сталкиваемся с огромным разнообразием трактовок, терминологии, подмеченным Г.В. Суходольским: «В психологии творчества так же мало единства мнений, как в психологии деятельности. По-разному и односторонне понимаются и субъекты, и результаты, и процессы творчества: субъекты – в качестве индивидуумов либо коллективов; результаты – как абсолютно новые, никому неизвестные, либо как относительно новые, т.е. новые для индивидуума, но: социально известные процессы – как случайные находки, пробы и ошибки, рекомендации, аналогии и т.д. Думается, что вместо альтернатив здесь нужно сочетание трактовок.

Рассмотрим, как дается определение понятия «творчество» в известных словарях.

Творчество – способность человека из доставляемого действительностью материала созидать новую реальность, удовлетворяющую многообразным потребностям человеческой жизнедеятельности.

Творчество – деятельность, порождающая нечто качественно новое и отличающаяся неповторимостью, оригинальностью и общественно-исторической уникальностью. Творчество специфично для человека, так как всегда предполагает творца субъекта творческой деятельности.

Творчество – деятельность, порождающая новые ценности, идеи, самого человека как творца. В современной научной литературе, посвященной этой проблеме, прослеживается очевидное стремление исследовать конкретные виды творчества.

Творчество – сотворить в строгом и абсолютном значении слова, значит произвести из ничего, вернее, из самого себя. Таков Бог – творец мира. В широком смысле слова творчеством называют такой процесс производства, который создает впечатление абсолютной новизны и оригинальности, процесс в котором новизна и оригинальность представляют собой нечто большее, чем простое техническое усовершенствование или преобразование ранее существовавших элементов. Таково художественное творчество, результат которого нельзя свести ни к использованным материалам (мрамор, краски, ноты, язык и т.д.), ни к известным нормами приемам. Это творение, не имеющее образца, шаблона, примера.

Попытки понять теоретические механизмы творчества и воображения имеют глубокие исторические корни. Древнегреческий философ Античности Платон определял творчество через понятие «искусство». Он считал, что человек лишь подражатель, и подражает он не идеям, а вещам, создавая их изображения: статуи, картины. Также Платон подчеркивал, что без посланного музами неистовства нельзя стать творцом, и определял творчество как слияние художника с божеством в момент творчества. Аристотель понимал под искусством всю предметную человеческую деятельность и открывал новое отношение к искусству и творчеству как потребность личности к самоактуализации, т.е. к раскрытию и расширению своих созидательных возможностей.

Само творчество, по мнению В.А. Моляко можно определить как «Целенаправленную деятельность человека, в результате которой создаются новые материальные и духовные ценности, обладающие общественным значением».

Психологом С.Л. Рубинштейном творчество определяется как деятельность, «созидающая нечто, новое, оригинальное, что притом входит не только в историю развития самого творчества, но и в историю развития науки, искусства и т.д.».

Также С.О. Грузенберг рассматривал творчество как деятельность. По его мнению, творчество есть, в сущности, творение или создание чего-либо нового. Если нет нового результата, полученного из тех или других данных, творчества вообще нет. А новое в творчестве есть то самое планомерное изменение той или иной ранее существовавшей комбинации раздражителей или отношений между ними, не бывшее ранее, ни в опыте личности, ни в опыте других.

А.Г. Спиркин писал: «Творчество – это мыслительная и практическая деятельность, результатом которой является создание оригинальных, неповторимых ценностей, установление новых факторов, свойств, закономерностей, а также методов исследования и преобразования материального мира или духовной культуры».

По мнению В.И. Андреева: «Творчество – это один из видов человеческой деятельности, направленный на разрешение противоречия (решение творческой задачи), для которой необходимы объективные (социальные, материальные) и субъективные личностные условия (знания, умения, творческие способности), результат которой обладает новизной и оригинальностью, личной и социальной значимостью, а также прогрессивностью.

Таким образом, человеческое существование обусловлено предметной деятельностью и направлено на творческое преобразование окружающей действительности по плану человека. Р.С Немов отмечает, что «активная деятельность человека принципиально отличается от деятельности животных потребностями. Деятельность животного связана с удовлетворением естественных потребностей. Деятельность человека связана с искусственными потребностями, возникающими благодаря присвоению достижений культурного человеческого наследия».

Как видим, основное разногласие в понятии творчество является ли творчество видом деятельности или самой деятельностью. Определяя творчество как деятельность, мы подразумеваем отличительные признаки (новизна, оригинальность результата и др.), которые уже указывают, что творчество – некая разновидность деятельности вообще. С понятием «вид деятельности» обычно связывают разделение деятельности на трудовую деятельность, учебную и игровую. Но каждая из них может быть творческой. Следовательно, говоря о творчестве, мы подразумеваем определенное качество деятельности и ее аспектов, и, думается, уместнее определять творчество как уровень деятельности (Р.В. Габдреев, С.В. Новиков), достижение которого предполагает и оригинальный результат, и выход за пределы обычных способов действий. Выражаясь точнее, в любой человеческой деятельности существует репродуктивный уровень, на котором решается большинство задач, и творческий уровень (или несколько его разновидностей), на которых наше мышление выходит в случае краха готовых программ и алгоритмов. При этом заметим, что креативным актом является и выход на творческий уровень, и отказ от такого выхода некий выбор репродуктивного пути, если задача эффективности решается стандартным алгоритмом. Заметим, при этом, что и формирование всех стандартных алгоритмов происходит за счет креативных актов при обучении, воспитании и развитии индивида.

А теперь рассмотрим понятие «художественное творчество».

Художественное творчество – вид общественно-полезной производственной деятельности, состоящей в создании новых эстетических ценностей и прежде всего произведений искусства. Художественное творчество, его организация, содержание, технология, является предметом и основой художественного воспитания, как составной части эстетического .

Художественное творчество детей, выражение индивидуальных особенностей, отношения к окружающему миру и к себе в посильной для ребенка художественной форме. Художественное творчество – составная часть системы эстетического воспитания, средство развития личности.

Художественное творчество – специфическая деятельность, загадочный процесс. И Кант говорил: «Ньютон все свои шаги, которые он должен был сделать от первых начал геометрии до своих великих и глубоких открытий, мог представить совершенно наглядными не только самому себе, но и каждому другому. И предназначить их для преемства, но никакой Гомер или Виланд не может показать, как появляются и соединяются в его голове полные фантазии и вместе с тем богатые мыслями идеи, потому что саам не знает этого и следовательно не может научить этому никого другого. Итак, в научной области величайший изобретатель отличается от жалкого подражателя и ученика только по степени, тогда как от того, кого природа наделила способностью изящным искусствам, он отличается специфически».

Природу художественного творчества воспроизводит воображаемая экспериментальная ситуация, описанная А. Толстым: «Вас, писателя, выбросило на необитаемый остров. Вы, предположим, уверены, что до конца дней не увидите человеческого существа, и то, что вы оставите миру, никогда не увидит света. Стали бы вы писать романы, драмы, стихи?».

Формы и виды художественного творчества образуют систему искусств, которая образовывалась в течение длительного времени и постепенно. Каждый раз появлялись все новые и новые формы художественного творчества, которые совершенствовались уже существующие. Стали выделяться новые самостоятельные виды искусств и появляться синтетические искусства, которые соединяли в себе выразительные средства разных видов художественного творчества.

Художественное творчество многогранно и включает в себя различные виды: пространственные статические виды: изобразительные виды – живопись, графика, скульптура; прикладные виды – архитектура, декоративное искусство; временные – литература, музыка; пространственно-временные виды – хореография, кино, театр, цирк, эстрада.

Занятия художественным творчеством способствуют развитию художественного вкуса и логики, формируют пространственное воображение ребенка. Правильно организованная деятельность в данном направлении дает детям углубленные знания о качестве и возможностях различных материалов, способствует закреплению положительных эмоций, стимулирует желание трудиться и овладевать особенностями мастерства, приобщает к народному декоративному искусству.

Список литературы

1. Бердяев Н.А. Философия свободы. Смысл творчества. – М., 1989.
2. Прохоров. А.М. Большой энциклопедический словарь / А.М. Прохоров, 2000.
3. Фролов, И.Т. Философская энциклопедия / И.Т. Фролов – М.: Республика, 2001.
4. Философский словарь – М.: Палимпсест, Издательство «Этерна». Андре Конт-Спонвиль, 2012.
5. Моляко, В.А. Проблема психологии творчества и разработка подхода к изучению одаренности [Текст] / В.А. Моляко // Одаренные дети: проблемы, перспективы, развитие: материалы Всероссийской научно-практической конференции, 20-21 мая 2013 г., Санкт-Петербург, 2013. – С. 54-61.
6. Рубинштейн, С.Л. Основы общей психологии – Санкт-Петербург [и др.]: Питер, 2017.
7. Грузенберг, С.О. Гений и творчество: Основы теории и психологии творчества – М., 2016.
8. Немов, Р.С. Психология в 2 ч. Часть 1: учебник для среднего профессионального образования / Р. С. Немов. – 2-е изд., перераб. и доп. – Москва: Издательство Юрайт, 2018.
9. Нурумов Б.А. Особенности развития эстетических ценностей школьников. – BRD: «Lambert Academic Publishing», Saarbrucken, 2013.

ҒТАХР: 14.25.09

А.Т. Оразбеков, З.М. Тастамбекова

Семей қаласындағы физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі,
Қазақстан, Семей қаласы, ashokkz@mil.ru

ХИМИЯ ПӘНІНДЕГІ КОНЦЕПТУАЛДЫ ОҚЫТУДЫҢ СИПАТТАРЫ

Концептуалды оқыту – бұл оқыту әдісі, сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлаудың бір түрі. Онда оқушылар психикалық логикаға негізделген құрылымдарды құру арқылы деректерді санаттау және ұйымдастыру қабілетін игереді.

Бұл оқыту әдісі көбінесе процедуралық оқытумен салыстырылады, себебі ол оқытудың ең дәстүрлі және кеңінен қолданылатын әдісі болып саналады. Процедуралық оқыту адамдардан үрдістерді есте сақтауды талап етеді, бірақ ұғымдарды түсінуді қажет етпейді. Ал, концептуалды оқыту есте сақтаудың кез-келген түрін қажет етпейді, оның орнына әртүрлі операциялар немесе үрдістердің артындағы ұғымдарды немесе құрылымдарды түсінуге назар аударады.

Оқытудың дәстүрлі түрлерінде қолданылатын «төменнен жоғарыға» оқыту стратегиясынан айырмашылығы, концептуалды оқыту жоғарыдан төменге бағытталған әдісті қолданады. Қарапайым тілмен айтқанда, концептуалды оқыту – жаңа ұғымдар мен пәндерді жылдам түсінуге арналған заманауи әдіс [1].

Маңызды ұғымдарды кешенді түсіну концептуалды оқыту деп аталады. Концептуалды түсінігі бар оқушылар тек теориялық фактілер мен процедураларды білетіндерге қарағанда білімдірек. Олар тұжырымдаманың нәліктен маңызды екенін және оны әртүрлі жағдайларда қалай қолдануға болатынын түсінеді. Олар өздерінің ақпараттарын өздері білетін ұғымдармен байланыстыру арқылы жаңа ұғымдарды үйренуге және түсінуге мүмкіндік беретін логикалық тәртіпке келтіреді.

Концептуалды оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері

Төменде концептуалды оқытудың бірнеше артықшылығы ұсынылған:

- Есте сақтаудан гөрі ұғымдармен түсінуді ынталандырады;
- Білім беріледі, ал оқу концептуалды оқыту арқылы қамтамасыз етіледі, ол икемді және үздіксіз жетілдіруге мүмкіндік береді;
- Оқу процесінің нәтижесіне назар аударуға көмектеседі;
- Жаңа ақпаратты бұрынғы біліммен байланыстыруға көмектеседі, осылайша ақпаратты жақсырақ есте сақтауға әкеледі;
- Мазмұн үнемі өзгертіндіктен, бірақ тұжырымдама өзгермейтіндіктен, концептуалды оқыту негізгі ұғым емес, мазмұн жағынан алға жылжиды.


Төменде тұжырымдамалық оқытудың бірнеше кемшіліктері келтірілген:

- Бұл ұзақ және көп уақытты қажет ететін үрдіс;
- Оқушылардың қабілеттерін ескеруді қамтиды [2].

Химия пәніндегі концептуалды оқыту

Химия пәнінде концептуалды оқыту оқушылардың білім деңгейінің жоғарылауына әкеледі. Себебі, тек белгілі бір тарауды қамтитын өткізілген сабақтар сериясында тақырыптар арасындағы байланысты оқушы көрмесе немесе мұғалім алдыңғы біліммен байланыстыра алмаса, онда тақырыпты меңгеру тек процедуралық деңгейде қалады. Осының нәтижесінде оқушының тақырыпты меңгеруі формалды бағытқа ауысып, ақпараттар жүйесіз түрде жадыда сақталады. Осындай сипатқа ие болып келетін оқу үрдісіндегі мәселелерді шешудің бір жолы – химия сабағында оқушыларға концептуалдық карта құрастыруға тапсырмалар беру [3]. Төменде 7 сынып оқушыларына арналған «Атом құрылысы» мен «Периодтық жүйеге кіріспе» тарауларын қамтитын концептуалдық карта үлгісі көрсетілген.

Осы картаны зерделей келе, оқушылардың басым бөлігі «атом, ион, ядро, изотоп, периодтық кесте, элемент» сияқты терминдерді ұғып, олардың айырмашылығын нақты түсінеді. Суреттен байқағанымыздай, осындай концептуалдық карталарды әрбір тараудың соңында оқушыларға өзіндік нұсқасын топтық жұмыста сыздырып, қорғату оқу мақсаттарын меңгеруге біршама әсері болатынын төмендегі сурет 2 байқауға болады.



Сурет 1 – 7 сынып оқушыларына «Атом құрылысы» мен «Периодтық жүйеге кіріспе» тараулары бойынша концептуалдық карта үлгісі

Диagramманы зерделей келе, 7 сыныптар арасында 1-3 тоқсандағы БЖБ қорытындысы бойынша 7А мен 7В сыныптары салыстырмалы түрде жоғары көрсеткішке ие. Дегенмен, 4 тоқсанда 7Е сыныбы нәтижесі 1-3 тоқсанмен салыстырғанда айтарлықтай жоғарылағанын көруге болады. Себебі, концептуалдық картаны сызу тек 7Е сыныппен жүргізілді және соның оқу нәтижесіне әсері зерттелді.



Сурет 2 – 7 сыныптардың тоқсан бойынша БЖБ орташа нәтижелері

Концептуалды оқыту – білім беру жүйесінің болашағы. Оның нәтижесінде оқушы әртүрлі ұғымдарды байланыстыру үшін аз есте сақтап, көбірек түсінуі керек. Мысалы, «Зат массасының сақталу заңын» түсінген оқушы химиялық реакцияны оңай теңестіреді. Немесе, валенттілікті түсінген оқушы қосылыстың формуласын қате жазбайды. Концептуалды оқыту оқушылардың белсенді қатысуын ынталандырады, ал дәстүрлі оқыту түрлері мұғалімнен ақпаратты түсіндіруді талап етеді. Концептуалды оқытуда оқушы да, мұғалім де негізгі рөл атқарады, мұғалім оқушыларға идеяны толық дамытуға көмектесетін тапсырмаларды ұсынады, сөйтіп, олардың сабаққа белсенді қатысуын ынталандырады. Тақырыптарды есте сақтауға бағытталған дәстүрлі оқыту үлгілерін пайдаланудың орнына, концептуалды оқыту оқушыларға маңызды ұғымдар мен ортақ идеяларға бағытталған сапалы оқу тәжірибесімен айналысуға көмектеседі.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Пикеринг М. // Концептуалды оқытуды одан әрі зерттеу немесе Мәселені шешу: айырмашылық бар ма? // J. Chem (2001), 67 (3), 254-255.
2. Исли Дж. // Оқушылар мен парадигмалар: жаратылыстану ғылымдарын зерттейтін жасөспірімдердегі концептуалды ойлау дамуына қатысты әдебиеттерге шолу // Studies in Science Education (2003), 5, 61-84.
3. Табер К.С. // Химияны зерттеудегі прогресті талқылауға арналған ұқсастық // School Science Review(2007), 76 (276), 91-95.

ҒТАХР: 16.21.07

Д.Т. Омирханова, Қ.Қ. Мұқанова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Қазақстан, Семей қаласы, dilyara_rinat@mail.ru

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КІРМЕ СӨЗДЕР ЕРЕКШЕЛІГІ

Бүгінгідей түрлі мәдениеттер тоғысындағы жаһандану үрдісіне бағыт бұрған заманда ұлтымыздың рухани өресін биіктеткен тұлғалардың қалдырған мұрасына қайта үңілу, оның мәнін қайта зерделеу – заман тудырып отырған қажеттілік. Өткен ғасырдың күрделі кезеңінде өмір сүрсе де ғаламдық ой таным дәрежесіне көтерілген, қазақ тілінің өркендеп дамуында айтарлықтай із қалдырған ірі ойшыл қайраткерлеріміздің бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Оның шығармашылығы тамыры тереңге кеткен, саясы мол бәйтерек тәрізді. Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұрасының түп қазығы – «ақ жүрек», «таза ақыл», «адал еңбек» иесі түзу адамды қалыптастыру, сол арқылы қоғамды түзеу.

Ар ілімін адамдық сапаның алдына шығарып бүкіл поэзиялық туындыларына өзек еткен Шәкәрім тағылымы бүгінгі күн үшін де аса қажетті әрі көкейкесті мәселе болып отыр. Ұлы Абайдың ізбасары бола отырып, ұстазы жеткен деңгейде қалып қоймай өзгеше өрнек тауып, қайталанбас қолтаңба қалдыруының өзі – Шәкәрім ұлылығын айғақтайтын басты белгі.

Ақынның бірнеше тілді меңгеруі оның шығармаларынан көрініс тапқандай. Оның ерекшелігі-қандай да бір мәселені тілге тиек етсе де, оны кең ауқымда алып, өлең өлшеміне өрісті оймен сыйдыра білуінде. Ақын поэмаларының тақырыптық жүйесі, жанрлық түрі, идеялық және мазмұндық

негіздері қазақ поэзиясындағы тың үрдісті танытады. Онда дәстүрлі шығыстық сөз саптау үлгісі мен батыстың дамыған әдебиетінің ықпалы өзара үйлесім тапқан. Осы ретте Шәкәрім Құдайбердіұлының поэзиясын шығармаларындағы кірме сөздердің қолданылуы тұрғысынан қарастыру ақынның өлеңдері мен басқа да поэтикалық туындыларының қайталанбас сипаты мен өзіне ғана тән ерекшеліктерін зерделеуге мүмкіндік береді.

Қазақ халқының басынан кешкен ұзақ даму тарихында бірсыпыра елдермен араласып, әр кезеңде түрлі қарым-қатынастар жасағандығы мәлім. Ертеде тәжік, өзбек, татар халықтары арқылы VIII-XI ғасырларда араб-парсы елдерімен, XII - XIII ғасырларда моңғол халқымен күшті байланыста болса, XVIII ғасырдан, яғни Қазақстанның Ресей қарамағына ене бастаған кезеңінен (1731 ж.) бастап күні бүгінге дейін орыс халқымен тікелей үздіксіз қарым-қатынас жасап келеді. Осындай ұсақ ауыс-түйіс, мол байланыстан кейін қазақ тілінің сөздік құрамында қыруар шетел сөздері пайда болған.

Жер шарында өмір сүріп келе жатқан үлкенді-кішілі халықтардың қай-қайсысында болсын өзге тілдерден ауысып келген кірме сөздер көптеп кездеседі. Мәдениеті кенжелеп дамыған ұсақ халықтарды былай қойғанда, мәдениеті гүлденіп өскен ең озат деген халықтардың сөздік құрамы да таза тума сөздерден құралмайтындығы дәлелденген», – деп жазады Ә. Болғанбайұлы мен Ғ. Қалиұлы [1, 139]. Ғ. Мұсабаевтың пікірінше, аң атаулары, әсіресе, құс атауларының көпшілігі иран тіліне түркі тілдерінен ауысқан. Сонымен қатар араб-парсы тілдеріндегі мынадай сөздер түркі тілдерінен ауысқанын айтады, Мысалы, ата, аталық, адырна, орда, ақша, елші, адас, ұлы, құрылтай, бұлдіршін, қылыш, қонақ, бұғау, ту, темір, шабар, сорпа, тоқпақ, қаймақ, құл, ұлус, өлжа, өлік, өлекшін, жылқы, қаз, қарға, қаракұс, сұңқа, қызыл, қылшық, қалпақ, қамшы, қосын, қарауыл, қарақиы, қайық, аю, арыстан [2, 99].

Орыс тілінің сөздік құрамындағы айран, алтын, апара, аул, балбес, башка, болван, ерелаш, қабырға, қаймақ, қараул, кишлак, кумыс, кунак, очаг, сайга, серьга, сургуч, табун, тамга, тумак, урман, тюбетейка, чекмень, чулан тәрізді сөздер ертеде түркі халықтары тілдерінен ауысқан.

Қазақ тілінің құрамындағы кірме сөздер негізінен төрт халықтың тілінен келіп енген: 1) араб тілі, 2) парсы тілі, 3) моңғол тілі, 4) орыс тілі.

Қазақ әдеби тілінің дамуын зерттеген филолог-ғалым Р. Сыздық өзінің «Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар)» еңбегінде «Қазақтың ауызекі сөйлеу тілінде де, ауызша әдеби тілінде де араб және парсы тілдерінен ауысқан сөздер қай кезеңде болса да едәуір орын алып келеді. Оған Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген халықтардың ислам дініне енуі, мұсылманша (арабша) оқу-ағартудың орын алуы, ортағасырлық түркі әдебиетінің қазақ қауымына да таныс болуы сияқты факторлар себеп болды», деп тұжырымдайды [3, 177].

Түркі тілдеріне араб, парсы тілдерінен сөз ауысу процесі қазақтың біртұтас халық илі қалыптасудан көп бұрын, орта ғасырлардың алғашқы кезеңінен басталады. Бұған дәлел: а) араб пен иран тілдерінен енген сөздер көне түркі тілі сөздіктерінде кездеспегенімен, иллюстрациялық материалдарда (өлеңдерде, мақал мен мәтелдерде) кездеседі ә) ол тілдерден енген сөздер XVI ғасырдың документі болып саналатын жарлықтарда бірлі-жарым кездеседі... Сөйтіп, сол кезде қазақ жерінде арабтар мен парсылардың үстемдік етуімен байланысты олардың тілінің де қазақ тіліне әсері тиді [2, 98], Араб, парсы сөздері қазақ тіліндегі кірме сөздердің ең мол қорын жасайды. Олар тұлғасы жағынан да, семантикалық топтары жағынан да, қазақ тілінің жанынанда әртүрлі дәрежеде.

Араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздердің барлығы бірдей қазақ тілінің сөздік қорына еңбегенімен, оның ішінде сөздік қордағы қазақтың тума сөзіндей ұзақ өмір сүріп, жаңа сөздер жасауға ұйытқы болған жасамыс байырғы сөздер немесе Р. Сыздықтың айтуынша «Бұл қабаттың басымы қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тіліне ертеден еніп, әбден сіңіскен қазақтың өз сөздері болып кеткен» [3, 139-б] сөздер көптеп табылады. Мысалы, XVIII ғасырдың ақын-жазушыларында кездесетін дунше, момын, мақал, мейман, несібе, дәулет, құдай, заман, жаза, уағда, кедей, пейіл, пана, пасық, арам, амал, қайыр, құрмет, абырой, ар, халық, әлем, өмір, адам, адамзат, ажал, ақырет, намаз, ұжмақ, құбыла, бақ, мезгіл, дұшпан, аталғандардан басқа аса, аспан, бақыт, шаруа, қызмет, зат, ақыл, қуат, дау, хабар, пайда, әйел, қас, баға, әл, азамат, айуан, дос сияқты сөздер түп-негізі араб-парсынікі болғанымен, халық тіліне сіңіп, қазақ лексикасының байлығына әлдеқашан айналғандар. Бұл сөздер кірмелігіне қарамастан, ұзақ өмір сүріп, сөздік қордағы сөздерге тән барлық қасиетке ие болған. Мәселен, ас (аш) деген сөз парсы тілінен ауысқанымен, өте ерте заманнан бері тілімізде өмір сүріп келе жатқандығын дәлелдейтін мынадай толып жатқан мақал-мәтелдер бар: ас адамның арқауы, ас жүрген жерде дерт жуымайды, ас иесімен тәтті, таспен атқанды аспен ат, тас – тасты жібіткен ас; асты қорласан – құстырар т.б. Ас сөзінің жаңа сөз тудыруға қабілеттілігін лексика-синтаксистік сөз тудыру жолымен жасалған: ас бұршақ, ас жаулық, асқазан, ас болу, ас беру, ас пау т.б. күрделі сөздер дәлелдейді. Бұл сөздің жалпыхалықтық мәні мен түсініктілігі күнделікті қарым-қатынастағы

қолданысынан, жиі айтылуынан айқын көрінеді. Демек, араб-парсы тілдерінен енген көптеген кірме сөздер қазіргі кезде ана тілінің төл тума сөздеріндей болып, мәнді қызмет атқаратынын көреміз. Мұндай сөздер қазіргі кезде өзінің кірмелігін біржола жойып, негізгі сөздік қордан түпкілікті орын теуіп отыр.

Біз әңгіме етпек Шәкәрім дәуіріндегі қазақтың көркем әдебиеті тілінде араб-парсы сөздері едәуір мөлшерде кездеседі. «Олардың бір тобын бұрынғысынша, дерексіз ұғымдарды білдіретін халық тіліне сіңген сөздер құраса, келесі тобын ислам дініне қатысты ұғымдар мен дін иелерінің аттары құрайды. Осыған байланысты бірнеше мысал келтіре кетсек:

Мұсылманша діни ұғымдарды білдіретін сөздер:

«Дін» – Жер жүзіне қарасам,

Неше түрлі халық бар.

Дін, иманын санасам,

Мыңнан артық анық бар [4, 128]

немесе

Жердің жүзін дәл тауып,

Ешбір дін жоқ орныққан.

Бәрінде де бар қауіп,

Дін көбейді сондықтан.

Сол көп дінде шешу бар,

Ол шешудің арты бар.

Адасқанға кешу бар,

Кешудің де шарты бар [4, 129].

«Иман» – Жарынан бөлек жаны жоқ.

Табатын басқа Жары жоқ.

Асықтап аяп қалатын

Иманы, малы, ары жоқ [4, 35];

Жан-тәнімді, иманымды

Асылымды бойлады.

Аямадым жиғанымды,

Сонда да көз салмады [4, 231].

Бұл сөздерден басқа жоғарыда аталып кеткен дін иелерінің аттарынабайланысты бірнеше мысал:

«Алла» – Дүниенің ол туралы жазасы жоқ,

Біз сөкті деп тоқтай ма Алла атқан оқ.

Пәрменімен айналған шархи фәләк

Күн мен ай, жұлдыз, әуе, жер менен көк [4, 79];

Жалғанның бір пайдасын көргенде,

Арланбай арыңды да сатасың.

Алланың ақ өлімі келгенде,

Амалсыз қара тастай қатасың [4, 224].

«Құдай» – Сондықтан бір тексеру болмай қоймас,

Мұнымды әділетпен ойла да шеш.

Егер Құдай барлығы анық болса,

Тең болмас ақ жүрек пен сұм залалкес [4, 58];

Біреу отқа жағынды:

«Нұрдың түбі – Құдай», – деп.

Не суретке табынды:

«Олай емес, былай», – деп [4, 128].

«Тәңірі» – Жаныңа қызық жалғанда,

Неменен қалды арманда.

Бұл жалғаннан не серік,

Тәңірі алдына барғанда [4, 18];

немесе

Елден кешу алмасаң,

Жалмауыздай жалмасаң,

Тәңіріні малмен алдасаң,

Алдында көрің дайын-ды [4, 142].

Көріп отырғанымыздай сол дәуірде жазылған шығармалар қоғамның саяси және мәдени өміріне, дінге қатысты қыруар сөз әкеліп, халық тілін әртүрлі салада байытуға азды-көпті үлес қосқан. Соның нәтижесінде біршама араб-парсы сөздері жалпыхалықтық сипат алып, қазақ лексикасына етене болып сіңісіп кеткен.

Демек, араб-парсы тілдерінен енген сөздер қазақ тілінің сөздік құрамын сан жағынан ғана байытып қоймаған, оның лексикасын түр-түрпаты, мән-мағына жағынан да кеңейтіп кемелдендірген деп тұжырым жасауға болады. Шәкәрім шығармашылығының ерекшелігі қара сөзбен де, ақындық тілмен де жазылғандығы белгілі. Сондықтан оның тілінің нәрі – көркемдігі мен әсерлігіне байланысты. Шәкәрім шығармаларының тіл көркемдігі мен әсерлілігі, мағыналық өрісі мен стильдік қызметі жағынан өзіне дейінгі халық ақындары мен Абай дәстүрін жаңа заманның сапалық деңгейіне сәйкес ілгері дамытқан – творчестволық тұлға. Кезінде кемеңгер Мұхтар Омарханұлы Әуезов атап көрсеткендей Абайдың ақындық мектебінің ірі өкілі.

Шәкәрім шығармашылығының замандастарынан оқшауланып тұратын өзіне тән тағы бір ерекшелігі қоршаған дүниенің тылсым жұмбақтарын шешуге, діннің адам мен қоғам өміріндегі қызметі, дін мен ғылымның арасындағы қайшылықтарға т.б. өзінің ұстанымын дәлелдеу машығы. Міне, осыған орай Шәкәрімнің суреткерлік, ойшылдық қыр-сырымен бірге, оның тіл білімінің лексикология саласына, әсіресе, салалық ғылыми атаулардың қалыптасуына елеулі үлес қосқандығын қарастыра келіп, төмендегідей қорытынды жасадық:

1. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларында кірме сөздерді (араб-парсылық, орыс тілі мен орыс тілі арқылы енген еуропа тілдерінің элементтері) өте жиі пайдаланған. Ақынның шығармаларында тіл тазалығы барынша сақталған, кірме сөздер мейлінше қазақ тілінің заңдылықтарына икемделген.

2. Аударма тәсілімен жаңа колданыстарды дүниеге келтіріп, жиі жұмсауына байланысты Шәкәрім өзге бір дәстүрдің, яғни жазба дәстүрдің өкілі болды.

Қорытындылай келе, Шәкәрім шығармашылығының ерекшеліктері тілдік ғасырдың басындағы қазақ қоғамының сапалық дамығандығын, ұлттық ойлау жүйесінің өскендігінің, әдеби жазба тілдің бұқаралық сипат алып, әлеуметтік маңызы артқандығының белгісі деуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997.
2. Кеңесбаев І., Мұсабаев Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы, 1975.
3. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы Арыс, 2004
4. Шәкәрім. Иманым. – Алматы.
5. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988.

ҒТАХР: 14.15.15

М.С. Отарбаева

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі, Көкшетау қаласы

АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ МӘСЕЛЕСІ

Ауыл мектебі оқушыларды оқу мен оқытудағы білім сапасын арттыруға арналған оқытудың үздік инновациялық тәсілдерін қашықтықтан оқушылардың танымдық дамуын және білім алу барысында – бұл білім беру процесінің қажетті бөлігі болып табылады. Инновацияларды енгізу мұғалімнің өз қызметін өзгертін жағдайларға бейімдеу және білім беру процестерінде стандартты емес әдістерді қолдану қажеттілігін білдіреді. Инновациялық оқытуда ұстаз жұмысы тек ескі және дәлелденген әдістермен шектелмеуі керек, әр түрлі болуы керек.

Қазіргі мағынада инновациялық оқытуда оқушылардың білім сапасын арттыруда және танымдық дамуын инновациялық түсініктермен сипаттауға болады – бұл "бір нәрсенің жаңа формаларының немесе элементтерінің көрінісі, сондай-ақ жаңадан пайда болған форма, элемент". Инновацияның синонимі – "инновация" ұғымы.

Мұғалімнің инновациялық қызметі-білім беру процесіне жаңа формаларды, әдістерді, тәсілдерді, құралдарды, технологияларды, бағдарламаларды енгізу, даму сипатындағы инновацияларды дамытуды бастау. Тәжірибеде қолдану және үйрену, жеке тәжірибеңіз бен

біліміңізді пайдалану оқыту барысында қолдану болып табылады. Жалпы жоғарыда аталған ұғымдар бойынша жұмыс жасау педагогикалық шеберлік болып табылады.

Оқушылардың білім сапасын арттуда және инновациялық оқытуда оқушыларды нәтижелі білім алуын қамтамасыз ету және танымдық дамуын – инновацияларды қолдану арқылы-толық физикалық, рухани психоэмоционалды денсаулыққа, балалардың, ата-аналардың, ұстаздармен мамандардың тұлғааралық, топтық өзара әрекеттесуіне жағдай жасауға мүмкіндік беретін жеке тұлғаға бағытталған білім беру ортасын құру.

Оқушылардың инновациялық оқытуда ұстаз шығармашыл болуы керек. Және оқушыны дұрыс бағалау мен танымдық дамуын арттырудың түрлі инновациялық әдістерін ұсына отырып оқытса білім нәтижелі болады. Бәрімізге белгілі заманның ағымына қарай технологиялар күнделікті қолданыста. Заман дамып жатыр, оқушыларымызды қызықтырып білім беру барысында әрі ауыл мектебінің білім сапасын көтеру мақсатында инновациялық оқытуды ұсынамын.

Инновациялық оқыту кезінде сабақта қолданатын әдіс тәсілдерді тиімді пайдалану арқылы нәтижелі білімді көздеу. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқушылармен тиімді кері байланыс жасау және бағалауды тиімді қолдану арқылы ата-ана мен және оқушымен дұрыс байланыста болу.

Инновациялық оқытуда оқушылардың білім сапасына арттыруда 3D Эксплейнер Видео үлгісімен дамыта отырып оқыту жолдары

Оқушыларды оқытуда осы уақыт аралығында жаңа әдістермен және тәсілдермен оқушыларды оқытып алғашқы тәжірибені аяқтағанша жүргіздім.


Ал қазір оқушыларды оқу мен оқытуда жұмыс жасап жатырмыз. Осы орайда әріптестеріме озық педагогикалық тәжірибе ретінде осындай баяндаманы сіздерге ұсынып отырмыз.

Оқу мен оқытуда мұғалім сабақтың табысты және нәтижелі өтуінің режиссері болып табылады. 3D Эксплейнер Видеоны пайдалана отырып мен қашықтықтан түрлі жоспар бойынша қызықты мысалы, жалпы барлық пәндер бойынша ықпалдастыра отырып, оқушыларға қызықты 3 D видео жасап қашықтықтан ватсапқа, не болмаса платформаларға салып қою арқылы оқушыларды танымдық тұрғыдан оқытып нәтижеге жетуге болады.

Үлгісін әріптестеріме ұсынып отырмын.


1-зерттеу 3D Эксплейнер Видеоны жасау үлгісі


<https://www.renderforest.com/ru/template/3d-explainer-video-toolkit> осы сілтемені нотбукке кіріп, гугл браузерде басасыз



2-зерттеу 3D Эксплейнер Видеоны жасау үлгісі

Бағдарламаны ашып танысып шығасыз, өзіңізге қатысты ұнайтын шаблондарды таңдап мысалы, кез – келген пән бойынша, немесе үлгі ретінде математика пәні бойынша тапсырмаларды білімлендтен жүктеп, соны кесіп осындай анимациялық видеоға салуға және оқытуға болады. Немесе сабақ тақырыбын ашатын қызықты кейіпкерлерді таңдап алып, **создать** деген батырманы басасыз.






Осындай өзіңіздің қолыңызбен жасалған видео сабақтарды немесе танымдық анимациялық сабақтар яғни, ойын элементтері бар тапсырмалар, барлық пәннен оқушыларға өте қызық. Оларға бұл бір жағынан қашықтықтан оқыту барысында осындай анимациялық мультсериал сияқты тапсырмалар арқылы, оқушыларға миға шабуыл тәсілін қолдана отырып, оқушының назарын аудару арқылы оқыту болып табылады. Осындай өзіңіздің шебер туындыңыз ретінде оқушыларға арнайы ватсап желісінде тапсырмалар ретінде жіберуге болады.


Инновациялық оқытуда оқушыларға ватсап желісі арқылы тапсырмалар жіберудің әдістері.

Bilim Media Group – Қазақстандағы электронды оқыту нарығын дамытушы, инновациялық компания. Компания тарихы 2011 жылдан басталады. Компанияның алғашқы жобасы imekter.kz бастауыш мектеп бағдарламасына негізделген онлайн білім беру платформасы болатын. Кейін компания itest.kz ұлттық бірыңғай тестіне дайындалуға арналған онлайн платформасын және bilimland.kz деп аталатын интерактивті сабақтардан тұратын білім беру платформасын іске қосты.



BilimLand – бұл электрондық оқыту бойынша әлем көшбасшыларының алдыңғы қатарлы жетістіктері негізінде жасалған цифрлық білім беру платформасы. Бұл – заманауи білім беру контентінің ірі сандық кітапханасы, қазақша, орысша, ағылшын тілдерінде барлық пәндерді қамтыған 30 мыңға жуық электрондық сабақ, тренажер, интерактивтік жаттығулар, оқытуға арналған видео, анимациялық фильмдермен қамтылған жиынтық. Қызықты электрондық сабақтар балаларға мектепке дайындалуға көмектеседі әрі оқушыларға оқуға деген қызығушылықтарын оятады.

Өзімнің сабақ беру тәжірибемде және инновациялық оқыту барысында осы платформадан көптеген әдіс-тәсілдермен жасалған тапсырмаларды жүктеп жоспар бойынша оқушыларыма ватсап желісінде жіберіп отырдық.



Білімленд платформасынан тапсырмаларды pdf форматта жүктеп оқушыларға жіберіп отырдық. Міндетті түрде кері байланыс болды оқушылармен тапсырмаларды оқушылар орындап маған кері жіберіп отырды. Мектеп оқушыларына қарағанда, ата-аналар қашықтан оқытудың сапасына алаңдаулы. Мұғалім WhatsApp желісінде тапсырмаларды және үй жұмысын жіберіп отырады. Балалар ” EDUS ” бағдарламасын ашып, мұғалімдердің жаңа тақырып жайлы жоспарлары мен пікірін және жіберген бейнебаяндарын көре алады. Сонымен қатар оқытушыларымыз бен білім

алушыларымыздың арасындағы байланыс әр түрлі мессенджерлер арқылы жүзеге асырылуда. Атап айтатын болсам: Zoom, Microsoft Teams, Google Classroom, Skype, электронды пошталар білім берудің мүмкіндіктерін арттырды. Аталған бағдарламада (демонстрация экраны) деген батырманы бассаңыз, барлық көрнекілік құралдарыңызбен, презентация, сызба, оқу құралдарын, сонымен қатар сұрақ-жауап алмасып, видеобейнеңізді запись арқылы сақтап алуға мүмкіншілігіңіз бар. Ұжымымыздағы шұғыл және өзекті мәселелерді осы бағдарлама арқылы жүргізуге мүмкіндік туып отыр. Оқушылар тек тапсырмаларды ғана емес, бейнежазбаларға сілтемені де қоса алады. Ал оқушылар үй тапсырмасын бұрынғы әдетпен дәптерге жазады. Жасаған жұмысын суретке түсіреді де, электронды пошта немесе WhatsApp желісі арқылы жібереді. Бұл тапсырма қағаздарын ата-анасы баласына түсіндіруге көмектесу үшін басып шығаруға да болады.

Ауыл мектептегі білім беру тәсіліне инновациялық оқытуды қолданып. Оқушыға одан әрі жақында түсіп. Заманға сай техниканы қолдана отырып білім беруіміз қажет деп ойлаймын. Сөз соңында айтарым әр ұстаз өзінше қайталанбас феномен тұлға. Әр сабақтарыңыз нәтижеге бағытталған және үнемі жаңартылған әдістермен жүйеленіп отырса сіз нағыз өз сабақтарыңыздың жұлдызы боласыз. Үнемі ізденіс сізді белестер мен жетістіктерге алып келеді. Әр оқушы бойына нұр мен нағыз зерттеу сабақтарына жетелейсіз. Әрбір жаңа дүниенің тиімді және тиімсіз тұстары болады. Әр сабағымызға бұрынғыдан бетер жауапкершілікпен дайындалып, үлкен ізденіс үстіндеміз. Түрлі білім порталдары арқылы да дайындығымызды пысықтап, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын одан әрі дамыта алдық деп ойлаймын. Оны оқушылардың жасаған кері байланысынан-ақ байқауға болады. Қашықтықтан оқу арқылы біз сақтық шараларын жасап қана қоймай, сонымен қатар өз шеберлігімізді де арттырып жатырмыз. Жаңа мазмұнды білім беру жүйесіндегі тәрбие берудің ерекшелігі – тек өз халқының ұлттық мәдениетінің негізінде ғана шектеліп қана қоймай, жалпы адамзаттық және өркениетті дамыған мемлекеттердің озық жетістіктерін, мәдениетін т.б. адамгершілік құндылықтарын игеру арқылы тұлғаның жан-жақтылығын тәрбиелеу. Әрине, айтылған мақсатқа жету үшін мектеп ұжымы (пән мұғалімдері, мектеп басшылары, сынып жетекшілері, медбике, психолог, т.б.) мен ата-аналар ортақ іс-әрекетке белсенді кіріскен кезде ғана үлкен нәтижеге жетуге болады.

Бүгінгі күннің талабына сай ұрпақ тәрбиесінің мазмұнын, әдіс-тәсілдерін және ұйымдастыру жүйесінің іргетасын қалайтын негізгі қағидалар мыналар:

Тәрбиенің мазмұны, оны жүзеге асыратын әдіс-тәсілдердің негізі – адамгершілік, имандылық, ізгілік, елжандылық.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Нұрмағамбетова Ә.М. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу үрдісінде пайдалану // Педагогикалық альманах, № 3-4, 2019, – 64 б.
2. Ғабитқызы А. Кәсіби құзыреттілік және жаңа ақпараттық технологиялар // Қазақстан мектебі, № 11, 2019. – 5 б.
3. Ибраимова Б. Ақпараттық технология-нәтижелі білім берудің көзі // Қазақстан мектебі, № 6, 2018. – 3 б.

ҒТАХР: 16.21.49

Д.Ж. Оспанова, Ә.Ж. Раева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы, dana.zhanabekkyzy@gmail.com

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЗООФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭМОТИВТІ ӘЛЕУЕТІ

Фразеологиялық бірліктер – жекелеген өмір құбылысына нақты баға беретін, ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде беріліп отыратын, әр халықтың өмірінен қызықты деректерді өз бойына жинақтаған халық мұрасы. Фразеологизмдердің бағалауыштық коннотациясы шеңберінде қалыптасқан аксиологиялық көзқарастардың лингвомәдени және танымдық тұрғыдан зерттеу тілдің өрнек бояуын, ұлттық ерекшелігін, менталитетін, қайталанбас қасиетін танып білуге мүмкіндік береді.

Фразеология тілге өзге тілдерден ерекшелей түсетін өң, мазмұн, ұлттық бояу береді. Алайда эмотивті фразеологизмдер тілдік қордың қанық та жанды бөлігі саналады, себебі олар айтушыға ішкі күй мен сезімді, эмоцияны білдіруге, тыңдаушыға жеткізуге септесіп, кез келген айтылысқа

жандылық, жеке тілдік қолданыс ерекшелігін қосады. Сондықтан да олар ауызша тілде де, жазбаша тілде де кең қолданыста. Осыған орай, эмотивті лингвистикада ерекше назарға іліне бастаған тілдегі фразеологиялық бірлік, соның ішінде зооним компонентті фразеологизмдер мақаланың басты нысанына алынып, қазақ тіліндегі зоофразеологизмдердің эмотивті қызметін көрсетіп, әлеуетін тану мақсаты көзделіп отыр.

Өткен ғасырдың соңғы ширегінен бастап, жаңа лингвистикалық таным фразеологизмдерді зерттеудің құрылымдық жүйе парадигмасын қалыптастырды. Мұндағы басты принцип тұтастық пен жүйелілікке негізделді. Тілдік құрылымдағы оппозиция – «тіл-сөйлеу», «парадигма-синтагматика», «синхрония-диахрония» әдіснамасы қазақ фразеологиясында жемісті ғылыми нәтижелерді берді. (Ә. Қайдар, М. Копыленко, Г. Смағұлова, С. Сәтенова, Р. Авакова Қ. Қалыбаева, Б. Жұбатова т.б.)

Жеке тұлғалық көңіл күй, сезімдерді зерделеу қазіргі антропоцентристік ғылыми парадигмалар кезеңінде ерекше маңызға ие, себебі бұл адамның қарым-қатынастар жүйесінде шешуші қызмет атқаратын рөлді ұғынып, қоршаған ортадағы өз орнын анықтауға мүмкіндік береді. Әрбір тіл сезімді білдірудің түрлі әрі ауқымды қорына ие. Эмоцияны білдіру, ішкі күйді тілмен дәл бейнелеуде фразеологизмдер басты рөл атқарады. Оның себебі фразеологиялық бірліктер коммуникация кезінде бейтарап-логикалық күйден, эмотивті-бағалаушылық, экспрессивті формаға ауысып, өзектеніп түседі. Мәселен, түйе малын алайық. Түйе малы қазақтар өмірінде бірнеше ұғымдық коннотацияны қалыптастырады. Ғалым Г. Смағұлованың айтуы бойынша «ол ұғымдар бір күн немесе бір жылдың ішінде тумайды. Көп уақыт өте келе, салыстырмалы ұғым дами келе, адамдар әбден танып білген соң, ұқсату заңдылығымен метафора арқылы балама ойдың екінші атаумен жарыққа шығады [1, 224]. Түйе малының көзі үйренген дағдылы қасиеттері мен ерекшеліктеріне қарай халқымыз түйені тұрақты тіркес жасауға эталон, символ ретінде қабылдаған. Түйеге қатысты айтылатын тұрақты сөз тіркестері мен олардың мағыналарына назар аударатын болсақ: түйе үстінен сирақ үйтіп; түйе үстінен ит қапқан – ебедейсіз, болбыр адам;

Қазақтың шешендік сөздерінде:

Жақсы туған баланың атасы жаман болса да,

Төрде отырып сый табар.

Жаман туған баланың атасы жақсы болса да,

Түйе үстінен ит қабар (Шешендік сөздерден).

Бір күн бие, бір күн түйе – жағымсыз мінез; сөзі түйеден түскендей – дөрекі сөз; түйенің жарты етіндей – шектен тыс семіздік; үстінен түйе жүріп өтсе де – маубас, момындық.

Берілген тұрақты тіркестердің көркем әдебиетте кездесу жайы:

Үстінен түйе жүріп өтсе де, селт етпейтін жігіттің бар бітім болмысы Пістекүлді қызықтырған да (Д. Исабеков).

Сөздерін көрдің бе, – деді Қарекен іштей. Түйеден түскендей-ау, түйеден (Д. Исабеков). Байқасақ, берілген мысалда Қарекеннің сөзіне деген айтушының эмоциясын білдіруде «түйеден түскендей» деп қолданылып, жақтырмау, таңғалу сынды аралас сезімдерді бейнелеу түседі. Осы орайда оны біз эмотив деп атаймыз. Эмотивтер – қарапайым тілмен айтқанда, эмоцияны білдіруге арналған тілдік бірліктер. Ғылыми түсініктемен толықтырар болсақ, В.И. Шаховский эмотивті семалар (эмосема) сөздің денотативті семасымен әралуан қатынаста болатынын [2, 82-89] дәлелдейді. Сөздің семантикалық валенттілігі сөзде эмосемалардың пайда болуы себебінен кеңейіп отырады. Осылайша сөздің жаңа, қосымша эмотивті валенттілігі пайда болады дей аламыз. Бұл терминді ұсынған ғалым В. Шаховский оған мынадай анықтама береді: «определяет его, как «способность данной лингвистической единицы вступать в эмотивные связи с другими единицами на основе явных или скрытых эмосем и, тем самым, осуществлять свою эмотивную функцию» [2, 117-б.]. Бұған қарағанда төрт түлік мал, әсіресе, адамның ішкі жан дүниесі, бір-біріне деген көзқарасы сияқты. Осы орайда Г. Смағұлованың мына пікірі ойымызды одан әрі дәлелдей түспек. «Адамдық қасиет мінез-құлық, жүріс-тұрыс ертеңнен қара кешке дейін малмен көз ашқан ұлттың мәдени тіршілігінде осындай ұлттық мәдени мен оның семантикалық қырларынан көрінуі заңды» [1, 225].

Сондай-ақ қазақтардың ұлттық танымында мысық көбіне жағымсыз коннотациямен айқындалатын тұрақты тіркестердің құрамында кездеседі. Мысықтың тышқан аулаудан басқа жұмысы жоқ. Тілімізде жағымды эмоционалдық баға беретін тұрақты тіркестің болмауы осыған байланысты болуы керек. Мәселен, мысық көмбе қылық (мінез), мысық қылығы тіркестері көңірсітіп, бықсытып жүрер, пыш – пыш әңгімесі бар, сасық қулығы бар кісі туралы әңгіме болғанда қолданылады. Мысалы: "Осының мысық көмбе мінезі құрысын! Бір нәрсені көңірсітеді де жүреді" (Ауызекі тіл). "Мысықтан басқаның қылығы жататын ба еді, жетті де жаманат!" (Ғ. Мүсірепов).

Зоонимдік коннотаттық семалардың астарындағы танымдық ақпараттар лингвомәдени қауымдастық мүшелерінің ойлау жүйесімен тығыз байланыста қарастырылады. Олай болатын себебі, дүниенің тілдік бейнесі, ұлттық болмыс, ұлттық мінез-құлық тәл мәдениет төңірегіндегі ерекшеліктер танымдық ақпараттар мен аялық білімдер мазмұнында эксплицитті не имплицитті түрде көрініс табады.

Фразеологиялық тіркестердің қалыптасуында адам санасында қандай да бір ұғым тудыратын бейне себепкер болады. Белгілі бір фразеологиялық тіркесті жасауда сөз-дескриптор қолданылады. Мәселен, сөз-дескриптор үй жануары атауының бірі болса, сол жануардың сыртқы бейнесі, мінез-құлқы, іс-әрекеті т.б. жайлы мәліметтер жинақталып, этнос мәдениетіне сай тұрақты тіркес туындайды. Тіркес құрамында жануар туралы жиналған мәлімет астарлы мазмұнға ие болады. Ал біздің зерттеу нысанымызға сай сөз-дескриптор бағалауыштық коннотацияда басты семаның қызметін атқарады. Демек, фразеологизмдердің бағалауыштық коннотациясында коннотаттық сема тірек сөз қызметін де, ұлттың мәдени өмірінен ақпарат беретін басты мағыналық компонент ретінде де қызмет атқара алады. Біз талдауға ұсынған мысалдардан байқағанымыз фразеологизмдердегі кейбір коннотаттық семалар қатар келіп, екі түрлі бағалаудың мағынасын бере алады. Сондықтан фразеологизмдердің бағалауыштық коннотациясы туралы сөз қозғағанымызда, әрбір тұрақты тіркестегі коннотаттық семаны нақты бір бағаның көрсеткіші бола алады деп үзілді-кесілді айтуға болмайды. Себебі, тілдік деректерден көргеніміздей коннотаттық сема әрбір тіркес құрамында түрлі қызмет атқарады. Мұның себебін біз халқымыздың күнделікті өмірінде (мәселен, ит семасын алатын болсақ) сол ұғымдардың қасиетінің жан-жақты танылуы деп тұжырым жасауға болады.

Адам дүниені танып-білуде болсын, белгілі бір құбылысқа баға беруде болсын өзіне белгілі бір құндылықтары бар нысананы таңдайды. Қоршаған ортадағы барлық заттар мен құбылыстар «жаман», «жақсы» принципі бойынша бағаланады, олардың жалпы нормаға, ережеге сайлығына қарай қарастырылады.

Жағымсыз эмоцияны білдіру үшін ит, шошқа, доңыз, хайуан, иттің баласы, иттің төлі, шошқаның төлі сияқты тілдік бірліктер қолданылса, жағымды эмоция кезінде адамның жан сезіміне жақсы әсер етіп, көңілін марқайтатын қарлығашым, қаршығам, сұңқарым, ботам, ақ ботам, қозым, қоңыр қозым, құлыным т.б. тілдік бірліктер қолданылады. Мысалы,

– Айналдым, қарашығым, қоңыр қозым! – деп алып, – аямайды, аямайды ол, – деді (М. Әуезов). Мұнда айтушы қарашығым, қоңыр қозым тілдік бірліктерін қолдану арқылы тыңдаушыға деген ерекше сүйіспеншілігімен қатар аяныш сезімін, болған іске деген өкінішін де жеткізіп тұр. – Қозым, қозым... Сенің осы айтқаныңның өзі-ақ маған үлде мен бүлде емес пе. Айналдым сенен... – деп еміренетін (С. Мұратбеков). – Қаршығам, жарайсың – деді (І. Жансүгіров) – мақтау.

Зерттеу жұмысымызды тұжырымдай келе, қазақ тіліндегі фразеологизмдердің адам эмоциясын беруде дәл әрі нақты бейнелеуші құрал ретінде эмотивті әлеуетті бірліктер екендігін дәлелдейміз.

Эмоциялар адамдардың қоршаған ортаға бейімделу механизмдерінің бірі. Олар адам барлық іс-әрекет аясында, соның ішінде қарым-қатынас әрекетінде де болады. В.Шаховский бойынша эмоциялардың зерделеудің лингвистикалық тәсілдемесін былайша анықтай аламыз: «Эмоции как психическое явление отражают (то есть воспроизводят) в сознании человека его эмоциональные отношения к миру. Эти эмоциональные отношения являются хотя и субъективными, но социально осознанными и потому в определенной степени типизированными» [3, 117]. Дәл осы тілдің эмотивті функциясы адамның қоршаған ортадағы қандай да бір құбылысқа деген эмоционалды қатынасты білдіру қажеттілігін бейнелеу қызметін атқарады. Сол арқылы тілдік бірліктердің эмотивті әлеуеті анықталып, ол әр сөздің эмотивтілік деңгейін тануға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Смағұлова Г. «Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда» монографиясы.: Алматы, – 2020, – 256 б.
2. Шаховский В.И. Лингвистика эмоций: основные проблемы, результаты и перспективы // Мир лингвистики и коммуникации: электронный научный журнал, 2008. – Т. 1. – № 10. – С. 8-12.
3. Шаховский В.И. Эмоции: Долингвистика, лингвистика, лингвокультурология. – М., 2010. – 128 с.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – 356 б.
5. Иманалиева Г.Қ. Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар. – Алматы: Қазақ университеті, 2011 – 255 б.
6. Ковшова М.Л. Лингвокультурологический метод во фразеологии. Коды культуры. – М., 2012. – 456 с.

В.П. Русанов, Л.А. Асмолова, Л.Х. Какиева
ВКУ имени Сарсена Аманжолова, Казахстан, г. Усть-Каменогорск,
prep_rusanov@mail.ru, asmolova-vko@mail.ru, kakieva@mail.ru

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ МАЛОКОМПЛЕКТНЫХ СЕЛЬСКИХ ШКОЛ В КАЗАХСТАНЕ

Сельская школа и проблемы, связанные с организацией учебного процесса, является чрезвычайно актуальным направлением в развитии современного образования в Республики Казахстан.

В педагогическом энциклопедическом словаре указывается, что «малокомплектная школа, школа без параллельных классов, с малым контингентом учащихся. Распространены главным образом в сельской местности [1].

Понятие «малокомплектная школа» определено Законом РК «Об образовании» (ст. 1 п. 58) как «общеобразовательная школа с малым контингентом обучающихся, совмещенными класс-комплектами и со специфической формой организации учебных занятий» [2].

МКШ имеют особую значимость в образовательной системе РК, поскольку выступает не только учреждением образования, но и общественным институтом, рациональным фактором, создающим основу для дальнейшей работы на селе.

МКШ занимает особое место образования в Казахстане, так как является не только образовательным учреждением, но и социальным институтом, фактором преобразования на селе. Образование в сельской местности должно соответствовать социальным ожиданиям людей, социально-ценностному заказу сельского сообщества, каждой семьи и конкретного человека.

Сельская малокомплектная школа является составной частью общегосударственной системы образования. Это главный резерв пополнения кадров для сельскохозяйственного производства. Ее состояние и уровень работы оказывает огромное влияние на социально-экономическое развитие села, на культурно-образовательный уровень населения, решение демографических проблем [3].

Малокомплектная школа носит характер общей направленности, свойственный современному образованию:

- распространяет и утверждает в сфере общественной жизни идеи, взгляды и убеждения, проникнутые гуманизмом, оценку и понимание, переход к самоактуализации самообразованию, творческое взаимодействие, эффективность;

- способствует гуманизации, творческому сотрудничеству, непрерывности в результативности в образовании.

Отрадно то, что в Государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы одной из главных задач определено сокращение разрыва в качестве образования между городскими и сельскими школами, регионами, учебными заведениями, обучающимися [4].

Среди множества факторов, определяющих возникновение современной МКШ следующие:

- социальные: уровень образования сельского населения, общий уровень культуры; наличие социокультурных учреждений; обычаи, свойственные селу;

- экономические: наличие различных форм собственности, наличие индивидуального хозяйства; материальная база сельской школы;

- социально-педагогические: малокомплектность;

- небольшая накопляемость классов;

- наличие пришкольных интернатов;

- экологические – близость природы.

Совокупность этих факторов, особенно социально-педагогические, влияют на качество и эффективность работы МКШ.

Малокомплектные школы существуют в большинстве стран. Распространены, главным образом, в сельской местности.

В малонаселённых регионах Республики Казахстан удельный вес малокомплектной школы в структуре школьной сети постепенно возрастает. Малокомплектная школа становится одним из главных селообразующих факторов, особенно значимым в условиях многоукладности крестьянского хозяйства.

Массовая миграция сельского населения в город, связанное с этим опустошение сел, с одной стороны, создание в аграрном секторе арендных, фермерских, крестьянских хозяйств, возрождение забытых деревень и аулов, с другой стороны, имели следствием то, что в 80-х – начале 90-х годов 20 века наметилась устойчивая тенденция к росту числа малокомплектных школ.

В силу сложившихся исторических и географических особенностей Казахстан имеет огромную территорию: площадь более 2717,0 тыс. кв. км, плотность населения 5,5 чел на кв. км.

Разнообразие природно-климатических условий (степь и высокогорье, огромные территории, бездорожье и суровый климат в отдельных регионах) действуют на организацию школ прямо или косвенно через экономические и демографические факторы (необходимость учета своеобразия социально-экономических, демографических, национальных и других условий при решении всех организационно-педагогических проблем школ).

Современное социально-экономическое развитие Казахстана обусловлено сочетанием развитой добывающей, перерабатывающей промышленности и традиционных отраслей сельского хозяйства.

Такое сочетание дает достаточно выраженные контрасты в социальной жизни страны, делая ее неоднородной, с одной стороны, развитая, оснащенная передовой техникой и технологиями промышленность с развитой культурой, а с другой стороны, традиционное сельское хозяйство, в которое значительно медленнее внедряются современные технологии.

Демографические условия характеризуются территориальным размещением населенных пунктов, нередко на значительном расстоянии друг от друга (минимум 2-3 км, максимум – до 200-300 км) в условиях недостаточно развитой транспортной сети, особенно в степях и в горных областях; значительной долей сельского населения (40%), преобладающее большинство которого расселено по мелким населенным пунктам; низкой плотностью населения (в среднем 5,5 человек на 1 кв. км, а в сельской местности 2,6 человека на 1 кв. км); развитием двуязычия в стране: государственного – казахского, языка межнационального общения – русского. При этом в республике в местах компактного проживания тех или иных наций и народностей открываются школы и на других языках (немецком, турецком, польском, уйгурском, корейском, азербайджанском, курдском); сохранением в отдельных районах при отгонном животноводстве полукочевое население. В республике функционируют 17 школ для этнических групп населения в места их компактного проживания: с узбекским языком обучения – 9.

Указанные факторы определяют наличие и постоянное сохранение почти во всех регионах и областях мелких школ, обуславливают создание интернатов при школах, развитие смешанных по языку обучения школ.

За последние 15 лет количество основных МКШ в Казахстане увеличилось в 2 раза. Практически каждый четвертый учитель работает и каждый шестой казахстанский школьник учится в условиях МКШ. Из 7576 общеобразовательных организаций Казахстана 4288 являются МКШ, что составляет 56,5% от общего числа. В сельской местности – 4139 (68,6%) – МКШ. Для них характерны предельно низкая наполняемость и совмещение классов, многопредметность в нагрузке учителя.

Особое внимание будет уделено сельским учителям информатики и физики, а также педагогам, подготовившим победителей, призеров районных конкурсов, соревнований и турниров по робототехнике и программированию, для которых кроме дополнительных систем надбавок к заработной плате будут разработаны еще и стимулирующие меры [5].

В качестве основных проблем развития МКШ в Казахстане можно выделить следующее:

Организация учебно-воспитательного процесса:

- преобладание традиционных методик обучения в классах с малой наполняемостью;
- неэффективная система оценивания результатов педагогического процесса, приводящая к гиперконтролю, и, как следствие, высокому уровню тревожности обучающихся;
- слабое использование информационно-коммуникационных технологий;
- невозможность организации качественного профильного обучения в связи с малым контингентом обучающихся [2].

В силу сложившихся исторических и географических особенностей Казахстан имеет огромную территорию: площадь более 2717,0 тыс. кв. км, плотность населения 5,5 чел на кв. км.

Эффективность работы малокомплектной школы определяется общими и частными условиями. Первые определяют принципиальные возможности достижения высоких результатов учебно-воспитательного процесса, вторые связаны с организацией и проведением уроков, внеклассной и воспитательной работы.

Общими условиями являются:

- материальные (помещение, мебель, наличие пришкольного участка, технические средства обучения, учебные пособия, учебники и т.п.);
- экономические (наличие денежных средств для оплаты энергоносителей и т.п.);
- санитарно-гигиенические (соответствие учебных и других помещений определенным требованиям: освещение, температура, размер мебели и т.д.);
- экологические (прежде всего место расположения школы);
- отдаленность школы (возможности приема телепрограмм, повышения квалификации учителей, методической и инспекторской помощи и т.д.);
- квалификация учителей;
- взаимодействие (с дошкольными учреждениями, средней школой, администрацией населенного пункта, родителями).

Все эти условия задают те принципиальные возможности, которые определяют уровень работы школы, качество обучения и воспитания. Если в классе холодно, нет в достаточном количестве нужных книг, а из-за расположенного рядом шиферного завода трудно дышать, надеяться на высокое качество учебно-воспитательного процесса трудно.

Однако во многом зависит от учителей, которые могут влиять на те условия, которые создают они сами. Все зависит от их добросовестного отношения к делу.

К таким конкретным условиям относятся:

- рациональное объединение классов в комплекты;
- правильное составление расписания уроков;
- выбор эффективных методов обучения, воспитания, правильное сочетание их в технологическом процессе;
- определение наиболее целесообразной структуры урока в соответствии с поставленной целью;
- оптимизация содержания урока;
- правильное сочетание урочной и внеурочных форм учебно-воспитательной работы;
- рациональное чередование самостоятельной работы учеников с работой под руководством учителя;
- формирование у детей умения учиться и самостоятельно приобретать знания;
- рациональное использование наглядности и слова на различных этапах изучения знаний, формирования умений;
- научная диагностика развития, уровня обученности и воспитанности школьников;
- систематический контроль знаний, умений, основанный на принципах гуманистической педагогики;
- разумное руководство разновозрастными объединениями детей;
- применение технических средств обучения;
- использование личностно-ориентированного обучения и воспитания.

Сельская школа 21 века – это школа для всех: это новые учителя, открытые ко всему новому; это центр взаимодействия в конкретной социальной сфере; это современная инфраструктура; это современная система оценки качества образования.

Главные задачи современной школы – раскрытие способностей каждого ученика, воспитание порядочного и патриотичного человека, личности, важнейшими качествами которой становятся инициативность, способность творчески мыслить и находить нестандартные решения, умение выбирать профессиональный путь, готовность обучаться в течение всей жизни и быть жизнеспособным в высокотехнологичном, конкурентном мире.

Список литературы

1. Педагогический энциклопедический словарь. – М.: Изд-во «Советская энциклопедия». – 2012.
2. Закон РК «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 14.07.2022 г.)
3. Щербакова Е.В. Сельская малокомплектная школа: современное состояние, проблемы и перспективы непосредственный // Теория и практика образования в современном мире: материалы II Междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, ноябрь 2012 г.). – Санкт-Петербург, 2012. – С. 107-109.
4. Государственная Программа образования и науки РК на 2020-2025 годы, утвержденная Постановлением Правительства РК № 988 от 27 декабря 2019 года [Текст] Нурсултан, 2019 г.
5. Национальный сборник «Статистика системы образования Республики Казахстан» – Астана: АО «Информационно-аналитический».

Т.Қ. Рақымбек

Абай ауданы білім бөлімінің Ж. Молдағалиев атындағы орта мектебі,
School_toktamys@mail.ru

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

Қазіргі заманда ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны бүгінгі ұстаздың білім беру жүйесінің алдына қойған міндеттерінің бірі болып отыр. Қоғамда болып жатқан түбегейлі қайта құрулар, жаңартылған білім, оқытудағы инновация барлығы жаһандану үрдісімен жылжу және ақпараттық технологияларды қолдану заман талабына айналды. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде «Біз қазір «білім-ғылым-инновация» атты үштік үстемдік құратын постиндустриялық әлемге қарай бағыт алып барамыз» деген болатын. Ендеше еліміздің әлемдік үдерістерге енуі білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өту қажеттілігін арттыруда.

Жаһандық заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілеті мен белсенділігін арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, өмірде оны қолдана білуге бағыттау ұстаздың басты міндеті болуымен қатар, оларға жүктелер жауапкершілік жүгін де есейлейді. Өйткені, сапалы білім мен кәсіби білікті мамансыз бәсекеге қабілетті өскелең ұрпақты тәрбиелеу мүмкін емес. ХХІ ғасыр ғылым мен білімнің ғасыры. Ірі мемлекеттердің қатарына енуді, осы жалпы еуропалық стандартқа сай жаңа білім беруді талап етеді. Бір жүйеге еніп бағытты өзгерту, бүгінгі уақыттың талабы. Жылдан -жылға талапқа сай білім саласыда бой түзеп келеді. Жаңартылған білім негізінде білім жолында біршама өзгерістердің арқасында, жаңа бағытқа көшу мектеп мұғалімдерінің кәсіби деңгейімен біліктілігінің артуына ықпал етіп қана қоймай, әрі жаңа білім берудің мақсаты білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс- тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды қажет етеді. Қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталған. Ізбасар ұрпақты қашанда «ұстаз» тәрбиелейді. Сондықтанда заманауи қоғамның білім беру жүйесіндегі жаңа технологияларды енгізу күннен- күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттілігі күшейіп келеді. Яғни, әр оқушының тұлға болып қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Бүгінгі қоғамның зиялы азаматына білім беру – сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу.

ХХІ ғасыр озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Әр жаңа технология, жобалар білім саласындағы жаңалықтардың басты мақсат, міндеттері бір-біріне жуық, мәндес болып келетіні бізге мәлім. Білім беру жүйесі тиімділігінің басты көрсеткіштерінің бірі-білім сапасы. Осы жобаны игеруде пән мұғалімдерінің алатын рөлі орасан зор. Білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. Үштік одақпен жұмыс әркез тығыз байланыста болу керек. Яғни “оқушы, ата-ана, мектеп” мұғалім сапалы, нәтижелі көрсеткіш көрсету үшін асқан шеберлікті қажет етеді. Мұғалім мен білім алушының арасында жылы қарым-қатынас болуы шарт. Білім алушының қажеттілігі мен қызығушылығына көңіл аударуды күшейтіп, жеке тұлғаның барлық дағдыларын дамытып, оның толық ашылуына мүмкіндік жасау. Әрбір мұғалім күнделікті сабақта өз ісін зерттеп, жаңашыл әдіс-тәсілдермен оқушының білім сапасын арттыруы керек.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі- жас ұрпаққа терең білім беру. Оның негізі жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу-тәрбие үрдісіне заманауи технологиялар мен әдістерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Оқушылардың алған білімі мен білігін және іс – тәжірибелік дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыс жүйесі оқыту әдістерінің құрылымына тікелей байланысты. Сонымен қатар мұғалім басшылығымен орындалатын оқушы жұмысының тұрақты сатысы оқыту әдістерінің мазмұнына қатысты. Білім беру әдістері әр пәннің теориялық материалдарын психикалық қызмет негізінде меңгертіп, оны оқушылар ойында қалыптастыруды және практикада шебер қолдана білуді үйрететін тәсілдер құрамы болып табылады.

Білім беру әдістеріне педагогика теориясында төмендегідей анықтама берілгін: “... білім беру әдістері оқушылардың білім мен білігін, олардың практикалық дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыстарының тәсілі және оқушылар жүргізетін жұмыстың мұғалімнің басшылығымен орындалатын бірден – бір тәсіл”. Әдістің теориялық мақсаты білім берудің

мақсатына негізделеді де, әр алуан жұмыс жүйесі арқылы жүзеге асады. Осы үрдісте мынадай ойлау дағдылары қалыптасады: тілдік материалдарды талдау, талданған объектілерді түсіндіру, объектілерді дәлелдеу, объектілердің өзіндік белгілерін санамалап көрсету, тақырыпты оқыту, оқыту үстінде қатесін түзету, тақырыптың анықтамасы мен ережесін айту, бірнеше мысалдарды оқушылардың өздеріне тапқызып талдату. Білім мен дағдының өзара кірігуі арқылы білім беру әдісінің құрлымын білуге жол ашады, мұғалім мен оқушының қарым – қатынасы күшейіп, мұғалімнің білім беру шеберліктері төселеді, теориялық және практикалық әдістерді саралап, қолдануға жаттығады. Осының нәтижесінде пәннің оқыту әдістері жүйеленіп, білім берудің сапасы артады. Бүгінгі күні мұғалім үшін білім беру әдістері сан алуан. Осы әдістерді әдістемеде жіктеп көрсетудің мәні зор. Жіктеп көрсетуде, біріншіден, оқушыға берілетін білімнің сапасы артады, екіншіден, оқушымен жүргізілетін жұмыстың дәлдігі нығаяды, үшіншіден, мұғалімнің атқаратын жұмысы жеңілдейді. Әрине, білім беру әдістерін таңдап, қолдану, оны қай уақытта іске асыру және білім беру әдістерін қай материалға байланысты сұрыптап алу методиканың қиын әрі күрделі мәселелері. Сондықтан оқушыларға ұсынылатын тілдік материалдардың көлемін дұрыс таңдап, сұрыптау өте қажет іс болып табылары сөзсіз. Оқушыларға берілетін білім мазмұнының көлемі мен ғылыми сапасын зерделеу білім беру әдістерінің іске асырылуын жеңілдетеді. Білім беру әдістерін іске асыруда оларды топтастыру, жіктеу ең қажетті мәселе болып табылады. Оқушылар тілді практикалық – теориялық және теориялық – практикалық жақтан меңгереді.

Мұғалім ретінде өздік көзқарасым бойынша төмендегі стратегияларға тоқтала кетсем:

“Еркіндік таңдау стратегиясы” жеке тұлғаның өзіндік ой пікірін қалыптастыруда еркіндік таңдау ерекше орын алады. Таңдаудың қалыс қалуы өзгелердің үкім, ұйғарымы оқушының ойлау пайымын тұсайды. Бұл тәсілді қазіргі оқу жүйесінде пайдалану өте тиімді. Сөз дәйектілігі үшін мысал келтіре кетейік. В.Ф. Шаталов оқушыларға тапсырмалар топтамасын беріп, ал оқушылар қайсысын орындайтынын өзі таңдап алады. Бұл жерде айта кететін жай оқушының таңдауы басты мәселе емес, мұғалімнің тіл дамыту барысындағы тапсырмаларды көптеп ұйымдастыруы, ал С.Н. Лсенкова әдісі бойынша мұғалімнің тақтаға жазатын қиын сөздерін оқушы өздері таңдап алады. Дәл осы технология И.П. Волкова өзгеше түр тапқан. Ол оқушыларға үй тапсырмасына тақырыпты береді. Ал оқушылар қандай үлгіде орындап келуін өздері шешеді. Мәселен тіл дамыту жұмысында осы тәсілдерді қолдану орынды.

Шын білім оқушының нені білмейтінінен басталады. Осы орайда гректің әйгілі данышпаны Сократтың “Менің білетінім бір – ақ нәрсе, ол ештеңке білмейтінім” деген құнды пікірінің маңыздылығын ескерген жөн. Көбіне оқушы мақтаныш сезіммен ананы – мынаны білемін деп асқақтыққа салынады. Бірақ нені білмейтінін жете білмейді. Ең үрейлісі оқушының өз білімінің шегін, шетін білмеуі. Оқушы өзінің не білмейтінін межелей алмаса, оның өзге ақпаратты деректерді білуге деген құштарлығы жойылмақ.

Білімге деген құштарлығын оятпай жалаң оқыту қашанда шаблондық тәрбие болып табылмақ. Тек білім беру ісімен шектелмей, сонымен қатар сол білімнің шегін де көрсетіп отыруы қажет. Яғни оқушыны өтілген тақырыптың аясынан тыс шешімдерді қажет ететін мәселелермен беттестіріп отыру қажет. Бұл дегеніміз кез – келген педагогикалық технологиялардың асыл тіні болып табылады.

“Кері байланыс стратегиясы” тіл материалдарын игерту жұмыстарында қолдану ерекше жемісті. Кері байланыс тетіктері жүйелі түрде дамып отырса, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым – қатынас неғұрлым нығая түседі. Бұны мысалдап көрсететін болсақ, ұшқыш ұшақтағы барлық жағдайды барлап отырады. Яғни алдындағы приборлар арқылы борттың температурасын, жанар май мөлшерін бақылай алады. Онысыз сәтті ұшуды жоспарлау мүмкін емес. Сабақтың да сәттілігі де осында. Тек мұғалімнің бақылайтын парометрлері ғана өзгеше. Яғни оқушының көңіл – күйі олардың қызығушылық дәрежесі, түсіну деңгейі. Осындай тетіктерді атқару үшін жүйелі түрде оқу ісін бақылауға алады.

Қорыта айтқанда, жалпыға бірдей білім беру жүйесінде әр сабақтың типі мен құрылымдарындағы жаңа технологияларға сүйенген әр түрлі технологиялық жүйелер негізінде құру арқылы оқу материалына деген оқушының ынтасын, ой белсенділігін арттыру, ақпаратты саралау, өзінше пайымдау қабілетін дамыту, өз ойын ашық та батыл айту машығына дағдыландыру сынды оқушы бойына қажетті іскерлік дағдыларын оятуға, әрі одан ары өрістетуде маңызы ерекше.

Мұғалімдер тәжірибесінде жұмыстың бұл түрі көбінесе бір жақты сынай алып, оқушының ой-сезім өсуіне тежеу салады. Дәлірек айтқанда, жауап қайтарушы оқушылар болған да, сұрақ қою мәртебесіне мұғалім ие. Қазіргі таңда жаңа технологиялардың ұстанған бағыты мұғалім бағыт – бағдар сілтеуші, ой қозғаушы жетекші роль атқарады.

Барлық білім дағды арқылы мұғалім шеберлігін танытып бәсекеге қабілетті жан жақсы жетілген жеке тұлға қалыптастыруға атсалысуда. Ондай тұлға айтпасақта белгілі болашаққа сенімді,ынталы, сыни көзқарастары жүйелі дамыған, қазіргі сандық технологиларды, өмірде өз білімін қалыптан жағдайда да еркін әрі терең пайдалана білетін тұлға болуы керек. Осыдан барып әр оқушыда сенімділік пайда болып саналы түрде өзіндік зерттеулер жүргізе бастайды.

Әрбір сабақ мұғалімнің шығармашылық жұмысы. Сондықтан сабақты оқушылардың есінде қалатындай етіп түрлендіріп өткізген жөн. Бүгінгі ғылым мен техниканың дамыған заманында өмір сүргендіктен жаңартылған білім жүйесін одан әрі жетілдіріп саналы ұрпақ тәрбиелейік.

Сөзімді қорытындылай келе бүгінгі заманда білімнің арқасында «Алынбайтын қамал болмайды» яғни болашаққа бағытталған жүйе мен талап барда қоғам ешқашан шет қалмайды. Енді тек осы жоспарларды орындай отырып, жаңартылған білім жүйесі негізінде нәтижелі пайдалана білу әрі биік мақсаттарға қол жеткізе білу-бүгінгі ұстаздың басты міндеті деп білемін. Мына жаһандық заманда таудай өрлеудің арқасында көштен қалмаспыз!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жұмаханов Ғ. Қазіргі заманғы техникалық құралдарды пайдалану. – Алматы, 1972.
2. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас теориясы және негіздері. – Алматы, 2000.
3. Құдайқұлов М. Мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуге қазіргі заманғы техникалық құралдарды пайдалану. – Алматы, 1972.

ҒТАХР: 15.31.11

А.Р. Рахметова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, sublime070487@bk.ru

ЖОО-НЫҢ СТУДЕНТТЕРІНДЕ КРЕАТИВТІК ОЙЛАУДЫҢ ДАМУЫ

Қазіргі кезде, дүниежүзінде білім сапасы – елдің экономикалық дамуының, қауіпсіздігінің, қоғамның тұрақты дамуының кепілі ретінде қарастырылуда. Қазақстан Республикасының білім беру саясаты білім беру жүйесін түбегейлі жаңартуға бағытталып, орта білім берудің 12-жылдық үлгісіне көшуді міндеттейді. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдар арналған Мемлекеттік бағдарламасында 12-жылдық білім берудің стандарты коммуникативтік дағдыларды, ақпараттар мен технологияларды басқара білуді, проблемаларды шешуді, іскерлік пен креативтілікті қалыптастыратын білімді алудағы тұлғаның дамуын, дербестігін қамтамасыз ететін нәтижеге бағытталатыны белгіленген [1].

Осыған орай адамның өзгермелі өмірлік жағдаяттарға жылдам бейімделе алуына мүмкіндік беретін креативтілік мәселесін және тұлғаның креативтілік сипатын зерттеу педагогика ғылымының негізгі міндеттерінің біріне айналып отыр. Креативтілік туралы ғылыми түсініктердің қарама-қайшылығы мен көпқырлылығы, мәселені теориялық негіздеуді қажет етеді.

Креативтілік – ағылшынның «creativity» сөзінен аударғанда шығармашылық деген мағына береді. Креативтілік адамның жаңа идеяларды ойлап табуы, ерекше шешімдер қабылдауы мен дәстүрлі ойлау жүйесінен алшақтауы, бір сөзбен айтқанда шығармашылыққа іс-әрекетке қабілеттілік ретінде түсіндіріледі. Креативтілікті зерттеуге байланысты теориялық және практикалық тұрғыдан белгілі бір нәтижелерге қол жеткізген материалдардың көптігіне қарамастан, осы уақытқа дейін оның көпшілік қабылдаған нақты анықтамасы берілмеген.

М.А. Холодная креативтілікті кең және тар мағынада қарастырылатынын атап көрсеткен. Тар мағынада креативтілік – бір мәселеге қатысты бірнеше дұрыс идеяларды ұсынуға дайындығымен ерекшеленетін дивергенттік ойлау. Кең мағынада – шығармашылық интеллектілік қабілеттер, оның ішінде тәжірибеге жаңалық енгізу, жаңа проблемаларды қою және шешуде ерекше идеялар ұсынуға қабілеттілік, олқылықтар мен қарама-қайшылықтарды түсіну, гипотеза ұсыну, сонымен қатар стереотиптік ойлаудан бас тартуға қабілеттілік [3].

Психологиялық зерттеулерде креативтілік термині тұлғаның интеллектуалдық және өз бетінше мәселені көтеруі, ерекше идеяларды айтып, оларды өзгеше жолмен шешу ерекшеліктерінің кешенін білдіреді.

Креативтілік маңызды және ерекше феномен болып табылатын бұрынғы зерттеулер мен қазіргі зерттеулерде – тұлғаның интеллектуалдық және тұлғалық ерекшеліктері ретінде қарау беталысы айқындалады. Көптеген зерттеулерде психологиялық креативтілік механизмдері мен шығармашылық потенциалын, тұлғаның түрлі сандық және сапалық қасиеттерін анықтауға басты назар аударылады.

Креативтілік ұғымының мәні шығармашылық әлеуетке қарағанда кең, өйткені креативтілік феномені потенциалды және актуалды формада болады. Шығармашылық қабілеттер (интеллектуалдық, эстетикалық, коммуникативтік және т.б.) – креативтіліктің құрылымдық компоненттері.

Модернизациялаудың құқықтық негіздерін Қазақстан Республикасы стратегиялық дамуының 2050-жылға дейінгі бағдарламасы және басқа мемлекеттік нормативті құжаттар құрайды. Егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекетінде креативті әрекет ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде. Дарынды, білімді жастар ғана егеменді еліміздің ертеңін баянды етіп, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қоса алады.

«Креативтілік – проблемалық сипаты бар, барлық ішкі байланыстарды біріктіретін, нәтижеде жаңа материалдық және идеалдық құндылықтар алынатын адамның мақсатты әрекеті» – деп түсіндіріледі философиялық сөздікте [4]. Қазіргі кезде креативтілік – қоғамның өрлеуі мен тоқырауының индикаторы ретінде және жахандану кеңістігіндегі білім берудің модернизациялық жүйесінің деңгейімен анықталады.

Шығармашылық – болашақ маманның өз даралығын түсінгенде орын алады. Өзінің осы бір ерекшелігі арқылы ол қайталанбайтын саналылықтың, ізденудің қуанышына бөленеді, жаңалыққа ұмтылыс жасау арқылы өзінің ішкі дүниесін жаңғыртуға қадамдар жасайды. Біз зерттеп отырған креативтік әрекет Д.Б. Богоявленская, А.В. Брушлинский, А.Я. Пономарев, т.б. ғалымдар еңбектерінде креативтік қабілеттердің дамуы, тұлғаның интеллектуалдық әрекеті аясында қарастырылады. Олар креативтіліктің заңдылықтары, шарттары, даму барысы жайлы мәселе көтеріп, бұл сапаның құрылысы креативтілік қабілеттердің процессуалдық сипаттамаларынан түзілетіндігіне тоқталады [2].

«Креативтілік» ұғымы жаңа гуманистік психология бағытында жаңа мәнге ие болды деуге болады. Мысалы, Э. Фромм шығармашылықты талдауды оның өнімі тұрғысынан емес, сол әрекеттің адам үшін қаншалықты маңызы бар екендігі тұрғысынан қарауды ұсынады. Осыған жақын ойды тұлғалық бағдарлы психология өкілі К. Роджерс білдірген. Оның пікірінше, креативтілік – адамның қоршаған әлеммен байланысындағы шектеулерді жеңіп шығу үшін өзінің ішкі психологиялық әлемін зерттеуі.

Жалпы креативтілік ұғымына қатысты 60-қа жуық анықтамалар бар екенін анықтай отырып, олардың ішіндегі біздің зерттеуіміз үшін мәні бар кейбірін ыңғайлы болуы үшін төмендегідей етіп топтастырдық: 1) шығармашылыққа қабілеттілік, соны ойлау: тұлғаны сипаттайтын шығармашылық қабілеттердің деңгейі, креативтілік – адамның қалыптан тыс ойлай алуы; индивидтің жаңа идеяларды ашуға қабілеттілігі; шығармашылық дарындылық деңгейі; креативтілік тез арада шығармашылық шешім қабылдай алу; креативтілік – индивидтің әлеуметтік мәні бар шығармашылық белсенділігін туғызатын ерекше қасиеті; 2) креативтілік – адамның интеллектуалдық белсенділігінің жоғары деңгейі, оның нәтижесінде құбылыстардың мәніне терең бойлау, мәселе көтеріп, оны тапқырлықпен шешу [3]. Бұл мақсат креативті іс-әрекетті дамытуға қатысты педагогикалық ойларды талдау қажеттілігін туындатты. Студенттердің креативтілік ойлауын қалыптастыруда оқу материалдарының маңыздылығы дәрежесіне қарай оның құндылығын анықтап, сабақ беру мен оқу үрдісін ұйымдастыра білудің маңызы зор.

Оқыту үрдісінде студенттің креативтілік ойлауын қалыптастыру үшін білімдер мен әрекет тәсілдерін алуды қажеттендіруді қалыптастыратын шарттарды, өзін-өзі бейімдеу шарттарын, мәселелерді шешудің түрлі нысандарын ұйымдастыру дағдыларын дамытудың шарттарын қамтамасыз етілуі тиіс. Студенттердің креативтілік ойлаудың даму деңгейлеріне тоқталатын болсақ, оның ең жоғары деңгейі креативтілік міндеттерді өз бетінше қоюмен, тапсырмалардың шешімін табуда неғұрлым тиімді жолдарын болжаумен және өз бетінше айқындаумен, өздігінен бағалаумен сипатталады. Ал, орташа деңгей жоғары деңгейдің кейбір элементтерінің оқытушының көмегімен орындалатынымен сипатталады. Төменгі деңгейде студентке белгілі бір әрекеттің үлгісі болғанда, оларды орындау тәсілдері туралы көмек болғанда ғана креативтілік әрекетін ынталандыруға, белгілі тәсілдерге бағдарлануда көрініс табады. Креативтілік ізденімпаздық пен белсенділік жеке тұлғаның

алуан қырлы болмыс-бітімі болып табылады. Ол – сезімталдық, креативтілік және еріктік үрдіс нәтижесі, креативтілік уәж бен өз бетінше әрекет тәсілдерінің жиынтығы, танымға деген тұрақты құлшыныс болып табылатын креативтілік әрекетке бейімделу. Оқуда белсенділік оқып-үйренетін тақырыпқа, пайда болған мәселеге, міндетке тұрақты ынталық пайда болуымен, назар мен ой-сана операциясының бағыттылығымен (талдау мен синтез, салыстыру мен салмақтау), оқып жатқан материалды ұғыну арқылы машықтанады. Студенттердің креативтілік іс-әрекетін белсендіруді қалыптастырудағы тиімді әдістерге жеке-жеке тоқталайық.

Проблемалық-дамыта отырып оқыту әдістержүйесі. Бұл әдістержүйесі мынадай негіздер бойынша топталды: проблема деңгейіне байланысты; мұғалім әрекеті түріне байланысты (мұғалімнің баяндау әдісі: монологты, көрсету, диалогты: студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру әдісі, зерттеу).

Монологты оқыту әдістері. Белгілері: оқытушының оқу материялын ауызша баяндауы, фактілерді қызғылықты суреттей отырып түсіндіруі, т.б., проблемалық жағдайлардың пікірталас түрінде пайда болуы. Студенттердің орындаушылық іс-әрекеті басым: белсенді ойлау, бақылау, тыңдау және есте сақтау, іс-әрекеттің үлгі бойынша орындалуы; білімін, сапасын бағалау. Көрсету әдісі. Белгілері: оқу-креативтілік немесе ғылыми проблеманың шешілу логикасы көрсетіледі; дәлелдеме, пікірлер үлгілері беріліп, шындыққа жету жолы көрсетіледі. Диалогты әдіс. Негізгі белгілері: оқу материалын әңгіме формасында беру. Эвристикалық әдіс. Негізгі белгілері: материалды оқыту эвристикалық әңгіме ретінде ұйымдастырылады; креативтілік сұрақтар қойылады; креативтілік тапсырмалар шешіледі; оқу проблемалары қойылып, оны студент мұғалім көмегімен шешеді. Зерттеу әдісі. Негізгі белгілері: оқытушы проблемалық сипаттағы тапсырмаларды береді, жұмыстың мақсатын студентпен бірлесе отырып құрайды, студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырады. Теориялық және практикалық сипаттағы проблемалық жағдайлар студенттердің тапсырмаларды орындауы барысында туындайды. Алгоритмдік әдіс. Негізгі белгілері: студенттің ауызша жауап беруі; әрекет үлгісін көрсету және оның орындалу алгоритмін көрсету (ережелер біртұтастығы); студенттердің өздері жасағанда мүмкін болатын жағдайлар.

Оқу-креативтілік және ғылыми ізденістер жүйесі студенттердің көзқарасын кеңейтуде интеллектін көтеруде, болашақ маманның әлеуметтік-психологиялық мінезіндегі жеке қасиеттерінің дамуына елеулі әсер етеді.

Демек, студенттердің креативтілік ойлау – олардың жеке дамуын қамтамасыз етеді, өзіндік шығармашылық ой-өрісін кеңейте білуімен сипатталатын жеке тұлғаға тән қасиет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдар арналған Мемлекеттік бағдарламасы [Электронный ресурс] / – Режим доступа: <http://www.edu.gov.kz>.
2. Ильин, Е.П. Психология творчества, креативности, одаренности. – СПб.: Питер, 2009.
3. Холодная, М.А. Психология интеллекта: парадоксы исследования [Электронный ресурс] / М.А. Холодная. – Режим доступа: <http://www.koob.ru>.
4. Чернилевский, Д.В. Креативные аспекты становления образовательной системы. – М., 2003.

ҒТАХР: 14.25.09

А.К. Саидахмет, Г.С. Сапарова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»,
Қазақстан, г. Семей, Saidahmet_21@mail.ru

ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫҢ ОҚЫТУДЫ БАҒАЛАУДА РӨЛІ

Бүгінгі таңда педагогикалық процестің маңызды элементі болып табылатын оқушылардың іс – әрекетін бағалау бұрынғыдан да өзекті, ал бағалау-мұғалімнің осы немесе басқа міндетін орындайтын қуатты педагогикалық құрал. Бағалау сонымен қатар мемлекет пен мектеп, мұғалім мен оқушы, мектеп пен ата-ананың өзара әрекеттесу процесінің көрінісі болып табылады. Кез-келген бағалау қызметі оқушының немесе мұғалімнің білім беру процесінде олардың өзара әрекеті қаншалықты тиімді екендігі туралы ақпарат алу қажеттілігінен туындайды. Критериалды бағалау, өз кезегінде, қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады. Бағалау және оқыту өзара байланысты процестер болып табылады. Диагностикалық бағалау нәтижелерінсіз мұғалім қалыптастырушы бағалауды тиісті деңгейде қолдана алмайды. Бұл әдіс оқушылардың білімі мен дағдыларын едәуір сапалы және объективті бағалауды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, мектеп оқушыларының өз жұмысын барабар бақылау және бағалау, туындаған қиындықтардың себептерін өз бетінше анықтау және оларды жою қабілеттерін дамытады. Қалыптастырушы бағалау оқушының шеберлік деңгейін анықтайды, бұл тоқсандыққа және жылдыққа эсер етпейтін аралық белгілер. Жиынтық бағалау материалдың белгілі бір блогын зерделегеннен кейін қорытынды белгіні қою үшін жүргізіледі. Оқытудың белсенді түрлерін енгізу оқушылардың өз бетінше функционалдық сауаттылықты дамытуды, білімді белсенді "алуды", құрдастарымен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға және проблемаларды шешуге шығармашылық тұрғыдан қарауды көздейді. Осылайша, адамның тиімділігі ол алған білім мөлшерін емес, ол меңгерген дағдылар мен қабілеттер алуан түрлілігін және оларды қолдану мүмкіндіктерін анықтайды, сонымен қатар оқушыларға негізгі адами нормалар мен моральды сіңіруге, басқа мәдениеттер мен көзқарастарға төзімділік пен құрмет қалыптастыруға, жауапты, дені сау баланы тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Қарастырылып отырған мәселенің өзектілігі дипломдық жұмыс тақырыбын таңдауды анықтауға мүмкіндік берді: биология сабақтарында оқушылардың оқу жетістіктерін қалаптастырушы бағалау оқуға деген ынтаның шарты ретінде. Біздің осы зерттеуге деген қызығушылығымыз- оқушылардың білімі мен дағдыларын объективті бағалауды ынталандыру арқылы оқыту мен білім беру сапасын арттыру.

Зерттеу жұмысы Семей қаласының № 22 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейінде 7-ші сыныбында биология сабақтарында өткізілді.

Оқушыларды ынталандыруға ықпал еткен қалыптастырушы бағалау құралдары зерттелді. Оқушылардың білім беру жүйесіндегі қалыптастырушы бағалаудың ерекше рөлі, оны қалыптастырудың әртүрлі жолдары, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың педагогтары қолданатын құралдарының ауқымы көрсетілді.

Қалыптастырушы бағалауды бағалау критерийі, өзіндік және өзара бағалау құралдары арқылы жүргізілді. Оқытудың белсенді түрлері қалыптастырушы бағалау үшін неғұрлым тиімді болып табылады. Сабақтарды өткізудің белсенді түрлері қолданылды: жұптық және топтық жұмыс.

Біздің зерттеуімізде ең тиімді оқытудың белсенді әдістері ретінде осылар алынды: Джигсо, Венн диаграммасы, демонстрация әдісі, ассоциациялар әдісі, интеллект-карталар, кластерлер әдісі, сұраулы сөздер, аяқталмаған сөйлем әдісі, биологиялық диктант, глоссарий жасау, қар кесегі, True-False.

Қалыптастырушы бағалау әр сабақ барысында үздіксіз жүргізілді. Оқуға деген ынтаны арттырған қалыптастырушы бағалаудың ең тиімді әдістері: екі жұлдыз және бір тілек, ашық микрофон, бес саусақ, Блоб ағашы тәсілі, бағдаршам, жетістік баспалдағы, ауызша бағалау (ауызша кері байланыс), оқушылармен жеке әңгімелесу, өзін-өзі бағалау парағы.

Қалыптастырушы бағалау оқу процесіне тарту арқылы оқуға деген ынтаны арттырады.

Оқушылардың үлгерімі бойынша қалыптастырушы бағалау оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырады екендігін байқадық. Білім сапасы 2-ші тоқсанда 66% болса, 3-ші тоқсанда 74% -ға дейін білім сапасы көтерілді. Сабаққа белсенділік 55%-дан 100%-ға жоғарлады.

Қалыптастырушы бағалау оқыту үшін бағалау болып табылады. Себебі оқушыларды бір-бірімен салыстырмай бағалауға мүмкіндік береді. Оқушылардың жетістіктері өздерінің алдыңғы алынған жетістіктерімен салыстырылады. Оқушы өзінің жеке өсуін көреді және нақты бағалау критерийлерімен өзін бағалай алады.

Қалыптастырушы бағалау өте тиімді себебі, кері байланыс арқылы сабақтағы дидактикалық және методикалық қателерді көре алады. Мұғалімдер кері байланыс арқылы оқу процессінің проблемаларын көреді және шешуін іздейді. Қалыптастырушы бағалау мектеп басшыларымен әдіскерлерге маңызды. Себебі: мұғалім жетістігін біледі және оқушылардың ата – аналары үшін. Ата – аналар қателіктерді біле отырып кемшілігімен жұмыс істей біледі.

Оқушылардың жетістіктері өздерінің алдыңғы алынған жетістіктерімен салыстырылады. Оқушы өзінің жеке өсуін көреді және нақты бағалау критерийлерімен өзін бағалай алады.

Осылайша, зерттеу міндеттері шешілді, мақсатқа қол жеткізілді деген қорытынды жасауға болады. Орта буын сынып оқушыларының сабақ кезінде қызығушылығын арттыруға арналған арнайы әдіс-тәсілдер мен тапсырмалар пайдаланылса, оқушыларды сабақ кезінде қалыптастырушы бағалау ынталандырады деген болжамға келуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Сапарова Г.С., Кусаинов Г.М., Ахметбекова С.К. Технология эффективного обучения // Вестник АПНК, № 1, 2020 г.
2. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 608 б.
3. Выготский Л.С. Мышление и речь. – Изд. 5, испр., М: Лабиринт, 1999. – 352 с.

Ф.Т. Саметова¹, П.Қ. Юсуп², Б.Р. Оспанбек³, А.Ө. Жакупова⁴

¹Педагогикалық Ғылымдар Академиясы

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

³Алматы қ-сы № 15 гимназия

⁴ХБК Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы

МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ САПАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН КРИТЕРИЙЛЕР ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АЙҚЫНДАУ ЖОЛДАРЫ

Адамзат өркениеті өзінің даму жолындағы жарқын жетістіктерге ең алдымен білім беру саласын жетілдіру арқылы қол жеткізді. Тіршілік барысында туындаған қоғамдық мәселелер адамның әлеуметтік топтың мүшесі ретінде қалыптасып қана қоймай, белгілі бір мақсатқа жету барысында топтасып, бірлесе әрекет ету қабілетін шыңдады. Әр адам өз бетінше үйренгенін өзі мүше болып кірген әлеуметтік топтың мүддесі үшін жұмсауды, білгенін өзгемен бөлісуді, сол арқылы тәжірибе жетілдіруді үйренді. Бұл ежелден белгілі өмір шындығы болса-дағы бүгінгі білім беру үдерісі қанша жаңа бағыт ұстанып, тың талаптарға сүйенсе де дәстүрлі білім беру канондарынан аса алшақтап кете алмады. Өйткені білім беру үдерісі адам баласына ортақ мұра, оның ең басты зияткерлік құндылықтарының бірі. Білім беру оқыту арқылы жүргізілетін құбылыс. Оқыту дегеніміз – қайталаулардың немесе тәжірибенің нәтижесінде адамның мінез-құлқы мен жүріс-тұрыс ерекшелігінде орын алатын, ұзақ уақытқа созылатын өзгеріс [1, 20 б.].

Білім беру үдерісінде оқулық аса маңызды компонент болып саналады. Оқулық – тиімді оқыту мен сапалы әрі жүйелі білім берудің кепілі. Белгілі бір білім саласы бойынша нақты ақпараттар мен деректер берумен қатар оқулық білім алушының пән құндылығын, оның күнделікті өмірдегі маңызын түсінуіне мүмкіндік береді. Жақсы жазылған оқулық оқушының рефлексивті ойлауын дамытуға ықпал етіп, өмірлік мәселелерді шеше алу қабілетін жетілдіреді. Әрине, оқулық сапасы оның арнайы бағдарламаның тұжырымымен сәйкестігіне де байланысты. Оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес жазылған оқулық өтілетін пәннің негізгі ережелерін қамтиды. Ал ол мұғалімнің бала оқыту үдерісінде білім мазмұнын түрлендіре қолдануына жол ашады. Сондай-ақ оқулық мұғалімге сабақты жоспарлауға, оқыту әдістерін айқындауға көмек беріп, білім берудің жүйелі жүргізілуіне ықпал етеді. Олай болса сапалы білімге жетудің ең басты көрсеткіштерінің бірі - сапалы оқулық даярлау.

Жаңа ғасыр басынан бері еліміздегі білім беру саласында бірнеше реформа жүргізілді. Соның бірі – жаңартылған білім беру бағдарламасын енгізу. Жаңа бағдарлама негізінде орта мектепке арналған 1-11 сыныпты түгел қамтитын оқу-әдістемелік кешендер дайындалды. Білім беру бағыттарына сәйкес дайындалған оқулықтар бірнеше рет арнайы сараптамадан, қоғамдық бақылау сүзгісінен өтіп барып, ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұсынуымен өндіріске енгізілді. Бір қарағанда осындай сараптаудан өткен оқулықта кемшілік болмауы керек сияқты. Дегенмен, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерде кеткен көптеген кемшіліктер айқындалды. Олардың көпшілігі ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы қоғамдық талқыға түсіп, оқулықтарға түзетулер енгізілді. Жоғарыда айтып өткеніміздей оқулық сапасы оны жазған авторлардың білім, білігіне ғана байланысты емес, сонымен қатар оқулықтың тұжырымдамасына негіз болған білім бағдарламасына да байланысты. 2016 жылдан бері қолданысқа енгізілген мектеп оқулықтарындағы ең басты кемшіліктер де осы бағдарламада кездесетін азды-көпті кемшіліктермен тікелей байланысты екендігі анықталды. Сол себепті Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен, сондай-ақ қоғамдық талап пен сұраныстың нәтижесінде мектеп оқулықтарының сапасын жетілдіруге байланысты маңызды шаралар қолға алына бастады. Соның бірі – оқулық сапасын айқындайтын арнайы критерийлер дайындау. Бұл мәселе Білім және ғылым министрлігінің де жіті бақылауында болды. Министр А. Аймағамбетов «Оқулық – сапалы білім алушының маңызды құралы. Осы ретте оқулықтарды шығару тәртібі өзгертіліп, бұл туралы нормативтік-құқықтық актілер Әділет министрлігінде тіркеліп, өзгерістер күшіне енді. Бұдан былайғы оқулықтардың сапасы мүлдем бөлек болады. Айталық, оқулықтардың форматына қатысты ортақ талап енгізілді. Өздеріңіз білетіндей, оқулықтардың біреуі – үлкен, біреуі – кішкентай. 1-сыныптың оқушыларына арналған қазіргі оқулықтар тым көлемді болғандықтан, мұғалімдер екі баланың бір партаға кітаптарын сыйғыза алмай қиналатынын жеткізді. Оқулықтар тек шрифт, дизайн, жалпы безендіру мәселесіне ғана емес, білім алушылардың жас ерекшелігіне сай әзірленуі тиіс. Содан кейін кейбір оқулықтардағы тапсырмаларда интернетке сілтемелер беріледі. Бірақ оқушылардың бәрінде бірдей интернет жоқ екені ескерілмеген. Жоғарыда

енгізілген өзгерістерде оқулықтардың мазмұнында осындай шала тапсырмалардың болмауын қарастырып отырмыз» – деді [2].

Оқулық сапасын арттыру жолында ғылыми жоба аясында біздің тарапымыздан эксперимент жұмысы жүргізілуде. Сауалнама үш деңгейде, әртүрлі мерзімде, нақты бір сыныпта алынуда. Оқушылардан сауалнама әр сабақ нәтижесінде алынса, пән мұғалімінен әр сабақ, бөлім және тоқсан нәтижесі бойынша алынды. Ата-аналар сауалнамасы әр тоқсан нәтижесіне арналған. Оқушылардың оқулық сапасын саралауға қатысты көзқарасы бастапқы уақытта әрқилы, бәсең болды. Оқулықтың құрылымы мен мазмұнына көздері үйреніп, яғни физио-психологиялық бейімделу кезеңінен кейін оқушылардың белсенділігі арта түсті. Тапсырмалардың мазмұнына, иллюстрациялардың сапасына жіті қарай бастады. Мысалы: «Саған оқулықта берілген материал ұнады ма? Ол пәнге деген қызығушылығыңа ықпал ете ме. Сенің осы пән бойынша қосымша білім алуға деген ниетің бар ма? Өз пікіріңді жаз» деген сауалға оқу жылының басында кей оқушы мүлдем жауап бермеді немесе болымсыз пікір қалдырды. Ал екі-үш сабақтан кейін-ақ оқушылар өз пікірлерін ашық, айқын білдіре бастады. Сондай-ақ «Сабақ тақырыбын ашуда схемалар, кестелер, диаграммалар және т. б. қалай көмектеседі?» деген сауалға оқулықтың екінші, үшінші бөлімдерінде нақты мысал келтірілген жауап беріле бастады. «Орындау кезінде қиындық тудырған тапсырмалар кездесті ме? Бұл тапсырмада не түсініксіз болды?» деген сауалдың бірінші бөлігіне оқушылардың басым бөлігі оқулықтағы тапсырмаларды көрсете отырып жауап берген. Ал «Бұл тапсырмада не түсініксіз болды?» деген сұрақтың екінші бөлігін көпшілігі жауапсыз қалдырған. Яғни оқушылар оқулықтағы қиын тапсырмаларды анықтап көрсете алғанымен, тапсырма мазмұнындағы түсініксіз жерді нақты ашып бере алмаған. Бұл мәселе пән мұғалімдеріне ескертілген соң ғана оқушылардың тапсырма мазмұнын саралауы тереңдей түсті. Білім алушының оқу құралын пайдалануда оқытушының көмегіне жүгінуі білім нәтижесін арттыра түсетіні тағы да айқындалды.

Сауалнама барысында барлық респонденттер (оқушылар, пән мұғалімдері, ата-аналар) кей пәндерде тақырып қайталаушылық, оқу мақсаттарының айқын көрінбеуі, тапсырма шарттарының қайталана берілуі сияқты кемшіліктерді көрсетті. Қазақ тілі пәні бойынша сабақ тақырыптары өткен сыныптарда да берілгендігі, грамматикалық жүйелік жоқтығы, мәтіндердің сапасыздығы сияқты кемшіліктер көп көрсетілді.

Оқулық білім беруде қолданылатын құрал болғандықтан, ол білімнің өзін тікелей алмастыра алмайды. Білім осы құралды тиімді пайдалану нәтижесінде қалыптаспақ. Ал оқулықтың сапасы оны даярлауға қойылатын талаптарды жан-жақты айқындап, оларды осы үдеріс барысында оңтайлы қолдану нәтижесінде ғана жоғары болады.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Ғылым комитетінің 217 "Ғылымды дамыту" бюджеттік бағдарламасы, 102 "Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру" кіші бағдарламасы шеңберінде "Оқу әдебиетін апробациялау критерийлерінің жүйесін әзірлеу және енгізудің ғылыми-әдістемелік негіздері" атты жоба тақырыбы бойынша орындалды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 608 бет.
2. <https://egemen.kz/article/248221-oqulyq-shygharu-tartibi-ozgerdi>
3. Құсайынов А.К. Оқулық жасау және бағалау теориясы: Монография. – Алматы: Педагогикалық Ғылымдар Академиясы, 2021. – 148 б.

МРНТИ: 14.35.07

Г.Т. Самиева

Университет имени Шакарима города Семей,
Казахстан, г. Семей, gulmirasamievakabdinova@mail.ru

МИРОВЫЕ ТРЕНДЫ В ВЫСШЕМ ОБРАЗОВАНИИ

Образование является одним из основных системообразующих институтов общества, реализующих широкий спектр общественно-значимых функций и находящихся под влиянием происходящих общественных трансформаций. Особенностью образования в современном мире является то, что оно одновременно выступает одним из самых консервативных институтов, сохраняющих и воспроизводящих традиционные формы и отношения, а с другой, – оно все более становится центром воспроизводства наиболее значимых инноваций и передовых практик, определяющих перспективы развития общества.

Ряд глобальных трендов развития современного образования определяется общими мировыми тенденциями и находится под влиянием мировых общественных проблем.

Образование встроено в процесс всемирной экономической, политической, культурной интеграции и унификации, развертывающийся в последние десятилетия во всем мире. Проявлением этого является всеобщая унификация знания, в результате чего происходит выход национальных образовательных систем за пределы государственных границ, интернационализация образования и формирование единого мирового образовательного пространства и рынка образовательных услуг. Глобализация образования проявляется в гармонизации страновых систем образования между собой, унификации уровней образования и квалификационных рамок, открытости и трансграничности образования, возможности получать его из любой точки мира [1].

Процессы глобальной интеграции способствуют формированию целых регионов унификации национальных систем образования. Ярким примером этого является единое европейское образовательное пространство, сформированное в результате реализации Болонского процесса, к которому сегодня присоединились страны, находящиеся не только в Европе, но и далеко за ее пределами. В последнее время новый мощный импульс расширению глобализации образования дают информационные технологии и цифровизация образования, разрушающие национальные границы образования в принципе, и позволяющие говорить о формировании единого мирового цифрового образовательного пространства, определяющего новые конкурентные условия для всех игроков образовательного рынка.

Однако сегодня пандемия внесла поправки в масштабность глобализации, особенно на уровне высшего образования, ограничив возможности международной академической мобильности, являющейся одним из важных механизмов данного процесса, и мобилизовав национальные системы образования на повышенный спрос со стороны местных студентов, ранее ориентированных на зарубежные вузы.

Массовизация образования стала глобальным трендом образования в последние пятьдесят лет в связи расширением социальных функций государства, обеспечившего доступ к нему широких слоев населения, что привело к превращению образования из элитного в массовое. Так, доля населения стран ОЭСР, имеющих как минимум школьное образование, составляет около 90%. Процент людей с высшим образованием в странах «Большой двадцатки» приблизился к уровню 40%, а в отдельных странах, например в России, Канаде, Японии и Южной Корее – превысил 55%.

Цифровизация образования ускоряет этот процесс, поэтому на повестку дня встает вопрос о том, какая следующая глобальная идея станет новым драйвером развития образования во всем мире на ближайшие 50-100 лет? Вероятнее всего, влияние может оказать обратная сторона массовизации образования, выражающаяся в снижении его качества, определенной дискредитации образования, особенно более высоких ступеней, что уже приводит к снижению спроса на высшее образование среди населения разных стран. Это может стать угрозой финансовой стабильности университетов. Поэтому можно предположить, что новым драйвером станет идея «нового элитного» образования, которое будет ориентироваться на ограниченный круг людей и вернет принцип элитарности в школы и вузы, а реализовываться он будет на уникальном экспертном уровне очного (оффлайн) образования [2].

Демократизация образования является одним из ведущих трендов развития современного образования, проявляющимся в реализации и расширении прав каждого человека на образование, возможностей для самоорганизации и права выбора обучающихся и обучающихся в образовательном процессе, поливариативности способов образовательной деятельности, многообразии образовательных систем и форм получения образования.

Важным проявлением демократизации образования во всем мире является сокращение государственных функций в регулировании образования, развитие общественного управления, самоуправления и автономии образовательных организаций. Во многих странах в последнее время универсализм, стандартизация, рационализм, жесткие правила, строгая иерархия управления, характерные для централизованной системы образования, подверглись серьезной критике, а их преодоление стало основным содержанием образовательных реформ. Одной из современных форм демократизации образования явилось появление феномена массовых открытых образовательных курсов, которые выложили ведущие университеты мира на открытых цифровых платформах для широкого пользователя без всяких ограничений. Это позволило университетам преодолеть все институциональные границы, существовавшие в образовании, продвинуть себя в мировом образовательном пространстве, а образовательный контент сделать максимально доступным из любой точки мира любому пользователю. По всей видимости дальнейшее демократизация

образования кроме организационно-управленческого контекста будет связана с постоянно возрастающими возможностями цифровизации образования.

Технологизация образования, разворачивавшаяся постепенно в последние десятилетия и вылившаяся в настоящее время в «цифровую революцию», стала ведущим трендом развития образования. Сначала информационные, а теперь цифровые технологии кардинальным образом изменили образовательный ландшафт и конфигурацию, способствовали появлению новых сущностей в образовании. Из межличностного коммуникативного процесса оно, по сути, превратилось в технологический процесс, зависимый от использования развивающихся стремительными темпами информационных технологий. За последние несколько лет возникли принципиально новые образовательные онлайн-проекты, которые эксперты сравнивают с «лавинной инноваций»: феномен МООС (массовых открытых онлайн-курсов), совместный проект Гарварда, MIT и Беркли – EdX, Udacity или Coursera, и многие другие. Только за семь лет своего существования, к 2018 году, массовые открытые онлайн-курсы охватили 900 университетов и собрали 101 миллион пользователей со всего мира. Также появился ряд многообещающих проектов и платформенных решений в таких областях как управление учебным процессом, оценка и сертификация результатов обучения, социальные сети для преподавателей и студентов, исследователей и работодателей и т.д. Оказалось, что специализированные цифровые образовательные стартапы способны более эффективно выполнять многие традиционные функции школ и университетов – преподавание, оценку результатов, формирование сообществ и прочее. До последнего времени считалось, что это должно было привести к обострению конкуренции и неизбежному изменению существующих моделей вузов и школ. Однако сегодня, в условиях пандемии, когда в один миг цифровизация стала основным механизмом не только развития образования, но и обеспечения возможности его функционирования, отношение участников образовательного процесса к перспективам его дальнейшей цифровизации оказалось не столь однозначным [3].

Помимо глобальных трендов развития современного образования общего характера можно выделить тренды, которые связаны с реализацией социально-экономических процессов на макроуровне.

Процессы глобализации никто не отменял. То, что происходит в мире, влияет и на наше высшее образование. Кроме того, соответствие мировым трендом – один из показателей эффективности ВУЗа.

Исходя из анализа вышеописанных трендов, следует отметить: никогда не стойте на месте, стремитесь к совершенствованию, расширению кругозора и повышению уровня эрудированности, чтобы быть всегда профессионально-пригодным, конкурентоспособным и привлекательным специалистом, используйте все шансы и возможности во благо.

Список литературы

1. Байденко В.И. Основные тенденции развития высшего образования: глобальные и болонские измерения // Под науч. ред. д-ра пед. наук, профессора В.И. Байденко. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2019. – 352 с.
2. Габриелян А.М. Мировые тренды и вызовы системе высшего образования: матрица эффективной политики реформ университета // Мировая политика. – 2017. – № 1. – С. 37-46.
3. Honkanen Virpi. Higher Education Graduates' Self-employment in Europe / Virpi Honkanen. Paper presented to the 28th ANNUAL EAIR FORUM 30 August to 1 September 2016. – Rome, Italy. – 15-21 p.

ҒТАХР: 14.01.11

Т. Советқызы, Ж.М. Иманақышева

Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп,
Қазақстан, Семей қаласы, Қайнар ауылы, sovetova_kz@mail.ru, zhadyra-1995@list.ru

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

Жалпы білім беру жүйесі – сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны. Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық

ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісі технологияландыру мәселесін қойып отыр.

«Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңаны табатын өнер» – деп бес арысымыздың бірі Ж. Аймауытов айтқандай, ұстаз әрқашан сабақты қызықты етіп, түрлендіріп өткізіп отыруы тиіс. Сонда оқушылардың пәнге қызығушылығы артып, өз беттерінше ізденіске ұмтылады. Сондай оқушының өз ізденісін тудыру соңғы кездері қатты қолға алынды, үлкен өзгерістерге ие болды. Кеңестік мемлекеттен мұра болып қалған білім мазмұны жеке тұлғаның дамуына емес, білім, білік және дағдыны (ББД) меңгеруге бағытталған. Мұндай тәсілдің нәтижесі белгілі: оқу пәндерінің шамадан тыс жүктемесі; білім мазмұны тұтастығының және жүйелілігінің жойылуы; оны бөлшектелген, нашар ұйымдастырылған, схоластикалық ақпарат конгломератына айналдыру; оны пайдалану тәсілі мен оның міндеті кейде мұғалімге де, оқушыға да белгісіз болды. Осыдан мұғалім мен оқушыға шамадан тыс жүктеме, оқуға қызығушылықтың төмендеуі, мектеп түлектерін даярлау сапасының төмендеуі туындады. Бұл туралы орыс педагогтері К.Д. Ушинский, Е.А. Ямбург, В.Н. Бацын және Э.Д. Днепров ашық жазды.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты қайшылығы тез өсіп бара жатқан жаңа білімдер қарқыны мен жеке тұлғаның оларды игерудегі шектеулі мүмкіндіктері арасында. Бұл қарама қайшылық педагогикалық теорияны білім берудің абсолютті идеяларынан (жан жақты дамыған тұлға) бас тартып, жаңа идеалға адамның өзін өзі реттеуі мен өздігінен білім алу қабілеттерін барынша дамытуға көшуіне мәжбүр етті. Сонымен, жаңаша оқытудағы басты нәрсе бұл білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту. Жаңа білім алу парадигмасында тұлғаның қызығушылықтарын қамтамасыз етуде тұтастық, бағыттылықпен бірге мықты негізділік (фундаменталдылық) те шешуші рөлге ие. Қазіргі заманғы оқушының, әсіресе студенттің басты мақсаты көптеген пәндерден, олардағы ұшан теңіз ақпараттардың ішінен ең негізгісін, мәндісін таба білу. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе білім беру, ғылымды дамыту. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісі технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі техникалық және кәсіптік білім берудің оқыту үрдісін жақсартуға жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Оқушылар терең де жүйелі білім және әдістемелік тәсілдерді жетік меңгерген болуы тиіс. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызығалықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Қоғам дамыған сайын, барлық құрылым бірге дамиды.

2021 жылы 13 қазанда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық жобалар тізбесін бекіту туралы Жарлыққа қол қойды. Оның негізінде 10 нақты Ұлттық жоба анықталды. Соның бірі – 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Аталған жобаның шеңберінде зияткерлік әлеуетті дамыту, қазақ тілінің дамуына жағдай жасау, жастар үшін жаңа мүмкіндіктерді ашу секілді мәселелер қарастырылған. Атап айтқанда, балаларды мектепке дейінгі тәрбие және біліммен қамту, қалалық және ауылдық мектептер арасындағы оқыту сапасының алшақтығын қысқарту, оқушы орындарының тапшылығы проблемаларын шешу үшін мектептер салу, қауіпсіз әрі жайлы білім беру ортасын құру және басқа да мәселелер қарастырылған. Жобаның басты мақсаты – барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыру. Сондай-ақ, жедел шешімдерді талап ететін және халықтың қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған мәселелер бойынша мемлекеттік бағдарламамен сабақтастық сақталған. Жалпы ұлттық жоба 4 бағыттан тұрады. Ол мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта білім, техникалық және кәсіптік білім, сондай-ақ, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді қамтиды. Жобаның мақсаты- жас ұрпаққа сапалы білім беруді көздейді. Сонымен қатар, ұлттық жобаны іске асыру мектептердің инфрақұрылымын жақсартуға, мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі қоғам алдында тұрған өзекті мәселе бұл – әржақты дамыған, көпмәдениетті, шығармашыл, әлеуметтік бейімделген тұлға қалыптастыру. Оқушы қабілеттерін жан – жақты дамытып, шығармашылығын ұштай білу үшін ұстаз өзі шығармашыл тұлға болуы тиіс. Ол шығармашыл, жаңашыл, озық ойлы, кәсіби шебер маман болуы қажет. Себебі, педагогикалық, психологиялық зерттеулерге сүйенсек, мұғалімнің жоғарғы оқу орынында алған теориялық білімді қайта жетілдіру қажет етеді. Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Оқушының дамына әсер етуші әлеуметтік фактор негізінде оқушы, мұғалім, ата-ана, басқа пән мұғалімдері ынтымақтасуы керек.

Қорыта келе “Ғылым қалғып кетсе, қараңғылық бас көтереді” дегендей, заман талабына сай жаңа технологиялармен жұмыс жүргізу алдымызда отырған бала тәрбиесіне зор ықпал ететіні белгілі. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдер. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктейтінін ұмытпауымыз керек.

Ы. Алтынсарин: «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырағы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер, ол – даналықты жүректен ұға білу болып табылады» – деген екен. «Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңаны табатын өнер» – деп Ж.Аймауытов бекер айтпаса керек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Подласый И.П. Совершенствования методов обучения. в кн.: Выбор методов обучения в средней школе / под ред. Ю.К. Бабанской. – Москва, 1991.
2. Курт Мередит, Джинни Стил, Чарльз Тэмпл, Скот Уолтер. Оқу мен жазуарқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Әдістемелік құрал. – Алматы, 2000.
3. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – // Қазақстан мектебі, № 4, – 2011. «Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №2 (26) 2013ж.

ҒТАХР: 14.25.05

Т. Советқызы

Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп,
Қазақстан, Семей қаласы, Қайнар ауылы, sovetova_kz@mail.ru

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ПАЙДАСЫ

Еңбек адамзат қоғамының және оның әрбір мүшесінің қалыптасуы мен дамуында өте маңызды рөл атқарады. Адамдардың мыңдаған ұрпақтарының еңбегінің арқасында өндіріс күштердің орасан зор әлеуеті, орасан зор қоғамдық байлық жинақталды, қазіргі өркениет қалыптасты. Адамзат қоғамының одан әрі ілгерілеуі өндіріс пен еңбектің дамуынсыз мүмкін емес. Барлық уақытта еңбек өндірістің маңызды факторы, адам қызметінің түрі – ақыл-ой және физикалық болды және солай болып қала береді. Ол адамды жетілдіреді, оның ақыл-парасатын, тез тапқырлығын, физикалық күшін, төзімділігін дамытады, оған қоғамның дамуына өз үлесін қосуға және адам эволюциясы тарихындағы параққа өз үлесін қосуға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі балалық шақта бала халықтық өнер мен көркем еңбекте көрсетілген адамның ойларын, сезімдерін, құндылықтарын, мұраттарын және өмірге деген көзқарасын түсініп, сіңіре алады. Халықтың рухани мәдениетінің ұрпақтан – ұрпаққа берілетін негізгі құндылықтары – адалдық, мейірімділік, ашықтық, ұжымшылдық, шыншылдық, жанқиярлық, төзімсіздік, толеранттылық, бұл өмірді оптимистік қабылдайтын, азаматтық жауапкершілік пен еркіндік сезімі бар адамдарды тәрбиелеуге ықпал етеді.

Көркем еңбек – бұл ұзақ тарихы және халықтық мәдениеттің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлері бар әмбебап интеграцияланған қызмет. Бізге белгілі барлық көркемдік техникалар мен технологиялар ежелгі әрекеттерге немесе операцияларға негізделген: тоқу, байлау, бояу, тігу, кесу, бұрау, бұйралау және т.б. және көптеген дәстүрлі өнер бұйымдары (зімбір нан мен багельдер, себеттер мен кілемшелер, тостағандар мен құмыралар, сырғалар мен брошкалар) ежелгі уақытта ойлап табылып, халықтық сәндік – қолданбалы өнерде бейнеленген.

Көркем еңбек – бұл функционалды және эстетикалық қасиеттерді (пайда мен сұлулықтың бірлігі) үйлесімді түрде үйлестіретін белгілі бір өнімді жасауға бағытталған трансформациялық, шығармашылық, әлеуметтік негізделген қызмет. Өнер еңбегі мектеп жасына дейінгі балалардың сәтті дамуы үшін қол жетімді. Сонымен қатар, көркем еңбек – бұл жаңа нәрсе жасалатын шынайы шығармашылық деңгейінде тәжірибе мен өзін – өзі жүзеге асыруға, өзін – өзі дамытуға, өзін – өзі тануға байланысты өте еркін әрекет.

Көркем еңбек – бұл өнімді және сонымен бірге құрал – саймандар, онда бала құралдарды (қайшы, пышақ, степлер, ине, тоқу ілгегі және т.б.) игереді, әртүрлі материалдардың (қағаз, мата, қамыр, фольга, жапырақтар және т.б.) қасиеттерін зерттейді және нақты нәтиже алу мақсатында оларды мәдени тәсілдермен түрлендіреді.

Көркем жұмыстың қолданбалы нәтижесі – қолдан жасалған ойыншықтар мен кітаптар, кәдесыйлар мен сыйлықтар, ойын және өмір сүру кеңістігін ұйымдастыруға арналған түрлі заттар. Бірақ ең маңызды нәтиже – бұл болашақта қандай мамандықты таңдайтынына және тағдырдың қалауымен қай мәдениетке интеграцияланатынына қарамастан, адамға кез – келген қызметте сәтті болуға мүмкіндік беретін әмбебап қабілеттер негізінде халықтық мәдениетті дамыту тәжірибесі.

Мектептегі көркем жұмыстың мазмұны – бұл әр түрлі өнер түрлерінде бейнеленген, бүкіл адамзаттың рухани тәжірибесі, адамның өмірі мен оның өмірінің мәні мәселелерін эстетикалық тұрғыдан ашады.

Көркем еңбек сабақтарының мақсаты – балаларға эстетикалық және тұрмыстық мәдениетті бағытталған және дәйекті тәрбиелеу, жеке өсуге ықпал ету және қоршаған әлемге эмоционалды және құндылық қатынасын қалыптастыру. Негізгі идея – балалардың көркемдік белсенділігі оның барлық деңгейлерінде – қабылдау, орындау, шығармашылық – баланың жалпыадамзаттық мәдениетке енуі ретінде ұйымдастырылған. Бұл мақсат бірқатар іргелі теориялық қағидаларды ашады.

Жаңа мазмұндағы орталық – бұл нақты тақырыптар, бейнелер немесе көңіл-күйлер емес, баланың айналасындағы әлемді және оның осы дүниеде болуын түсіну тәсілі ретінде мағыналары мен құндылықтары. Көркем шығарманың ерекшелігіне сәйкес мағыналар мен құндылықтар эстетикалық ұғымдармен көрінеді: әдемі/жаман, жақсы/жаман, шын/жалған, тірі/жансыз, шындық/қиял және т.б. бұл ұғымдар эмпатия, ойлау және қиял негізінде белсенді шығармашылық процесте балалар игеретін мәдениеттің семантикалық өрісі ретінде пайда болады. Мәдениеттің семантикалық өрісі адамзаттың кристалданған тәжірибесін балаларға жеткізетін және әлемге "адам көзімен" қарауды үйрететін адам бейнесінде (халық шебері, суретші, дизайнер, мұғалім) бейнеленген. Адам мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде балада мәдениет объектілерімен және өнердің әртүрлі түрлерімен қарым – қатынастың әртүрлі тәжірибесін қалыптастырады. Мектепте және отбасылық тәрбиеде әрдайым ынтымақтастық пен бірлесіп құру педагогикасы болған және болып қала беретін Халықтық педагогиканың дәстүрлерін ұстану өте маңызды. Бірлесіп құру – бұл рухани-адамгершілік, еңбек және көркемдік тәрбиенің ең қолайлы алғышарттары жасалған кезде, бала өзінің жеке мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сәйкес жалпыадамзаттық мәдениетпен танысу жолын таңдаған кезде бірлескен қызметтің саласы мен формасы. Біз халық педагогикасының даналығына жүгінеміз, бір күнді мейірімді отбасы аясында елестетеміз.

Көркем жұмыстың мазмұнын жобалау процесінде көркемдік шығармашылық өзінің ішкі мәні бойынша адамның мағынасын табудың және оны басқа адамдарға берудің ерекше тәсілі екенін есте ұстаған жөн. Сондықтан, семантикалық білім берудің әмбебап әрекетін ерекше атап өту керек, оның мәні балалардың көркем еңбектің мақсаты (ниет, идеалды жоспар – біз не істейміз және қалай жасаймыз), ынталандырушы мотив (не үшін немесе кім үшін қажет) арасында терең байланыс орнатуы болып табылады. Көркемдік және өнімді іс-әрекеттің ерекшелігі баланың белгілі бір объектілерді құрудың, өз ойларын, идеяларын, жоспарларын білдірудің жалпы мәдени тәсілдерін игеретіндігімен және оларды мәдени және жеке мағыналармен қамтамасыз ете отырып, әртүрлі жағдайларға еркін жеткізетіндігімен байланысты. Қазіргі білім беру мазмұны мектепте балалар игеретін әлеуметтік-мәдени тәжірибенің төрт түрін ажыратады:

- өмірлік-практикалық және танымдық жағдайларда бағдарлау үшін "дайын білімді" қолдану тәжірибесі;
- адам қызметінің әртүрлі түрлерін орындаудың алдын ала белгіленген тәсілдерін қолдану тәжірибесі;
- шығармашылық қызмет тәжірибесі;
- әлемге эмоционалды және құнды қарым – қатынас тәжірибесі.

Көркем еңбек сабақтарының негізгі міндеттері:

1. Көркем жұмыстың табиғаты мен мәнін өмірді жабдықтайтын және өмірін орындылық, үйлесімділік, сұлулық заңдарына сәйкес ұйымдастыратын адамның шығармашылық қызметі ретінде ашу.

2. Адам өмірінің барлық қырларының (табиғи, материалдық, әлеуметтік, рухани) көрінісі ретінде көркем еңбекке эмоционалды-құндылық қатынасын қалыптастыруға ықпал ету; көркем еңбек нәтижесінің ерекшелігін – пайда мен сұлулықтың бірлігін (функционалды және эстетикалық) ашу.

3. Адамның көркемдік – шығармашылық қызметінің түрлері туралы түсінігін кеңейту; халық шеберін, суретші-конструкторды, дизайнерді еңбекпен таныстыру.

4. Көркемдік – өнімді іс-әрекеттің тәжірибесін оның барлық деңгейлерінде байыту: қабылдау – орындау – шығармашылық, жасына, жынысына, жеке ерекшеліктеріне сәйкес.

5. Эстетикалық қабылдауды, шығармашылық қиялды, бүйірлік (икемді, шығармашылық) ойлауды, әмбебап көркемдік қабілеттерді дамыту және еңбек адамының қасиеттерін тәрбиелеу – еңбекқорлық, жауапкершілік, адалдық, коммуникативтілік және т. б.

6. Зияткерлік және көркемдік іс – әрекеттерді біріктіру негізінде көркемдік әдістерді, техникаларды, технологияларды игеруге және жалпы қол шеберлігін дамытуға ықпал ету.

7. Әр баланың жеке өсуіне жағдай жасау.

Балалардың көркем еңбек мазмұнын интеграцияланған қызмет ретінде игеруінің сәттілігін қамтамасыз ететін негізгі психологиялық – педагогикалық жағдайларды бөліп көрсету керек:

– көркем – өнімді қызмет түрлерінің әртүрлілігі;

– білім беру мақсатымен және даму бағдарламасымен (стратегия мен тактиканың бірлігі) біріктірілген қызмет түрлерінің тұрақты ауысуы;

– жеке бағдарламалар мен даму бағыттары;

– мұғалімнің рөлі әр түрлі өзара әрекеттесу формаларында нақты бірлесіп құру әдісімен (мұғаліммен, ата-аналармен, суретшімен, халық шеберімен, басқа балалармен) еркін, тәуелсіз қызмет үшін жағдай жасау және оқу процесін ұйымдастырудан тұрады;

– материалдардың, көркем аспаптардың, альбомдардың, мәдениет заттары мен өнер туындыларының кең таңдауын қамтитын арнайы жабдықталған орынның (шеберхана, дизайн-студия, колөнер орталығы және т.б.) болуы.

Дәстүрлі сабақтардың орнына шығармашылық жобалардың бір түрі ұсынылады, олар мыналармен сипатталады:

– нақты тақырыпты емес, әр баланың айналасындағы әлемді және оның осы дүниеде болуын түсіну тәсілі ретінде мағынасын анықтау;

– білім беру және нақты (материалдық) кеңістік шекарасын кеңейту (мұражайлар, көрмелер, мастер – кластар, балабақша алаңындағы шеберханалар, серуендеу және экскурсиялар, мәдени оқиғалар) ;

– жобалық қызметке басқа адамдарды – ересектерді (ата-аналар, ата-әжелер, қосымша білім беру педагогтарын, суретшілер мен халық өнерінің шеберлерін, музыкалық жетекшіні, экскурсоводты және т.б.) және пікірлестер командасын кеңейту, қалыптасқан топ шеңберінен шығу мақсатында әртүрлі жастағы балаларды тарту;

– алынған нәтижелерді түсіну және одан әрі іс-әрекеттер туралы шешім қабылдау үшін мұғаліммен және басқа балалармен мәселені барлық кезеңдерде (идеяны әзірлеуден бастап іске асыруға және қолдануға дейін) талқылау;

– жеке және әлеуметтік маңызы бар нәтижелі қызмет нәтижесінің тұсаукесері (қолдан жасалған ойыншықтар, кітаптар, альбомдар, кәдесыйлар, коллаждар, макеттер, аранжировкалар, инсталляциялар, коллекциялар);

– барлығы үшін бірыңғай міндеттің және нәтижені бағалаудың бірыңғай өлшемінің болмауы.

Қорыта келгенде бүгінгі таңда мұғалімдер мен психологтар әр баланың өзіне мақсат қоюы керек, шығармашылыққа мәжбүрлеу, идеялар, мүдделер мен шешімдер қабылдау мүмкін емес екенін айтады. Жеке даму бағдарламалары, нақты "тірі" істер жағдайындағы тәуелсіз көркемдік және өнімді іс-шаралар, балалардың халықтық мәдениеттің семантикалық өрісін практикалық тұрғыдан түсінуіне, қоршаған әлемге эмоционалды және құндылық қатынасына, зияткерлік және эстетикалық дамудың шынайы интеграциясына, нәтижені ұсыну мен бекітуге, білім беру қызметін жобалау әдісімен ұйымдастыруға бағытталған – бұл қазіргі заманғы мектеп пен қоғамдық көркем еңбекті жобалаудың маңызды белгілері.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, екінші басылым. – Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015.
2. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы, екінші басылым. – Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015.
3. Әліпбаева А.Қ. Жаңартылған білімге – жаңаша көзқарас.
4. Eisner E.W. Educating Artistic Vision. – New York: Macmillan, 1972. – p. 9.

ҒТАХР: 14.25.09

А.С. Советханова, Г.С. Сапарова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Қазақстан, Семей қаласы,
assel.sovetkhanova@bk.ru

МЕКТЕПТЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ ӨТКІЗУ ӘДІСТЕМЕСІН ЗЕРТТЕУ (7-9 СЫНЫПТАР)

Биология пәнінен тәжірибелік жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру–өсіп келе жатқан ұрпаққа тіршілікті, өмірді аса үлкен зор құндылық деп түсінуді қалыптастырады.

Биологияны оқыту – биосфераны қорғау, адамзаттың тіршілік етуін ғана емес, бүкіл тіршіліктің сақталуы және дамуы үшін аса қажет жағдай екенін сезінуге әсерін тигізеді. Биология пәнінің басты міндеттерінің бірі –оқушыларға материалистік көзқарас, дұрыс мәнді дүниетаным қалыптастыру.Себебі, пәннің мазмұны тіршіктің пайда болуы, дамуы негізінде берік моральды, өмірдің мәні мен мақсатын дұрыс түсінетін ұрпақ тәрбиелеуге бағытталады.

Биология ғылымы – эксперименталдық ғылым. Оқушылардың биологияға деген қызығушылығын дамыту үшін зертханалық және тәжірибелік сабақтардың маңызы орасан зор. Зертханалық және тәжірибелік сабақ кезінде оқушылар бұрын сабақта алған білімдерін тәжірибеде өз бетімен жұмыс жасау кезінде ұштастырып, білім деңгейін кеңейте алады. Сондықтан шағын жинақты мектептерде биология пәнінен өткізілетін тәжірибелік жұмыстар өз мәнінде өткізіліп, оқушылардың ойлау қабілетін арттыру, білімге деген құштарлығын ұштау қажет.

Қазіргі таңда биология пәнінен тәжірибелік сабақтарды өткізудің жалпыға бірдей қабылданған жан-жақты әдістемесі жоқ екендігін айта кеткеніміз жөн. Дегенмен, іс жүзінде шағын жинақты мектептерде тәжірибелік жұмыстарды өткізуге толық жағдай жасалмағандықтан, оларды ресурстық орталықтарда өткізуге мүмкіндік жасалып отыр [4].

Биология пәнінен тәжірибелік жұмыстарды ресурстық орталықтарда жүргізу әдістемесі мектеп, ресурстық орталықтардың биолог оқытушылары мен ұстаздарын дайындауда аса маңызды болып есептеледі.

Әдістеменің (методика) міндеттері – әдіснама көмегімен жасалған теориялық жағдайларды тәжірибелік әрекеттер негізінде жүзеге асыру.

Биология пәнінен тәжірибелік жұмыстарды ресурстық орталықтарда жүргізу әдістемесі – пән ерекшеліктеріне негізделген, оқыту мен тәрбиелеу үрдісі элементтерінің жиынтығын беретін ғылым. Әдістеме – педагогикалық ғылым, сондықтан ол әлеуметтік сұраныс және педагогикамен анықталған жалпы тәрбие беру мен тәрбиелеудің мақсат – міндеттеріне сәйкес ғылым, сондықтан ол әлеуметтің міндеттермен сәйкес құралады.

Әдістеме оқышыларға жақсы да саналы түрде білім игерудің және оны өмірде дұрыс пайдалана алу біліктілігінің тиімді тәсілдері мен құралдарын көрсетеді. Қоршаған ортамен қарым қатынасты үйрету арқылы мектеп оқушыларына берілетін экологиялық тәрбиені, табиғатты қорғау шараларымен таныстыруды жоспарлы түрде іске асыру.

Практикалық сабақтар барысында оқушылардың кәсіби білімі мен дағдылары қалыптасады.

Әдістемеге мыналар жатады: оқу пәнінің мазмұны (оқу нысанын таңдап алу) оның жүйесі мен құрылуы; оқу мен тәрбиелеудің әдістері мен формалары; әдістеме оқу жұмысының құралын анықтайды.Биологияны оқыту әдістемесі әр сыныптың оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты мінез-құлқын біліп, әр жасқа әртүрлі түсіндіре білу.Ұғымның дамуына себін тигізетін: оқу материалын баяндау логикасы: қорытындылауды талап ететін мәселелерді қою: анықтау, салыстыру, жіктеу сияқты қабілеттерді жаттықтыру: ескі білімді жаңамен байланыстыратын қайталау жүйесі, шығармашылық сипаттағы тапсырмалар, сұрақтар беру [3].

Биологиялық ұғым тек сол уақытта дұрыс қабылданады, егер оқылатын құбылыс не зат жөнінде анық түсінік болса, яғни тікелей қабылдау, бақылау, көру. Биологиялық тәжірибені оқытуда және оған тән ерекшелік- оқылатын затты қарау және зерттеу.

Биологиялық тәжірибені зерттеуде аса маңызды болатыны – тірі нысандарды көру.

Биология пәнінен тәжірибелік жұмыстар арқылы оқушыларды белсенді еңбек пен қоғамдық іс-әрекетке дайындау, еңбекке шығармашылық қатысын дамытады. Оқушылардың қоғамдық пайдалы өнімді еңбек ету барысында туындайтын күнделікті практикалық мәселелерді шешуде табиғи жағдайда бақылау тәжірибелерін пайдалануға саналы түрде ұмтылуын қалыптастыру арқылы жүргізу әдістемені зерттеу негізінде оқушыларда қалай дұрыс мақсатқа сәйкес түрде дамуына жетуге болатынын айқындайды.

Биология-тірі табиғат жөніндегі білім. Тірі табиғатты оқытатын биология пәнінен тәжірибелік жұмыстарды жүргізудің өзіндік әдістері және формаларымен ерекшеленеді. Биология пәнінде нақты нысандар: өсімдіктер, жануарлар, адам және тірі табиғаттың күрделі құбылыстары оқытылады, сондықтан оқу-тәрбие жұмыстарының да танымжорықтар, зертханалық жұмыстар, сабақтан тыс жұмыстар секілді ерекше формалары талап етілед және арнайы көрнекі оқу құралдары, сонымен қоса тәжірибелік, өзіндік іздену жұмыстары басым болатын оқыту әдістерін талап етеді [1].

Биология пәнінен тәжірибелік жұмыстарды жүргізуді 7-9 сыныптарға зерттеуді дұрыс жолға қою арнайы оқу материалдық базаны оқу және оқу әдістемелік құралдарымен толықтырылған, жоғары талапқа сай оқу тәжірибе алаңын, тірі табиғат мүйісіе қажет етеді. Тірі ағзалардың даму жағдайларын оқу, табиғаттағы құбылыстардың байланысын, сонымен қоса органикалық дүние эволюциясының заңдылықтарын оқу ғылым көзқарас қалыптастыруда ғылыми жаралтылыстанудағы негз береді. Биологиялық ғылым қоршаған орта маңызын түсінуге, оны қорғау мен қалпына келтіру, ауыл шаруашылығының ғылыми негізі, жеке бастың және қоғамдық гигиенаның рөлін түсіндіріп, оқушыларды өмірге дайындайды. Нетижесінде, оқытудың политехникалық міндеттері жүзеге асырылады. Оқушылардың тікелей табиғат нысандарын бақылауы оларды салыстыру мен анықтауға және олармен тәжірибелік жұмыстар жүргізуге баулиды. зерттеушілікке талпындырады, қорытынды жасап, қорытынды жасап шешім қабылдауға үйретеді, сөйтіп шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытады [4].

Тәжірибелік жұмыстардың оқу тәжірибе алаңындағы және тірі табиғат жұмыстардың тәрбиелік маңызы зор: олар танымдық қызығушылықты ұйымдастырушылық қабілетті және қоғамдық дағдыны дамытып еңбек мәдениетіне, ұжымдыққа тәрбиелейді. Табиғатты тамашалау, оның әсемдігімен, байлығымен әсіресе, танымжорықта танысу оқушыларда патриотты, әсемдік сезімін қалыптастырады, қоршаған ортаны қорғай білуге тәрбиелейді.

Мектепте 7-9 сыныптарға биологиялық тәжірибелерді өткізу кезінде бұрыннан келе жатқан сабақ жоспарының моделі сақталғанымен, сабақ барысында әр ұстаз өзінің шығармашылық даму деңгейіне қарай түрлендіріп отыру қажет. Тәжірибелік жұмыстар оқушылардың әр түрлі проблемаларды шешу жолдарын іздестіруіне мүмкіншілік туғызы, олардың ойлау қабілеттерін дамытады, оқуға қызығушылығын арттырады [2].

Қортындылай келе, биология пәнінен зертханалық және практикалық сабақтар өткізу оқушыларға толыққанды білім бере отырып, жаңа ақпараттық технологияларды меңгеріп, екінші жағынан әрбір оқушының әр түрлі білімге деген қажеттіліктерін қанағаттандырады, оқушы өзінөзі дамытады, сапалы білім алады. Мектепте жүргізілетін тәжірибелік жұмыс оқушылардың байқампаздығын, шығармашылыққа ұмтылысын, тірі ағзалар туралы оқып үйрену бағытындағы мақсатты жүргізу дағдыларын қалыптастырады. Биология пәнінде тәжірибелік жұмыстар көмегімен оқушылар білімдерін, іскерліктерін, қалыптастырады. Осы тәжірибелік жұмыстар айқындалған түрде, яғни жүйелі түрде ұйымдастырылғанда ғана нәтиже береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2017-2020 жылдағы арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Тальзина Н.Ф. Управление процессом усвоения знания. – М.: МГУ им. М.В. Ломоносова, 1975. – Б. 344.
3. Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Қарағанды, ЖШС «САНАТ-Полиграфия» баспасы, 2019.
4. Орта мектепте оқушылардың өзіндік зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі оқу әдістемелік нұсқаулық, 2010.

А.С. Смайлова

Абай Құнанбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебі,
Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Шарбақты селосы

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНДА ПОЗИТИВТІ ОЙЛАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*«Жақсы ой мен жақсы сөз – жақсы істерге жетелейді»
БІ. Алтынсарин*

Позитивті ойлау – бұл сіздің өміріңізде кездесетін кедергілерді қалай қабылдағаныңыз және оларға қалай әрекет ететініңіз туралы ішкі сезіміңіз деуге де болатын сияқты. Басына қиындық түскенде өмірден түңіліп кеткен адамға қарағанда «түн артынан күн шығатынына» сенгендей оптимист адамның көп болғаны жақсы емес пе?! «Оптимизм – бақыт магниті. Егер сіз позитивті болсаңыз, сізге жақсы нәрселер мен жақсы адамдар тартылады» Америкалық бұрынғы гимнаст Мэри Лу Реттон позитивті ойлаудың рөлін осы дәйексөзбен қорытындылайды. Оның айтуынша, оң көзқарас бақыт магниті ретінде әрекет етеді. Бақытпен бірге өмірдегі барлық жақсы нәрселер жалғасады. Позитивті болу – сіздің өміріңізге жақсы нәрселер мен жақсы адамдарды тартудың сенімді жолы деп атап көрсетсе, атақты Брюс Ли «Сіздің миыңызға жағымсыз ойлардың енуіне жол бермеңіз, өйткені олар сенімді тұншықтыратын арам шөптер» деген екен.

Халқымыз «жақсы сөз – жарым ырыс» дейді. «Жақсы ой болмаса, жақсы сөз қайдан шықсын» деп те айтады. «Жақсы ой мен жақсы сөз – жақсы істерге жетелейді»-деп өзіміздің ағартушы бабамыз Ыбырай Алтынсарин де айтып кеткен екен. Негізінде позитивті ойлау немесе жағымды ойлау – өмірдің жағымсыз және қайғылы аспектілерін елемей емес. Бұл адамның жолыңыздағы кедергілерді сиқырлы түрде жоймайды, дегенмен өмірдің қиын кездерінде адамға кедергілерді жеңуге қуат пен күш береді деп сенімділікпен айтуға болады. Бәрімізге белгілі, өмір дегеніміз қиыншылығы мен жеңілдігі, қуанышы мен қайғысы қатар жүретін сынақ жолы. Осынау сынаққа толы жолда демеу болатын адамның жақсы ойы, оның оң көзқарасы. Бұны позитивті ойлау деп те айтамыз.

Соңғы кезде ғалымдар адамның басына күні бойы келетін ойдың 80%-ы жағымсыз ой екенін анықтады. Көп адам өміріне шағым айтумен уақытын өткізеді, бірақ өзі бастап бірдеңені өзгертуге талпынбайды. Кез келген тығырықтан шығатын жол бар, сондықтан алдымен ойыңызды бақылап, жақсы нәрсеге ұмтылыңыз деп кеңес береді.«Ойыңды өзгерте отырып-өміріңді өзгерт» қағидасын көптеген психологтар дәлелдеп те тастаған.Сонымен қатар «Психологиялық мәдениет – тұлғаның позитивті оймен әрекет етуі» деген де қағида бар. Себебі психологиялық мәдениеті бар адам ғана өмірге оң көзқарас танытып, адамдар туралы да дұрыс ой қалыптастыра отырып, қиындықтарды жеңуге ұмтылады. Сыншыл көзқарасқа тайсалмай тікке қарау, сындарлы сынды қабылдап, қажетті қорытынды жасай білу де позитивті ойлай отырып, психологиялық мәдениетке жетудің бір қыры деп қарайды.

Міне осындай дәлелді пікірлерге негіздей отырып, қазіргі жаһандану заманында жасөспірімдердің санасына жағымды, позитивті ойдың маңыздылығын жеткізе білу қажет деп ойлаймын.

Соңғы кезде адамның ойын бұзатын ақпараттар өте көп. Бала түгілі ересек адамдардың ойын өзгертеді. Соншама көп ақпараттарды дұрыс қабылдап, оны сараптау үшін де дұрыс ойлау маңызды. Осындайда көптеген жалған ақпараттарға сеніп, адам өзінің бойындағы жақсы көзқарасынан, сезімдерінен айырылып қалуы мүмкін, сондықтан да әрбір адам өзінің позитивтілігін жетілдіріп отыру маңызды деп ойлаймын.

«Неліктен жағымды (позитивті) ойлау маңызды?» деген сұраққа былайша жауап беруге болады: «Адамның миы сана мен түпсана (подсознание) болып екіге бөлінеді. Сана – жаңа идеялар, ойлар, білім немесе дағдылар. Түпсана (подсознание) – ақыл-ой процесі туралы ақпаратты сақтайды, бұл біздің миымыз үшін маңызды болып табылады. Үнемі ойлағаныңызды қадағалап отыру өте маңызды, өйткені белгілі бір уақыт аралығында бірнеше рет қайталанған саналы ой «Түпсана» бағдарламасына айналады.

Осылайша, егер адам үнемі негативті ойлардың арасында жүрсе, ми біртіндеп ең жағымды құбылыстардан да теріс жақтарын іздей отырып, ойлаудың осы түріне бейімделеді. Теріс ойлар көп күш жұмсап, адамды депрессияға ұшыратады».

Сондықтан да оқушыларымызға позитивті ойлаудың қарапайым ережелерін ұсынуға болады:

- Әр кеш сайын, күндіз қандай қызықтар болғанын еске алыңыз.
- Өзіңіздің барлық жетістіктеріңізді (ең кішкентай болса да) басқа адамдармен бөлісіңіз.
- Өзіңізге жиі күліңіз, одан қорықпаңыз.
- Егер сіз қайғылы немесе қиын жағдайға тап болсаңыз, қызықты болған оқиғаны есіңізге алыңыз, анекдоттар оқыңыз немесе комедия көріңіз.

- Өзіңізді позитивті түрде зарядтаңыз және оны басқаларға жеткізіңіз. Мұны істеу үшін әр танды жағымды растаулардан, аффирмациялардан бастаңыз (аффирмация бұл – адамның психо-эмоционалды фонын жақсартуға көмектесетін және өмірдегі оң өзгерістерді ынталандыратын қысқа фразалар).

- Күлімде! Мүмкіндігінше жиі және шын жүректен, таныс және таныс емес адамдарға. Өзіңізге күлімсіреңіз. Әр танды күлімсірей бастаңыз.

- Кез-келген мәселені ықтимал мүмкіндік тұрғысынан бағалаңыз. Әрқашан өзіңізге келесі сұрақтарды қойыңыз: «Неге бұл жағдай маған беріледі?», «Мен оны қалай және қай жерде қолдана аламын?». Мұны өзіңіздің пайдалы тәжірибеңізге айналдырыңыз.

Позитивті ойлау жетістікке жетудің де кепілі болып табылады. Кез келген жасөспірім белгілі бір салада жетістікке жетсем деп ойлайтыны анық. Сондықтан өсіп келе жатқан жастарға, оқушыларымызға жағымды ойлар мен жақсы әрекеттердің ғана жетістікке жетудің кепілі екендігін нақты мысалдармен түсіндіре отырып, өмірге деген көзқарастарын дұрыс қалыптастыру маңызды деп ойлаймын.

Осыған байланысты бірнеше кеңестер ұсынуға болады:

1. «Жағымды ішкі диалог» жасап отыру да маңызды

Өзіңізбен жағымды ішкі диалог жүргізіңіз. Өзіңіздің ішкі диалогыңызды қадағалап, оң әрі шын мәнінде бар мәлімдемелерді осы шақта айтыңыз. Мысалы: "Менің қолымнан келеді", "Мен өзімді жақсы сезініп тұрмын", "Мен жауапты адаммын". Бұл жетістікке жеткен адамдардың уақыттарының көп бөлігінде ойлайтын ойлары мен сөздері.

2. Позитивті адамдармен көбірек араласу, ондай адамдар сіздің сезімдеріңіз бен жетістіктеріңізге оң әсерін көбірек тигізеді. Барынша негативті адамдардан аулақ жүріңіз. Өйткені олар өміріңіздегі бақытсыздықтың ең басты себебі болып табылады.

3. Ақылға дұрыс қорек беру. Бұл дегеніміз, сізге жігер, білім, шабыт беретін кітаптар мен мақалалар оқу. Көлікте немесе бос уақытыңызда конструктивті, позитивті аудио жазбаларды тыңдау. Білім және нәр беретін бағдарламаларды, онлайн курстарды, мотивация беретін материалдарды қарау. Себебі, әр жаңа нәрсе үйренген сайын, миыңыз «бақыт гармоны» саналатын эндорфинді бөледі.

4. Позитивті әрі сау әдеттер жасаңыз. Бұл – денсаулыққа қамқорлық жасау. Дұрыс үйлесімді тамақтану мен күнделікті дене жаттығуларын жасау, сіздің сезімдеріңіз бен ойларыңызға оң әсер етеді.

5. Оң үміт. Бұл позитивті тұлға болып қалыптасу үшін, өмірде ең үздік нәтижелерге жету үшін қолданатын ең мықты әдіс болып табылады. Үміт – жеке жол бастаушыңызға айналады. Жетістікке кенелетінін сізді, танымал болатыныңызды... күтіңіз. Үлкен белестерді бағындырып, биік мақсаттарыңызға жетіп, өзіңізге керемет жағдай жасайтыныңызға сеніңіз.

Кез келген адам позитивті ойлауды қабылдаған кезде өзінің денсаулығы мен жансаулығына көбірек қызығушылық таныта бастайды.

«Көптеген адамдар өздерінің ақыл-ойларын қалыптастыратындықтан бақытты» – деп Авраам Линкольн айтып кеткендей ақыл-ойды дұрыс қалыптастыру арқасында өмірімізді нұрландыра алатынымызды түсіне білгеніміз маңызды.

Ш.Т. Таубаева, Г.Ә. Мұратбаева

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қаласы shtaubayeva@yandex.ru

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҚСАТТАРЫНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРМЕН ҮНДЕСТІГІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Тәуелсіз мемлекет саясатының басым бағыты – ұлттық мектептің орнықты дамуын қамтамасыз ететін әдістемелік жүйесі және оның құраушылары ғылыми негізде жасалу міндеттерін орындау ғалымдар мен білікті мамандар үлесінде. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру, дамыту және сапалы кәсіптік білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту», – деп көрсетілген [1;2].

Ұлтты ұлттандырушылар мен парасаттандырушылар ұлтжанды азамат тәрбиелеу, жаһандану заманында өзіміздің ұлттық болмысымызды, ұлттық бірегейлігімізді және рухани ерекшелігіміз бен ұлттық құндылықтарымызды сақтау маңызын атап көрсетеді.

Білім беру бүкіл әлемде базалық жалпы мәдени құндылықтар ретінде қарастырылады. Білім берудің стратегиялық бағдарламаларын анықтауға жаһандық деңгейде әсер ететін жаңа дәуір философиясының әдіснамалық жетістіктеріне мыналар жатады: ақпаратты қазіргі әлемнің маңызды бөлшегі деп мойындау, оны жеткізу мен өңдеудің жылдамдығы прогресс түсінігімен сәйкестендіріледі; жылдам дамуға қабілетті адам интеллектісін құрастыру мен жалғастырудың құралы компьютерлердің әсері анықталды; адамның ішкі ресурстар мен гипермәтінге деген белсенді көзқарасы көріне берді; күрделі жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыру теориясы тұрақты құрылымдардың хаосы мен құрылуы туралы ғылым ретінде синергетиканың ашылуы; өркениеттің қазіргі даму үдерісіндегі адамның табиғатпен әрекеттесуінің ерекше сипатына назар аударылды; техногендік өркениеттен антропогендікке көшу міндеті қойылды, адамзат дамуының мәдени-этикалық қажет екені негізделді; жеке адам мен өркениеттің дамуының инновациялық сипатына көңіл бөлінді [3; 4].

Ұлттық даму тұжырымдамасы ұлттық идеядан бастау алатыны ақиқат. Ұлттық идея жайлы саясаткерлер, тарихшылар, психологтар, мәдениеттанушылар салалы пікірлер айтуда. Бұл орайда ұлттық өркениет Батыс пен Шығыстың өркениетінен нәр алатынын тілге тиек етеді. Ұлттық мектеп қандай мектеп? Қазақ мектебінің қамын жеген ардақты зиялылардан бастап, бүгінгі алаштың ұрпақтарды да ой маржандарын ортаға салып жүр. Тек ұлттық мектеп деп өз рухани кеңістігімізбен ғана шектелуге болмайды әрине, ол ұлттық мектептің мазмұны мен түрі өркениеттік болмақ. Мақсаты – ұлттық сананы, психологияны, ойлау жүйесін, дүниетанымын, парасатын, рухын, бейнесін, сондай-ақ ұлттың инновациялық қабілетін дамыту. Бұл дегеніміз – ұлттың генеалогиялық құрылымы мен генетикалық қорын белгілі бір тұжырымдама негізінде пайымдау. Осының бәрі – ұлттық қауіпсіздігімізді баянды етуге, өркениетте алдыңғы қатарда орын алуымызға себеп болмақшы.

Ақпарат өркениеттің маңызды ресурсына айналды, оның дамуы инновациялық сипат алады. Сондықтан оқытудың, білім берудің осы үдерістерге сай, яғни инновациялық өзгерістерге даярлықты, жаңа технологияларды одан да жоғары жаңаша технологияларды айырбастауды қамтамасыз ететін стратегияны қажет етеді. Осындай стратегияны іске асыратын нәтижеге бағытталған құзыреттілік білім беруді жүзеге асыратын білім беру саясаты болмақ.

Құзыреттілікке бағдарланған білім берудің философиялық негіздеріне жататындар: XXI ғасырдың өркениетін қалыптастыруда адами фактордың әсерінің өсуі; өркениетті дамуының қарқынының кенет жылдамдауы; нысандар әлемінің үдерістер әлеміне ауысуы; адамдардың өмір сүруінің техногендік, әлеуметтік, ғалами рухани құрауыштарының өзара байланысы мен өзара бағыттылығы; заманауи элем бейнесінің синергетикалық сипатын мойындау; рухани әлемнің көрінбейтін материалдық сипаты, рухани сапалық жетілдіруі; ақпарат – әлемді пайымдаудың іргелі категориясы; мәдени мұраның қызметінің маңыздылығының артуы [5; 6; 7].

Білім берудің құзыреттілікке бағытталған типі оқу орындарында келесі әлеуметтік және білім берушінің біліктіліктер мен дағдыларды талап етеді: бастамашылдық; ойлау мен әрекеттің шығармашылығы, өз бетінше орындалуы; ынтымақтастық; ұжымдағы жұмыс; өзара оқыту; бағалау;

коммуникация; логикалық ойлау; мәселелерді шешу; шешімдер қабылдау; ақпаратты жинау және пайдалану; жоспарлау; білім алу, оқи алу; көп мәдениеттілік дағдылар.

Синергетикалық жүйе түріндегі инновациялық білім беру дегеніміз – білім беруді инновациялық даму миссиясын анықтайтын жаңа педагогикалық парадигмаларды басшылыққа алу. Бұл – жеке тұлғалық деңгейде – тұлғаның икемділігі, ұтқырлығы, жаңаға ашықтығы. Әлеуметтік деңгейде – инновациялық қауымдастық құру. Әрекеттік деңгейде – жаңартудың тиімді және этникалық құралдарын қолдау. Үздік педагогикалық жетістіктердің қорытпасы – «ұжымдық парасат» мәні артады.

Білім берудің инновациялық дамуының мазмұны – «ойлауға» үйрету. Нәтижелері – базалық құзыреттердің жобалық-жобалаушылық деңгейіне жету, ұмтылу. Келешегі – әлеуметтің өмірлік әрекетін жаңарту күшінің арта түсуі. Демек, білім берудің мәдени-шығармашылық миссиясы – «мәдениетті адамды» қалыптастыруды қамтамасыз ету. Қазіргі білім беру әлемдік дағдарыстан шығу үдерісінің ең белсенді қатысушысы екен. Осыдан білім берудің ең басты міндеті туындайды: әрбір адамның генетикалық негіздегі қабілеттерін дамытуды барынша қамтамасыз ету, адамдарда сыни ойлауды дамыту, оларды заманауи ғылым, техника, технологиядағы нақты білімдермен қаруландыру, өзгермелі табиғи жағдайда осы білімдерді тиімді пайдалануды ұйымдастыру. ЮНЕСКО-ның құжаттарына сәйкес заманауи білім берудің мақсаттары: оқушыға танымға үйренуге, жұмыс жасауға үйренуге, өзімен-өзі келісімді болуға үйренуге көмектесу.

Білім берудің мақсаттарын нақтылап, құрамдас бөліктерін ашып көрсетейік: оқушыға қоршаған дүниені тануға үйренуге көмектесу қажет. Оқушы – адам, оқушы – тұлға. Ұлттық мәдениеттің тарихи аясының кеңейіп, қоғамның рухани жаңғырып түлеуі, халықтың материалдық және рухани мұрасын осы заманның игілігіне жарату оның әлемдік өркениеттер арасындағы өзіндік орнын айқындайды.

Көшпелі өркениеттің тіршілігін байытып, сапалы дамытатын болмыс – Адам. Дәл сол адамды, яғни оқушыны таным үдерісіне үйренуге көмектесу заманауи білім беру ұйымдарының міндеттері жүзеге асырылып келеді. Бүгінде білім беру үдерісінде оқушылардың жалпы оқу жетістіктері, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жоғары нәтижеге бағыттап келеді. Білім берудің бірінші мақсатын орындау үшін оқушылардың ақпарат жинау, зерттеу әрекетіне және зерттеу біліктіліктерін меңгеруге қызығушылығын дамытуға жағдай жасалуы тиіс. Айталық, білім алуға үйрену үшін оның зияткерлік мәдениеті, ақпараттық мәдениеті, өзін-өзі ұйымдастыру мәдениеті, зерттеу мәдениеті дамытылады. Бұл мәдениет түрлері оқушыға өмір бойы оқып үйренуге мүмкіндік тудырады. Сонымен, «өмір бойы білім алу» шындық болмысқа айналады.

Білім берудің екінші мақсаты – **оқушыға еңбек етуге, жұмыс жасауға үйренуге көмектесу.** Әл-Фарабидің, «мүлікті жасайтын еңбек, еңбектің – өзі өнер, еңбек ету дағдысы мен шеберлігі – өмір сүру негізі, таза еңбек, адал еңбек – адамзат тіршілігінің тарихи шарттары» деген постулаттары дәл бүгінгі жастарға айтылғандай.

Ең әуелі, білімдерін практикада пайдалануды үйрету үшін оқушыларда жүйелі сыни ойлауды дамытуға әсер етіледі. Еңбек етуге үйрену өзінің кәсіби әрекет саласында өзін жетілдіру қажеттілігімен байланысты. Ең алдымен, білімдерін практикада қолдануға және теориялық мәселелерді шешуге үйреніледі. Бұл оқушыда жүйелі ойлауды қалыптастырады. Сондай-ақ, өзі таңдаған салада кәсіби маман болуы үшін оқушыларда көшбасшылық сапаны тәрбиелеу қажеттігі де туындайды. Көшбасшы – нақты саланың мәселелерін талдауға, сыни ойлауға, өзінің айналасындағы мәселені шешу үшін адамдарды топтастыруға қабілетті маман. Көшбасшыны тәрбиелеу – білім беру мақсаттарының бірі.

Білім берудің келесі мақсаты – **оқушыға адамдармен бірге өмір сүруге үйренуге көмектесу.** Адамдармен өмір сүру үшін басқаны қабылдау мен түсінуге, оған құндылық ретінде қарауға, топта, сыныпта, отбасында, әлеуметте, әлемде өмір сүру дағдыларын меңгеруге үйренеді. Осыған байланысты балалардың әлемдегі өзара бағыныштылықты түсіну сезімін ояту және қолдау, оларды қарым-қатынаста кикілжіңнің алдын алуға үйрету аса маңызды. Коммуникацияда ең негізгісі – басқа адамды құндылық ретінде сезіну. Әл-Фараби адам баласын жаратылыстың ең ұлы құндылығы деп есептеді. Басқаны қабылдау, түсіну, оған көмектесу сияқты адами сапалар коммуникативті мәдениетке тән.

Білім берудің тағы бір мақсаты – **оқушыны өзімен өзі татулық сезімде болуға үйрету.** Әрбір жаңа ұрпақты мәдениетке баулу қызметін білім беру атқарады. Білім беру адамзат жинақтаған әлеуметтік тұрғыдан мәнді білімдер мен тәжірибені кең ауқымда таратуға, мәдени-тарихи сабақтастықты сақтауға мүмкіндік жасайды. Бұл күрделі міндеттерді шешу үшін педагогиканың қисынды ғылыми аппараты, ғылыми әдістері, дамыған әдіснамасы болуы шарт. Оның ғылыми білімі

пәндік, қайталанушылық, объективтік, эмпирикалық және теориялық тұрғыдан негізделгендіктен, логикалық дәлелділік сияқты сапаларға ие болып отыр [8].

Тәуелсіздік тұғырын биікке самғайтын ұлттық құндылықтарымызды, тарихымызды, бірегей ұлтымызды, ана тіліміз бен әдебиетімізді, ділімізді, дәстүрлі төл мәдениетімізді дамытуды жетілдіре беруге тиіспіз. Ой мен сана бәсекелсі кезінде ұлттық құндылықтарымызды сақтайтын іргелі міндеттерді жүзеге асыру – әрбір адамның, қоғамның, мемлекеттің ең жоғары міндеті.

Бірінші құндылық – тәуелсіздік және тарихи таным. Тәуелсіздіктің символы – мемлекеттік Туымыз, Әнұранымыз, Елтаңбамыз. Ту – ұлттың бағдары, бірлігі мен санасының биіктігін көрсетеді. Тарихи таным арқылы ұлттың болмысы мен санасын, салт-дәстүрін, кәсібі мен ұстанымын, тәрбиесін тануға болады. Қазақстанды мекендейтін әрбір азамат ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсіздік туын желбірету арқылы елі мен жерін, Елтаңбасын, Әнұранын мақтаныш сезіммен қадірлеуі керек.

Екінші құндылық – ел мен жер ұлттың байлығы. Ұлан ғайыр дала – бабаларымыз көзінің қарашығы. Ел мен жер – мәңгілік мемлекеттің белгісі, ұлттың бірегейлік символы.

Үшінші құндылық – тіл, әдебиет және имандылық. Тіл мен әдебиет – ұлттың жаны, рухы, оның бет-бейнесі, өткені, бүгіні мен болашағы. Ана тілі – ұлттың ұлт жүрегі, ұлт тілегі, ұлттың өзгешелігі мен өркеншілігі, ұлттың болашағы. Қазақ әдебиеті – әлемдік өркениетті дамытудағы ұлттар мен ұлыстардың тілдерін танытатын, көркем тілде жазылған классикалық шығармалар жиынтығы. Иmandылық – білім мен ғылымды дамытып, елге адал қызмет ету, әділдік білдіру жолындағы бейбітшілікті сақтау, адами құндылықтарды дәріптеу.

Төртінші құндылық – ұлттық дәстүр және отбасы. Отбасы мен қоғам бірлікте жұмыс істегенде ғана ұлтжанды, өз халқын сүйетін ұрпақ тәрбиелей аламыз. Ұлттық құндылық – ата-ананы қастерлеу, өз ортасын құрметтеуден басталады. Отбасы тәрбиесіне ерекше мән беру түсінігі жеке адам мен мемлекет мүддесі бір аранда тоғысады.

Бесінші құндылық – білім мен біліктілік. Елімізде білім мен ғылым саласына үлкен қамқорлық жасалуда. Ұлттық құндылықтарды қалыптастыратын да, дамытатын да білімді, білікті кәсіби мамандар. Отандық білім, ғылым саласын дамыту бағытындағы реформалар да қалыпты жүргізіліп келеді.

Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу мақсаттары: өз халқының мәдениеті мен дәстүрлерін мақтан тұтатын Қазақстан азаматын тәрбиелеу; жалпы адамзаттық негіздер мен құндылықтарды құрайтын саналы көзқарастары мен қағида ұстанымдарын тәрбиелеу; Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеудің үлгісіне сәйкес этнопеддагогика, этнопсихология, этномәдениет негізінде тәрбие үдерісін ұйымдастыру; Білім алушыларды табысты әрекеттерге және жеке жетістіктерін бағалауға, шығармашылық пен білімқұмарлыққа бағыттау.

Қазіргі кезде педагог мамандар даярлауда әл-Фарабидің философиялық трактаттары мен білім беру туралы идеялары магистранттар мен докторанттарға ғылыми жұмыстың философиялық әдіснамасын қолдануды үйрету барысында кеңінен нақты тұжырымдары арқылы жүзеге асырылуда. Адами капиталы мол ел – ол бұрын мың жылдан астам уақыт бұрын әл-Фараби аңсаған қайырлы қоғам елі, ол Абай армандаған толық адамдар елі.

Біздің халқымыз өз тарихында жеңімпаздығын, қуаттылығын, тектілігін, ғажайып істерімен, өшпес ерлігімен төрткүл дүниеге паш еткен халық. Адамзатты бақытқа апарар жол іздеген ұлы әл-Фараби мен Ж.Баласағұн, толық адам туралы ілімнің негізін қалаған Абай мен ар ілімінің негізін салушы Шәкәрім қайтсек ұрпақ азбайды деп кемел келешекті ойлап, халқының қамын жеді. Сан ғасырды артқа тастап, бүгінге дейін өз мәнін жоғалтпай ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған осы ойшылдардың да арман-мұраты ұлтты рухани кемелдендіру, ұрпақты ізгілендіру еді. Адам капиталы, оның қоғамдағы маңызы, жарқын болашақты жасаудағы жастардың орны, ұлт санасын рухани жаңғырту, сол арқылы әлемдік өркениеттің бұйда ұстар тұсына қол жеткізу мәселесі мемлекетіміздің назарынан тыс қалған емес.

Қасым-Жомарт Кемелұлы «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында интеллектуалды ұлт қалыптастырудың тамыры Абай ілімінде жатқандығын негіздеді. Қазіргі зиялы қауымды ойландыратыны да ел болашағы, ұрпақтан ұрпаққа жеткен ата-бабаларымыздың ғибратты өсиеті, мынау жаһандану заманында ұлт болып ұйысып, тәуелсіздігімізді тұғырлы етіп, келер ұрпаққа аманаттау болса керек.

Сондықтан да, көптеген мұғалімдердің ұсыныстарына сәйкес елімізде білім беру жүйесіне сәйкес заманауи Ұстаз болудың бүгінгі күні алға тартып отырған талап-дағдылары: бейімділік/икемділік: цифрлық дәуірде мұғалімдер икемді болып, өзгерістер мен жаңартуларға тез бейімделе алуы; сенімділік: әр мұғалім өзіне ғана емес, оқушыларына, әріптестеріне сенімді болу керек; коммуникативтілік немесе кері байланыс; академиялық белсенділік; академиялық және

ғылыми қоғамдастықпен арқашан араласу, біліктілікті арттыру, кәсіби шеберлікті дамыту; ұйымдастырушылық; өз жұмысын, сабағын, сынып сағаттарын ұйымдастыра білу; интернет сауаттылық; шығармашылық; тайм-менеджмент; көшбасшылық; ережеге бағынушылық.

Білім беру мен ғылым саласын дамытуда ұлттық мектептердің орнықты даму басым бағыттары, ол төрт тұғыры түгел, өз ұлтының білім беру саясатын жүзеге асыратын, ұлттық мемлекеттің байтағында салтанат құратын, адамзат өркениетінің құндылықтарын туған халқының рухани және мәдени мұраларымен жарасымды жалғастыратын, ана тілінде тәлім-тәрбие мен білім беретін оқу орны.

Ұлттық білім берудің ұстанымдарына жататындар: ұлттық сәйкестік, табиғатқа сәйкестік, өркениетке және мәдениетке сәйкестік. Осы сәйкестіктер үйлесімі нәтижесінде ұлтжанды түсінігі мол зияткер, еңбексүйгіш ақылды көшбасшы, биік рухты рухани сана иесі, бәсекеге қабілетті кәсіпкер қалыптасады. Ал аталған ұстанымдар мен нәтижелер аясында ұлттық намыс, ар-ұят, рух, обал-сауап, мінез, тәрбиесі мол, өнеге, әділеттілікке ұмтылған есті, үлгілі, әдепті, ұятты, инабатты ұл-қыз білімді ұлт иесі бола алады. Мәдениеттің де, өркениеттің де нақты көрінісі – тәрбиелі адам болса, ұлттың менталитеті мен сауаттылық, ана тілі әуезді, шешен, ақын, тапқыр, алғыр, өткір мінезді қазақтың даналық пен тәлімгерлігі мол білімді ұлт – ұлттандыру философиясын негіздеуде. Философия – әбден жетілген даналық, ал тәлім-тәрбие – философияның негізгі қызметі. Осылайша қазақ мемлекетінің тарихы мен құқықтық негіздері, мемлекеттің мәдени-әлеуметтік сипаты және экономикалық саясаты, қазақ философиясы, халық педагогикасы мен ұлттық психологиясы, тілі мен әдебиеті, ғылыми-жарытылыстану бағытын біртұтас педагогикалық жүйесінде ұлттық тұлғаны оқыту, тәрбиелеу, дамыту және қалыптастыру міндетін айқындайды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы, 2012. – 68 б.
2. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы. – Алматы, 2011. – 20 б.
3. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Ана тілі. № 52 (1153), 21 желтоқсан, 2012 ж., 4 қаңтар 2013 жыл, 1. – 8-13 беттер.
4. Назарбаев Н.А. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. Ақорда. 2017 ж. 12 сәуір.
5. Құсайынов А.К. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы / А.К. Құсайынов. – Алматы, 2013. – 196 б.
6. Мәңгілік ел. Оқулық / М.Б. Қасымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015. – 336 б.
7. Мұратбаева Г.А. Кәсіптік педагогика. Оқу құралы. – Қыздар университеті: Алматы, 2017. – 221 б.
8. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы: оқулық / Ш.Т. Таубаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 340 б.

ҒТАХР: 34.15.15

Б.Т. Турсынбек

56 мектеп-лицей, Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауындағы «Қазақстанның дүние жүзіндегі бәсекелестікке сай елу мемлекеттің қатарына ену стратегиясына» сай отандық білім беруді жаңарту курсы инклюзивтік білім беру жүйесінің беріктілігін сынау болып отыр.

Инклюзивтік білім беру Қазақстанда бүгінгі күні бастапқы сатыда болып отыр, оны енгізу даму жағынан артта қалған балалардың санының өсу салдарынан әлеуметтік-педагогикалық мәселеге айналып отыр. Соңғы жылдары республикада саны жағынан көбейіп отырған мүгедек балалар өмірінің негізгі көрсеткіш сапасы анағұрлым өзгерді. Бұған мүмкіндіктері шектеулі біріктірілген балалардың мәртебелерінің нақты еместігі, мұғалімдер мен тәрбиешілердің құқықтар мен міндеттерінің әр түрлілігі, әлеуметтік білім беру жүйелері мекемелерімен бірлесіп әрекет ету мәселелеріндегі қиыншылықтар, осындай дәрежедегі балалар оқитын жалпы білім беру мектептерін қаржыландырудан туындайтын жағдайлар дәлел болып отыр.

Қоғамдағы демократиялық қайта құрулар соңғы кездерде Қазақстанда үлкен назар аударылып отырған инклюзивтік білім беру идеясының тәжірибеде пайда болуы мен енгізілуіне ықпал етіп отыр.

Қазіргі кезде Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар көбіне-көп арнайы мектеп-интернаттарда білім алады. Шындығында олар оқшауланған, қоғамдық өмірге аса бейім емес. Мәселенің бұлай қалыптасуына бүгінгі қоғамның да кінәсі бар. Өйткені біз мүмкіндігі шектеулі жандарға мүсіркей қараудан арыла алмай келеміз. Жалпы білім беретін орта мектептерде олардың оқып, білім алуына жағдай жасау енді-енді қолға алына бастады. Инклюзивті білім берудің негізі мектептегі барлық балаға олардың ерекшеліктерінен тыс сапалы білім беру болып табылады.

Инклюзивті білім берудің халықаралық және қазақстандық тәжірибесі қоғам, отбасы, мемлекет ерте ме, кеш пе барлық балалар сапалы білім алу үшін бірдей жағдай жасауға міндеттенетінін көрсетіп берді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру ортасына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Ең бастысы, аталмыш заңда инклюзивті білім берудің негізгі принциптері айқындалды. 2004 жылы зерттеу жүргізілген кезде, орта мектеп педагогтарының 80 пайызы бұл жүйеге қарсы болса, 2007 жылы 49 пайызы ғана қолдамаған. Яғни педагогтардың басым көпшілігі мұндай балаларды мектепке қабылдауға дайын болды. Ал ата-аналардың 79 пайызы түсінбей, «неге менің баламның қасында мүгедек бала отыруы керек?» деп наразылық білдірсе, қазір олардың көпшілігі бұл идеяны қолдайды. Бұл инклюзивтік білім берудің дамып жатқанын көрсетеді.

Қазақстан 2008 жылы БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» конвенциясына қол қойып, барлық мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасауға міндеттенген. Бірақ бізде жұмыс істеп тұрған арнайы мектептердің жүйесі сақталады. Өйткені бәрін бір партаға әкеп отырғыза алмаймыз. Қанша айтсақ та, жарымжан балалар жалпыға білім беретін мектеп жағдайында қажетті білім ала алмайды.

Ал Қазақстанда жарымжан балалар арнайы мекемелерде оқытылатындықтан, олар өзге балалардан бөлектетілген. Бұл мекемелерде көбіне медициналық әдістемелер көп қолданылады. Қазақстан қазір оларда бір жағынан кемістік болғанымен, екінші жағынан дені сау екенін түсініп, оларды дені сау балалармен қатар, жалпы ортаға бейімдеуі керек. Тек сырқаты мен өзгешеліктерін ескере отырып, жай мектептің оқу бағдарламасына кіріктірген жөн. Ол үшін мемлекеттік деңгейде стратегиялық реформа жүргізу керек. Көптеген елдердің тәжірибелері арнайы мұқтаждықтары бар балалардың өз құрбы-құрдастарымен бірге дамуына және олармен ортақ әрекеттер жасауға мүмкіндіктерінің барын дәлелдейді. Бірақ бұл үшін балалардың көбі білім алатындай етіп, ересектердің қарым-қатынастары мен білім беру жүйесін өзгерту керек.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі мектептегі инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру болып табылады. Инклюзивті білім беру Қазақстанда қажетті деңгейде дамымаған. Бұл проблеманы шешу дамуында ауытқулары бар балалар санының өсуімен байланысты кезек күттірмейтін шараларды талап етеді. Мүмкіндіктері шектеулі балалар саны өсуде. «Инклюзивтік білім беру – бұл халықтың әлсіз, аз қорғалған бөлігіне, сонымен қатар мүгедектеріне білім алудың қол жеткізерлік идеясынан тұратын интеграция процесі және әртүрлі мұқтаждықтары бар балалар үшін жалпы білім беретін мектептің бейімделгіштігі. Бұл термин әдетте жалпы білімнің мүгедек балаларға қол жеткізерліктей болуын қамтамасыз ету процесін бейнелейді».

Инклюзивтік білім беру – білім беру процесінен адамдарды алып тастайтын барьерлерді жою үшін және қоғамдағы барлық адамдардың білім алуға мұқтаждығы, білім алу жылдамдығы, жасы, жынысы, этникалық жағы, экономикалық мәртебесіне қарамастан, жалпы білім беру процесіне қосыла алатындықтарына кепілдік беру үшін білім беру жүйесі мен оның құрылымындағы өзгерістерді білдіреді.

Инклюзивтік білім беру әлеуметтік модельге негізделген және баладағы емес, бағдарлама мен әдістемелердегі проблемалардың таралуына жол бермейді.

Негізгі алғы шарт: балалардың барлығы оқи алады. Бұл серпінді үрдіс. Оның бірбеткей мақсаты: әлеуметтік әділеттілік пен теңдікті, инклюзивтік қоғамды қамтамасыз етудің кең стратегиясына ықпал ету болып табылады.

Инклюзивтік білім беруді дамытуға қоғамның барлық мүшесі жауапты және әр түрлі секторлар мен олардың белсенді қатысуы арасындағы қажетті ынтымақтастықты талап етеді.

XIX ғасырға дейін дамуында проблемалары бар балаларды емдеу мен оларға қамқорлық көрсету көбінесе қамқоршылық сипатта болды.

Балалар өздерін күткен жанұя мүшелерімен бірге болды немесе жетімханаларға өткізілді. Оларды күту үшін қандай да бір орындардан көмек сұрауға жанұяның мүмкіндігі болмады.

Ресейде, Н.Н. Малофеевтің пікірі бойынша, арнайы білім беру жүйесі кеңес дәуірінде құрылған (1927-1935 жж.) және жалпыға міндетті оқу туралы Заңмен байланысқан. Бұл кезеңдерде мемлекет баланың арнайы оқу мекемесіндегі тұрмысын толық төлеп отырды, ал бала мектеп пен отбасынан бөлек өмір сүрді.

Тап осы уақытта Л.С. Выготский мен басқа да ғалымдардың әлеуметтік-мәдени теориялары қалыптасты. Тек елу жыл өткеннен кейін ғана Л.С.Выготскийдің теориясы Батысқа мәлім болып, дамуында проблемалары бар балаларға білім беруге үлкен ықпал етті. Өз жұмыстарында ол мүгедек адамдарға оқшауланғандықтың қаншалықты теріс әсер ететіндігі туралы жазды. Ол баланы өз отбасы мен достарынан бөліп, оған ерекше орта жасаудың өзі екінші мүгедектікті тудырады, ал бұған кінәлі – қоғам деп тұжырым жасайды.

2001-2002 жж. республикада инклюзивтік білім беру идеясын жүзеге асыру үшін «TACIS Iien» жобасы жұмыс істеді, оған Қазақстанның экологиялық қолайсыз екі аймағынан (Семей қ., Арал қ.) 7 мектеп қатысты.

Бұл жобаны жүзеге асыру барысында арнайы мұқтаждықтары бар балаларға деген қоғамның қарым-қатынасы өзгерді. Ата-аналар ниеттестер «командасының» бір бөлігі болды: олар қажетті қолдау алып, өздерінің жалғыз еместігін білді: өз балаларының мүмкіндіктеріне көңіл аудара бастады: өз балаларына және қызметкерлерге балалар проблемаларын шешуге қатысты талаптар қоя бастады: олар балаларының өз құрбы-құрдастарымен қарым-қатынастарының маңыздылығын түсінді: балалардың табыстарын көріп, олардың дамитындығына сенді, олардың болашақтары туралы ойлана бастады. Олар мұндай балалар үшін ұялу сезімінен айрылды, өйткені олар баланың өз кемістігіне қарамай, дамып келе жатқанын және нәтижелерді өз көздерімен көрді. Ата-аналар өз балаларының табыстарын мақтан ете бастады.

Мұғалімдер санасында да өзгерістер болды. Инклюзивтік оқу практикасынан балалардың өздері де көп пайда алды: құрбы-құрдастарымен өзара іс-әрекеттер жасағанда оларда когнитивтік, сөйлеу, әлеуметтік және эмоциялық дағдылары белсенді дами бастады. Мұндағы құндылық – бұл дағдылар өмірлік тәжірибе алуға қызмет етеді, ал оларды қолдану баланың күшті жақтары мен талантын дамытуға ықпал етеді. Билік өкілдері балаларды іс-әрекеттерге қабілетті деп таныды және олардың мүмкіндіктеріне байланысты олардың айырмашылықтарын мойындады. Сонымен, бүгінгі күні бар нәтижелер арнайы мұқтаждықтары бар көптеген балалардың білім алуға мүмкіндік алатындығын көрсетеді.

Бірақ бізде жұмыс істеп тұрған арнайы мектептердің жүйесі сақталады. Өйткені бәрін бір партаға әкеп отырғыза алмаймыз. Қанша айтсақ та, жарымжан балалар жалпыға білім беретін мектеп жағдайында қажетті білім ала алмайды. Сондықтан бұл жүйе кеңейе береді. Арнайы мектептер жалпыға білім беретін оқу орындарына ресурс секілді болады, өйткені мұнда арнайы ұжым қалыптасқан. Біздің елімізде 1996 жылдан бері қолданылып келе жатқан Халықаралық білімділік «Stepbystep» бағдарламасы ерекше қажеттілікті балаларды қолдауды, қатардан қалдырмауды қамтамасыз етеді.

Қазақстанда ерекше мұқтаждықтары бар балалардың дамуы мен өміріне оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ететін, олардың құқықтарын қорғайтын қолайлы модельді іздестіру жүргізіліп жатыр. Біздің елімізде балалар құқықтары инклюзивтік білім беруді жүзеге асырудың қазақстандық жолдарын ашатын «Бала құқықтары туралы», «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық қолдау туралы» Заңдармен қорғалады.

2009 жылдан бастап біздің елімізде инклюзивтік білім беру енгізілуде. Бұл әдістеме 2007-2010 жылдардағы «Қазақстан балалары» мемлекеттік бағдарламасында көзделген. Қазіргі кезде республикамызда 614 интернат бар, онда шамамен 75 мың жетім балалар мен мүгедек балалар мемлекет тарапынан қаржыландырылады. Алдағы жылы білім берудің 2006-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың екінші сатысы басталады, онда білім беру саласында мектепке дейінгі уақыттан бастап, мүгедек балаларға барынша қолдау көрсету көзделген.

М. Тұрлыбекқызы

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі
Қазақстан Республикасы, Көкшетау қаласы, manshuk-7@mail.ru

**ТІЛ ДАМУЫ МӘСЕЛЕСІ: БАСТАУЫШ ЖӘНЕ ОРТА БУЫН АРАСЫНДАҒЫ
САБАҚТАСТЫҚ**

Ойды жазбаша да, ауызша да сауатты жеткізе білу – тұлғаны мәдени тәрбиелеудің тиімді тәсілдерінің бірі. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің танымдық құндылығы жоғары екендігіне еш күмән жоқ. Бұл сабақтарда Отанға, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік сезімі қалыптасады. Бала халықтың тілі – «оның рухани өмірінің түсі», ұлттың ең үлкен қазынасы екенін түсіне бастайды.

Филолог-мұғалімнің міндеті – рухани бай және адамгершілігі жоғары тұлғаны тәрбиелеу, оқушылардың сөйлеу, зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін дамыту, үйлесімді ауызша және жазбаша сөйлеуді дамыту.

Бірақ мұғалім әрқашан жетістікке жете ме? Қазақ тілін оқытуда, оны әдебиет сабағымен сабақтастыруда қандай проблемалар туындайды?

Бастауыш сынып оқушыларының жазбаша және сөйлеу тілін дамыту мәселесі қазіргі қазақ тілі мен әдебиеттік оқу әдістемесіндегі ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Баланың сөйлеуін дамыту жеке тұлғаны қалыптастырудың кілті болып табылады.

Ана тілін жақсы білу – мектеп курсының барлық пәндерін оқуда табысқа жетудің кілті. Сөйлеу – адам қызметінің өте кең саласы. Сөйлеу балаға басқа адамдармен араласуға ғана емес, сонымен бірге барлық әлемді білуге де көмектеседі. Сауатты сөйлеу мен оды еркін жаза білу – бұл шындықты танудың бір тәсілі.

Оқушылардың үйлесімді сөйлеуі үшін әрі жаза білуі үшін материалдың маңызды көзі – олардың өмірлік тәжірибесі: балалық шағы, мектеп жылдары, отбасы, ойындар мен істеген жұмыстары, қуаныштары мен реніштері. Бірақ балалардың өмірлік білімі бірдей емес, әлі бай емес, сондықтан жаңа тәжірибені арнайы ұйымдастыру қажет. Әсер – бұл баланың рухани әлеміндегі «ауа-райын» орнататын күш, сондықтан оны мейірімді және көңілін көтеретіндей ету керек [1].

Оқушылардың жазба және сөйлеу тілін дамыту бойынша жұмыс оқудың бірінші күнінен басталады. Балаларда өз ойларын, сезімдері мен бақылап, байқағандарын білдірудің табиғи қажеттілігі туындайды. Балалардың жазу және сөйлеу тілін дамытудағы жұмыстарды ұйымдастыра отырып, олардың алдына үнемі жаңа міндеттер қою керек. Балалар кітаптан, кездесулерден, экскурсиялардан, әрекеттер немесе оқиғалардан ерекше эмоциялық әсерге бөленетіндей етіп, жұмыс түрлерін ұйымдастыру қажет.

Ал баланы бастауыш мектептен орта мектепке ауыстыру процесі балалар, ата-аналар мен мұғалімдер үшін қуанышты және қызықты оқиға ғана емес, көбінесе өте көп мәселе де туындататыны белгілі.

Біздің ойымызша, маңызды мәселелердің бірі – бастауыш және орта буын арасындағы сабақтастық. Бұл мәселенің маңыздылығы баланың интеллектуалды және жеке дамуына, сондай-ақ білім беруде білімінің, дағдылардың қалыптасу деңгейіне жоғары талаптар қоятын оқу шарттарының түбегейлі өзгеретіндігімен анықталады. Мектептегі оқытудың жаңа талаптары кейде баланың мүмкіндіктерінен асып түседі, эмоционалды аяның жағдайы өзгеріп, оқушы денесінің стресстік реакциясын тудырады. Нәтижесінде 5-сынып оқушыларының басым көпшілігінде оқу үлгерімінің күрт төмендеуі байқалады. Сондықтан:

- Баланы жаңа талаптар мен оқу жағдайларына бейімдеу механизмін қалыптастыру процесін қалай жеңілдетуге болады?
- Оқушылардың дамуы үшін кейінгі оқу іс-әрекетінің нәтижелілігін қалай қамтамасыз етуге болады?
- Оқушылардың денсаулығын қалай сақтау керек? – деген сұрақтардың пайда болатындығы заңды. Егер бастауыш және орта мектеп мұғалімдері бастауыш буында соңғы болып табылатын жылда жыл бойы бір-бірімен тығыз жұмыс жасаса, сабақтастық мәселесінің кейбір аспектілерін шешуге болады.

Бесінші сынып оқушыларын оқытуды әрі қарай жалғастыратын мұғалімнің сыныпта жұмыс істейтін бастауыш сынып мұғалімімен ертерек байланыс жасай бастауы өте маңызды.

Пән мұғалімі бастауыш сынып мұғалімінің сабақтарына қатысып, оның жұмыс жүйесімен танысып, қандай да бір әдістерді, оқытудың қозғалмалы тәсілдерін, сергіту сәттерін назарына алуы керек. Содан кейін 5-сыныпқа келгенде балалар таныс жүзді көреді. Жаңа қатал мұғалімнен қорқынышы жоғалады.

Мектептің әртүрлі буындарының сынып және сыныптан тыс жұмыстарының арасындағы сабақтастық қазақ тілін сәтті оқытудың міндетті және маңызды шарттарының бірі болып табылады. Ол оқу процесінде қарапайымнан күрделіге, жеңілден ауырға қарай ауысуды қамтамасыз ету, тақырыптың логикасын ескеру қажеттілігі сияқты жалпы дидактикалық талапқа сәйкес келеді.

Төртінші және бесінші сыныптар арасындағы қазақ тілі сабақтарындағы сабақтастықты сақтау:

а) оқушылардың жалпы дамуы, олардың жалпы пән бойынша дайындығы және бағдарламаның жеке мәселелері бойынша нақты білімі мен дағдылары, бұл материалдың оқушылардың саналы түрде игеруі үшін қол жетімділігі ескерілетін оқу материалын іріктеуде;

б) қазақ тілі сабақтарында әдістемелік тұрғыдан жұмыстың формалары мен әдістері, мысалдар мен жаттығулар, мұғалімнің тілі, жаңа тақырыпты түсіндіру әдістері 1-4-сыныптардағы оқушыларға үйреншікті болуы, жаңа, күрделі жұмыс түрлеріне (әсіресе бірінші кезекте) біртіндеп көшу қамтамасыз етілетіндей болуы керек.

Бесінші сынып оқушыларының сәтті бейімделуі көбінесе бастауыш және орта білім арасындағы сабақтастықты жүзеге асыруға байланысты. Төртінші сыныпта ойды сауатты жеткізудің, тіл мен сөйлеуді меңгерудің бастапқы кезеңі аяқталады. Оның басты міндеті – бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілінің құрылымы, оны қарым-қатынас процесінде қолдану, сөйлеу мінез-құлқына қойылатын талаптар, жазбаша сөйлеудің негізгі мәселелері және сауатты жазуды реттейтін ережелер туралы идеяларын жалпылау, жүйелеу және толықтыру. Оқытылатын материал мәтін, сөйлем, сөз тіркесі, сөз ұғымдарының айналасында топтастырылған [2].

Жалпы, төртінші сынып бағдарламасы оқушылардың орта мектепте тіл мен сөйлеуді сәтті жалғастыруға дайындығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Мысал ретінде 4-сынып пен 5-сыныптардағы «Тыңдалым және айтылым» бойынша мақсаттарды төмендегідей жіктеуге болады:

А) 4-сыныпта тыңдаған материал бойынша негізгі тұсын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту; мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу; сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, белгілі бір тақырып аясында тілдік нормаларды сақтап әңгімелесу; тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып монолог құрау; аудио-бейнежазба мазмұнына өзіндік баға беру; сөз ішіндегі және сөз бен сөздің арасындағы буын және дыбыс үндестігін сақтап айту; интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) және қыстырма, одағай сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманды қызықтыру болса [3, 3];

Ә) 5-сыныпта мәтіннен ақпаратты анықтау: тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау; тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау: тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру; ақпаратты түсіну: мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау; мәтіннің стильдік ерекшелігін тану: лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану; әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу: энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу; жоспар құру: берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру; әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру: жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу; грамматикалық нормалар: жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану; орфографиялық норма: қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу; орфоэпиялық норма: сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарына сәйкес айта білу; лексикалық норма: тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда тыңдалым/айтылым дағдысы қатар жүреді. Мұғалім тыңдалымнан кейінгі айтылым тапсырмаларын дискуссия, дебат, сұхбат сынды белсенді жұмыс түрлері арқылы ұйымдастырады [4, 7].

Бұдан көретініміз тіл дамыту жұмыстары материалдарды дайын ақпараттық презентация түрінде ғана емес, сонымен қатар оқушылардың осы ақпаратты игеру немесе жаңа білім алу бойынша өздігінен білім алуды қамтитын формаларда ұсынылған.

Көптеген бөлімдер бастауыш сынып оқушыларына таныс, олар бастауыш мектепте алынған ақпаратты нақтылайды және жүйелейді. Сонымен қатар материалдың көлемі кеңейіп, жаңа тақырыптар қосылады. Алайда бастауыш мектептегі дайындық сапасы орта мектептің талаптарына кей уақытта сәйкес келме бермейді. Мысалы, балалар нашар оқиды, әдебиетпен жұмыс істей алмайды, ауызша монологтік немесе диалогтік сөйлеу жеткіліксіз дамыған. Сол сияқты грамматиканы функционалдық-коммуникативтік мәнмәтінде оқытуда төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің қолданыстағы және жазылудағы тыныс белгілердің қолданылу ерекшеліктерін білу, төл сөздің төлеу сөзге айналу жолдарын білу бастауыш сынып пен орта буынның арасындағы сабақтастықтың сәйкеспейтіндігін көрсетеді. Себебі оқушыларға орта буында бірден мұндай тақырыпты беру күрделірек деп ойлаймыз. Дегенмен де жаңартылған білім беру жүйесінде оқушылардың тіл дамыту жұмыстары тиімді жүзеге асырыла алады. Аталған оқу жоспарлары негізінде буындар арасындағы өзара сабақтастықты ескере отырып, мынадай нәтижелерге қол жеткізе аламыз:

- Ақылды және ізденгіш оқырманның тұлғасы қалыптасады;
- Қазақ тілі мен әдебиетіне деген қызығушылығы бар оқушылардың көкжиегін кеңейеді;
- Оқушылар сөздің сұлулығын көріп, көркем шығарманың бейнелі құрылымын сезінеді;
- Шығармашылық жұмыстарды құруға деген ынтаны ояту үшін сабақтарда ішкі мотивация жасалады;

жасалады;

- Өз пікірін білдіруден қорықпауға үйренеді;
- Өз ойларын үйлесімді мәтінге, сөз арқылы өз "менін" білдіру қабілетін қалыптастырады;
- Өз жұмыстарын қайта өңдеуге және аяқтауға үйренеді;
- Кез келген іске шығармашылықпен қарау қажеттілігін қалыптастырады;
- Әртүрлі жанрларда (эсселер, ертегілер, әңгімелер) мәтіндерді құруды үйренеді.

Ал 4-5-сыныптардағы тақырыптарды талдағаннан кейін мынадай жалпы ұсыныстар беруге болады:

Біріншіден, оқушыларды қоңырауға дейін жұмыс істеуге, тапсырмаларды орындауға тез қосылуға, жеке оқушыларға бақылау жұмыстарын жазуға қосымша уақыт бермеуге, сабақты қоңыраумен аяқтауға үйрету.

Екіншіден, әр оқушыдан сабаққа белсенді және саналы қатысуды аталап ету, соның ішінде жұптық және топтық жұмысты қажет ететін сабақтарды ұйымдастырудың формалары мен әдістерін қолдану.

Үшіншіден, оқушыларға анықтамалық кітаптармен және сөздіктермен жұмыс істеу бойынша тапсырмалар ұсыну, қосымша материалдар бойынша хабарламалар, әңгімелер дайындауды үйрету.

Төртіншіден, оқушылардың өзін-өзі бағалау және өзара бағалау, өзін-өзі бақылау және өзара бақылау дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіру.

Сабақтастық мәселесі мұғалімдердің объективті қиындықтарымен де шешіледі деп сеніммен айтуға болады. Бірақ бұл бастауыш және орта мектеп тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеуге қатысқан жағдайда ғана жүзеге асады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Педагогика высшей школы: Учебное пособие / М. Есекешова, Ж. Сағалиева. – Астана: Фолиант, 2018. – 256 с.
2. ЭЫДҰ жобасы. «Болашақ білім мен дағдылар: Білім беру – 2030» Бейресми жұмыс тобының 7-кездесуі бойынша материалдар жинағы. – Нұр-Сұлтан: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2019. – 172 б.
3. Қазақ тілі. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (2-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы (30 пилоттық мектептерде сынақтан өткізу үшін байқау нұсқасы). – Астана, 2015. – 27 б.
4. Қазақ тілі: Оқу жоспары. – 2018-2019 оқу жылы. 5-сынып. «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы.

А.К. Тлеубаева, С.Қ. Хамзина

Абай ауданы білім бөлімінің Ж. Молдағалиев атындағы орта мектебі,
school_toktamys@mail.ru

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты қайшылығы тез өсіп бара жатқан жаңа білімдер қарқыны мен жеке тұлғаның оларды игерудегі шектеулі мүмкіндіктері арасында. Бұл қарама қайшылық педагогикалық теорияны білім берудің абсолютті идеяларынан бас тартып, жаңа идеалға адамның өзін өзі реттеуі мен өздігінен білім алу қабілеттерін барынша дамытуға көшуіне мәжбүр етті. Сонымен, жаңаша оқытудағы басты нәрсе бұл білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту. Жаңа білім алу парадигмасында тұлғаның қызығушылықтарын қамтамасыз етуде тұтастық, бағыттылықпен бірге мықты негізділік те шешуші рөлге ие. Қазіргі заманғы оқушының басты мақсаты көптеген пәндерден, олардағы ұшан теңіз ақпараттардың ішінен ең негізгісін, мәндісін таба білу. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе білім беру, ғылымды дамыту. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.

Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісі технологияландыру мәселесін қойып отыр. Бүгінгі күннің басты ерекшеліктерінің бірі, «Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін 2006-2009 жылдарында даму тұжырымдамасында» келтірілгендей, ақпараттың ақылға сымайтын шамадан тыс, оны игеруде адамның биологиялық мүмкіндіктерінің «артық» мөлшерде дамуы. Сол себепті де оқу оқыту қысқа мерзімде ақпараттың көлемді бөлігін тиімді түрде ұсынатын, сол ақпаратты жоғарғы деңгейде игеретін және практикада бекіте алатын әдістерді қолдануды талап етеді. Бұл талап білім беру саласында инновациялық өзгерістерге әкеліп, оқудың оқытудың негізі ретінде тұлғалық дамуды қарастырады, өйткені бұл дәуірдің идеологиялық, әлеуметтік, саяси сұраныстары адамнан төмендегідей құзырлықтарды талап етеді: ақпараттың ішінен өзіне қажеттісін таңдап, оны пайдалану; проблемаларды шешу және шешім қабылдау; өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру, оларды дәлелдей және қорғай білу; социумда ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас құра білу, бірлесе жұмыс жасай білу, жанжалдарды болдырмау; өмірге деген көзқарасын, ұстанатын сенімдерін, қажеттіліктерін, құндылықтарын жалпы адами құндылықтармен байланыстыру; өздігімен үйрене білу, өз білімін ерқашанда дамытып отыру [1. 44 б].

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік саяси және жаңа технологиялық өзгерістерден ұрпақ тәрбиесіндегі бетбұрыстардан білім мен тәрбие жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеру қажеттілігі туындап отыр. Заман талабына сай білім оқу орындарында білім мазмұнын, оның құрылымдық жүйесін жақсарту білім реформасының жүзеге асының басты шарты. Осы заманғы білім берудің стратегиялық мақсатын өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге және әрекетінің шешімін таба білуге қабілетті, барлық істе сауатты тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету болып табылады.

Жоғарыдағы мақсаттарға мектептерде білім берудің отандық және әлемдік тәрбиелерінде қалыптасып, өз қызметін оң атқарып келе жатқан білім мазмұнының негізгі құрылымын жобасын жүзеге асыруды қолданылатын жаңа педагогикалық технология арқылы жету көзделеді.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесін құру оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына және кәсіптік құзыреттілігіне жоғарғы талаптар қоюда. Жаңа оқыту технологиясын меңгеруде мұғалім қызметкерлердің жан жақты білімі қажет. Қазіргі мұғалім педагогикалық процесте жүйелі жұмыс жүргізе алатын, педагогикалық өзгерістерге тез төселетін, жаңаша ойлау жүйесін тез меңгере алатын, білім алушылармен ортақ тіл табыса алатын, білімді, іскер, шебер болуы керек.

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері өсіп келе жатқан жас тұлғаны жан жақты дамыту.

Бұрынғы білім алушы тек тыңдаушы, орындаушы ғана болса, ал қазіргі білім алушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Қазіргі білім алушы дүниетаным қабілеті жоғары, дарынды, өнерпаз, ізденімпаз, талапты, өз алдына мақсат қоя білу керек. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану педагогикалық іс әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпараттық коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды. Оқытудың педагогикалық жаңа технологияларының барлығы дерлік оқушының өз бетінше білім алуын ұйымдастыруға бағытталған. Қазіргі уақытта білім мазмұнын жаңарту мен сапасын жаңа деңгейге көтеру мақсатында оқытудың педагогикалық технологиялары арқылы оқыту әдістерінің 50-ге жуық үлгілері ұсынылып, мектеп тәжірибесіне енгізіле бастады. Педагогикалық технологиялар көптүрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі теориялық негізде орындалуы, екіншісі тәжірибемен жүзеге келуі. Бүгінгі таңда қазақстандық ғалымдарымыз Ш. Қаланова, Ж. Қараев, Ш. Таубаева, М. Жанпейісова, Ә. Жүнісбек және т.б. ғалымдарымыздың зерттеулерінде оқытудың жаңа технологиялары жан жақты қарастырылды [2. 102 б].

Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Сондықтан танымдылық іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет. Бұл әдістемелік жүйенің басқа бөліктерінің де (мазмұн, әдіс, оқыту түрі мен құралдарының) өзара байланысы қалпында өзгертілуін талап етеді.

Оқыту үрдісінде жаңа педагогикалық технологияларды тиімді қолдану мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, рухани, адамгершілік, азаматтық сияқты көптеген адами қабілеттерінің қалыптасуына игі ықпалын тигізеді. Оқушының өз бетімен білім алуына, өзіндік ой пікірін қалыптастырып, қорытынды жасай білуін, өз білімін өзі бағалай білуіне, қисынды ойлау қабілетін қалыптастырып, шығармашылық іс әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңдігі оқытудың негізгі мақсаты – болашақ мамандығына байланысты әрбір балаға тереңірек білім беру, білімді өзгермелі өмір жағдайларына пайдалана білу дағдысын қалыптастыру. Сондықтан қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар: шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік жауаптылық, жоғары интеллектуалдық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық [3. 87 б].

Оқытудың жеке тұлғаға бағдарланған тұжырымдамасы баланы жас ерекшелігіне қарай қоғамдағы өзгерістерге бейім даму мүмкіндігін айқындауды қарастырады. Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту проблемалы бағыттағы шығармашылық сипатқа ие бола отырып жаңа білімді іздену арқылы тәжірибеде қолдана білуге ықпал етеді, мұндағы басты міндет – баланың жалпы және өзіне ғана тән қабілеттерінің даму мүмкіндігі мен білім, білік, дағдыларын қалыптастыру және қолдану. Сабақтың сапалы болуы оның ғылыми тұрғыдан, теориялық жағынан жоғары дәрежеде дәлелденуі ұстаздың шеберлігі мен жаңа технологияны тиімді қолдана білуінде.

Білім беру оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі болып табылады. Қазіргі кездегі білім берудің мақсаты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру; мұғалімнің оқыту кезінде билік жүргізу әдісінен арылуы; оқыту кезінде білім беретін мұғалім емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын оқушыны дамыту.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тоқсанбаева Н.Қ. Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекетінің құрылымы: Психол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2001. – 173 б.
2. Асылханова М.А. Танымдық іс-әрекет мектепке бейімделудің басты факторы: Психол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 1999. – 139 б.
3. Махмутов М.И. Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру. – Алматы: Мектеп, 1981.

Ө.Ш. Төлеген

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі
Ақмола облысы, Көкшетау қ. Otolegen61@mail.ru

**ШАҒЫН ЖИНАҚТАЛҒАН МЕКТЕП МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН
ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ**

Еліміздің жер көлемі кең. Халқы сирек орналасқан. Қазір ауылда бала, мұғалім, сынып саны аз шағын жинақталған мектептер (ШЖМ) көбеюде.«Аз комплектілі мектеп» ұғымына ҚР «Білім туралы» Заңында (1 бап 23 тармақ): «Шағын контингенті қосарланған сынып комплектісі және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік ерекше үлгісі бар жалпы білім беретін мектеп» – ретінде қараған. Олай болса, аз комплектілі мектептің жұмысында да ерекшелік мол, проблемасы көп, бірақ бұл мектептерді жауып тастауға болмайды. Бір мезгілде әртүрлі жастағы оқушылардың бір сынып бөлмесінде отырып білім алуы мұғалімге де, оқушыға да оңай емес. Кәсіби шебер ұстаз ғана бұл қиындықты жеңеді. Қазір мұндай мектептердің басым бөлігі аудан орталығынан шалғай орналасқан елді мекендерде. Ал мектептер болса – қазіргі ауылдық жердегі оқушы ғана емес ауыл тұрғындары үшін де мәдениет орталығы болып отыр. Сондықтан ШЖМ-ге мемлекет тарапынан қолқорлық жасалуда, Білім және Ғылым министрінің жаңа бұйрығы жарияланды. Мұнда шағын жинақталған мектептерді сақтау, оларды дамыту талаптары қойылған. Жаңа талап бойынша шағын жинақталған бастауыш, негізгі және орта мектептердегі бала саны азайтылды және бірінші, тоғызыншы, он бірінші сыныптар бала санына қарамастан, қанша бала болса да бөлек сынып болып оқытылатын болды [1].

Шағын жинақталған мектептердің оқу тәрбие үрдісін жетілдіру, дамыту үшін мұғалімдердің педагогикалық іскерлігін шыңдап, шығармашылықпен жұмыс жасауға бағыттау керек. Олармен әдістемелік жұмыстарды әдіскер – мұғалім – әдістемелік бірлестік үш бірлігін сақтай отырып жүргізген тиімді. Себебі шағын жинақталған мектепке университет, педагогикалық колледж қабырғасынан шыққан жас маман екі сыныпты қатар оқыту практикасынан өтпеген, оның әдістемесін толық меңгермеген болып келеді. Сондықтан шағын жинақталған мектеп мұғалімдеріне мектеп жұмысын терең де мазмұнды жоспарлауға нұсқау беріп, білім берудің жаңа технологияларымен жұмыс жасауға бағыттау керек. Әдістемелік көмектер беру үшін сабақтарына тікелей қатысып, әдістемелік талдау жасап, жекеше және топтық, ауызша және жазбаша кеңестер берген дұрыс болады. Шағын жинақталған мектептерді тұрған орындарына қарай топтастырып, «Әдістемелік күндер» өткізу тиімді. Әдістемелік күнде ашық сабақтармен қатар ғылыми баяндамалар да оқылып, тәжірибе алмасуды ұйымдастыруға болады. Шағын жинақталған мектеп мұғалімдерінің шеберлігін шыңдаудың тағы бір жолы – шағын жинақталған мектеп мұғалімдері үшін сайыстар, байқаулар, бір пәндік немесе бір тақырыптық панорамалық сабақтар сайысын, имитациялық ойындар өткізу [2]. Мұндай жұмыстар мұғалімдердің шағын жинақталған мектептерде жұмыс жасаудағы кәсіби шеберліктерін шыңдайды. «Екі, не үш сыныпты қатар оқытуда бір пәнді қатар жүргізудің әдіс-тәсілдерін жетілдіру», «Шағын жинақталған мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының сапасын көтеру жолдары», «Ұқсас тақырыптарды қатар оқыту жолдары» т.б. тақырыптарда семинарлар өткізуге болады. Озық тәжірибелердің бейнефильмдер банкіні құрудың пайдасы мол. Мұғалімдерге пәрменді әдістемелік көмектер ұйымдастырып, білім берудің жаңа технологияларын шағын жинақталған мектептер практикасына ендіре отырып, білім беру мен білімнің сапасын көтеріп, оқушының белсенділігі мен ізденісін арттыра аламыз. Мұғалімдердің жаңашылдық (инновациялық) белсенділігі қалыптасып, жоғары шығармашылыққа ұмтылады, интеллектуалдық белсенділігі жоғарылайды [3].

Шағын жинақталған мектептерге әдістемелік көмек ұйымдастыру үшін барлық шағын жинақталған мектептерді «ШЖМ – проблемалары және оқу-тәрбие үрдісін жетілдірудің әдістері мен формаларын іздестіру» деп аталатын үлкен бірлестікке біріктіріп, оларды бірнеше шығармашылық микро топқа бөліп, әр топқа айналысатын проблемаларын бекітіп, жүргізілген жұмыстарды қорытып, жинақтап қажетті әдістемелік жинақ дайындауға болады. Мысалы: Бірінші топқа – «Шағын жинақталған мектептерде тәрбие жұмысының формалары мен әдістерін дамыту жолдарын іздестіру» – (бірнеше мектеп біріктіріледі). Екінші топқа – «Әртүрлі сыныптарда ұқсас тақырыптарды тиімді жоспарлауды ұйымдастыру» (бірнеше мектеп топтастырылады) [4].

Үшінші топқа – «Шағын жинақталған мектептер жағдайында білім берудің жаңа технологияларымен жұмыс жасау жолдары» (бірнеше мектеп топтасады). Төртінші топқа – «Шағын жинақталған мектептерде өз бетінше жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру» (бірнеше мектеп

біріктіріледі) сияқты мәселелері төңірегінде топтастыруға болады. Мұндай жұмысты ұйымдастырудағы негізгі мақсат: Өртүрлі сыныптарда бір мезгілде қатар оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру, ШЖМ тәрбие жұмыстары мен формаларының әдістерін жетілдіру. Сөйтіп, мұның бәрі шағын жинақталған мектептердің жұмысына әдістемелік көмек көрсетуде тұтас парадигманың қалыптасуын көрсетеді [5].

Ұрпақ тәрбиесі – ел алдындағы маңызы зор міндет. Еліміздің экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлкен үлес қосатын, әлемдік цивилизацияға көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару – мектептің, ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы баға жетпес міндетін шағын жинақталған мектептер де бірге атқаруы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы: – Алматы, 2007.
2. ҚР бастауыш білімнің мемлекеттік стандарттары. – Астана, 2016.
3. Истомина Н.Б. Методика обучения математике в начальных классах. – М., 2000.
4. Бастауыш мектепте бірнеше сыныпты бір уақытта оқыту туралы: мақалалар жинағы (ред. басқарған Ғ. Бегалиев). – А., 1950.
5. Сайпин М. Шағын комплектілі мектептерде математиканы оқыту. – Алматы.: Мектеп, 1984.
6. Начальная одноклассная школа (математика, трудовое обучение, изобразительное искусство, музыка). – М.: Просвещение, 1980.

ҒТАХР: 14.25.09

Г. Төкенқызы

Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы,
Астана қаласы

МЕКТЕПТЕ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Ғылыми дайындық мектеп оқушыларына ғылыми жоба жазудан бастау алады, сол алғашқы қадамнан өрісін кеңейте түседі. Мектеп оқушысы баяндама жасаудың қыр-сырын меңгеріп, ғылыми еңбектермен танысып, зерттеу жұмысын жүргізе алатын алғыр да зерек оқушы болуы тиіс. Мұндай баспалдақтардан өткен оқушы алғашқы, шын мәніндегі ғылыми жұмыстың қиындығына тез төселеді, әрі оны меңгеруде алдында жинаған, жинақталған тәжірибелерін пайдалана біледі. Ғылыми жобаға қойылатын талаптар ең алғаш тақырып таңдаудан басаталады. Оқушының жас ерекшелігі, білім деңгейі ескеріле отырылуы тиіс. Ғылыми жоба тақырыбы кең, ауқымды болмауы шарт. Өзектілігі мен оқушы талғамына сай, қызығушылығын тудыратын тақырып таңдалуы қажет.

Кіріспе бөлім. Мұнда оқушы жұмыс барысында ашуға тиісті негізгі жұмыстары, өзектілігі мен тақырыптың мәні көрсетіліп, негізгі мақсаттар мен міндеттер айқындалуы қажет. Жұмыстың әдістемелік негізінің неден бастау алатындығы, оның қандай практикалық деректемелер арқылы ұштастырылатындығы нақтылы айтылуы тиіс. Осы бөлімде жұмыста басты арқау болатын мәселелердің мәнін ашу да артықтық етпейді.

Негізгі бөлім. Бұл бөлімде таңдауға түскен тақырып жан-жақты ашылады. Осы себептен де оның басқа бөлімдерге қарағанда, қомақты болуы да дау тудырмайды. Жұмыс барысындағы пайдаланылған әдебиеттерге сілтеме жасау, дәйексөз келтіру, өз пікіріңді білдіру осы бөлімде қабаттасып жүріп жатады. Тиесілі мысалдық деректемелерді молынан пайдалану, өз мүмкіндігіңді көрсету де осы бөлімнің еншісінде. Солай бола тұра, дәйек сөзге енген, сілтемеге түскен әдебиеттердегі мағлұматтар ұзақ болмауы керек. Ұзақ сонар көшіріп әкелуге де болмайды. Келтірілген мәліметтеріңіз, қалай болғанда да, өз тарапыңыздан қорытылып отырылғаны жөн, әрі осы айтылым нақты дерекпен ұштасуы жұмыс құндылығын арттырады.

Қорытынды бөлім. Негізінен оқушының өз бағамдауынан тұрады. Алынған нәтижелер сан ретімен санамаланып тиянақталады. Жұмыс барысында нені мақсат етіп, қандай нәтижесі болды деген сұраққа жауап тапқан орынды. Қорытынды бөлімде түрлі сілтемелер жасауға, дәйексөз келтіруге әуестіліктің қажеті жоқ деп санаймыз.

Әдебиеттер тізімінің жүйесі

Пайдаланылған әдебиеттер (кітап, мақала, т.б.) қатаң әліпби тәртібімен орналасады. Ең алдымен, автордың тегі, қысқартылған жүйедегі аты, әкесінің аты келтіріліп, еңбектің аты, қаласы, баспа аты, жылы мен жалпы бет саны көрсетілуі тиіс. Үлгі:

1. Исаев С.М. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: «Рауан», 1998. – 304 б.

2. Исаев С.М. Қос сөздердің көмескі сынарлары туралы // «Қазақ әдебиеті» газеті. – 1966. – 5 тамыз.

№ 2 сан ретімен берілген әдебиеттер тізімі мақалалық деректемеге жасалған сілтемені байқатады. Сілтеме жасалған әдебиет, келтірілген дәйексөздің берілу тәртібі де қатаң сақталу керек. Мәтін ішіндегі дәйексөзден алынған әдебиетті сол беттің төменгі жағында беріліп, әдебиеттер тізімінде қайталануының еш қажеті жоқ. Одан да келтірілген дәйексөзден соң жақша ашып, соның ішінде қажетті әдебиеттің берілген тізімдегі сандық ретін, әрі дәйексөз алынған бетті көрсетсе жетіп жатыр. Мәселен, [5, 130 б.]. Алғашқы сан әдебиеттер тізіміндегі сандық реті жағынан бесінші тұрғанын көрсетеді де, екінші сан сол әдебиеттен алынған дәйексөздің нақты бетін білдіреді.

Ғылыми жобаға байланысты кеңес берілді. Ғылыми жоба оқушылардың зерттеу жұмысы болып есептеледі. Ғылыми жоба оқушыларды өз бетімен жұмыс жасауға дағдыландырады. Ғылыми жобаның мақсат-міндеттері таныстырылды.

Ғылыми жобаның міндеті:

- белгілі бір пәннен алған оқушылардың теориялық білімдерін тереңдетіп, бекіту;
- таңдаған тақырып бойынша белгілі бір мәселені шешуге алған білімін қолдану;
- белгілі бір пән бойынша ғылыми-зерттеу жұмысымен айналасуға дағдыланады.

Ғылыми жұмыстың көлемі қолмен жазғанда компьютермен басқанда 20-25 бет болады.

Ғылыми жобада мыналар қамтылуы керек: – жоспар; тақырып өзектілігін көрсететін кіріспе; негізгі бөлім; қорытынды бөлім; әдебиеттер тізімі.

Ғылыми жобаға қойылатын талап:

Жоба тақырыбы: жоба тақырыбы мағыналарға негізделуі тиіс; ғылыми-зерттеу жұмыстарына негіз боларлық іргелі бөлімдерге бағытталуы керек; тақырыпқа сәйкес ғылыми еңбектеріне сілтеме жасау.

Ғылыми жобаның рәсімделуі және қорғалуы: жоба компьютермен орындалады; ғылыми жобаны қорғауда оқушы 3-5 минут көлемінде қысқаша баяндама жасайды. Комиссия мүшелерінің сұрағына жауап береді.

Бағаланғанда мыналар ескеріледі: қорғау кезіндегі баяндама сапасы; сұраққа қайтарылған жауаптың анық, дұрыс болуы; оқушының теориялық, ғылыми, практикалық дайындығының деңгейі; ғылыми жұмысының рәсімделуі; жетекші пікірі.

Мысал келтірер болсақ, «Ертегілердегі өлшем, мөлшер концептісі»

Тақырыбы: Ертегілердегі өлшем бірліктері

Көкейкестігі: Қазіргі кезде ғасырлар бойы ата-бабамыз қолданып келген өлшем бірліктерін сирек қолданып, ұмыт болуға айналды. Оны қайта жаңғырту қазақ тілінің сөздік қорын нығайтары анық.

Зерттеу мақсаты: Халқымыздың асыл қазынасы болып саналатын ертегілерді зерттеп, ғасырлар бойы қолданып келген өлшем бірліктері туралы толық мағлұмат алу, іріктеу.

Зерттеу міндеттері:

- Ертегілерде кездесетін өлшем бірліктерін іріктеу және мағынасын ашу;
- Байырғы өлшем бірліктерін халыаралық өлшем бірліктерімен салыстыру;
- Ертегілер арқылы балалардың өмірге деген көзқарасын қалыптастыру мүмкіндігін ашу.

Санауда қолданылатын сандар біз ойлағандай емес, одан да кең ұғымды береді. Ал әр ұғым психикалық байланысты, ассоциацияны білдіреді. Әр түрлі халықтың сүйікті, символдық мақсатта танылатын сандары бар және мұның өзінде олардың (сандардың) белгілі бір этнос мәдениетіндегі орны байқалады. Сандардың символдық мәніне байланысты қазақ фразеологиясын зерттеуші ғалым І.Кеңесбаев былай дейді: «Тұрақты сөз тіркестерінің біраз бөлігі жеті, үш, тоғыз, қырық сияқты бірқырыдыру сан есімдердің төңірегіне топталып жүреді. Бұл сөздердің белгілі бір тізбек, тіркестерге түп қазық болу себебі халықтың ежелгі дәуірдегі ұғым-түсінігімен, салт-санасымен ұштасып жатыр. Фразеологизм ішінде бұл сөздер нақтылы сан мағынасында қолданылуы шарт емес. Олар белгілі бір нәрсені, құбылыстардың ұғымдық символы ретінде қолданылатын тәрізді» [1, 612]. Сандар негізінде шындық өмірдегі және мифологиялық әлемдегі заттар мен құбылыстар тәртіпке келіп, өзіндік топ құрайды, бір-бірімен байланысқа түседі, осының негізінде белгілі заңдылыққа бағынады, заңдылық

